

С. Б. Бабаев

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ

Оқу құралы

**Алматы
2007**

ББК 74.00

Б 12

Пікір жазғандар:

Е. Омар – профессор, педагогика ғылымдарының докторы

Ш. Оразов – доцент, педагогика ғылымдарының кандидаты

Жауапты редакторы:

Қ. Ералин – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Тақырыптар бойынша тірек конспект-сөздік түзуде

Қарлығаш Сәбетқызы Бабаева қатысты.

Б 12 Бабаев С.Б.

Бастауыш мектеп педагогикасы: Оқу құралы: Алматы:

“Нұр-пресс”, 2007. – 413 бет.

ISBN 9965-813-12-4

Оқу құралында педагогиканың жалпы негіздерін қарастырумен бірге бастауыш мектеп педагогикасымен тікелей байланысты келесі мәселелер шешімін тапқан: балалардың жас ерекшеліктері, кіші жастағы оқушыларды оқытудың принциптері мен ережелері, оқу мен тәрбие түрлері және формалары, бастауыш мектеп мұғалімдер алдында тұрған міндеттері және т.б.

Оқу құралы жоғарғы оқу орындарының мұғалім дайындайтын факультеттері мен педагогикалық колледждердің студенттеріне арналады.

ББК 74.00

Б $\frac{4303000000}{00(05)-06}$

ISBN 9965-813-12-4

© Бабаев С.Б., 2007.

© Нұр-пресс, 2007.

*Ұлағатты ұстаздарым, Нүкіс университетінің
ғұламалары **Әнуар Жақсыбаев** және
Әнес Омаров құрметтеріне арнаймын*
Автор

К і р і с п е

Бүгінгі таңдағы өркениетті елу ел қатарына қосылуды мұрат тұтқан тәуелсіз Қазақстан Республикасының қоғамы болашақ түлектерді жедел өзгерісті дүниеде өмір сүруге дайындау қажеттігінен оқу-білімдену жүйесіне жаңа да күрделі талаптар қоюда. Ал мұндай дайындық балада әрқилы ғылыми салаларға тән біршама білім-біліктер жиынтығын қалыптастырумен ғана шектеліп қоймастан, оның бойында жоғары шығармашыл және икемшіл тұлғалық мүмкіндіктерді дамытуға бағытталған нақты істерді қамтуы тиіс. Соңғы жылдарда жалпы және орта білімді гуманизациялау мен гуманитаризациялау ниеті айқын ері мақсатты бағыт ала бастады. Ал бұл ұлағатты мақсаттың тиімді іске асуы бала тәрбиесінің қайнар көзі бастауыш мектепке тәуелді болатыны айдан анық. Адамға табиғаттан берілген ізгілікті мүмкіндіктердің 80% осы бастапқы оқу кезеңінде қалыптасатынын ғылым дәлелдеп отыр.

Бастауыш мектеп педагогикасы – кіші оқу жасындағы балаларды тәрбиелеу, білімдендіру, оқыту заңдылықтарын зерттеумен айналысып, сол заңдылықтарға орай білімдерді тәжірибелік іс-қызметте тиімді пайдаланудың жолдары мен әдістемелерін нақтылап, ұсынушы ғылым. Қай дәрежеде болмасын тәрбие, білім және оқу-оқыту мәселелерімен әрбір адам – мейлі ол ата-ана, оқушы, оқытушы, мұғалім, мектеп ұйымдастырушылары мен басшылары болсын, -міндетті түрде айналыспай қала алмайды. Педагогикалық ептіліктер мен дағдыларды меңгеру күнделікті тұрмыста да, кәсіби қызметте де әрбір адам үшін әбден қажет. Ал бастауыш мектеп маманының бұл салаларды тереңдей теориялық тұрғыдан игеріп алғаны – оның тиімді педагогикалық қызметінің мызғымас кепілі.

Ұсынылып отырған оқу құралы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік білім стандартына» сәйкес жоғары мектеп түлектерін дайындауда назарға алынуы тиіс міндетті білім деңгейі мен мазмұнына орайласқан отандақ және шет ел-

дік жаңашыл педагогикалық тұжырымдамалар негізінде жинақталды. Сонымен бірге, өткен жарты ғасырдан астам дәуірімізде жалпы педагогикалық көзқарастар мен жаппай мектеп тәжірибесінде орын алған елеулі кемшіліктер және олардың саяси-әлеуметтік себептері сын сарабына салынып, тарқатылды.

Оқу құралының мазмұндық негізіне бүгінгі балғын жас, болашақ тұлғаның біртұтас педагогикалық үдерісте жан-жақты дамуын қамтамасыз етуші ізгілікті-гуманистік педагогика (табиғи сәйкестік, қызметтестік, ықпалдастық, тұлғалық бағытты және т.б.) тұжырымдамалары алынды.

Оқулық мазмұнын игеруді жеңілдету үшін бағдарламалық әрбір тақырып бірнеше дербес сұрақтар күйінде бөлектей берілген. Тақырыптар тізбегі оқырман үшін жаңалықты ақпараттар тобын қабылдау қисынын ескерумен дәстүрлі педагогикада қалыптасқан, сонымен бірге мемлекеттік білім стандарты белгілеген жаңа талаптарды арқау етумен құрылды.

Әр тақырып мазмұнын қабылдап, игеруді жеңілдету үшін студентке тірек конспект – сөздік ұсынылады. Мұндағы өзекті терминдер түсінігі, есте сақталуы тиіс анықтамалар, тұжырымдар, қысқаша пікір-қорытулар семинарлар барысында, емтихан алдындағы дайындықта жәрдем болар деп сенеміз. Тақырыптар мәтіні ізімен өзіндік бақылауға арналған көлемді сұрақтар тобы берілді, ал барша материалдар соңында әрқайсысы өз алдына қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген әдебиеттердің ауқымды тізімі қосымша тіркелді.

Автор тілегі: ұсынылған оқу құралын тыянақты көзден өткеріп, ондағы мазмұнға зер салумен бүгінгі бастауыш мектептегі мұғалім, сондай-ақ, ертеңгі оның орнын басар студент педагогикалық теория мен тәжірибеде болып жатқан өзгерістердің түпкілікті мәнін түсініп, өз қызметтерінің мән-мағынасын гуманистік педагогика талаптарына сай бағыттап, оқушыға тек сауат беруші емес, оның ұлағатты ұстаз-досы, мейірлі қамқор – тәрбиешісі болса екен. Сонда ғана біздің мектебімізде тәрбие алып жатқан сәби болашақ қоғамымыздың жарқын тұлғасы, шығармашыл да жасампаз өндіргіш күші, сондай-ақ адамгершілігі мол ұрпақ жалғастырушысы болып жетілуі сөзсіз.

Автор

1-ТАРАУ

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ПӘНІ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Жоспар:

Педагогика – тәрбие жөніндегі ғылым
Педагогиканың пайда болуы және дамуы
Педагогиканың негізгі ұғымдары
Педагогикалық ғылыми ағымдар
Педагогикалық ғылымдар жүйесі
Педагогикалық зерттеу әдістері

Тірек конспект – сөздік

Педагогика – 1. Адам тәрбиесі жөніндегі ғылым. 2 Тәрбие, оқу (обучение) және білімдену (образование) теориясы.

Субъект – танымдық қабілетке және қоршаған дүниеге ықпал жасап, оны өзгеріске келтіре алатын адам.

Нысан – субъекттің, яғни адамның таным және іс-әрекет аймағы.

Жантану (психология) – болмысты психикалық бейнелеу және адамның іс-әрекет желісі мен жануарлардың әрекет-қылығы жөніндегі ғылым.

Әлеуметтану (социология) – тұтастай жүйедегі қоғам мен жекешеленген әлеуметтік құрылымдар (институты), желілер (үдерісі), қоғамдық топтар жөніндегі ғылым.

Философия – табиғат, қоғам және ой дамуының жалпыланған заңдылықтары мен ғылыми танымның жалпы әдіснамасы жөніндегі ғылым.

Индивид – жеке адам, тек өкілі.

Педагогика пәні (предмет) – тұлға тәрбиесі, оқуы, білімденуі, дамуы, қалыптасуы.

Педагогиканың қызметтері (функции) – 1. Тәрбие, білімдену, оқу заңдарын ашу. 2. Нақтама (диагностика) мақсаттары мен міндеттерін анықтау. 3. Көзделген тәрбие мақсаттарының іске асу жолдарын көрсетіп беру.

Педагогиканың теориялық қызметтері – 1. Сипаттау немесе түсіндіру, яғни озық және жаңашыл педагогикалық тәжірибені зерттеу. 2. Нақтама (диагностикалық), яғни педагогикалық құбылыстардың күйін; педагог пен оқушы іс-әрекеттерінің тиімділігін анықтап, оларды іске асыру шарттары мен себептерін белгілеу. 3. Болжам жасау (прогностикалық), яғни педагогикалық болмысты (действительность) эксперименталды зерттеп, соның негізінде қалыптасқан жағдайды қайта түзу жобаларын ұсыну.

Педагогиканың технологиялық қызметі – 1. Жобалау, яғни педагогикалық іс-әрекеттер мен олардың мазмұнын, сипаттамасын қамтыған әдістемелік материалдар (оқу жоспары, бағдарламасы, оқулықтар мен оқу құралдары, педагогикалық нұсқаулар) жөніндегі көрсетпелер беру. 2. Қайта жасау (реконструкторный), яғни жетілдіру және жаңадан түзу (реконструкция) мақсатында педагогика ғылыми жетістіктерін тәлім-тәрбиелік тәжірибеге енгізу. 3. Бағалау (рефлексивный) және реттеу (корректировочный), яғни ғылыми зерттеулердің оқу және тәрбие барысына тигізген әсер нәтижесін бағамдаумен ғылыми теория және тәжірибелік іс-әрекет арасындағы қатынасты реттеп бару.

Технология - қандай да қызмет, іс-әрекеттерді (үдерістерді) жүзеге келтірудің жолдары мен шаралары (средства) жөніндегі білімдер жиынтығы.

Модель - үлгі (эталон, стандарт).

Педагогика міндеттері (задачи) – 1. Тәрбие жөніндегі ғылыми білімдерді (знания) жинақтау және жүйелестіру. 2. Тәрбие, білімдену, оқу теориясын түзу.

Негізгі педагогикалық ұғымдар – тәрбие, оқу, білімдену, даму, қалыптасу.

Тәрбие (воспитание) – 1. Жинақталған тәжірибені (опыт) аға ұрпақтан жас әулетке өткізу. 2. Жас балада нақты білімдер, көзқарастар мен наным-сенімдер (убеждения), ізгілікті

(нравственный) құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған ниетті ықпал-әсерлер топтау. 3. Оқушыда көзделген сапа-қасиетті қалыптастыруға бағыттталып, оқу-тәрбие мекемелеріндегі тәлім-тәрбие үдерісін толықтай қамтып, арнайы ұйымдастырылған басқарымды қызмет. 4. Нақты тәрбиелік міндеттерді шешуге арналған тәрбиелік жұмыстар барысы және олардың нәтижесі.

Оқу – орындалу барысында білім, ептілік, дағдылар игеріліп, көзқарастар қалыптасып, оқушылардың ақыл-ой қуаты, дарыны мен қабілеттерін дамытуға бағышталған мұғалім және оқушы арасында арнайы ұйымдастырылған, мақсат бағдарлы және басқарымды іс-әрекет ықпалдастығы.

Білімдену – оқу барысында шәкірт игерген білім, ептілік, дағды және ойлау тәсілдері жүйесі.

Даму – адам ағзасында жүріп отырған сандық және сапалық өзгерістер желісі мен нәтижесі.

Қалыптасу – барша жағдаят (экологиялық, әлеуметтік, экономикалық, психологиялық және т.б.) ықпалдары негізінде адамның әлеуметтік өмір өкілі ретінде бой тіктеуі. Тәрбие – тұлға қалыптастырушы жағдаяттар арасында аса маңыздысы.

Педагогикалық үдеріс – оқу мен тәрбие бірлігі арқасында орындалатын білімдену мақсатынан оның нәтижесіне қарай болған іс-әрекет, ілгері қозғалыс.

Педагогикалық жүйе (система) – тұлғаны дамыту үшін білімдендіру (образовательный) мақсатын көздеп, біріккен әрі біртұтас (целостный) педагогикалық үдерісте атқарылатын өзара бірлесе байланысқан көптеген құрылымдық бірліктер тобы.

Педагогикалық іс-әрекет (деятельность) – білімдену мақсатын іске асыруға қаратылған әлеуметтік (кәсіптік) қызметтің ерекше түрі.

Әміршіл-әкімшіл (авторитарная) педагогика – көзсіз бағыну тәрбиесін алға тартқан педагогика.

Ізгілікті (гуманистическая) **педагогика** – шәкіртті педагогикалық үдерістің субъекті ретінде танып, адам мен адам арасындағы қатынасты ұлықтай білген педагогика.

“... қазақ мектептері – қазақтарға білім берудің басты құралы ... біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы мектептерде. Сондықтан мектептерде жақсы білім берілетін болсын ... Ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады”.

Ы. Алтынсарин

Педагогика – тәрбие жөніндегі ғылым

Адам биологиялық тіршілік иесі ретінде дүниеге келеді. Оның тұлға болып жетілуі үшін – тәрбиелеу қажет. Дәл осы тәрбие адамды ізгілендіріп, оған қажет қасиет сапаларды қалыптастырады. Қазіргі қоғамда тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін арнайы мекемелер түзілген. Бұл үдерісті кәсіби білімді адамдар басқарады. Тәрбие жөнінде арнайы ғылым қалыптасқан. Міне, сол ғылымды үйренуді енді бастаймыз.

Адамды тәрбиелеу жөніндегі ғылым **педагогика** деп аталады. Ол өз атамасын грек сөздері “пайдес” – балалар және “аго” – жетектеу дегеннен алған, тікелей аудармасында “педагогика” сөзі бала тәрбиесін бағыттау өнері дегенді аңдатады, ал “педагог” сөзі бала жетелеуші мәнін білдіреді.

Барша дәуірлерде педагогтар балалардың табиғаттан берілген мүмкіндіктерін іске асырып, жаңа сапаларды қалыптастырудың тиімді жолдарын тауып, оларға көмектесумен келеді. Мың жылдар бойы қажетті білімдер тырнақтап жиналып педагогикалық жүйе дүниеге келді, тексерілді, қажет болмаған тұстары қолданымнан шығарылды, ақырында өміршең, ең пайдалы педагогикалық идеялар сақталып, бүгінгі күнімізге жетті. Ұзаққа созылған даму жолын бастан кешірген бүгінгі заман педагогикасы адам тәрбиесі заңдылықтары жөніндегі ғылымға айналды.

Педагогикалық басшылық барша адамдарға өте қажет. Бірақ мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы тәрбие мәселелері әрдайым көкейтесті болып қалуда, себебі бұл

дәуірде адамның барша негізгі қасиет-сапалары қаланады және дамиды. Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың тәрбиесімен педагогика ғылымының арнайы саласы – **бастауыш мектеп педагогикасы** шұғылданады. Кейде бұл пән бірнеше өзара байланысқан салаларға бөлініп қарастырылады: отбасы педагогикасы, мектепке дейінгі педагогика және бастауыш мектеп педагогикасы. Бастауыш мектеп педагогикасының негізгі мәселесі – мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу.

Педагогика мұғалімдерді белгілі жас тобындағы балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері жөніндегі кәсіби білімдермен қаруландырып, әрқилы жағдайлардағы оқу, тәрбие үдерісін болжастыруға, жобалауға және іске асыруға, оның тиімділігін бағалауға үйретеді. Тәрбие үдерісін ұдайы жетілдіріп отыру қажет, себебі адамдардың өмір жағдайлары өзгермелі, ақпараттар көлемі ұлғаяуда, адамға қойылған талаптар жыл сайын күрделене түсуде. Қоғамның мұндай талаптарына педагогтар өсіп келе жатқан әулиетті оқыту, тәрбиелеу және оған білім берудің жаңа технологияларын құрастырумен жауап береді.

Бұдан бұрынғы мыңдаған жылдардағыдай-ақ баланың өмірлік мектебі оның алғашқы демімен бірге басталады. Осыдан бастауыш мектеп педагогтары мәңгі мәселелер құрсауында келеді. Олар ірі қоғамда баланы адамаралық қатынастар дүниесіне енгізуді өзінің ең басты парызы деп біледі. Алайда, осы уақытқа дейін тәрбиелік қызмет мұншама қиын, күрделі және жауапты болып көрінген емес. Дүние басқаша кейіпте болған, онда бүгінгі балаларға төніп тұрған қауіп-қатерлердің кейбір түрлері тіпті болған емес. От басында, мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, бастауыш мектепте болашақ азаматқа қандай негіз қаланса, оның болашақ өмірі мен бақыты, бүкіл қоғамның берекесі соған тәуелді болып тұр.

Қазіргі заман педагогикасы үлкен қарқынмен дамудағы ғылым. Сол дамуға байланысты өзгерістердің ізімен асығу қажеттігі пайда болып отыр. Педагогиканың іркіліс, кешеуілдеуі адамдардың даму дағдарысына алып келеді, яғни ғылыми-техникалық прогрестің баяулауына соқтырады. Сондықтан да педагогика қалаған дерек көздерінен жаңа білімдерді теріп,

жинақтап баруы қажет. Педагогиканың дамуына себепші көздер – адамдардың өмір салтында, дәстүрлерінде, халықтық тәлім-тәрбиеде бекіген көп ғасырлық тәрбие тәжірибесі, іс-қызметтері; философиялық, қоғамтану, педагогикалық және психологиялық еңбектер; әлемде және елімізде жүріп жатқан тәрбие тәжірибесі; арнайы ұйымдастырылған педагогикалық зерттеулер деректері; жаңа идеялар, жаңарған бағдарбағыттар, жылдам өзгерістерге келіп тұрған бүгінгі дүниедегі тәрбиенің тиімді соңғы технологиялары.

Сонымен, ***бастауыш мектеп педагогикасы – арнайы ұйымдастырылған бастапқы тәрбие жөніндегі ғылым. Оның басты міндеті адам тәрбиесі жөніндегі ғылыми білімдерді жинақтау және жүйелестіру. Бастауыш мектеп педагогикасы адамдарды тәрбиелеу, білім беру және оқыту заңдылықтарын ашып, соның негізінде алға қойылған мақсаттарға жетудің ең пайдалы педагогикалық жолдары мен тәсілдерін көрсетіп отырады.***

Педагогиканың пайда болуы мен дамуы

Тәрбие тәжірибесі өз бастауларын адамзат өркениетінің бірінші қадамдарымен байланыстырады. Тәрбие жөніндегі ғылым геометрия, астрономия және басқа ғылым салаларынан көп кейін қалыптасқан.

Барша ғылым салаларының пайда болуындағы алғышарт - өмір қажеттігі. Бертін келе тәрбие адамдар өмірінде аса маңызды рөл атқара бастады. Әрқандай қоғам өсіп келе жатқан әулетке берген тәрбиесіне орай жылдам немесе баяу дамидыны белгілі. Осыдан тәрбие тәжірибесін топтастыру және қортындылау, арнайы оқу – тәрбие мекемелерін ұйымдастырып, жастарды өмірге дайындаудың қажеттігі туындады.

Ежелгі дүниенің Қытай, Индия, Египет, Греция сынды аса дамыған елдерінде сол заманның өзінде тәрбие тәжірибесін бір арнаға келтіріп, теория түзу қадамдары жасалды. Ол кезде табиғат, адам, қоғам жөніндегі барша білімдер ***философия*** шеңберінде жинақталып, сол ғылыми аумақта алғашқы педагогикалық тұжырымдар дүниеге келді.

Барша замандарда адамдардың рухани және тән-дене дамуында шешуші рөл атқарған қуатты халық педагогикасы жасап келген. Инабаттылық, еңбектік, тән-дене тәрбиесі бойынша халық қайталанбас ғажайып өміршең жүйе түзді.

Еуропалық тәрбие жүйесінің бесігі ежелгі Греция философиясында қалыптасқан. Оның көрнекті өкілі **Демокрит** (460-370 ж.ж. б.э.д.) – балалар тәрбиесі бойынша алғашқы нұсқаулар кітабын жазған. Ол сол уақыттың өзінде: “Табиғат және тәрбие ұқсас. Дәлірек айтсақ, тәрбие адамды қайта жасайды және оны өзгерте отырып, болмыс табиғатын түзеді... Жақсы адам болу табиғат ықпалынан гөрі тәрбиеге көбірек тәуелді”. Адам тәрбиесіне және тұлға қалыптастыруға байланысты идеялар мен тұжырымдар ежелгі Грек ойшыларды Сократ (469-399 ж.ж. б.э.д.), Платон (427-347 ж. ж. б.э.д.), Аристотель (384-322 ж.ж. б.э.д.), Тертуллиана (160-222 ж.ж. б.э.д.) еңбектерінде жарияланған.

Орта ғасырлар дәуірінде шіркеу қуатқа мініп, тәрбиені толығымен діни арнаға бұрды. Ғасырдан ғасырға **догматикалық оқу** принциптері шыңдала берді. Бұл бағыт Еуропада 12 ғасыр бойы үстемдік етті. Солай болса да, өз философиялық тұжырымдары мен педагогикаға үлес қосқан шіркеу өкілдері **Августин** (354-430 жж.), **Фома Аквинский** (1225-1274) есімдері ғылым тарихында сақталған. Бүгінгі күйінде жалпы білім беретін мектепті ойлап, іске қосқан Лойола (1491-1556) және оның ізбасарлары.

Қайта тіктелу заманы аса жарқын ойшыл педагог-гуманистерді ғылым сахнасына келтірді. Олардың қатарында голландиялық Эразм Роттердамский (1466-1536), италиялық Витторино де Фельтре (1378-1446), француздық Франсуа Рабле (1483-1553) және Мишель Монтень (1553-1592) өздерінің педагогикалық еңбектерімен әйгілі болды.

Педагогика көп заманға дейін философияның бөлігі болып келді, тек қана XVII ғасырда ол дербес ғылым лауазымына ие болды. Осыдан педагогика бүгінгі күнде де философиямен аса тығыз байланысты. Себебі бұл екі ғылымның да шұғылданатыны адам, оның өмірі мен дамуын зерттеу.

Педагогиканың философиядан бөлініп, өз алдына ғылыми жүйеге келуі ұлы чех педагогы **Ян Амос Коменскийдің**

(1592-1670) есімімен байланысты. Оның 1654 жылы Амстердамда жарық көрген “Ұлы дидактика” атты басты еңбегі алғашқы ғылыми – педагогикалық кітаптардың бірегейі болды. Ондағы айтылған идеялардың көпшілігі осы күнге дейін өзінің көкейтестілігін және ғылыми маңызын жоғалтқан емес. Я.А.Коменский ұсынған **табиғи сәйкестік** принципі, **сынып-сабақтық** оқу жүйесі және басқа да оқу принциптері, әдістері, формалары педагогикалық теорияның алтын қорынан орын иеледі. “Оқу негізіне басқалардың зат жөніндегі бақылаулары мен айғақтарын жаттау алынбай, сол заттар мен құбылыстарды танып, білу қалануы тиіс”; “Естігенді – көргенмен, сөзді – қол әрекетімен байланыстыру қажет”; “Әрқандай үйрету сыртқы сезім және ақыл-парасат байланысы негізіндегі дәлелдерге сүйенуі қажет”... ұлы педагогтың осы тұжырымдары біздің заманымыздың талаптарына да сәйкес келіп тұр.

Ағылшын философы және педагогы **Джон Локк** (1632-1704) өз қайрат-күшін тәрбие теориясына бағыштады. Өзінің “Тәрбие жөніндегі ойлар” атты басты еңбегінде ол өзіне сенімді, ауқымды білімділігін іскерлікпен, берік наным-сенімдерін сұлу мәнерлікпен ұштастыра білген адам – джентельмен тәрбиелеуге арналған көзқарастарын жариялады.

XVIII ғасырда бастауыш мектеп педагогикасы бойынша өз шығармаларымен танылған француз материалист-ағартушылары **Д.Дидро** (1713-1784), **К.Гельвеций** (1715-1771), **П.Гольбах** (1723-1789), әсіресе **Ж. Ж. Руссо** (1712-1778) болды. “Затқа назар! Затқа! Мен ешқашанда біздің мылжың тәрбиемізбен сөзге аса көп маңыз беріп, құрғақ сөзді адамдарды жасайтынымызды қайталап айтудан жалықпаймын”, – деп ұрандаған ол.

Бастауыш мектеп педагогикасында **И.Г.Песталоцийдің** (1746-1827) есімі аса құрметпен аталады. “О сүйікті халқым! Сенің қаншалықты төмен жасап жатқаныңды мен байқап жүрмін, мен саған көтерілуге жәрдем беремін” – деп, ол жан айқайын салды. И.Г.Песталоций өз дегеніне жетті. Ол мұғалімдерге балаларды оқыту мен адамгершілік тәрбиесінің ізгілікті теориясын ұсынды.

“Өзгерістерден басқа тұрақты ешнәрсе жоқ”, – деп үйреткен неміс педагогы **Фридрих А.В.Дистервег** (1790-1886) барша

педагогикалық құбылыстарға тән тәрбиенің қозғаушы күштері мен қарама-қарсылықтарын зерттеген.

Орыс ойшылдары, философтары және жазушыларының арасында педагогикалық шығармаларымен белгілі болған есімдер: **В.Г.Белинский** (1811-1848), **А.И.Герцен** (1812-1870), **Н.Г.Чернышевский** (1828-1889), **Н.А.Добролюбов** (1836-1861). Бүкіл әлемде **Л.Н.Толстойдың** (1828-1910), **Н.И.Пироговтың** педагогикалық идеялары әйгілі болды. Олар таптық мектепті қатаң сынға алып, халықтық тәрбие саласын түбегейлі өзгерту қажеттігін ұрандады.

Қазақ халқының да тәлім-тәрбиелік жүйесі ұланғайыр да мәуелі. Бұл салада халқымыздың тәлім-тәрбиелік қорына елеулі үлес қосқан арыстарымыз **Абай**, **Ы.Алтынсарин**, **С.Торайғырұлы** және т.б. Олардың тәлім-тәрбиелік өсиеттері талай зерттеулерге арқау болған. Кемеңгер **Ахмет Байтұрсынұлының** өткен ғасыр басында – “Мектептің жаны мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі нәм сондай болмақшы. ... Әуелі біз елді түзетуді, бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі”- деген ұлағатты ескертпесі бүгінгі қазақ мектебінің ұлттық білім стратегиясының тұғыры ретінде қабылдануда.

Орыс педагогикасын әлемдік даңққа бөлеген **Константин Дмитриевич Ушинский** (1824-1871). Ол оқу-тәрбие теориясын түбегейлі өзгеріске келтіріп, педагогикалық тәжірибеде төңкеріс жасады. Ушинскийдің педагогикалық жүйесінде жетекші орын тәрбие мақсаттарына, принциптеріне және оның мәніне берілген. “Тәрбие, егер ол адамға бақыт бағыштағысы келсе, оны бақыт үшін тәрбиелемей, өмірлік еңбекке баулуы тиіс” – деп жазған еді ұлы ғұлама.

Тәрбие жолындағы жетекші рөл мектеп және мұғалімнің билігінде: “Тәрбиедегі барлық істер тәрбиеші тұлғасына негізделуі тиіс, себебі тәрбие күші тұлғаның адамилық қадір-сапаларынан бастау алады”. “Ешбір жарғы немесе бағдарлама, ешқандай жасанды мекеме ағзасы, қаншалықты айламен құрылса да, тәрбие жұмысындағы тұлға беделінің орнын баса алмайды”. Ушинский бүкіл педагогиканы қайта қарастырып,

жаңа ғылыми деректер негізінде білім беру жүйесін толығымен түбегейлі қайта құруды талап етті: "...теориядан алшақтаған педагогикалық тәжірибенің бір өзі – медицинадағы тәуіпшілдікпен тең".

XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында педагогикалық мәселелер АҚШ-та қарқынды зерттеле бастады. Ол жерде адам тәрбиелеудің жалпы принциптері мен заңдылықтары өрнектелді, әрбір адамға белгілеген мақсаттарына тез әрі табысты жетуге мүмкіндік беретін тиімді білім технологиялары қалыптасып, тәжірибеге енді. Американ педагогикасының белгілі өкілдерінің бірі **Джон Дьюи** (1859-1952). Оның зерттеу жұмыстары бүкіл батыс Еуропа, Америка және Австралия аймақтарында педагогикалық ойдың дамуына үлкен ықпал жасады. Американ педагогтарының және бір көрнекті тұлғасы **Эдвард Торндайк** (1874-1949) оқу үдерісін зерттеумен атын әйгілеп, әрекетшіл (бихевиористік) тәрбие технологиясын бүкіл әлемге жария етті.

Елімізде аты танымал американ педагогы және дәрігері **Бенджамен Спок**. Ол қауымға, бір қарағанға қарпайым ғана, тәрбиеде басты не болу керек: қаталдық па, әлде қайырымдылық па – деген сұрақ қойып, көпшіліктің санасына жаңа тәрбие лебін жеткізді. Бұл сұрақтардың астарынан күтілген жауап – педагогика қай бағытта: әміршіл-әкімшіл немесе гуманистік – жолымен дамуы қажет пе? Оны Б.Спок өзінің "Бала және оған қамқорлық", "Анамен сұхбат" және т.б. еңбектерінде іздестіруде.

XX ғасырдың басында әлемдік педагогикада **еркін тәрбие** және **бала тұлғасының дамуы** идеялары белсенді жария етіле бастады. Бұл бағдарда көп еңбек сіңірген италиян мұғалімі **Мария Монтессори** (1870-1952) болды. Өзінің "Ғылыми педагогика әдістемесі" кітабында ол баланың жас мүмкіндіктерін барынша пайдалану қажеттігін түсіндіріп бақты. Себебі, сәбилік шақтағы бала дамуы үлкен тәрбиелік табыстарға есік ашады. Бастауыш мектеп оқуының басты формасы өзіндік оқу жұмыстары болуы қажет. Монтессори кіші жастағы оқушылардың жекелеп оқуына ыңғайлы грамматикалық, математикалық, биология-жаратылыстану және басқа пәндерге арнап дидактикалық материалдар ұсынды. Бұл оқу құралдарының ерекшелігі, оларды пайдалана отырып, бала өз кемшілік-қателерін табады және

оларды түзетеді. Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасында да Монтессори жүйесінің тараптарлары мен қолдаушылары баршылық. Осы бағытта түзілген “бала-бақша – мектеп” жүйесі іске қосылып, балаларды еркін тәрбиелеу идеясы өз жемісін беруде.

Ресейдегі еркін тәрбие идеяларын қуаттаушылардың бірі – **Константин Николаевич Вентцель** (1857-1947) еді. Ол 1917 жылы дүниеде алғашқылардың бірі болып бала құқықтары декларациясын түзіп, жариялады. 1906-1909 жж. аралығында Мәскеуде ол ұйымдастырған “Еркін бала Отауы” жұмыс істеп тұрды. Бұл ерекше оқу мекемесінде басты кейіпкер – бала аса құрметпен танылды. Тәрбиешілер мен мұғалімдер бала қызығуларына икемдесіп, оның табиғаттан берілген қабілеттері мен дарынының дамуына жәрдемдесу қызметтерін атқарды.

Қазантөңкерісінен кейінгі кеңестік педагогика жаңа қоғамдағы адам тәрбиесі идеяларын өзіндік түсінім жолымен дамыта бастады. Жаңа педагогикаға байланысты шығармашылық ізденістер аймағында белсенділікпен қатысқан белгілі педагог ғалымдар: **С.Т.Шацкий** (1878-1934), **П.П.Блонский** (1884-1941), **А.П.Пинкевич** (1884-1939) болды. Социалистік дәуір педагогикасын танымал еткен **Н.К.Крупская**, **А.С.Макаренко**, **В.А.Сухомлинский** еңбектері. **Надежда Константиновна Крупскаяның** (1869-1939) теориялық ізденістері жаңа кеңес мектебін қалыптастыру, сыныптан тыс тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру, енді пайда бола бастаған пионер қозғалысы мәселелерінің төңірегінде шоғырланды. **Антон Семонович Макаренко** (1888-1939) балалар ұжымына педагогикалық басшылық, еңбек тәрбиесі, саналы тәртіп қалыптастыру және балаларды отбасында тәрбиелеу әдістемелеріне байланысты идеяларды қорытындылап, оларды тәжірибеде іске асыру принциптерін ұсынды, әрі өзі оларды тәжірибе тексеруінен өткізді. **Василий Александрович Сухомлинский** (1918-1970) өз зерттеулерін жастарды тәрбиелеудің моральдық мәселелерімен байланыстырды. Оның дидактикалық кеңестері мен нақты да дәл бақылаулары қазіргі педагогикалық ой дамуы және қоғамды қайта түзу дәуіріндегі мектеп тағдыры жөніндегі ұсыныстары өз маңызын әлі де сақтауда, сонымен бірге білім саласын жаңаша түсінуде үлкен жәрдемін тигізіп отыр.

Халыққа білім беру аймағында 40-60 жылдары белсенді еңбек еткен педагог-ғалымдардың бірі **Михаил Алексеевич Данилов** (1899-1973). Ол бастауыш мектеп тұжырымдамасын жасап шықты (“Бастауыш білім беру міндеттері мен ерекшеліктері”, 1943), (1947 жылы “Адамның ақыл-парасат және моральдық дамуында бастауыш мектептің рөлі” кітабын жазып, мұғалімдерге арналған көптеген жетекші әдістемелік құралдар жариялады. Олар осы күнге дейін мұғалім қауымының таптырмас құралдарына айналып отыр.

80-жылдардың ақырында бұрынғы Кеңес республикаларында мектепті жаңалау мен қайта құру қозғалысы өріс алды. Бұл **қызметтестік педагогикасының** туындауынан көрінді. Осы дәуірдегі жаңаланған педагогиканы дамытуға ат салысқан педагог ғалымдар мен бірегей шығармашыл мұғалімдер көптеп атын таныта бастады. Олардың арасында **Ш.А.Амонашвили, Л.С.Соловейчик, В.Ф.Шаталов, Н.П.Гузик, Н.Н.Палтышев, В.А.Каракоевский** және басқалар болды. Бүкіл елге белгілі болған мәскеулік бастауыш мектеп мұғалімі **С.Н.Лысенкова** “Қалайша жеңіл оқуға болады” атты кітабын жариялап, онда бастауыш мектеп оқушыларының оқу істерін сұлба, тірек үлестірімелер, кестелер пайдалану арқылы басқару тәсілдерін көрсетіп берді. Сонымен бірге С.Н.Лысенкова “Ілгерілетірілген оқу” әдістемесін жасады.

Бүгінгі кезеңдегі педагогика өзінің диалектикалық, өзгермелі ғылым сипаттарына сай болуымен қарқынды дамуда. Кейінгі он жылдықтарда педагогиканың бірнеше салаларында келелі табыстар қолға кіргізілді, әсіресе мұндай жетістіктер мектепке дейінгі және бастауыш мектептегі оқудың жаңа технологияларын жасауда көрініс берді. Сапалы оқу бағдарламаларымен жабдықталған қазіргі заман компьютерлері оқу үдерісін басқаруда үлкен жәрдемін тигізуде. Соның нәтижесінде оқу барысында аз қуат пен уақыт жұмсап, жоғары нәтижелерге жету мүмкіндіктері пайда болды. Тәрбиенің жетілген әдістемелерін жасау бағытында да пайдалы өзгерістер қолға тиді. Ғылыми-өндірістік, авторлық мектептер, эксперименталды оқу-тәрбие алаңдары – ұнамды өзгерістер жолындағы елеулі көзге түскен педагогикалық жаңалықтар. Еліміздегі жаңа және жаңаланған

мектеп оқуы мен тәрбиесі басты назарда тұлға дамуын көзге алып, гуманистік бағытта өрлеп, өрістеуде.

Сонымен, тәрбие тәжірибесі адамзат өркениетінің тереңдегі тарихи сатыларынан бастау алады. Тәрбие жөніндегі ғылым негіздері ежелгі, көне дәуір философиясының арнасында дамыған. Тәрбие, оқу, білім берудің тиімді теориялары мен әдістемелері пайда болғанша, педагогика дамудың ұзақ та қайшылықты жолын басып өтті.

Педагогиканың негізгі ұғымдары

Ғылыми тұжырымдарды аңдататын негізгі педагогикалық ұғымдарды *педагогикалық категориялар* деп атау қабылданған. Олардың қатарына *тәрбие, оқу, білім* категориялары кіреді. Педагогика сонымен бірге *даму және қалыптасу* деген жалпы ғылымдық категорияларды да кеңінен қолданады.

Тәрбие – тұлға қалыптастыруға бағытталған мақсат бағдарлы және ұйымдастырылған үдеріс. Педагогикада тәрбие ұғымы әлеуметтік және педагогикалық мәнде қолданылады.

Әлеуметтік мәніндегі тәрбие – бұл аға ұрпақ жинақтаған тәжірибені кіші әулетке өткізу. **Тәжірибе** – тарихи даму үдерісінде түзіліп, адамдарға белгілі болған білімдер, ептіліктер, ойлау тәсілдері, адамгершілік, этикалық, құқықтық қалып талаптары, бір сөзбен айтқанда, адамзат тарихының тұңғығынан бізге дейін жеткен рухани мұра. Дүние есігін ашқан әрбір адам өркениет табыстарына қол жеткізді, ал бұл тәрбиеге орай орындалады. Бүкіл адамзаттың тіршілігін сақтап қалуы, қатаюы және бүгінгі даму деңгейіне жетуі – бәрі тәрбиеден. Өткен әулет жинақтап, өндеген мұра келесі әулеттің еңбегімен байи түседі. Кейбір замандарда тәжірибе жойылып, тәрбиенің кері кеткен жағдайлары да тарихтан белгілі. Адамзат өзінің дамуында бірнеше ғасыр кері шегініп, бұрынғы білген-көргендерін жоғалтып, кейін оларды қайта тіктеуге мәжбүр болған.

Қоғамның тарихи дамуы бұлтартқысыз дәлелдегендей, тәжірибесі жоғары деңгейде қалыптасқан халықтар әрдайым

биік жетістіктерге жетіп отырған. Тәрбие – қоғамдық үдерістің қозғаушы күші.

Тәрбие **тарихи** сипатқа ие. Ол адамзат қоғамыменен бірге пайда болып, оның ажырамас өмір және даму бірлігіне айналды. Қоғам тірлігі сақталатын болса, онымен бірге тәрбие де мәңгі. Сондықтан да **тәрбие – жалпы және мәңгі категория**.

Тәрбие жұмыстарымен мектепке дейінгі және мектеп мекемелерінде тек кәсіби педагогтар ғана айналыспайды. Қазіргі қоғамда өз күш-қуатын тәрбиеге бағыштаған бірнеше ұжымдық құрылымдар бар, бұлар – отбасы, бұқаралық ақпарат құралдары, әдебиет, өнер, еңбек ұжымдары, құқық сақтау органдары. Осыдан, **әлеуметтік** мәндегі тәрбие әңгіме болғанда, қоғамдық мекемелер тарапынан нақты білімдер, көзқарастар мен нанымдар, адамгершілік құндылықтар, саяси бағыт-бағдар мен тұрмыс дайындығын қалыптастыруға бағытталған арнайы ықпал - әрекеттер үдерісін түсінеміз.

Көптеген тәрбиелік күштер болып тұрған жағдайда да табыс тәрбиеге қатысты әлеуметтік мекемелердің бәрінің бірдей ортақтасу әрекетінен жетіледі. Тәрбиелік ықпалдар арасында келісім болмаса, бала әрқилы күшті әсерлерге беріліп, жалпы мақсаттың орындалуына кедергі жасайды. Тәрбиеге оқу-тәрбие мекемелері бағыт-бағдар береді.

Кең педагогикалық мағынадағы тәрбие – бұл оқушыда көзделген мақсатқа орай нақты сапа-қасиеттерді қалыптастыруға бағышталып, отбасы мен оқу-тәрбие мекемесінде арнайы ұйымдастырылған, мақсат-бағдарлы және басқарымды ықпал-әрекеттер үдерісі. **Тар педагогикалық** мәндегі тәрбие – бұл нақты тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған тәлімдік істер мен олардың нәтижесі.

Басқа да әлеуметтік ғылымдардағыдай педагогикада тәрбие ұғымы біртұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлшектерін белгілеу үшін де қолданылады. Мысалы, тән-дене тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, ақыл-парасат тәрбиесі – деп, бөліп атайтынымыз осыдан.

Оқу – бұл көзделген мақсатқа орай нәтижесі білім, ептілік, дағдыларды игеру, дүниетаным қалыптастыру, ақыл-парасат,

дарыны мен шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуы болған арнайы ұйымдастырылған, мақсат-бағдарлы және басқарымды мұғалім мен оқушы арасындағы өзара байланысты ықпал-әрекеттер жүйесі.

Оқу негізі білім, ептілік, дағдылардан құралады. **Білім** – бұл әрбір адамның шынайы болмысты ғылыми деректер, түсініктер және заңдар формасында бейнелеуі. Білім жүйесі адамзаттың ұжымдық тәжірибесін өрнектейді және ол шынайы болмысты танудың нәтижесінде құралады. **Ептіліктер** дегеніміз адамның өзі игерген білімдері, өмірлік тәжірибесі, қабылдаған дағдылары арқасында тәжірибелік және теориялық іс-әрекеттерге саналы және өзбетінше бара алуы. **Дағдылар** - көп қайталау, жаттығу жолымен жоғары деңгейге жетіліп, қажетті әрекеттерді автоматтанған күйде орындай алу мүмкіндіктерінен көрінетін тәжірибелік қызмет бірлігі.

Оқушыларға нақты білімдерді ұсына отырып, мұғалім әрдайым жол-жөнекей қандай да бір бағыт-бағдарларды ұстанғандай болады, ал шынында, мұғалім әрекетінің астарында өзі біле бермейтін шартты маңызды дүниетанымдық, әлеуметтік, идеологиялық және басқа да көптеген сапа-қасиеттер бағдары оның іс-әрекетіне ықпал етіп отырады. Сондықтан да **оқу тәрбиелік сипатқа ие. Оқу барысында – тәрбиелейміз, тәрбиелей жүріп – оқытамыз.**

Білім – оқу нәтижесі. Тікелей мағынада, білім жақсы оқыған, тәрбиелі, зиялы адам бейнесін байқатады. Білім – *бұл оқушының тәлім алу үдерісінде игеріп жинақтаған білім, ептілік, дағды, ойлау тәсілдерінің жүйелі тобы.* Білімділіктің басты көрсеткіші – *білімдер жүйелілігі және ойлау жүйелілігі.* Жүйелі білім алған оқушы дербес ойлауға, өз білім қорының олқылықтарын ой толғастыру жәрдемімен жетілдіру қабілетіне ие. Аса есте ұстайтын жәйт, білім – бұл өзінен- өзі келетін зат емес, оны әр адам өз күшімен, дербес қолға түсіруі қажет. Өз заманында А. Дистервег: «Даму мен білім ешбір адамға сырттан хабарланып немесе берілген емес. Оған қол жеткізем деген әркім өз күші және ерік-қайратын қосуы қажет» – деп жазған еді. Қабылданған білімнің көлеміне, дербес ойлауда жеткізген деңгейіне байланысты білім *бастауыш, орта және жоғары бо-*

лып бөлінеді. Игерілген білімнің сипаты мен бағдарына орай *жалпы, кәсіби және политехникалық білімдер* ажыралады.

Бастауыш (элементар) **білім** мақсаты – осы заманда өмір бойы жалғасатын болашақ білімнің бастау негіздерін қалау. Бастауыш мектепте бала оқуға, жазуға, есептеуге, өз пікіріне байланысты және сауатты өрнектеуге, жүйелі ой толғастыруға, дұрыс қорытындылар жасауға үйренеді. Баланың сауат ашу дәуірі қарқынды тәрбиемен ұштасып жатады, яғни бала әріп тануға үйренумен бірге тән-дене, эстетикалық, еңбектік, құқықтық, экономикалық, экологиялық тәрбие бастауларын да алады. Бұл кезеңдегі тәрбие оқу мен білімнен маңыздылау келеді. Себебі, егер адам келелі тәрбие алмаса, оған білім берудің пайдасы жоқ, тіпті зиянды. Тәрбиелілікті арқау етпеген білім – есуас қолындағы суық қару. Өз заманында Өл-Фараби бабамыз көрегендікпен: «Бірінші мәселе білім емес... тәрбие. Тәрбиесізге берген білім адамзатқа апат әкеледі» – деп өсиет қалдырған.

Жалпы білім – табиғат, қоғам, адам жөніндегі ғылымдар негізін үйретіп, дүниетаным қалыптастырады, танымдық қабілеттерін өрбітеді, адамға өзін қоршаған ортадағы үдерістердің негізгі заңдылықтарын түсінуге жәрдем етеді, оқу мен еңбекке байланысты мектеп және еңбек ептіліктерін, әрқилы тәжірибелік дағдыларды игеруде көмектеседі.

Кәсіптік білім - әрбір адамды қалаған еңбек саласында қажет болатын білімдер, ептіліктер және дағдылармен қаруландырады. Кәсіптік оқу орындары жұмысшыларды дайындайды, ал орта және жоғары кәсіптік оқу мекемелері халық шаруашылығының әртүрлі саласы үшін қажет болған орта және жоғары маманданған кәсіпкерлерді дайындайды.

Политехникалық білім - қазіргі заман өндірісінің негізгі принциптерімен таныстырады, тұрмыста және күнделікті өмірде қолданылатын қарапайым еңбек құралдарын пайдалану дағдыларын қалыптастырады.

Қалыптасу – адамның әлеуметтік тіршілік иесі ретінде жетілу үдерісі. Мұндай жетілуде адам шексіз жағдаяттар ықпалына түседі: экологиялық, әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық, психологиялық және т.б. Тәрбие тұлға қалыптасуында себепші көп шарттардың аса маңыздысы. Қалыптасу – адам тұлғасының

белгілі бір кемелденген деңгейін, нақты тұрақтылыққа келу жағдайын байқатады.

Даму – бұл адамда жүріп жататын сандық және сапалық өзгерістердің желісі мен нәтижесі. Даму үдерісі тұрақты да үздіксіз өзгерістермен, бір жағдайдан екінші жағдайға өту, қарпайымнан күрделіге, төменгіден ең жоғары деңгейге ауысулармен байланысты келеді. Адамның дамуында сандық өзгерістердің сапалыққа және кері жүрісінде көрінетін әмбебап философиялық өзара ауысу заңы іске қосылып барады.

Тұлға дамуы – шынайы болмыстағы аса күрделі үдеріс. Бұл үдерісті тереңдей зерттеу үшін қазіргі заман ғылымы дамуды құрайтын бірліктерді жіктеу жолына түсті, яғни дамуға байланысты тән-дене, психикалық, рухани, әлеуметтік және басқада сапа-қасиеттер дараланып, өз алдына қарастырылуда. Ал педагогика болса, негізінен **тұлғаның рухани даму** мәселесін зерттейді, бірақ оны басқа даму жағдаяттарымен орайластыра үйренеді. Негізгі педагогикалық ұғымдар қатарына, сондай-ақ жалпы мағынадағы “өзіндік тәрбие”, “өзіндік даму”, “педагогикалық үдеріс”, “педагогикалық ықпалдастық”, “педагогикалық қызмет өнімдері”, “әлеуметтік қалыптасу”, “педагогикалық технология”, “оқу-тәрбие инновациялары” сынды ұғымдар да кіреді.

Сонымен, басты педагогикалық ұғымдар қатарында қолданылатын түсінік сөздер: тәрбие, оқу, білім, даму және қалыптасу. Олар өзара байланысты келеді. Нақты педагогикалық үдерісте олардың бәрі бірдей іс-әрекетте көрінеді: оқыту барысына тәрбие қосылады, тәрбиелей отырып, тұлға қалыптастырамыз, білім алу үдерісінде барлық қажетті қасиет-сапаларды қалыпқа келтіреміз.

Педагогикалық ағымдар

Педагогика ғылымында әзірге дейін баланы қалай тәрбиелеу жөнінде ортақ бір пікір қалыптасқан емес. Ежелгі заманнан біздің күнімізге дейін бір-біріне тікелей қарсы келген тәрбие бағыттары жасап келуде: 1) балаларды қорқыту мен бағындыру арқылы тәрбиелеу қажет және 2) балаларды қайырымдылық және әлпештеумен тәрбиелеу керек. Егер өмір

осы көзқарастардың қайсы бірін қаламаған күнде, ол қашан-ақ қолданымнан шығып қалған болар еді. Мәселенің қиындығы сонда: бір жағдайларда үлкен қоғамдық пайданы қатаң ережелер мен тәртіп құрсауында тәрбиеленген, өжет, қайтпас пікірлі адамдар келтіреді, екінші жағдайларда – мұндай қоғам мүдделерін жұмсақ, қайырымды, зиялы, Алланы мойындаған және барша адамға құшағын аша білген тұлғалар орындайды. Халықтың жасап жатқан жағдайларына, мемлекеттің ұстанған саясатына тәуелді тәрбие салт-дәстүрлері қалыптасады. Ұзақ мерзім бейғам, тоқ өмірмен жасап жатқан қоғамда тәрбиенің *ізгілікті* (гуманистік) бағыты үстем болады. Ал ұдайы күрес жүргізіп жатқан қауымдардың тәрбиесі қатал сипатта болып, ересектердің бедел, абыройына және өсіп келе жатқан әулеттің көзсіз бағыныштылығына негізделеді. Соғыс, аштық, әлеуметтік соқтығыстар мен жоқшылық жағдайларында да балаларды жұмсақ тәрбиеге алу мүмкін, бірақ мұндай жағдайларда әлпештеп өскен бала өз тіршілігін қорғай алмайды. Сондықтан да балалар тәрбиесі жайлы мәселе тек ғылымдық қана емес, ол тікелей өмірге байланысты шешімін тауып барғаны жөн.

Әміршіл-әкімшіл (авторитарлы) тәрбие өз сипатына сай ғылыми дәлелдерге негізделеді. Бұл бағытты ғылым сахнасына келтірген **И.Ф.Гербарт** (1776-1841) балаға туған күнінен бастап “жыртқыштық бітістер” тән деген тұжырымды алға тартып, мүмкін болғанша тәрбиені қаталдықпен жүргізуді талап етті. Тәрбие тәсілдері ретінде ол қорқыту, балалар ізіне бақылау қою, бұйрықтар және шектеулерді пайдалануды орындады деп есептеді. Әміршіл тәрбие ережелерін толығынан құптап қолданған елдердің ішінде Ресей ерекше ынта танытты.

Әміршіл тәрбиеге тікелей қарсылық білдіріп, **еркін тәрбие** теориясын ұсынған француз педагогы **Ж.Ж.Руссо** болды. Ол және оның ізбасарлары өсіп келе жатқан балада болашақ тұлғаны танып, оны **сыйлауға** шақырды. Оның табиғи даму мүмкіндіктерін тәрбие барысында пайдаланып, оған барынша қолдау көрсету қажеттігін талап етті. Біздің дәуірімізде жақсы нәтиже беріп, барша дүниеде өзіне көптеген тараптарлар тартып, бұл теория гуманистік педагогиканың күшті де қуатты ағымына айналды.

Гуманизм (адамгершілікті) – әлемде адамды ең жоғары құндылық деп таныған біртұтас теориялық тұжырымдама. Бұл тұжырымдаманың басты ережесі тұлға қадір-беделін қорғау, оның еркіндігін тану және мойындау, бұл үшін қолайлы (өмірлік, еңбектік, оқу және т.б.) жағдайлар түзеп беру. Гуманизм – *бұл жалпы адам болмысының, сонымен бірге әрбір жеке тұлғаның әмбебап маңыздылығына қолдау-қуаттау беретін идеялар мен құндылықтар жиынтығы*. Құндылықты бағыт-бағдар және нұсқау-көрсетпелер жүйесі ретінде гуманизм қоғамдық мұратқа айналып отыр.

Барша кезеңдердегі педагогтар қауымы гуманистік тәрбиемен дүниені қайта жасау үмітін ешбір жоғалтқан емес. Егер барлық адамдар қайырымды, адал, әділетті болған жағдайда, олар арасындағы дау-дамай өршімей, соғыс, қақтығыс, қарсы тұру себептері әлдеқашан жойылған болар еді. Әлемде тоқшылық, жылылық пен жақсылық жайлаған болар еді. Бірақ бұл үшін адамның өзін өзгерту қажет. Мұның бірден-бір жолы – *тәрбие*. Бүгінгі заман бағытын жұмсартып, бала пайдасына орай гуманистік тәрбиеге бет бұрады. Бірақ мектепті ізгілестіру істері әлі орнына қойған жоқ, бұл бағыттағы ұнамды ізденістер жүргізілуде.

Ізгілікті (гуманистік) **педагогика** – *бұл өз мүмкіндіктеріне орай тәрбиеленуші балаларды оқу-тәрбие үдерісінің белсенді, саналы, тең құқықты қатысушылары ретінде танытатын ғылыми теориялар жүйесі*. Гуманизм тұрғысынан тәрбиенің ізгі мақсаты - әрбір тәрбиеленушіні іс-әрекеттің, тағым мен қатынастың толыққанды субъекті деңгейіне көтеріп, еркін, өзіндік басқарымға ие тұлғаны баулу. Тәрбиелік үдерістің гуманизациялық өлшемі тұлғаның өз мүмкіндіктерін іске асыра алу дәрежесімен, оған берілген барша табиғи нышандардың ашылуымен, оның еркіндікке ұмтылу қабілеті мен жауапкершілігі және шығармашылығымен бағаланады. Гуманистік педагогика басты назарда *тұлғаны* ұстайды. Оның өзіндік белгілері: басты назар ақпарат көлемі мен нақты ептіліктер және дағдылар дамытудан гөрі, тұлғаның психикалық, тән-дене, ақыл-парасат, адамгершілік және басқа да инабаттық-ізгілік сапаларын дамытудың маңыздылығын алға тартады; бар күшін әрқилы оқу және тұрмыс жағдайларында өз таңдауына қабілетті ер-

кін, дербес ой толғастырып, іс-әрекетке келе алатын тұлға азамат – гуманист қалыптастыруға шоғырландырады; оқу-тәрбие үдерісін жаңаланған бағдарламаларға келтіруде табыстарға жету үшін қажетті ұйымдастыру шарттарын қамтамасыз ете алады.

Оқу-тәрбие үдерісін гуманизациялау – оқушыға болған педагогикалық үстемдігімен танылған, педагог пен оқушы арасындағы қалыпты ізгілікті қатынастар орнату мүмкіндігін жоққа шығарған әміршіл педагогикадан бас тартып, оқушылардың тұлғалық еркіндігі мен жеке іс-әрекетіне аса жоғары мән беретін **тұлғалық бағдарлы** педагогикаға бет бұрыс. Бұл үдерісті ізгілендірудің басты мақсаты – оқушылардың оқымауына, өз мүмкіндіктерінен төмен оқуына, тәрбиелік істердің бейтарап қатысушысы немесе бұрқып тасыған өмірдің сырттай бақылаушысы болып қалуына мүмкіндік бермейтін жағдайларды жасау. Гуманистік педагогика әрдайым мектепті оқушыға икемдестіру тарапында, балаға қолайлы жағдай түзіп, оның **“психологиялық қауіпсіздігін”** қамтамасыз етуге ұмтылады.

Гуманистік педагогиканың талаптары: 1) тәрбиеленушіге адамгершілік қатынас; 2) баланың еркіндігі мен құқына құрмет; 3) оқушы күшіне сай және түсінікті талаптар қою; 4) тәрбиеленушінің көзқарас – бағытын, тіпті ол қойылған талаптарды орындауға қарсылық білдірген жағдайда да – сыйлай білу; 5) балаға шынайы болмысын танытуға мүмкіндік жасау; 6) тәрбиеленушінің санасына тәрбиенің нақты мақсаттарын жеткізе білу; 7) бала тәрбиесіне қажет болған сапа-қасиеттерді зорлықсыз қалыптастыру; 8) тұлға намысы мен беделіне нұқсан келтіруші әдістерді қолданбау; 9) баланың өз наным-сенімдеріне қайшы келетін сапа-қасиеттерден бас тарту құқын тану.

Адамдар құқы жалпы декларациясының бірінші бабы: «Барлық адамдар бедел және құқық тұрғысынан еркін және тең. Олар ақыл-парасатты және намысты, сондықтан да өзара туысқандық рухында қатынас жасауы тиіс» – деген тұжырымды алға тартады. Тәрбиеленушілерде, осыдан, қорыққан, үріккендерді емес – тәуелсіз, еркін тұлғаны танып, тәрбиеші-педагог оның үстінен ала таяқ ойнатып, күш көрсету

ниетінен бас тартады, нәтижеде өз тәрбиеленушісімен бірлесе өздерінің жарқын болашағы үшін қосылып ат салысады.

Гуманистік педагогика жүйесін уағыздап, бүкіл дүниеге белгілі болған педагогтар – **М.Монтессори, Р.Штайнер, С.Френе**. Олар түзген тәрбие бағыттары бұл күнде **атаулы педагогика** лауазымын алған.

М.Монтессори педагогикасы тәрбиенің **еркін табиғи сәйкестік** идеясына негізделген. Мұндағы басты шарт – баланың өз белсенділігі. Тәрбие ең алдымен әртүрлі міндеттерді атқаруға бағытталған дидактикалық материалдарды тәжірибеде қолдану тәсіліне сүйенеді. Сонымен бірге, оқу мен тәрбиені жеке даралап жүргізуге, тұлғалық ерекшеліктерді ескеруге үлкен мән беріледі.

Р.Штайнер вальфдор педагогикасын дәріптеді. Бұл тәрбие ағымы әрбір баланың даму ерекшелігін ажырата отырып, оның даралығын, яғни ойлау, мінез, ерік, ес және т.б. психикалық қасиеттерін түсінуді басты қажеттік деп білді. Осы негізде даралап тәрбиелеудің әдістері мен формалары жобаланады. Баланың іс-әрекеті оның көңіл-күйі және ой-өрісімен ажыралмас тұтастыққа келтіріледі.

Батыс елдерде **С.Френе** педагогикалық тұжырымдамасы кең тараған. Оның басты белгілері: 1) балалардың жастық психологиясындағы, қабілеттері мен қызығуларындағы әртүрлілікті міндетті түрде ескеру; 2) олардың интеллектуал және көңіл-күй белсенділігін мақсатты түрде ынталандырып бару; 3) барша оқу кезеңдерін қоғамдық пайдалы еңбекпен байланыстыру; 4) мектептің өзіндік басқару жүйесінің тиімділігін көтеру; 5) жоғары моральдық және азаматтық мұраттар рухында тәрбиелеу.

Сонымен, **әлемде кең дамыған педагогикалық ойдың екі бағыты танылған – үлкендердің бедел-абыройына және балалардың бағыныштылығына негізделген авторитарлы ағым, шәкірт құқығы мен еркіндігін құрметтеуші – гуманистік ағым. Олардың арасында – сан қилы педагогикалық бағыттар жасауда. Әлемнің ізгілікті педагогикасы өзінің гуманистік таңдауын қабылдады.**

Педагогикалық ғылымдар жүйесі Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы

Педагогика – кең ауқымды ғылым. Оның пәндік құрамының күрделілігі соншама: тәрбие мәні мен оның барша байланыстарын жеке бір ғылым шеңберінде қамту мүмкін емес. Педагогиканың ірге тасы – *философия*, дәлірек айтсақ, тәрбие мәселелерімен арнайы шұғылданатын оның *тәрбие философиясы* атамасын алған тармағы. Тәрбие философиясы өз алдына білім саласы ретінде тәрбиелік тәжірибеде әртүрлі философиялық жүйе идеяларын пайдаланады. Философия – педагогикаға танымның жалпы бағыт-бағдарын, педагогикалық құбылыстар мен үдерістерді зерттеудің әдіс-тәсілдерін көрсетеді. Сондықтан да, философияны оның біртұтас және жүйелік, құрылымдық талдау әдістерімен бірге педагогиканың әдіснамалық негізі деп атау қабылданған.

Қоғамдық құбылыс ретінде тәрбие дамуы мен педагогикалық білімдердің өткен жолын **педагогика тарихы** зерттейді. Өткенді түсіне отырып, болашаққа көз тігеміз. Бастан кешіргенді зерттеу және оны бүгінгімен салыстыру осы заманғы құбылыстардың негізгі даму кезеңдерін нақтылаумен бірге бұрынғы қателерді қайталаудан сақтандырады.

Педагогика жүйесі келесі салаларды қамтиды:

- жалпы педагогика;
- жас кезеңдер педагогикасы;
- өлеуметтік педагогика;
- арнайы педагогикалар.

Жалпы педагогика – адам тәрбиесі заңдылықтарын зерттеп, барша түрдегі тәрбиелік мекемелердегі оқу-тәрбие үдерісінің жалпы негіздерін теориялық тұрғыдан қаластыратын іргелі ғылыми пән. Қалыптасқан дәстүр бойынша жалпы педагогика төрт бөлімнен тұрады: 1) оқу-тәрбие үдерісінің негіздері; 2) дидактика (оқу теориясы); 3) тәрбие теориясы; 4) мектеп тану. Осы құрылымды аталған бөлімдерімен бірге **бастауыш мектеп педагогикасы** да қайталайды.

Жас кезеңдер педагогикасы педагогиканың мектепке дейінгі және мектептік жүйешелерін өз алдына бөліп қарастырады. Олар өсіп келе жатқан әулеттің белгілі жас то-

бына байланысты оқу-тәрбие іс-әрекеттері ерекшеліктерін бейнелейтін тәрбие заңдылықтарын зерттейді. Қазіргі күнде өз алдына пән ретінде оқылатындары – мектепке дейінгі педагогика, кәсіби техникалық мектептер педагогикасы, өндірістік педагогика, ұзақтан оқыту педагогикасы, т.б.

Ғылыми пәндер ішінде ересектердің педагогикалық мәселелерімен айналысып, қарқынды даму жолына түскен – **жоғары мектеп педагогикасы**. Оның міндеттері – барша деңгейдегі ресми тіркелген жоғарғы оқу орындарында жүріп жатқан оқу-тәрбие үдерісінің заңдылықтарын ашып беру, қазіргі ауыспалы кезеңде жоғары білім алудың арнайы мәселелерін зерттеу, жоғары технологиялық және компьютерлік оқу жүйелерінің принциптерімен таныстыру. **Дипломнан соңғы білім педагогикасы еңбек педагогикасымен** тығыз байланыста мамандық көтеру, сонымен бірге нарықтық экономикаға орай көкейкесті болып тұрған халық шаруашылығының әртүрлі салаларында қызмет етіп жатқан жұмысшылардың қайта мамандану, егделік жасқа келгенде жаңа білімдерді, жаңа кәсіпті игеру мәселелерімен шұғылданады.

Әлеуметтік педагогика ауқымында отбасы педагогикасы, мәжбүрлі тәрбие (первентив) педагогикасы, алдын алу (профилактикалық) педагогика дамуда.

Өз дамуында әрқилы мүшелік бұзылыстар мен ауытқуларға ұшыраған адамдар арнайы педагогика аймағында зерттеледі. Есітпейтіндер мен мылқаулар оқуы және тәрбиесімен **сурдопедагогика**, зағиптермен – **тифлопедагогика**, ақыл-есі кемдермен – **олигофренопедагогика** шұғылданады.

Педагогика ғылымдарының арнайы тобын **жекеленген** немесе **пәндік әдістемелер** құрайды. Олар оқу-тәрбие мекемелерінің барша типтерінде өтілетін нақты оқу пәндерінің оқытылуы мен игерілу заңдылықтарын ашып, мұғалімдерге ұсынады. Өз пәнін оқыту әдістерімен әрбір педагог жоғары деңгейде таныс болуы міндетті.

Педагогика өз дамуында басқа ғылымдармен өзара, тығыз байланысқа түседі. *Философия ғылымдары* (диалектикалық және тарихи материализм, ғылымтану, әлеуметтану, этика, эстетика, т.б.) педагогикаға тәрбие мағынасы мен мақсаттарын айқындап алуда, адам болмысы мен ойлаудың жалпы

зандылықтары ықпалын дұрыс ескеруде жәрдемін тигізеді. Педагогиканың аса тығыз да тікелей байланысы *анатомия және физиология*. Олар адамның биологиялық мәнін түсінуде тірек қызметін атқарып, жүйке жүйесінің типологиялық ерекшеліктерімен, жоғары жүйке қызметінің даму жағдайларымен, бірінші және екінші сигналдық жүйе жұмысымен, сезім органдары, тірек-қозғалыс аппараты, жүрек-тамыр және тыныс алу жүйесі қызметтерімен таныстырады.

Педагогика үшін аса маңызды болған психиканың даму заңдылықтарын зерттеуші *психология* ғылымы. Психологиялық білімдер негізінде педагогика әр адамның жан дүниесі мен қылығында көзделген өзгерістерге келтіруші тиімді тәрбие жүйесін құрады. Педагогиканың әрбір бөлімі психологияның сәйкес тарауларында өзіне тірек болар білімдерді табады: мысалы, **оқу – ақыл-парасат дамуы мен танымдық үдерістер теориясына жүгінеді; ал, тәрбие теориясы тұлға психологиясын пайдаланады және т.б.** Осы ғылымдардың бірігуінен (интеграция) **педагогикалық психология** және **психопедагогика** жарыққа келді.

Педагогиканың *тарих және әдебиетпен, география және антропологиямен, медицина және экологиямен, экономика және археологиямен* байланыстары кеңеюде. Тіпті Жерден тыс өркениет жөніндегі ғылымдардың өзі де педагогикалық мәселелерді түсінуге жәрдемін тигізіп отыр. Адам, оның тіршілік аймағы, адамдардың қалыптасуына ықпал жасаушы ғарыштық әсерлер бұл күнде бүкіл дүниеде қарқынды зерттелуде.

Тәрбиеге байланысты жаңа ғылым салалары педагогиканың дәл және техникалық білімдермен тоғысында қылаң бере бастады. Олар – **кибернетикалық, математикалық, компьютерлік педагогика, суггестология (гипноздық сендірумен жедел оқыту жүйесі)** және т.б. Осы заманғы педагогика адам жөніндегі басты ғылымдардың бірі ретінде ауқымды да қарқынды даму жолына түсті.

Педагогикалық зерттеу әдістері

Педагогикалық зерттеу *әдістері* – бұл педагог-зерттеушілердің өз пәні жөніндегі білімдерді жинақтау және топтастыру үшін қолданатын жолдары мен тәсілдері. Әдістерді

пайдалана отырып, зерттеуші тұлғаның тәрбие, оқу, білім, даму, қалыптасу үдерістері мен олардың нәтижелері жөніндегі деректерді қолына түсіреді. Білім топтастырудың көп әдістері бар. Олардың ішінде *дәстүрлі (эмпирикалық) және жаңа (эксперименталды, теориялық) әдістер ажыралады.*

Дәстүрлі әдістер – бұл педагогика ғылымының бастапқы пайда болу дәуірінде қызмет еткен зерттеушілерден бізге дейін мұра болып жеткен білім топтастыру жолдары. Педагогикалық зерттеулердің дәстүрлі әдістері қатарында танылғандары: *бақылау, тәжірибе, дерек көздерін зерттеу, мектеп құжаттарын талдау, оқушы шығармашылығы өнімдерімен танысу, әңгіме – сұхбат.*

Бақылау – педагогикалық тәжірибені зерттеудің ең жеңіл және көп тараған әдісі. Ғылыми бақылау – бұл таным нысанын, үдерістер мен құбылыстарды табиғи жағдайда зерттеу үшін арнайы ұйымдастырылған ізденіс әрекеті. Ғылыми бақылаудың басты өзгешеліктері келесідей: 1) міндеттер анықталады, нысандар белгіленеді, бақылаулар сұлбасы түзіледі; 2) алынған нәтижелер міндетті түрде хатталады; 3) қолға тиген деректер өңделеді; 4) нәтижелер бұрынғы белгілі болғандармен салыстырылады және басқа әдістер жәрдемімен қайта тексеріледі. Тиімді болу үшін бақылау *ұзақ мерзімді, жүйелі, көптарапты, шынайы және ауқымды* болуы қажет.

Бақылау әдісінің маңыздылығын, оның жеңілдігі мен көп таралғанын айта отырып, оның кемшіліктерінің де болатынын ұмытпау қажет: бақылау арқылы педагогикалық құбылыстардың астарлы, ішкі мән-мағынасын толық ашылмайды, бұл бақылау барысында алынған ақпараттардың толық шынайылығын қамтамасыз ету мүмкін емес. Сондықтан бақылау көбіне зерттеулердің бастапқы кезеңдерінде басқа әдістермен бірге қолданылады.

Тәжірибе зерттеу – педагогикалық зерттеулерде ертеден қолданылатын әдістердің бірі. Бұл әдіске байланысты танымдық іс-әрекеттерді жасай отырып, тәрбиенің тарихи байланыстарын тіктейміз, оқу-тәрбие жүйелеріндегі жалпы және тұрақты құбылыстарды айырамыз. Осы әдістің жәрдемімен нақты мәселелерді шешу жолдары талданады, жаңа тарихи жағдайларда оларды қолдану жөніндегі парасатты

қорытындылар жасалады. Осыдан бұл әдісті “**тарихи**” деп те атайды. Тәжірибе зерттеу әдісі және бір – **дерек көздерін** зерттеу немесе **архивтік** - әдіспен тығыз байланысты. Осы тәсілмен ежелгі жазу ескерткіштері, заң акттері, жобалар, көрсетпелер, есептер, баяндамалар, съездер және конференциялардың материалдары мен қаулылары бірегей ғылыми талдауға түседі. Көп жағдайда шығармашыл қызмет етіп жатқан педагогикалық ұжымдар жеке мұғалімдердің озат тәжірибесін зерттеуді де осы әдіспен байланыстырады. Осы әдіспен зерттеудің нәтижесінде жария етілген озат тәжірибелер педагогика ғылымында және тәжірибесінде қалыптасқан көзқарастарды сынауға және бұрыннан қатаң жүйеге түскен бағыттарды өзгерте қарастыруға себепші болды.

Ғылыми педагогикалық зерттеулер оқу-тәрбие үдерісін бейнелеуші **мектеп құжаттарын талдауды** да маңызды әдіс деңгейіне көтерді. Мұндағы ақпарат көздері – сынып журналдары, жиналыстар мен отырыстар, хаттама кітаптары, оқу дәрістерінің кестелері, ішкі тәртіп ережелері, мұғалімдердің күнтізбе және тақырыптық жоспарлары, конспекттері мен сабақ стенограммалары және т.б. Мектеп құжаттарымен таныса отырып, балалардың денсаулығы және олардың үлгерімі арасындағы қатынасты, мұғалімдердің жұмыс қабілетінің сабақ кестесіне байланысын байқауға болады. Мектеп құжаттарын зерттеу, әлбетте, басқа әдістерді қолданумен қосарлана пайдаланылады.

Оқушы шығармашылығы өнімдерін зерттеу әдістері. Оқушылардың өз бетінше барша пәндер бойынша орындаған үй және сынып жұмыстары, әдебиет және тіл сабақтарында жазған шығармалары, өзіндік рефераттары, қоғамдық жұмыстарына байланысты есептері, эстетикалық және техникалық істерінің нәтижелері – тәжірибелі зерттеушіге бала жан дүниесі мен оның қызығулары жөнінде мол да нақты деректер береді. Баланың бос уақытында дайындаған өнімдері, қызығу шұғылданыстары да бала өмірін тануда маңызды рөл ойнайды. Оқушының жеке дара ерекшеліктері, ұмтылыстары мен қызығулары, іске және өз міндеттеріне қатынасы, ұқыптылығы, зерделігі және басқа да қасиеттері, оның **іс-әрекет сеп-түрткілері** (мотивы) аталған әдісті табысты қолдануға кең мүмкіндік береді.

Бұл әдіс басқа барша тәсілдер сияқты мұқият жоспарлауды, орынды қолдануды, оны бақылау және **әңгіме-сұхбат** әдістерімен икемді ұштастыра білуді талап етеді. Сондықтан да ол көбіне бақылау немесе басқа әдістерді қолдануда ашық, айқын болмаған қажетті деректерге нақты түсініктеме беру үшін қосымша құрал ретінде қолданылады. Әңгіме-сұхбаттың нәтиже сенімділігін көтеру үшін арнайы шаралар іске қосылады: 1) сұхбаттас тұлғасын ескерумен ойластырылған әрі бұлжытпай іске асырылатын әңгіме жоспары түзіледі; 2) зерттеушіні қызықтырған сұрақтар әртүрлі байланыстарға келтіріліп, санқырлы талқыланады; 3) қойылатын сұрақтар сұхбаттасқа жағымды формада, баламалы түрде болуы шарт; 4) сұрақтар мен жауаптарда жағдай сипаты орынды пайдаланылып, тапқырлық қабілетті керек етеді. Әңгіме жүргізу өнеріне ұзақ та шыдаммен үйрену қажет.

Педагогикалық зерттеулердегі **жаңа инновациялық** әдістер қатарына *педагогикалық эксперимент, тестілеу, анкеттеу, топтық жіктеу (дифференциация)* және т.б. кіреді.

Педагогикалық **эксперимент** – бұл *дәл ескерілген жағдайларда* педагогикалық үдерісті *қайта құрудың* ғылыми негізделген жолы. Эксперимент жолымен, оқу-тәрбие істерінде жаңа әдістер, тәсілдер, формалар, жүйелер тәжірибеге есік ашады. Мұндай зерттеулер тақырыбы мен мақсатына орай ұзаққа созылған немесе қысқа мерзімді болуы ықтимал.

Эксперименталдық жобалардың сенімділігі *эксперимент шарттарын ұстануға* тәуелді. Тексерілетін жағдаяттардан басқа шарттардың бәрі мұқият теңдестірілуі шарт. Педагогтар өткізетін эксперимент түрлері өте көп. Белгіленген мақсатқа байланысты бұлар: 1) қалыпты педагогикалық құбылыстарды анықтау үшін қолданылатын нақтылау (констатирующий) *эксперименті*; 2) жаңа болжамдарды (гипотеза) байқастыруға арналған *тексеру, айқындау эксперименті*; 3) жаңа педагогикалық құбылыстарды жариялау үшін жүргізілетін *жасампаз, қайта құрушы, қалыптастырушы эксперимент*.

Өткізілетін орнына байланысты педагогикалық эксперименттер *табиғи және зертханалық* болып бөлінеді. Табиғи эксперимент жағдайында – ұсынылған болжамды тексеруге арналған ғылыми ойластырылған тәжірибе оқу-тәрбие

үдерісінің барысын өзгертпей жүргізіледі. Мұндай эксперимент *зертханалық* деп аталады.

Қазіргі заман педагогикасында ғылыми мақсатта да, күнделікті тәжірибелік мүддеге орай да тестілеу әдісі кең қолданылуда. **Тестілеу** - қатаң бақылау астында баршаға теңдей мақсатты көздеген зерттеу әдісі. Бұл әдіс оқушылардың оқуы, тәрбиесі мен даму сипаттары және оларға байланысты нәтижелерді шынайы өлшемге келтіруге, педагогикалық үдерістің қай дәрежеде өтіп жатқанын анықтауға мүмкіндік береді. Басқа әдістерден тестілеудің айырмашылығы – *дәлдігі, қарапайымдылығы, жеңілдігі, автоматтастыру мүмкіндігі*.

Бастауыш мектеп мұғалімдері осы күнде **үлгерім тестерін** кең қолданып жүр. Бұдан басқа мектеп практикасында жүгіртіп оқу, жазу, қарапайым арифметикалық амалдарды анықтау үшін элементар **ептілік тестері** де пайдаланылады. *Сауат және даму деңгейін нақтамалау тестері* оқушының кемелденгенін, игерілген білім дәрежесін, барлық оқу пәндері бойынша ептіліктерін анықтауға көмегін тигізеді. Оқу бағдарламасының ірі бөлімдерін өтіп болғаннан соң көп шама сұрақтарды қамтыған **қорытындылау тесті** ұсынылады. Мұндай тестер екі түрде ажыралады: *шапшаңдыққа және білім күшіне орай*. Бірінші жағдайда оқушының барлық сұрақтарға жауап беруіне уақыт жетпейді, себебі, жылдам әрі шапшаң жауап беру керек; ал екінші жағдайда шапшаңдық талап етілмейді, керегі – білім тереңдігі мен орнықтылығы. Мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп оқушыларына арналған тестер көбіне жеңілдетілген баламада келтіріледі.

Тәрбие, білім алу, оқу үдерістері ұжымдық (топтық) сипатқа ие. Оларды зерттеу үшін көбіне белгілі жоспармен түзілген **көпшілікке** (массовый) **сұрақ қою** әдісі қолданылады. Мұндай сауалнама ауызша (интервью) немесе жазба (анкеттеу) күйінде жүргізіледі.

Анкеттеу - арнайы түзілген сауалнама жәрдемімен көпшілік ақпаратын жинау әдісі. Педагогикалық тәжірибеде анкеттеудің әрқилы түрлері бар: өзінше жауап түзу – ашық анкета, дайын жауаптардың бірін таңдау – жабық анкета, аты-жөні көрсетілуі қажет – *атаулы анкета*, аты-жөні көрсетілмейтін – *бүркемелі*

(аноним) анкета, толық және қысқартылған, дайындаушы және бақылау, т. б. анкеталары.

Сыныптың ішкі қатынастарын талдауға мүмкіндік беретін **топтық жіктеу** (дифференциациялау, социометрлік) әдісі кең қолданылуда. Мысалы, оқушыға: «Кіммен бірге...» (саяхатқа шығар едің?) т.б. сұраққа жауап беру талап етіледі. Әр сұраққа үш «таңдау» беріледі. Балалардың анкетада берген жауабына қарап отырып, сол баланың өзінің беделі және оның қатынасқысы келген балалардың сыр-сипатын анықтауға болады, яғни сыныптағы әр баланың орны, рөлі және беделі жөнінде ақпарат топталады. Сонымен, әртүрлі зерттеу әдістерімен педагогтар тәрбие, оқу және білім үдерісі қалай жүріп жатқанын талдайды, қолға түскен деректерді сараптайды, алынған қортындыларды ғылыми білімдер жүйесіне қосады. Жеке дара алынған қай әдіс те сенімді қорытындыға кепіл бола алмайды. Сондықтан әдістер өзара байланыста пайдаланылады. Педагогикалық теория және тәжірибе деңгейі мен қолдануға түскен зерттеу әдістерінің арасында тығыз тәуелді байланыс жүреді.

Өзіңізді тексеріңіз

1. Педагогика нені зерттейді?
2. Педагогиканың міндеттері қандай?
3. Тәрбие жөніндегі ғылым қай заманда пайда болған?
4. Педагогикалық ой-пікір қалыптасу кезеңдерін анықтаңыз?
5. Я.А.Коменскийдің педагогика үшін қызметі қандай болды?
6. Көрнекті орыс, батыс педагогтарынан кімдерді білесіз?
7. Қазақ ғұлама педагогтарынан елеулілерін атап, олардың еңбектеріне сипаттама беріңіз.
8. Тәрбиенің әлеуметтік және педагогикалық мән-мағынасы қандай?
9. Неліктен тәрбие тарихи сипатқа ие?
10. Оқу деген не?
11. Білім мағынасын ашыңыз.
12. Тұлға дамуының мәні неде?
13. Тұлға қалыптасуы дегенді қалай түсінесіз?
14. Негізгі педагогикалық бағыттарды атаңыз, олардың сипаттамасын беріңіз.
15. Педагогикалық жүйе, үдеріс, іс-әрекет ұғымдарына сипаттама беріңіз.
16. Педагогиканың барша ғалымдар жүйесіндегі орнын қалай түсінесіз?
17. Педагогиканың басқа ғылымдармен негізгі байланыс формаларын атаңыз және оларға мысал келтіріңіз.
18. Қазіргі заман педагогика ғылымының құрылымы қандай?
19. Жалпы педагогика мен жекелеген педагогика арасындағы айырмашылық неде?
20. “Педагогика” термині орнына “андрогика” терминін қабылдауға көзқарасыңыз қандай?

2-ТАРАУ

ДАМУДЫҢ ЖАЛПЫ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Жоспар:

Тұлғаның даму үдерісі
Нәсілдік және қоршаған орта
Даму және тәрбие
Табиғи сәйкестік принципі
Іс-әрекет және тұлға дамуы
Даму нақтамасы

Тірек конспект – сөздік

Адам – заттай және рухани, табиғи және әлеуметтік, нәсілдік пен өмірден игерілген дүниелер бірілігінен қалыптасқан ойлау және сөйлеуге қабілетті, құрал-жабдық жасап, оны еңбек барысында қолдануға икемді тіршілік өкілі.

Индивид (тек өкілі) – тұлғалық және даралық дамудың алғышарты ретінде көрінген тұтастық қайталанбастығымен танылған психофизиологиялық қасиеттерге ие тек өкілі – адам.

Тұлға (личность) - қатынастар мен саналы іс-әрекеттерге араласқан, өзіндік таным мен дамуға қабілетті, қоғам мүшесі ретінде әлеуметтік мәнді бітістер, байланыстар, ұстанымдар мен принциптерді өз бойына сіңдірген субъект – адам.

Даралық (индивидуальность) – тек өкілі – адамның тұлғалық және психикалық ерекшелігі. Бұл әрбір тұлға – субъекттің темпераменттік және мінез бітістерінде, сезімдік, ақыл-сана және еріктік аймақтары мен қызығуларында, қажеттері мен қабілеттерінде көрініс береді.

Даму (развитие) – адам ағзасында, психикасында, ой-өрісі мен рухани болмысы шеңберінде сыртқы да ішкі, басқарымды да өзбетінше жүріп жатқан ықпалдар себебінен болатын сандық және сапалық өзгерістер мен сол өзгерістердің нәтижесі.

Биологиялық даму – тән-дене дамуы, морфологиялық, биохимиялық, физиологиялық өзгерістер.

Әлеуметтік даму – психикалық, рухани (духовное), сана-сезімдік (интеллектуальное), әлеуметтік (социальное) кемелдену.

Дамуға қозғау салушы күштер - қарама-қарсылықтар тайталасы (борьба).

Қарама-қарсылықтар – бір-біріне тікелей қайшы келген қажеттіктердің тоғысуынан болатын тайталас: “керек” – “қолымнан келеді”, “білетін” – “білмейтін”, “мүмкін” – “болмайды”, “бар” – “жоқ” және т.б.

Даму жағдаяттары (факторы) – нәсілдік, қоршаған орта, тәрбие.

Нәсілдік (наследственность) – балаға ата-анасынан өтетін кейбір қасиеттер мен ерекшеліктер, мысалы, сырттай белгілер: дене құрылымы, шаш, көз, тері түстері. Нәсілдіктен берілетін қабілеттер емес, тек нышандар (задатки) ғана.

Әлеуметтік нәсілдік (социальная наследственность) – ата-аналардың әлеуметтік-психологиялық тәжірибесін игеруден қалыптасатын білік (тіл, әдет, әрекет, қылық ерекшеліктері, ізгілік-адамгершілік сапалары және т.б.).

Қоршаған орта – адамның дамуына тікелей ықпал жасап, қажетті жағдаяттарды қамтамасыз етуші шынайы болмыс (табиғат, қоғам).

Алыс орта (дальняя среда) - қоғамдық құрылым, өндірістік қатынастар жүйесі, өмірдің заттасқан тіршілік шарттары, өндірістік және әлеуметтік үдерістердің атқарылу сипаты және т.б.

Жақын орта (ближняя среда) – отбасы, тума-туыс, ағайын-жекжат, достар.

Адам - тұлға, әлеуметтік тіршілік иесі ретінде – ең жоғары құндылық болып саналады, қоғамның барша дамуы сол құндылықты асыра түсу үшін орындалып жатады.

Тәрбие (воспитание) - 1. Арнайы ұйымдастырылған әрекеттер жүйесіндегі мақсат бағдарлы тұлға қалыптастыру үдерісі. 2. Нәсілдік пен қоршаған ортаның әсерінен болатын келеңсіз бітістерді белгілі мөлшерде түзеп-реттеп барушы негізгі қызмет-әрекет.

Қалыптастыру (формирование) – нәсілдік, орта, мақсат бағдарлы тәрбие және өз белсенділігінің шынайы ықпал-әсерлері нәтижесінде адамның тұлғалық кемелге жету үдерісі.

Әлеуметтену (социализация) – адамның нақты замандағы нақты қоғамға, әлеуметтік қауым мен ұжымдарға тән құндылықтар, қалып-талаптар (нормы), ұстаным-нанымдар (установки) мен әрекет-қылық үлгілерін игеріп, әлеуметтік байланыстарға келуі және әлеуметтік тәжірибені қолдана білуі.

Табиғи сәйкестік (природосообразность) **принципі** – адам табиғаттың ажырамас бөлігі. Даму әр адамның тума, табиғи мүмкіндіктерін арқау етіп, оларға сәйкес орындалып баруы тиіс. Тәрбие табиғи жағдаяттардан алшақ, жасанды жолмен іске асуы мүмкін емес.

Іс-әрекет (деятельность) – 1. Тіршіліктің жалпылама сипатын қамтыған қоғамдағы адам белсенділігі. 2. Адами тіршіліктің формасы әрі тәсілі.

Белсенділік (активность) – іс-әрекеттің қарқынды әрі мүдделі орындалуынан болатын адам сапасы. Тұлға белсенділігі – бұл дамудың алғышарты ғана емес, нәтижесі де.

Даму желісін нақтамалу (нақтама) – оқушының даму деңгейі, сапа қасиеттерін айқындаудың ғылыми әдістемесі.

Тестілеу (тестирование) – тұлғалық сапаларды арнайы тапсырмалар жәрдемімен зерттеу әдісі.

Адам дамуының негізгі заңдылықтары мен жағдаяттары:

- Адам дамуы – іштей себеп-салдарлы үдеріс, яғни әрбір тұлғаның жандүниелік қайшылықтары мен психофизиологиялық ерекшеліктеріне тәуелді.

- Адам дамуы оның әлеуметтік жағдаяттарымен тікелей байланысты, яғни қалыптасудағы тұлғаның сапа-қасиеттері қоршаған орта (қоғам жағдайлары, тәрбие ықпалдары) әсерлерінен өзгеріске түсіп отырады.

- Адам дамуы - өзіндік белсенділіктің нәтижесі, яғни тұлғалық жетілуге болған ниеттер мен іс-әрекетке, қатынастарға араласуға болған ұмтылыстардан.

- Адам дамуы – жетекші іс-әрекет қызмет типіне орайлас, яғни баланың нақты, белгілі психикалық үдерістер және

психологиялық ерекшеліктердің туындап, өзгеріп баруына себепкер болады.

- Әрқилы жағдаяттардың әсері адамның жас және жыныстық, даралық ерекшеліктеріне байланысты.

- Адам дамуы көптеген жағдаяттардың (нәсілдік, орта, тәрбие, жеке белсенділік) біріге әсер етуінің нәтижесінде іске асып барады.

Жағдаят (фактор) - қандай да үдеріс, құбылыстың қозғаушы күші, себебі, мәнді шарты.

Шарт (условие) - қандай да әрекетті туындататын жағдай.

Макрошарттар - әрқилы елдерде жасайтын ауқымды адамдар тобына ықпал жасай отырып, жеке адамдар болмысын айқындаушы жағдаяттар.

Мезошарттар – нақты адамдар қауымдастығының тіршілігін қамтамасыз етуші шарттар мен жағдайлар.

Микрошарттар – жеке адамның тұрмыстық жағдайлары мен оны тікелей қоршаған әлеуметтік орта.

“Адам баласы туа есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді”.

А б а й

Тұлғаның даму үдерісі

Даму – адамның сандық және сапалық өзгерістерінің жүрісі мен нәтижесі. Даму нәтижесінде адам биологиялық түр және әлеуметтік тіршілік иесі болып жетіледі. Адамның биологиялық сипаты өз ішіне морфологиялық, биохимиялық, физиологиялық өзгерістерді қамтыған тән-дене дамуынан көрінеді. Ал *әлеуметтік* даму оның психикалық, рухани, интеллектуал кемелденуінен байқалады.

Егер адам сана және өзіндік санаға ие болып, өз бетінше жаңғыртушы іс-әрекет орындауға қабілетті болса, онда ол адам **тұлға** деп аталады. Адам тұлға болып туылмайды, ол қасиеттік дәреже даму барысында қалыптасады. “Адам” ұғымынан өзгеше “тұлға” түсінігі – адамның қоғамдық қатынастар, басқа адамдармен араласу ықпалында қалыптасқан әлеуметтік сапа-қасиеттерін білдіреді. Тұлға ретінде әрбір адам әлеуметтік жүйеде мақсат бағдарлы және ойластырылған тәрбие барысында қалыптасады. Әрбір тұлға, бір жағынан, қоғамдық тәжірибені игеру деңгейімен, екінші жағынан, материалдық және рухани құндылықтар қорына қосқан қоғамдық үлесімен танылады. Тұлға болып жетілу үшін адам өзіне табиғаттан берілген және өмір мен тәрбие желісінде қалыптасқан ішкі қасиеттерін нақты тәжірибелік қызметте аша білуі шарт.

Адам дамуы – бұл өте күрделі, ұзақ мерзімді және карама-қайшылықты үдеріс. Біздің ағзамызда болып жатқан өзгерістер өмір бойына ұласады. Ал адамның тән-дене болмысы мен рухани дүниесі әсіресе балалық және жасөспірім шақта қарқынды ауысуларға кезігеді. Адамның дамуы сандық

өзгерістердің қарапайым жиынтығы немесе төменнен жоғарыға бағытталған ілгерілі қозғалыс тобы емес, бұл үдерістің өзіне тән ерекшелігі – сандық өзгерістердің тұлғаның физикалық, психикалық және рухани сапалық қасиеттеріне диалектикалық түрде өтіп, жаңалануы. Бұл құбылыстарды түсіндіруде әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Мамандардың бір бөлігі адамдардың дамуын кездейсоқ, басқарымға келмейтін өзінше жүрісі бар деп пайымдаса, даму өмір шарттарына тәуелсіз, сондықтан, тумадан берілген күштерге байланысты; адамның дамуын ешкім, еш уақытта өзгертуі мүмкін емес, тағдыр белгілейді, осыдан қазақ «Маңдайына жазылған», – деп топшылайды. Ал басқа бір зерттеушілер тобының пайымдауынша: даму – бұл әуел бастан қозғалысқа қабілетті тірі материя. Даму жолында көне жойылып, жаңа туындап барады. Өмірге енжар икемдесуші жануарлардан адам өз дамуы үшін қажеттерін өз еңбегімен жасай алатындығымен ажыралады.

Дамуды қозғаушы күш – *қарама-қарсылықтар тайталасы*. Қарама-қарсылықтардың арқасында үздіксіз қайта жасалулар мен жаңғыртулар дүниеге келеді. Қарама-қарсылықтар – бұл өзара екі шекті күштердің бір-біріне сиымсыздығынан туындайтын диалектикалық үдеріс. Адам қайшылықтарды іздеп немесе ойдан шығарып, әлектенуінің қажеті жоқ, олар қадам сайын өмірлік қажеттіктердің өзгеру салдарынан пайда болып отырады. Табиғатынан адамның өзі де қарама-қайшылықты дүние болмысы.

Қарама-қайшылықтар барша адамдардың дамуына ықпал жасаушы *ішкі* және *сыртқы*, *жалпы* (әмбебап), сонымен бірге әр жеке адамға тән – *даралықты* болып ажыралады. Адамның қарапайым материалдық және ең жоғары рухани *қажеттерінің* және оларды қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылықтар әмбебап сипатқа ие. Ішкі қарама-қайшылықтар әр адамның өз болмысынан қанағаттанбауынан туындайды. Олар жеке-дара ниеттерде көрінеді. Негізгі ішкі қайшылықтардың бірі – жаңадан пайда болған қажеттіктер мен оларды іске асыру мүмкіндіктерінің арасындағы алшақтықтар. Мысалы, оқушылардың өз психикасы мен интеллект, әлеуметтік деңгейінің жетімсіздігіне қарамай, мүмкіндіктері толысқан ересектермен бірге іс алып баруға ұмтылуы. “Қалаймын” –

“қолымнан келмейді”, “білемін” – “білмеймін”, “мүмкін” – “болмайды”, “бар” – “жоқ” – мәңгі қарама-қайшылықтарды белгілейтін қосарлы ұғымдар. Адам дамуын зерттей отырып, ғалымдар даму және оның нәтижелері – бір жағынан, және оларға ықпал жасаушы себептер – екінші жағынан, арасындағы заңдылықты байланыстарды аңдатушы бірнеше маңызды тәуелділіктерді ашты.

Неліктен кей адамдар өз дамуында өте биік нәтижелерге жетеді, ал екінші біреулер – ондай мүмкіндікке ие емес? Бұл үдерістің және оның нәтижесі неге байланысты? Ұзаққа созылған зерттеулер осы сұрақтарға орай жалпы заңдылық ашты: адам дамуы ішкі және сыртқы жағдайларға тәуелді. Ішкі жағдайлар – адам ағзасының физиологиялық және психикалық қасиеттері. Сыртқы жағдайлар – бұл адамның қоршаған ортасы, ол жасаған және дамыған аймақ сыртқы ортамен ықпалды араласу үдерісінде адамның ішкі мәні өзгереді, жаңа қасиеттері қалыптасады, ал бұл, өз кезегінде, алдағы өзгерістерге жол ашады.

Сонымен, адамның дамуы сандық және сапалық өзгерістердің желісі мен нәтижесі. Даму барысында адам тұлғаға айналып, сана мен өзіндік сана, дербес жаңғыртушы іс-әрекет иесі болып жетіледі. Дамудың қозғаушы күші - қарама-қарсылықтар күресі. Адамның дамуы ішкі және сыртқы жағдайлармен анықталады.

Нәсілдік және қоршаған орта

Дамудың қай қырлары адамның өзіне тәуелді және қай тараптары сыртқы жағдайларға, жағдаяттарға байланысты? Дамуды айқындаушы *себептер тобы* – *жағдайлар* деп аталады, ал сол қарапайым себептердің ішіндегі ең маңызды, *мәнді себеп* – *жағдаят* (фактор) деп аталады. Даму үдерісі мен оның нәтижесіне әсер етуші жалпы жағдайлар мен жағдаяттар қандай?

Белгілі болғандай, адамның даму үдерісі мен оның нәтижесі үш өзекті жағдаяттардың бірлікті әрекетімен жасалады, олар – *нәсілдік, қоршаған орта және тәрбие*. Негізге “нәсілдік” деп аталатын адамның тұма, табиғи ерекшеліктері алынады.

Нәсілдік – бұл атадан балаға берілетін тұрақты сапалар мен ерекшеліктер. Нәсілдікті тасушы – биологиялық ген (грек сөзі – *туындатушы*). Ағза қасиеттері табиғат жаратқан гендік рәміздерде өрнектеліп, белгілі ақпарат күйінде тіршілік өкілі тәнінде сақталатынын және бірден бірге ауысып баратынын бүгінгі ғылым дәлелдеп отыр. **Генетика** – адам дамуының нәсілдік бағдарлама құпияларын ашып, жариялады. Адамның нәсілдік бағдарламасы адамды адам кейпінде танытатын жалпы, сонымен бірге әрбір адамның басқаға ұқсас өзгешілігін білдіретін айрықша *детерминантты* (себепті) және *ауыспалы* бөліктерді өз ішіне алады. Нәсілдік бағдарламаның **себепті** бөлігі адамзаттың ұрпақ жалғастыру және адам тегіне тән нышандарды – сөйлеу, тік жүру, еңбек іс-әрекеті, ойлау, т.б. - қамтамасыз етеді. Атадан балаға адамның сыртқы белгілері: дене құрылысы, шаш, көз, тері түстері – ауысады. Қан тобы, резус-фактор, ағзадағы ақуыздардың әртүрлі бірігімі қатаң генетикалық бағдарламаға тәуелді түзілген.

Адамның жүйке жүйесі, мінезі, психикалық үдерістердің өту ерекшелігі осы нәсілдік қасиеттер тобынан. Ата-аналар тәнінде болған жүйке жүйесінің кемшіліктері, олардың арасында психикалық күйзеліс, сырқаттар – патологиялық ауытқулар ұрпақтан ұрпаққа өтіп отырады. Сондай-ақ, қан ауырулары (гемофилия), қан диабеті, кейбір эндокриндік бұзылыстар, мысалы – ергежейлілік нәсілдік сипатқа ие. Ұрпаққа ауыр зиян келтіретін жағдаяттардың бір тобы – ата-аналардың алкагольдік және нашақорлық зиянды әдеттерінен.

Нәсілдік бағдарламаның *ауыспалы* бөлімі адамға тіршілік жағдайларының өзгермелі шарттарына икемдесіп баруына көмегін тигізеді. Нәсілдік бағдарлама жетілдіре алмаған адамның сапа-қасиеттері өмір бойы жүріп жататын *тәрбиемен* толықтырылады. Бағдарламаның бұл бөлігін әрбір адам өз бетінше дамыта алады. Осылайша табиғат әрбір адамға өзіндік даму және өзіндік жетілу жолымен өзінің адамилық мүмкіндіктерін іске асыруға жол ашады. Сонымен, тәрбие қажеттігі адамға оның табиғатынан берілген. Балалар өз ата-аналарынан нені мұра етіп алады – ақыл әрекетіне дайын қабілеттерді ме немесе қабілеттерді дамыту үшін қажет мүмкін болған нышандарды ма? Эксперименталды зерттеулерде

топталған деректерді талдау бұл сұрақтарға нақты бір жауап мүмкіндігін берді: *нәсілдіктен өтетін қабілеттер емес, тек қана – нышандар*. Әулетке өткен нышан кейін дамуы да мүмкін немесе қолайлы жағдайлар болмаса, өшіп кетуі де ықтимал. Бәрі жағдайға байланысты: егер адамның нәсілдік бастаулары нақты қабілетке өту мүмкіндіктеріне кез болса және тұрмыс шарттары, тәрбиесі, адам мен қоғамның қажеттері орынды үйлесім тапса, нышан қабілет деңгейінен көрінеді.

Барша қалыпты адамдар табиғатынан өзінің ақыл және танымдық күштерін дамыту мүмкіндігіне ие, сонымен бірге шексіз рухани дамуға қабілетті. Жоғары жүйке қызметі типтеріндегі айырмашылық ойлау үдерістерінің жүрісін ғана өзгертуі мүмкін, ал ақыл-парасат әрекеттері деңгейіне олардың ешқандай әсері жоқ. Солай да болса, бүкіл дүние педагогтары нышандардың ақыл-ой қабілеттерінің дамуына кедергі де болатынын айғақтайды. Мысалы, маскүнемдерден туған балалардың бас миындағы енжар жасушалар, нашақорларда болатын гендік құрылым бұзылыстары, кейбір нәсілдік психикалық сырқаттар - қабілеттердің орнығуына көп кедергі келтіреді. Шылымкеш ата-аналардан туған балалар өкпе ауруына шалдыққыш келеді.

Ақыл-ой әрекетіне негіз – *жалпы* нышандармен бірге *арнайы* нышандар да ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Белгілі іс-әрекет түріне адамды қалыптастырудың бастауы осы арнайы нышандарда. Егер адамға қажетті жағдайлар жасалса, арнайы нышандар ерте жастан-ақ белгілі болады. Мұндай нышандар: ән-күй, сурет өнері, математика, лингвистика, спорт және т.б. үлкен маңызға ие.

Биологиялық нәсілдіктен басқа адам дамуына үлкен ықпал жасайтын және бір жағдаят – бұл *элеуметтік* нәсілдік. Осы нәсілдікке орай дүниеге жаңа келген адам өз ата-аналарынан және төңірегіндегілерден олардың элеуметтік-психологиялық тәжірибесін (тіл, әдет, мінез бітістері, адамгершілік сапалары, т.б.) белсенді игеруге қабілетті. Әсіресе қызықтыратыны – моральдық нышандардың нәсілдікпен берілуі. Көп заманнан бері адам тумадан жауыз да, қайырымды да, мырза да, сараң да емес, - деген тұжырым қалыптасқан. Бала өз ата-

аналарынан олардың моральдық сапаларын қабылдап - ұры не қарақшы болып, өспейді.

Ендеше, неліктен көп ғалымдар “тума жыртқыштық” теориясын ұстанады? Осыдан ғасырлар тұңғығынан бізге дейін жеткен – “алма ағашынан ұзап түспейді” – деген мақал әділ ме? Бүгінгі таңда ғалым педагогтардың көбі адамның ізгілік қасиеттері биологиялық негізге ие деген пікірге ойысып отыр. Адамдар қайырымды немесе ашулы, адал немесе өтірікші, адамның жыртқыштығы, қайырымсыздығы, ашкөздігі табиғаттан берілген (М.Монтессори, К.Лоренц, Э.Фромм, А.Мичерлик, т.б.).

Адамның тұлға болып жетілуі *элеуметтену*, яғни басқа адамдармен қарым-қатынасқа келу үдерісінен, *адамзат қоғамынан тыс рухани, элеуметтік, психикалық дамуы* мүмкін емес. Маугли жөніндегі аңыз-ертегіні есіңізге түсіріңіз.

Нәсілдіктен басқа адам дамуына үлкен ықпал *қоршаған ортадан*. Орта – бұл даму жүріп жатқан шынайы болмыс, дүние. Тұлғаның қалыптасуына әрқилы *сыртқы жағдайлар*, солардың ішінде географиялық, элеуметтік, мектеп, отбасы жағдаяттары себепші болады. Олардың кейбіреулері белгілі аймақтың барша балаларына тиісті болса (географиялық жағдаят), екінші біреулері – жасаған ортаға байланысты (айталық, қала немесе ауыл) ал үшінші біреуі – кейбір элеуметтік топтағы балаларға маңызды, төртінші жағдаяттар – бүкіл халықтың жалпы жақсарған өмірімен байланысты (соғыс және күйзеліс жылдары ең алдымен балалар қиыншылығын тудырады).

Араласу қатынастарына байланысты *жақын және алшақ орта* ажыралады. Педагогтарды көбіне қызықтыратыны элеуметтік және отбасы ортасы. Элеуметтік орта балалар үшін алшақ, ұзақ орта есептелсе, ал отбасы – жақын ортаны құрайды. Бұл ортада балалар ата-анасымен, туған-туысқандары, жекжаттарымен, достарымен қатынас түзеді. Үй ішіндегі тұрмыстық жағдаяттар нақты баланың дамуына ықпал жасайды және ол дамудан біз ең алдымен баланың қай дәрежеде тамақтанатынын, сабақ және демалыс тәртібін, тән-дене және ақыл-ой жүктемелерінің қажетті дәрежеде болуы, болмауын анықтаймыз. Қалыпты тән-дене дамуындағы қандай да ауытқу, ата-аналар мен мұғалімдер үшін баланың

денсаулығына байланысты кейбір жағдайлардың қамтамасыз етілмегенінен хабар беріп, оны қалпына келтіру үшін шаралар қолдану қажеттігін білдіреді. “Әлеуметтік” орта түсінігі қоғамдық құрылым, өндірістік қатынастар жүйесі, өмірдің материалдық шарттары, өндірістік және әлеуметтік үдерістердің жүріс сипаты және басқа да жағдаяттарды аңдатады. Ортаның адам қалыптасуына ықпалы қандай? Қоршаған орта маңыздылығын барша дүние педагогтары мойындауда. Дегенмен, сол ортаның ықпал дәрежесін бағалауда әртүрлі көзқарас қалыптасқан. Дерексізденген (абстракт) орта болмайтыны белгілі. Нақты қоғамдық орта, адамның нақты өмір жағдайлары, оның жанұясы, мектебі, достары болады. Осыдан алыс және жақын қоршаған орта неғұрлым қолайлы жағдайларды қамтамасыз ете алатын болса, соғұрлым адам өз дамуында жоғары деңгейлерге көтеріледі.

Адам дамуының әсіресе балалық шағында жанұяның маңызы орасан. Адамның алғашқы өте қажет даму және қалыптасу дәуірі осы жастық шағына байланысты. Бала өзі туып өскен және дамыған жанұяның дәл бейнесін қайталайды. Оның қызығулары мен қажеттері, көзқарастары, құндылықтар бағыты өскен отбасының сипатына тәуелді. Осы отбасында баланың табиғи нышандарының дамуына материалдық және де басқа жағдайлар жасалады. Тұлғаның адамгершілік және әлеуметтік сапалары да – отбасыдан.

Қазіргі күнде қай отбасы болсын, қиын кезеңді басынан кешіріп жатыр. Ажырасқан некелер, біржағы кеміс отбасылар, әлеуметтік кіріптарлық пен жоқшылыққа ұшыраған балалар саны ұлғаюда. Отбасы дағдарысы, мамандардың пікірінше, көптеген келеңсіз қоғамдық құбылыстардың, ең алдымен кәмелетке жетпегендер ортасындағы тәртіп бұзушылықтың басты себебіне айналып отыр. Елдегі құқық бұзушылардың басым көпшілігі 14 пен 18 жас аралығындағы жасөспірімдер. Бұл қоршаған орта ықпалының кері кетіп жатқанын, онымен бірге даму нәтижесінің де төмендегенін байқатады.

Не маңыздылау - қоршаған орта ма нәсілдік пе? Мамандар пікірі бөлінді. Кей педагогтардың бағалауынша, барлық шарттар арасында ортаның ықпалы 80% құрайды. Екінші бір зерттеушілердің есебінде, керісінше, 80% даму – нәсілдіктен.

Негізгі жағдаяттардың ақыл дамуына ықпалы жөнінде ағылшын психологы Д.Шаттлеворт (1935 ж.) келесідей қорытынды жасаған: – ақыл дамытушы жағдаяттардың 64% нәсілдік ықпалдан;

– 16% – отбасы жағдайлары деңгейінің айырмашылығынан;

– 3% – сол отбасыдағы балалардың тәрбие айырмашылығынан;

– 17% – аралас жағдаяттардан (нәсілдіктің ортамен бірлікті әсерінен).

Әр адам өзінше дамиды. Сондықтан, әркімге болатын нәсілдік және орта ықпалдары әрқилы. Ал енді бұл себептердің қайсысы қаншалықты ықпал жасайтыны, олардың араласа қандай нәтижеге әкелетіні көп жағдаяттарға тәуелді. Олардың өлшемі, сипаты дәрежесін сандық көрсеткішке келтіру тіпті мүмкін емес.

Сонымен, адамның даму үдерісі мен оның нәтижесі үш басты жағдаяттардың – **нәсілдік, қоршаған орта және тәрбие** – бірлікті әсерімен анықталады. Нәсілмен берілетін қабілеттер емес, тек нышандар ғана. Биологиялық нәсілдікпен бірге әлеуметтік нәсілдік те болады. Осы жағдаяттан дүниеге жаңа келген адам ата-аналарының және төңірегіндегілердің әлеуметтік-психологиялық тәжірибесін, тілін, әдеттерін, мінез бітістерін, адамгершілік сапаларын, тағы басқаларды игереді. Адамның дамуына нәсілдіктен басқа қоршаған орта да мәнді ықпал жасайды.

Даму және тәрбие

Нәсілдік пен қоршаған орта ықпалдары *тәрбиемен* қажетті бағдарға келтіріледі. **Тәрбие** – табиғаттан болған кемшіліктер мен ортаның зиянды әсерлерін “жөндейтін” – басты күш. Осы тәрбиеге ғана байланысты қоғамға толыққанды тұлға келеді. Тәрбиенің тиімділігі оның мақсат бағдарлы, жүйелі болуымен бірге кәсіби маманданған басшылықтан. Тәрбиенің нәтижелілігі оның адам санасына негізделіп, және сол адамның өзінің қатысуын талап етуінде. Ал онымен бір уақыттағы нәсілдік және орта ықпалы ырықсыз, санадан тыс жүріп жатады. Осы

жәйттерге орай адамның қалыптасуындағы тәрбиенің рөлі, орны, мүмкіндіктері айқындалады. Тәрбие күші (тиімділігі) әр түрлі бағаланады, бұл бағалардың шектері өте кең. Қолайсыз нәсілдік немесе қоршаған ортаның келеңсіз ықпалы басым болса, тәрбие нәтижесі мәнсіз, тіпті жоқтың қасы. Ал қолайлы жағдайларда – адам табиғатын өзгертіп, оны керекті бағытта қалыптастыруда бірегей де ең күшті құрал – тәрбие. “Бәрі тәрбиенің қолында” деп жар салған педагогикалық теория өзін ақтамады. Тәрбиемен, әлбетте, көп нәрсеге жету мүмкін, бірақ адамды толығымен өзгертуге оның күші жетпейді. Адамдар тағдырында тәрбиенің әрқилы үлесі бар: көзге көрінбейтін әсерден ең жоғары мүмкіндіктерді дамытуға дейін.

Орынды ұйымдастырылған тәрбиенің маңызды міндеттерінің бірі – қабілеттері мен табиғи мүмкіндіктеріне сәйкес адамды дамыту және оның бейімділігі мен дарынын ашып, айқындау. Табиғаттан берілген нышандарға арқа сүйеген жағдайда ғана тәрбие қажет болған сапалардың дамуын қамтамасыз ете алады. Егер табиғи ерекшеліктер ескерілмесе, тәрбие нәтижесін күту – босқа кеткен еңбек. Бұған жарқын мысалдар бар. Зерттеуші Н.И.Ладыгина-Котс өз сәбиімен бірге маймылдың баласын қоса тәрбиелеуді жоспарлапты. Тамақ, режим, күтім, ойындар және тағы басқалар, яғни өмірлік шарттар екеуіне де бірдей болған. Маймыл баласы сәбиге болған жағдайлардың бәрінде теңдей жасаса да, адамға тән болған бірде-бір психикалық сапаны меңгере алмаған. Адам дамуына ықпал жасай отырып, тәрбие сол дамудың өзіне тәуелді келеді, сонымен бірге дамудың әр деңгейінен жаңа бастаулар алып отырады. Осыдан даму мен тәрбиенің күрделі диалектикалық өзара қатынасы көрінеді. Тәрбиенің *тиімділігі* баланың тәрбие ықпалдарын қабылдауға деген дайындық деңгейінен байқалады.

Адамдар тәрбие ықпалына теңдей түсе бермейді. Әрқилы адамдар, әртүрлі жағдайлардағы тәрбиелік ықпалдар күшін әртүрлі қабылдайды. Тәрбиеге икемдік әр балада әрқилы: кей балалар жылдам әрі көп еңбектенбей-ақ тәрбие жолына түседі, ал екінші бір балаларды көзделген мақсатта тәрбиелеу көп еңбек сарп етуді қажет қылады. Тәрбиелеушілер тарапынан болатын сыртқы күштерге, яғни тәрбиеге қарсылық -

соңғы нәтижеден күні ілгері дерек береді. Сондықтан, тәрбие үдерісіндегі нақты жағдайлар мен адамдар арасындағы қарым-қатынас үлкен маңызға ие.

Тәрбиелік ықпал күші бірнеше шарттар мен жағдайларға тәуелді. Танымал педагог және психолог **Л.С.Выготский** (1896-1934) тәрбие мақсаттары мен әдістері тек қана баланың дамып жетілген деңгейіне сәйкес болып қоймастан, баланың енді жетісетін, “ең жақын даму” аймағына да сәйкес болу заңдылығын ашты. Мұндай деңгей екеу: 1) нақты даму аймағы, 2) жетілуі қажет даму аймағы. Бұл деңгейлерді келесідей белгілеріне қарай анықтау мүмкін. Бірінші деңгейде бала тапсырманы өз бетінше орындайды, ал екінші деңгейде оны өз бетінше атқара алмайды, сондықтан оған ересектердің жәрдемі қажет. Жақсы тәрбие – бұл даму алдынан жүретін тәрбие. Тәрбиенің міндеті алдымен “жақындатылған даму өрісін” түзіп, оны кейін “нақты даму алаңына” ауыстыру. *Әрдайым тұлғаны қалыптастыратын дамуды өз жетегіне алған - тәрбие.* Мұндай тәрбие әлі пісіп жетілмеген, бірақ тіктелу шағына түскен үдерістерге бағытталады. Балалардың мейлі тән-денелік, мейлі ақыл дамуы болсын, ешқайсын да шектен тыс асықтыруға, олардың іс-әрекетін ойластырмай, көлем жағынан көбейтуге және күрделендіруге болмайды. Зерттеулердің көрсеткеніндей, жас балалардың көбі алты жастан жүйелі оқуға қатысуына болады. Бірақ, бұл жаста бастаған оқу сабақтары ерекше ұйымдастыру, қажетті қозғалыс, дем алу, тамақтану жағдайларын қамтамасыз етуді талап етеді.

Сонымен, адам дамуы тәрбиеге негізделеді. Ол табиғат және қоршаған орта толтыра алмаған кемшіліктерді түзейтін басты күш. Тәрбиенің ықпалды болуы оның мақсат бағдарлылығына, жүйелілігіне, маманданған басшылығына тәуелді. Бірақ, тәрбие мүмкіндіктері кейбір жағдайларда шектеулі болады.

Табиғи сәйкестік принципі

Адамның дамуында нәсілдік (табиғи) жағдаяттардың үлкен маңызға ие екендігі ежелгі дүниеден-ақ белгілі болған. Тәжірибеде ұдайы дәлелденіп келе жатқан бұл тұжырым уақыттардың өтуімен педагогиканың тұғырлы және жетек-

ші принципіне айналды. Бұл принцип кейін келе **табиғи сәйкестік** принципі деп аталатын болды. Осы принцип адамға табиғаттың бір бөлігі ретінде қарау қажет екенін алға тартады, адамның табиғи күштерін арқау етіп, бұларды оның дамуына пайдалануды ұсынады. Ежелгі дүние ғылымы адам тәрбиесін табиғаттан бөле жүргізілетін іс деп тіпті де ойына алмаған. Көне Рим ораторы Цицерон: “Егер біз табиғат ізінен көсемге ергендей жүретін болсақ, еш уақытта да адаспаймыз” – деп ұрандаған. Ұлы **Я.А.Коменский** бірнеше ғасырлардан кейін ұмыт қалған табиғи сәйкестік идеясын қайта көтеріп, оның тәрбиедегі маңызын ашып берді. Тәрбиенің табиғи сәйкестік принциптері осы ұлы педагог-ғалымның “Ұлы дидактика” кітабында мейлінше толық келтірілген. Я.А.Коменский тәрбиенің табиғи негіздемелерін қадам-қадаммен ашып берді. Олардың қай-қайсысы да жоғары мән мағыналылығымен және ғылыми логикасымен ерекшеленеді. Төменде “Ұлы дидактика” кітабынан келтірілген сілтемелер мұның айғағы:

Табиғат еш нәрсені өз мезетінсіз іске қоспайды.

Табиғат өз әрекеттерін сапырылыстырмайды, әрқайсысын өз алдына, белгілі тәртіпте орындайды.

Табиғат өзінің әрқандай әрекетін ішкі құрылым түзуден бастайды.

Табиғат қандай да қалыптастыру ісін жалпыдан бастап, ерекшесімен тамамдайды.

Табиғат секіріс жасамайды, оның әрекеті бірізді ілгерілеу.

Табиғат бастаған ісін ақырына жеткізбей тоқтамайды.

Табиғат әрқандай қарама-қарсылықтар мен зияндыларды мұқият айналып өтеді.

Табиғат ешқашан жарамсызды пайдаланбайды.

Табиғат материяны формаға келетіндей етіп пайдаланады.

Табиғат жеңілден қиынға қарай қозғалыс жасайды.

Табиғат өзіне артық жүктеме алмайды.

Табиғат асықпайды, алға қарай жайымен ілгерілейді.

Табиғат ешнәрсені өзі пісіп жетілмей, сыртқа шығаруға асықпайды.

Табиғат әрдайым өзіне көмектеседі.

*Табиғат барша затты тұрақты байланысқа келтірген.
Табиғат заттардың сандық және сапалық қатынастары
арасында теңдік сақтайды.*

*Оқушының табиғатына тән емес нәрсенің бәрі ол үшін
жат.*

*Мұғалім табиғаттың үкімшісі емес, оның жәрдемшісі; оны
түзуші емес, жаңалаушы.*

Я.А.Коменскийдің табиғи сәйкестік принципін **Джон Локк** қуаттап, әрі қарай дамытты: “Балалармен тәрбие қатынасына түскен әрбір адам, олардың табиғатын мейлінше зерттеп, тумадан берілген нышандарын айқындауы, оларды қалай жетілдіру және қалай пайдалану керек екенін ойластыруы қажет”.

Осы принциптің әсеріне көзі жеткен **И.Г.Песталоций** былай депті: “Қалаған ғылыми пәннің ізгі нәтижесі – адам табиғатын жетілдіру, оны дамытып, мүмкін болған жоғары деңгейге көтеру. Ғылым дамуы емес, ал сол ғылымның арқасында адам табиғатының дамуы... қасиетті міндет. Сондықтан, адам табиғаты ғылымға сәйкестендірілмей, керісінше, ғылым адам табиғатына икемдестірілуі тиіс”.

Ұзақ уақыт желісінде табиғи сәйкестік принципі педагогикадан тыс, ұмыт қалды. Осы принципке қайта оралумен бастауыш мектеп педагогикасы не ұтуы мүмкін? Бұдан біздің ұтатынымыз – ең алдымен балалардың мүмкіндіктерін түсіну. Бұл арқылы теңдестірілген оқушыларға арналған бірдей мектеп бағдарламалары және мектеп пәндерін игеру қабілеттері өртүрлі болған балалар арасындағы қайшылықтарды үйлестіруге болады.

Табиғи сәйкестік принципін жатыдан шығарудан көп елдерде тәрбие дағдарысы өріс алды. Оқушылар денсаулығының төмендеуін, адамгершіліктің кері кетуі және психикалық ауытқуларды көзімен көрген бұл елдердің педагогтары өз қателерін мойындаудан қорықпай, ғасырлар таңдауынан өткен дәстүрлі педагогикаға қайта мойын бұрды. Бұл жөнінде неміс профессоры **Л.Гурлитт**: “Денсаулық құнымен қолға енген мәдениет түкке де тұрмайды, ол мәдениетсіздіктен зияндылау, өмір сүруге пайда бермейтін дайындықты өмір мақсаты деп атауға болмайды. **Бізге мүгедек, таркеуделі, тауық көзді, қаны жетімсіз, жүйкесі шаршаған, сондықтан да бос белбеу**

де ашушаң адамдарды дүниеге келтіретін біздің тәрбиеміз түп тамырынан жойылып, халықтар өмірінен аласталуы тиіс”. Біздің елімізде бастауыш мектеп мерзімінің ұлғайтылуы, бағдарламалардың жеңілдетілуі бала тәрбиелеудің сыналған, дұрыс жолдары мен принциптерінің қайта тәжірибеге келуінен.

Сонымен, тәрбиенің міндеті табиғатты түзету емес, ал оған жәрдемдесу. Тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыруды талап ететін – Я.А.Коменскийдің “Ұлы дидактика” атты кітабында жарияланған табиғи сәйкестік принциптері. Егер әрбір педагог осы принциптер талаптарына орай қызмет етсе, тәрбиедегі қате-кемшіліктер азайып, ал оның нәтижесі әлдеқайда көтерілер еді.

Іс-әрекет және тұлға дамуы

Дамуға нәсілдіктің, қоршаған ортаның және тәрбиенің ықпалына қосымша әсер ететін аса маңызды жағдаяттардың бірі – бұл тұлға іс-әрекеті. **Іс-әрекет** ұғымы қандай да өнімдік жұмысты орындау үшін жасаған адам қимыл-қозғалыстарының бәрін аңдатады.

Тарих тұңғығынан іс-әрекет бабында небір дана бақылаулар бізге дейін жеткен: “Баланың немен және қалай шұғылданатынын айтсаң, оның қандай адам болып жетілетінін айтып беремін”; “Қаңғыбас болғанның ешқайсысы да дегеніне жете алмаған”; “Қанша тер төксең - сонша емерсің”; “Адам өз бақытының ұстасы”; “Ерте тұрғанның ырысы артық”; “Еңбегіне қарай – сый-сияпаты”; “Өнерілінің қолы гүл” т.б. Даму нәтижелері мен іс-әрекет қарқындылығы арасында тікелей байланыс болатыны айдан анық. Бұдан даму үдерісінің және бір жалпы заңдылығы ашылады: оқушы неғұрлым белгілі салада көбірек іс-әрекет жасаса, оның сол саладағы даму деңгейі соншама жоғары келеді. Әлбетте, бұл заңдылықтың шексіз қолданыла беруі мүмкін емес. Ол жағдай әрбір адамның қабілеттеріне, жасына, іс-әрекеттің өзінің қарқындылығы мен ұйымдасуына тәуелді келеді.

Іс-әрекет барысында адамның жан-жақты және біртұтас тұлғалық дамуы жүріп жатады, оның қоршаған дүниеге көз-

қарас, қарым-қатынасы қалыптасады. Таңдалған іс-әрекет көзделген тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына ықпал етуі үшін оны қажетті деңгейде ұйымдастыру және келелі бағдарлап отыру қажет. Бұл тәрбие тәжірибесінде өте күрделі іс. Өкінішке орай, көп жағдайларда осы күрделілік даму мүмкіндіктерін шектейді; кейде тәрбиеленушілер ең қажетті болған жағдаяттарға - қоғамдық, еңбек, таным әрекеттеріне белсенді араласа алмай, енжар бақылаушы күйінде қалып, дайын ережелерді жаттаудан ары өте алмайды.

Балалар мен жасөспірімдердің *іс-әрекеттерінің* негізгі түрлері – *ойын, оқу, еңбек*. Бағдары бойынша іс-әрекет *танымдық, қоғамдық, спорттық, көркем өнерлік, техникалық, кәсіптік, құмарлық* (гедоникалық) болып ажыралыады. Барлық жастағы оқушылардың іс-әрекеттерінің ерекше түрі – *тілдесу, қатынасу (ортақтасу)*.

Іс-әрекет сипаты бойынша *белсенді* (актив) және *енжар* (пассив) болуы мүмкін. Тіпті, құрттай ғана сәбидің өзі белсенді тіршілік иесі болып көрінгенді қалайды. Ол жасына қарамай, үлкендерге, қатарына қандай да талаптар қояды, төңірегіндегі кісілерге, заттарға, болып жатқан оқиғаларға өз қатынасын білдіруге тырысады. Уақыттың озуымен қоршаған орта және тәрбиенің ықпалы арқасында белсенділік көтерілуі де мүмкін, кейде төмендеуі де ықтимал. Мысалы, адам көп жұмыс істеуі мүмкін, бірақ іске құлықсыз, көңілі құламай, орындауы қалай болса, солай – енжар. Әлбетте, мұндай іс-әрекет адамды жоғары нәтижелерге жеткізбейді. Дамудың тиімді болуы іс-әрекеттің белсенділігіне, көңіл-күй жарасымдылығына тәуелді. Адам таңдаған ісіне жан-тәнімен кірісіп, өзіндегі бар мүмкіншіліктердің бәрін іске жұмылдырып, өзін кемелденген тұлға ретінде көрсете білуі қажет. Мұндай қызмет адамға қанағат ләззатын әкеліп, шабыт пен қуаттың көзіне айналады. Сондықтан да, іс-әрекеттің маңыздылығы оның өздігінен ғана емес, сол әрекетте көрінетін тұлға белсенділігінің деңгейіне байланысты.

Белсенділік оқу барысында шәкіртке тезірек және табысты әлеуметтік тәжірибе топтауға мүмкіндік береді. Оның қарым-қатынас, тілдесу қабілеттерін дамытады, қоршаған болмысқа деген көзқарасын қалыптастырады. Баланың ақыл-парасат

дамуын **танымдық белсенділік** қамтамасыз етеді. Бұл үшін балаға танымдық мәселелерді шешуімен бірге игерілген білімдерді тәжірибеде қолдану қажеттігі де тән болуы тиіс. Себебі еңбектегі белсенділік тұлғаны өзінің рухани және адамгершілік дүниесін тез арада және тиімді қалыптастыруға ынталындырады, оны көп және нәтижелі еңбектенуге бағыттайды.

Белсенділіктің барша көріністерінің негізінде бір ғана тұрақты дерек көзі - **қажеттік** орын алған. Адам қажеттіктерінің көп түрлілігі оларды қанағаттандыру үшін қолданылатын іс-әрекеттердің де сан қилылығын туындатады. Өсіп келе жатқан адамға белсенділіктің пайдалы бағыттарын көрсетіп, алдамшы қырларын мейлінше бәсеңсіту – педагогтар үшін тұрақты да өте күрделі міндет. Күрделілігі – адамның жеделдете кемелденуі дәуірінде іс-әрекет қажеттері мен сеп-түрткілер (мотивтері) өте қозғалмалы және ауыспалы келеді. Сондықтан, әртүрлі жас сатыларында іс-әрекет түрлері ауысып баруы шарт. Жалпы мектептік тәрбиенің өзгерістер ізімен үлгере орындалуы өте қиын, солай да болса, әрқандай тәрбиелік іс мезетінен бір де кешікпей жүргізіліп, келеңсіз салдардың алдын алып отыруы қажет.

Әрбір адамның **өзіндік белсенділігі** оның қабілеттері мен дарынының дамуы және табыстарға жетуінің міндетті кепілі. Оқушы тәрбиесімен қандай да бір ғажайып тәрбиеші шұғылданбасын, оқушының өз әрекет ықыласы болмаса, ешқандай нәтиже болуы мүмкін емес. К.Д.Ушинский пікірінше, **бала өзі оқуы тиіс, ал педагогтың қызметі оған игерлуі қажет материалды ұсынып бару, оның оқу үдерісін басқару.** Осыдан, дұрыс қойылған тәрбиеде оқушы педагогикалық ықпалдың тек нысаны ғана емес, ол сонымен бірге өз тәрбиесін белсенді өз қолына алған – субъект.

Іс-әрекет сияқты тұлға белсенділігі де таңдамалы сипатқа ие. Тұлғаның дамуы кез келген әсерден болмайды, солардың ішінде адамның өз қажетіне сай келген, оның тұлғасына жарасымды болған, шынайы болмысқа деген оның жеке көзқарастарына сәйкес ықпал болса ғана, бала дамуы қарқынды жүреді.

Тұлғаның белсенділігі дамудың тек алғышарты емес, оның нәтижесі де. Қоғамдық белсенді, ынталы, шығармашыл

және өзі мен төңірегіндегі қатысқан адамдардың бәріне бірдей жақсылық пен қуаныш беретін тұлға қалыптастырушы тәрбие ғана әрдайым өз мақсатына жетіп отырады. Саналы, педагогикалық сынақтан өтіп, ұйымдастырылған оқушы іс-әрекеті белсенділіктің қай түрін де қамтамасыз ете алады. Өсіп келе жатқан адамға толық іс-әрекет мүмкіндігін ашып беру, өз күш-қуатын белсенді қолдануға қажет әрекет тәсілдерімен қаруландыру, тұлғалық ерекшеліктерді жете зерттеу және әр тұлғаның болмысындағы табиғаттан берілген нышандар мен дарындылықты мейлінше жайып салу – әрбір тұлғаның даму үдерісін ақылгөйлікпен бағыттаушы ұстаз-педагогтың өз арнамысы мен қоғам алдындағы борышы. Сонымен, оқушы дамуының маңызды жағдаяттарының бірі – оның **меншікті өз әрекет – қызметі**. Мұғалім қаншама жақсы бола берсін, өз үстінде еңбектенбеген оқушы көздеген мақсатына жете алмайды. Әрқандай іс-әрекет оқушы ықыласымен орындалып, шартты түрде белсенді болуы қажет. Орындаған ісінен шәкірт ләззат және қанағат табуы лазым. Белсенді іс ешқашан шаршатпайды.

Даму нақтамасы

Педагогикалық тәжірибеде оқушының даму деңгейіне байланысты жетістіктерді дер уақытында зерттеп тұру қажеттігі күннен-күнге үлкен маңызға ие болуда. Бұл қажеттік тұлғаның қалыптасу үдерісін тиімді басқару үшін, ондағы жүріп жатқан өзгерістердің тереңдігін, қарқыны мен ерекшеліктерін білу керектігінен туындаған. К.Д.Ушинскийдің: “Егер педагогика адамды *барша* тараптан тәрбиелегісі келсе, онда ол сол адамды ең алдымен жан-жақты білуі шарт” – деп өз уақытында нақтаманың нақты оқу-тәрбие үдерісіндегі маңызын баса көрсеткен.

Нақтама (диагностика) – *зерттелуші нысан немесе үдеріс жөніндегі ақпараттарды күні ілгері алудың жалпы тәсілі*. Педагогикалық даму саласындағы нақтаманың мән-мағынасы, медицинадағы сырқатты күні бұрын анықтаумен бірдей. Нақтама жолымен тәрбие үдерісіндегі қандай да өзгерістердің белгілері мен себептері, оның сипаты анықталып, ол тәрбиені

болашақта дұрыс жолға келтірудің жоспарына негіз береді. Дұрыс орындалмаған нақтама барлық еңбекті зая етіп, алдағы тұрған мақсатқа жетудің кедергісін азайтақ түгіл, оны асқындырып жібереді. Сондықтан да, даму желісін нақтамалау жоғары мамандық пен жауапкершілікті талап ететін өте маңызды тәжірибелік іс.

Оқушының *тән-дене дамуын* нақтамалау қиындық тудырмайды. Бұл үшін бүкіл дүниежүзінде жалпы және айрықша сапалардың даму дәрежесін өлшестіруші ерекше *тесттер* (нұсқау-көрсетпелер) қолданылады. Берілген тапсырманы орындауына қарай оқушының қажетті деңгейге, тән-дене дамуындағы нақты өлшемдерге сәйкестігі анықталады. Алынған деректер жас мүмкіндіктерімен салыстырылады.

Рухани, әлеуметтік дамуды нақтамалау үлкен қиындық тудырады. Бұл мақсатта қолданылатын әдістемелер әзірше күрделі, қорытынды дәлдігін қамтамасыз ете бермейді. Нақтама анықтаудың сенімділігін көтеруге орай кешенді тексерістер, антропометриялық, әлеуметтік және психологиялық деректер жинақталып, өзара салыстырылады, ал бұл үшін арнайы жабдықталған клиникалар мен зертханалар, дайындықты мамандар қажет. Нақты педагогикалық тәжірибеде мектеп психологтары мен мұғалімдері тұлғаның жекеленген қасиет-сапаларын анықтауы мүмкін, бірақ мұндай зерттеулердің нәтижесіне негіздеп, даму құрылымдарына жалпы баға беріп болмайды.

Оқушылардың дамуындағы кейбір ерекшеліктерді анықтаудың қарапайым әдістерін үйреніп алу кәсіби педагогикалық дайындықтың аса маңызды шарты. Бастауыш мектеп мұғалімдерін аса қызықтыратын жәйттер – оқушылардың ақыл-ой әрекеттерін, мінез-құлық сеп-түрткілерін, қажетсіну деңгейін, көңіл-күй шабытын, әлеуметтік бітістер дамуы мен т.б. маңызды сапаларын күні ілгері байқастыру. Аталған сапаларды зерттеудің кең тараған әдісі – бұл *тестілеу*. Мұғалімдердің өз қызметтерінде пайдалануы үшін алты жасар балалардың *ойлау қабілетін* нақтамалауға жәрдемін тигізер тестерді үлгі ретінде ұсынып отырымыз:

1. Қай жануар үлкенірек – жылқы ма, ит пе?

Жылқы = 0, қате жауап = – 5.

2. Күндіз оқимыз, ал түнде... ?

- Ұйықтаймыз = 0, ойнаймыз, сабақ оқимыз және т. б. = - 3.
3. Күндіз жарық, ал түнде ...?
- Қараңғы = 0, қате жауап = - 4.
4. Аспан көк, ал шөп ...?
- Жасыл = 0, қате жауап -4.
5. Алма, алмұрт, шие... бұл не?
- Жеміс = 1, қате жауап -1.
6. Неліктен адамдар өтетін жолда қызыл бағдаршам жанады?
- Сақтандыру үшін, т. т. = 0, қате жауап -1.
7. Сағат неше? (қағаз сағатта: жетіге 25 мин. қалды, 5 мин. кем, он екіге 5 мин. қалды).
- Жақсы көрсетілген = 4, бір ғана уақыт көрсетілген = 3, білмейді = 0.
8. Мәскеу, Алматы, Астана деген не?
- Қалалар = 1, станциялар = 0, қате жауап = - 1.
9. Кішкентай сиыр – бұзау, кішкентай ит..., кішкентай қой...?
- Күшік, қозы = 4, екеуінің біреуі = 0, қате жауап = - 1.
10. Ит мысыққа не тауыққа ұқсай ма? Несімен ұқсайдың
- Мысыққа (бір белгісі жеткілікті) = 0, мысыққа (ұқсас белгі келтірмей-ақ) = 1, тауыққа = - 3.
11. Автомобильдерге тежеуіш неге керек?
- Екі себеп (таудан түскенде, тоқтау үшін және т.б.) = 4, бір себеп = 0, қате жауап = -1.
12. Балға мен балта несімен ұқсас?
- Екі ұқсастық = 3, бір ұқсастық = 2, қате жауап = 0.
13. Жолбарыс пен мысық несімен ұқсас?
- Екі ортақ белгі = 3, бір ұқсастық = 2, қате жауап = 0.
14. Шеге менен винт немен ажыралады?
- Винттің тілімі бар = 3, винттің гайкісі бар = 2, қате жауап=0.
15. Футбол, волейбол, суда жүзу – бұл ...?
- Спорт (дене шынықтыру) = 3, ойындар (жаттығу, жарыс) = 2, қате жауап = 0.
16. Қандай автокөліктерді білесің?
- Үш жол көлігі және ұшақ не корабль = 4, жәрдемдесу мен жауап = 2, қате жауап = 0.
17. Кәрі жас адамнан қалай ажыралады?

Үш белгі = 4, бір не екі ерекшелік = 2, қате жауап (таяғы бар, шылым шегеді) = 0.

18. Адамдар неге спортпен шұғылдананды?

Екі себеп = 4, бір себеп = 2, қате жауап = 3.

19. Неліктен сабақтан қашу жаман?

Дұрыс жауап = 2, қате жауап = 0.

20. Неліктен хат конвертіне марка жабыстыру керек?

Тасудың төлем ақысы = 5, айыппұл төлемес үшін = 2, қате жауап = 0.

тест нәтижесі – жеке сұрақтарға берілген балл қосындысы.

Нәтижелердің топтастырылуы (классификациясы):

Өте жақсы... + 24 және одан жоғары

Жақсы... + 14 + 28 дейін

Қанағаттандырарлық... + 0 + 13 дейін

Жаман... - 1 –10 дейін

Өте жаман... - 11 – одан төмен.

Өзіңізді тексеріңіз

1. Тұлға дамуы деген не?
2. Дамудың қозғаушы күштері не?
3. Ішкі және сыртқы қарама-қарсылықтар деген не?
4. Қай кезде адам тұлға аталады?
5. Тұлға дамуына себепші жағдаяттар қандай?
6. Нәсілдік деген не?
7. Нәсілдік белгілер неден көрінеді?
8. Атадан балаға мұра нәсілдік қандай?
9. Нышан деген не? Ол ұрпақтан ұрпаққа өте ме?
10. Балаға өтетін арнайы нышандар қандай?
11. Ізгілік, әлеуметтік сапалар нәсілдіктен беріле ме?
12. Қоршаған орта деген не?
13. Тұлғаның дамуына жақын ортаның ықпалы қандай?
14. Тәрбиемен адамды толық өзгертуге болады ма?
15. Тұлға дамуына тәрбие ықпалы қандай?
16. Табиғи сәйкестік принципінің мәні қандай?
17. Тұлға дамуына іс-әрекет әсері қаншама?
18. Оқушы іс-әрекетінің негізгі түрлері қандай?
19. Даму және жеке белсенділік ара қатынасын ашыңыз.
20. Даму нақтамасы деген не? Ол қалай орындалады?
21. Негізгі даму заңдылықтарын атап, түсіндіріп беріңіз.

3-ТАРАУ

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жоспар:

Жастық кезеңдер реті
Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы
Кіші мектеп жасындағы балалардың дамуы
Даму теңсіздігі
Жеке-дара ерекшеліктерді ескеру

Тірек конспект-сөздік

Жас кезеңдеріне бөлу (периодизация) – Жас ерекшеліктерін айыру.

Жас ерекшеліктері (особенности) – Нақты өмір сатыларына тән анатомиялық-физиологиялық және психикалық сапақасиеттер.

Жас кезеңдері – 1. Сәбилік (өмірдің алғашқы бір жылы). 2. Мектеп алды дейінгі жас (1 жастан 3 жасқа дейін). 3. Мектепке дейінгі жас (3 жастан 6 жасқа дейін). Бұл аралықта а) кіші мектепке дейінгі жас (3-4 жас), б) орта мектепке дейінгі жас (4-5 жас), в) үлкен мектепке дейінгі жас (5-6 жас). 4. Кіші мектеп жасы (6-10 жас). 5. Орта мектеп жасы (10-15 жас). 6. Жоғары мектеп жасы (15-18 жас).

Жас ерекшеліктерін есепке алу (учет) – Негізгі педагогика принциптерінің бірі.

Акселерация – Балалық және жасөспірімдік жастағы тән-дене және кей жағдайлардағы психикалық сапалардың шектен тыс қарқынды дамуы.

Ретрадация – Келеңсіз нәсілдік аурулар мен қолайсыз экологиялық жағдайлардың әсер етуінен болатын баладағы тән-дене, рухани дамудың кешеуілдеуі.

Жастық даму заңдылықтары – 1. Жастық шақта адамның тән-дене дамуы тез әрі қарқынды жүріп жатады. 2. Тән-дене дамуы біркелкі болмайды, бір кезеңде жылдам дамыса, екінші-

де – тым баяулап кетеді. 3. Адам денесінің әрбір ағзасы өзіне тән қарқынмен дамып барады, тұтастай дене бөліктерінің дамуында теңдестік пен сәйкестік болмайды. 4. Адам жасы мен оның рухани дамуы өзара кері тәуелділік байланыста (обратнопропорциональная зависимость). 5. Адамның рухани дамуы бірде қарқынды, жедел болса, әлде бір жағдайда баяу хәлге түседі. 6. Даму барысында кейбір психикалық сапа-қасиеттер мен мүмкіндіктердің қалыптасуы үшін тиімді жас кезеңдері (сентизивные периоды) болады.

Жеке бас (индивидуальные) **ерекшеліктері** – Баланың түйсіну, қабылдау, ойлау, ес, қиял, қызығу, бейімділік, қабілет, темперамент, мінез бітістеріндегі өзіндік сапа белгілері.

Мектепке дейінгі жас кезеңінің соңына қарай – 1. Қоғамдық мәнді іс-әрекетке ұмтылыс байқалады. 2. Өз әрекет қылығын басқару қабілеті дамиды. 3. Қарапайым қорытындылау ептілігі қалыптасады. 4. Тілі жетіледі. 5. Басқалармен өзара байланыс, бірлікті іс-әрекетке түсе алады.

Бастауыш мектеп оқушыларының психика-педагогикалық ерекшеліктері – 1. Жүйке жүйесі жетіле түседі. Психикасы жедел дамуға келеді. Тежелу кемде де, қозуы күшті. 2. Танымдық іс-әрекеті тікелей оқумен байланысты. 3. Қабылдау тұрақсыз, ұйымдаспаған, көрнекі қызығушылық басым. 4. Зейіні ырықсыз, тұрақтылығы кем, шектелген. 5. Ойлауы бастапқыда көңіл шарпуы (эмоция) мен бейнелі негізде, кейін дерексіз (абстракция) – логикалық кейіпке келе бастайды, тіл дамуымен бірге жүреді. 6. Есі (память) қызықты, нақты, жарқын материалға бейімдеу, көрнекі-бейнелі сипатқа ие. Есін толығымен қажетіне пайдаланып, оқу міндеттерін атқаруға қолдана алмайды. 7. Кіші мектеп жасы ізгілік, адамгершілік сапаларды баулауға ең қолайлы кезең. 8. Өзін-өзі мақтау мен басқалар мадағын жақсы көреді. 9. Ой-көңіл дүниесі сырттай әрекет-қылығынан анық көрінеді. 10. Бала еңбегін ойын үдерісімен байланыстыра ұйымдастырған ұтымды.

Мектеп жасына жеткен бала өзінің осы кезеңдегі сапа-қасиеттерімен бұған дейін мүмкін болмаған қандай да жаңа оқу айналымын бастауға қабілетті.

Л.С. Выготский

Жастық кезеңдер реті

Тән-дене, сондай-ақ ақыл дамуы адамның жастық кезеңдерімен тығыз байланыста екендігі ежелгі дәуірден белгілі болған. Бұл өзінен-өзі айқын шындық дәлелді қажет етпейді: адам неғұрлым ұзақ өмір сүрсе – бойы өседі, денесі қатаяды, жастың келуімен даналық қонады, тәжірибе топталады, білім қоры ұлғаяды. *Әр жас кезеңінің өзіне тән дене, психикалық және әлеуметтік даму деңгейі болады.* Әлбетте, бұл сәйкестік жалпы және тұтастай жас кезеңдеріне тура келеді, ал нақты адамның дамуы қандай да ауытқулармен қабаттаса жүруі мүмкін. Даму үдерісін дұрыс басқару үшін педагогтар ертеден-ақ, адам өмірінің кезеңдерін белгілі уақыт топтарына жіктеуге тырысқан. Бұл іспен өз замандарында ғалым-педагогтар: Коменский, Штрац, Бюллер, Горлок, Левитов, Эльконин, Пршигода, Ванек, Шванцара және т.б. айналысып, жастық кезеңдерге бөлістірудің бірнеше ондаған сұлбасын ұсынған. Солардың ішінде педагогтардың көпшілігінің қолдауын тапқан бір сұлбаға назар аударайық.

Кезеңге бөлістіру жас ерекшеліктеріне негізделеді. **Жастық ерекшеліктер** – деп нақты өмір дәуіріне *тән* анатомиялық, физиологиялық және психологиялық сапаларды атаймыз. Жастық ерекшеліктер мәні адамның тән - дене дамуынан айқын көрінеді. Бойдың өсуі, салмақ қосылуы, алғашқы тістердің пайда болуы, кейін олардың түсіп, ауысуы, жыныстық жетілу және басқа да биологиялық үдерістер елеусіз ауытқуларымен өртүрлі жас кезеңдерінде жүріп жатады. Адамның биологиялық және рухани дамуы өзара тығыз байланыста болғандықтан, психикалық аймақтағы өзгерістер де белгілі жас кезеңдеріне сәйкес келеді. Биологиялық өзгерістер сияқты қатаң белгілі бір жас кезеңіне сәйкес болмаса да, әлеуметтік пісіп-жетілу

көрініс береді, тұлғаның рухани даму динамикасы да өз кезегімен орындалып жатады. Осылардың бәрі адам дамуы мен оның жастық кезеңдерін белгілі сатыларға бөлуде табиғи негіз қызметін атқарады.

Дамудың толық кезеңдестігі (периодизациясы) адамның бүкіл өмірін белгілі дәуірлерімен қоса қамтиды. Ал шама-лап (частичные) сатыларға бөлу нақты ғылым саласын қызықтырған өмірдің бір бөлігін өз ішіне алады. Бастауыш мектеп педагогикасын баланың мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы өмір және даму кезеңдері қызықтырады. Бұл баланың туылғанынан он, он бір жасқа дейінгі өмір аралығы. Психология аймағында да балалардың психикалық даму кезеңдерін айырады, бірақ психологиялық кезеңдерге бөлу педагогикалық жас кезеңдерімен бірдей сәйкес бола бермейді, себебі психика дамуы ананың жатырында басталады, ал бала тәрбиесі оның дүниеге келген мезетінен басталады. Бала дамуы ерекшеліктерін әр жас кезеңіне байланыстыра түсіну үшін төмендегі салыстырма кестеге назар аударыңыз:

Психологиялық кезеңдер	Педагогикалық кезеңдер
1. Ана жатырындағы кезең	1. Сәбилік (өмірдің бірінші жылы)
2. Дүниеге келу кезеңі (өмірдің алғашқы 6 аптасы)	2. Бала-бақшаға дейінгі жас кезеңі (1-ден 3 жасқа дейін)
3. Емізу кезеңі (1 жасқа дейін)	3. Мектепке дейінгі жас кезеңі (3-6 жасқа дейін)
4. Еңбектеу кезеңі (1-3 жасқа дейін)	Кіші мектеп алды жас кезеңі (3-4 жас аралығы)
5. Мектеп алды жас кезеңі (3-6 жасқа дейін)	Орта мектеп алды жас кезеңі (4-5 жас аралығы)
6. Кіші мектеп жасы (6-11 жас)	Жоғары мектеп алды жас кезеңі (5-6 жас аралығы)
7. Жыныстық жетілу кезеңі (11-15 жас)	4. Кіші мектеп жас кезеңі (6-10 жас аралығы)
8. Бозбалалық жас (15-20 жас)	5. Орта мектеп жас кезеңі (10-15 жас аралығы)
	6. Жоғары мектеп жас кезеңі (15-18 жас аралығы).

Педагогикалық кезеңдерге бөлудің негізін, бір жағынан, дене және психикалық даму сатылары құраса, екінші жағынан, бұл тәрбие жүріп жатқан жағдайларға байланысты келеді.

Жүйке-жүйесін және дене мүшелерін біріктірген ағзаның биологиялық пісіп жетілуі және онымен бірге жүретін танымдық қабілеттердің даму сатылары өз бетінше жасайтын шынайы, табиғи құбылыс болса, ал саналы құрылған тәрбие үдерісі жас кезеңдері ерекшеліктеріне икемдесуі және оларға негізделуі қажет. Педагогикада дамудың жастық сатыларын мойындамау әрекеттері де болған. Тіпті, орайлас әдістеме табылса, қалаған 3-4 жастағы баланы жоғары математикаға, басқа да дерексіз (абстракт) түсініктерге үйретіп, кез-келген әлеуметтік тәжірибені, білімдерді, тәжірибелік ептіліктер мен дағдыларды игертуге болады деген теориялар да пайда болған. Бірақ бұл мүмкін емес. Бәлкім, бала өте күрделі сөздерді де дұрыс айтуға үйренер, бірақ оның мағынасын ұғуға оған әлі ерте. Жас кезеңдері шектеулерін осы күнгі балалардың шапшаң дамуы мен олардың сөздік және түсінік қорының кеңдігімен шатастыруға болмайды. Бұл құбылыс әлеуметтік дамудың жеделдеуімен, әрқилы ақпараттық дерек көздеріне кең жол ашылуымен, балалардың көп нәрседен хабардар болуымен түсіндіріледі. Даму үдерісінің жеделдеу мүмкіндіктері кеңеюде, бірақ шексіз емес. Жас кезеңі дамуды мезгілінен тыс жаздырып жібермей, өз билігін таңады. Бұл саладағы ықпал жасаушы заңдылықтар даму мүмкіндіктерінің шама-шарқын белгілеп береді. Оқу-тәрбие жұмысында балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді өз заманында Я.А.Коменский талап еткен. Әр нәрсенің табиғатта өз мезетінде болатынындай, тәрбие де өз кезегімен – уақытында және ретімен алып барылуы тиіс. Сол жағдайда ғана адамға ізгілік сапалар табиғи жұғысты келіп, ақыл есінің жетілуіне байланысты ол болмыс шындығын толық, мән-мағынасымен түсінеді. “Игерілуі қажет болғандардың бәрі жас сатыларына сәйкес бөлініп, әр жас кезеңіне түсініктілері ғана оқып-үйрену үшін ұсынылуы шарт” – деп жазған Я.А.Коменский.

Жас ерекшеліктерін ескеру іргелі педагогикалық принциптердің бірі. Оны арқау ете отырып, мұғалімдер оқу жүктемесін ретке келтіреді, әрқилы еңбек түрлерінің көлеміне

негіздеме береді, даму үшін қолайлы күн тәртібін, еңбекпен айналысу және демалу уақыттарын белгілейді. Жас ерекшеліктері оқу пәндерінің және әр пәндегі оқу материалдарының іріктелуі мен оқу бағдарламасында жайғасуына орай мәселелерді дұрыс шешуге міндеттейді. Оқу-тәрбие қызметінің формалары мен әдістерін таңдау да осы принципке тәуелді.

Қазіргі дәуірде жас топтары арасындағы шектерді қайта қарастыруға себепші болатын және бір құбылыс педагогтарды толғандыруда. Бұл **акселерация** (лат. сөзі – жеделдеу), - *яғни балалық және жасөспірімдік шақта тән-дене, кей жағдайда психикалық дамудың ерекше жедел алуы*. Акселерацияны биологтар ағзаның физиологиялық жетілуімен, психологтар – психикалық функциялардың іске қосылуымен байланыстырады, ал педагогтар тұлғаның рухани дамуы мен әлеуметтенуінен деп түсіндіреді. Педагогтардың пікірінше, акселерация физикалық дамудың салдары емес, ол ағзада жүріп жатқан физиологиялық жетілу үдерістері мен тұлғаның әлеуметтенуі арасындағы қайшылықтардан.

60-70 жылдарға дейін балалар мен жасөспірімдердің тән-дене және рухани даму тепе-теңдігі бір қалыпта болды. Ал бұдан кейінгі дәуірде пайда болған акселерация нәтижесінде ағзаның физиологиялық жетілуі ақыл-ес, психикалық, әлеуметтік дамудан әлдеқайда қарқынды болды. Даму сәйкессіздігі қылаң берді. Адамның ақыл, әлеуметтік, ізгілік сапаларының негізі болған психикалық қызметтерден гөрі тән-дене, сүйек құрылымдарының өсуі жылдамдады. Осыдан, баланы артық психологиялық жүктемеге түсіретін жағдайлар пайда болды, яғни бала өзінің ақыл-есі жетпейтін істерге асылатынды шығарды. Акселерация үдерісі балалардың өздеріне ғана әр түрлі қиындықтар тудырып қоймастан, мұғалімдер мен ата-аналардың тәрбиеге байланысты материалдық және рухани мәселелерін туындатты.

Акселерацияның негізгі себептері – өмірдің қарқынды дамуы, материалдық жағдайлардың, тамақ және медициналық қызмет сапаларының көтерілуі, ерте жастан балалар күтімінің оң сипат алуы, көптеген бала сырқаттарының жойылуы. Бұл құбылыстың және де бір себептері бар: адамның тіршілік ету ортасының *радиоактив ластануы* алғашқыда бойды өсіріп, ал

уақыт өтуімен, тәжірибелер көрсеткендей, адамзаттың, жалпы тіршіліктің тектік қорын (генофонд) әлсіретеді, атмосферадағы оттегі көлемін азайтады, ал бұның ізімен адамның көкірек клеткасы шектен тыс кеңейіп, осыған сәйкес бүкіл ағза ұлғаяды. Дегенмен, шынына жүгінсек, акселерация көптеген жағдаяттардың тоғысынан келіп шығатын табиғи құбылыс.

80-жылдардың ортасынан бүкіл әлемде акселерация бір-шама кеміп, физиологиялық даму қарқыны айтарлықтай төмендеді.

Акселерациямен бірқатарда көрінетін құбылыс – **ретрадация**, яғни **балалардағы тән-дене және ақыл-ес дамуының кешеуілдеуі**. Мұндай кешеуілдеуге себепші – нәсілдіктен болған генетикалық тетіктердің бұзылысы, даму үдерісіне кері ықпал жасаушы экологиялық орта, бір жағынан, радиациялық фон, екінші жағынан. Ретрадация әсіресе балалардың психикалық дамуында елеулі келеңсіз көрініс береді. Мұндайға ұшыраған балалар оқу-тәрбие үдерісіне икемдесіп, қатарларымен бірге жасай алмайды.

Сонымен, әрбір жас кезеңіне сәйкес физикалық, психикалық және әлеуметтік өз дамуы болады. Педагогтар үшін балалар мүмкіндіктерін, оларды жас кезеңдерімен сәйкестендіруді жеңілдету үшін жастық кезеңдестіру сұлбасы жасалған. Ол сұлба жас ерекшеліктерін ажырата білуге негізделген. Жас ерекшеліктері – бұл нақты өмір жасына тән анатомиялық-физиологиялық және психикалық сапа-қасиеттер. Саналы ұйымдастырылған тәрбие балалардың жас ерекшеліктеріне икемдестіріліп, оларға негізделуі тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы

3 жасынан 6-7 жасына дейінгі дәуірде балада ой-өріс дамуы жылдамдасады, қоршаған дүние жөніндегі танымы қалыптасады, өмір ағысындағы өзін-өзі және өз орнын түсіне бастайды, өзіндік баға беру ептілігі шыңдала түседі. Оның бұл күндегі негізгі іс-әрекеті – *ойын*, енді бірте-бірте ойынның жаңа сеп-түрткілері басты рөл атқара бастайды, бала өзін қияли жағдайларға салып, сондағы қимыл-әрекеттерді орындауға тырысады. Бұл кездегі басты үлгі – ересектер. Егер кешегі

күні өнегелік әсерлерді анасынан, әкесінен, тәрбиешілерінен алатын болса, бұл күнде ол теледидардың өрескел ықпалына түсіп, қарақшылардың, тонаушылардың, зорлықшылардың, ланкестердің қылықтарын қайталағанды қызық көреді. Балалар экранда не көрсе, соның бәрін тікелей тұрмыста қайталауға құштар келеді. Осыдан, баланың психикалық және әлеуметтік дамуында өмір шарттары мен тәрбие шешуші рөл атқаратыны жөніндегі тұжырымның дұрыс екеніне көзіміз жетіп жүр. Табиғи қасиеттер, нышандар тек тәрбие жағдайлары бола келіп, бірақ бала дамуында қозғаушы күш міндетін атқара алмайды. Бала қалайынша қалыптасады, қалай ол өседі – мұның бәрі оны қоршаған адамдарға тәуелді, олардың қалай тәрбиелеуіне байланысты. Мектепке дейінгі балалық шақта даму үдерісі барша бағыттарда өте қарқынды жүріп жатады. Оның миі әлі жетіле қойған жоқ, қызметтік ерекшеліктері дараланбаған, қызметі шектеулі. Сәби бала өте икемді, оқу әрекетіне берілгіш. Оның мүмкіндіктері ата-аналары мен педагогтардың шамалағанынан көп жоғары. Осы кезеңдік ерекшелікті тәрбиеде толығымен пайдалана білу қажет. Сонымен бірге тәрбиенің жан-жақты және үйлесімді сипатын қамтамасыз етуге тырысу керек. Тек қана ізгілік дамуын тән-дене тәрбиесімен, еңбек қабілетін көңіл-күймен, сананы эстетикалық сезіммен табиғи байланыстыра отырып, мектеп жасына жетпеген баланың барлық сапа-қасиеттерін бірқалыпты және үйлесімді дамытуға болады.

Мектеп жасына дейінгі баланың *қабілеттері* дәл, сезімтал қабылдауға, күрделі жағдайларда жол таңдауға епті, сөз байламы пайымды, бақылағыш және тапқыр келеді. 6 жасқа жақындағанда арнайы, мысалы, музыкалық, көркемөнерлік – қабілеттері дами бастайды.

Баланың *ойлау қабілеті* оның таным-білімімен байланысты, неғұрлым көп білген балада жаңа ойлар құрастыруға қажет ұғымдар қоры ұлғая түседі. Бірақ, жаңа білімдерді жинақтау барысында бала өзінің алғашқы ұғымдарын жетілдіре түсумен бірге, мағынасы күңгірт, белгісіз болған болжаулар мен түсініксіз сұрақтар шеңберіне шырмалады. Бұл қарқынды дамудағы танымдық үдеріске кедергі жағдайларды тудырады. Түсініксіздерге кезіккен бала дамуы енді сәл тоқырауға кез болады. Ойлау үдерісі жас шектеуіне кезігіп, “балалықтан” шыға алмай әуре болады. Әлбетте, әртүрлі айла жолдарымен бұл

жағдайдан аттап өтуге болар, бірақ, 6 жасар баланы оқыту тәжірибесі көрсеткендей, мұнымен айналысудың қажеті жоқ.

Кіші жастағы бала өте қызыққыш, көп сұрақтар беріп, қапелімде жауабын талап етеді. Бұл жаста ол шаршап-шалдығуды білмейтін зерттеушіге айналады. Педагогтардың көпшілігі мұндай жағдайда баланың талғамдарын қанағаттандырып, құмарын басу үшін ол неге қызықса, не жөнінде сұрап жатса, соған жауап беріп, үйрету, оқыту орынды болатынын алға тартады.

Бұл жаста баланың сөйлеу тілі жемісті дамуда болады. Сөздік қоры ұлғайып (4000 сөзге дейін), тілдің мағыналық тарапы өрістей бастайды. 6-7 жаста балалардың көпшілігі дұрыс дыбыстауды игереді.

Бірте-бірте балалардың үлкендермен қатынастар сипаты өзгере бастайды. Әлеуметтік шарттар мен еңбек дағдыларының қалыптасуы жалғаса түседі. Осы жаста дағдыланған өзін-өзі күту, жуыну, тіс тазалау сияқты әрекеттері өмірлік әдеттерге айналады. Егер осы қасиеттердің қалыптасу дәуірін байқамай, өткізіп алсақ, онда олардың орнын толтыру өте қиынға түседі. Бұл жастағы баланың сезімі ауысымды, қозғыш келеді. Әр күні көретін теледидардағы қысқа хабарлардың өзі оның денсаулығы үшін өте зиянды. 2 жасар баланың ата-аналарымен бір сағат, кейде одан да артық теледидар алдында отырып қалатын жағдайлары көп ұшырасады. Бала әлі өзінің не тыңдап, не көріп отырғанын түсіну дәрежесіне жеткен жоқ. Сондықтан, оның жүйке жүйесі үшін шектен тыс тітіркендіргіш болған теледидар оны шаршатып, көз жанарын әлсіретеді. 3-4 жастан бастап балаға кішкентайларға арналған хабарларды аптасына 1-3 рет 15-20 минут уақыт арасында қарап тұруға рұқсат берген жөн. Егер жүйке-жүйесінің қозулары жиі және ұзақ қайталанатын болса, бастауыш мектеп жасында-ақ бала жүйке сырқаттарына тап болуы сөзсіз. Кейбір деректердің айғақтауынша, мектеп жасына жеткен балалардың төрттен бірінің ғана денсаулығы күмәнсіз өз қалпында. Қалған балалардың қандай да науқас белгілеріне шалдығуының басты себепшісі – теледидар. Күн ұзақ экранға үңілген сәби қалыпты тән-дене дамуынан қалады, қажетсіз жүйкесін шаршатады, тіпті керек болмаған ақпаратпен әлі жетіліп болмаған миін ластайды. Ал ата-аналар болса, пе-

дагогтар мен дәрігерлердің кеңесін жол-жөнекей тыңдап, құлақ асқысы келмейді. Мектепке дейінгі жастың соңғы кезеңінде балаларда саналы белгіленген мақсат және ерік-күшімен байланысты ырықты, белсенді *зейін* нышандары көрінеді. Ырықты және ырықсыз зейін бірінің орнына бірі келіп, алмасып тұрады. Зейіннің бөліну және ауысу қасиеттері әлсіз дамыған. Сондықтан да, бала бір орнында отыра алмайды, алаңдағыш, назары шашыраңқы. Мектеп алды баласы көп нәрсе біледі және көп нәрсені орындай алады. Бірақ, оның ақыл мүмкіндіктерін, былдырлаған тіліне қызығып, артықша әсірелеуге болмайды. Ойлаудың қисынды қалпы әлі онда қалыптаспаған. Бұл кезеңдегі жетілген ақыл-ес дамудың қортындысы – көрнекі-бейнелі ойлаудың ең жоғары түрі. Баланың ақыл дамуында математикалық ұғымдар маңызды рөл атқарады. Кейінгі он жылдықтарда әлемдік педагогика 6 жасар балаларды оқыту мәселелеріне орайлас логикалық, математикалық, жалпы абстракт ұғымдарды қалыптастырудың көптеген қырларын түбегейлі зерттеді. Осының арқасында мұндай абстракциялар пайда ету үшін бала ақылы әлі жетіспегені дәлелденді. Дегенмен, орынды әдістерді қолданып, оқытатын болсақ, бала білім игеруде көңіл толарлықтай табыстарды иеленуі мүмкін. Ақыл дамуы желісінде түсінім “кедергілері” ұшырасады. Бұл құбылыстың мәнін ашуда швед психологы **Ж.Пиаже** көп еңбектенген. Балалар ойын барысында ешқандай оқымай-ақ заттардың формасы, көлемі, саны жөніндегі түсініктерді жеңіл игеріп алады. Бірақ, арнайы педагогикалық басшылық болмай, қатынастарды түсіну “кедергілерінен” балалардың аттап өтуі қиын. Мысалы, мектепке дейінгі бала қай жерде көлемдік, ал қай жерде сандық артықшылық барын түсіне алмай дал болады. “Бір кілә мақта ауыр ма, бір кілә темір ауыр ма?” деген сұраққа бала ойлануға ақылы жетпегендіктен – бір кілә темір ауыр дей салады. Бұл қарапайым мысал ойлаудың принциптік мүмкіндіктерін ашып береді. Мектеп жасына дейінгі баланы өте қиын және күрделі заттарға (мысалы, интеграл есептеулерге) үйретуге болады, бірақ, одан түсер пайда жоқтың қасы. Халықтық педагогика, әлбетте “Пиаже кедергілерін” білген, сондықтан да, бала тәрбиесіне даналықпен келесі тұжырымды қосқан: “Жас күнінде – жаттасын, есейгесін – түсінер”. Өз

уақытында келетін мүмкіндікті уақытынан бұрын, жас кезеңі келмей, зорлап ашудың қажеті болмайды. Даму желісін жасанды өзгертуден тәрбиеде зияннан басқа, қолға түсер дәнеңе жоқ.

Мектеп босағасын аттау кезеңіне баланың *мотивациялық* (сеп-түрткілер) аймағында елеулі өзгерістер пайда болады. Егер 3 жасар бала көбіне жағдайға орай сезім мен ниет ықпалында болса, 5-6 жасар бала өз қылық-әрекетін сана басқарымына келтіреді. Бұл жаста ол сәбилікте болмаған сеп-түрткілерді (мотивтерді) өз басшылығына алады. Бұл сеп-түрткілердің арасында ересектер дүниесіне қызығу, соларға ұқсап-бағу – балалар үшін өте маңызды келеді. Ата-аналары мен тәрбиешілердің мадағын алуға ұмтылу, өз қатарларының сый құрметіне бөлену сияқты ұмтылыстар да бала үшін мәнді. Көп балалардың әрекеттерінің негізінде жеке табыстар, ар-намыс, өзін таныту ниеттері билік етеді. Бұлардың көбі ойындарда басшы рөлге таласу, сайыстарда жеңіске жету ұмтылыстарынан айқын көрінеді.

Балалар моральдық қалып талаптарды *еліктеумен* игереді. Шынына келсек, ересектер көп жағдайда оларға еліктеу үшін қажет болған үлгілерді бере алмайды. Әсіресе өсіп келе жатқан әулеттің адамгершілік сапаларының қалыптасуына өрескел зиянды болатын нәрсе – ересектердің арасындағы жанжалдар мен дау-дамайлар. Балалар қара күшті, әрі кімнің білегі жуан екенін сезе қояды. Оларды бұл тұрғыдан адастыру қиын. Үлкендер мінезіндегі күйбеңдік, намыс жаралаушы айқай, жасанды сөзбұйдалық пен үркіту-қорқыту – бұлардың бәрі үлкендердің бала көзінде сый құрметтен қалып, жағымсыз танылуына себепші болады. Бала мұндай адамдарды еш уақытта да күшті деп мойындамайды. Нағыз күш – бұл бір қалыпты достық рай. Егер мұны тек тәрбиешілердің өздері ғана ұстанған күнде, салмақты да салихалы адам тәрбиесіне бір қадамда болса жақындағанымыз болар еді.

Жақсылық және жамандық қылық арасындағы бала таңдауына бағыт беру үшін жалғыз-ақ тәсіл – орындалуы қажет моральдық талапты бала көңіл-күйіне сәйкестендіру. Басқаша айтсақ, қалауы болмаған әрекеттер де қажеттілерімен ысырылып қалдырылмай, түсінім арқасында орынды болатындары-

мен ауыстырылғаны жөн. Бұл принцип тәрбиенің жалпы негізі ретінде қабылданған. Мектепке дейінгі жас балаларының жеке дара ерекшеліктерінің арасында педагогтер темперамент және мінезге көп зейін аударады. **И.П.Павлов** жүйке жүйесінің үш негізгі қасиетін (күші, қозғалмалылығы, тепе-теңдігі) және осы қасиеттердің төрт негізгі бірігімін ажыратқан:

- күшті, қозғалмалы, ауыспалы - “ұстамсыз” тип;
- күшті, тұрақты, қозғалмалы - “тіршең, ұстамды” тип;
- күшті, тұрақты, жәй қозғалысты - “байсалды” тип;
- “әлсіз” тип;

Әр тип нақты темперамент түріне сәйкес келеді: “ұстамсыз” – холерик, “тіршең” – сангвиник, “байсалды” – флегматик, “әлсіз” – меланхолик. Әлбетте, ата-аналар да, педагогтар да өз балалары мен оқушыларын темпераменті бойынша таңдамайды, бәрін де тәрбиелеу қажет, бірақ, әрқайсысын – өз алдына. Мектепке дейінгі жаста темперамент айқын көріне қоймайды. Бұл кезеңнің өзіне тән ерекшелігі: қозу және тежелу үдерістерінің әлсіз болуы; олардың тепе-теңдігінің болмауы; жоғары сезімталдығы; көңіл кейіптерінің тез қайта орнығуы. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін ата-аналар мен тәрбиешілер жүйке үдерістерінің *тіршілік қуат* күштерін: ұзаққа созылған ауыр жұмысты орындауда жұмыс қабілетін сақтай білу, тұрақты және жеткілікті дәрежеде ұнамды көңіл-күй кейіпін сақтау, таныс емес және қолайсыз жағдайларда батылдық көрсете алу, тыныш немесе шулы жағдайларда да бірдей тұрақты зейін ұстау, т.б. есепке алып отыруы қажет. Баланың жүйке жүйесінің күші (не әлсіздігі) жөнінде оның *ұйқысынан* (ұйқыға тез берілуі, ұйқы тыныштығы, беріктігі), *күш қуатын тез* (жәй) *жинақтауынан*, *аштыққа шыдамдылығынан* (жылауы, шарбаяшылығы немесе көңілділік сақтауы, байсалдылығы) байқауға болады. *Сабырлылық* белгісін баланың келесі қасиеттерінен білу мүмкін: ұстамдылық, шыдамдылық, байсалдылық, қозғалыс пен көңіл кейпіндегі біркелкілік, олардағы оқтын-оқтын көрінетін қауырт бәсеңдеу мен көтеріңкіліктің болмауы, сөйлеудегі енжарлық. Жүйке үдерістер *қозғалмалылығын* адамның барша жаңалықтарға тез назар аударуы, өмірлік еліктемелерді (стереотиптерді) шапшаң өзгеріске келтіруі, бейтаныс адамдармен жылдам икемге келіп, олармен тіл табысуы, бір істен екіншісіне ойланып тұрмастан тез ауыса алуы, және т.б. білуге болады.

Мектеп жасына дейінгі баланың *мінезі* әлі қалыптасу жолында. Мінез, негізінде, жоғары жүйке әрекеттерінің сипатына байланысты келеді, ал жүйке жүйесі даму жағдайында болатындықтан, баланың қандай болып жетілетінін тек болжастыру ғана мүмкін. Көп мысал, көптеген дерек келтіруге болады, бірақ шындық қорытындысы жалғыз-ақ: *мінез – бұл қалыптасудың нәтижесі, ол мың да бір үлкенді-кішілі әсерлердің құрамасы*. Қалыптасқан мінезде 5-6 жастағы баланың қандай қасиет белгілері қалатыны – Жаратқанға ғана аян. Дегенмен, біз белгілі типтегі мінезді қалыптастырғымыз келсе, сол мақсатты көздеп, ұйымдастырылған тәрбие алып баруымыз шарт. Бұл күнде қоғам мен мектептегі күрделі мәселелердің бірі – *жалғыз перзентті отбасы*. Мұндай жағдайда баланың бірнеше артықшылығы бар: барлық жақсылық соған, үлкендердің бәрі оны мәпелейді, ал бұл оның дамуына ұнамды ықпал жасайды, бала мейірімге бөленіп, еш бір қайғысыз, қағанағы қарық, өзіне деген бағасы “таудай” болып өседі. Дегенмен, жалғыз перзентті отбасының қиналатын жағдайлары да аз емес: мұндағы бала жасына жетпей “ересек” көзқарастар мен әдеттерге үйіршең келеді, оның жеке-дара және өзімшіл (эгоистік) қасиеттері анық көріне, қалыптасады, ол есеюдің көптеген қуаныштарынан хабарсыз болады. Мұндай отбасынан шыққан бала басты адамилық сапа – төңірегіндегі басқалармен қатынас жасау қабілетінен ажыралады. Мұндай отбасыларда баланы қатер, қайғыдан сақтандырушы жағдайлар көп жасалады. Өлбетте, оны бұлайынша қорғау мүмкін. Бірақ – қашанға дейін. Сондықтан, баланы нақты өмір, тұрмыстық жағдайларға дайындаудың шараларын орындау қажет. Оны қайғыруға да, қиналуға да үйретіп, жеңілістер мен қателіктерге де шыдамдылықпен төзе білуге баулу керек.

Бала тек өзі ғана басынан өткізген *сезімдерді* байқауға қабілетті. Басқаның көңіл толғанысы оған жат, белгісіз. қорқыныш, ұят, тәуелділік, қуаныш, ауыртпалық – бәрі де бала өмірінің серігі, бірақ олардың не екенін өз басынан өткізгенде түсінеді. Жағымсыз жағдайлардан жасанды қорғаудың қажеті жоқ. Өмірді өзгертіп болмайды, сондықтан оған шынайы дайындалу керек.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тән-дене дамуының негізгі міндеті әрі бұл жас кезеңінің барша мәні – ойын, ойын ұйымдастыру. 5-6 жасар бала сотқар да қызбалы келеді. Баланың төбелескіштігін қолдамаңыз, бірақ оны шектемеңіз де. Бұл жастағы баланың көңіл-күйі басқарымды келеді - қаласа жылайды, не асыр салып секіреді, көңілі келген кезде ыңырсып отырып алады, не рахатқа балқып, жатып алады, ал осының бәрін ол шын көңілімен істейді.

Бұл жас кезеңінің басты міндеті – баланы қоршаған дүниемен таныстырып, сөз, сөйлеу әлеміне бойлату. 7 жасқа дейін адам қалай сөйлеп үйренсе, өмірбойы сол тіл қолдану қалпымен өтеді. Баланы кемсітпей, үлкенмен қалай әңгіме сұхбат құратын болсаңыз, онымен де солай тілдесуді дағдыға айналдырыңыз. Табиғат аясына шығып, онымен өсімдіктану, жануартану және топырақ, тау-тас негіздерін зерттеңіз. Баланың еркін байламаңыз, есіңізде болсын, оқып үйренудің ең басты тетігі – ойын. Қыз балалар бұл жаста байсалдылау келеді, сондықтан олармен көбірек ойланып, қатынас жасау қажет.

Мектеп жасына дейінгі аралық бала дамуының қарқынды кезеңіне тұспа-тұс келеді. Бұл жастағы бала сезімтал, адамгершілік және әлеуметтік қылық ережелерін, жаңа іс-әрекет түрлерін қабылдауға жоғары қабілетті. Бұл жастағы балалардың көпшілігі жүйелі оқу мақсаттары мен тәсілдерін игеруге дайын. Әрекеттің басты түрі – ойын, ол арқылы бала өзінің танымдық және әлеуметтік қажеттерін қамтамасыз етіп отырады.

Кіші мектеп жасындағы баланың дамуы

6 жасқа орайласқанда бала, негізінен, жүйелі мектептік оқуға дайын. Мектеп босағасынан аттайын деп тұрған кешегі сәби енді тұлғалық танымға жетісті, себебі ол бұл кезеңде өз қылық-әрекетіне баға бере алады, өзін басқалармен салыстыра біледі. Мектепке дейінгі шақтың соңына онда бірнеше жаңа психикалық қасиеттер қалыптасады:

- қоғамдық татымды іс-әрекетке ұмтылу;
- өз қылық-әрекетіне басшылық жасау;
- қарапайым қорытынды шығара білу;
- жетілген сөз бен тілді орынды қолдану;

– өз төңірегіндегі адамдар мен байланыс жасап, қызмет бабында араласу.

Бала 6–7 жасқа келгенде, оның алдында ең алғашқы үлкен өзгеріс туындайды. Мектеп жасы кезеңіне өту баланың іс-әрекетіне, басқа адамдармен қатынасына, тілдесу әрекеттеріне түбегейлі жаңалықтар әкеледі. Енді баланың басты қызметі – оқу, осыдан өмір барысы өзгереді, жаңа міндеттер пайда болады, баланың басқалармен қатынастары да жаңаланады.

Қазіргі кезеңдегі бірінші сынып оқушыларының ерекшелігі – мұғаліммен қатынасындағы шектен тыс “демократизм”, қылықтарының ырықсыздығы, өз әрекеттерін мектеп талаптарымен сәйкестендіре алмауы. Мұндай ебедейсіздіктер енді оқуға келген балалардың бәріне тән, бірақ, мұғалімдердің байқағанындай, тіпті бірінші сыныптың ақырына бүгінгі оқушыларда талаптарға деген қандай да қарсылықтар бой тіктеуде. “Қажет”, “болмайды”, “ақырына дейін бітір” – деген талаптар, ересектердің тиянақты зорлауынан соң ғана қабылданып жатады. Мұның өзі балалармен қатынас кейпін өзгерту, олармен жұмсақтау, адамилық (гуманды) байланыстарға келу қажеттігін туындатып тұрған жоқ па?

Бүгінгі бірінші сынып оқушысы, мұғалімдер айғақтағандай, бұдан он жыл бұрынғы өз қатарларынан көптеген мінез бітістерімен ажырайды. Қоғамның әлеуметтік қарама-қарсылықтары асқынған, балалыққа сыймайтын теледидар жойқыны жаулаған, имандылық пен инабаттықтың кеміген, бұғаусыз еркіндік шарпыған кезең жағдайларында өскен бала бұл үдерістер астарында жатқан жақсы мен жамандықтың бәрін талғаусыз өз бойына сіңіреді. Шектен тыс түсініксіз және қажеті жоқ ақпараттармен бойын да, ойын да толтырған бала, әлбетте, жете дамыған, осыдан өз сезімдерін білдіруде үлкен еркіндікке құштар келеді. Адамдар арасында елеулі жік пайда болды. Ал балалар мұны көріп те, түсініп те жүр. Мектеп енді олардың ұлғая түскен талаптарын қанағаттандыруда елеулі қиыншылықтарға тап болуда. Тәрбие осы өзгерістер ізімен үлгеріп, өз міндеттерін қайта қарастыруы қажет.

Кіші мектеп жасындағы балалар биологиялық тұрғыдан *екінші* даму кезеңіне өтеді: бой өсуі бәсеңдейді, салмағы қосыла бастайды, денесі сүйектенеді, бірақ үдеріс мұнымен

аяқталмайды. Бұлшық еттер жүйесі қарқынды дамуда болады. Осыдан, майда, нәзік қимылдарды орындау қабілеттері пайда болып, бала тез жазу дағдыларына жетіседі. Бала ағзасының барлық ұлпалары (ткани) даму жағдайында болады.

Кіші мектеп жасында жүйке жүйесі жетіліп барады, бас миі үлкен жарымшарларының қызметтері қарқынды дамып, даралана бастайды, ми қабығының талдау және біріктіру қызметтері күшейе түседі. Кіші мектеп жасындағы баланың бас миі салмақ жағынан үлкендердің миімен теңдесіп, орта есеппен 1400 г. дейін ұлғаяды. Баланың *психикасы* шапшаң дами бастайды, қозу және тежелу үдерістерінің арақатынастары өзгереді: тежелу үдерісі күшейе түседі, бірақ қозу үдерісі әлі де болса басымдау, осыдан – кіші мектеп оқушысының тұрақты шыдамдылығы кем, сабырлылық оған әлі тән емес. Сезім ағзаларының дәлдік қызметі көтеріледі. Мектепке дейінгі кезең балаларымен салыстырғанда, кіші мектеп оқушыларының сезімталдығы: түр-түске – 45% артық, буын-бұлшық сезімталдығы 50% жақсарады, көз-көру ұқыбы – 80% артады (А.Н.Леонтьев).

Кіші мектеп жасындағы оқушының *танымдық іс-әрекеті* оқу барысында өзіндік қажет қалпына келе бастайды. Мұнда тілдесу-қатынас аймағының кеңеюі де аса маңызды. Баланың жылдам жүрісті кемелденуі, оқушыларда көптеген жаңа сапаларды қалыптастыру немесе дамыту қажеттігі педагогтардан барша оқу-тәрбие жұмысының тиянақты мақсат-бағытын айқындап, оны бұлжытпай орындап баруды талап етеді.

Кіші жастағы оқушылардың *қабылдауы* тұрақсыз және ұйымдастырылмаған. Бірақ, олардың орны бала байқағыштығының өткірлігімен және жаңалыққа “бейнелі құмарлығымен” толтырылады. Кішкентай оқушы 9 санымен 6, жұмсарту (ь) және қатайту (ъ) белгі әріптерін “р” мен шатастырады, сонымен бір уақытта ол адым сайын жаңалыққа тап қылған қоршаған дүниені қызығушылықпен қабылдауда болады. Қабылдау үдерісінің толық жікке келмеуі, талдастыру әлсіздігі, баланың ашық-жарқын көңіл-күйімен орындалып жатады. Осы қабілетті арқау еткен тәжірибелі мұғалімдер оқушыны белгілі бағытта тыңдауға және көз салуға үйретіп, байқағыштығын дамыта түседі. Мектептің алғашқы кезеңінің ақырына қарай бала қабылдауы күрделеніп, тереңдейді. Осыдан қабылдау үдерісі

талдағыш, жікке келгіш және ұйымдасқан сипат ала бастайды. Баланың зейіні ырықсыз, қажетті тұрақтылыққа ие емес, көлемі жағынан шектеулі. Сондықтан, бастауыш мектептегі бүкіл оқу әрекеті зейін мәдениетін тәрбиелеуге бағындырылады. Мектеп өмірі баладан тиянақты оқуға қажетті ырықты зейін жаттығуларын, еріктік күш салуды көбірек талап етеді. Ырықты зейін басқа оқу қызметтерімен бірге дамиды. Мұндайда аса керегі – оқу сеп-түрткісі, оқу іс-әрекетіне болған жауапкершілік.

Бастауыш мектеп балаларының ойлау қабілеті көңіл-күй – бейнеліктен абстракт-логикалық сипатқа өте бастайды. “Балалар жалпыланған формалармен, түр-түстерімен, дыбыстармен, түйсіктермен ойлауға қабілетті.” – деп К.Д.Ушинский өз уақытында ескертіп, мұғалімдерге алғашқы оқу сатысында балалардың осы ойлау ерекшеліктерін пайдалануды ұсынды. Бірінші саты мектебінің міндеті – балалардың ақыл-есін себеп-салдарлы байланыстарды түсіну деңгейіне дейін дамыту. Л.С.Выготский, көрсеткендей оқу жасына бала ақыл-ес қабілеттерінің әлісіздігімен келеді (жетіліңкіреген қабылдау және ес қызметтеріне қарағанда). Баланың ес-ақылы осы мектеп дәуірінде бұрын-соңды болып көрмеген қарқынды дамуда болады. Бұл кезеңде мұғалімнің басшылығы аса маңызды да қажетті. Зерттеулер көрсеткендей, оқу-тәрбие үдерісінің әртүрлі ұйымдасуынан, оқу мазмұны мен әдістерінің, танымдық іс-әрекеттердің ауыспалы болуынан кіші мектеп жасындағы балалардың ойлау қабілеті де әрқилы сипатта көрініс береді.

Балалардың ойлау қабілеті олардың тілімен бірге дамиды. Қазіргі күндегі үшінші сынып оқушыларының сөздік қоры 3500–4000 сөзді құрайды. Мектептік оқудың ықпалы тек қана бала сөздік қорының ұлғаюнан көрінбейді, ең алдымен сол игерілген сөздерді ауызша және жазба ой білдіруде пайдалана алу ептілігінен байқалады.

Оқушының танымдық іс-әрекетінде ес үдерісі маңызды рөл ойнайды. Кіші жастағы оқушының табиғи мүмкіндіктері орасан: оның миі сөзбе-сөз жаттап алуға икемді келеді. Салыстырсақ: мектепке дейінгі бала 15 сөйлемнің 3-5, ал кіші оқушы – 6-8 жаттап, есінде сақтайды. Оның есі негізінен көрнекі – бейнелі сипатта қызықты, нақты, жарқын материалды алжаспастан, жаңылмай жатқа айта береді. Бірақ, бұл жастағы балалар өз

есін басқаруға және оқу міндеттеріне нақты байланстыруға икемсіздеу. Мұғалімдер бұл кезеңде балалардың жаттау барысындағы өзіндік бақылауын, өзіндік тексеру дағдыларын, оқу еңбегін парасатты ұйымдастыруға көп күш жұмсауы тиіс.

Кіші жастағы оқушының бұл кезеңдегі тұлға болып қалыптасуы жаңа ықпалдарға тәуелді, бұлардың ішінде аса мәнділері – ересектермен (мұғалімдермен), қатарларымен (сыныптастарымен) жаңа байланыс-қатынастары, жаңа іс-әрекет (оқу) және ортақтасу түрлері, үлкен ұжымдық жүйелерге (жалпы мектептік, сыныптық) енуі. Балада *әлеуметтік сезім элементтері* құрала бастайды, *қоғамдық мінез* дағдылары (ұжымдық сезім, әрекеттеріне жауапкершілік, жолдастық, достық, өзара жәрдем т.б.) бастау алады және орнығады. Кіші мектеп жасы тұлғаның адамгершілік сапаларының дамуына үлкен мүмкіндіктер ашады. Бұған оқушылардың икемділігі және біршама сенімшілдігі, олардың нанғыштығы, еліктеушілігі, ең бастысы – мұғалім бойындағы үлкен бедел – себепкер. Бастауыш мектеп тұлғаның әлеуметтену үдерісінде, адамгершілік – азаматтық кемелденуінде өте маңызды орын алады. Оқушының сеп-түрткілер аймағының дамуы ақыл-ес дамуына қарағанда біршама кемірек. Еркі толық қалыптаспаған, іс-әрекет себептерін (мотивтерін) онша сезіне бермейді. Жоғары сезімталдық, аса терең де күшті толғанысқа түсу басымдау, осыдан бала өз қылықтарын ақыл сарабына сала алмай, көптеген ойсыз қателіктерге жол береді.

Гуманистік тәрбиенің көп мәселелері балалардың ұнамды *өзіндік бағасына* байланысты келеді. Мұндай қасиеттің қалыптасуына баланың отбасыдан мектепке өтуі үлкен әсерін тигізеді. Мақтауы көп болған отбасы баланысының бағасы енді басқа балалармен салыстыра берілетін мектеп оқушысының нақты бағасы, әлбетте, сәйкес бола бермейді. Екі жақты ықпалды көтеру қиын, осыдан, бала қорғанып, бір тарапқа өтуге тырысады, көбіне бұл таңдау өзіндік баға деңгейін төмендетуге соқтырады. Отбасы мен мектеп көзқарастары алшақтауынан бала психикасы қосымша жүктемеге тап болады. Өзіндік төмен баға – тереңнен берілген ішкі жан күйзелістерінен. Бұны дұрыс түсінген **Ж.Ж.Руссо**: “Тәрбиенің үйлесімді болуы – бала өз қалауымен еркін шұғылданса ғана

мүмкін, ал бұл қалау тәрбиеші қалауымен байланысты”. Бала мінезі шөлкес. Өз мінезінің қандай да бір ерекшеліктерінен ажыралуды оның өзі қаламаса, оны бұл қасиеттен айыру тіпті мүмкін емес. Сондықтан, жеке-дара еркіндіктің алғашқы белсенді көріністерін тәрбиелеу – балада дербестік қалыптастыру бағытында жүруі тиіс.

Баланың сыртқы қылық-әрекеті оның ішкі жан дүниесіне ықпал етеді. Ал бұл ішкі дүниеге тікелей әсер ету мүмкіндіктері болмағандықтан, баланы қиын жағдайларда басылмауға, тіке қарауға, өзін байсалды да ұстамды басқаруға үйрету маңызды келеді. Саналы байсалдылық - рухани күш белгісі. Ішкі жан дүниесін жаттықтыру неғұрлым ерте басталса, одан түсер пайда да молдау келеді. Кез келген ескертулерге қарсы тұру, айдан-анық нәрсемен келіспеу – баланы тікелей ертеңгі өсекшіл, тентек, майдашыл ересек кейіпіне жетелейді. Сондықтан, бастауыш мектепте балаларды өз қате-кемшіліктерін танып, мойындауға үйреткен зиян болмайды.

Бастауыш мектеп өз шәкірттерін саналы ұйымдастырылған, әл-қуатына сай *өндірістік еңбекке* араластырып баруы тиіс. Мұндай тәрбиеден тұлғада қалыптасатын әлеуметтік қасиет-сапалар барша тұрғыдан аса қажетті де маңызды келеді. Балалар орындап жататын жұмыстар өзіндік қызмет сипатында болады, ересектерге немесе жоғары сынып оқушыларына жәрдем түрінде де ұйымдастырылуы мүмкін. Еңбектің ойынмен ұштасуы нәтижелі келеді: мұндайда балалардың өзіндік ынтасы, дербес іс-әрекеті, сайыс құмарлығы, жоғары шектерімен байқалады. Кіші оқушылардың жарқын да тосын нәрсеге ұмтылысы, ғажайып дүниені тану құмарлығы, қозғалысты белсенділігі – мұның бәрі саналы, пайда келтіретіндей және ойын ләззатына бөлейтіндей сипатта қанағаттандырылуы тиіс.

Мінезі ауыспалы кіші жастағы оқушы - қатаң бақылауды талап етеді. Осыдан сыныптағы балалардың санын азайтып, мұғалімге өз шәкірттерін жете танып, жеке-дара және тұлғалық бағытты тәрбиені кеңірек пайдалануға мүмкіндік жасау – бүкіл әлем мектеп тәжірибесінде және педагогикасында тез шешім күткен көкейкесті мәселе. Қазіргі заман тәрбиешісінің қызметінде нақтаманың орны оқу мен тәрбиенің өзінен де

маңыздылау. Егер тәрбиеленушіні білмейтін болсақ, онда тәрбиеге тіпті кіріспеген абзал, себебі одан келер зиянды қайта жөндеу үлкен қиыншылық.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың дамуы - өте күрделі және қарама-қарсылықты үдеріс. Бұл жаста өсіп келе жатқан адам көп нәрсені түсініп алуы қажет, ал бұл үшін оның әрбір күнін барынша тиімді пайдалану керекті. Бұл жастағы негізгі міндет - қоршаған дүниені, яғни табиғатты, адамаралық қатынастарды – түсіну. Бастауыш мектеп кезеңінде барша ақыл-парасаттық, әлеуметтік және адамгершілік қасиеттер қарқынды дамып, олардың көбі бұдан былайғы өмір бойында өзгеріссіз бекиді.

Бастауыш мектеп оқушыларының даму теңсіздігі

Бала дамуы саласындағы зерттеулер оқу-тәрбие қызметін тиімді жобалау мен ұйымдастыру үшін аса қажетті болған бірнеше маңызды *заңдылықтарды* ашты. Бастауыш мектеп мұғалімдері ең алдымен тән-дене даму заңдылықтарына арқа сүйегені жөн:

1. Жас кезінде баланың физикалық дамуы жылдам әрі жедел; ал баланың жасы ұлғаюымен даму желісі бәсеңдейді.

2. Баланың физикалық дамуы бір кезеңде – жылдам, ал екінші бір кезеңде – жәй.

3. Адам денесінің әрбір ағзасы өз желісімен дамиды, ал бүтіндей дене бөліктерінің дамуы тең емес әрі олардың арасында даму сәйкестігі байқалмайды.

Биологиялық дамумен тығыз байланыста рухани даму жүріп жатады. Ал бұл дамудың өзінде айтарлықтай ауытқулар көрінеді, *олардың себебі жүйке жүйесінің жетілуі мен психикалық қабілеттерінің даму заңдылықтарында*. Зерттеулер көрсеткендей, балалар арасындағы мәнді айырмашылықтар ең алдымен олардың интеллектуалды әрекеттері деңгейінде, сана құрылымында, қажеттерінде, қызығуларында, сеп-түртікілерінде, ізгілік қылықтарында, әлеуметтік даму деңгейінде байқалады. Рухани даму бірнеше жалпы заңдылықтарға бағынады:

1. Баланың жасы мен рухани даму желісінің арасында **кері пропорционал тәуелділік** бар: жас неғұрлым кіші болса, рухани даму соғұрлым тез; жастың ұлғаюымен рухани даму бәсеңдейді.

Адам дамуының сырлары жөнінде ой толғастыра отырып, Л.Н.Толстой жазған екен: “5 жасар баладан маған дейін – бір ғана қадам. Ал жаңа туған сәбиден 5 жасар балаға дейін – шексіз ұзақтық. Жатырдағы ұрықтан дүниеге жаңа келген балаға дейін – тұңғиық. Ал жоқтан ұрыққа дейінгі аралықты айыратын тұңғиық та емес, оны тіпті санамен сараптауға да болмайды”. Ұлы адамтанушы ғұламаның жеке басы сезгендерін кейін ғалымдар нақты ғылыми әдістермен дәлелдеді.

2. Балалардың рухани дамуында **тепе-теңдік** болмайды. Психикалық қабілеттер мен рухани сапалардың негізінде болатын тұлға қасиеттері бірдей даму деңгейінде жүрмейді. Өмірдің кейбір кезеңдерінде нақты сапалардың дамуына сай ұнамды жағдайлар болып қалады. Бір сапалар тез, ал екінші біреулері – жайымен қалыптасып жатады.

3. Кейбір психикалық әрекеттердің дамуы мен қалыптасуы үшін тиімді (оптималь) мерзімдер болады. Қандай да сапалардың қалыптасуы үшін аса қолайлы болған жас кезеңдері психологияда **сензитивтік** кезеңдер деп аталады (Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, В.А.Крутецкий). Сензитивтік себептері – ми мен жүйке жүйесінің пісіп жетілуіндегі теңсіздіктер және тұлғаның кейбір қасиеттерінің бұрыннан қалыптасқан сапалар негізінде орнығуынан. Әлеуметтену үдерісінде қабылданған өмірлік тәжірибе де үлкен маңызға ие.

Неліктен бала–Маугли ересектердің қалыпты тілін игере алмады? Жауап анық - бұл сапаның қалыптасуы үшін сай болған сензитивтік кезең өтіп кеткен. Егер бала белгілі уақыт аралығында (1,5–2,5 жас) тілге үйренбесе, кейінгі кезеңдерде оны қалыпқа келтіру бірте-бірте қиындай береді. Басқа да сапалардың: физикалық, психикалық, әлеуметтік, инабаттық – қалыптасуы жөнінде де осыны айтуға болады. Бұлардың арасындағы күрделілері екінші бір оған іргетас болатындары қалыптаспағанша, орнына келмейді. Мысалы, тура, тік жүруге үйренбегеннен қозғалыс және дене теңдігі (вестибуляр) аппараттары дамымайды. Дамудың сензитив-

тік кезеңдері жақсы зерттелген. Педагогтар интеллектуалдық, инабаттық, әлеуметтік сапалардың қалыптасу кезеңдерін (кіші және орта мектеп жасы) үздіксіз бақылауға алуы шарт. Жақын уақыттарда американдық психологтары *мәселе шешу дағдыларының* дамуына байланысты сензитивтік кезең 6-12 жастар аралығы екенін анықтаған. Осы кезең еленбей қалса, адамның жоғары деңгейдегі шығармашыл ойлау тәсілдерін игеруі өте қиындасады.

4. Адамның психикалық дамуының арқасында оның рухани сапалары орнықты, тұрақты, сонымен бірге **өзгеріске икемді** сипат ала бастайды. Тәрбие ықпалының өзі жүйке жүйесінің икемділігіне негізделген. Осы икемділіктен кейбір адам кемшіліктері толығып жатады, яғни адамның күшті ағзасы кемшіндеу болған мүшенің орнына қызмет жасайды. Мысалы, әлсіз ес орнына жоғары ұйымдастырылған танымдық әрекеттер (ойлау, сөйлеу, қиялдау т.б.) қолданылуы мүмкін. Даму теңсіздігі – көп сырлы құпия құбылыс, кейде бұған біздің таңдануымыздың шегі болмайды, тіпті қиялымызға сыймайды. Мысалы, жасына сай болмаған кей сапалардың жылдам дамуы: Моцарт 4 жасынан музыкалық аспапты игеріп, 5 жасында шығарма жазған, 8 жасында алғашқы сонатасы мен симфониясын жазған, ал 11 жасында әлемге опера сыйлады. Әйгілі музыкант және композитор Глинка 7-8 жасында бөлмесінде металл ыдыс-аяқтарды іліп қойып, “оркестр” жасаған. 2 жасқа енді жеткен Римский–Корсаков музыкалық есту елеңі және жадымен таңдандырған. 3 жасар Репин қағаздан әртүрлі әрекеттегі сұлу ат бейнелерін қиып үйренсе, ал 6 жаста бояулармен сурет сала бастаған. Пушкин алғашқы өлеңдерін жаза бастағанда 7-8 жасар бала екен.

Қандай да салада аса дарындылық көрсете алған балаларға **вундеркинд** (немісше “вундер” – ғажайып, “кинд” – бала) атауы берілген. Мұндай аса дарын иелері – жас балалар жөнінде қазіргі заман ғылымы не дейді? Олардың белгілі саладағы қабілеттерінің ерте ояңғаны болмаса, басқа балалардан аса айырмашылығы жоқ. Дарынды балалар өзінің алдына қойған мәселелерін аз уақыт және күш жұмсап шешуге бейім. Бұдан олар шаршамайды, жеткен табысымен қанаттана түседі. Арнайы сынақтарда дарынды балалар нақты әрі тар салада ғана

жоғары қабілет көрсетуге бейім. Бірақ, вундеркиндті қалыпты өлшемдермен бағалауға болмайды. Сонымен, балалардың рухани және тән-дене дамуы тең жүріп жатпайды: бір кезеңдерде – жылдам, екінші бірде – баяу. Мұндайда мұғалімдер көптеген маңызды заңдылықтарды пайдалануы шарт. Әсіресе, қандай да физикалық және рухани сапалардың дамуына қолайлы *сензитивтік кезеңдердің* болатынын есте ұстау қажет.

Бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеуде жеке-дара ерекшеліктерді ескеру

Бала дамуында жалпы және ерекше құбылыстар ажыралыады. Жалпы құбылыс белгілі жастағы барша балаларға тән, ал *ерекшесі* жеке балада көрінеді. Ерекше қасиет-сапалар *даралықты* танытады. Даралық бір нақты баланы басқа балалардан ажырататын интеллектуалды, ерік, моральдық, әлеуметтік және басқа да бітістердің бірлігімен сипатталады. Табиғат адам тегіне үлкен жомарттық көрсеткен: жер бетінде екі бірдей ұқсас адам болмаған және болуы да мүмкін емес. Әрбір бала өз даралығында жалғыз да қайталанбас.

Даралық нақты ерекшеліктерде (өзгешеліктерде) көрінеді. Олардың шығу негізі - әр баланың өз даму жолының болуынан, жоғары жүйке іс-әрекетінің типологиялық бірегейлігінен. Осылардың салдарынан баланың сапа-қасиеттерінде өзіндік белгілертаңбасады. *Даралықтүйсікте, қабылдауда, ойлауда, есте, қиялда, қызығуларда, бейімділікте, қабілеттерде, темпераментте, мінезде,* яғни адамның барша психикалық болмысында байқалады. Даралық ерекшеліктері тұлғаның дамуына ықпал жасайды, барлық сапалардың белгілі күйге келуі, негізінен, осы психикалық өзгешеліктерден.

Оқу мен тәрбиеде балалардың даралық ерекшеліктерін ескеру қажет пе? Әлбетте, “ия” деп жауап бересіз. Бірақ, бұлай болмайды. Мамандар арасында бұл тақырыпта көп пікір таласы өрбіген. Бір көзқарастар – жалпы мектеп даралықты ескере алмайды, тіпті ескерудің қажеті де жоқ, әр балаға өз алдына мектептің икемдесуі мүмкін емес. Барша балаға мұғалім бірдей қатынас жасаса, жетіп жатыр. Ұқыпты мен еріншек, дарынды мен қабілетсіз, әуесқой және ештеңемен

қызықпайтын балалардың оқуы мен тәрбиесінде қандай да айырмашылықтың қажеті жоқ. Бастауыш мектепті бітірген адам жалпы, баршаға бірдей білімділік және тәрбиелілік стандартымен сипатталады.

Бұл тұрғыдан Гегельдің мына пікірі өте дәлелді: “Адамдардың өзіндік ерекшеліктерін аса жоғары бағалаудың қажеті жоқ. Керісінше, ұстаз әр оқушының даралығын мұқият зерттеуі қажет, оған икемдесіп дамытуы керек деген пікір бос сөз, оның ешқандай негіздемесі жоқ. Мұндай қызметке тәрбиешінің уақыты да жетпейді. Ерекшелік отбасында қабылдануы мүмкін, ал мектепте өмір белгілі ережеге, жалпыға бірдей тәртіпке сәйкестендіріледі. Бұл жерде балаларды өз даралығынан ажыратып, жалпы талаптарды орындауды үйренуге, жалпы білім нәтижесін игеруге бағыттау қажет. Осылайша баланың жандүниесін қайта құру – тәрбиенің мән-мағынасы”.

Жаңаланған педагогика бұл мәселе бойынша басқаша бағыттан ой сараптайды: тәрбие балалардың даралық ерекшелігін ескеруі және оларды пайдалануы қажет. Педагогиканың маңызды принциптерінің бірі ретінде **даралықты тану** – бала тұлғасын және оның өмір жағдайларын тереңдей біліп, мұны оқушы дамуын басқаруда орынды қолдана білу әр мұғалімнің міндеті. Даралық бағыттағы педагогика – оқу мен тәрбиенің мақсаттары және негізгі мазмұнының жеке оқушыға икемделуін көзге ұстамай, *педагогикалық ықпал формалары мен әдістері* мүмкіндігінше жоғары тұлғалық даму деңгейін қамтамасыз ету үшін *даралық ерекшеліктерге* сәйкестендірілуі қажет. Даралық бағыт әр оқушының танымдық күштерін, белсенділігін, бейімділігін және дарынын дамытуға аса *қолайлы мүмкіндіктер* түзуге жәрдем береді. Мұндай тәрбиелік бағыт “қиын” шәкірттер, қабілеті кем оқушылар, сонымен бірге, дамуы ауытқулы және кешеуілді балаларға мүлде қажет. Жоғары деңгейде дамыған балалар, вундеркиндртер де осы бағытта тәрбиеленгені жөн.

Даралық бағыты тәрбиені ізгілендіру идеясымен ұтымды ұштасады. Гуманистік тәрбие үшін *басты құндылық* – барша жақсы және жаман тараптарымен, артықшылығы және олқылықтарымен, тұлғалық ерекшеліктерімен танылған

оқушының өзі. Гуманист педагог өзінің тәрбиелік істерін баланың жеке қызығуларын ескере отырып, атқарады.

Балалардың даралық ерекшеліктерін ескеру – өте маңызды, тартымды және қажетті бола тұрса да, сыныпта 20-30 оқушыны оқытып, тәрбиелеп жатқан бір мұғалімге өте қиын. Мұғалім қызметі өте ауыр. Балалар әрқилы, бірі жолдасын өкпелетіп, өз қылығына қиналады, істегенінің қателік болғанын сезінеді. Ал екінші бала, тіпті де қылығына ұялмайды, тек жазадан қорқады. Ал үшінші біреуі өз қылығын ақтап, жазаның әділетсіз екенін дәлелдеп бағады. Біздің тәрбиешіге айтарымыз – баланы түсін. Түсінсек: әркімдікі өзіне жөн. Енді қайтеміз? Енді жүгінетініміз – шынайылық. Екі шындық болмайды. Барша бой ұсынатын заңды ережелер бар. Тәрбиеші бұл мәселелерде берік, өзіндік пікір, көзқарас ұстануы тиіс. Гуманизм тек қайырымдылық емес, бұл әділдік, шынайылық.

Қортындыласақ, әр балада оны басқалардан ерекшелейтін даралық болады. Мұндай даралық оқушылардың түйсігінде, қабылдауында, ойлауында, есінде, қиялында, қызығуларында, икемділігінде, қабілеттерінде, темпераментінде, мінезінде көрінеді. Даралық ерекшеліктер тұлға дамуына ықпал жасайды.

Өзіңізді тексеріңіз

1. Жас кезеңдеріне бөлу деген не?
2. Жастық кезеңдерге бөлудің негізі қандай?
3. Жас ерекшеліктері деген не?
4. Жас ерекшеліктерін ескерудің қажеті неден?
5. Акселерация мәні не?
6. Акселериядан туындайтын педагогикалық мәселелер қандай?
7. Ретрадация деген не?
8. Тән-дене даму заңдылықтарын түсіндіріңіз.
9. Жас және рухани даму арасындағы тәуелділік қандай?
10. Дамудың біркелкі болмау заңының мәні қандай?
11. Қай кезеңдерді дамуға қолайлы (сензитивті) деп атауға болады?
12. Ойлау, мәселелер шешу қабілетінің дамуына қолайлы кезең дәуірін атаңыз.
13. Мектеп жасына дейінгі балаларда тән-дене ерекшеліктері қандай?
14. Мектеп алды жасындағы балалардың әлеуметтік-рухани дамуы қалай жүреді?
15. Кіші мектеп жасындағы балалардың рухани дамуы қай дәрежеде?
16. Мектеп алды, кіші мектеп жасындағы ер балалар мен қыз балалардың тәрбиесін бірдей жүргізуге болмауы неліктен?
17. Әр баланың жеке бас ерекшеліктері қандай болуы мүмкін?
18. Жеке бас ерекшеліктерін ескеруге байланысты көзқарастар қандай?
19. Кіші мектеп жасындағы балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне орай мұғалім әрекеттері қай сипатта болуы қажет?

4-ТАРАУ

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІС

Жоспар:

Тәрбие мақсаты

Тәрбие міндеттері

Тәрбиені ұйымдастыру

Педагогикалық үдеріс кезеңдері

Педагогикалық үдеріс заңдылықтары

Тірек конспект-сөздік

Тәрбие мақсаты – көзделген тәрбие мүддесі, нақты міндеттер жүйесі.

Мақсат заңы – тәрбие мақсаты қоғамның даму қажеттіктерімен анықталып, өндіріс тәсілдеріне, әлеуметтік және ғылыми-техникалық ілгерілеу қарқынына, педагогикалық теория мен тәжірибелік жетістік деңгейіне, қоғам, оқу, орындары, мұғалім және оқушы мүмкіндіктеріне байланысты келеді.

Мектептің ең басты (идеальная) мақсаты - әр адамның жан-жақты және үйлесімді (гармоничное) дамуын қамтамасыз ету.

Мектептің нақты іс-әрекеттік мақсаты - әрбір тұлғаның ой-өріс, ізгілік, көңіл-күй, тән-дене, шығармашылық мүмкіндіктерін ашып, гуманистік қатынастарын қалыптастыру, жас ерекшеліктерін ескерумен баланың жеке басының жетіліп, кемелденуіне қажет әрқилы шарттар мен жағдайларды түзу.

Тәрбие міндеттері (құрылым бөліктері) – ой-өріс, ақыл (интеллектуал), тән-дене, еңбек және политехникалық, адамгершілік-ізгілік (нравственное), әсемдік (эстетическое-эмоциональное), экономикалық, экологиялық құқықтық тәрбие түрлері.

Үдеріс – ілгері қозғалыс, процесс.

Педагогикалық үдеріс – тәрбиешілердің әлеуметтік тәжірибесінің тәрбиеленушілердің тұлғалық сапаларына ауы-

суы, алдын ала көзделген мақсатқа бағыттталып, оқушылардың жоспарланған сапа-қасиеттердің қалыптасуы не өзгеруін қамтамасыз етуші педагогикалық іс-әрекеттер желісі.

Педагогикалық үдерістің басты ерекшелігі – тұтастық.

Педагогикалық нақтама – педагогикалық үдеріс жүріп жататын шарттар мен жағдайларды анықтауға бағышталған зерттеу әрекеті.

Педагогикалық үдеріс заңдылықтары – оқу-тәрбие қызметінің басты, тұрақты қайталанып барушы шынайы байланыстары: педүдерістегі байланыс-қатынастар түрі, өзара тәуелділіктері.

Педагогикалық үдерістің негізгі қызметтері (функции) – 1. *Білім беру*, яғни оқу-танымдық және іс-әрекеттік тәжірибе мен оларға бағыттаушы сеп-түрткілерді (мотивация) қалыптастыру, ғылыми білім негіздері мен құндылықты бағыт-бағдар және қатынастар игеру. 2. *Тәрбиелік*, яғни нақты адам қасиеттерін, сапалары мен тұлғалық арақатынастар қалыптастыру, дамыту және жетілдіре түсу.

Педагогикалық үдеріс тиімділігінің заңдылықты шарттары - 1. Педагогикалық үдерістің ұдайы қозғалысты (динамичность) болуы. 2. Тұлға дамуының тікелей педагогикалық үдеріспен байланыстылығы. 3. Оқу-тәрбие үдерісінің басқарымды болуы. 4. Педагогикалық үдерісте сезімдік, ақыл-ес және тәжірибелік әрекет-қимылдардың бірлікті іске асып баруы. 5. Сырттай педагогикалық және іштей танымдық іс-әрекеттердің үйлесімді байланысқа түсуі және т.б.

Педагогикалық үдерістің негізгі ұйымдасу және іске асу принциптері – 1. Тәрбие тұтастығын сақтау. 2. Тәрбие үздіксіздігі. 3. Мақсат бағдарлылығы. 4. Педагогтар мен тәрбиеленушілердің бірлікті әрекеттестігі. 5. Табиғи сәйкестікті ескеру. 6. Мәдени сәйкестікті сақтау. 7. Тәрбиенің іс-әрекеттік және ұжымдық болуы. 8. Оқу мен тәрбиенің бірзділігі және жүйелілігі. 9. Тәрбие әдістері мен тәсілдерін тәрбие мақсаты мен мазмұнына сәйкестендіріп бару.

Педагогикалық үдерістің құрылым бірліктері – 1. Мақсаттық. 2. Мазмұндық. 3. Іс-әрекеттік. 4. Нәтижелік. 5. Әлеуметтік, қоғамдық.

“Біз де мәдениетті елдердің жастарындай болайық, жабыла ғылым үйренейік, елді алға бастыруға, басқалармен теңестіруге қызмет етейік ... Дау-шардың заманы өтті, кетті, көз ашып, сөз қосатын уақыт жетті. Ел болуды ойласақ, өнер-білімді қуып, әділет жолын іздейік».

С.Торайғыров

Тәрбие мақсаты

Тәрбие мақсаты – тәрбие қызметі бағытталған соңғы нәтиже. **Мақсат** – бұл барлық күш-қуаттың қосылуымен орындалатын болашақ. Қалаған тәрбие – мейлі ол кішкене бір еленбес іс болсын, мейлі кең көлемдегі мемлекеттік бағдарлама болсын - қай жағдайда да нақты мақсатты көздейді; бағытсыз тәрбие болмайды. Тәрбиенің мазмұны, ұйымдасуы, формалары мен әдістері – бәрі мақсатқа тәуелді келеді. Осыдан, тәрбие мақсаты, мәселесі педагогикадағы аса маңыздылардың бірі. Өздерінің іс-әрекетінде мектеп және тәрбиешілер неге ұмтылуы тиіс, қандай нәтижелерді қолға кіргізуі керек – бұл сұрақтар оқу-тәрбие аймағында қай уақытта да өзектілігін жойған емес. Тәрбие мақсаттары *жалпы және жеке-дара* болып бөлінеді. Бірінші жағдайдағы мақсаттың көздегені *барша адамдарға* тән қасиет-сапаларды қалыптастыру, екіншіде – *дара адам* тәрбиесін көздейді. Өрелі педагогика жалпы және жеке-дара мақсаттардың бірлігі мен бірігімін қолдап-қуаттайды.

Мақсат тәрбиенің жалпы ұмтылыс бағытын білдіреді. Тәжірибелік іске асыруда ол нақты міндеттер жүйесі түрінде көрінеді. Мақсат пен міндеттер өзара бүтін мен бөліктің, жүйе және оның элементтері сипатындағы қатынаста болады. Сондықтан, тәрбие мақсатының мәні – бұл *тәрбие арқылы шешілетін міндеттер жүйесі* деген анықтамамен де ашылуы мүмкін. Тәрбие міндеттері, әдетте, өте көп болады. Олар нақты және жалпы түрге жіктеледі. Дегенмен, өз алдына жекеленген тәрбиелік жүйе шеңберінде мақсат біреу. Бір орында, белгілі

бір уақыт аралығында тәрбиенің әрқилы мақсаттарды көздеуі мүмкін емес. Мақсат – тәрбиелік жүйенің сипатын айқындаушы элемент. Осы мақсаттарға және оларға жету құрал, шараларына байланысты бір жүйе екінші біреулерінен ажырайды.

Қазіргі заманда тәрбие мақсаттарының және оларды іске асырушы тәрбиелік жүйелердің *көп түрлілігі* қабылданған. Бұл жүйелердің әрқайсысы өз мақсатымен танылып, ал сол мақсатты іс жүзінде орындау белгілі шарттар мен жабдықтарды қажет етеді. Мақсаттар арасындағы өзгешеліктер де шексіз: адамның кейбір сапаларындағы еленбес өзгерістерден онда болып қалатын түбегейлі тұлғалық ауысуларға дейін. Мақсат көп түрлілігі тәрбиенің өте күрделі болатындығының және бір айғағы.

Тәрбие мақсаттарының мән-мағынасы неде? Олардың басты ұмтылысы қоғам қабылдаған тәрбиелік мұраттарға жету. Біздің бүгінгі қоғамымыздағы мұрат – бұл *кемелденген, жан-жақты және үйлесімді дамыған адам*. Ескеретін жәйт, мақсаттар идеялдық, әлі санадағы болжамдарға негізделіп, белгіленгенімен, олар шындықты, нақты тұрмыстық қажеттіктен тәжірибелік іске айналады. Сондықтан, олардың қалыптасуына шынайы себептер мен олардың орындалу мүмкіндіктері өз таңбасын салады. Мақсаттардың *жалпы бағыт-бағдарының* айқындалуына келесі жағдаяттар өз ықпалын тигізеді: ағза жетілуіндегі физиологиялық заңдылықтар, адамдардың психикалық дамуы, философиялық және педагогикалық ойлардың жетістігі, қоғамдық мәдениет деңгейі. Педагогикалық жүйе мүмкіндіктері аталғандардың қолдану шеңберін анықтап отырады.

Тәрбиенің мемлекеттік жүйесінде мақсатты белгілеуші басты жағдаят – бұл *идеология, мемлекет саясаты*. Әлемде, мейлі ең демократияшыл болсын, соның өзінде қалыптасқан қоғамдық қатынастарды нығайтуға бағытталмаған, саясат пен идеологиядан ажыраған мектеп тәрбиесі мақсаттарын ұстанған бірде-бір мемлекет болмайды. Мемлекеттік емес оқу-тәрбие мекемелерінде мақсат жеке тапсырыс берушілердің талаптарымен реттеледі, жалпы бағыт-бағдары да солар арқылы белгіленеді. Бірақ, бұлай болғанның өзінде де тәрбиенің ұлттық ерекшеліктері мен салт-дәстүрлері сақталады.

Соңғы дәуірдегі әлемдік педагогикада тәрбиенің саясаттан, идеологиядан тәуелсіздік идеясы бой тіктеп келеді. Осыдан, тәрбиенің мақсаты жалпы адамзаттық өмір заңдарына, қажеттеріне, құқықтары мен еркіндігіне орай белгіленуі шарт. Бұл көзқарастан, **адам мақсатқа жетудің құралы емес, тұлғаның өзі – сол мақсат.**

Педагогика тарихы - тәрбие мақсаттарының пайда болуы, жасауы, және жойылуының ұзақ та шырғаланды тізбегі. Осыдан, тәрбие мақсаттарының түбегейлі тұрақты болмайтынын түсінеміз, сондай-ақ, формальды дерексізденген, барша кезеңдер мен халықтардың бәріне бірдей қолданымға түсетін мақсаттардың да болуы мүмкін емес. Тәрбие мақсаттары *қозғалысты, өзгермелі, нақты тарихи сипатқа ие.* Тәрбие мақсаттары жол-жөнекей, кездейсоқ, өзінен-өзі немесе жеке адамдардың тілек-ниетімен пайда болмайды. Қоғамдық даму тарихының айғақтағанындай, тәрбие мақсаттары бірнеше өте маңызды себептермен орайлас. Тәрбие мақсаттарын таңдауда және оларды белгілеу мен іске қосуда табиғаттың, қоғамның, адамның шынайы даму заңдылықтарын арқау ету міндетті.

Тәрбие мақсаттарын таңдауға ықпал жасайтын жағдаяттар қандай болуы мүмкін? Жоғарыда ескерілген саясат, мемлекет идеологиясы сияқты танымал шарттарға қосымша аса маңызды болып келетіндері **қоғам қажеттіктері.** Тәрбие мақсаты әрдайым өсіп келе жатқан әулетті қоғамдық, өндірістік, отбасылық қызметтерді орындауға дайындық болған қоғам қажеттігіне орайлас белгіленеді. Қоғам қажеттігі өндіріс тәсілдері, яғни өндіріс күштерінің даму деңгейі және өндірістік қатынастардың сипатына тәуелді. Сондықтан, тәрбие мақсаты негізінен қоғам дамуындағы жетістік деңгейге сай болып, сол деңгеймен белгіленіп, өндіріс тәсілдерінің өзгеруімен ауысып барады. Тәрбиенің мақсаты мен сипаты әрдайым белгілі қоғамдық-экономикалық сатыға тән болған **өндіріс күштерінің даму деңгейіне** және экономикалық өндіріс қатынастарының типіне сәйкес болады.

Өндіріс тәсілдерінен басқа тәрбие мақсатына ықпал жасаушы жағдаяттар да баршылық. Олардың арасында - ғылыми-техникалық және әлеуметтік даму қарқыны, қоғамның экономикалық мүмкіндіктері, педагогикалық теория мен

тәжірибенің даму деңгейі, оқу-тәрбие мекемелері, тәрбиешілері және мұғалімдерінің мүмкіндіктері, т.б. – тәрбиеге өз әсер-ықпалын тигізіп отырады. Тәрбие мақсаттары төңірегіндегі күрес ежелгі дүниеден басталған. Ежелгі ойшылдар тәрбие мақсаты қайырымдылық (добродетель) болуы тиіс дегенді қолдаған, бірақ нені қайырымдылыққа санау қажет – бұл бойынша пікір қайшылығы бар. **Платон** – ақыл, ерік және сезім тәрбиелеуді басты назарына алған. **Аристотель** болса: ерлік пен шыдамдылық, қанағатшылдық пен әділдік, жоғары парасатты және моральдық тазалық тәрбиесін дәріптеген.

Я.А. Коменский – тәрбиенің күшіне шексіз сенген, өзінің “Аналық мектебі” шығармасына эпиграф етіп, Цицеронның келесі сөздерін алған: “Бүкіл мемлекеттің негізі – жастардың дұрыс тәрбиесінен”. Ұлы ғұламаның пікірі бойынша әрқандай тәрбие үш мақсатқа орай белгіленуі тиіс. Олар – өзін және қоршаған дүниені тану (ақыл тәрбиесі), өзін-өзі басқара білу (инабаттық тәрбиесі) және Аллаға ұмтылыс (діни тәрбие). Ағылшын философы және педагогы **Дж. Локк** пайымдауынша, тәрбиенің басты мақсаты - өз істерін “даналық және парасатпен жүргізе алатын” адам – джентельмен. Бұл джентельмен, сонымен бірге, іскер де ынталы, өте ақылды және тәжірибелік білімдермен қаныққан азамат деңгейінде тәрбиеленуі қажет. Француз материалисті **К.Гельвеций** тәрбие негізіне “біртұтас мақсат” алынғаны дұрыс деп білді. Бұл мақсат қоғам игілігіне, яғни қауымның көптеген мүшелерінің – азаматтардың бақыты мен жоғары қанағатына бағытталуы тиіс. Ал тәрбиешінің міндеті – “сол азаматтардың жүрегін ізгілікке, ал олардың ақылын шындыққа бұра, ашып, нәтижеде – оларды парасатты да сезімтал адам сипатында тәрбиелеу. Сонымен, елжандылар қалыптастыру, азаматтар санасында жеке бас жақсылығы мен бүкіл ұлт игілігін мықтап біріктіру.

Ж.Ж. Руссо тәрбие мақсаттарын жалпы адамзаттық құндылықтар тұрғысынан пайдалану қажеттігін баса айтқан. Адам дүниеге әлсіз әрі қорғансыз келетіндіктен оған тәрбие қажет. Осыдан тәрбиенің міндеті – адамды жасау. “Мен өз тәрбиемдегі баланы, өмір сүру кәсібіне үйреткім келеді; менің қолымнан шыққан бала – сот та, сарбаз да, молда да болмайды: ол ең алдымен адам болады. Адам қандай болуы қажет болса,

ол сол дәрежеге көтеріле алады, қажет болған жағдайда, ... қаншама тағдыр-тәлкегіне түссе де, ол барлық уақытта өзінің адамгершілік деңгейінен жарқырап көріне береді”.

И. Песталоцци, швейцар педагог-демократы, тәрбиенің түбегейлі мақсаты – табиғаттан берілген адам қабілеттерін және дарынын дамыту, оларды ұдайы жетілдіріп бару және сонымен “адам күштері мен қабілеттерінің үйлесімді дамуын” қамтамасыз ету.

Тәрбиеге неміс философы **И. Кант** үлкен сенім артып, оның мақсаты – баланы ертеңгі күнге дайындау деп білген: “Балаларды бүгінгі күнге емес, болашаққа, мүмкін болар, адамзат қауымының шуақты күндері үшін тәрбиелеу қажет”. Кант ізбасары неміс педагогы **Ф.Рейн** бұл мақсатты нақтылай келіп: “Тәрбиеші өз әлпешіндегі баладан шынайы жақсы адам, татымды болғанның бәрін зейінімен қабылдап, өз халқы үшін пайда келтіре алатын, ақкөңіл де адал, діни сенімі мол нағыз азамат қалыптастыруы міндетті”- деген.

Неміс педагогы **И. Гербарт** тәрбиенің мақсаты – адамның жан-жақты қалыптасуына бағытталған көп тарапты қызығуларын дамыту, – деп білді. Тәрбие мұраты (идеал) - қайырымды адам. Осы мақсатты мәңгі де бұлжымайтын сипатта бағалай отырып, Гербарт қалыптасқан қатынастарға икемшіл, белгіленген құқықтық тәртіпті сыйлайтын адамдарды тәрбиелеуді көзде ұстады.

Қазақтың ұлы ғұлама-ағартушысы **А.Байтұрсынұлы** жеке адамды тәрбиелеу мақсатын қоғамдық мұраттармен байланыстыруды дәріптеген: “Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді ... Ай мен күндей, әмбеге бірдей білім – көп ортасындағы мүлік, онан сыбаға ала алғандар алып жатыр, ала алмағандар, құр қалып жатыр...”.

Орыс социал-демократтары тәрбие мақсаттары жөнінде өз пайымдарын әлемге паш етті. Бұлардың арасында XIX ғасырдың 40-жылдары **В. Г. Белинский** басыбайлылық және патша құрылымымен күрескерлерді тәрбиелеу жөнінде жазды. **А. И. Герцен** тәрбиенің мақсаты – еркін, іскер, инабатты, жан-жақты дамыған, қоғамдық қатыгездікпен күреске дайын тұлғаны дайындау деп түсінген. **Н. Г. Чернышевский** тәрбие алдына ізгілікті мақсат қойды: қоғамшыл, жоғары мұратты, тура

да адал, жеке бас қамын қоғам талаптарымен үйлестіре білген белгілі дәрежедегі ұнамды өзімшілдігі бар адамды дайындау.

Тәрбиелі адам – бұл ең алдымен инабатты, ізгілікті адам. Бұл тұрғыдан **К. Д. Ушинский**: “Тәрбиенің басты міндеті адамгершілік ықпал жасау. Бұл ықпал жалпы ақыл дамуынан да, білім қорын жинақтаудан да маңыздылау” – деп тұжырымдаған.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан тәрбие мақсатының жалғыз болмағанын, әлі де болмайтынын байқаймыз. Тәрбие мақсаты - тәрбиелі адам, ол қандай болуы тиіс деген шексіз даулы мәселелер тоғысында дүниеге келеді. Жүйелі тәрбие мақсаты бастауыш мектептің қабырғасынан орындала бастайды. Тәрбиенің қандай сипатта болатыны, оны тәрбиеші қалай түсінеді және бағыттайды, ол балалар түсінігі мен қабылдауына қалайынша ендіріледі – тәрбие нәтижесін айқындаушы сұрақтар. Осы сұрақтардың ұтымды шешілуіне біздің қоғамымыздың ертеңгі азаматтарының кейіп-келбеті тәуелді келеді.

Тәрбиенің бұлжымас мақсаттарының арасында арман тектес, тәрбиенің ең жоғарғы мұраты – дүниеге келген *әрбір адамды жан-жақты және үйлесімді дамумен қамтамасыз ету*. Бұдан тұлғаның барша тараптарын – дене, ақыл, еңбек ептіліктері мен дағдыларын және с.с. бірдей қалыптастыру қажеттігін түсінеміз. Сондай-ақ, бұл сапалардың бәрі үйлесімді қостасып, дамудағы барша адам қасиет сапаларының бірдебіреуінің кешеуілдемеуін қамтамасыз етуі қажет. Бұл пікір Қайта тіктелу дәуірінің философтары мен педагог гуманистерінің еңбектерінде нақтыланған, бірақ бұл мақсат түп тамыры ежелгі философиялық ілімдерден бастау алады. Өрқилы замандарда жан-жақты үйлесімді даму түсінігі әрқандай мән-мағынаны аңдататын болған.

Қайта тіктелу заманының педагог-гуманистері **Ф.Рабле**, **М.Монтень** жан-жақты даму мазмұнына тән сұлулығын да қосып, оны өнер, музыка, әдебиет туындыларынан ләззат алу деп білген. Мұндай тәрбие тек қана таңдаулылардың қалауы болмай, кең қауым арасында да жүргізілуі тиіс деп есептеген. Социалист – утопистердің (Т.Мор, Т.Кампанелла, Р.Оуэн, К.Сен-Симон, Ш.Фурье) педагогикалық көзқарастарында жан-жақты үйлесімді даму идеясы басқаша бағыт алды. Олар өндіріс

құралдарына жекеменшіктен құтылу жағдайларындағы тұлға қалыптастыру мұраттарын алға тартты, ең алғашқылардың бірі болып жан-жақты даму үдерісіне еңбекті қосып, тәрбиені сол еңбекке негіздеді. XVIII ғасырдағы француз ағартушылары **К.Гельвеций, Д.Дидро** бұлидеяны жалғастыратысып, жан-жақты даму түсінігіне ақыл және адамгершілік жетілдіру ұғымдарын қосты. Орыс революционер-демократтары А.И.Герцен, В.Г.Белинский және Н.Г.Чернышевский халықты жан-жақты тәрбиелеу мәселесі тек қана революциямен, экономикалық және саяси езу жойылғаннан соң ғана толығымен шешілуі мүмкін деген тоқтам айтты. Жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру идеясы жалпы тәрбие мақсаты ретінде дүниедегі ең бірінші социалистік мемлекеттің (ССРО) – мемлекеттік саясаты ретінде жарияланды. Осы мемлекеттің барша тарихында мақсат бірде тайқыған жоқ. Бұл мақсаттан қазіргі күнде бізде қашпаймыз, дегенмен, шынайы себептерге орай, оны біршама тарылтып, нақты орындалуы мүмкін аумақта нақтылаймыз.

Сонымен, *жетілген, жан-жақты және үйлесімді дамыған адам – тәрбиенің ең жоғары мұраты*. Бұл мақсат адамзаттың ең алдағы даналарының ойынан туындаған. Олардың адамға және тәрбиенің жойқын қуатына деген сенімінен пайда болған. Әлбетте, бұл өте алыстағы да, жоғары да мақсат. Осы мақсаттың социалистік қоғамда да, басқа да әлеуметтік дүниеде толық көлемде орындалмағанын ескеріп, одан бас тарту керектігін немесе, тым болмаса, оны қарапайымдастырып, тарылту қажеттігін айтады. Ал енді осы ұлы мұрат – мақсатқа балама болатындай не бар?

Мектептің өткен жолы – айнадағыдай ел тарихын айнытпай бейнелейді. Бұл жолда үлкен табыстар да, орасан жеңілістер де мол болды. 80-ші жылдардың ортасындағы мектеп жағдайы бір партиялы әкімшіл-әміршіл жүйемен құрылған қоғамның дағдарыс қалпына тура келді. Кейін бұл күйзелістің басты себебін мектепті қоғам мүддесіне байлап, тұлғаның өз қажеттерінің дамуына зиян келтірген социализмнің маркстік-лениндік тұжырымдарының бұрмалануынан деген пікір орнықты. 1985 жылдың сәуір айынан басталған қоғамдағы қайта құрулар бұл қарама-қарсылықтың бетін ашты, тәрбиенің бір тараптылығының қажетсіздігін көрсетіп, оқу-тәрбие үдерісін

адамға, оның толыққанды дамуы мен жеке жоспарлары және өмірлік ниеттерінің іске асуына жағдайлар түзуді талап етті. Бірақ кеш болды. Қайшылықтардың күрделенгені соншама, дағдарыс өте тереңге құлдылады. Нәтижеде, қоғам дамуының іргетасын жаңадан қайта қалап, сонымен бірге тәрбиелік тұжырымдарды да түбегейлі жаңалау басталды. Бүгінгі таңда белгіленген демократиялық өзгерістерді іске асыру, ең алдымен, осы тәрбиеге байланысты болып отыр.

Мемлекеттің бюрократтық мекемесіне айналған мектептің ең үлкен кемшілігі – жалпы орташа теңдестіруге тап қылған тәрбиенің бір сипаттылығы (унификация) еді. Бірдейлік пен бір ой құрсауында болудан оқу орындары, мұғалімдері мен оқушылары өзіндік даму, өзіндік айқындалу және өзіндік жетілу мүмкіндіктерінен айырылды. Алғашқыда мұрат болған ұлы мақсат тарылып, өз мән-мағынасынан ажырады. Осының салдарынан балалар мектептен, мұғалімнен жеріп, оқу мен тәрбиенің сапасы кеміді, қанағаттанбаушылық арта түсті. Енді тәрбиелілік пен білімділіктің де бағасы кетті, қоғамның ақыл-ес және инабаттық-рухани дағдарысы белең алды. Өміршіл-өкімшіл педагогика өз жемісін “тойлады”. Шынайы алға қарай қозғалысты ұрандата, оза жортумен ауыстырып, саясат мектеп алдына қоғамдық дамудың осы кезегінде орындалуы мүмкін болмаған мақсаттарды (жаппай орта білімдік оқу, 6 жастағылардың оқуы т.т.), немесе жалпы орта білім беруші мектепке тән болмаған қызметтерді (оқушыларды жаппай кәсіптік дайындықтан өткізу), яғни ауқымы қоғам мүмкіндіктеріне сыймайтын, ойсыз, саналы қабылданбаған мақсаттарды белгіледі. Барлық аймақтарда ендірілуі көзделген бұл мақсаттар ғылыми тұрғыдан да, қажетті қаржылық, мамандар және басқа да қажеттіліктермен қамтамасыз етілмеді.

Тәрбие мақсаттарын орындауда, яғни жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруда – кезіккен қиыншылықтар мен қателіктер жалпы білім беруші мектептің міндеттерін біршама тарылып, оларды қайта қарастыру және нақтылауды талап етті, бірақ мақсаттың өзін ауыстыруға бара алмады. Жан-жақты және үйлесімді тәрбие орнына ақылға сай балама табылмады. Ол бұрынғыдай мұрат күйінде сақталады, жіберілген қателіктерді ескерумен бүгінгі жаңа мектеп осы

мұратқа жету жолында өз қызметін жаңадан бастайды. Бұл үшін тек саналы ұйым мен бүкіл қоғамның қолдауы ғана қажет.

Қазіргі заман мектебіндегі мақсаттар сипатының ауысуы ең алдымен **адам мүддесін** көздегендіктен. Сол мүдденің өзіндік іске асуы үшін жағдайлар жасалуда: құндылықты бағыттар жүйесі қайта түзілуде, ең алдымен тұлға қажеттерін қанағаттандырып, оның табиғи және рухани мүмкіндіктерін іске асырудың алғышарттары түзілуде.

Бүгінгі күнгі орта жалпы білім беруші мектептің басты мақсаты – тұлғаның ақыл-ой, адамгершілік, көңіл-күй және дене дамуына жәрдем беріп, баланың жас ерекшеліктеріне орай даралығының гүлдене түсуі үшін әрқилы жағдайлар және шарттармен қамтамасыз ету. Тұлғаны дамыту талабы – мектептің жалпы мақсатына: оқушыларда саналы азаматтық көзқарас баулу; өмірге, еңбекке, әлеуметтік шығармашылыққа дайындау, демократиялық өзіндік басқарым мен ел және өркениет тағдырына жауапкерлі болу сынды “адамилық сипат” қосу. Дұрыс бағыттағы тәрбиеде мақсаттар бірізділігі мен жалғасы сақталуы тиіс. Әрқандай ел, соның ішінде Қазақстан да өзінің тарихи қалыптасқан ұлттық жүйедегі тәрбиесіне ие. Оны қандай да басқасымен ауыстыру мағынасыз. Ал жетілдіру, дұрыс қорытындылар мен қуаттау әбден керек, тұлға және қоғам алдынан шыққан жаңа мақсаттар мен құндылықтарға сәйкестендіріп, жүйені дамыта түсу парыз.

Сонымен, жаңаланған мектеп адамзат даналары белгілеген жан-жақты және үйлесімді адам дамыту мақсатын жалғастыра түседі. Бірақ ол мақсат бұл күнде орынды ауқымда және іскерлікпен белгіленуде, яғни бүгінгі мектептің міндеті – тұлғаның ақыл, адамгершілік, көңіл-күй және дене дамуына жәрдемдесу, оның шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуына қолдау көрсету, ізгілік қатынастарын қалыптастыру, жас ерекшеліктерін ескере отырып, баланың даралық қабілеттерінің өркендеуіне жағдайлар жасау.

Тәрбие міндеттері

Өз алдына жүйе құрайтын тәрбие мақсаты *құрамды бөліктер* – жалпы және нақты *міндеттерден* тұрады. Қоғам

және мектептің тереңнен бастау алған бетбұрыс, өзгерістері тәрбиенің нақты міндетін белгілеуде көптеген қарама-қарсылықтарға жол ашты. Бұл қарсылықтар осы күнге дейін шешімін таппай, тіпті өршелене жалғасуда. Осыдан, біз дәстүрлі тәрбие міндеттерімен қатар өмір талабы қажет етіп отырған жаңаларында көзден таса ете алмаймыз.

Қолданымда келе жатқан дәстүрлі педагогикада тәрбие мақсаттарының жүйесі келесі үлкен міндеттер тобын қамтиды. Бұлар – ақыл-ес (интеллектуалды), дене, еңбек және политехникалық, адамгершілік, эстетикалық (көңіл-күй) тәрбиесі. Қазіргі замандағы қоғамның өмірі мен дамуы маңызды жеке міндеттер қатарында оқушылардың *экономикалық, экологиялық және құқықтық* тәрбиесін өз алдына тартып отыр. Аталған міндеттер ауқымы өте кең болғандықтан, олар педагогикалық теория мен тәжірибенің жеке мәселелер тобына айналып, өз алдына қарастыруды талап етуде.

Ақыл-ес тәрбиесі оқушының зердесін, танымдық мүмкіндіктерін, бейімділігі және дарынын тәрбиелеуге бағдарланған. Оның басты міндеті – оқушыларды ғылым негіздеріне байланысты білімдер жүйесімен қаруландырып, оларда дүниетаным бастауларын қалыптастыру. *Дүниетаным* – бұл табиғат, қоғам, адами құндылықтар, еңбек, өмір мәні және танымға орайластырылған көзқарастар жүйесі. Қаланған дүниетаным әр оқушыға қоғам және табиғат өмірі құбылыстарын тереңнен түсінуге, бұл құбылыстарды саналы деректеп, оған болған өз қатынасын қалыптастыруға, яғни өз өмірін саналы құрып, еңбек етуге және игерген білімдерін іскерлікпен табиғи байланысқа келтіруге негіз салуы тиіс.

Саналы игерілген білімдер жүйесі парасатты ойлау, ес, зейін, қиял, ақыл қабілеттерінің дамуына ықпал жасап, бейімділіктері мен дарынына жол ашады. Ақыл тәрбиесінің міндеттері төмендегідей:

- ғылыми білімдердің белгіленген көлемін игеру;
- дүниетаным қалыптастыру;
- ақыл қуат қабілеттері мен дарынын өрістету;
- танымдық қызығуларды ояту;
- тұлғаның табиғаттан берілген мүмкіндіктерін ашып, дамыту;

- танымдық белсенділік қалыптастыру;
- ұдайы өз білімдерін толықтырып бару және жалпы білімдік дайындық деңгейін жетілдіру қажеттіктерін дамыту;
- оқушыларды танымдық іс-әрекет әдістерімен қаруландыру;
- ойлау тәсілдері мен шығармашылық қызмет тәжірибесін қалыптастыру.

Мектептің аса маңызы міндеттерінің бірі болған ақыл тәрбиесінің қажеттігі ешбір күмән келтірмейді, бірақ оның мазмұны жеке тұлға дамытуға бағдарланбай, бұрынғыша – қалыптасқан желімен білім, ептілік және дағдылар тобын игеруді ғана көздейді. Білімдендіру аймағында кей уақыттары оның аса маңызды болған бірліктері - әрқилы форма және түрдегі іс-әрекеттер және қоршаған дүниеге болған көңіл-күй – құндылықты қарым-қатынастар тәжірибесі, т.б. еленбей қалды. Нәтижеде білім гармониясы ғана жойылып қалмастан, сонымен бірге мектептің өзінің де білімдік деңгейі төмендейді. Алдыңғы қоғам қайраткерлері, дүниедегі барша елдердің ғалымдары, соның ішінде біздің де зиялыларымыз білімді идеологияға бағындыру әрекеттеріне, жастарды идеологиялық күресте субъективизмге жетелейтін тарих, әдебиет бойынша білімдердің шынайы мазмұнын бұрмалап беруге қарсылық білдіруде. Педагогтардың көпшілігі ауыспалы өмір өзгерістерін ескерумен білім бағыттарын өмір шындығы негізінде ұдайы жаңалап баруды талап етуде.

Дене тәрбиесі – барлық тәрбие жүйелерінің ажыралмас құрамды бөлігі. Жоғары дамыған өндіріске негізделген қазіргі қоғам кәсіпкерлік мекемелерде өнімді еңбек етуге, салмақты жүктемелерді орындауға, Отан қорғауға дайын мықты да шыдамды, дені сау, жарамды адамдарды қажет етеді. Оқушылардың тиімді ақыл және еңбек әрекетімен шұғылдануға қажет сапаларын қалыптастыру да осы дене тәрбиесіне байланысты.

Дене тәрбиесінің міндеттері:

- денсаулықты нығайту, дұрыс тән-дене дамыту;
- ақыл және іс-әрекет қабілетін көтеру;
- табиғи қозғалыс мүмкіндіктерін дамыту және жетілдіру;
- қимыл-әрекеттердің жаңа түрлеріне үйрету;

- негізгі қимыл-әрекет сапаларын дамыту (күшін, ептілігін, шыдамдылығын және т.б.);
- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;
- ізгілік қасиеттерін тәрбиелеу (ержүректік, табандылық, батылдық, тәртіптілік, жауапкершілік, ұжымшылдық);
- спорт және денешынықтыру жаттығуларына тұрақты және жүйелі қажеттік қалыптастыру;
- салауатты өмір сүруге, сергек болуға, өз басы мен төңірегіндегілерге қуаныш дарытуға ұмтылу.

Жүйелі дене тәрбиесі мектепке дейінгі жас аралығында басталып, мектепте міндетті пән – денешынықтыру сабақтарында жалғаса түседі. Денешынықтыру сабақтарын сыныптан және мектептен тыс оқу-жұмыс формалары жан-жақты толықтыра түседі. Дене тәрбиесі жалпы тәрбиенің басқа да құрылымды бөліктерімен тығыз байланыста болып, олармен бірлікте тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді.

Еңбек тәрбиесі және политехникалық білім. Тәрбиенің еңбектен бастау алуы – жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастырудың ғасырлар бойы сыналған маңызды принциптерінің бірі. Еңбек тәрбиесі жалпы тәрбие үдерісінің: еңбек әрекеттерін қалыптастыру, өндірістік қатынастар түзу, еңбек құралдары мен оларды пайдалану тәсілдерін үйрету тұстарын өз ішіне қамтиды. Тәрбие барысында еңбек тұлға дамуының жетекші жағдаяты, дүниені шығармашылықпен игеру тәсілі, әртүрлі салаға орай еңбектік іс-әрекет тәжірибесін иелену және жалпы білімнің ажыралмас бірлігі (компоненті) ретінде көрінеді. Көптеген педагогикалық жүйелерде барша оқу материалдары осы еңбек тәрбиесі төңірегінде шоғырландырылады. Еңбек – дене және эстетикалық тәрбиенің ажыралмас бөлігі.

Политехникалық білім барлық өндірістердің негізгі принциптері мен осы заманғы өндірістік үдерістер және қатынастар жөніндегі білімдерді игеруге бағдарланған. Оның басты міндеттері - өндірістік іс-әрекетке қызықтыру, техникалық қабілеттерді дамыту, жаңа экономикалық ойлауға, тапқырлыққа, кәсіпкерлік бастауларына үйрету. Дұрыс ұйымдастырылған политехникалық білім еңбек сүйгіштік, тәртіптілік, жауапкершілік дамытып, саналы кәсіп таңдауға дайындайды. Адамға жалпы, көрінген

жұмыс ұтымды ықпал жасай бермейді, әдетте, ол қызмет материалдық құндылықтар жасауға бағышталған өндірістік еңбек сипатында болуы тиіс. Мұндай еңбектің ерекше белгілері: материалдық нәтиже, белгілі ұйымдасқандығы, барша қоғамдағы еңбек қатынастары жүйесіне қатысты болуы, материалдық марапатты болуы.

Әлбетте, мектептегі өндірістік еңбекті ұйымдастыру көптеген қиыншылықтармен байланысты, бұл қиыншылықтар жаңа шаруашылық жағдайларына өтумен бәсеңдемеді, керісінше – асқынып кетті. Мектепте әлі күнге дейін майда пайдакүнемдік оқу-өндірістік еңбек басым келеді. Кейде бұл мектеп оқуының формальды “жамауы” ретінде көрініп, жалпы білімнің жасанды кәсіп беру құралы ғана болып отыр. Мұндай еңбектің тұлға тәрбиелеу мақсатымен, осы заманғы өндірістің болашақ бағыттарымен – оқушылардың қажеттері, қызығулары және талаптарымен байланысы жоқтың қасы. Осыдан еңбекке үйрету, тәрбиелеу өз мәнін жояды. Мектептегі “еңбек дайындығы” бұл күнде анық та ашық дағдарысқа ұшырауда.

Жаңа қоғамдық және өндірістік жағдайлар еңбек тәрбиесі міндеттерін тиімді шешу қажеттігін талап етіп отыр. Мектептегі еңбек, сонымен бірге танымдық еңбегі тұлғалық және әлеуметтік бағытта, оқушылардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктерін ескерумен саналы көзделген, мәнді және жан-жақты пайдалы іс-әрекет түрінде көрінуі қажет. Мектептегі еңбектің мақсаты мен сипатын қайта қарастырудан тәрбие тәжірибесінде жаңа, қалыптан тыс бағыттар пайда болды: 1) оқушылардың сабақтағы өндірістік және оқу еңбегінен толығымен бас тарту; 2) нарықтық экономика қатынастары заңдарына толық негізделген мектептің дербес өндіріс мекемелерін ұйымдастыру. Осыдан мектепте еңбек тәрбиесінің жаңа технологиясы түзілді, еңбектік білімдер мен ептіліктер мазмұнына қарай жіктелетін болды, оқу мекемесінің материалдық қоры жақсарып, жаңа оқу бағдарламалары енгізіле бастады. Әлбетте, бастауыш мектеп балаларға еңбектік іс-әрекеттердің бастауларын ғана береді, бірақ осының өзі де шынайы, нағыз еңбек тәрбиесімен ұштасқаны жөн.

Адамгершілік тәрбиесі. Адамгершілік тәрбиесі, әдетте, қоғамдық моральмен байланысты келеді. Мораль дегеніміз

адамның қоғамға, еңбекке, басқа адамдарға бағыттталып, тарихи қалыптасқан шарттары және ережелері. Адамгершілік – бұл жеке тұлғаның жандүниесін танытушы, оның ішкі қасиет-сапаларын белгілейтін өз әрекет-қылығына жетекші сана-сезімі. Адамгершілік тәрбиесі қоғамдық талаптарға сай келетін ізгілік-инабаттылыққа орай түсініктер, пікірлер, сезім мен сенімдер, мінез-құлық дағдылары мен әдеттеріне байланысты міндеттерді шешеді.

Адамгершілік түсініктері мен ұғымдары ізгілікті құбылыстар мәнін бейнелеп, ненің жақсы, ненің жаман, ненің әділ, ненің қиянат екенін түсінуге жәрдем береді. Адамгершілік түсініктері мен ұғымдары сенім-нанымға өтіп, тұлға әрекеттері мен қылықтарында көрінеді. Адамгершілік сезім – бұл әрбір адамның инабаттылық құбылыстарына болған жеке өз толғаныстары. Олар адам мінезінің қоғамдық мораль талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес болмауымен байланысты. Сезім адамды қиыншылықтарды жеңуге бағыттап, дүниені тануға ынталандырады. Жас әулетті адамгершілікке тәрбиелеудің негізінде қоғамның тарихи даму үдерісіне орай адамдар қалыптастырған дәстүрлі жалпы адамзаттық құндылықтар, бұлжымас моральдық талаптар және олармен қатар қоғамның жаңаланған дәуірінде пайда болған соң, принциптер және ережелер бірге жасап келеді. Адамгершіліктің бұлжымас сапалары – адалдық, әділдік, борыш, тәртіптілік, жауапкершілік, намыс, ар, бедел, гуманизм, риясыздық, еңбеккерлік, үлкенге құрмет. Қоғамның қазіргі дамуына байланысты пайда болған адамгершілік сапаларының арасында мемлекетке, өкімет органдарына, мемлекеттік рәміздерге, Ата заңына құрмет, еңбекке адал қатынас, ұлтжандылық, Отанды сүю, тәртіптілік, азаматтық борыш, өзіндік талап, елде болып жатқан оқиғаларға селқос болмау, әлеуметтік белсенділік пен қайырымдылықты атап көрсетуге болады.

Көңіл-күй (эстетикалық) **тәрбие** – тәрбие мақсаттары мен тәрбиелік жүйеде қалыптасатын оқушылардың эстетикалық мұраттары, қажеттері мен талғамдар дамуын қорытындылаушы тірек бірлігі. Эстетикалық тәрбие міндеттерін шартты екі топқа бөлуге болады – а) теориялық білімдерді

игеру; б) тәжірибелік ептіліктерді қалыптастыру. Міндеттердің бірінші тобы оқушыларды эстетикалық құндылықтарға жақындатады, ал екіншісі – эстетикалық іс-әрекетте белсенділік көрсетуге баулиды. Құндылықтарға жақындатудың мәні:

- эстетикалық білімдерді игеру;
- эстетикалық мәдениет тәрбиелеу;
- аталардың эстетикалық және мәдени мұрасын қабылдау;
- болмыс шындығына эстетикалық қатынас қалыптастыру;
- эстетикалық сезім оятып, дамыту;
- оқушыларға өмір, табиғат, еңбек сұлулығын таныту;
- өмір мен қызметті сұлулық заңдарына орайластырып, іске асыру қажеттігін дамыту;
- эстетикалық мұрат қалыптастыру;
- адамға тән ойлау, қызмет, қылық, сыртқы кейіп, яғни барша тұрғыдан әсем болуға ұмтылыс қалыптастыру.

Эстетикалық іс-әрекетке араласудан әрбір тәрбиеленушіде әсемдікті өз қолымен жасауға белсенділік пайда болуы тиіс. Баланың сурет өнерімен, ән-күймен, бишілікпен, шығармашылық бірліктерде, топтарда, студияларда қызыға шұғылдануы осы эстетикалық тәрбиенің жемісті нәтижесі. Мектепте атқарылуы қажет эстетикалық тәрбиенің жобасы өнер (искусство) іргетасына негізделуі тиіс. Оқу-тәрбие үдерісінде көркемөнер пәндері беделді орын иелемегенше, мектепте гуманизация қадамдары бірде алға ілгерлемейді, басқа пәндерге деген адамилық қатынас өрістемейді.

Мектептегі жаңа көкейкесті мәселелердің арасында **оқушылардың экономикалық тәрбиесі** маңызды орын ала бастады. Мемлекет саясаты, нарықтық қатынастар, күнделікті өмірдің нарықтық бәсекелестікке өтуі мектеп пен педагогтарды оқушылар ынтасын саналы бағыттап, тауар-қаржы мәселелеріне дұрыс бағдар қалыптастыруға, ең бастысы – тұтыну аймағындағы адамдардың қылық-әрекетіне адамгершілік тұрғысынан баға беруге үйретуді міндеттейді. Бұл салада қиыншылықтар әлі бола бермек, себебі айтылғандардың бәрі біздің қоғамымыз үшін жаңа құбылыстар.

Қазіргі кезеңде күрделі де аса қиын мәселелердің бірі **оқушылардың экологиялық тәрбиесі**. Қорқынышты сипат алған экологиялық келеңсіздіктер мектеп пен педагогтарды барынша жауапкершілікпен әрі барша педагогикалық мүмкіндіктерді қолданып, оқушылардың экологиялық тәрбиесіне жұмылдыруды талап етуде. Бұл салада бастауыш мектеп бұл күнде біраз тәжірибе жинақтап, жастардың «Жасыл ел» қозалысында белсенді ат салысуда.

Қазіргі кезең өмірдің өзі алға тартып отырған оқушылардың **құқықтық тәрбиесін** қажетсінуде. Тәртіп бұзушылық пен қылмыстық әрекеттері “жасаруда”, демек, мектеп, педагогтар отбасымен біріге отырып, балаларды құқыққа қарсы әрекеттерден сақтандырудың, қоғамдағы бейбіт өмір мен тыныштық қамтамасыз етудің алдын алу шараларын жүргізуі қажет болып тұр.

Есте сақтайтын жәйт: тәрбиенің міндеттері шексіз көп. Солардың арасында мектеп үшін ең бастылары: ақыл (интеллектуал), дене, еңбек және политехникалық, адамгершілік, эстетикалық (көңіл-күй), экономикалық, экологиялық және құқықтық тәрбие. Өсіп келе жатқан әулетті осы тәрбие түрлеріне тарта отырып, оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелі болуын қамтамасыз ету – мектеп пен педагогтардың ең жоғары борышы.

Тәрбиені ұйымдастыру

Көзделген мақсатқа қол жеткізу – тәрбиені дұрыс ұйымдастырудан. Бұл тәрбиеге басқарымды үдеріс формасын беріп, **мұғалімдер мен оқушылардың өзара ықпалды әрекеттерін** бағыттауға, осыдан нақты нәтижелерді алуға мүмкіндік береді. Мұндай үдеріс **оқу-тәрбие** немесе **педагогикалық** деп аталады. Педагогикалық үдеріс белгіленген мақсатты көздеп, оқушыларды алдын-ала жоспарланған қалыпқа түсіруге, олардың қасиеттері мен сапаларын өзгертуге жол-жоба береді. Дәлірек айтсақ, педагогикалық үдеріс – тәрбиелеушілердің тәжірибесін шәкірттердің тұлғалық сапаларына айналдыратын тәлімдік әрекеттер жүйесі.

Оқу-тәрбие үдерісінің басты ерекшелігі – оның **біртұтастығы**, яғни бұл жүйедегі құрылымдық бірліктердің бәрі өзара тығыз байланысты, бір-біріне жасамайды. Егерде осы үдерістің бір тетігі ескерілмесе, тұтастық бұзылады, қойылған міндеттердің қажетті деңгейдегі шешімі қамтамасыз етілмей қалады. Тұтастық негізінде жүргізілген оқу, тәрбие және даму **бірлігі** педагогикалық үдерістің **мәнін** құрайды.

Педагогикалық үдеріс – көптеген оқу-тәрбие іс-әрекеттерінің іштей байланысқан бірігімі. Онда тұлғаның оқу, білімдену, тәрбие, даму және қалыптасуы үдерістері ажыралмас тұтастыққа қосылған. Бірақ бұл аталған үдерістердің қарадүрсін, механикалық бірікпесі емес, ал өзінің ерекше заңдылықтарына бағынған жаңа сападағы құрылым. Педагогикалық үдерістің тұтастығы мен бірлігі оның құрамындағы үдерістердің бәрін бір мақсатқа жұмылдырады. Педагогикалық үдерістің ішкі күрделі қатынастары: 1) үдерісті құраушы элементтердің бірлігі мен дербестігінен, 2) ол құрамға кіретіндердің тұтастығы мен өзара тәуелділігінен, 3) жалпылық пен анайлылықтың (специфичность) сақталуынан көрінеді.

Біртұтас педагогикалық үдерісті құраушы жекеленген бөліктердің өздеріне тән ерекшеліктері неде? Ол әр бөлек үдерістің **басты қызметтерін** ажыратуда байқалады. Оқу үдерісінің негізгі функциясы – білім беру, тәрбиенікі – тәрбиелеу, даму үдерісінің міндеті – дамыту. Сонымен бірге аталған үдерістің әрқайсысы тұтас үдерісте қосалқы қызметтерді де орындайды, яғни тәрбие – тәрбиелік міндетпен бірге дамыту және білімдендіру қызметтерін де атқарады, ал оқу онымен бірге жүретін тәрбиелік және дамыту істері болмаса, өз мәнін жояды.

Басты және қосалқы қызметтерді ажырата білуден біз жеке үдерістерді іске асырудың мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, формалары мен әдістерін тереңірек талдауға мүмкіндік аламыз. Мысалы, оқу мазмұнында кейін тұлғаның дамуы мен тәрбиелігіне үлкен ықпал жасайтын ғылыми ұғымдар қалыптастыру, түсініктерді игеру қызметтері басымдау келеді. Сондықтан, интеллектуалдық, тәрбиелік және дамыту тұрғысынан қайсы білімдер аса пайдалы болатынын жақсы түсініп алу қажет. Ал тәрбие мазмұнында, сенім, моральдық

ережелер, мұрат-мақсаттар, құндылықты бағыт-бағдарлар, көрсетпе-нұсқаулар, сеп-түрткілер қалыптастыру міндеттері қойылуымен бірге ғылыми ұғымдар да, білімдер де, ептіліктер де бірдей қалыптасуын талап етеді. Осыған орай аталған жағдаяттардың бәрі біріге тұлғаның ақыл-ес дамуына, жалпы кемелденуіне қалайынша әсер ететінін ескерген де жөн. Оқу және тәрбие үдерістерінің екеуі де басты мақсатқа жетелеп, бірақ, олардың әрқайсысы көзделген мақсатты орындау үшін өздеріне тән құрал-жабдықтарды, шараларды пайдаланады. Үдерістердің ерекшелігі мақсатқа жетудің **формалары** мен **әдістерін** таңдауда айқын көрінеді. Егер оқу барысында қатаң шектеулі сынып-сабақтық жұмыс формасы қолданылса, ал тәрбиеде әрқилы сипаттағы еркін формалар көбірек тартылады, мысалы: қоғамдық пайдалы істер, спорт және көркемөнер әрекеттері, белгілі мүддемен ұйымдастырылған қарым-қатынастар, баланың жасы мен қуатына сай еңбек. Негізгі нәтижесі бір болған мақсатқа жетудің **әдістері (жолдары)** да өзара айырмашылыққа ие: егер оқу көбіне ақыл-еске ықпал ету тәсілдерін қолданса, тәрбие оларға тікелей қарсы болмай-ақ, сеп-түрткілік және көңіл-күй сезімдеріне ықпал жасаудың шараларын көбірек пайдаланады. Оқу мен тәрбиеде қолданылатын бақылау және өзіндік бақылау әдістері де өзіндік ерекшеліктерге ие. Оқуда, мысалы, ауызша бақылау, жазба жұмыстар міндетті. Тәрбие нәтижесін бақылаудың жолдары еркіндеу, оларға қандай да шектеулер қойылмаған. Мұндайда педагогтар тәрбие жөніндегі ақпаратты балалардың іс-әрекеттері мен мінез-құлығын бақыластыру, сонымен бірге басқа да тура және жанама сипаттамалар арқылы жинақтайды.

Есте сақтаңыз: тәрбиенің көзделген мақсатын іске асыру арнайы ұйымдастырылған педагогикалық үдерісте орындалады. Бұл үдеріс салыстырмалы тәуелсіз, бірақ ажыралмас бірліктегі оқу, білімдену, тәрбие, даму және қалыптасу элементтерінен құралады. Оқу жүргізе отырып – тәрбиелейміз, тәрбие барысында – оқытамыз, білім берумен бірге дамуды қамтамасыз етеміз, дамудың арқасында – тұлға қалыптастырамыз. Тұтастық, бірігімдік және бірлік – оқу-тәрбие үдерісінің басты сипаты.

Педагогикалық үдерістің кезеңдері

Педагогикалық үдерістер **мезетімен (циклды) қайталану** сипатына ие. Мұндай үдерістердің баршасының дамуында бірдей көріністе болатын кезеңдерді байқаймыз. Кезеңдер (этап) – бұлар құрамды бөліктер емес, үдеріс дамуында бірінен соң бірі келетін мезеттер тізбегі. Басты кезеңдер үшеу, олар – **дайындық, негізгі, қорытынды**. Үдеріс немесе оның қандай да бөлігі осы кезеңдердің бәрін басып өтсе, үдеріс бітеді, ал кейін жаңа үдерісте бәрі қайтадан басталады. Егер дәріс өз алдына немесе жалпы үдерістің бөлігі ретінде қабылданса, бұл кезеңдердің бәрінің қалай өтетіні өзінен-өзі түсінікті болады.

Дайындық кезеңінде үдерістің көзделген бағытта белгіленген жылдамдықпен өтуіне қажетті жағдайлар мен шарттар жасалады. Осының арқасында келесі маңызды міндеттер орындалады: нақты міндеттер анықталып, тағайындалады, үдеріс дамуына зерттеу (шарттарды анықтау) жүргізіледі, жетістіктер болжастырылады, үдеріс дамуы жобаланып, жоспарланады.

Міндеттердің анықталып, тағайындалуының мәні: халықты білімдендіру жүйесінің алдында тұрған жалпы педагогикалық мақсатты педагогикалық үдерістің белгілі бөлігі мен шартты жағдайларында орындалуы мүмкін нақты міндеттерге ауыстыра, өзгерту. Мұндай өзгеріс педагогикалық үдерісті іске асырудың нақты жүйесіне – мектепке, сыныпқа, сабаққа, т.б. тәуелді келеді. Бұл кезеңде жалпы педагогикалық мақсаттар талабы мен нақты оқу орны оқушыларының жеке-ленген мүмкіндіктері арасындағы қарама-қарсылықтар келіп шығады, сонымен бірге жобаланып жатқан үдерісте осы қайшылықтардың шешілу жолдары да белгіленеді.

Үдерістің мақсатын дұрыс белгілеу, міндеттерін анықтау нақтамасыз мүмкін емес. **Педагогикалық нақтама** – бұл педагогикалық үдеріс өтетін шарттар мен жағдайларды айқындауға бағытталған зерттеу қызметі. Оның басты мақсаты – белгіленген нәтижеге жетуде жәрдемдесуші немесе кедергі болатын себептер жөнінде анық деректерді қолға түсіру. Нақтама барысында педагогтар мен оқушылардың нақты мүмкіндіктері, олардың дайындық дәрежесі, үдерістің өту шарттары және көптеген маңызды жағдайлар жөнінде қажетті

ақпараттар жинақталады. Атап айту керек алдын-ала белгіленген міндеттер анықтау нәтижесінде реттеледі, өңделеді: көп жағдайларда нақты шарттар міндеттерді қайта қарастыруды, қолда бар мүмкіндіктерге сәйкес өзгертуді талап етеді.

Нақтамалық жұмыстардан соң **педагогикалық үдерістің желісі мен нәтижесін болжастыру** кезеңі жүреді. Алдын-ала болжастырудың мәні: үдеріс басталмай тұрып, қолда бар нақты жағдайларда күтілген нәтижені күні ілгері бағалау. Ғылыми болжастыруды қолдана отырып, біз әлі жоқ нәрсені, уақытынан бұрын үдерістің шектерін теориялық тұрғыдан өлшестіріп, есептеп білуімізге болады. Болжастыру өте күрделі әдістермен іске асырылады, бірақ болжам түзуге кеткен шығындар өзін ақтайды, себебі осының арқасында мұғалімдер педагогикалық үдерістің тиімсіз болуы мен қажетсіз салдарларға әкелетінін күтіп отырмастан, оның жобалануы мен желісіне белсенді араласуға мүмкіндік алады.

Дайындық кезең нақтама және болжастыру нәтижелері негізінде реттестірілген әрі ақырғы өңдеуден соң **жоспарға** айналған үдерісті іске асыру жобасын түзумен аяқталады. Жоспар да үдерістің өзі секілді нақты жағдайларға байланысты келеді. Педагогикалық қызметте қолданылатын жоспарлар көп түрлі: бұлар мектептегі оқу-тәрбие үдерісіне, сыныптағы тәрбие жұмыстарына жетекшілік, жеке тәрбиелік істерді, сабақтарды, т.с.с. басқару жоспарлары. Педагогикалық үдеріс жоспарлары нақты мерзімге түзіледі. Сонымен жоспар – бұл кімге, қай уақытта және не істеу керектігі анық белгілеген қорытынды құжат.

Педагогикалық үдерісті іске асырудың **негізгі кезеңі** өз ішіне өзара байланысты болған маңызды элементтерді қамтушы салыстырмалы дербес жүйе ретінде қарастырылады. Педагогикалық үдерістің құрамды элементтері келесідей: алдағы орындалатын қызметтің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу және түсіндіру; педагогтар мен оқушылардың өзара ықпалдастық әрекеттері; педагогикалық үдерістің алдын-ала көзделген әдістерін, жабдықтарын және формаларын пайдалану; қолайлы жағдайлар түзу; оқушыларды іс-әрекетке ынталандырушы әрқилы шараларды орындау; педагогикалық үдерістің басқа да үдерістермен байланысын қамтамасыз ету.

Үдеріс тиімділігі аталған элементтердің өзара байланысына және олардың бағыттары мен іс-әрекеттік мақсатының іске асу үйлесімділігіне тәуелді.

Педагогикалық үдерістің негізгі кезеңінде нақты мезеттік басқару шешімдерін қабылдау үшін тірек болар кері байланыс үлкен маңызға ие. **Кері байланыс** үдерісті сапалы басқарудың негізі, сондықтан әрбір педагог оның дамуы мен бекуіне күшті назар аударады. Осылайша ғана, педагогикалық басқарым мен оқушылардың өз іс-әрекетін басқаруы арасындағы саналы сәйкестікті аңғаруға болады. Осыған байланысты еске салатынымыз, педагогикалық үдеріс көп жағдайда өзін-өзі реттеуші жүйе ретінде қарастырылады. Себебі оған қатысқан мұғалімдер мен оқушылар өз еркіндігі мен жеке таңдауына ие. Нақты мезетінде іске асырылған кері байланыс дәл уақытында педагогикалық өзара байланысты әрекетке қажетті икемдік беретін **реттеу-түзетулерді** енгізуге жәрдемін тигізеді.

Педагогикалық үдерістің бір айналымы (цикл) **қорытынды кезең – қолға түскен нәтижені талдау-мен** аяқталады. Бұл не үшін қажет? Жұмыс ақырында өткен педагогикалық үдерістің барысы мен нәтижелерін және бір рет көзден өткізіп, талдаудың маңызы неде? Жауап айдан анық: болашақта тіпті мүлтіксіз ұйымдасқан үдерістің өзінде ойда жоқта кездесіп қалатын қателерді қайталамас үшін, келесі айналымда бұрын жүргізілген педагогикалық үдерістің тиімсіз тұстарын ескеру үшін. Талдай отырып - үйренеміз. Жіберілген қателерден пайда тапқан педагогтың ғана кәсіптік деңгейі кемелдене түседі. Сондықтан мұқият талдау және өзіндік талдау – педагогикалық шеберлік шыңдарына жеткізетін бірден-бір жол.

Әсіресе, орындалған үдерістің барысы мен нәтижелерінің алғашқы жоспарға толық сәйкес болмай, қай тұста, қалайынша және неліктен қателік жіберілгенін, оның себептерін түсіну – маңызды жағдай. Тәжірибе көрсеткендей, қателіктердің көпшілігі педагогтың үдеріс нақтамасы мен болжастыруына салғырттығынан және тиімді нәтиже болатынына негізсіз үміттеніп, “көзсіз” жұмыс орындауынан туындайды. Мұндай, ақырында оқу ләззатын бермеген педагогикалық үдеріс

оқушыларды қанағаттандырмай, түңілдіреді, уақыты мен ынта-ықыласын жоққа шығарады.

Ұмытпайтын жәйт – оқу-тәрбие үдерісі кездейсоқ дамымайды. Көп ғасырлы тәрбие тәжірибесі оны ұйымдаструдың талай анық та нәтижелі формаларын қалыптастырған. Педагогикалық үдеріс жеке бөліктер мен айналымдарға жіктеледі. Әр айналымның ішінде өз логикасы қалыптасқан. Педагогикалық үдерістің кезеңдері келесідей: дайындық, негізгі, қорытынды. Бұлардың әрқайсысы өзінің нақты міндеттеріне ие, әрі белгілі қалыптасқан тәртіпте орындалып барады. Егер мұғалім өзінің оқыту үдерісінде бір нәрсені өзгертуді қаласа, онда сол ауысудан келетін пайда мен зиянды түбегейлі түсініп, сарапқа сала білуі қажет.

Педагогикалық үдерістің заңдылықтары

Педагогикалық үдеріс заңдылықтары сол үдерістің басты, шынайы, болмысқа сай, қайталанып отыратын байланыстарын аңдатады. Басқаша айтсақ, **заңдылықтар** – педагогикалық үдерісте не зат және ол қалайынша байланысқанын, онда ненің неге тәуелді болатынын білдіреді. Осыдан, әр педагог қай заңдылықтың да мән-мағынасын жете түсініп, олардың ықпал-әсерін білуі шарт. Педагогикалық үдеріс сынды күрделі, ауқымды да қозғалысты жүйеде көптеген әртүрлі байланыстар мен тәуелділіктер жүз береді. Солардың арасында оқу-тәрбие үдерісінде ең алдымен ескерілуі тиіс заңдылықтар төмендегідей:

1. Педагогикалық үдерістің қозғалысты болуы (динамика) заңдылығы. Оқушының алдағы барша жетістіктері оның өткен кезеңдерде игерген табыстарына тәуелді. Бұл педагогикалық үдерістің бірізді “сатылы” сипатын білдіреді; неғұрлым арадағы жетістіктер жоғары болса, соңғы нәтиже салмақтылау келеді. Заңның келесі көріністерін мектеп тәжірибесінде жиі кездестіреміз – аралық нәтижелері жоғары болған оқушының жалпы жетістіктері де жоғары. Бір бала үшінші сыныпта жақсы, жүріп оқиды, ал онымен қатарлас екінші баланың оқуы да, түсінімі де – мәселе. Осылардың қайсысы бастауыш мектепті жақсы бітірері – айтпаса да түсінікті.

2. Тұлғаның педагогикалық үдерісте даму заңдылығы.

Тұлғаның даму қарқыны мен деңгейін тәуелділікке келтіретін жағдаяттар: 1) нәсілдік; 2) тәрбие және оқу ортасы; 3) оқу-тәрбие іс-әрекеттеріне араласуы; 4) педагогикалық ықпал жа-сау үшін қолданылатын құралдар мен тәсілдер.

3. Оқу-тәрбие үдерісін басқару заңдылығы.

Педагогикалық ықпалдың тиімділігі: 1) оқушылар мен педагогтар арасындағы кері байланыс қарқынына; 2) оқушыларға бағытталған реттеу қызметтерінің ауқымдылығына, сипаты мен орынды болуына – тәуелді. Сонымен бірге, бұл заңдылық келесі жағдайлармен де байланысты келеді: егер тәрбиеші мен шәкірт жиі қатынаста болса, тәрбие нәтижесі де көрнекті; егер тәрбиеші бала мінез-құлығын жете аңғарып, оны дұрыс түсініп және оған мезгілінде жақсы қолдау көрсетсе, мезгілінде оны қате әрекеттерден ажыратып барса, жалпы нәтиже көңіл толарлықтай болады.

4. Педагогикалық үдерісте сезім, қисынды ойлау (логика) және тәжірибенің бірлікті болу заңдылығы. Бұл заңдылыққа орай оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігіне негіз болар жағдаяттар келесідей:

1) сезімдік қабылдаудың қарқыны мен сапасы; 2) қабылданған мәнді парасатпен ұғу; 3) түсінумен игерілгенді тәжірибеде қолдана білу. Оқу-тәрбие үдерісінде әрекет-қылық, білім және ептіліктер қалып талаптары мен ережелерін берік игеру үшін сезім, сана және әрекет бірлігін қамтамасыз ету шарт. Егер бала тәрбиешінің көздеген ниетін қабылдамай, оған бейтарап және енжар қалып білдірсе, нәтиже табысына қол жетпейді. Әрқандай тәрбиелік ықпал ішкі сезіммен қабылданбай, тәжірибеден өтпей, оны тек ақылмен түсінуден түсер пайда шамалы. Жүрек, бас, қол – бәрі бірге әрекетке келмей, тәрбие жетістігі қолға түспейді.

5. Тысқы (педагогикалық) және ішкі (танымдық) іс-әрекеттердің бірлікті болу заңдылығы. Бұл заңдылыққа орай педагогикалық үдеріске негіз болатын жағдайлар: 1) педагогикалық іс-әрекеттің сапасы; 2) оқушылардың өзіндік оқу-тәрбие істерінің деңгейі. Бұл шындық: қандай ғажайып тәрбиеші болмасын, қаншама өз пәнін жетік білсе де және үйрету үшін қаншама жанын салса да, ол оқушының енжарлығы

мен салғырттығына душар келсе, жоспарланған істен нәтиже күту – босқа кеткен еңбек. Кейде ізденгіш, талантты оқушыға үйрету қолынан келмейтін тәрбиеші кезігіп қалады. Осыдан - әр оқушы өз ұстазын тауып, ал әрбір ұстаз өз шәкіртіне кезіксе – екеуінің де білім жолындағы бағы жанады.

Педагогикалық үдерісте көрінетін барша байланыстар аталған заңдылықтармен шектеледі деу - қате пікір. Іс жүзінде заңдылықтар ауқымы ұланғайыр. Олардың тереңде жатқан бірлік, тәуелділіктерін зерттеу енді ғана қолға алынып жатыр.

Сонымен, оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық жүйенің барша бірліктерінің өзара байланысын білдіретін маңызды заңдылықтар іске қосылады. Олар тәрбиенің тұрақты жоғары нәтижелеріне жету жолдарын белгілейді, ол нәтижелердің қоршаған ортадан, нәсілдіктен және тәрбиеден тәуелді екенін көрсетеді; мұғалімдер қызметі мен балалардың оқу әрекеттері арасындағы байланыстарды ашады; тәрбиенің барша маңызды жағдаяттарының арасындағы тәуелділіктерді ескереді.

Өзіңізді тексеріңіз

1. Тәрбие мақсаты мен міндеттері деген не?
2. Тәрбие мақсаты мен міндеттерінің негіздемелері қандай?
3. Тәрбие мақсаттарының өзара ерекшеліктері қандай?
4. Тәрбиенің мақсат заңының мәнін түсіндіріңіз.
5. Қазіргі кезең Отандық мектеп мақсаты қандай?
6. Тәрбие мақсатының құрамдық бөліктері қандай?
7. Ақыл тәрбиесі деген не? Оның міндеттері қандай?
8. Тән-дене тәрбиесі деген не? Оның міндеттерін атаңыз.
9. Ізгілік, адамгершілік тәрбиенің мазмұны қандай? Оның міндеттері қалай өрнектеледі?
10. Еңбек және политехникалық тәрбие мәні не?
11. Көңіл-күй, әсемдік (эмоционал-эстетикалық) тәрбиесінің сипатын беріңіз. Оның міндеттерін айқындаңыз.
12. Оқушыларға экономикалық тәрбие беру мәні неден тұрады?
13. Экологиялық тәрбие мәнін ашыңыз.
14. Құқықтық тәрбие мәні қандай, оның міндеттері қалай орындалады?
15. Педагогикалық үдеріс орындайтын міндет қандай?
16. Педагогикалық үдеріс тұтастығын қалай түсінесіз?
17. Оқу-тәрбие қызметін құрайтын үдерістер ерекшелігі қандай?
18. Педагогикалық үдеріс кезеңдерін айыра сипаттаңыз.
19. Педагогикалық үдерісті нақтамалау, болжау (прогнозирование), жобалау (проектирование), жоспарлау (планирование) қызметтерінің мәнін түсіндіріңіз.
20. Педагогикалық үдерістің қозғалмалылығы (динамика) заңдылығын түсіндіріңіз.
21. Педагогикалық үдерістегі сезімдік, ой-сана, тәжірибелік әрекет бірлігі заңының мәнін ашыңыз.
22. Педагогикалық ықпал мен танымдық ұмтылыс бірлігі заңын қалай түсіндірер едіңіз?
23. Педагогикалық үдеріс заңдылықтарының іске асуына орай мысалдар келтіріңіз.

5-ТАРАУ

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Жоспар:

Оқу үдерісінің мәні
Дидактикалық жүйелер
Оқу құрылымы
Оқу мазмұны
Мазмұн элементтері
Оқу жоспарлары мен бағдарламалары
Оқулықтар мен оқу құралдары

Тірек конспект-сөздік

Оқу (обучение) – 1. Оқу мазмұнын игеруге бағытталған мұғалім мен оқушы арасындағы екітарапты арнайы ұйымдастырылған педагогикалық ықпалдастық үдерісі. 2. Педагог басқарымындағы өзіндік ерекшелікке ие таным үдерісі.

Танымдық іс-әрекет (познавательная деятельность) – сезімдік қабылдау, теориялық ой және тәжірибелік қызмет бірлігі.

Оқу үдерісі – даму барысындағы ілгерлі қозғалысты тәлім беру ісі.

Дидактика – оқу (обучение), білімдену (образование) теориясын нақтылаушы ғылым.

Қазіргі заман оқу-білімінің мақсаты - әлеуметтік құнды іс-әрекетке араласу үшін тұлға мен қоғамға қажет адами сапа-қасиеттерді дамыту.

Дидактиканың өзекті мәселелері – кімді, неге, қалай, нені, қашан, не үшін оқыту керек.

Оқыту (преподование) – оқу мақсатын (білімдендіру міндеттерін) іске асыру бойынша педагогтың (оқытушының) реттестірілген қызметі, ақпарат жеткізу (информирование)

тәрбиелеу, игерілген білімді түсініп, қолдана білуге үйрету істерін қамтамасыз ету.

Сауат ашу, сауат көтеру (учение) – таным, жаттығу және жинақталған тәжірибе негізінде оқушыда әрекет-қылық пен іс-әрекеттің жаңа формалары пайда болып, бұрын игерілгендерді өзгеріске келтіретін қосымша үдеріс.

Оқу – көздеген мақсатты іске асыруға бағытталған мұғалім мен оқушы арасындағы жүйелі іс-әрекеттік байланыс, олардың бірлікті екі тарапты оқыту – оқып үйрену қызметі. Оқу – бұл оқушының мұғалім тарапынан арнайы ұйымдастырылған танымдық іс-әрекеті, осы әрекет негізінде ғылыми білімдер, қажетті қызмет тәсілдері, қоршаған дүниеге болған көңіл-күй, құндылықты және шығармашыл қатынастар қалыптасады. Оқу барысында бала дамиды. Нақты жүйе ретінде оқу келесі элементтерді қамтиды: 1) мақсат; 2) мазмұн; 3) әдістер; 4) ұйымдасу формалары; 5) нәтиже.

Білімдену (образование) – оқу үдерісінде игерілетін білімдер, ептіліктер, ойлау тәсілдерінің жүйесі.

Білім (знание) – пәннің теориялық тұрғыдан игерілгенін танытушы идеялар жиынтығы. Қоршаған дүниенің, жалпы болмыстың бала санасында түсініктер (понятия), сұлба, нақты бейнелер күйінде өрнектелуі (отражение).

Ептілік (умение) – игерілген білімді тұрмыстық тәжірибеде қолдана білу тәсілдері мен әрекеттерінің көрсеткіші.

Дағды (навык) – орындалуы аса жоғары дәрежеде жетіле бекіген ептілік.

Мақсат (цель) – оқуға, білім игеруге байланысты: 1) жүйелі оқудың күні ілгері санада пайымдалған нәтижесі; 2) оқу соңында күтілетін болашақ.

Мазмұн (содержание) – оқуға, білім меңгеруге байланысты: оқу барысында шәкірт тарапынан игерілетін ғылыми білімдер, ептіліктер мен дағдылар, ойлау және іс-әрекет тәсілдерінің тиянақты жүйесі.

Ұйымдастыру (организация) – дидактикалық үдерістер: белгілі өлшем-шектерге орай ретке келтіру, оқуда көзделген мақсатты тиімді іске асыруға қажет формаға келтіру.

Форма – оқу үдерісінің болмыс тәсілі (способ существования), оқудың іштей мәні, логикасы мен мазмұнының сырттай

көрінісі. Оқу формасы ең алдымен сыныптағы бала санымен, оқу уақыты, орыны және іске асу ретімен байланысты.

Әдіс (метод) – оқу мақсаты мен міндеттерінің орындалу (іске асу) жолы.

Құрал-жабдық, шаралар (средство) – оқу үдерісінің заттай қолдауы. Құрал-жабдықтар тобына кіретіндер: педагог дауысы, шеберлігі, оқулықтар, сынып құралдары және т.б.

Нәтиже (результат) – оқу үдерісінің салдары, соңғы өнімі, көзделген мақсаттың орындалу дәрежесі.

И.Гербарт жүйесі – тәрбиенің ең жоғары мақсаты – адамгершілікті, мораль тұрғысынан берік мінезді тұлға қалыптастыру. Мектеп міндеті – баланың интеллектуал дамуына қамқорлық жасау, ал тәрбиелеу – отбасы міндеті. Оқу мен тәртіп, білім мен сезім, ерік орайласа байланысып, тәрбиелік оқудың негізін қалайды. Тәрбие оқумен бірге ерік пен мінез, ақыл негізінде қаланады. Мұғалім басты тұлға.

Дж. Дьюи жүйесі – оқу бала қызығуына, өмірлік қажеттеріне негізделуі тиіс. Оқушының ойлау қабілеті оқу, білім қиыншылықтары мен кедергілерін жеңуге орай қалыптасады. Оқу проблемді болуы шарт, баланың өзіндік белсенділігі мен жеке танымдық әрекетінің арқасында жүргізілуі қажет. Мұғалім жәрдемші.

Қазіргі заманғы дидактикалық жүйе – 1) шынайы заңдылықтарға негізделеді; 2) оқу педагогикалық басшылық, оқушы ұмтылысы мен дербестігі және белсенділігі бірлігінде жүргізілуі міндетті. Оқу жоспары жалпы білім негіздерін қамтып, ал нақты оқу жағдайға, бала қызығуы мен нақты әрекеттік белсенділік дамытуға, шығармашылық ұмтылысқа байланысты қалыптастырылады. Мұғалім мен оқушы білім игеру үдерісінде бірдей жауапты, оқу педагогикалық қызметтестік (сотрудничество) принципімен орындалады.

Оқу кезеңдері – 1) оқу сеп-түрткілерін (мотивация) ояту; 2) тірек білім; 3) ептілік, дағдыларды жаңғырту; 4) жаңа материал игеруді ұйымдастыру; 5) игерілгенді жетілдіру; 6) оқу нәтижесін анықтап бару.

Оқу мазмұнын қалыптастыру негіздері – гуманиитаризациялау, ғылыми бірігімге келтіру (интеграция), ғылыми жікке түсіру (дифференциация), тұлғаның жан-жақты дамуын

бағыттау, азамат қалыптастыру, ғылыми және тәжірибелік маңызға ие болу, жас мүмкіндіктеріне сәйкестендіру, жаңа ақпараттық технологияларды кең пайдалану.

Оқу жоспары – мектептің оқу-тәрбие үдерісіне бағыт беруші құжат.

Мемлекеттік компонент (инвариантная часть) – барша мектептерді игерілуі міндетті пәндер.

Аймақтық, мектептік компонент (вариативная часть) – аймақ, мектеп ұсынысымен енгізілетін пәндер.

Оқу бағдарламасы (учебная программа) – оқылатын пән мазмұнын реттестіруші құжат.

Оқулық (учебник) – оқу бағдарламасы негізінде түзілген кітап.

Оқу құралы (учебное пособие) – бағдарламаға толық сәйкестігі жоқ, автордың өзіндік көзқарасы негізінде түзілген оқу кітабы.

“Оқу-тәрбие мақсаты – баланы тәрбиешінің дәл өзіндеі қылып шығару емес, келешек заманға лайық қып шығару”

Мағжан Жұмабаев

Оқу үдерісінің мәні

Біртұтас педагогикалық үдерісті құраушы екі басты бірліктің біреуі – оқу үдерісі. Бұл үдеріс өте күрделі, сипаты жағынан ол тек тәрбие және даму үдерістерінен кейін тұруы мүмкін. Сондықтан оған толық та жан-жақты анықтама беру қиынға соғады. Оқу үдерісі әртекті және табиғаты жағынан әртүрлі көптеген жағдаяттардың мың санды байланыстары мен қатынастарын қамтиды. Үдеріс анықтамаларының көптігі де осыдан болар.

Ежелгі және ортағасырлық ойшылдардың шығармаларында “оқу”, “оқу үдерісі” ең алдымен мақсаты – оқушы болған оқыту қызметін (преподавание) білдірген. Ғасырымыздың басында оқу ұғымы енді осы үдерісті құрайтын екі бірлікті – оқыту қызметі мен оқып үйренуді қамтитын болды. **Оқыту** – оқу материалын игеруге ынталандырушы мұғалімдердің қызметін, ал **оқып үйрену** (учение) ұсынылған білімдерді игеруге бағышталған оқушылар іс-әрекетін танытады. Кейінгі жылдары оқу ұғымы оқушылардың танымдық іс-әрекет тәсілдерін қалыптастырушы мұғалімнің басқару іс-әрекетінде, мұғалімдер мен оқушылардың бірлікті іс-әрекетінде аңдататын болды. Мұғалім мен оқушының бірлікті іс-әрекеті болған оқу үдерісінің мәні оқыту мен оқып үйренудің бірлігін аңдатады. Бүгінгі түсінім тұрғысынан оқу келесі белгілерімен сипатталады: 1) екі тараптылық; 2) мұғалім мен оқушының бірлікті әрекеті; 3) басқарым мұғалім тарапынан; 4) жоспарлы ұйымдасу және басқару; 5) біртұтастық және бірлік; 6) оқушылардың жас даму заңдылықтарына сәйкестік; 7) оқушылардың дамуы мен тәрбиесіне жетекшілік.

Оқу және білімдену мәселелері педагогиканың **дидактика** деп аталатын бөлімінде зерттеледі. “Дидактика” термині грек тілінен енген, аудармасы “үйретуші” дегенді білдіреді. Алғашқы рет бұл сөз неміс педагогы **Вольфганг Ратке** (1571-1635) шығармаларында қолданылып, оқыту өнері мәнін аңдатқан. Ал Я.А.Коменский дидактиканы “баршаны барлық нәрсеге үйретудің әмбебап өнері” деп түсіндірген. ХІХ ғасырдың басында неміс педагогы И.Герbart дидактиканы тәрбиелеп оқытудың өз алдына тұтас және қайшылықсыз теориясы ретінде таныған. Қазақ арысы **Жүсіпбек Аймауытов** пікірінше –“Дидактика мұғалімге жалпы жол-жоба көрсетіп, жетекшілік етеді... сыннан өткен тиімді деген жолдарды ғана нұсқайды”.

Дидактиканың негізгі міндеттері В.Ратке заманынан бермен қарай бірде өзгерместен келе жатыр. Олар: нені үйрету және қалай үйрету мәселесін шешу; қазіргі заман педагогикасы бұларға қоса –қашан, қай жерде, кімді және не үшін оқыту қажет деген мәселелерді қарқынды зерттеуде. Дидактиканың негізгі категорияларын танытушы келесі ұғымдар белгіленген: оқыту, оқып-үйрену, оқу, білімдену, білім, ептілік, дағды, сонымен бірге оқу мақсаты, мазмұны, ұйымдастырылуы, түрлері, формалары, әдістері, құралдары, жабдықтары, нәтижесі (өнімі). Дидактикалық жүйе және оқу технологиясы да осы категориялық ұғымдар тұрғысынан танылуы тиіс. Осыдан қысқа да ауқымды анықтама келіп шығады: *дидактика – бұл оқу және білімдену, олардың мақсаттары, мазмұны, әдістері, құралдары, жабдықтары, ұйымдастырылуы мен нәтижелері жөніндегі ғылым.*

Оқыту - оқудың мақсаттарын (білімдену міндеттерін) іске асыруға бағытталған, ақпарат беру, тәрбиелеу, білімді түсіндіру және тәжірибелік қолдануды қамтамасыз етуші педагогтың реттестірілген іс-әрекеті.

Оқып үйрену - таным, дағдылану және игерілген тәжірибе негізінде жаңа мінез-құлық және іс-әрекет формаларын пайда етіп, бұрын қалыптасқанды өзгеріске келтіретін оқушының өзіндік іс-әрекет үдерісі.

Оқу – белгіленген мақсатқа жетуді көздеген мұғалім мен оқушы арасындағы өзара ықпалды реттестірілген іс-әрекет. Бұл ұстаз бен шәкірттің бірлікті қызметінің екі тарапы. Оқу

– бұл ғылыми білімдер, қажетті іс-әрекет тәсілдері, эмоционалды-құндылықты және қоршаған болмысқа шығармашылық қатынас қалыптастыруға бағытталған мұғалім басшылығында оқушылардың арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеті. Оқу барысында бала дамиды. Жүйе ретінде қабылданған оқудың негізгі құрылым элементтері: 1) мақсат; 2) мазмұн; 3) әдістер; 4) ұйымдастыру формалары; 5) нәтиже. Осы және басқа да кейбір түсініктердің мәніне тоқталайық.

Білімдену - оқу барысында игерілген білім, ептілік, дағдылар мен ойлау тәсілдерінің жүйесі.

Білім - пәннің теориялық игерілуін білдіретін идеялар жиынтығы немесе қоршаған дүниенің бала санасында түсініктер, сұлбалар, нақты бейнелер кейпінде өрнектелуі.

Ептіліктер – игерілген білімдерді тәжірибеде қолдану тәсілдерін (жолдарын, әрекет түрлерін) иелеу.

Дағдылар – аса жоғары дәрежеде жетіліп, автоматтық күйге түскен ептіліктер.

Мақсат (оқу, білімдену) – оқу барысында қол жететін мұрат, барша күш-қуат бағытталған болашақ .

Мазмұн (оқу, білімдену) – оқу үдерісінде шәкірт игеруі қажет ғылыми білімдер, ептіліктер мен дағдылар, іс-әрекет және ойлау тәсілдерінің біртұтас жүйесі.

Ұйымдастыру – дидактикалық үдерісті белгілі заңдылықтарға орай ретке келтіру, көзделген мақсатты тиімді іске асыру үшін бұл үдерісті қажетті формаға түсіру.

Форма – оқу үдерісінің жасау жолы, оның ішкі мәні, логикасы және мазмұнының сыртқы қоршамы. Оқу формасы ең алдымен сыныптағы оқушылардың санымен, оқу уақыты және оқу орнымен, оның іске асырылу тәртібімен, т.б. байланысты.

Әдіс – оқу мақсаттары мен міндеттерінің орындалу (іске асуы) жолы.

Құрал-жабдықтар – оқу үдерісінің заттық, материалдық қолдауы. Оқу үдерісінде құрал ретінде педагогтың дауысы (сөзі), оның шеберлігі, оқулықтар, сынып жабдықтары және т.б. танылады.

Нәтиже (оқу өнімі) – оқу барысында, оқу үдерісі салдарынан, көзделген мақсаттың іске асу дәрежесінен туындайтын соңғы өнім.

Дидактика өз пәні аймағында іске қосылатын заңдылықтарды зерттейді, оқу үдерісінің барысы мен нәтижесіне негіз болар тәуелділіктерді талдайды, жоспарланған мақсаттар мен міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуші әдістер, ұйымдастыру формалары мен құрал-жабдықтарын белгілейді. Осының арқасында ол екі басты функцияны атқарады: 1) теориялық (нақтама және болжастыру); 2) тәжірибелік (қалыпты іс-әрекет, құралдар дайындау).

Дидактика барша пәндер бойынша және оқу іс-әрекетінің барлық деңгейіне орайластырылған оқу жүйесін біріктіреді. Зерттелуші болмысты қамту шеңберіне байланысты дидактика *жалпы және жекеленген* болып бөлінеді. Жалпы дидактиканың зерттейтін пәні: оқыту мен оқып үйренуді оларды туындатқан жағдаяттарымен әрі оларды орындау шарттары және соның арқасында жетілетін нәтижелерімен бірге анықтау. Жекеленген (нақты) дидактика **оқыту әдістемесі** деп аталады. Ол әртүрлі оқу пәндерінің желісін, мазмұнын оқыту формалары мен әдістерін қарастырады. Әр оқу пәні өз әдістемесіне ие. Бастауыш мектеп дидактикасы да жекеленген, өзіне тән ерекшеліктерге ие, себебі ол оқудың жалпы мәселелерімен шұғылдана отырып, кіші мектеп жасындағы оқушылардың ерекшеліктерін ашады.

Сонымен дидактикалық үдеріс мәні оқыту мен оқып үйрену бірлігінен құралады. Оқуға тән сипаттар: 1) екі тараптылық; 2) мұғалім мен оқушының бірлікті әрекеті; 3) басқарым мұғалім тарапынан; 4) жоспарлы ұйымдасу және басқару; 5) біртұтастық және бірлік; 6) оқушылардың жас даму заңдылықтарына сәйкестік; 7) оқушылардың дамуы мен тәрбиесіне жетекшілік. Оқу және білімдену мәселелері – дидактика пәні. Ол келесі сұрақтарға жауап береді: неге, қалай, қашан, қай жерде және не үшін оқыту керек? Дидактиканың басты ұғымдары: оқыту, оқып үйрену, оқу, мазмұн, әдістер, формалар, жүйелер, технология және т.б.

Дидактикалық жүйелер

Балаларды оқытуымыз әртүрлі. Ежелгі заманнан бері педагогтар осы оқуды ең тиімді жолмен іске асырудың жолда-

рын тыным таппастан іздестіруде. Оқуды жылдам әрі сапалы жүргізуге, мұғалімдер мен оқушылардың күш-қуатын үнемді де орынды жұмсауға мүмкіндік беретін формаларды белгілеп, тиімді әдістер мен технологияны пайдалану мәселелері шешілуде.

Студентті оқытып жатқанда, оған ЖОО оқытушысы балалармен жұмыс істеудің сыналған және тексерілген тәсілдерін хабарлайды. Мұғалім болып алғаннан соң, ол сыныпта осы заман ғылымдарымен барынша құралданып, жұмыс істей бастайды. Дидактикалық үдерістің мың бұралған соқпақтарында адасып кетпес үшін, негізгі тұжырымдарды өте жақсы білу әр мұғалімнің міндеті. Бұл сапалы оқудың кепілі. Өкінішке орай, көп мұғалімдер өз бетінше ізденіс бастап, өзінен бұрынғы ашылған жаңалықтар жөнінде түк хабары болмастан, қандай әдіс-шаралардан бас тарту қажет екенін білместен, балалармен эксперимент жүргізе бастайды. Есіңізде болсын, дидактикаға байланысты мәселелердің баршасы сынақтан өтпесе де, біразы тексерілген. Осыдан, тек бұрынғы ғылыми және тәжірибе жетістіктерін тірек ете отырып, алға қарай ілгерілеуге болады.

Бұл тұрғыдан көп сынақтар өткен. Талай оқу бағыт-бағдарлары тексеріліп, сын бағаларын алды. Дидактиканың тиімді жүйесін іздестіру жолында мұғалімдердің “баспаған тауы, араламаған сайы” қалмады. Осыдан өткен алыс, жақын дәуірлерде педагог-мұғалімдердің аға буыны жинақтаған қандай да оқу, тәрбиелік құны бар ой-пікірлері мен тәжірибелік ұсыныстары педагогика қорына өтіп, дидактиканы байыта түсті. Білім, ептіліктер игерудің бірден-бір ақылға сай таңдалған, ең жылдам да тиімді жолы – осы қордағы оқудың классикалық теориясы негізінде, оны ғылыми іргетас етіп пайдалана білуден ғана қалануы мүмкін.

Аса белгілі болған дидактикалық жүйелерге назар аударайық. **Дидактикалық жүйе** – бұл белгілі бағамдарға негізделе бөлектенген **тұтастық құрылым**. Жүйе екінші дәрежелі тетіктерімен ажыралмай, түбегейлі ерекшеліктерімен дербестенеді. Олар - оқудың мақсаты, ұйымдастыру принциптері, мазмұны, формасы және әдістері бірлігімен жасалған ішкі құрылым тұтастығымен сипатталады. Осы сипат белгілерінің бірлігі негізінде өзара принциптерімен ажыралатын үш

дидактикалық жүйені атауға болады: 1) И.Гербарт жүйесі (дидактикасы); 2) Д.Дьюи жүйесі; 3) осы заманғы оқу жүйесі.

Ұзақ уақыт мектеп оқуын басынан өткізген әр студенттің жадында оқудың сынып-сабақтық формасы сақталған шығар. Бұл оқу формасы ежелгі дүниеде қаланып, ұлы **Ян Амос Коменский** тарапынан жүйелестірілді. Неміс философы және педагогы **И.Гербарт** Я.А.Коменскийдің дәстүрлі сынып-сабақтық жүйесін сындарлы түсінім тезіне сала отырып, оның кемшіліктерін көрсетті, сонымен бірге этика мен психологияның соңғы жетістіктерін арқау еткен жаңа дидактикалық жүйе түзіп, ұсынды. Гербарттың пікірінше, тәрбиенің ең жоғары мақсаты – *адамгершілікті*, моральды, күшті мінезге ие болған *тұлға* қалыптастыру. Оның ойынша, тәрбие келесі этикалық идеяларға сүйенуі тиіс:

- тұлға ұмтылыстарының бағытын, аймағын және күшін анықтаушы кемел жетістігі;

- өз еркін басқалардың еркіне икемдесуі мен бағынуын қамтамасыз ететін тілектестік;

- адамдар арасындағы дау-дамайдың өрістеуіне шек қоятын құқықтар;

- басқалар тарапынан болған көңіл қабарту және өкпені қайтаруды міндетіне алатын әділдік;

- адамның ерік сезімін оның ниеттері мен наным-сенімдеріне икемдестіруге мүмкіндік беретін ішкі рухани еркіндігі.

Өз заманындағы психологиядан Гербарт екі негізгі тұжырымды пайдаланды:

- нәсілдіктен немесе қабылдаудан болатын психикалық бейімділік– жоқ нәрсе;

- психикалық өмірдің бәрі елестер негізінде құралады.

Бірақ, шынында, бұлай еместігін біз қазіргі күнде ғылым деректеріне сүйене, біліп отырмыз. Дегенмен, Гербарт ұсынған дидактика мұғалімдердің қолдауына ие болып, көп заманнан бері бастауыш мектептерде де қолданылуда.

Бұл жүйенің негізгі ерекшеліктері келесідей: мектептің басты міндеті – оқушылардың ақыл-ес дамуын қамқорлыққа алу, ал тәрбие – отбасының міндетті жұмысы. Моральдық тұрғыдан күшті мінез иелерін қалыптастыруға дұрыс педагогикалық жетекшілік, тәртіп және онымен байланысты оқу себепші

болады. Жетекшілік жасаған адамның міндеті балалардың тұрақты іспен шұғылдануын қамтамасыз ету, дене және ақыл-ес дамуына бақылау қою, тәртіпке үйрету. Гербарт өзінің дидактикалық жүйесінде тиым салу, шектеулер қою, сонымен бірге “ақырын да жеңіл” қолданылатын тән жазаларын пайдалануды ұсынады. Оқудың тәртіппен тығыз байланысқа келуінен, білімнің оқушы сезімі және ерігімен бірігуінен – *тәрбиелік* оқудың мәні құралады. Бұл түсінікті ендіре отырып, Гербарт тәрбиені оқудан бөлектеуге болмайтынына, ерік және мінездің ақыл-санамен бірге дамитынына баса назар аударды.

Гербарттың дидактикаға ендірген басты жаңалығы – оқу сатыларын ажырату болды. Оның дидактикасындағы сұлба келесідей: **түсініктілік – байланыс – жүйе – әдіс**. Оқу үдерісі ұғымдардан түсініктерге өту және түсініктерден теориялық сипаттағы ептіліктерге жету жолымен жүргізіледі. Бұл сұлбада, байқағанымыздай, тәжірибеге орын қалмаған. Бұл формальды деңгейлер оқу мазмұнынан ажыралып, барша сабақтарда және барлық пәндерге арналған оқу үдерісінің желісін айқындайды. Гербарттың ізбасарлары мен шәкірттері (В.Рейн, Т.Циллер, Ф.Дерпфельд) оның теориясын дамыта, жаңалап, біртараптылық және формалистік сипатынан тазалауға ұмтылыс жасады. **Гербарт** сатыларына басқа атама беріп, олардың мазмұнын нақтылай түсіп, санын беске жеткізген **Рейн**. Оның сұлбасы: *жаңа материал дайындау, оны ба-яндау, өткендегілермен байланыстыру, қорытындылау мен қолдану*. Енді мұғалімдер формальды сатыларды дәлме-дәл ұстанудан құтылып, оларға әдістемелік илеумен кертартпалық ты жеңудің жолдары ашылды. Оқушылардың дербес және сындарлы ойлау мүмкіндіктері көтерілді.

XIX ғасырдың ортасында кең таралған Гербарт теориясы кейін бірте-бірте маңызын жоя бастады. Осы күнгі бағалармен өлшестіретін болсақ, Гербарт жүйесі мектептің дамуына кері ықпал жасады. Осы теорияның негізінде оқудың мақсаты дайын білімдерді ұсынып, жаттату деген пікірлер тарай бастады; оқу үдерісіндегі белсенділік тек мұғалімнен ғана күтілді, оқушыларға “тыныш, назар салып, мұғалімнің айтқанын орындау” міндеттері таңылды, яғни балалар енжар тыңдаушыға айналды. Дегенмен, Гербарт дидактикасынсыз, одан келер

ықпал болмағанда, гербарттық тәрбие тәжірибесін сынға салып, қайта қарастырмағанда, бүгінгі теория мен тәжірибе мектеп өміріне еш уақытта да енбеген болар еді. Зерделі назар аударсақ, бүгінгі мектептің өзінде Гербарт қалаған әміршіл дидактиканың элементтерін көптеп кездестіруге болады. Осылайша, өз сыныбына қатаң тәртіп енгізуді ниеттеген мұғалім алдымен ойланғаны жөн – бұлай істесем бола ма? Гербарт тәжірибесінде бұл тәсіл қолданылған, бірақ оқудағы шектен тыс қаталдықтан ғұламаның кейінгі шәкірттері бас тартты. Бұл өнеге - құптарлық.

XIX ғасырда жасаған американдық философ, психолог және педагог **Джон Дьюи** дидактикасы қоғам мен мектептің өрелі дамуына қайшы келген гербартшылардың әміршіл-әкімшіл педагогикасына қарсы тұру мақсатында дүниеге келді. Гербарт дидактикасына келесідей қарсы айыптар тағылды:

- қатаң тәртіп пен жазалауларға негізделген үстірт тәрбие;
- өмірмен байланыспаған оқудың “кітабилылығы”;
- оқушыларға тек “дайын” білімдерді ұсыну, жаттауға бағытталған “енжар” әдістерді қолдану;
- оқушылардың қызығулары мен қажеттерін жетімсіз ескеру;
- оқу мазмұнының қоғамдық қажеттермен байланыспауы;
- оқушы қабілеттерін дамытуға аз көңіл бөлінуі.

1895 жылы Чикаго мектептерінің бірінде эксперименттерін бастап, Дьюи өз зерттеуінде оқушылардың белсенділігі дамуына басты назар аударып, оқушылардың қызығуларына, олардың өмірлік қажеттеріне байланысты болған оқудың (құрғақ сөзді, кітаби, тек жаттауға негізделген оқудан гөрі) анағұрлым жоғары нәтижелер беретініне көзін жеткізді. Дьюидің оқу теориясына енгізген негізгі үлесі – **“толық ойлау әрекеттері** (акті)” жөніндегі жаңалық пікірі. Осыған байланысты адам өз өміріне аса күрделі кедергі болған қиыншылықтарды кездестірген кезде ойлау әрекетіне кіріседі. Әрбір “толық ойлау акті” келесі кезеңдерден құралады:

- қиыншылықты түйсіну (сезу);
- оны нақ байқап (көріп), мәнін анықтау;
- одан құтылудың жолдарын іздестіру (болжам белгілеу);

– болжастырылған шешімнен қорытындыға келу (гипотезаны қисынды тексеріске салу);

– болжамды қабылдау немесе одан бас тартуға мүмкіндік беретін келесі бақылаулар мен эксперименттерге өту.

Шешімдерін ойластырып, жеңу қажет “қиыншылықтар” кейін “мәселе” атауын алды. Дьюидің пікірінше, дұрыс құрылған оқу әр уақытта мәселелі (проблемді) болуы тиіс. Оқушылар алдына қойылатын мұндай мәселелердің өзі Гербарт ұсынған оқу-тәрбиелік құндылығы кем, енжар оқу тапсырмаларына қарағанда анағұрлым өзгеше. Оқушыларға берілетін тапсырмалар олардың қызығуларына, өмір талаптарына сәйкес болуы шарт.

Мұғалім оқушылардың қызықысыну қабілеттерінің дамуына мұқият назар сала отырып, олардың алдына түсінімі және шешілуі жағынан қиналтпайтын мәселелер қойып баруы қажет. Оқушылар, өз кезегінде, осы мәселелерді шешуден өздеріне жаңалық әрі пайдалы болған білімдерді игеретініне сенімді болуы тиіс. Сабақтар “толық ойлау акттері” негізінде құрылып, одан оқушылардың келесі ептіліктерді игеруі күтіледі:

– нақты қиыншылықты сезу;

– оны (мәселені) анықтау;

– кезіккен қиыншылықты жеңудің болжамын (гипотезасын) түзу;

– толық мәселені немесе оның бір бөлігін шешудің жолын табу;

– болжамды бақылау немесе эксперименттер жәрдемімен тексеру;

“Дәстүрлі” гербарттық жүйемен салыстырғанда, Дьюи өте батыл жаңалықтар, күтілмеген шешімдер ұсынды. “Кітаби оқу” орнына негізінде оқушылардың өзіндік таным әрекеттері болған белсенді оқу мектеп тәжірибесіне енді.

Әміршіл мұғалім орнын оқушылар белсенділігін не мазмұн, не оқу әдістеріне матамайтын, ал қиыншылықтарды жеңіуге көмектесетін, қажет болса, жәрдем беретін **жебеуші мұғалім иеледі**. Жалпыға бірдей мызғымас оқу бағдарламалары мұғалім тарапынан тек жалпылай мазмұны ғана анықталған бағыттау бағдарламаларымен ауыстырылды. Ауызша және жазбаша сөздің орнына оқушылардың өзіндік дербес зерттеу

жұмыстарын ұйымдастыруға бағышталған теориялық және тәжірибелік дерістер келді.

Көптеген кемшіліктері бола тұрса да, Д. Дьюи оқу жүйесімен қаруланған американ мектебі өз тарихында үлкен жетістіктерді қолға кіргізді. Бірқанша жаңаластырылған әрі соны элементтермен толықтырылған бұл жүйе бүгінгі американ мектебінде де өз беделін жоғары ұстап тұр.

Дьюи дидактикасының көп тұрғыдан жаңалықты әрі пайдалы болуына қарамастан, оның қазіргі заман талаптарына сай келмейтін кемшілік – олқылықтары еленіп, көзге түсуде. Дьюи де Гербарт сияқты оқу сатыларын барша пәндер және оқу жұмыстарының барша деңгейлерімен бірдей байланыстырады, осыдан бұл деңгейлер формальдық сипат алады. Ал тәжірибе болса, мұндай әмбебап модельдерді қолдамайды, оқудың, Дьюи бойынша – “бүтіндей мәселелі” немесе, Гербарт бойынша – “бүтіндей сөзге негізделген” болуы мүмкін емес. Дьюи дидактикасының және бір кемшілік тарапы – оқушылар білімді бекіту, нақты ептіліктерді дамыту үдерісіне қатыспайды. Ал тұрақты, оқушылардың бәріне бірдей ортақ бағдарламалардың орнына келген үзікті, байланыссыз пәндік “жобалар” оқудың сабақтастығын да, жүйелілігін де қамтамасыз ете алмайды.

Дьюидің жаңашыл дидактикасы дәстүрлі Гербарт дидактикасының әлсіз тараптарын нығайту мәселелерімен айналысты. Нәтижеде, бір мәселенің өзін әрқилы, кейде бір-біріне тікелей қарсы жолдармен шешудің тәсілдері табылды, ол бұл оқудың жеке мезеттерінде өте жақсы нәтижелер берген еді. Бірақ шектен шыққан біржақтылық шындыққа жанаса бермейді, осыдан екі жүйенің де тез ауыспалы өмір ағымының талаптарына бірдей сай келе бермейтіні байқалды. Кейінгі кезеңдерде жүргізілген зерттеулер ежелгіден, дәстүрлі және жаңашыл дидактикалық жүйелерден ең құнды болған тараптарын сақтап қалып, күнделікті маңызды болған мәселелерді шешудің жаңа жолдарын табуға бағытталды. Бұл ізденулерден кейін орын иелеген оқу жолдары бүгінгі заман дидактикасының **жаңа жүйесін** құрады.

Жаңа бағыттар арасында белгілі американдық психолог және педагог **Дж. Бруннер** ұсынған **“жаңалықтар ашумен оқыту”** тұжырымдамасы назар аударарлық. Бұл теорияға

орай оқушылар барлық танымдық күштерін іске қосуды талап ететін және өнімді ойлау қабілетінің дамуына ұтымды ықпал жасаушы өз белсенділігімен ашқан жаңалықтары негізінде дүниені танып, білімдер игеруі қажет. Оқушылар бұған дейін білмеген қорытындыларды жасап, оларды өз бетінше өрнектеп, тәжірибеде қолдану жолдарын да меңгеруі қажет. Мұндай шығармашылық оқу “дайын білімдерді” игеруден де, сондай-ақ қиыншылықтарды жеңу жолымен жүргізілетін оқудан да өзгеше, дегенмен, аталған екі жүйе де Бруннер теориясының негізі әрі қажетті шарттары ретінде пайдаланылған. Шығармашыл оқуға тән белгі, Бруннердің пайымдауынша, нақты тақырып бойынша деректерді жинақтау және бағалау, солардың нәтижесінде белгілі қорытынды ғана өрнектеу емес, сонымен бірге игерілетін материалдардың шеңберінен сыртта жатқан заңдылықтарды да анықтау.

Қазіргі заман дидактикасы өзінің келесідей ерекшеліктерімен сипатталады:

1. Бұл жүйе негізін шынайы заңдылықтар құрайды. Осының арқасында қазіргі заман дидактикасы оқу үдерісін түсіну мен талдауда бір тараптылық көзқарастан құтылды. Дидактиканың қазіргі күндегі тұжырымдамасы оқу үдерісіне **жүйелі бағытта** қатынас жасауға негізделген, яғни осы жүйеліліктен сезімдік қабылдау, білімдерді түсіну және игеру, игерілген білімдер мен ептіліктерді тексеру танымдық үдерісте, оқу іс-әрекеттерінде табиғи біртұтастыққа келтіріледі. Танымда да осы сезім, ойлау және тәжірибелік іс-әрекеттердің өзара бірдей уақыттағы ықпалдастығына байланысты талаптар да іске асып барады. Қазіргі дидактикалық жүйе өткендегі дидактикалық жүйелерге тән теория мен тәжірибе, білімдер мен ептіліктер, баяндау қабілеттері мен болмысты өзгерту, сондай-ақ тікелей мұғалімнен алынатын білімдер көлемі мен оқушылардың өз бетінше жинақтайтын білімдердің арасындағы қарама-қарсылықтарды жойды.

Дидактикалық жүйе түзуде **кешенді** бағыт-бағдар қажеттігі жөніндегі түсінім бекіді. Мұғалімдер де, ғалымдар да балалар жөніндегі білімдер, оларды оқыту тетіктері, танымдық іс-әрекеттері, мақсаттары мен сеп-түрткілері бірлігіне сүйенген

дидактика ғана тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуына пайдалы болатынын түсінді.

2. Бүгінгі дидактика жүйесіндегі оқудың мәні оқушыларға дайын білімдерді ұсыну, қиыншылықтарды өз бетінше жеңу және оқушылардың өзіндік жаңалықтар ашуымен шектелмейді. Оны түбегейлі ажырататын сипат: педагогикалық басқарудың нәтижелілігі оқушылардың ынтасымен, дербестігі және белсенділігімен саналы байланыс, қатынастарынан. Бүгінгі дидактиканың мақсаты – көзделген оқу деңгейіне оқушы уақытын, күшін, оқу құрал-жабдықтарын өз орнымен пайдаланып, балалардың оқу жүктемесін жас сатылары мен мүмкіндіктеріне қарай белгілеп, денсаулығына зиян келтірмейтіндей етіп жеткізу.

3. Оқу мазмұнын анықтау бағыты да өзгерді, оқу жоспарларын, бағдарламаларын және оқу пәндерін құрау принциптері де басқаша. Гербарт заманында мектептік оқу үшін қолданылған бағдарламалар оқушылардың талаптарын, қажеттерін және қызығуларын тіпті де ескермейтін еді, ақыл-ес дамуында “кітаби білімдердің” маңызын асыра дәріптеді. Оқудың американдық жобасында көбінесе оқушылардың өзінен-өзі, яғни жағдайға байланысты туындайтын қызығулары мен мезеттік белсенділігіне аса мән берілді. Нәтижеде, бағдарламалар білімнің жалпы суреттемесін беріп, ал жеке оқу пәндері жоғары сыныптарда ғана енгізілетін еді. Мұндай дидактикалық бағыттың ұнамды да, сондай-ақ ұнамсыз да тараптары болды. Жақсы болған тарапы – оқушы өз бетінше асықпай еңбектенумен қалаған саласында тиянақты дайындық көрді. Бірақ оның қорытынды білімі тар шеңбердегі мәселелермен ұсақталып, қажетті жүйе мен деңгейге жеткізілмеді.

Бұрынғы дидактикалық жүйелердің ұнамды сапалары жаңа дидактикаға өтіп, толыға түсті. Бүгінде жіктемелі (дифференцированные) оқу жоспарлары, бағдарламалары, курстері бүкіл әлемге тараған. Сонымен бірге, оқу пәндерінің бірігу (интеграция) үдерістері де өріс алып, олар оқушылардың әрқилы қажеттері мен қызығуларына икемдестірілуде. Сонымен, ежелгі заманнан бері балаларды оқыту мен білімдендірудің жетілген жолдары іздестірілуде. Мұғалімдер көптеген бағыттарды

өз тәжірибесінде тексеріп, сынап көрді. Ғылым топтаған білімдердің аса құндылары, озық тәжірибе, дидактикалық жүйелерге енді. Бастауыш мектептің қазіргі заман білімдену жүйесіне И.Гербарт және Д.Дьюи жүйелері көп ықпал жасады. Бірақ қазіргі заман дидактикасы балаларды оқытудағы бір тараптылық принциптен бас тартып, бала жөніндегі ғылыми білімдердің бар кешенін пайдалану теориясына ден қойды.

Оқу құрылымы

Оқу үдерісі қалай дамиды? Ол қандай кезеңдерді басып өтеді? Оның қатысушылары әр кезеңде не істейді? Оқу жекеленген бөліктер түрінде іске асып барады. Бұл бөліктердің бірізді әрекетке түсуі **дидактикалық үдерісті** құрайды. Әдетте, оқудың бітімді бір бөлігі сабаққа теңдестіріледі. Әр оқу бөлігінде (сабақта) мақсатқа жету үшін мұғалім мен оқушы бірлікті іс-әрекеттің бірізді кезегімен келетін сатыларын өтеді. Ескі кітаптарда жазылғандай, мұғалім оқушыны таным жолымен жетелейді. Оны жекеленген кезеңдерден өткізеді. Мұның себебі: дәстүрлі дидактика оқу үдерісіндегі басты рөлді оқушыға емес, **мұғалімге** береді. Шешілуі тиіс сұрақтар да осы жағдайға орай қойылатын еді, мысалы, жаңа білімдерді анық та түсінікті баяндау үшін педагог не істеуі және қалай істеуі керек, оқу үдерісін ол қалай басқаруы тиіс, оқудың сапасын қандай жолдармен тексеріп, бақылауы қажет. Ал қазіргі заман дидактикасы ортаға **оқушыны** шығарады. Бұл жағдайда мұғалім пәннің ерекшеліктерін, оқудың нақты шарттарын, балалардың жасын ескерумен, оқушылардың өз белсенділігі мен дербестігіне сүйеніп, **өз шәкіртімен** таным жолында **бірге** қадам атады. Олардың бірлікті іс-әрекетінде келесідей негізгі кезеңдер ажыралады:

- оқушылардың оқу сеп-түрткілері;
- оқушылардың тірек білімдерін, ептіліктерін және тәжірибесін пайдалану;
- жаңа материал өтуді ұйымдастыру;
- өтілгендерді жетілдіру;
- оқудың нәтижелілігін анықтау;

Әр кезеңде мұғалім және оқушылардың өз міндеттері белгіленеді, бірақ олардың іс-әрекеттерінің мақсаты – ортақ. Мұғалім іс-әрекетінің мәні – басқару, оқушыныкі – оқып-үйрену,

яғни білім, ептілік, іс-әрекет тәсілдерін ұғып, игеру және оларды тәжірибеде қолдана білу.

Бәрі сеп-түрткіден (мотивациядан) басталады. Ол сабақта ұсынылатын материалға оқушы ынтасын ояту үшін қажет. Егер бұл қолдан келмесе, оқу табысқа жетпейді. Осы кезеңде оқудың бастапқы өнімі – оқушылар ұғымы қалыптасады.

Қандай әрекетке келу қажеттігін білу үшін мұғалім балалардың сезімдік тәжірибесін, білімдерін, яғни олардың қандай да жолдармен (отбасыда, бала-бақшада, қоршаған ортада, бұқаралық ақпарат құралдарында, өткен сыныптар мен сабақтарда және т.б.) **бұрыннан меңгерген біліктерін жаңғыртады**. Сұрақтар қойып, әңгіме-сұхбат жүргізіп, ол балалардың алдағы сабақта игерілуі тиіс пән жөнінде не білетінін, не істей алатынын анықтауға тырысады. Егер пән оларға бейтаныс болса, онда педагог оқушылармен бірге жаңа білімдерді меңгеруге жәрдемдесетін бұрыннан белгілі деректерді, тұжырымдарды еске түсіреді.

Сабаққа дайындық кезінде педагог келесі нақты мәселелерді шешеді:

– жаңа білімдерді игеру үшін өткен материалдардан қайсысы тірек болуы мүмкін;

– қалыптасқан ептіліктер мен дағдылардың қайсысы жаңа әрекеттерге негіз болуы мүмкін;

– қайтіп оларды балалардың есіне түсіруі мүмкін, қандай сұрақтар беруге болады;

– бақылаулар үшін қандай материалды дайындау қажет, балаларға жаттығулардың қандай түрлерін ұсынуға болады;

– балалардың жаңа материалға қызығуын ояту үшін олардың көңіл-күйін қалайынша дайындауға болады.

Жаңғыртумен бірге жаңа білімдерді, ептіліктерді **алғашқы қабылдау** кезеңі бірге жүреді. Бұл кезеңдегі оқушылардың әрекеті қандай? Басты мақсат – білімдерді, ептіліктерді **ұғып, игеру**, яғни оларды өз меншігіне өткізу. **Игеру** – оқу тапсырмаларын **алуға** байланысты. Бұл, өз кезегінде, баланың жаңа білімдерді қабылдау **дайындығына** тәуелді. Егер ол қандай да білімнің немесе ептіліктің өзіне осы мезетте **пайдасын сезінбесе**, егер оның ақыл-есі игеріліп жатқан материалдың маңызы мен қажетін түсінуге әлі пісіп жетілмесе, онда оның білім игеруі

екіталай. Мүмкін, білім, ептіліктер зорлаумен игеріліп те қалар, бірақ осыдан олардың жаттанды, формаль болуы сөзсіз. Мейлі бала өзіне не қажет екенін әлі білмесін, айта алмасын, бірақ сана астарында өзі сезбей-ақ мұғалімнің берген тапсырмасына ден қоюдан алдын оны қабылдайды немесе тіпті жолатпайды, не оның бір бөлігін ғана орындауға ниеттенеді. Мұғалім осы өте маңызды жағдайға мұқият мән беріп, назар аударуы қажет.

Қабылдау үдерісі – оқып үйренетін пәннің оқушы санасында бейнелеуін қамтамасыз етеді. Ол сезім ағзалары арқылы тікелей немесе мұғалім сөзі арқылы – жанама да болуы мүмкін. Қабылдай отырып, оқушы тыңдайды, оқиды, үдерістерді не заттарды бақылайды. Қабылдау – белсенді үдеріс. Бірақ оның белсенділігі мұғалімнің осы қабылдауды қажетті деңгейде ұйымдастыруына, яғни көрсетпе беруінен, неге назар бөлу керек екенін айтуынан, оқушыға сұрақ қоюынан.

Оқу барысында көбіне **түсіну (ұғыну)** үлкен рөл ойнайды. Осы түсініп, ұғудың арқасында адам танымы нақты қабылдаудан дерексізденген ойлауға және теориялық білімдерді игеруге өтеді. Оқушы түсінбей-ақ көп нәрсені есінде қалдыруы мүмкін, бірақ бұл жағдайда ой жұмысы болмайды. Осыдан, қажетті даму да, алға ілгерілеуі де тоқтайды. Түсіну (ұғыну) белгілі әрекеттерді орындаудың нәтижесінде қалыптасады. Ол әрекеттер:

– талдау, біріктіру (игерілетін нысанды бөліктерге келтіру, бөліктерден бүтінді құрау);

– бастыны ажырату, негізгі ойды бөліп алу, өзекті сөз табу, тақырып өрнектеу, жоспар түзу және т.б.;

– салыстыру, беттестіру, яғни заттар мен жеке элементтер арасындағы ұқсастық пен өзгешеліктерді нақты белгілеріне орай анықтау;

– затты не құбылысты нақты белгілерінен ажыратып, оны дерексіздендіру не нақтылау, сонымен белгілі жағдай да қажет бір белгіге мән беру, бір белгіге аса назар аудару – нақтылыққа келтіреді;

– қисынды дәлелдер. Бұл әрекеттердің мәні – жеке тұжырымдамаға негіздеме беру, себеп-салдарлы байланыстарды түзу;

– қорытындылау, яғни бөліктерді тұтастыққа келтіру, қорытындыланған белгілерге анықтама беру.

Бастауыш мектепте мұғалім оқушылардың жаңа білімдерді қабылдауын әрқилы формаларда ұйымдастыруы мүмкін: ауызша баяндаумен, көрнекілікпен, оқушылардың өзбетінше бақылауымен, ізденіс жұмыстарын орындаумен.

Қабылданып, ұғынылған білімдер мен ептіліктер оқушылар тарапынан игеріледі, олардың меншігіне өтеді. **Игеру нәтижесі** – сабақта қабылдап, не өзбетінше ізденіп аңғарған зат, құбылыс, үдерістер мәні жөніндегі оқушының өз ұғымын бейнелейтін түсініктердің түзілуі. Дегенмен, бұл түсініктер бірдейіне анық әрі дұрыс бола бермейді. Олар төңірегіндегі жұмыстар келесі кезеңдерде жалғаса түседі. Жаңа материалды игеру, жаңа білімдер мен ептіліктер қалыптастыру сандық және сапалық ұлғаю мен дамуға жетелейді. Осыдан, оқушыда бірте-бірте пікір, түсінік және білімдер қоры қалыптасады.

Жаңа түзілген түсініктер мен ұғымдар **алғашқы бекіту** кезеңінде жетілдіріледі. Ал бұл көбіне игерілген материалды, ептіліктерді **тәжірибеде қолдану** үдерісінде іске асып барады. Мұндайда мұғалім жаттығулардың мүмкін болған барша түрін, мәселелі және ізденіс тапсырмаларын, тірек көрнекі құралдарын және т.б. пайдаланады. Қабылданып, ұғымға өткен білімдердің есте қалдырылуы осы кезеңде іске асады. Тәжірибе көрсеткендей, бастауыш мектепте жинақталған білім, ептілік, дағдылар қорының 80% оқушы есінде сақталып, өмір бойы оның қолданымында болады.

Жауапты мұғалім көбіне алғашқы бекітумен шектелмей, игерілгенді **нығайта түсу** үшін арнайы жаттығулар пайдаланады. Оқушы енді жаңа білімдер мен ептіліктерін бұрыннан таныс білім, ептілік, дағды, тәсілдерімен байланысқа келтіріп, қолдануға жаттығады. Тәжірибелі мұғалімдер материалды бір сабақтың өзінде бірнеше рет қолданып, бекітуге тырысады.

Мұғалім мазмұнның негізгі элементтерін есте сақтау шараларын қарастырады. Мұқият бекіген білімдерсіз баланың дамуы жөнінде әңгіме де болуы мүмкін емес: ой мен ес (жады) өзара тығыз байланысқан. Сондықтан, әр сабақта түрлі формаларды қолданып, **қайталаулар** ұйымдастырады. Бұл ұмыту кедергісін шектеп, жаңа материалды өткендегілермен байланыстырып, білім деңгейін дәлірек білуге, игерілгенді тереңдетуге, кеңейтуге, жүйелестіруге себін тигізеді. Оқып үйренудің кепілі

– қайталау екені даусыз. Тек қарадүрсін жаттауға емес, белсенді, қызғылықты, баланың ойлау қабілетін арқау еткен қайталау – игерілгенді нығайта түсудің өте қуатты құралы. В.Ф.Шаталов, мысалы, материалды әрқилы баламада көп мәрте қайталай қолданып, оның көлемін тарылта түсіп, басты түсініктердің игерімін нығайта отырып, кейін оларды **тірек конспекттерге** енгізеді.

Өтілгендерді қорытындылау кезеңі игерілген білім мен ептіліктерді оқушыларда бұрыннан бар түсініктер мен ұғымдардың жалпы жүйесіне қосуды көздейді. Бастауыш сыныпта қорытындылаудың екі түрі – **эмпирикалық** және **теориялық** - пайдаланылады. Бірінші тәсілмен балалар нақты белгілерді жинақтап, жалпылыққа келтіреді. Қорытындылаудың екінші әдісі – танылған құбылыстарды талдай-біріктіре түсінуге (ұғуға) мүмкіндік береді. Қойылған мақсатқа орай қорытындылау типтерінің бірте-бірте күрделене түсетін жүйелері қолданылады. Ең алдымен **ішінара қорытындылау**, кейін – **түсініктік** деңгейіндегі **қорыту**, ақырында – **сабақтық, тақырыптық** және **тақырыпаралық** қорытындылау жүргізіледі. Мұндайда бірізді іске қосылып баратын әрекеттер түрі: 1) нысан белгілерін талдау; 2) салыстырумен олар арасындағы байланыстарды анықтау; 3) басты белгілерді нақтылау; 4) тілдік өрнекке келтіріп, біріктіру; 5) қорытынды пікір қалыптастыру; 6) оқушының тапсырма орындау тәсілдерін ұғуы.

Қорытындылау тапсырмалары барша сабақтарда қолданым табады. А.Я.Савченко ұсынған тапсырмалар түрі келесідей:

– жаңа түсініктер қалыптастыруда салыстырылуы қажет нысандар мәнді белгілерін қорыту;

– жаңа нысан, жаңа жағдайларға тасымалдау үшін қолданылған оқу әрекет-тәсілдерін қорыту;

– қорытынды жалпылау: 1) оқылған мәтін бойынша; 2) бақылау нәтижесі бойынша; 3) сабақ бойынша; 4) саяхаттар ізімен;

– нақты тақырып, бөлім бойынша білімдерді жүйелестіру мақсатында қорытынды жасау: а) белгілерін тізіп, атау; б) тірек сұлба, кестелер жасау.

Оқыту үдерісінің **аяқтау кезеңі** – оқыту қызметінің нәтижелілігін анықтау; ал оқып-үйрену ақыры – оқушылардың

өздері тарапынан өз білім, ептілік, сауаттану деңгейін анықтауы. Бұл кезеңде мұғалім не оның басшылығында оқушылар білімдену нақтамасын жүргізеді, яғни білім, ептіліктердің қай дәрежеде қалыптасқанына көз жеткізеді. Мұндай жолмен алынған нәтижелер кейінгі жұмыстарға бағыт-бағдар береді: өткен материалға оралып, және бір қайталау, жаңадан оқып шығу, кейбір олқылықтарға назар аудару, келесі материалға өту және т.б.

Бүгінгі таңдағы бастауыш мектеп білімдер мен ептіліктерді толыққанды игеру, білім өнімдерін оқу міндеттері белгілеген нақты мақсат пен деңгейге сәйкес қалыптастыру талаптарын қоюда. Сондықтан оқу үдерісінің жүргізілуі мен нәтижелілігін біліп бару аса маңызды.

Игерілгендерді қайталаумен бекітіп, оқушылардың бұрыннан білгендерімен байланыстырғаннан соң, оқу нәтижесі нақты бір сабақта мейлінше мүмкін болған жоғары дәрежеге көтеріледі. Егер нәтиже (оқу өнімдері) көзделген деңгейге сәйкес бекісе – оқу мақсатының ақталғаны. Осы бағытта ұйымдастырылған оқу – бірізді ілгерілеген үдеріс сипатын алып, оқушылар сауаттылығының төменірек деңгейінен анағұрлым жоғары дәрежесіне басқарымды қадам атуына жол ашады.

Сонымен, оқу үдерісі бітімге келтірілген айналымдар (аяқталған сабақ) түрінде іске асырылады. Мұндай әр айналым өз элементтерін қамтыған жүйе ретінде қабылданады. Оқу үдерісінің басты құрылым элементтері (кезеңдері): білім, ептіліктерді қабылдау; оларды түсіну және ұғу; игеру; бекіту; тәжірибеде қолданып, нығайту; нәтижелілігін анықтау. Әр кезең өз талаптарына сәйкес меншікті міндеттеріне ие. Әр кезеңде мұғалім мен оқушы өздеріне белгіленген іс-әрекет, қызметтерді орындайды: мұғалім таным үдерісіне басқарым жасайды, ал оқушылар бейнеті де, зейнеті де мол оқып-үйрену ісімен айналысады.

Оқу мазмұны

Дидактиканың өзекті сұрақтарының бірі – неге үйрету керек? – бізді оқу мазмұнына бағыттайды. **Оқу мазмұны – бұл бастауыш мектепте игерілетін білім, ептілік және іс-**

әрекет тәсілдері. Бастауыш мектепте нені оқыту қажет, адамзат топтаған барша құндылықтар ішінен қандай білімдерді іріктеу керек - өте күрделі де даулы мәселе. Бүкіл дүниежүзі педагогтары бұл мәселе төңірегінде тынымсыз ізденуде. Бастауыш білім тұғырының қаншалықты берік болары, қоршаған дүние мен адамзат мәдениетін біздің бүгінгі және келер ұрпағымыз қалай түсінері – осы мәселенің дұрыс та оңтайлы шешіміне тәуелді.

Бастауыш білім мазмұны оқушылардың жан-жақты дамуы, олардың ойлауы, таным-қабілеттерінің қалыптасуы, білім жалғастыру мен болашақ еңбекке дайындығының негізін қалайды.

Оқу (білімдену) мақсаттарының іске асу құралы болғандықтан мазмұн қоғам мен жеке адамдардың күнделікті, сондай-ақ болашақ **қажеттерін** айқындайды. Жеке және қоғамдық қажеттер көп жағдайда осы мазмұнды қалыптастырады. Мазмұн түзілуі күрделі әрі қайшылықты іс, себебі ол көп адамдар мен топтардың мүдделеріне байланысты келеді. Бастауыш мектептегі білім мазмұны, құрылымы және сипаттарының қандай болу қажеттігі әркімді де – ата-аналар және оқушылардың өздерінен бастап министр, академик, өкімет мүшелеріне дейін – толғандырады.

Бастауыш білім мазмұнының қалыптасуына ықпал жасаушы себептердің арасында аса маңыздылары: 1) оқу мақсаттары; 2) әлеуметтік және ғылыми жетістіктер; 3) қоғам қажеттері; 4) жеке талғамдар; 5) педагогикалық мүмкіндіктер және т.б.

Қажеттіктер (қоғамдық және жеке) – мазмұнды қалыптастыруда ең алдымен еске алынатын жағдаят. Қазақстан Республикасының жаңа мектебін құрудың бүгінгі кезеңінде, жаңа демократиялық мемлекет іргесін көтеруде, мәдени-рухани қайта тіктелуде, адамдық іс-әрекеттер аймағында бұрын-соңды болмаған жаңғыртулар, демократиялық қоғам мен нарықтық қатынастар түзілуде, Отандық ғылым мен техниканың әлемдік стандарттар деңгейіне көтерілуінде оқу мазмұны іргетас қызметін атқаруы тиіс. Сондай-ақ мазмұн мәселесімен бірге келесі көкейкесті мәселелер шешілуі қажет: қоғамдық және жеке мүдделер арасын ұтымды байланыстыру; қоғамдық қажеттерді

қамтамасыз ету бағытын бірде әлсіретпей, білімді әр жеке адам үшін мәнді, нәрлі әрі қажетті ету.

Педагогикалық үдерістің жабдықталу деңгейін, оның материалдық-технологиялық және экономикалық қорын **мүмкіндіктер** реттеп барады. Оқушылардың жас сатыларына да байланысты шектеулер болады. Өткен ғасырдың 70-жылдары көрініс берген бастауыш мектеп мазмұнын бұрын тек жоғары сыныптарда өтілетін күрделі тақырыптарды бастауыш мектеп бағдарламасына ендіру жолымен жетілдіруді көздеген педагогикалық қадамдар өзін ақтамады, бұл міндетті түрде ескерілуі қажет балалар жасына тәуелді оқу мүмкіндіктері болатынын және бір дәлелдеді.

Бала жаттауға шебер, ол неғұрлым кіші болса, оның есте сақтап қалу бейімділігі соғұрлым жоғары, бірақ ұғыну, түсіну, саналы игеруі – басқаша. Бұл үшін белгілі даму деңгейі қажет.

Бастауыш мектеп оқу мазмұнына қойылатын талаптар **мемлекет стратегиясымен** белгіленеді. Онда - ұлттық және жалпы адамзаттық мүдде, құндылықтар бірдей ескерілуі міндетті. Мемлекеттік құжаттарда мектептегі білімденудің жалпы негіздері анықталған. Олар: гуманизация, интеграция, дифференциация, тұлғаны жан-жақты дамыту мен азаматтық қалыптастыру бағыты, ғылым және тәжірибелік тұрғыдан маңызды болу, білім күрделілігінің жас ерекшеліктеріне сай келуі, жаңа ақпараттық технологияларды өрісті қолдану.

Оқу мазмұнын гуманизациялауға үлкен мән беріледі. Мектептегі ғылым негіздерін оқушылар енді адам, оның өмірі жөніндегі білімдермен бірге игереді. Бұл балада өмір мен тіршілікті сақтап қалу, өмір мәнін түсінуге қаратылған болашаққа сенім арттыратын көзқарастарды тәрбиелеуші ойлаудың гуманистік типіне жетелейді. Мектепті гуманизациялауда балаларға өзін және қоршаған дүниені жете тануға мүмкіндік беретін тіл және әдебиет пәндеріне, эстетикалық тәрбиеге, адам жөніндегі ғылымдарға үлкен назар аударылады.

Мектептік оқу мазмұнын түзу жалпы орта білімнің мемлекеттік стандартына негізделеді. **Мемлекеттік стандарт** білім жүйесі мүмкіндіктерімен бірге білімнің қоғамдық мұратын (идеал) көздейді. Бір жағынан, ол – белгілі сапа және деңгейдегі білім алудың, орта білім аламын дегендердің бәріне бірдей

ақысыз мемлекеттік міндетті қызмет көрсетудің – қоғамдық кепілі. Екінші жағынан, мемлекеттік стандарт белгілі деңгейдегі білім құжатын алуды ниеттегендерге талаптар ұсынады.

Мемлекеттік стандарт өз ішіне келесі бөлімдерді қамтиды:

– оқу жылдары мен құрылымына орай мазмұндық қор жөніндегі біртұтас түсінік беретін жалпы білімдік орта мектептің тірек оқу жоспары;

– жалпы білім дайындығы мақсаттарының мазмұнын нақтылайтын мектеп және барша оқу орындарына арналған пәндердің білім стандарты.

– әр оқу сатысына (бастауыш, негізгі, орта мектеп) белгіленген жалпы орта білім мазмұнын игерудің ең төмен деңгейіне қойылатын мемлекеттік талаптар.

Мемлекеттік стандартқа сәйкес жалпы оқу мазмұны мен әр пәннің мазмұны екі – **инвариантты (өзгермейтін) негіз және жүйелі жаңаланып, қайта қарастырылатын** – бөлімнен тұрады.

Бастауыш мектепке арналған білім мазмұнын қалыптастыруда басшылыққа алынатын жәйт – баланың ең жоғары деңгейде жинақтайтын білім қоры емес, ал әңгіме ұсынылатын мазмұнның қаншалықты әлеуметтік тапсырысқа сай болуы мен балалардың болашақ өміріне тірек болар не беретінінде.

Сауаттанудың бастапқы сатысында алға қойылатын талап – баланың жан-жақты дамуы мен оқу іс-әрекеттерінің барша бірліктерін толыққанды игеруі. Сондықтан оны қалыптастыруда ескерілуі тиіс жағдаяттар келесідей болуы мүмкін: бірізділік пен болашаққа бағытталу; оқу мәселелерін шешудің күтілген мүмкіндіктері; соңғы тиімді нәтижені алуға ықпал етуші іс-әрекеттердің жетерлі жиілікте және оған бөлінген уақыттың қажет деңгейінде болуы, іс-әрекеттердің әртүрлі күрделілік деңгейінде ұйымдастырылу мүмкіндігі.

Бастапқы білімнің **тұғырлы** болуын қамтамасыз ету – принципті мәселе. ЮНЕСКО талабы бойынша, **бастауыш мектеп білімінің 80%-ін әрбір адам міндетті түрде игеруі шарт**. Ал адамның жалпы біліктері мен ептіліктерінің 80% бастауыш мектепте қаланатынында осы халықаралық ұйымның құжаттарынан белгілі болып отыр. Сондықтан бас-

тауыш мектептің **өзгермейтін тірек қоры** (базовый компонент) аймақтық ерекшеліктерге де, қоршаған табиғи ортаға да тәуелді емес.

Бүгінгі мектеп ерекшелігі – қоршаған дүние мен қоғам дамуы жөніндегі білімдердің бірігімі (интеграция). Кіші балалар санасында өзіндік **“әлем бейнесі”** ерте қалыптасады. Барша кемшіліктері бола тұра, бала “әлемінің” ұтымды тарапы – оның **тұтастығында**. Ал баланың мектеп босағасын аттауымен пәндер арасындағы алшақтық және айырмашылықтар бұл тұтастыққа “іріткі” салып, бөлшектейді. Нәтижеде, балалар игерген білімдер өзара байланыстан жұта болады. Көп мұғалімдер өз сабақтарында пәнаралық байланыстарды пайдаланады, бірақ бұл науқандық сипатта болып, жалпылай мәселені шешуде қауқарсыздық танытады. Білім – бұл тұтастық, сондықтан да ол осы күйінде оқушы “дастарханына” тартылуы қажет.

Заттар арасындағы кедергілерді жою үшін оларды басты тақырыптар не түсініктер төңірегінде біріктіреді. Бұл затты жан-жақты бақылап, оның барша өзара байланыстарын айқындауға мүмкіндік береді. Талдау, біріктіру, салыстыру әдістерін тиімді пайдалануға болады. Бұл дүниетаным, адамтану, экологиялық, қарым-қатынастық білімдер мен ептіліктерді қалыптастыруда өте маңызды. Екі-үш пәнді біріктіру немесе бөлек тақырыптарды біріктірілген топқа (блоктарға) келтіру негізінде құрылған интегралды курстар жасалуда. Мұндай курстар кеңейтілген, ауқымды мазмұн қамтып, уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Интеграциялаумен міндетті пәндер санын азайтуға болады. Бастауыш мектепте интеграция жүйе құрастырушы ұғымдар – сөз, көлем, форма, мөлшер, кеңістік, уақыт және т.б. – төңірегінде жасалады. Осы жолмен кіші мектепте оқылатын пәндерді “Әлем және адам”, “Мен және мені қоршаған дүние”, “Әлем, табиғат және мен”, т.с.с. тақырыптар төңірегінде біріктіріп, бір оқулыққа келтіру – күн тәртібінде тұрған келелі дидактикалық мәселелердің бірі. Өркениетті елдер (Англия, АҚШ, Жапония) мектептерінде мұндай курстар кең қолданылып, жанды және жансыз табиғат, техника, адам және т.б. жөніндегі білімдерді қамтиды.

Білім мазмұнын жасауда міндетті принциптердің бірі – жікке салу (дифференциалды) бағыты. Оның мәні – бастауыш

мектеп ұстанған қандай-да бір мақсат әртүрлі материалдар қолданумен орындалады, мысалы балаларға әріп таныту барысында мұғалім нақты “Өліппе” кітабында берілген мүмкін болған көп баламалар ішінен өз оқушылары үшін бірін таңдайды. Мұндайда пән өз атауын, арнайы міндетін өзгертпестен екінші бір бағдарлама не оқулық негізінде оқу үдерісінде пайдаланылады.

Білім мазмұны мектеп типі, аймақтық не басқа да ерекшеліктеріне байланысты өзгеріске келуі мүмкін. Жалпы мектеп, гимназия, авторлық оқу орындары үшін түзілген әрқилы оқулықтар болуы ықтимал. Оларды пайдалану балалардың мектепке дайындық деңгейіне тәуелді. Анығы, дарынды балалар мен оқу қабілеті кемдеу шәкірттер үшін әртүрлі оқу бағдарламалары мен оқулықтар болғаны жөн, алайда қай оқулықта болмасын, мемлекеттік стандарт талабына сай инвариантты (өзгермейтін) білім сақталуы міндетті. Мазмұнның жікке келуі ақпараттық бөлімнің тарылуы мен кеңеюінен игеру қарқынының өзгеруіне, материал ұсыну тәсілдеріне де байланысты.

Сыртқы жіктелулермен қатар (пән мазмұны және оларды игерудің әрқилы тәсілдерін ұйымдастыру деңгейінде) ішкі дифференциация да қолданылады. Ол оқу материалы мазмұнын дайындығы әр деңгейде болған балалар үшін тақырып не бөлім ауқымында жіктеп, үлгерімі жоғары оқушыларға материалды тезірек игеріп, дами түсуіне, ал біліктілігі жетімсіз балаларға бағдарламаны жеңілдетілген күйде ұсынуға мүмкіндік береді. Мазмұн мұғалімдер үшін өз оқу-тәрбие жұмыстарын оқушылардың қызығулары мен қабілеттеріне орай даралап оқытуына да қолайлы болуы қажет, өз ішіне мүмкіндігі болғанша тәрбиелік істерге де жол-жобаларды молынан қамтығаны жөн.

Оқу үдерісінің мазмұны қамтыған білім түйдектері мен олардың элементтері өзара әрқилы тәсілдермен байланысқа келген түрлі **құрылымдарға** (структура) бірігеді. Бұл құрылымдардың аса кең тарағандары: **ізбе-ізді, шоғырлы, оралымды** және **аралас**.

Ізбе-ізді (линейная) құрылымда оқу материалының жеке бөліктері үздіксіз бірізді өзара тығыз байланысқан күйде мектептік оқу мерзімінде бір-ақ рет ұсынылады. **Шоғырлы** (концентрлі) құрылымда уақыт өтумен бұрынғы материал

қайталана, игеріледі. Бір сұрақ бірнеше рет қойылуы мүмкін, бірақ оның мазмұны әр жаңа қойылымда жаңа ақпараттар, байланыстар және тәуелділік заңдылықтарына орай бірте-бірте байытылған сипатта беріледі. Оқудың алғашқы кезеңдерінде қарапайым ұғымдар төңірегінде жұмыс алып барылса, кейін оқушылардың білім қорының арта түсуі мен танымдық мүмкіндіктердің өсуінен ол оқу істері ғылыми-теориялық және тәжірибелік тұрғыдан тереңдеп, кеңейтіле барады. **Оралымды** (спиральды) құрылымға тән ерекшелік – оқушылар бастапқы мәселені назардан тыс қалдырмай, онымен байланысты білімдер ауқымын бірте-бірте кеңейтумен болады. Бұл құрылымда концентрлікке тән үзілістер болмайды, ал оның ізбе-ізді оқудан айырмашылығы – оқу материалы бір мәрте ғана өтіліп шектелместен, үстемеленіп толыққан дәрежеде қайталанып отырады. Оқу кітаптарын құрастырушылар бүгінде **аралас** құрылымды пайдаланғанды жөн көріп отыр. Себебі ол мазмұн қалыптастыруда әрқилы жолдарды қолданып, әр бөлімді өз алдына қолайлы болған тәсілдермен баяндауға жол ашады.

Құрылым таңдауда ескеретін жәйттер: оқу мақсаттары, сауаттану деңгейіне қойылатын талаптар, игерілетін пәндердің сипаты мен ерекшеліктері, мазмұн бағыттары; оқу топтарының, оқушылардың әлеуметтік, табиғи орта өзгешеліктері.

Білім сипаты қандай болуы қажет және ол оқушыға не жеткізуі тиіс? бұл сұрақтар төңірегінде әртүрлі көзқарастар өрбіген. Әсіресе кең жайылым алған бағыттар: **материалды** (әмбебап) және **формальды** (таңдаулы) білімдер. Материалды білім бағытын қолдаушылар Я.А.Коменский пікіріне жүгінеді: мектептің негізгі мақсаты – оқушыларға мүмкін болғанша әр саладан жан-жақты, көлемді білім беру. Бұл жоба өркениетті елдердің көбінде беделді оқу-орындары тарапынан қабылданған. Бұл бағыттағы оқу Қазақстан мектептерінде де жалғасын тауып, оқу пәндерін ұсынуға бұрыннан дәстүрлі келе жатқан классикалық прогимназия әдістерін пайдалануда. Біршама жетістіктері бола тұра, материалды білім бағыты кемшіліксіз де емес, олар: оқу курстары арасында байланыс кем; шектен тыс артық, бала дамуына кейде тіпті де қажет емес материалдар қамтыған. Осы жағдайларға байланысты мұғалім

пәнді асығысты, арасында үстіртін өтуіне тура келеді, оқу бағдарламалары бір ғана ізбе-ізді сұлба бойынша түзіледі.

Бұларға қарсы **формальды** білім бағытын ұстанғандар ежелден келе жатқан “Білім - әлі ақылдылық емес” деген халық даналығын ұстанып, оқу жұмыстарын жүргізуде. Жалпы, оқудың мақсаты – ой жаттықтыру. Әңгіме мазмұн сипатында емес, оқушылардың ой-пікір жүргізуге үйренуінде. Формальды бағыт педагогтары басты назарды оқушылардың қабілеттері мен танымдық ұмтылыстарын, зейінін, жадын, ой толғаныстарын дамытуды қажет деп біледі. Ал бұл сапалардың қанат жаю құралы – тіл, математика пәндері, ал гуманитар сабақтардың қажеттігі шамалы.

Дидактикалық пайдакүнемдік (утилитаризм) оқудың тұрмыстық, тәжірибелік пайдасын әсірелеуден туындайды. Егер оқу өмір үшін ештеңе бермейтін болса, оған босқа уақыт зая етудің не қажеті бар? Оқу баланың жеке-дара қажеттерін қанағаттандыруы тиіс. Ол өзі және ата-аналары қалаған немесе өз қабілеттері жететіндей іс-әрекет түрлерімен шұғылданғаны дұрыс. Осы оқу-тәрбие бағытын қалаған мектептерде балалар тұрмыстық дағдыларды қалыптастырады, мұндай дағдылы іс-әрекет түрлері: тамақ дайындау, тігін тігу, кесте тоқу, бау-бақша, көкөніс көгертуге үйрену, қарапайым кәсіптік іс-әрекет ептіліктерін дамыту. Осы сияқты оқу мазмұнын көбіне мүгедек және ақыл-есі кем балаларға арналған оқу-тәрбие орындары таңдайды. Осы қарапайым да пайдалы білімдер мен ептіліктер төңірегінде ауқымды жалпы білімдер мен ептіліктер жинақталады, бірақ оларды игеруге жарымжан балалардың көбінің шамасы жетпейді.

Сонымен, бастауыш мектеп мазмұны оқушылардың жан-жақты дамуына, ой, танымдық қызығулары, білім жалғастыру мен болашақ еңбек іс-әрекетіне дайындығының негізін қалайды, қалыптастырады. Ол мазмұн мемлекеттік стандартқа сай болуы тиіс. Мектептік білім мазмұнының жалпы негіздері: адамластыру, бірігімге келтіру, жіктемелеу, тұлғаны жан-жақты дамыту мен азаматтық қалыптастыру, ғылыми және тәжірибелік маңызды болу, білім күрделілігінің жас ерекшеліктеріне сәйкестендірілуі, жаңа ақпараттық технологияларды қолдану. Мазмұн баяндау мен ұсынудың кең тараған құрылымдары: ізбе-

ізді, шоғырлы, оралымды және аралас. Мазмұн құрастыруда екі бағыт қолданылады: материалды (эмбебап) және формальды (таңдаулы).

Мазмұн элементтері

Бастауыш білім мазмұны бөлектенген элементтерден құралады. Ең маңызды элемент – **білім** (знание). Білім – бұл оқушы санасында қалыптасқан ұғымдар, деректер, пікірлер, түсініктер. Білімдер қарапайым-тұрмыстық және ғылыми-теориялық сипатымен бөлінеді. Тұрмыстық білімдерді бала өмір барысында, жеке бақылаулары мен ой толғаныстары нәтижесінде жинақтайды. Ал теориялық білімдер мақсат-бағдарлы оқу және өзіндік ізденіс негізінде қалыптасады. Бала білімі оның тілімен байланысты. Ол сөзбен өрнектейтін, өз сөзімен түсіндіріп бере алатындарын ғана біледі.

Біліммен бірге жүретін құбылыс **ептіліктер**. Ептілік – бұл әрекеттегі білім. Ол белгілі амалдардың, іс-әрекеттерді орындау тәсілдерінің игерілуінен пайда болады. Ептіліктер саналық және тәжірибелік болып бөлінеді. Оқу үдерісінде оқушы көп санды ептіліктерге – жалпы оқулық, арнайы (есептеу, сөйлеу), ойын, еңбек, спорттық, эстетикалық, моральдық және т.б. - үйренеді. Жалпы ептіліктер нақты ептіліктерден құралады. Жалпы оқу ептіліктері қатарына, мысалы, оқу әрекеттерін жоспарлау, кітаппен жұмыс істеу, басты деректерді ажырату, талдау, салыстыру, өтілгенді есте қалдыру, өзіндік бақылау алып бару және т.б. кіреді.

Көп қайталаулардың нәтижесінде ептілік **дағдыға** айналады. Дағды – бұл автоматтық деңгейге жеткізілген ептілік. Кейбір ептіліктер тұрақты дағдыға айналады: мысалы, бірінші сыныпта дұрыс әрі жүгіріп оқу дағдысы қалыптасуы керек, ал кейбір ептіліктер ешқашанда дағдылыққа өтпейді (мысалы, қалыптан тыс мәселелерді шешу). Дағды қалыптасу үшін әрекеттер қайталануы жылдам әрі дәл болуы керек. Оқушы әрекеттерді көп санды қайталап, өз күшін босқа сарп етпеуі үшін, мұғалім дағды қалыптастыруға ынталы болады. Мысалы, мәнерлі оқуға аса күш салудың тіпті қажеті жоқ, егер ол оқушының болашақ өмір жоспарларымен байланысты болмаса. Әр ұстаздың ар-

маны – балаларды әдемі жазуға үйрету, бірақ мұндай дағдыны қалыптастыру өте көп уақытты және шыдамдылықты керек етеді. Егер бала оқығанын жақсы түсіне алса, мәнерлеп оқу дағдысы қажеттік туындаған шақта оңай қалыптасады. Бірақ бұл дағды, осы сияқты әдемі жазу дағдысы да көп адамдарға өмір барысында қажеті де болмай қалады.

Оқу мазмұнының келесі бір маңызды бірліктер тобы – **шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі**. Бұл – ойлаудың және оқу іс-әрекеттерінің жалпы тәсілдер жүйесі, қоршаған болмысқа бағытталған эмоционалды, еріктік, адамгершілік, эстетикалық қатынастар тәжірибесі. Осыларды игере отырып, оқушы – 1) өткенде игерілген білімдер мен ептіліктерді жаңа салаларға, жаңа жағдайларға тасымалдайды, ауыстыра қолданады; 2) бұрын белгілі тәсілдерді бір қорытындыға келтіреді; 3) проблемді тапсырмаларды түсінумен олардың шешілу жолдарын табуға үйренеді.

Ескеретін жәйт, мазмұнның бұл шығармашылықпен байланысты элементі бастауыш мектепте толық қолданыла бермейді. Бұл сынды оқу мәселелері оқудың үшінші-төртінші жылдары енуі мүмкін, ал игерілген білімдерді жаңа жағдайларда қолдана білуге балаларды оқудағы алғашқы қадамнан үйрете бастау керек. Толық көлемде іске асуы қиын және бір элемент – бұл баланың дүниеге, іс-әрекетке, ғылыми білімдерге, моральдық талаптар мен мұраттарға болған **көңіл-күй** (эмоционалды) - **құндылықты қатынасы**. Мұғалімдердің сабақ уақытында балалардың үйреніп, игерген материалдарын талқылап, оларға болған көзқарастарын сұрастыруға ешбір уақыты қалмайды. Дегенмен, бұл маңызды істі қалай да уақытын тауып, орындап барған пайдалы.

Педагогтар бұл күндері оқу мазмұны мен мектеп пәндерінің мақсатты бағдарланған **тәрбиелік ықпалын** көп әңгіме етуде. Мектеп сабақтарының бәрінің де салауатты өмір салтын, мінез-құлық мәдениетін, тұлғаның азаматтық және басқа да сапаларын тәрбиелеуде маңызы өте үлкен.

Сонымен, бастауыш білім мазмұны көп элементті. Ол жеке пәндер бойынша білім, ептілік, дағдылар жүйесін, сондай-ақ пәнаралық оқу дағдыларын, әрекет-қылық тәсілдері мен оқылатын пәндерге, адамдарға, табиғатқа, әлемге деген

қатынастарын қамтиды. Білім, ептілік дағдылар ажыралмас бірлікте қалыптасады. Егер олар қажетті деңгейде қаланбаған болса, баланың оқуды әрі қарай жалғастыруында кедергі мен қиыншылықтар көп болады. Сондықтан да бастауыш мектеп педагогы балаларға алға қойылған мақсаттарды толық көлемде іске асырудың жолдарын үйретуге күш-қуатын барынша қосады.

Оқу жоспарлары мен бағдарламалары

Оқу үдерісінің мазмұны әр пәнге орай бекітілген оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары бойынша анықталады, ол мазмұн оқулық кітаптарда, электронды ақпараттық қорларда (бейне дискілерде, бейне таспаларда, компьютерлік бағдарламаларда) беріледі.

Оқу жоспары – бұл құжат арқылы оқу үдерісінің сипаттары айқындалады: 1) оқу жылының толық мерзімі, тоқсандар мен демалыс күндерінің ұзақтығы; 2) бастауыш мектепте оқылатын пәндердің толық тізімі; 3) пәндердің оқу жылдарына орай бөлінуі; 4) бүкіл оқу барысында әр пән бойынша және әр сыныптағы пәндерге бөлінген сағаттар саны; 5) әр пәнге бөлінген апталық сағаттар саны. Оқу жоспарында қоғам тарапынан қабылданған тәрбиелік мұраттар, көзделген мақсаттар, мазмұн қалыптастыру пікір сайыстарында жеңіп шыққан тұжырымдамалар өз өрнегін табады. Бұлардың бәрі мемлекеттік стандарт талаптары негізінде түзіледі. Жоспар мен бағдарламалар түзу бүкіл әлемде – таласты мәселе. Сондықтан оқу жоспарлары мен бағдарламалары өзінің көп түрлілігімен ерекшеленеді. Қазіргі кезеңдегі оқу жоспарларында екі бірліктер тобы байқалады – **мемлекеттік** және **ұлттық - аймақтық (мектептік)**. Алғашқы құжат әрбір оқушыға әлеуметтік қажетті әрі міндетті болған білім, ептілік, дағдылар ауқымы мен деңгейін, іс-әрекет тәсілдерін қамтиды. Мұнда тіл және әдебиет, информатика негіздерімен бірге математика, қоғамдық, жаратылыстану, эстетикалық және салауаттық сақтау мен еңбек пәндері беріледі. Мектептік білімденудің мемлекеттік міндетті пәндері барлық оқу орындары типтері және барша оқушылар тарапынан игерілуі және олардың

көлемі жалпы білім ауқымының 40% тең болуы қажетті. Осы жоспарға орай мектепте мемлекеттік тіл, математика, ән-күй және көркем сурет өнері, денешынықтыру, табиғаттану, сондай-ақ еңбектік оқу енгізілген. Пәндер арасындағы көлем және сандық қатынас елдердің көбінде келесідей: гуманитар пәндердің тобы – 40-46%, жаратылыстану-математика – 30-35%, жаратылыстану – 7-11%, салауаттық сақтау – еңбектік – 16-20%. Ұлттық мектептердің жоспары ана тілі мен әдебиеті, бабалар тарихы және басқа да нақты халық ерекшеліктеріне арналған пәндермен толыға түседі.

Ал **мектептік бірлікке** кіретін білімдер тобы оқушылар, олардың ата-аналары, аймақтық (жергілікті) оқу департаменттері тарапынан анықталады. Оның мақсаты – нақты аймақтың қажеттерін қамтамасыз ету, оқушылар қызығулары мен тапсырыстарын орындау, қажет болған жағдайда оқуды жікте-мелеуде көмек беру. Мектеп тарапынан енгізілген пәндерге жалпы уақыт қорының 20-дан 60% дейін бөлінеді. Бұл пәндер бірлігі нақты аймақтағы балалардың дамуы үшін маңызды және қажетті болған пәндерді: ұлттық тіл, тарих, аймақ географиясы, шет тілдер, этика, валеология, салауаттық сақтау және с.с. қамтиды. Мектеп қабылдаған пәндердің оқылуы жергілікті мүмкіндіктерге байланысты жүргізіледі.

Оқу жоспарының бірнеше баламасы (варианты) болуы мүмкін. Олар мектеп типі, балалардың жас мүмкіндіктері, оқу уақытының көлемі, бірізділік және түсініктілік принциптерін сақтауға орай түзілген тұғырла жоспар негізінде жасалады. Мектептердің өздеріне қолайлы оқу жоспарларын таңдап алуы – демократия мен гуманизация бағытындағы ізгілікті қадамдар. Бұл құжатты мектеп өзінің педагогикалық және ата-аналар кеңестерінің бірлікті отырыстарында бекітеді.

Оқушылардың **жеке-дара оқуы** өз алдына бөлек түзілген оқу жоспарларымен ұйымдастырылады. Кейбір мектептер, екіншіше орай, күндізгі және апталық жүктемелерді ұлғайтуға ынталы. Олардың көздеген қосымша оқу қызметтері, мысалы, шет тілдерін үйрену – балалардың денсаулығына үлкен зиян тигізуде. Бұған жол беруге болмайды.

Оқу жоспарлары негізінде **пән оқу бағдарламалары** түзіледі. Оқу бағдарламасының мазмұндық құрамы келесідей:

1) белгілі пәнді оқытудың мақсаттары, оқушылар білімі мен ептіліктер деңгейіне қойылатын негізгі талаптар, оқу формалары мен әдістері жөніндегі түсініктеме хат; 2) оқылатын материалдың тақырыптық мазмұны; 3) кейбір тақырыптарды игеруге жұмсалатын оқу уақытының салыстырмалы көлемі; 4) мазмұнның негізгі элементтер тізімі; 5) пәнаралық байланыстарды іске асыру бойынша көрсетпелер; 6) оқу жабдықтары мен көрнекі құралдар тізімі; 7) қосымша оқуға қажет әдебиеттер тізімі. Оқу, білімдену жүйесінің бұдан былайғы жіктелуін (дифференциациясын) тереңдету мақсатында оқу жоспарларының көптеген баламалары ұсынылуда. Оқу орындарының қай-қайсысында да бұл күнде тек бір пәннің өзі бір уақытта бірнеше бағдарламалар бойынша оқылуы мүмкін. Бұл оқушылардың қызығулары мен мүмкіндіктеріне байланысты. Жіктелген бағдарламалар және тереңдетіле немесе жеңілдетіле оқылатын пәндердің енгізілуі жөнінде мектеп кеңестері шешім қабылдайды әрі бекітеді.

Оқулықтар мен оқу құралдары

Оқу мазмұны толығымен оқу әдебиеттерінде беріледі. Бұлар: мектеп оқулықтары, оқу құралдары, анықтамалар, қосымша оқу кітаптары, карталар, жаттығулар жинақтары, баспа негізде жасалған дәптерлер және т.б. Оқудың нәтижелілігі – оқу әдебиеттерінің сапасына байланысты.

Оқулық – пән бойынша білімдердің негізгі көзі. Бұл күнгі оқулықтарға өте үлкен талаптар қойылуда. Олар оқушылардың оқу үдерісіне саналы және белсенді қатынасын қамтамасыз етіп, оқу материалының толық игерілуіне ықпал етуі қажет. Осы қызметтерді орындауға байланысты оқулық келесі дидактикалық міндеттердің шешімімен айналысады:

– ұсынылған пәнді игеруге ынталандыру, оқу жұмысына қызығу және ұнамды қатынас сеп-түрткілерін ояту;

– оқушылардың білімін мүмкін болған ақпараттық тәсілдермен байыту және жетілдіру;

– оқу барысы және оның нәтижесін тексеру, өзіндік бағалау және реттеу жұмыстарын ұйымдастыру, қажетті ептіліктер мен

дағдыларды қалыптастыру үшін берілген жаттығуларды орындау;

Ізгілікті (гуманистік) тұлға қалыптастыруға бағытталған оқу жобасының негізгі принциптері төмендегідей:

– бірлікті қызмет ұйымдастырудың формасы – диалог. Оқулық осыдан мұғалім мен оқушы арасындағы сұхбат-әңгімені жүргізу үшін керекті тапсырмалар, жұптасып, топтасып, бүкіл сынып болып (фронталь) және жеке-дара тапсырыстар орындайтын жұмыстарды қамтиды.

– тапсырыстар таңдау еркіндігі. Осыдан еркін таңдастыру, міндетті және қосымша материалдар болу жағдайларын қарастыру шарт.

– оқушылардың мүмкіндіктері мен дайындық деңгейіне сай келуі;

– мүмкін болғанша ұтымды (оптималь) көлем;

– құрылым анықтығы, түр-түс және шрифттік ажыралулар, сондай-ақ сапалы полиграфия;

– жіктеулі оқу мүмкіндіктері;

– ұнамды шарттар көздері;

– қабылданған тұжырымдамаларға сәйкестік;

– оқу әрекетін ұйымдастыру үлгісін беру мақсатында мұғалімге нақты педагогикалық технологияға сай түзілім ұсыну.

Сонымен бірге, жақсы оқулық оқу мазмұнына қойылатын барша талаптарға сай, оқушылар үшін қызықты, қысқа да нұсқа, түсінікті, әдемі өрнектелген, эстетикалық тартымды болуы керек. Ол сондай-ақ тұрақты әрі қолданымда қолайлы болғаны жөн. Тұрақтылық талабына орай оқулық мызғымас негізде құрастырылуы қажет. Ал қолданымдағы қолайлылығы (мобильность) – қажет болған уақытта оған негізгі құрылымды бұзбастан жаңа білімдерді енгізу мүмкіндігінің болуы. Осыны көздей отырып, оқулықты топтық (блоктық) құрылым жүйесінде жасаған жөн, себебі қажет кезде қосымша ендіруге, керек болса – кеңейтуге болады. Оқу кітаптарына қойылатын талаптар көп қырлы әрі қайшылықты, осыдан бүкіл дүниеде өркениет өрісімен бірге жүрердей жақсы оқулықтар кемде-кем. Экономикалық дамудағы елдерде баламалы (параллель) оқулықтар көптеп

жарық көруде, осының арқасында мұғалімдер мен оқушылар оларды таңдау мүмкіндігіне ие.

Оқулық **оқу құралынан** бағдарламаға толық сәйкес мазмұндықамтуыменажыралады, алоқуқұралыбағдарламадан біршама ауытқуы да мүмкін. Оқу құралдарына қойылатын талаптар оқулықтарға белгіленген талаптармен бірдей. Қай оқу кітабын негізге алу – мұғалімнің қалауы, шешімі. Дәстүрлі оқу материалдарымен қатар қағазсыз оқу ақпараттары жиі қолданымға түсуде, бұлар – бейне дискілер, бейне таспалары және т.б. Бұл соны да тосын оқу құралдарының дидактикалық бағамы қазірше қарама-қарсылықты – бір жағынан, білімдену жолындағы революцияны дәріптеген ұрандар болса, екінші жағында – өте төмен нәтиже мен пайдасыздығын дәлелдеуші түңіліс ақпараттары. Өлбетте, бейнелі, эмоционалды материалдарды жеткізуде бейнелі оқулықтардың пайдасы орасан, бірақ олар жәрдемімен өнімді ойлау дамуын, ептіліктер мен дағдыларға жаттықтыру, басқа да зерделік мәселелерді шешуді қамтамасыз ету өте қиын. Сондықтан оларды дәстүрлі оқу материалдары және жабдықтарымен бірге пайдаланған орынды.

Дерексізденген ой, логиканы компьютерлі оқу бағдарламаларымен жақсы дамытуға болады. Компьютер арқылы қабылданған білім әрдайым толық болмай, қысқа әрі формальдасқан күйде жинақталады. Сондықтан компьютерлі оқу құралдары қисынды ой, ес құрылымды білімдерді игеруде өте пайдалы. Электронды машиналар үйретпе жаттығуларды орындауда, білімдерді бақылау және реттеуде үлкен мүмкіндіктер береді.

Сонымен, жақсы оқулық - нәтижелі білім, ептілік және дағдылар кепілі. Мұғалім оларды таңдауда мемлекеттік стандартты, аймақтық талаптарды және оқушылар мүмкіндіктерін ескереді.

Өзіңізді тексеріңіз

1. Оқу үдерісінің мән-мазмұны неден құралады?
2. Дидактика деген не?
3. Дидактиканың негізгі категорияларын атап, оларға сипаттама беріңіз.
4. Дидактикалық жүйе деген не?
5. Дәстүрлі И.Герbart дидактикасының мәні қандай?
6. Дж.Дьюи дидактикасының ерекшелігі неде?
7. Қазіргі заман дидактика жүйесінің негізгі белгілері қандай?
8. Оқу үдерісі қандай кезеңдерден тұрады?
9. Әр кезеңдегі мұғалім және оқушы қызметтерінің мазмұны қандай?
10. Оқу үдерісінің мазмұны деген не?
11. Оқу мазмұнының қандай элементтерін білесіз?
12. Оқу мазмұны қалай қалыптастырылады?
13. Мемлекеттік стандарт деген не?
14. Оқу мазмұнына қойылатын талаптар қандай?
15. Оқу мазмұнын түзудің қандай сұлбасын білесіз?
16. Оқу жоспары деген не?
17. Оқу жоспарларына қойылатын талаптар қандай?
18. Оқу жоспарының қай бөлігіне өзгерістер енгізуге болады?
19. Оқу бағдарламасы деген не?
20. Оқулықтарға қандай талаптар қойылады?

6-ТАРАУ

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ СЕП-ТҮРТКІЛЕРІ

Жоспар:

Оқу әрекеттерін қозғаушы күштер
Кіші жастағы оқушылардың мүдделері
Сеп-түрткілер қалыптасуы
Оқуға ынталандыру
Ынталандыру ережелері

Тірек конспект-сөздік

Сеп-түрткі (мотив) – оқушыны қандай да қалыпқа, әрекетке, оқып-үйренуге еліктіруші күш, ықпал.

Еліктіруші сеп-түрткілері (мотивация) – оқушының белсенді танымдық іс-әрекетке араласуына ықпал жасаушы үдерістер, әдістер, шаралардың жалпы атамасы.

Сеп-түрткілер тобы (группы мотивов):

– *кең әлеуметтік сеп-түрткілер* – борыш, жауапкерлік, оқудың әлеуметтік маңызын түсіну, тұлғаның оқып-үйрену арқылы қоғамда өз орнын иелеп, бекуі, өз әлеуметтік беделін көтеруі.

– *Тар әлеуметтік* (бір бағытты) *сеп-түрткілер* болашақта лауазымға жету, төңіреkteгілердің көзіне түсу, еңбек табысына қол жеткізу, мадаққа ұмтылу.

– *Әлеуметтік қатынас, қызметтестікке* (сотрудничество) араласу (арақатынастар түзуге ұмтылыс, сыныптағы өз рөлі мен бағыт-беделін бекіту мен көтеруді нысандау).

– *Кең танымдық сеп-түрткілер*, яғни оқып-үйрену үдерісінің өзі мен оның нәтижесінен қанағат, ләззат алу.

– *Оқу-танымдық сеп-түрткілер* (білім іздеу, жинақтау жолдарын үйренуге ұмтылу, нақты пәнді біліп алуға ниет қою.

– *өзіндік білім көтеру, сауат ашу* (самообразование) *сеп-түрткілері* (қосымша білімдерді игеруге бағыт қою).

Сыртқы сеп-түрткілер – педагогтар, ата-аналар, сынып, тұтастай қоғам ықпалдары, олар келесі формаларда әрекетке келуі мүмкін: сыбыр, ым, талап, нұсқау, қамшылау, зорлау.

Ішкі сеп-түрткілері – оқушыны өзінің іштей оқуға болған ынта-ықыласын оятып, өзіндік әрекетке еліктіруші күштер (бо-рыш сезімі, мұғалім мадағын күту, жазадан қорқу, үлкендер та-лабына қарсы тұрмау әдеті, қызығу, өзіншілдік, бедел тұрақтату, ата-анасын қуанту, “5” алу ниеті, мақтау, мадаққа ілігу).

Белсенділік (активность) – оқушының оқып-үйренуге болған қатынасы, оның құрылымдық элементтері: 1) оқу тап-сырмаларын орындауға әрдайым дайын болу; 2) дербес іс-әрекетке құлшыныс; 3) тапсырма орындауға саналылық; 4) оқу жүйелілігі; 5) білім деңгейін көтеруге қызығу.

Ынталандыру (стимулирование) – оқушыны қандай да іс-әрекетке итермелеу, оны орындауға ықпал жасау (подталки-вать, побуждать).

Оқып-үйренуге ынталандыру жолдары: бала тілегі, жетістіктерді салыстыру, оқушы түсінімі, мәселемен қызығу, баланың ұнамды-қызықты қасиеттерін тани білу, табыстарын қолдау, тапсырма жұмыстардың қызықты болуы, талап әділдігі, мұғалім мақтауы, қолдау-қуаттау сыны, абырой-атақ (хорошая репутация), балалық намыс.

Қызығу (интерес) – танымдық қажеттіліктен туындаған құштарлық көрінісі. Қызығу негізі: 1) игерілген білім, ептіліктердің ойлау тәсілдерінің қалыптасу деңгейі мен сапасы; 2) оқушының мұғалімге қатынасы.

Ынталы болу шарттары: 1) мазмұнның нақты адамды қызықтыратын материалмен молдығы; 2) барша оқушыларға деген адамгершілікті қатынас; 3) танымдық талаптардың қанағаттандырылуы; 4) қызықты әңгіме, сұхбат; 5) ойдың сезім-мен молайуы; 6) әуесқойлықты дамыту; 7) өзіндік бағаға дайын тұру; 8) өз бетінше дамуды алғышарт деп түсіну; 9) бала ынта-сына қолдау беру; 10) оқу еңбегіне жауапкерлік.

“...Әуелі біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек болыстық та, билікте, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі”.

Ахмет Байтұрсынұлы

Оқу әрекеттерін қозғаушы күштер

Сеп-түрткілер (мотивация, мотив - қозғау) – оқушыны белсенді танымдық іс-әрекетке ниеттеуші үдерістер, әдістер, шаралардың жалпы атауы. Сеп-түрткілер мұғалім мен оқушының бірлескен қызметтерінің арқасында басқарылады. Мұғалім тұрғысынан сеп-түрткі оқытудың қозғаушы күші сипатында, ал оқушы тұрғысынан ол оқып-үйренуге ынталандырушы жағдаяттарды аңдатады. Сеп-түрткілер үдеріс сипатында тұлға қалпы мен қатынастарына өзгеріс ендіретін нақты ниеттер, себептер түрінде іске асып, оқушыны оқуға, әрекетке келуге, қандай да қылықтарды жасауға ойыстырады. Сеп-түрткілер рөлінде өзара байланысты қажеттер мен мүдделер, ұмтылыстар мен эмоциялар, жан қалау талаптары мен мұраттар (идеалы) қабылданған. Сондықтан да бұл құбылыс - өте күрделі құрама. Сеп-түрткілер түрі өте көп, олар бір-бірімен байланысты. Педагогикалық үдерісте көрініс беретін сеп-түрткілердің саналуандығы да осы үдерістің жанжақты да көп мәнді болуынан. Оқу жүйесінде әрекетке келетін сеп-түрткілерді әрқилы сипаттарымен топтастыруға болады. Түрлері бойынша **әлеуметтік** және **танымдық** сеп-түрткілер ажыралады. Деңгейлік қырынан бұл сеп-түрткілер келесідей жіктеледі:

– ауқымды, кең әлеуметтік сеп-түрткілер (борыш, жауапкерлік, оқудың әлеуметтік мағынасын түсіну). Бұл ең алдымен тұлғаның қоғамдағы өз абыройын, әлеуметтік беделін нығайтуға деген ұмтылысы;

– тар әлеуметтік сеп-түрткілер (болашақта нақты лауазым иелеуге ұмтылыс, төңірегіндегі адамдарға беделін таныту, еңбегіне сай мадақ алу);

– ауқымды танымдық сеп-түрткілер (оқу үдерісінің өзінен және оның нәтижесінен қанағат табу);

– оқу-танымдық сеп-түрткілер (білім ізденісіне бағытталу, нақты оқу пәндерін игеру);

– өзіндік білім иелеу сеп-түрткілері (қосымша білімдер игеруге бағытталу).

Оқу сеп-түрткілері **сыртқы** және **ішкі** болып бөлінеді. Алғашқы түрі педагогтардан, ата-аналардан, сыныптан, жалпы қоғамнан бастау алып, сыбыр сөз, ым-ишара, талаптар, нұсқаулар, айдау не зорлау күйінде көрінеді. Олар, әдетте, адамға әсер етеді, бірақ олардың әсері көбіне тұлғаның ішкі қарсылықтарына тап болады. Сондықтан олар еш уақытта ізгілік сипатымен көрінбейді. Қажеттісі – оқушының өз қалауымен іске араласуы және нәтижеге ұмтылуы. Сеп-түрткілердің ақиқат көзі – адамның өзінде. Осыдан сыртқы зорлау кейпіндегі оқу сеп-түрткілеріне аса мән арта бермей, тұлғаның өз жан қалауынан болған оқу себептерін арқау еткен жөн. Кіші оқу жасындағы балаларды оқыту жағдайларға байланысты әрқилы сеп-түрткілерді айқындап және бағдарлап барады. Бұлар:

– борыш сезімі;

– мұғалім мақтауына сай болу ниеті;

– жазадан қорқу;

– ересектер талабын орындау әдеті;

– танымдық қызығу;

– атақ құмарлық;

– сыныптастардың арасында беделге жету;

– ата-аналарын қуанту ниеті;

– “бес” алу мақсаты;

– марапат, мадаққа ұмтылу.

Аталған сеп-түрткілердің бәрі бірлесе әрекетке келеді. Бірақ олардың арасында біреуі жетекші, ал қалғандары - қосалқы қызмет атқарады. Мұғалім осы жетекші сеп-түрткіні ажыратумен, оны тірек құрал ретінде пайдаланады.

Оқу үдерісінде басым келген қандай да сеп-түрткіні айыру үшін оқушылардың оқуға деген **қатынасын** бақылауға алу қажет. Жүргізілген зерттеулер нәтижесі балалардың оқу үдерісіне араласуындағы бірнеше сатыларды ажыратуға мүмкіндік берді, олар – болымсыз, бейтарап және ұнамды

қатынастар. Оқушылардың оқуға болған **болымсыз** қатынасы мына сипаттарға ие: себептер жадаулығы мен өріссіздігі, оқу нәтижесіне мүдделі болмау, тек баға үшін оқу, мақсат қоя білмеу, қиыншылықтардан тартыну, оқуға құлықсыздық, мектеп, мұғалімдерге деген жек көрушілік. **Бейтарап** қатынаста жоғарыда аталған сипаттағы сеп-түрткілерге жақын, бірақ оқушылардың қабілеттері мен мүмкіндіктері оқудың ұнамды жағдайларымен ұштасса, жақсы нәтижелерге жеткізеді. Мұндай оқушылар типін қабілетті, бірақ еріншек деп атауға болады. Оқушылардың оқуға бағытталған **ұнамды** қатынастарының әрқилы деңгейлерінде сеп-түрткілердің тұрақсыздық қалпынан жоғары саналылық деңгей дәрежесіне көтерілуін байқауға болады. Сеп-түрткілердің ең жоғары деңгейі өз тұрақтылығымен, болашақ мақсаттарды белгілей алуымен, өз оқу әрекеттері мен мінез-құлқының салдарын күні ілгері көре білу, мақсатқа жету жолындағы кедергілерді жеңе алу сипаттарымен ерекшеленеді. Жоғары деңгейлі сеп-түрткілерді қару еткен оқушы мәселелерді шешудің дәстүрлі емес жолдарын іздестіруге шебер келеді, ол құбылмалы, икемді ой толғастыруға, шығармашылық істі атқаруға қабілетті, білімін арттыру жолында өз ізденістерін көбірек пайдаланады.

Әр сыныпта бірте-бірте балалардың оқуға болған қатынастарының **нақты типтері** ажырала бастайды. Мұғалім өз жұмысын осы типтерге сәйкес ұйымдастыруы тиіс. Әсіресе кең белгілі болған алғашқы тип – **жақсы орындаушылар**. Олар оқуға өте ұқыпты, бірақ өзіндік белсенділігі кем. Мұндай оқушылардың іс-әрекетіндегі жетекші сеп-түрткі – ата-ананы қуанту, сыныпта бедел арттыру, мұғалім мадағына жету. Екінші тип – **ақыл-есті белсенді тип**: өз пікіріне ие, сыбыр сөзден қашады, өз бетінше іс қылуды ұнатады, күрделі тапсырмаларға құштар. Үшінші тип – **қарқынды оқу жұмысына құмар** балалар. Бұлар өте белсенді, тез түсінімді, ал ой толғауы байсалды, сондықтан өздерін бірдейіне іс қалпында сақтауға тырысады. Мұғалімнің жеке-дара қатынасын ұнатады. Төртінші тип – **ақыл-ес қабілеттері кемшін** балалар. Бұл балалар өз бетінше оқу тапсырмаларын орындауға қиналады, көңіл-күйі ұдайы қандай да күйзелісте немесе, керісінше, орынсыз сотқарлығымен көрініп қалады. Олар үшін басты нәрсе – білмейтінін немесе

келеңсіз әрекеттерін мұғалімнің сезбегені. Бұл жағдаяттардың себептері әрқилы: баланың дамуындағы кемшіліктер, мектеп алды дайындықтың төмен дәрежеде болуы. Ескеретін жәйт, әр сыныпта сабаққа болымсыз қатынастарының арқасында өзара біріккен балалар тобы болады. Мұндай балалар өздерінің ақыл-есі кемдігінен немесе тәрбие аясында тіпті болмағандығынан оқу бағдарламасын игере алмайды.

Бұдан шығаратын қорытынды: әртүрлі топтағы балалармен жұмыс істей отырып, әрқилы мақсаттар қойып бару қажет. Тиімді оқу іс-әрекеттеріне аса мәнді келетін сеп-түрткілер балалардың ақыл-ес белсенділігіне және танымдық қызығуларына негізделуі тиіс.

Балалардың оқуға деген қатынастарын мұғалімдер әдетте олардың **белсенділігі** мен сипаттайды. Белсенділік оқушылардың іс-әрекет аясына ену дәрежесімен (қарқындылық, беріктік) анықталады.

Белсенділік құрылымы келесі бірліктерден тұрады:

- оқу тапсырмаларын орындауға әр уақыт дайын болу;
- дербес іс-әрекетке ұмтылу;
- тапсырмаларды саналы орындау;
- оқудың жүйелі болуы;
- тұлғалық деңгейін көтеруге құштарлық және т.б.

Белсенділікпен ұштасқан оқушы сеп-түрткілерінің және бір маңызды тарапы – **дербестік**. Осы сапаның болуынан оқушы жұмыс нысанын таңдауда, іс-әрекет құралдарын іздестіруде және оларды іске асыруда үлкендер жәрдемін аса қажет етпейді. Оқушылардың танымдық белсенділігі мен дербестігі өзара байланысты: белсенділігі күшті оқушылар, әдетте, дербес жұмыс істеуге қабілетті. Оқушылар белсенділігін басқару дәстүрлі **белсенділік арттыру** (активизация) атамасын алған. Бұл құбылысты үздіксіз жүріп жататын оқып-үйренуге мүдделі, енжар және еліктегіш іс-әрекеттерді, ақыл-ес жұмыстарындағы тоқырауды жеңуге бағдарланған пәрменді үдеріс ретінде бағалауға болады. Белсенділік арттырудағы басты мақсат – оқушылардың оқуға деген құштарлығына нәр беріп, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын көтеру. Педагогикалық тәжірибе белсенділік арттырудың әртүрлі жолдарын пайдалануда. Олардың ішінде – оқытудың әрқилы формалары,

әдістері, құрал-жабдықтары, оларды әрқилы жағдайлардың туындауына сәйкес бір-бірімен ұштастырып, оқушылардың белсенділігі мен дербестігіне дем беру. Сабақ жағдайларында оқушылардың белсенділігін арттыруға келесі әрекеттер тиімді:

- өз пікірін қорғап қалу;
- талқылаулар мен пікір сайыстарына қатысу;
- жолдастары мен мұғалімдерге сұрақ қойып бару;
- жолдастарының жауаптарына пікір білдіру;
- сыныптастарының жауаптары мен жазба жұмыстарын тексеру және бағалау;
- үлгерімі төмен жолдастарына көмектесу;
- оқуы төмен оқушыларға түсінік көмегін беру;
- өз әлі жететін тапсырмаларды таңдастыра білу;
- қойылған мәселелерді шешудің әрқилы жолдарын іздестіре білу;
- өз білімдері мен тәжірибелік әрекеттеріне өзіндік талдау және тексеріс ұйымдастыра білу;
- өзіне белгілі тәсілдерді бірлікті қолдану жолымен танымдық мәселелерді шеше білу.

Сонымен, сеп-түрткілер – бұл оқушыны оқуға, әрекет етуге, қандай да қылықтарды жасауға ықпал етуші ниеттер, себептер. Оқу барысында көптеген сеп-түрткілер бірдей тең араласады. Қандай да сеп-түрткілердің оқу барысында басымдылығын мұғалім оқушылардың оқуға болған қатынасынан байқайды. Сеп-түрткілер заңдылықтарын білу – көптеген мектептік мәселелерді шешудің көзі.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың қызығулары

Оқу сеп-түрткілерінің арасында аса тұрақты да пәрменділерінің бірі - қызығу. **Қызығу** (“интерес” латын сөзі – мәнге ие, маңызды) – оқушы тарыпынан танылған іс-әрекеттердің аса маңызды, нақты себебі. Қызығу – бұл оқушының нысан немесе құбылысты меңгеруге ұмтылысында, белгілі әрекет түрін игеруде көрінетін танымдық қажеттену формасы. Танымдық қызығу шәкірттің игеріп жатқан пәніне болған көңіл-күй қатынасынан байқалады. Л.С.Выготский пікірінше: “Қызығу бала әрекетінің табиғи қозғаушы күші, ол тумадан берілген құштарлық, бала әрекетінің оның тума қажеттерімен

сәйкестігін аңдатады. Сондықтан оқу үдерісіндегі басты талап: барша тәрбие жүйесі дәл анықталған бала қызығуларының негізінде құрылуы тиіс.

Педагогикалық заңды талап – қандай да әрекетке ойыстыру алдынан баланы сол әрекетке қызықтыру, оның бұл әрекетке дайын екендігін, бұған қажет күш-қуатының жұмылғанын байқауға тырысу әрі баланы ол істі өзі орындауына мүмкіндік беру. Мұғалім міндеті бұл жұмысты бағдарлап, оған жеткешілік жасау”.

Оқуға қызықтыру жолдары сан алуан. Ең алдымен сол қызығулардың төркіні мадақ, жаза, қорқыныш, жағыну т.с.с. таным үдерісіне жат ықпалдардан туындамай, тікелей пәнді ұнату, онымен байланысу дәрежесінен көрінуі шартты. Осыдан қойылатын екінші талап - қызығуды ояту ғана емес, оны белгілі қажеттерге бағдарлау. Қызығуларды пайдалану негізінде жасалатын және бір қорытынды: барша мектеп жүйесінде жүргізілетін үдерістер бала өміріне тікелей қатысты болып, ерқандай оқу әрекеті балаларға бұрыннан таныс әрі олардың қызығу сезімдеріне қозғау салып, ынта көтеретін материалдардан басталуы қажет.

Оқу барысында іске қосылатын қызығу ықпалдарының жалпы заңдылықтары анықталған, олар: 1) бала қызығулары оның өзі игерген білім деңгейі мен сапасына, ақыл-ес әрекеті тәсілдерінің қалыптасуына тәуелді. Бұл нақты пән бойынша оқушының білімі неғұрлым ауқымды болса, оның сол пәнге болған қызығуы да жоғары. Керісінше де болуы мүмкін. 2) оқушы қызығулары оның мұғалімге болған қатынастарына тәуелді. Бала өзі сыйлаған мұғалімнің пәндерін қызығып оқиды. Алдымен педагог, содан соң оның ілімі - әрдайым әрі тұрақта көрінетін тәуелділік.

Тұрақты танымдық қызығуларды қалыптастыруға бағытталып, тәжірибеде қолданымға келген тәсілдер және құрал-жабдықтар қоры келесідей:

- ынталы оқыту;
- оқу материалының жаңалығы;
- тарихилық;
- білімдердің оларды ашқан адамдар тағдырымен байланысы;

- игерілген білімдердің оқушылардың өмірдік жоспарлары және бағыттарына байланыстыра, қолдану жолдарын үйрету;
- оқудың жаңа және дәстүрлі емес формаларын пайдалану;
- оқу формалары мен әдістерін ауыстырып бару;
- проблемді оқыту;
- шығармашылық (эвристикалық) оқыту;
- компьютер қолданумен оқыту;
- мультимедия жүйелерін пайдалану;
- интерактив компьютерлік құралдарды қолдану;
- өзара оқыту (жұптасып, шағын топтарда);
- білім, ептіліктерді тестілеу;
- оқушылар жетістіктерін көрсетіп бару;
- табысқа жеткізетін жағдайларды жасау;
- жарыстар (сыныптастарымен, өзімен-өзі);
- сыныпта ұнамды адамаралық қатынастар түзу;
- оқушыға сенім арту;
- педагогтың кәсіби әдеби мен шеберлігі;
- мұғалімнің өз пәніне, оқушыларына болған қатынасы;
- мектептік қарым-қатынастарды ізгілендіру және т.б.

Тәжірибесіз мұғалімнің өзі де кейде балалардың пәнге, оқуға болған қызығуларының өзгеріске келгенін жеңіл байқайды. Профессор А.К.Дусавицкий өзінің “Қызығу формуласы” кітабында оқуға зейінді және селқос оқушылардың жалпы сипаттамасын келтіреді.

“...Қараңызшы, өзінқызықтырған іспен шұғылданған баланың әрекетіне. Қызыққанынан ләззат тапқаны сонша, екі беті бал-бұл жанады. Жанары нұрлы, қимылы еркін, жеңіл де шапшаң. Басқаша болуы мүмкін емес те – ол өз тілек-ниеттерінің аясында, сырттай ықпалдардан аза. Өзіне маңызды, қызық өз ісімен айналысуда. Нәтижесі көрініп-ақ тұр. Ұнамды көңіл - қызығу жолдасы, ол бар жерде іс жасау – рахат, ләззат келтіреді.

... Оның ой жұмысы айқын да дәл, мәселе шешімі өзінен-өзі келіп тұрғандай, келгенде қандай, мұндай да қисынды болар ма! Жұмысқа бүтіндей жан-тәнімен берілген, басқа дүниені ұмытқан. Осыдан оны қызықтырған ісінен ажырату қиын...

... Ал мына баланы төңірегіндегінің бәрі жалықтырған, ешнәрсеге құлқы жоқ. Кітаптан безінгені сонша, тіпті қанасына

симай отыр. Елеріп, елеңдеп, тағаты жоқ, тап біреу осы істен төбеден түсіп, құтқаратындай. Кейде ойына шомып, табжылмас. Сабақ адыра қалды...”

Ескеретін жәйт, оқу сеп-түрткілерінің арасында аса маңызды болғаны – **танымдық қызығу**. Бұл оқушы тарапынан күшті сезілетін әрекеттің нақты себебі. Қызығулар қажеттер әсерінен пайда болып, олармен бірге ажыралмас байланыста көрінеді.

Сеп-түрткілердің қалыптасуы

Не себептен сен оқисың? Не үшін мектепке барып жүрсің? Мұғалімдер осы сияқты жан-жақты маңызға ие болған сұрақтарды көп қояды. Осыдан баланың сауаттылығын, сонымен бірге оқу сеп-түрткілерін анықтауға болады. Оқушылардың да осы сұрақтарды өзіне анда-санда қойып барғаны зиян болмас еді: “Шынында да, мен не үшін оқып жүрмін?”.

Бірінші – екінші сынып оқушыларының мұндай сұрақтарға жауабы: “Әкем мен апам бар деді”, “Мектепте мен 5 алғым келеді, мені мақтайды”, “Балалардың бәрі барып жүр ғой”, “Жаман баға алғым келмейді, маған ұрсады ғой”, “Апам, егер оқымасам, қойшы боласың дейді”, “Жақсы жауап берсем, мені мұғалім мақтайды”, “Егер ештеңе білмей тұрсам, сынып алдында ұят қой” және т.б.

Үшінші - төртінші сынып оқушыларының жауаптары біршама өзгереді, себебі олардың оқу сеп-түрткілері жөніндегі ұғымдары мен түсініктері бірқанша дамыған: “Мен әкеме ұқсап инженер болғым келеді”, “Менің бағаларымның бәрі 4 пен 5. Мен оқитын сынып пен мектеп маған ұнайды. Мұғалімімде тамаша. Ол қызықты әңгімелейді. Біздер мұғалімімізбен бірге саяхатқа шығып тұрамыз” (3 сынып). “Мен білімді болу үшін оқып жүрмін. Өртүрлі пәндерді оқып, адамдар өмірі, табиғат және әрқилы заттар жөнінде көп жаңалықтарды үйрендім. Мен тарихты өте жақсы көрем. Мен сынып кеңесінің мүшесімін. Үлкейгенде апайыма ұқсап мен де мұғалім боламын” (4 сынып). “Мен теңізші боламын деп оқып жатырмын. Егер мен түгелдей 5-ке оқысам, әкем мені шын теңіз кемесіне мінгіземін деді. Арифметикадан есептер шығарғанды сүйемін. Одан менің бағаларымның бәрі 4 пен 5, ал грамматика ережелерін

тіпті жек көрем. Әр 3 алған сайын үйде мені әкем мен апамның айқайы күтіп тұрады” (4 сынып).

Мектеп өміріндегі үш-төрт жылда сеп-түрткілер үлкен өзгерістерге түседі. Үшінші немесе төртінші сыныпта оқушылардың өздеріне тән жалпы оқуы мен оқу пәндеріне болған танымдық қызығулары пайда болады. Сыныптағы өз беделдерін көтеріп, тұрақтандыру ниеті бірте-бірте балалардың көбінің жетекші сеп-түрткісіне айналады. Осыдан үшінші сынып оқушыларының, әсіресе төртінші сыныпта жоғары баға алуға деген ұмтылыстары күшті келеді. Оқушының дәлелі: “Төмен баға алсам, үйде мені ұрсады”.

Зерттеулер көрсеткендей, кіші мектеп жасындағы оқушылардың ұнамды оқу сеп-түрткілері қалыптасуы үшін қолайлы және қолайсыз жағдайлар кезігеді. **Қолайлы жағдайлар** арасында: 1) көпшілік 6-9 жастағы балалардың мектепке ұнамды қатынасы; 2) мұғалімге толық сенім арту; 3) жаңа әсерлерге деген құштарлы қажеттік; 4) табиғи зерделілік.

Қолайсыз жағдайлар: 1) тұрақсыз зейін; 2) ауыспалы қызығулар; 3) ерікқасиетінің қалыпқа түспеуі. Көптеген оқушылар іс-әрекеттерге еліктеумен қатысады, ал енді қандай да бір істі өзі орындауы қажет болып қалса, мұғалімнің көрсетпелерін күтіп, күйзеліске түседі, яғни сабақтың нәтижесіне (жақсы баға) көзі жетсе ғана, жұмысқа кіріседі.

Оқу-тәрбие үдерісінде жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін педагог бірдейіне ол үдерісте іске қосылатын сеп-түрткілерді зерттеп барады, әсіресе оқушылардың қызығулары мен қажеттеріне назар салады. Бұл оның аса қиын кәсіби міндеттерінің бір қыры. Сеп-түрткілерді білу олардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Сеп-түрткілерді зерттеу барысында оларға байланысты мәселелердің майда-шүйделерін бәрін ұмытпай қамту үшін келесі **нұсқаулар жүйесін** (алгоритмдерді) пайдалануға болады.

1. **Оқу мақсаттарын анықтау және нақтылау.** Үдерісті қолдауға жеткілікті және көзделген міндеттерді табысты іске асыру үшін қажет болған сеп-түрткілердің мәнін, мазмұнын, бағыт-бағдарын және күш-қуатын талдау. Егер мақсаттар мен міндеттер мемлекеттік стандарттан ауытқымаса, кеңінен белгілі жалпы сеп-түрткілер мен ынталандыру жолдары іске

қосылады. Ал арнайы мақсаттар ерекше сеп-түрткілерді керек етеді.

2. **Сеп-түрткілердің жас кезеңдеріне орай мүмкіндіктерін анықтау.** Бұған байланысты келесі сұрақтарға нақты жауап іздестіріледі: а) кіші жастағы оқушыларды қандай сеп-түрткілер көрсеткіштеріне жеткізу тиімді; б) нақты сынып оқушыларының сеп-түрткілер деңгейі көзделген мақсаттар мен міндеттерге, оқу еңбегінің күрделілігіне қаншалықты сәйкес келеді.

3. **Сеп-түрткілердің бастау деңгейін анықтау.** Бұл қадамның міндетті орындалу қажеттігі – оқу үдерісінің барысында шәкірттердің сеп-түрткілерінде болатын өзгерістер жөнінде деректі пікірлер қалыптастыру.

4. **Жетекші сеп-түрткілерді анықтау.** Бұл орайда оқушы немесе ол қатысқан шағын топтың оқу іс-әрекеттерінде қай сеп-түрткілер жетекші сипат атқаратынын білу маңызды. Есте сақтайтын жәйт – “жақсы” немесе “жаман” сеп-түрткі болмайды, бәрі де керек, бірақ олардың әрқайсысы оқу үдерісі мен нәтижесіне өзінше ықпал жасайды.

5. **Сеп-түрткілерді оқушылардың жеке-дара ерекшеліктеріне байланыстыра зерттеу.** Егер педагог әр оқушыны түбегейлі тани алмаса да, сыныптағы бірнеше оқушыны біріктірген көрнекті ықшам топтардың сеп-түрткі ерекшеліктерін ажырата білуі міндетті.

6. **Сеп-түрткілер өзгерістерінің себептерін** (төмендеу, тұрақтылығы, көтерілуі) **талдау.** Мұндай себептердің қатарына сеп-түрткі аймағының өзіндік даму деңгейінің жеткіліксіздігі, сауаттану дәрежесінің төмендігі, оқу іс-әрекеттері дағдыларының қалыптаспауы және т.б. кіреді.

7. **Міндетті сеп-түрткілердің қалыптасуы.** Бұл талап оқу-тәрбие үдерісінің барысында барша міндеттерді бірлестіре шешумен мұғалім тарапынан орындалады. Балаларды қандай да оқу істеріне қызықтыру үшін арнайы жеке жаттығулар не тестер болмауы тиіс. Әртүрлі әдістер кешенді қолданымға келеді, олардың арасында аса қажеттілері: бір жұмыс түрінен екіншісіне ауыстырып тұру, бала білім деңгейі мен жасына сәйкес қиыншылықтарды қосып бару, оқу жарыстарын ұйымдастыру және т.б. Кейде әдейі танымдық қажеттіктерді қанағаттандыруға

керек болған қиыншылықтарды жеңуге бағытталған оқушы дайындығын білу үшін оқу үдерісінің қалыпты ағымына “кедергілер” жасау әдісі қолданылады.

8. **Жетістіктерді бағалау және алдағы міндеттерді жоспарлау.** Жұмыстардың орындалу соңынан олардың қорытындысын шығарып, болған өзгерістерді талдауға салу - қажетті іс. Мұнда көрінетін аса мәнді көрсеткіштер – бұл оқушылардың нақты әрекет қылықтары, оқуға деген қатынастарының өзгеріске келуі. Сеп-түрткілерді қалыптастыру бойынша жүргізілетін істердің барысы мен нәтижесін арнайы картада өрнектеп барған жөн. Мұнда бастапқы деңгей және соңғы өзгерістер міндетті түрде белгіленеді. Назар аударатын сеп-түрткі көрсеткіштері: 1) оқуға деген қатынас (оқуды қалайынша пайымдайды); 2) мақсаттар (оқушының алдына қоятындары және іске асыратындары); 3) нақты себептер (не үшін оқып жатырмын?); 4) көңіл-күй (оқушы толғаныстары); 5) оқу ептіліктері; 6) сауаттылық деңгейі (қандай жетістіктер қолға кірді); 7) оқуға қабілеттілік (ашылуы тиіс мүмкіндіктері, қолға ендірілуі мүмкін табыстары).

Сеп-түрткілерді зерттеу үшін кең қолданылатын әдістер түрі – бақылау, анкеттеу, әңгімелесу, экспертті бағалау. Экспертті баға жүргізудің мәні – арнайы эксперттік әдістемелер және арнайы шақырылған мұғалімдер немесе басқа мамандар жәрдемімен жеке-дара қолданылатын сеп-түрткілерді зерттеу және ұйымдастыру. Кіші жастағы балалардың толыққанды оқу сеп-түрткілерін қалыптастыру үшін келесі **шарттарды** қамтамасыз ету қажет:

- оқу мазмұнын тұлғаға бағытталған қызықты материалдармен байыту;
- барша оқушыларға (дарынды, төмен, селқос) бірдей ізгілікті қатынас жасау;
- оқушылардың танымдық ниеттері мен қажеттерін қамтамасыз ету;
- балалар арасында қызғылықты қарым-қатынастар ұйымдастыру;
- ақылды сезіммен толықтыра түсу;
- зерделілікті дамыту;
- өз мүмкіндіктерін белсенді және шынайы бағалауға үйрету;

- өзіндік даму және жетілу ұмтылысына қолдау беру;
- бала ынтасын барынша қолдап-қуаттау;
- оқу еңбегіне жауапкерлі қатынас тәрбиелеу.

Жақсы мұғалім – бұл сеп-түрткілер оятудың шебері. Сеп-түрткілер қажетті деңгейде болу үшін мұғалімнің міндетті іске қосатын әрекеттері: 1) барша балалар арасында қалыпты қатынастар түзу әрі ұстану; 2) қиыншылық туа қалған жағдайда балаларға қолдау беру; 3) ұнамды кері байланысты үзбеу; 4) оқуды әртүрлі әдістермен жүргізуге тырысу; 5) оқушыларды қарқынды таным еңбегіне табандылық көрсетуге бағыттап, олардың ерік күші мен мақсат-міндеттерін тұрақтандыру; 6) жоғары қиындықтағы тапсырмаларды орындағаны үшін мадақтап отыру; 7) мақсат, міндет қоя білу, орындау формаларын айқындау және өзіндік жұмыстарды бағалауға үйрету; 8) борыш сезімін және жауапкершілік қалыптастыру; 9) ең алдымен өзіне талап қоя білуге үйрету.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, балалардың іскерлігі сеп-түрткілерге ықпал жасайды. Егер шаршап-шалдығудың алдын алып, 3 минутқа жақын дене шынықтыру іркілісі енгізілсе немесе оқу материалын ұсыну формасы өзгертілсе, оқу тиімділігі арта түседі.

Барша тіршіліктің күн нұрын қажетсінгеніндей, сеп-түрткілердің дамуына қозғау салатын орта мен педагогикалық тәсілдер жүйесі арқылы берілетін **мақсатты бағытталған ықпалдар**. Сеп-түрткілерді зерттеу мен оларды дамытуда пайда тигізер **кеңестер** арасынан келесілерін ұсынар едік.

- Балалар үлкен **әуесқойлығымен** ерекшеленеді. Олар жаңа және белгісіз жағдайларға аса қызықсынады. Егер оқушыларға бұрыннан белгілі материалдарды ұсынатын болсақ, олардың зейіні төмендеу болады. Ал, егер оқу материалында жаңа ақпарат аз немесе тіпті болмаса, әуесқойлық мүлде жоғалады. Оқушының сабақпен ісі болмай, өз бетінше алаңдап, қажетсіз істермен шұғылдана бастайды, яғни “қозғалысты жайсыздық” құбылысы белең ала бастайды. Сондықтан, педагогтар **“әуесқойлық әсерін”** есте ұстап, оны басқаруды үйренуі қажет.

- Егер оқушылар өтілген сабақтардағы білімдер қорынан **“қолға ұстар” ештеңе таппаған** жағдайда да, оқу

үдерісіндегі жайсыздықтар белгі береді. Бұл жөнінде Л.С.Выготский былай жазады: “...қандай да бір зат бізді қызықтыру үшін ол бізге қызықты немесе қандай да бір таныс нәрсемен байланысты болуы керек, сонымен бірге ол іс-әрекеттің қандай да жаңа формаларымен ұштасқан болуы тиіс, егер олай болмаса, нәтиже күтудің қажеті жоқ. Түбегейлі жаңа зат та, сондай-ақ әбден таныс көне зат та бізді ешқандай бір құбылысқа немесе нысанға қызықтыра алмайды. Осыдан көзделген зат не құбылысты баламен тікелей байланысқа келтіріп, оларды игеруді баланың өз міндетіне тапсыру қажет, сонда ғана жұмыстың табысты болатынына көзіміз жетеді. Бала қызығуы арқылы оның жаңа қызығуларына өту – басты ереже”.

- **Жұмбақтау әсерін пайдаланыңыз.** Оқушылар әдетте тосын тапсырмаларға әуес. Олар үлкен қызығушылықпен жұмбақ, сөз жұмбақ, викториналар шешуге құштар. Балалар бұлардың шешімдерін беремін деп жүріп, көп ой қарама-қарсылықтарына кезігеді. Содан өздерін қоршаған дүниені түсінуге және реттестіруге тырысады. Қайшылықтарға тап болған шақта, оларға түсінік беруге ұмтылады. Егер өз сабағыңыздың желісіне осындай жұмбақ қайшылықтарын енгізе алсаңыз, балаларда оқуға деген ынта оятқаныңыз.

- Сеп-түрткілердің жоғарыда қарастырылған тәсілдері, егер оқушылар **өз әрекетіне сенсе ғана**, іске қосылады. Балалар өздеріне қатысты талаптар мен ниеттер дәрежесіне көтерілгенін сезе білуі тиіс. Неғұрлым сенім жоғары болса, оқушы мұғаліммен бірге жұмыс алып баруға құштар келеді. Сондықтан, сеп-түрткі құралдарының аса ықпалды бірі – баланы өз күші мен мүмкіндіктеріне сендіре білу. Мұндай да **“өзіндік салыстыруды”** пайдаланған жөн, яғни нақты нәтижелер мен оқушының оқуға деген дұрыс қатынасы болған жағдайлардағы жетістіктерін байланыстыра, салыстыру.

- **Жоғары қиындық талаптары**, осыдан психикалық күйзелістерге келтіретін істер баланың ой-әрекеттеріне тұсау салады. Жан күйзелісі (стресс) – бейтаныс дүниені тануға ұмтылудың орнына – одан қашып жүру ниетін туындатады. Мектептегі оқу, психолог зерттеулерінің көрсеткеніндей, әрқандай келеңсіз жәйттермен байланысты келеді, олардың арасында

аса көзге түсетіні оқушылардың сабаққа болған қызығуларының сөнуі. Осыны есте ұстаған мұғалім сабақтағы жүктемені қажетті деңгейден бірде асырмауы тиіс. Сонымен бірге ол балалардың оқуға, мектепке, педагогтарға бағытталған жалпы ұнамды қатынастарын тұрақтандыруға себепші жағдайларды жасауы міндетті.

- Сеп-түрткілердің қалыптасуына сыныптағы оқу жұмыстарының қажетті деңгейде жүргізілуі үлкен әсерін тигізеді. Тәжірибе көрсеткендей, оқу үдерісіндегі қажетті ара қатынастарды тиімді дәрежеде сақтау және тұрақтандыру үшін оқушылардың аралық байланыстарын ауыстырып бару керек. Бұл орайда **қарым-қатынас формалары** деп сабақтағы балаларды шағын топтарға бөлудің түрлері мен тәсілдерін түсінеміз. Төменде келтірілген тәсілдерді өз тәжірибеңізде қолданыңыз:

- **бүкіл сыныппен:** мұғаліммен әңгімелесу, талқылау, көрсетпе беру;

- **шағын топпен:** 3-7 оқушы тапсырманы бірігіп орындайды, оның нәтижесі бүкіл сынып қатысуымен талқыланады;

- **жұптасып:** екі оқушы қойылған міндеттерді талқылайды, шешімін іздестіреді, кейін олар шағын топта немесе бүкіл сыныпта талданады;

- **жеке-дара:** әр оқушы тапсырманы өз бетінше орындайды, кейін мәселе шешімі басқалар шешімдерімен салыстырылады.

- Сабақ барысындағы оқу жұмыстарының өзгерісін балалар жағымды ауысулар кейпінде қабылдайды. Мұның себебі – бірқилы оқу әрекеттерінің көп мәрте қайталануынан балалар шаршайды, зейіні талады. Керісінше, жаңа ақпарат хабарланса, жаңа мәселелер шешіліп жатса, жаңа кедергілерді жеңу мақсаты қойылса, оқуға деген ынта арта түседі. Сондықтан, оқу жағдайларын өзгертіп тұруды бірде ұмытпау қажет.

Сонымен, мұғалім өз оқушыларының оқу сеп-түрткілері мен әрекет қылықтарын тұрақты зерттеумен айналысады. Бұл үшін ол бақылау, анкеттеу, әңгімелесу, экспертті бағалау тәсілдерін қолданады. Зерттеулер белгілі жүйе бойынша өткізіледі. Педагог оқушылар қызығуын көтерудің жолдарын жақсы біліп, оларды жағдайларға байланысты қолдана алуы тиіс.

Оқуға ынталандыру

Ынталандыру (стимулирование), қазіргі заман түсінімінде, оқушыны қандай да бір затқа ойыстыру, ниеттеу мәнін аңдатады. Адам болмысы солай да қалыптасқан: егер оған үздіксіз ескерту беріп тұрмаса, өзіндік немесе сыртқы күштеулер болмаса, ал кейде тікелей мәжбүрлеу әрекетін қолданбаса, ол орнынан қозғалмайды, белсенді әрекетке кіріспейді де. Бір замандарда оқуға деген құлықсыздықты әншейін еріншектікпен баламалап, және ол қасиет келеңсіздігін жеңу үшін қарапайым да табиғи шара – әртүрлі формада, тіпті тәндік жазалаумен орындалатын зорлау әдісін қолданған. Бүгінгі бала – еркін де тәуелсіз тұлға. Оны қорғайтын заңдар баршылық. Осыдан мұндай оқушыға қаратылған қатынас та басқаша болуы міндетті.

Оқушының білім жолы - қиын жол. Тек бір ғана оқу қажеттігін түсіну бұл жолды басып өту үшін жеткіліксіз. Көп жағдайларда бала барша нәрсені өз ақылымен танып, біліп тұрады. Бірақ оның ақыл-есі тікелей ықпал жасаған себептермен байланысудан, көңіл-күй толғаныстары жетегінде қалады, нәтижеде оқушы өзі таңдаған істеріне дәлел іздейді және оны табады да. Бұл жағдайда мәселе шешімі дұрыс іріктелген және қолданылған ынталандыру шараларына байланысты болады. Кіші оқу жасындағы балалардың іс-әрекеті мен мінез-құлығының сеп-түрткілерін және ынталандыру жолдарын қолдану өзіндік ерекшеліктерге ие. Бала табиғатын тану, оның қажеттері мен тілек-ниеттерін сезіну – барша мәселелердің шешіміне сай кілт табумен бірдей.

“Балалар нені сүйеді, олардың қалағаны не?” сұрағына С.Т.Шацкий былай деп жауап береді: “...балаларда тума қатынас түзу қасиеті күшті дамыған, олар бір-бірімен жылдам табысады – ойын, әңгіме, таусылмас өзара сәбилер былдыры – осы тума қасиеттің белгілері...”

... Балалар өз табиғатынан шаршауды білмейтін зерттеушілер, олардың шапшаң өріс алатын әуесқойлығы, шексіз сандағы сұрақтары, бар нәрсені түртіп, ұстап, ауызға салып, байқастыруы – бәрі осы табиғи қызықсынуынан...

... Балалар өзін көрсетуге, өзі жөнінде әңгімелеуге, өзі алған әсерлерін білдіруге құмар. Осыдан ол өз “менін” бірдейіне әсірелеуге және фантазиясы мен қиялын дамытуға ұмтылады – бұл бала шығармашылығының тума сипаты...

... Бала жасампаз келеді, жоқтан бар қылады, жетпегенін қиялымен толықтырып жатады...

... Бала мінезінің қалыптасуында орасан ықпалды нәрсе – бұл еліктеу инстинкті”.

Осыны түсінуден, ынталандыруға жасанды бет бұрмастан, немесе оны балалар ниеттері мен ұмтылыстарынан, өсіп келе жатқан адамның заңды табиғатынан сырт іздестірудің қажеті жоқ. Мұғалімнің барша қателіктері – оқушы әрекет-қылығының шынайы сеп-түрткілерімен қызықпай, үстірт, кездейсоқ ықпалдарды ескеретінінде. Бұл жағдайда оның тұрақты нәтижеге жете алуы, сәйкес ынталандыру жолдарын таңдауы және қолдануы мүмкін бе? Күмәнді. Оқушыны танып білу ұраны жаңа мән-мағынаға ауысады – зерттеу жұмысы қажетті де қолайлы қызықтыру мен ынталандыру әдістерін табу және пайдалану үшін жүргізіледі.

Қорытындылай айтатынымыз, кіші жастағы оқушы үшін есте-ақырын және жұмсақ қолдаулар мен қуаттаулар орасан маңызды келеді. Мұғалім оқушы тілектері мен ниеттерін үздіксіз зерттей отырып, бала табиғатынан туындайтын ынталандыру жолдарын табуда шаршап, шалдығуды білмегені қажет.

Ынталандыру ережелері

Қандай да істі орындауға бағыттау үшін балаға үлкен әдептілікпен, нәзік сезім қоса қатынас ықпалын жасау қажет. Педагогикалық үдерісте тұрпайы бұйрық, ашық зорлау атымен болмағаны шарт.

Сонымен:

Бала тілегін арқау етіңіз. Бала нені қалайды? – мұғалім үшін басты сұрақ. Әңгіме мұғалімнің не қалауында емес, баланың ниетінде. Оның қалауын күштеп бұзып, қайта жасаудың қажеті шамалы: ол өз ниеттерімен айыпты емес. Ұлы Коменскийдің ***табиғи сәйкестік принципін*** еске түсіріңіз – барша іс оқушы табиғатымен сәйкес болуы міндетті. Сондықтан, егер бала

тілегі мен ниеттері педагогикалық мақсаттарға сай келмесе, оның ұмтылыстарына қажетті өзгерістер енгізіп, дұрыс бағыт беруге тырысыңыз.

Салыстырыңыз, үлгі-өрнек беріңіз. А.П.Чеховтың “Үйде” әңгімесінде шылым шегуге әдеттенген кішкене бала жөнінде сөз етілген. Бұл бала ата-анасының айтқандарының бірде-бірін тыңдамай, құлақ асуды қойған. Ал әкесі бірде бақытты принцтің шылым шегуден сырқаттанып, өлгенін, содан бүкіл оның патшалығының күйрегені жөнінде ертеке айтып бергеннен соң, бала кенеттен “ешқашанда мұндай жаман әдетпен айналыспайтынын” айтып, шылым шегуді мүлде қойып кеткен.

Өз оқушыңызды барынша құштарлықпен бір нәрсені ниеттеуге ойыстырыңыз. Мейлі, бұл ниеттер алғашқыда сіздің педагогикалық пікірлеріңізге сәйкес болмай-ақ қойсын. Бастысы, олардың пайда болып, сізге таяныш беруінде. Бүгінгі күнде біз балалардың келеңсіз бейтараптылығына (инфантилизм) жиі кез болып отырмыз: балалар ойы күңгірт, бағыт-бағдарсыз, тіпті кейде ешнәрсені ниеттемейді де. Тәрбиеніздегі балаларды қалыпты адамилық ниеттер жолына түсіруге тырысыңыз, олардың күңгірт ұмтылыстарын іскерлік, өмірлік қажеттермен ұштастырып, әр қадамнан пайда табуға (прагматизм) баулаңыз, сонда ғана бала өз күш-қуатын біріктіріп, белгілі арнада жұмсауға ынталанады.

Түсінуге тырысыңыз. Түсіну – бұл өткенге кешірім. Оқушыны мұғалім түсінбегенде, кім түсінеді? Ешнәрсемен қызықпайтын шәкірт болмайды. Бұл тұжырым ежелден таныс болғанымен, біз – мұғалімдер оқушылар мүддесі мен ниеттерін ескеруді осы күнге дейін үйренбегенбіз. Анықталғандай, оқушылардың 20%-дан 50%-ға дейінгі бөлігі оқу-танымдық қызығулардан тіпті де хабары жоқ немесе бұл жөніндегі түсінімі үстірт, кездейсоқ, яғни қызықтыру үшін оларды әрдайым бір нәрсемен ықпал жасап, қозғастырып тұру керек. Бірақ қызығудың басқа түрлері де көп қой – мысалы, ақшаға, ойынға, үстемдікке, басшылыққа, табысқа. Сонымен бірге тума әуесқойлық, табиғи бейімділік дегендер де бар. Ал оларды неліктен де “қажетсіз қосалқылар” ретінде қабылдау салтқа айналған. Дегенмен, қалыпты дамып келе жатқан адамның қызығу өрісі кең болатынын ешуақытта естен шығармау қажет: ол бар нәрсені өз

басынан өткізіп, өз қолымен ұстап көріп, өз таңдауымен сараптауы тиіс. “Қажетсіз қосалқыларды” тәрбиеге, оқуға, өзіндік жетілуге ынталандырудың пәрменді құралына айналдырудың жолдары көп. Солардың бірі – балалардың жарқын бейнеге, әсем формаға бейім болатынында. Адам ақыл-есі әрдайым нақты ниеттермен байланысты, осыдан оқушы әсемдікке, сұлулыққа, тамаша көрініске құштар келеді. Сондықтан, формадан – мазмұнға, көңіл-күйден – парасатты қисындылыққа өтуді міндетіңізге алыңыз: сонда ғана оқушыны қызықтырудың аса мәнді тәсілі сіздің қолыңызда болады.

Әңгімелеріңіз балаларды қызықтырған заттар төңірегінде болсын. Әрдайым өз ісіңізді осыдан бастаңыз. Балалардың әуес болған істеріне, олардың пікірлері мен бағамдарына құрметпен қараңыз. Сабақ уақытының көбінде оқушыларыңыздың өздері сөйлесін. Кейбір заттарды өзіңіз де түсінбейтініңізден қорықпаңыз, балалардың бір сәтке өз “мұғаліміңіз” болуына мүмкіндік беріңіз. **Д.Карнеги** айтқандай, адамды әр уақыт аса қызықтыратын нәрсе өзінің аты, есімі, мұның қасында дүниедегі басқа заттардың бәрі – түк те емес. Осыдан оқушылар барша шектеулерге қарамастан, көрінген жерде: парталарда, дарақтарда, автобус бекеттерінде өз аттарын (лақаптарын) жазып қалдыруды қызық көреді. Осы құштарлық қасиетті ынталандырушы күш сипатында неге пайдаланбасқа? Сынып тақтасында, плакаттар мен стендтерде ерекше ұнамды іс көрсеткен балалардың атын ірі әріптермен жазып қойыңыз. Сонда сіз оларды өз тұлғаңызға, өз пәніңізге қызықтырасыз.

Ниеттерді пайдаланыңыз. Ниеттер қажеттіктер негізінде пайда болады. Мысалы, 3-сынып оқушысы десантшы болуды ұйғарды. Ол спорт секциясына жазылып, жаттығуларға қатынап жүр. Егер сіз оның осы ниетіне қарсы келсеңіз, не болатынын сезесіз бе? Дұрысы, ойланып, көмектескен: көбіне ниеттер кездейсоқ жағдаяттар сеп-түрткілерінен туындайды, ал оқушы бұл ниетінің төркінін пайымдауға бармайды, күш-қуаты, білімі, ептіліктері және уақыты бұл ойлағанын іске асыруға жетер-жетпесін біліңкіремейді. Жағдай одан басымдау келіп, ойлағанын орындауға әлі жетпей қалады. Орындалмаған уәде үшін оны кінәламаңыз. Ондасы оған қолдау беріп, нақты орын-

далуы мүмкін ниет қабылдауға көмектесіңіз. Ал, егер бұл қиын болып, ұзақ күш салуды қажет етсе – іс нәтижесіне асықпай, шыдаммен бірте-бірте жақындай түсуге үйретіңіз.

Баланың өз беделін танытуға болған ниетіне қолдау беріңіз. Барлық адамдар жұрт көзінде танымал болғанды сүйеді. Балалардың көбі білім не баға үшін оқымайды, жоғары бедел (престиж) үшін әрекет жасайды. Ол балалардың жоғары деңгейдегі дәмеленуінен. Баланың бұл ниетін, егер ол санада қалыптасып, оқуына ұнамды ықпал жасайтын болса, оны жоққа шығарудың қажеті жоқ. Қане, осындай ниетпен “адам болудан қалған” басқа балаларды да сусындатсақ. Мұндайда қалыптасқан “сіңірлі” педагогикалық шешімдерден бас тартып, жаңашыл әдістерді қолданған жөн. Мысалы, оқушыға “өзінің ішкі жауларын” жоюға көмектесіңіз. Оған көптеген адамдардың өз мінез бостығынан, орынсыз қорқақтығынан, негізсіз күйзелістерінен өз мүмкіндіктерін іске асыра алмағанын нақты мысалдармен түсіндіріңіз. Осы кері құбылыстар аясынан босамағанша, баланы қорқыныш жағдайларында қалдыра көрмеңіз. Бала тақтаға шығып, жауап беруге қорықса, онымен оңашада жаттықтыру жұмысын жүргізіңіз. Сіздің міндетіңіз – баланың өзіне болған сенімін тіктеуге көмектесу. Осыдан кейін ғана бала “жауларымен айқасқа” шығады.

Жасаған әрекет қылықтарының салдарын көрсетіп барыңыз. Зерттеуші А.Гаврилова әртүрлі жастағы оқушыларға арнайы түзілген мәтінді оқып шығуды ұсынған. Мәтінде бір оқушы сыйға алған күшігінің бұрынғы иесін сағынғанын айтты. Қалған оқушылар мәтінді толықтырып, – бала күшікті иесіне қайтарады ма немесе оның бар азабына шыдап, өзінде қалдыра ма – жазуы тиіс еді. Осындайды басынан өткізген балалардың бәрі күшікті қалдыру керек деп жазыпты. Бұл неден хабар береді? Біздің балаларымыз өздерін басқа адамдардың не жануардың орнына қойып, олардың күйзелістерін сезінуге үйренбеген. Өздері жасаған істердің, қылықтардың салдарын да бағалауды білмейді. Егер педагог дер уақытында шынайы, жүректен шыққан сөзімен олардың көзін ашып отырса, бала мінез-құлқының өзгеруіне ықпал жасайтын мықты құралға ие болары сөзсіз.

Баланың қадір-беделін тани біліңіз. Баланың қадір-беделін, яғни абыройын, тану арқылы ондағы бар ұмтылыс пен жақсылық қасиеттерді дамыта түсіңіз. Егер жағдай қажет етсе, жағынудан да тайынбаңыз. Себебі жағыну – бұл адамға оның өзінің ойындағысын білдіру. Осы кішігірім қатерсіз алдау-айланы қолданып, өз шәкіртіңізге жаңа күш-қуат бересіз. Әлбетте, оқушыңыздың жетістіктерін шын мәнінде бағалай алсаңыз, оның беделін танығаныңыз. Бірақ педагог алдында оның аузынан мақтау күткен шәкірт көп болатындықтан, әр оқушыға бейім жалғыз және шынайы мадақ сөзін табу қиын-ақ. Қайтерсіз, мұндайда актер болу – пешенеңізге жазылған.

Көп зерттеулер негізінде бала беделін, оның ықтимал мүмкіндіктерін танудың пайдалы болатыны дәлелденген. Көбіне жамандағаннан гөрі, мақтаған дұрыстау. Сондықтан мадақ білдіруге (комплименты) тартынбаңыз, баланың қадірін (тіпті жоқ болса да) алға тартып отырыңыз, болашақтағы жетістіктер үшін де мақтауды аямаңыз. Сонда ғана оқушыларыңыз сіздің қалауыңыздай болуға ынта танытады.

Табыстарды қолдап-қуаттаңыз. Әдемі орындалған жұмысы үшін баланың арқасынан қағып қойсаңыз, оның бұдан да былайғы табысты еңбектенуіне ынта тудырғаныңыз, – деп жазады америкалық педагогы А.Дреер. Қолдау-қуаттау сөздері мен ым-ишараларын тек жақсы оқитын оқушыларға ғана емес, оқуға ынта білдірген барша балаға бағыттаған дұрыс. Мұғалімнің саналы да жылы бағасы төмен оқитын оқушыларға да күшті ықпал етіп, олардың алға ілгерлеуіне себепші болғаны тәжірибеден белгілі.

Табыс қажеттігі – аса маңызды сеп-түрткі. Кейде жетістікке деген ұмтылыс өзге ниеттердің бәрінен басымдау келеді. Біздің бәріміз жеке табыс мәніне нұқсан келтіретін кейбір еліктеулерден бас тартқанымыз дұрыс болар еді. Сыныпқа кіріп бара жатып, есте ұстайтын жәйт: егер табыс мадағы сәтсіздік жазасынан басымдау келсе, табысқа ұмтылыс адамда күшейе түседі. Керісінше, болымсыз іс нәтижесіндегі жаза жетістік үшін берілетін қолдау-қуаттаудан күштірек болса, оқушы қандай да сәтсіздіктерді айналып өтуді әдетке айналдырады. Осыдан ата-анасы кейісіне тап болмау немесе мұғалімнен ұялып қалмас үшін ғана сабаққа қатысатын оқушылар пайда болады.

Жұмысқа тартымдылық сипат беріңіз. Қиын, ұнамайтын, осыдан тартымсыз оқу істерін оқушылар үшін қызықты әрі қалаулы етудің талай мысалдары В.Шаталов, Н.Гузик, Е.Волков, С.Лысынкова, Ш.Амонашвили еңбектерінде келтірілген. Тіпті кейде оқушылардың қателіктерінің өзі де оқу ісін ұнамды кейіпке келтіреді. Өңгіме – сол қателіктерге болған сіздің қатынасыңызда. Оқушылар қателіктерінен ынталандырушы күш табуға тырысыңыз. “Қандай әдемі қателік!”, “Бұл қателік тосын емес!”, “Мынау шындыққа жетелейтін қателік!”, “Рахмет, сенің пікірің дұрыс болмаса да, адамға үлкен ой салады”. Өрдайым оқушылар бақылауларының дәлдігі мен нәзіктігін баса айтып отырыңыз: “Менің де сендей кезімде, ... ойлайтынмын”, “Бұрын мен ... деп түсінетінмін”. Өрекетіңіз қателіктердің жеңіл түзелетініне дәлел болғандай, оқушыларға ұсынып жатқан ісіңіз оларды қинамайтындай көрінетін болсын. **Ш.Амонашвили** өзінің 6 жасар оқушыларына әр сабақ соңында: “Рахмет сіздерге, балалар, маған бүгін үлкен көмек көрсеттіңіздер” – деп алғысын білдіреді екен.

Талап қоюмен ынталандыру. Кейде “қажет, керек” деуден тартынбаңыз. Бұл ынталандыру жолы біздің мектебімізде көп жылдар бойы қолданылып, жалықтырса да, оның мүмкіндіктері әлі де толық танылған жоқ. Тек қана бұл талаптың жеке тұлғалық мәнін күшейте түсіңіз: “Саған керек, Асан! Сен ерсің ғой!”. Оқушы қандай да кедергіні жеңе тұрып, өзін ересек, ер адам сипатында көрсете білгенінен қанағаттану ләззатына бөленуі қажет. Сонымен бірге істің нәтижелі біткеніне қуанып, оны мақтаныш ете білуі тиіс. Бұл “керек” талабына міндетті қосымшалар.

Жалған “шектеулерді” пайдаланыңыз. Бала деген қырсық келеді. Қолынан келсе, бар нәрсені айтқандай емес, керісінше істеуге құмар. Осыдан, кейбір жұмыстарды орындауда оларды жылдам әрі сапалы ақырына жеткізуді ойластырып, “шектеу” (запрет) тәсілін пайдалануға кеңес берер едік. Жағдайларды бағалай білу, әрі пайдалану ептіліктерін жұмыс сапасын басқарудың әрқилы тәсілдері қатарына қосуға болады. Басқарым деңгейін жоғарлату үшін бала ықылас-ниетінің ең жоғары нүктесінде оның “тізгінін” тартыңқырап, алған жұмысын одан да тәуірірек орындату үшін бала ұмтылысына шектеу

салыңыз, бұл оқушыда көптеген ұнамды сапа-қасиеттердің ерістеуіне себепші болады.

Оқушыға үміт мүмкіндігін (шанс) беріңіз. Балаға сен ақымақсың, сенің ештеңеге қабілетің жоқ, істегеніңнің бәрі кері кеткен деп ескерту беретін болсаңыз, онда бір болашақтан айырлғаныңыз: алдыңыздағы оқушының барша өзін-өзі жетілдіру ынтасының жұталанғанының куәсі боласыз. Ал енді қарама-қарсы әдісті пайдаланыңыз. Оқушы үшін мақтау-мадаққа жомарт болыңыз: баланы алдында тұрған істің ешбір қиындығы жоқтығына иландырыңыз. Оның қабілетіне, табысқа жету жолында ол тырысып, қам жасайтынына сенетініңізді көрсете біліңіз.

“Сенің қолыңнан келеді, сен табысқа жетесің” кеңестің мәні сан қырлы. Америка мектептерінде психологтар қолданған “жалған” нәтижелер тәсілі кең таралған. Зерттеушілер сынып балалары мен мұғалімге ең төмен деп есептелінген бірнеше оқушының жоғары балл алғанын жариялаған. Нәтиже күтілгенінен артық болды: аталған оқушылар өз үлгерімін біршама жоғарылатып, жыл аяғындағы қорытынды тестілеуде сыныптың беделді тобына қосылды.

Бала намысын арқау етіңіз. Психологтардың тұжырымынша, өзін өмір бойы “сәтсіздік өрнегі” ретінде көрсеткісі келетін бірде-бір адам болмайды. Қалыпты тұлғаға өз жағдайын, беделін әр уақытта көтеріп бару тән сипат. Адамның бұл ұмтылыс ниетін қолдап-қуаттап әрі оған нәр беріп, белсенділікке жеткізіп бару қажет. Қажет болса, оның намысын қозғап, табысқа жету мүмкіндіктерін бетіне тура айтып, қозғау салған жөн. Кез-келген оқушы өзінің оқу жұмыстарының жеткіліксіз дәрежеде екенін түсінеді. Осыдан өз үлгерімін жоғарлату қолынан келетініне сенеді де. Не жетіспейді? Жалғыз түсіну аз, қозғау салатын әрекет керек. Ал, баланың қалыптасып келе жатқан ұмтылыстарына арқа сүйеп, оны қимылға келтіретін әрекеттерді жасау – бұл педагогтың ісі. Педагогикалық әдебиеттерде оқушыны жақсы жұмыс атқаруға ынталандыратын нақты тәсілдер көп келтірілген. Олардың көбісі жағдайлық сипатқа ие болып, оқушының жеке тұлғалық қасиеттеріне сәйкес қолданылады, бірақ неліктен де намыс қозғауы шетте қала береді. Ал сіз болсаңыз осы намыс деген ұлы қасиетті

іске қосыңыз: “Мен, немене, басқадан кеммін бе!” деп шәкіртіңіз ұран салатын болсын.

Оқушы табыстарын көрсете біліңіз. Ұқыпты оқу істеріне ынталандырудың маңызды бір әдісі – нақты оқушының сыныптастарымен салыстырғанда жоғары табысты болғаны жөніндегі шынайы ақпарат беріп тұру. Мұндайда қолданатын шара В.Шаталов ұсынған ашық рейтинг немесе “**жарқын болашақ жүйесі**” тәсілдерін пайдалану. Бұл тәсілдерді пайдаланған педагогтар оқу үлгерімінде үлкен табыстарға жеткен. Мұның себебі – балалардың көбі өздері жөнінде ұнамды өңгіме естігенді тәуір көреді: қандай да уақыт аралығында айтылған жылы сөз, “үлгерім экраны”, жарияланған рейтинг балада сенім тудырып, оны өзіндік қанағаттануға келтіреді. Бұл арада маңызды болатыны мұғалімнің мақтауы ғана емес, одан бастау алып тұрған ұнамды қолдау-қуаттау. Әрбір сәтте өздерінің қаншалықты ілгерілегенін, қай дәрежеде білім деңгейінің көтерілгенін біліп тұру – әр балаға тән қасиет. Ақпарат оқушыға дер мезетінде жеткізілгені жөн. Сәрсенбі күні өткізілген бақылау жұмысының нәтижесі бейсенбі күні оқушыға жетсе – бұл дұрыс. Ал, егер мұндай нәтиже бір айдан соң хабарланса, оның түкке де пайдасы болмайды.

Оқушыны мақтауға бірде жалықпаңыз. Бұл бір қарағанға оп-оңай тәсіл сияқты. Бірақ олай емес, мақтау ойламаған жерден “бұрқ” ете қалуы (спонтанно) керек. Оны жоспарлауға, сабақ кестесіндегідей белгілеуге мүмкін емес. Күнделікті бір қалыпты деңгейде, тіпті кейде өте төмен дәрежеде орындалып жатқан жұмыстарды көз жұмып, әсірелеуден аулақ болыңыз. Жаман жасалғанды мақтау – жұмыс иесінің де, оны дәріптеушінің де намысына тию. Мақтау әрдайым нақты, мекенжайлы болуы тиіс. Неге “рахмет” айтқаныңызды, неден қуанып, неге таң қалғаныңызды анықтап білдіріңіз. Мадағыңыз тыңдаушыны сендіргендей болсын. Бұл арада ым-ишара тілі маңызды келеді. Егер мұғалім жазылған шығарманы мақтап тұрып, қабағын түкситетін болса, оқушылар оның бірде-бір сөзіне сенбейді.

Бірге толғана, сын айтыңыз. Бұл орайда төмендегі тәсілдерді пайдаланыңыз:

– қолдау-қуаттау сыны (“Ештеңе етпес. Бұл рет болмай қалған. Ендігіде жақсылап орындарсың”);

- сәйкес сын (“Сендей кезімде, мен де тап осы қателікке душар болғанмын. Ой!, сондағы мұғалімнен есіткенім-ай”);
- сын-үміт (“Ендігі мәрте тапсырманы жақсы орындап келетіңіз сенемін”);
- мақтау сын (“Жұмыс жақсы орындалған, бірақ жағдайдан уақытынан сәл бұрын”);
- бірге қинала, сынау (“Сені түсініп тұрмын, жағдайыңды да білемін, бірақ сен де мені түсінсейші. Жұмысы құрғыр жөнді орындалмаған ғой”);
- сын-өкініш (“Өкінішті-ақ, бірақ айтпасам болмайды: жұмыс сапасыз орындалған”);
- сынау, қателікті жұмсарту (“Мүмкін, істің бұлай болғанына тек сен айыпты емес шығарсың”).

Өз оқушыларыңыздың аты мен беделін ардақтай жүріңіз. Еврей отбасыларының бала тәрбиелеудегі ерекшелігі: әр жетістік, құрттай да болса, табысқа баланы қолдап-қуаттап, мақтау. Еврей атасы не анасы өз баласын ешуақытта жалқау, қабілетсіз, ұқыпсыз деп сипаттамайды. Олар әсірелеп мақтаудан тіпті де тартынбайтын көрінеді. Осынысымен балада астамшылдық тобын қалыптастырып, оны қияли мұратқа бірде қайтпастан ұмтылуға баулиды. Еврей мектептерінде педагогтар өз оқушыларының беделін көтеруге ынталы. Себебі шәкірттерінің бұл мұғалім үмітін ақтайтынына сенімді. Міне, еврей тәрбиесінің нәтижеге жеткізетін басты сыры осыдан.

Ал қазақ мектептері мен отбасыларындағы мадақ-мақтау әлдеқайда сараң, ұсқынсыз және тік. Бастысы, олар көбіне жұртшылық алдында айтылмайды, айтылса да, жол-жөнекей бүкпеленіп жеткізіледі. Мадақтаудан жалықпаңыз, шаршамаңыз. Сіз байқаған қателіктің оңай, түзетілуі мүмкін екеніне, сіз тапсырған істердің бәрінің қиын еместігіне баланы сендіріңіз. Оқушылар ең алдымен өз күш-жігеріне сенетін болсын. Берілген тапсырмаларды орындаудан қуанышқа бөленетін болсын. Жақсы, табысты оқитын шәкірттерге ең жоғары “биліктерді” беріп, үлкен лауазымдарға жеткізіңіз. Жомарттығыңыздан таймаңыз! Балалардың кей бірі сіздің көзіңізде өз беделін танытып, сіздің айтқаныңызбен “тау қопарып” тастауға әрқашан дайын.

Ынта көтерудің және бір жолдары: өз сыныбыңызда пайдаланатын ынталандыру тәсілдерінің тізімін жасаңыз. Мүмкіндігінше, бұл тәсілдер жалпы бағдарда болмай, нақты сіздің сыныбыңызға арналатын болсын. Бұл тізім жұмыс үшін қажетті “тірек-конспект” болумен бірге сізге ынталандыру жолдарының нақты жағдайларға байланысты келетінін дәлірек көрсетеді.

Педагогикалық тәжірибеде сеп-түрткілерді дамытудың **“Дидактикалық еркіндік”** әдісін қолданыңыз, одан қандай нәтиже шығатынын байқастырыңыз.

Әдістеме орындалуы қалай?

Оқушылардың әртүрлі қызығуларын, бейімділіктерін және мүмкіндіктерін ескеру мақсатымен мұғалім сыныпқа оқудың бірнеше баламалы жолдарын ұсынады. Оқушылар аталған уақытта қайсы баламамен оқығысы келетінін таңдайды, баламалы оқу біткеннен кейін бұрынғы бірлікті оқуын жалғастыра береді. Көбіне, мысалы, жұптасып не шағын топта орындалатын жеке жұмыстар қатар беріледі. Осы әдістеме шеңберінде қызығулары бойынша біріккен шағын топтар түзіледі.

Қай жерде және қашан?

Егер уақыт жеткілікті болса, әртүрлі баламалы оқулар ұсынылады және өткізіледі. Оқушылардың әртүрлі қызығулары мен бейімділіктері байқалған жағдайда бұл әдістеме қолайлы келеді.

Неліктен?

Егер оқу формасы оқушылардың қызығуларына сәйкес келсе, оқу тиімділігі артып баруы тиіс. Бұл әдістеме шеңберінде оқушы өзіне ұнаған оқу формасын немесе оқу материалын таңдайды. Бұл сеп-түрткілердің және дербестіктің артуына негіз болады.

Қорытындыласақ, оқушыны күштеп өзгеру жолына салғаннан гөрі, оның жан дүниесін түсінген абзал. Неліктен бала мұндай қадам басты, неліктен бұлай жасады, неге басқаша әрекетке келмеді – осыларды түсінуге тырысайық. Бұл қарадүрсін сын мен иық тұртуден пайдалылау және қызық та. Әр мұғалімде баланы түсінуден бірлікті толғану, шыдамдылық, қайырымдылық сезімдеріне негіз туындайды.

Өзіңізді тексеріңіз

1. Оқып-үйрену сеп-түрткілері деген не?
2. Оқып-үйрену және оқыту сеп-түрткілерінің айырмашылығы неде?
3. Оқып-үйрену сеп-түрткілері қалай топтастырылады?
4. Қазіргі кезең мектептерінде сеп-түрткілердің қай түрлері тиімділеу?
5. Кіші мектеп оқушыларында сеп-түрткілердің қай түрі басымдау?
6. Оқушыларда оқып-үйренуге ынталылық дамыту шарттары қандай?
7. Оқып-үйрену белсенділігі деген не?
8. Шәкірттердің оқу іс-әрекетіндегі белсенділігін көтерудің жолдарын атаңыз.
9. Оқу барысындағы қызығу заңдылықтарының әсер-ықпалын сипаттаңыз.
10. Оқуға болған қызықсыну қалыптастырудың жолдары, тәсілдері мен шаралары қандай болуы мүмкін?
11. Қызығу мен қажеттілік арасындағы байланыс қандай?
12. Оқып-үйренуге ынталылықты зерттеп тану мен оны қалыптастырудың жолдары қандай?
13. Баланы оқуға ынталандырудың қандай әдістері мен тәсілдерін ұсынуыңыз мүмкін?
14. Оқу еңбегіне болған ықыласты қолдау жолдары қандай?
15. Оқып-үйренуге ынталандыру деген не?
16. Мектепте қолданылатын ынталандыру әрекеттері қандай?
17. Гуманистік педагогика оқуға ынталандырудың қандай жолдарын ұсынады?
18. Қандай ынталандыру ережелерін білесіз?
19. Оқуға болған шәкірт ынтасын ояту үшін мұғалім не істеуі мүмкін?
20. Аса қиын жағдайларда қолданылатын ынта-ықылас көтеру жолы қандай?

7-ТАРАУ

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жоспар:

Принциптер мен ережелер жөнінде түсінік

Саналылық және белсенділік принципі

Оқудың көрнекілік принципі

Жүйелілік және бірізділік принципі

Беріктік принципі

Түсініктілік принципі

Ғылымилық принципі

Көңіл-күй принципі

Теория мен тәжірибені байланыстыру принципі

Тірек конспект-сөздік

Заң (закон) – құбылыс, үдерістер және олардың нәтижелері арасындағы жалпыланған, шынайы, тұрақты да қайталанып барушы байланыстар (тәуелділіктер).

Заңдылық (закономерность) – заңның нақты үдеріс пен құбылыста іс-әрекетке келу көрінісі.

Дидактикалық принциптер немесе оқу принциптері (дидактические принципы или принципы обучения) – 1. Оқу үдерісінің көптеген заңдары мен заңдылықтарының бірігімді әрекеттерінен құралып, мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекеттерін реттестіру қызметін атқарады, сонымен бірге барша пәндерді оқыту мен игеру барысында және оқудың барша кезеңдерінде жалпы маңызын сақтап қалады. 2. Жалпы мақсаттар мен заңдылықтарға сәйкес оқу мазмұнын, ұйымдасу формалары мен оқу әдістерін айқындауда негіздеме қызметтерін атқарушы тірек (базисный) тұжырымдар.

Дидактикалық принциптер негізін қалаушы педагог-ғалымдар:

Я.А.Коменский – табиғи сәйкестік (природосообразность) принципі. Қалғандардың бәрі осы принциппен орайлас келуі қажет.

А.Дистервег – оқу мазмұнына, оқушыларға талап принципі.

К.Д.Ушинский – мерзімге сәйкестік, бірізділік, толық сәйкестік, тұрақтылық, бекімді игеру, түсініктілік, өзіндік іс-әрекет, жеңілділік, дұрыстық принциптері.

И.Гербарт – оқу мен тәртіп бірлігі, тәрбиелілік оқу, ақыл дамыту, мұғалім беделін ұстану принциптері.

Дж.Дьюи – белсенді оқу, оқушының өзіндік танымы, шәкірт еркіндігі, мұғалім жәрдемші принциптері.

Қазіргі заманғы дидактикалық жүйе принциптері: 1) саналылық және белсенділік; 2) көрнекілік; 3) жүйелілік және бірізділік; 4) беріктік; 5) түсініктілік; 6) ғылымилық; 7) көңіл-күй – сезімділік; 8) теория мен тәжірибе бірлігі.

Ережелер (правила) – 1) жалпы принциптерге негізделген педагогикалық іс-әрекеттердің нақты жағдайларда көзделген мақсатқа жету жолдарының сипаттамасы; 2) қандай да принципті іске қосудың кейбір қырларын ашып беруші басшылық тұжырымдар; 3) принцип талаптарын орындау бойынша мұғалімнің нақты әрекетіне көрсетпе.

“Баланы еңбек қуанышына жеткізу, оқудағы табыс ләззатына бөлеу, жүрегінде мақтаныш сезімін оятып, өз қадір-беделін таныту – тәрбиешінің ізгі парызы”.

В.А.Сухомлинский

Принциптер мен ережелер жөнінде түсінік

Оқу теориясының негізгі құрылым бірліктері – бұл ғылым тарапынан анықталған заңдар мен заңдылықтар. Бұл **заңдар** мен **заңдылықтар** құбылыстар, үдерістер мен олардың нәтижелері арасындағы жалпы, шынайы, тұрақты және қайталанып келетін байланыстар мен тәуелділіктердің мәнін ашады. Дидактика оқудың көптеген заңдылықтары және заңдарымен таныс, біз олармен әр қилы мәселелерге орай кездесіп отырамыз. Дидактикалық үдерістің негізін құрайтын аса маңызды және негізгі заңдылықтар мен заңдар **оқу принциптері** немесе **дидактикалық принциптер** деп аталады. Бұл принциптер арқасында оқу үдерісіне қатысы бар көптеген заңдылықтардың мән-мағынасы ашылады, мұғалімдер мен оқушылардың қызметтері реттеледі, барлық оқу пәндерін өтуде және оқудың барша кезеңдерінде олар өздерінің жалпы мәнін сақтайды. Осыдан, дидактикалық принциптер (латын сөзі “негіз”) оқу үдерісінің жалпы мақсаттары мен заңдарына сай келетін оқудың жалпы мазмұнын, ұйымдастыру формалары мен әдістерін айқындаушы тірек тұжырымдар жиынтығы. Дидактика тарихынан белгілі болғандай, зерттеушілер принциптерді ашу жолында елеулі табыстарды қолға кіргізді. Енді мұғалімдердің міндеті осы белгілі принциптерге сай әрекет ете отырып, оқу сапасын жоғарылату мен оның тиімділігін және беріктігін көтере түсу. Принциптер дидактикалық үдерістің біртұтас тұжырымдамасын құрай отырып, табиғи бірлікте әрекетке келеді. Қазіргі кезеңдегі оқу жүйесінің ірге тасын **Я.А.Коменский** қалаған. Ғұлама – педагог пікірінше, **оқудың негізі – табиғи сәйкестік принципі, ал барша қалған принциптер осы табиғи сәйкестікке сай бірізді іске асырылып барады. А.Дистервег** бұл жүйені жаңа талаптарға негізделген нақты ережелермен толықтырды. Бұл ережелер 1) **оқу**

мазмұнына, 2) оқытушыларға, 3) оқушыларға қатысты болады. **К.Д.Ушинский** тиімді оқуға қажет келесі шарттарды белгілеп берді: уақытқа сай болуы, біртіндеушілік, табиғилық, тұрақтылық, игеру беріктігі, анықтығы, оқушылардың дербестік әрекеті, жүктемелердің аса ауыр не өте жеңіл болмауы, дұрыстық. өз алдына әртүрлі мақсаттар белгілеген дидактикалық жүйелерде бір-біріне ұқсамас оқу принциптері іске қосылады. Негізгі тұжырымдары өткен баптарда жария етілген Гербарт және Дьюи дидактикалары өзіндік ерекшеліктерге ие болғанын білеміз. Біз әңгіме еткен жаңа дидактикалық жүйе дәстүрлі (классикалық) және қазіргі заман оқу принциптерін пайдалануда байыптылық сипат танытады. Осыдан онда бірдей уақытта көптеген заңдар мен заңдылықтар іске қосылып жатады. Оларды әр қилы жолдармен топтастыруға болады және олардан негізгі тұжырымдарға сай көптеген жаңа жүйелерді ажыратып, бөлу мүмкін. Сондықтан да оқу құралдары мен әдістемелік нұсқауларда оқу принциптерінің әртүрлі жүйеде біріктірілген топтарын кездестіреміз. Егер дидактикалық принциптердің сізге бейтаныс жүйесі қолданылып жатса – таңданбаңыз, мәндік жағынан олардың бәрі бір-біріне жақын. Біздің оқулығымызда жаңа дидактика жүйесіне арналып түзілген және педагогтардың көпшілігі тарыпынан қабылданған принциптер легі қарастырылады. Бұл принциптер жалпы танымал.

Қазіргі заман гуманистік дидактикасында оқу принциптері **табиғи сәйкестік** басты принципінің төңірегінде жүйелі біріккен. Бұл жүйедегі дидактикалық талаптар төмендегідей: 1) саналылық және белсенділік; 2) көрнекілік; 3) жүйелілік және бірізділік; 4) беріктік; 5) түсініктілік; 6) ғылымилық; 7) көңіл-күй; 8) теория мен тәжірибенің байланысы.

Принциптер нұсқау-көрсетпе (норматив) қызметтерін атқарады. Олар мұғалімге кейбір жағдайларда қандай әрекетке келуі жөнінде тек кеңес немесе сілтеме беріп қоймайды, жалпы заңдылықтар ретінде бұл принциптер педагогикалық әрекеттер бірлігіне негіз қалаумен бірге олардың толық орындалуын талап етеді. Ғасырлар бойы тексеріліп, сыннан өткен бұл принцип талаптарын бұзған мұғалім ешуақытта да оқу мен тәрбиеде жоғары сапаға жете алмайды. Принциптерді білу және олар-

ды оқу-тәрбие үдерісінде толықтай іске асыру педагогикалық шеберліктің негізін құрайды және ол педагогикалық біліктілікті анықтауда алдымен ескеріледі.

Педагогиканың принциптік талаптары ережелер жүйесі арқылы іске асырылады. Ереже – бұл педагогикалық іс-әрекеттің нақты жағдайларда белгілі мақсаттарға жеткізу тәсілінің **сипаттамасы** (описание). Көбіне оқу ережесі деп қандай да принципті қолданудың жеке тараптарын ашып беретін жетекші тұжырымдарды түсінеміз.

Оқу ережелері теориядан тәжірибеге өту “көпірі” ретінде танылған. Оларда мұғалімнің көптеген ұқсас оқу жағдайларында қолданатын бірдей әрекет тәсілдері беріледі. Ал кей жағдайларда – бұлар мұғалімге қалай әрекет жасау немесе жасамау керектігі жөнінде нақты көрсетпелер береді. Осыдан ережелерді білу қажеттігі кейбір педагогтардың қарсылығына душар болуда. Олардың ойынша, ережелерге бекіп, оларды сол күйінде орындау мұғалімдердің шығармашылық ынтасын дамытуға кері ықпал жасайды. Бұдан шығар қорытынды – басты назарды ережелерге байлап тастамай, оқудың жалпы теориясын игеруге және оны шығармашыл қолдану дағдыларын баулуға аудару қажет. Бұдан 10-15 жыл бұрынғы педагогика оқулықтарында ережелер жөнінде әңгіме қозғалмайтын. Ежелгі батыс, орыс мектебі, керісінше, осы оқу жұмыстарының ережелеріне көп көңіл бөлген. Өткен ғасыр басындағы мұғалімдерге арналған оқу құралдарының бәрі мектеп өмірінің қалаған жағдайларына арналған шын мәніндегі педагогикалық ережелердің, нұсқаулардың жинақтары болатын. Мектеп ол заманда өмірдің шынайы қағидаларымен ретке келтірілген бір қалыпты оқу жұмыстарын алып баратын.

Ережелерге түзетулер енгізіп, оларды ұдайы қайта қарастырып, ғылым жетістіктері және тәрбиенің өзгеріс жағдайлары негізінде жаңалап бару қажет. Ережелерге аса арқа сүйеп немесе оларды бұлжытпай орындауға құштарлық етуге болмайды. Себебі бұл мұғалімдердің шығармашыл ынтасын байлап, жаңашылдық іздестіруде кедергі жасайды. Дегенмен, олардан түбегейлі бас тартып, оқу үдерісін шексіз еркіндікке тап қылуға және болмайды. Оқу жұмысында бір-біріне ұқсас, типтік, мұғалім шығармашылығын қажет етпей-

тін жағдайлар көп-ақ. Бірақ олардың зиянды тараптары мол. Осындайда оқу әрекеттерін ережелерді ұстана отырып, іске асырған жөн. Мұғалімдерге мұндай талаптар өз уақытында Я.А.Коменский, А.Дистервег және басқа көрнекті педагогтар тарапынан қойылған еді.

Ережелер мұғалімге қандай да бір жағдайларда нақты әрекеттерді жасауға сілтеме беріп, белгілі бір талаптарды орындауға бағыттайды. Ал бұл нұсқаулардың қалай орындалуы тікелей мұғалімге тәуелді. Мысалы, оқушы сабақ басына кешігіп, сыныпқа қоңыраудан соң кіріп келді. Мұндай жағдайда мұғалім ережеге сай оқушыға қандай да ықпалды әрекет жасауы қажет, себебі тәртіп бұзу ескерусіз қалмауы тиіс. Ал бұл ескерту қалай орындалады – оның жолы бүтіндей және толығымен нақты ситуацияға, оқушы тұлғасына, мектепте қабылданған тәртіптерге, қалыптасқан қатынастарға және көптеген басқа да себептерге байланысты.

Ережелер саны қанша болуы мүмкін? Бұл сұраққа К.Д.Ушинский сөздерімен жауап берген әділ болар: "... Бұл ережелердің өздері ешқандай да шекке ие емес: оларды бір – ақ баспа парағына сыйдыруға да болады, сонымен бірге олардың басын құрап, бірнеше кітап томдарын да құрастыру мүмкін. Басты іс – осы ережелердің бәрін ежелеп оқып, жаттап алу емес, сол ережелердің негізін құрайтын ғылыми тұжырымдарды түсіне игеру.

Әдетте, ережелер мұғалімдерге принцип талаптарын толықтай орындауға жол-жоба беретін кеңес-ескерту формаларында келтіріледі. Ал, қалай әрекет істеу керек деген нақты сұраққа олар тіпті де жауап бере алмайды. Осыдан ережелерді шығармашыл пайдалану қажеті туындайды.

Сонымен, бүкіл педагогикалық үдеріс ағымын реттеп, бағдарлап отыратын заң, заңдылықтар және принциптер көп те әрі саналуан. Дидактикалық принциптер оқу үдерісінің жалпы мақсаттары мен заңдарына сай келетін оқудың жалпы мазмұнын, ұйымдастыру формалары мен әдістерін айқындаушы тірек тұжырымдар жиынтығы. Педагогиканың принциптік талаптары ережелер жүйесі арқылы іске асырылады. Ереже – бұл педагогикалық іс-әрекеттің нақты жағдайларда белгілі мақсаттарға жеткізу тәсілінің **сипаттамасы** (описание).

Саналылық және белсенділік принципі

Аталған принциптің негізінде ғылым тарапынан анықталған заңдылық тұжырымдары жатыр – білім мәні өз ақыл ой белсенділігі арқасында игерілген терең де әрі өз бетінше ұғынылған білімдерден құралады. Білімдерді саналы игеру бірнеше шарттар мен жағдаяттарға тәуелді: оқу сеп-түрткілері, оқушылардың танымдық белсенділігінің деңгейі мен сипаты, танымдық іс-әрекетті басқару және оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастыру, мұғалім қолданған әдістер мен оқу жабдықтары және т.б. Оқушының өзіндік таным белсенділігі оқудың маңызды жағдаятының бірі есептеледі, ол оқу материалын терең әрі берік игеруде пәрменді ықпал жасайды. Оқудың саналылық және белсенділік принципін іске асыру барысында келесі маңызды оқу ережелері сақталуы тиіс:

– **Алдағы жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін анық түсіну** – саналы оқудың қажетті шарты: оларды оқушыларға көрсетіңіз, маңызы мен мәнін түсіндіріңіз, болашақтағы қажетін бала санасына жеткізе біліңіз.

– **Оқыту барысында оқушы не, неліктен және қалай істеу керектігін түсінетін болсын**, сонымен оқу жұмыстарын қарадүрсін орындамай, алдын-ала олардың терең мән, мағынасын ұғынсын.

– **Оқу барысында танымдық іс-әрекеттің барша түрлері мен формаларын пайдаланыңыз**, талдауды біріктіру тәсілімен, индукцияны дедукциямен, салыстыруды қарама-қарсы қоюмен біріктіріңіз, сәйкестікті жиі пайдаланыңыз, балалардың жасы неғұрлым кіші болса, индукция тәсілін жиі қолданыңыз.

– **Оқушылар әр сөздің, сөйлемнің, ұғымның мән-мағынасын түсінетін болсын**: оларды қолдануда оқушылардың өтілген білімдері мен тәжірибесіне сүйеніңіз, бейнелі салыстыруларды пайдаланыңыз. Мән-мағынасы жете ашылуы мүмкін болмаған ұғымдарды сабақта қолданудан аулақ болыңыз.

– **Балалардың бірін-бірі оқыту мүмкіндіктерін пайдаланыңыз**. Дұрыс шешім табудың ұжымдық формаларын

дамытуға қажет жағдайларды қамтамасыз етіңіз. Мұғалімнің түсіндермесінен гөрі, қасында бірге отырған жолдасының әңгімелеп бергені тиімді де әрі жеңіл, сондықтан сыныптағы үздік оқушылар қолынан келетін оқу істерін өз міндетіңізге алып, түсіндіріп жатуыңыздың қажеті жоқ. Бала белсенділігін тәрбиелеуде уақытты да, күш-қуатты да аянбаңыз. Есіңізде болсын, бүгінгі белсенді оқушы қоғамның ертеңгі белсенді мүшесі.

– Оқушыларға **белгісіз мәліметтерді бұрыннан белгілілерімен қисынды ұштарыңыз**: игерілген мен игеріліп жатқан білімдердің арасында қисынды байланыс болмаса, саны оқу да болмайды.

– Есіңізде болсын, оқудағы басты нәрсе – сіз оқытып жатқан пән емес, ол **сіздің тәрбиеңізбен қалыптасып жатқан тұлға**. Оқушы сіздің оқу пәніңізге қосалқы элемент болмай-тындай етіп оқытыңыз әрі тәрбиелеңіз, керісінше, сол пәнді сізбен бірге белсенді игеретін субъект болсын. Жадыңыздан шығармаңыз, тұлғаны қалыптастыратын пән емес, пәнді оқытумен байланысқан **мұғалімнің өз әрекет-қимылы**.

– Оқушының **бақылайтын деректері мен игерген білімдері арасындағы айырмашылықтарды** тауып және оларды түсіндіруді талап ететін жағдайларға келтіріңіз.

– Егер әр ереже **тиімді сандағы мысалдармен қамтамасыз етілсе** және **сол ережелердің қолдану ауқымы қаншалықты кең** екендігін оқушы түсінсе, оқу табысы соғұрлым жоғары болады.

– Игеріліп жатқан материалдардағы **басты және екінші дәрежелі ақпараттарды табуға және ажыратуға үйретіңіз**. Оқушыңыз ең алдымен өзекті мәселелерді түсініп, игеретін болсын. Сабақта келтіретін дерек және мысалдарыңыз негізгі мәселе мәнін көлеңкелеп тастамасын.

– Әкімдік беделмен ешнәрсеге үйретіп болмайды, **оқу – сезім мен санаға негізделген дәлелдер арқылы ғана нәтижесін береді**. Оқушыларға оқу-тәрбие істерінің аса өнімді әдістерімен қарулануына жәрдем беріңіз, оларды оқып үйренуге үйретіңіз. Оқушы зейінін сабақ материалынан алаңдататын жағдаяттарға назар аударып, бақылап барыңыз.

Ол жағдаяттар ішкі де (ой шашыраңқылығы, сабақтағы қажетсіз заттармен шұғылдану және т.с.с.), сырттай да (сабаққа кешігу, тәртіп бұзу және т.с.с.) болуы мүмкін, кері әсер ететін себептерді жойып барыңыз. Мүмкін болғанша, “неге”, “неліктен” сұрақтарын жиі қолданыңыз. Осы арқылы балаларды себеп-салдарлы ой толғауға үйретіп, дамытушы оқу үдерісін іске қосыңыз.

– **Дәлелді деректер мен айғақтары бар оқу** – нәтижелі оқу, мұндай оқуда күмән болмайды, ештеңе ұмытылмайды. Есіңізде болсын, нағыз білгір – түгін қалдырмай, қайталап айтып беретін емес, ал оны тәжірибеде қолдана білетін.

– Өз оқушыларыңыздың **жеке-дара қызығуларын зерттеңіз әрі** оларды ұдайы пайдаланыңыз, бала қызығулары оның жеке мүдделерімен, сонымен бірге қоғамдық қажеттермен үйлесімді болуына мән беріп, оларды дамыта түсіңіз.

– Оқу барысында **тұрмыстық жағдайларды кеңірек пайдаланыңыз**. Оқушылардан өмірде байқағандары мен олардың ғылыми түсіндірмелері арасындағы айырмашылықтарды түсіне ұғып, өзінше бағалауын талап етіңіз.

– Игерілген білімдер **сенім, наным деңгейіне өтіп**, оқушы әрекетіне басшылық болатындай дәрежеде оқытыңыз.

– Өзіңіз тәрбиелеп жатқан **балаларды дербес, өз бетінше ойлауға және әрекет жасауға үйретіп барыңыз**. Біреудің атқанын қайталауға, екінші біреуге сыбырлап жәрдем беруге және ойсыз еліктеуге жол бермеңіз.

– Оқушылардың **шығармашылық ой-өрісін мәселелерді жан-жақты талдау жәрдемімен дамытуға тырысыңыз**, мәселелерді бірнеше қисынды айырмасы бар тәсілдермен шешуге үйретіңіз, шығармашыл тапсырмаларды жиі қолданыңыз.

– **Сұрақ қою және оның жауабын тыңдай білу** – белсенділікке ынталандыру мен оны қолдаудың маңызды шарты. Сұрақ қандай болса – жауап сондай, мұғалім оқушыны қалай тыңдаса – оқушы мұғалімді солай тыңдайды.

Көрнекілікпен оқыту принципі

Бұл ежелгі замандардан қолданылып келе жатқан аса танымал және сезімдік түсінікті принциптердің бірі. Оның негізінде келесідей ғылыми заңдылықтар жатыр: адамның сезім мүшелері сырттай тітіркендіргіштерді әртүрлі қабылдайды, адамдардың көбі көру мүшелерінің аса жоғары сезімталдығына ие; қабылдағыш жүйке (рецепторлардың) орталық жүйке-жүйесіне бағытталған байланыс оптикалық каналының өткізгіштік қабілеті өте жоғары; көру ағзасының (оптикалық канал бойынша) миға келіп түсетін ақпарат қайта таңбаланбайды, ол оқушы есінде жеңіл, тез және берік бейнеленіп қалады. Оқу тәжірибесі көрнекілік принципін қолданудың көптеген ережелерін іске асырған. Солардың кейбірін еске салайық:

– Сөздік формада, ауызша не жазбаша өрнектелген материалдарға қарағанда, табиғи күйінде берілген заттар жақсы, жеңіл әрі тез есте қалатынын ескеріп, оларды оқу үдерісінде пайдаланыңыз.

– Есіңізде болсын, сәби ойы формалармен, түр-түсті бояулармен, дыбыстармен, түйсіктермен өрнектеледі. Осыдан бала санасы жалпы дерексізденген ұғымдар мен сөздерден құрылмай, оның тікелей қабылдауындағы нақты бейнелерді арқау етеді.

– Оқушылар үшін ең маңызды ереже: мүмкін болғанша сезімдік қабылдауды пайдаланыңыз, дәлірек айтсақ, көз қабылдауына – көретінді, құлақ қабылдауына – естілетінді, иіс, дәм қабылдауға – тиісті мүшелерді.

– Бір көрнекілікпен шектеліп қалмаңыз: көрнекілік – мақсат емес, оқушының ойын дамыту және оны оқыту құралы.

– Оқыту және тәрбиелеу барысында есіңізде болсын: ұғымдар мен дерексізденген тұжырымдар бала санасына нақты деректер, мысалдар және бейнелер негізінде жеткізілсе, тез әрі жеңіл қабылданады; олардың мәнін ашуға әрқилы көрнекілік түрлерін пайдалану қажет.

– Көрнекілікті тек сурет ретінде қолданбастан, оны мәселелік жағдайларда өзбетінше білім алу көзі ретінде де пайдаланған жөн. Бұл оқушылардың тиімді ізденіс және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

– Көрнекі құралдар сабақта өтіліп жатқан заттар мен құбылыстар жөнінде өте анық және дұрыс ұғымдарды қалыптастыруға жәрдемін беретінін оқу және тәрбие барысында есіңізден шығармаңыз.

– Оқушы бақылаулары жүйелестіріліп, себептер және салдарлармен сәйкестендірілсін.

– Көрнекі құралдарды қолдана отырып, алғашқыда балаларды ондағы берілген бейнелерді тұтастай қабылдауға, кейін бастысын және екінші дәрежелілерін өз алдына, содан соң - қайталай тұтастыққа келтіруге үйретіңіз.

– Өртүрлі көрнекілікті пайдаланыңыз, бірақ көрнекі құралдарыңыздың саны шектен асып кетпесін, себебі бұл баланың зейін шашыраңқылығын пайда етіп, негізгі мән-мағынаны қабылдауға кедергі жасайды.

– Көрнекілікті пайдалануда оқушылардың сезімдік тәжірибесіне қозғау салыңыз: бұрын қалыптасқан ұғымдарға арқа сүйеуден енді игеріліп жатқан түсініктер көрнекі нақтылыққа келеді.

– Балалармен бірге көрнекі құралдар жасауға қатысып тұрыңыз: ең жақсы және әдемі көрнекі құрал – балалардың өз қолдарымен жасағандары.

– Өзіңіз жеткілікті білмейтін нәрсені ешуақытта көрсетуші болмаңыз. Көрнекі құралды пайдалануға мұқият дайындалыңыз.

– Осы заман көрнекі құралдарын – теледидар, бейнетаспа, экранды құралдарды және т.б. – ғылыми негізде пайдалануға тырысыңыз; оқудың техникалық құралдарын игеріңіз;

– Көрнекі құралдарын пайдалану барысында балаларды зейінділікке, бақылаушылдыққа, ойлау мәдениетіне, құрастыру шығармашылығына, оқуға мүдделі болуға тәрбиелеңіз.

– Көрнекілікті өмірмен байланыстырудың бір жолы ретінде пайдаланыңыз.

– Оқушылардың жас деңгейі жоғарылаған сайын көрнекілік орнына дерексізденген рәміздік таңбаларды пайдалануға көбірек ден қойыңыз; осыған байланысты мұғалім түсіндіріп жатқан құбылыстарының мәнін олардың болмыстағы нақты бейнесімен сәйкес болуына көңіл бөлгені жөн.

– Есіңізде болсын, көрнекілік – бала психикасына күшті ықпал жасайтын құрал. Егер ол орынсыз немесе жеткілікті түсініспестікпен қолданылса, балалардың ойын басты мәселелерден шеттетіп жіберуі, сонымен бірге көзделген мақсат көрнекі құралдан көмескіленіп қалуы мүмкін.

– Көрнекілікті шектен тыс қолдану білімді тереңнен меңгеруге кедергі жасап, дерексіз (абстракт) ой дамуына, жалпы және жалпыланған заңдылықтардың мәнін түсінуде зиян келтіруі мүмкін.

Жүйелілік және бірізділік принципі

Бұл принцип келесі ғылыми тұжырымдарды негізге алады: қоршаған орта болмысының айқын бедерлері мида нақты бейнеленсе ғана, оқушы шынайы білім топтай алады; ғылыми білімдер жүйесін қалыптастырудың басты тәсілі – белгілі жолмен ұйымдастырылған оқу; ғылыми білімдер жүйесінің бірізділігі оқу материалының ішкі қисынымен және оқушылардың танымдық мүмкіндіктерімен байланысты; жеке элементтерден тұратын оқу үдерісінің тиімді әрі жоғары нәтижеге жетуі ол үдерісте орынсыз үзілістердің, ескерілмей қалған қажетті сәттердің болмауына және бірізділіктің қандай да себептермен бұзылмауына тәуелді. Егер дағдылар тиісті жаттығулармен жүйелі бекімесе, олар көп ұзамай жойылады; егер оқушылар қисынды ойлауға үйретілмесе, олар өздерінің ойлау іс-әрекетінде үлкен қиыншылықтарға кезігеді; егер оқу ісінде жүйелілік және бірізділік сақталмаса, оқушылардың даму үдерісі бәсеңдейді.

Мұғалім қызметінде жүйелілік және бірізділік принципі көптеген ережелерді орындаумен іске асып барады, олардың арасына аса маңыздылары келесідей:

– Оқушылардың білімдер жүйесін қалыпты игеруін қамтамасыз ету үшін сұлбаларды, жоспарларды орынды пайдаланыңыз. Оқу материалын қисынды бітімге келген бөліктерге ажыратыңыз, оларды бірізді іске асырып барыңыз, балаларды өзара кезекті оқу әрекеттерін жасауға үйретіңіз.

– Егер жауабы табылмайтынына не шешімі шықпайтынына көзіңіз жетсе, ондай сұрақтарды немесе мәселелерді сабаққа қойып өуре болмаңыз.

– Материалдың мазмұндық, сондай-ақ оқу тәсілдерінің жүйесін бұзуға жол қоймаңыз, ал егер жүйе себепсіз өзгеріске түсе қалса, үлгермеушіліктің алдын алу үшін олқылықтарды түзетуге тырысыңыз.

– Әрдайым пән аралық байланыстарды пайдаланыңыз. Мазмұндық тұрғыдан, сондай-ақ оқу әдістемелерінде бастауыш мектептің барша сыныптар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етіңіз.

– Оқу әдістемелерінің жетістіктерін пайдаланыңыз: өз оқушыларыңызбен тірек-конспекттер, оқу материалының құрылымды-мәндік сұлбасын түзіңіз, білімдерді игеру барысын жеңілдететін шараларды қолданыңыз. Оқу барысында жүйелілік пен бірізділікті қамтамасыз ету үшін бұрын өтілгендерді жиі қайталап отырыңыз және жетілдіріп барыңыз.

– Қысқа және қорытынды қайталауларды сабақтың басында немесе ақырында үй тапсырмаларына байланысты қолданып қана қоймай, оларды бүкіл сабақ барысында негізгі мәселеге орай, сонымен бірге жеке мәселелерді баяндаудан соң да пайдалануды ұмытпаңыз. Жаңа материалдарды өтуді күрделендіретін жағдайлардан сақболоңыз. Сабақтақырыбына жасанды ендірілген, оған тікелей қатысы жоқ идеялар (білімдік, дамытушы, тәрбиелік) дәріс нәтижесі мен оқу құндылығын кемітеді. Осыны ескере отырып, аса маңызды болған идеяларды оқу мазмұнына және балалардың мүмкіндіктеріне орай игертуді, оқу-тәрбие үдерісінің жылдық жоспарына ендіруді алдын-ала көздеңіз.

– Өтілгендерді қайталау сабақтың басында білім және ептіліктердің игерілу деңгейін анықтау үшін немесе сабақтың ақырында ұсынылған ақпаратты бекіту үшін ғана орындалмай, бұл жұмыс логикалық бітімге келген оқу бөліктерінің әрбірінен соң сабақ барысында іске асып отыруы шарт.

– Оқушылардың ой өрнектеу тәсілдері мен формаларын бақылап баруды естен шығармаңыз. Тұрақты әрі үлкен шыдамдылықпен балаларды дербес еңбектенуге үйретіңіз. Тапсырмаларыңыз дербес орындалуда бірте-бірте күрделенетін

болсын, сонымен бірге олардың табысты орындалуы үшін мүмкіндіктер жасаңыз. Істі мүмкін болғанша оқушының өзі орындасын, қажет болса, көмек беріңіз.

– Оқудан болар жарқын болашаққа оқушылардың сенімін жеткізіңіз.

– Сезімдік тәжірибе мен тірек білімдерді орынсыз әрі жиі жаңғыртуға әуесқой болмаңыз, жаңа білімдерді игеруге ғана қажеттерін еске түсіріңіз, әркімге белгілі әшейін біліктерді хабарлау үшін өзі де тығыз сабақ уақытын алмаңыз.

– Жүйені түсіну – логиканы, ал оны қалыптастыру – сезім мен эмоцияны қажет ететінін ұмытпаңыз. Оқу көтеріңкі көңіл және шабытпен жүргізілетін болсын, өмір, әдебиеттің жарқын деректерін пайдаланыңыз: ұғымдар түсіндіреді, бейнелер еліктіреді, ынта әрекетке келтіреді.

– Бөлім, курс ақырында міндетті түрде жалпылау және жүйелестіру сабақтарын өткізіңіз.

– Оқушылардың ауызша жауаптары мен жазба жұмыстарында жіберілген қателерді тұрақты түрде, үлкен шыдам және тілектестікпен жөндеп отырыңыз, балаларды өз қателерін жүйелі талдастыруға үйретіңіз.

– Шаршаған балаларды жасанды жолмен еліктірмеңіз. Олардың жаңа әрекетке, соны тапсырмаларға құмарлығын орынды пайдаланыңыз. Оқушылардың ақыл белсенділігін дамыту және қолдау заңдылықтарын ұстаныңыз, ой жұмысында көтеріңкі мезеттермен бірге шаршап-шалдығу да болатынын ұмытпаңыз.

– Шектен тыс “айла” қолданып, оқушылардың бірнеше дәрістерде игеретін материалын бір сабақта өтіп, үйретемін деуден аулақ болыңыз.

– Есіңізде болсын, білім қалыптастырудағы жүйелілік – оны естен шығармаудың бірден-бір кепілі. Ұмытылған білімдер жүйе негізінде тез қалпына келеді, ол болмаған жерде – қайта жаңғырту үдерісі қиындасады.

– Я.А.Коменскийдің “Барша нәрсе бірізді ажыралмас байланыста жүргізілуі тиіс: бүгінгі кешегімен бекіп, ертеңгіге жол салуы қажет”. – деген кеңесін бір де бір есіңізден шығармаңыз.

Беріктік принципі

Бұл принципте келесідей заңдылықтар анықталған: білім мазмұнын игеру және оқушылардың танымдық күш-қуатының дамуы – оқу үдерісінің бір-біріне байланысқан екі тарапы; игерілген оқу материалының беріктігі ақылға сай жағдаяттарға, яғни бұл материалдың мазмұны мен құрлымына ғана тәуелді болып қоймай, оқушылардың сол пәнге, материалға, мұғалімге деген субъектив қатынастарына да орайлас; игерілген білімнің берік болуы оқуды ұйымдастыруға, әрқилы оқу түрлері мен әдістерін пайдалануға, сондай-ақ оқу мерзіміне байланысты келеді; оқушылар жады таңдамалы сипатқа ие: қандай да материал оларды маңыздылығымен қызықтырса, сол материал берік орнығады және ұзақ сақталады.

Игерілген білімдердің бекуіне жәрдемші оқу іс-әрекетін түсінуден дәстүрлі оқу жүйесіне жаңа ережелерді ендіру мүмкіндіктері ашылды:

– Қазіргі заман оқуында ес мүмкіндіктерінен гөрі ойлау қабілеті көбірек іске қосылады. Сондықтан аса қажетті болмаған білімдік материалдарды жаттауға сарп етпей, балалардың күш-қуатын үнемдеңіз, ес жүктемесін ойлау әрекетіне кедергі болар дәрежеде арттырмаңыз.

– Қате қабылданған немесе түсініксіз материалдардың есте бекуіне жол қоймаңыз. Бала әр уақыт саналы игерілген және түсінген білімін ғана есте сақтайтын болсын.

– Қосалқы сипатқа ие материалды жаттаудан балаларды құтқару үшін, оларды әрқилы анықтама кітаптарымен, сөздіктермен, әмбебап ақпарат құралдарымен пайдалануға үйретіңіз.

– Есте сақтауға қажет материал қысқа да нұсқа болуы тиіс. Оқушының өзі ойланып, жеңіл есіне келтіретіндерінің бәрін жатталатын материалдар қатарынан шығарып тастаңыз.

– Есіңізде болсын, өтілгенді ұмыту үдерісі оқу жұмысы біткен бойда қарқынды жүреді, сондықтан қайталаулар уақыты мен жиілігі ұмытудың психологиялық заңдылықтарымен сәйкестендірілуі қажет.

– Қайталаулар жиілігі оқушының ұмыту жағдайларына сәйкес болуы тиіс. Қайталаулардың көбі жаңа материалдың өтілу ізімен, яғни ақпараттың ең көп жойылатын мезетінде ұйымдастырылып, ал кейін бұл бекіту жұмыстары бірте-бірте кемиді, бірақ толық тоқтатылмайды.

– Оқушыларды өз мүмкіндіктеріне сәйкес күш салып, жұмыс істеуге үйретіңіз. Еріншектікке жол бермей, тиімді іс-әрекет желісін қалыптастырыңыз.

– Алдын-ала оқу үдерісіне аса қажет екі сапаны – қызығу мен ұнамды қатынас қалыптастырмай, жаңа материал өтуді бастамаңыз.

– Оқу материалын ұсынуға назар салуды ұмытпаңыз. Өзара қисынды байланыстағы білімдер мен нанымдар жеке-дара, тұтастығы жоқ ақпараттарға қарағанда, берік игеріледі.

– Оқу қарқыны төмендегенін байқаудан, кейін қалдырмастан оның себебін анықтаңыз. Бұл жағдайдағы себептер түрі келесідей болуы мүмкін: оқу барысына қызығушылықтың болмауы және шаршау. Оларды қайта қалпына келтірудің жолдарын іздестіріңіз. Оқу барысын жасанды жолмен жеделдетпеңіз.

– Оқушылардың ырықты зейінін аса жүктемеңіз; тікелей тапсырмалар және көрсетпе беруге құштар болмаңыз. Балаларды өз кеңестеріңізді тыңдап, құлақ салуға үйретіңіз. Оларды өте қызықтырған жәйттер жөнінде ұстамдылықпен әңгімелеңіз. Сабақта балаларды оқу жұмысына еліктіргендей материалдарды байыппен пайдаланыңыз. Кезекті тәрбие “уағызының” орнына – әзіл, ертегі, өнеге хадистер, аңыз-әңгімелер пайдаланыңыз. Балалар сізді түсінері сөзсіз.

– Оқушылардың бірін-бірі оқыту жүйесін кең пайдаланыңыз, әрі оны үлкен ептілікпен бағдарлап барыңыз. Мұғалім ұзақ уақытын сарп етіп, қалыптастыра алмаған баланың кейбір қасиеттері осы бірін-бірі оқытуда кенеттен жеңіл әрі жылдам пайда болады.

– Оқушылардың жады қабілетін дамытыңыз, есте қалдыруды жеңілдетуші әрқилы тәсілдерді пайдалануға үйретіңіз.

– Оқылғанның бәрін саналы, терең және берік игертуге тырыспаңыз, оқушы ең басты деген ақпараттарды игеруге күш салсын, бұл бұдан былайғы оқуды жалғастырудың негізі.

– Күні ілгері ұнамды сеп-түрткілер қалыптастырмай, жаңа материалды өтуге кіріспеңіз. Бала санасына күштеп енгізілген білім ұзақ сақталмайды.

– Оқу логикасын сақтаңыз, өйткені өзара қисынды байланысқан білімдер берік игеріледі.

– Өтілген материалдарды қайталау мен бекітуде оқушы жадын ғана дамытып қоймастан, оның ой-өрісі мен сезімдерінің белсенділігін көтеруге тырысыңыз.

– Білімдерді түсіндіру және бекіту жұмыстарын жүргізумен бірге жаңа мысалдар енгізіп, нақтылаушы қорытындылар келтіріп, жарқын көрнекі құралдар пайдаланып, олардың ауқымын кеңейтуге көңіл аударыңыз.

– Материалдарды қайталауда алғашқы танысу сабағындағыдай емес, жаңа жүйелерді пайдалануға тырысыңыз. Оқушыларды өтілген материал қорын жаңа тұрғыдан талдауға, салыстыруға үйретіп, өз пікірлерін білдіруге мүмкіндік беріңіз.

– Оқу беріктігін қамтамасыз ету үшін қызықты баяндау тәсілдерін, көрнекі құралдарды, техникалық оқу жабдықтарын, дидактикалық ойындарды қолданыңыз.

– Жаңа материалды өту барысында оны бұрын игерілгендерімен байланыстырыңыз, өткендерді жаңа материалдарға қоса қайталаңыз. Оқу тапсырмаларыңыз бірдейіне жеңіл әрі біртекті болмасын: олар балаларды тез шаршатып, даму барысына кедергі болуы мүмкін. Жаттығуларыңыздың бәрі мән-мағыналы болуына назар аударыңыз. Белсенді ой мен саналы шешім іздестіруді, нәтижелерді берілген шарттармен салыстыруды қажет еткен жаттығуларды орындау тиімді келеді.

– Жаттығу алдын нені және қалай орындауды, жұмыс нәтижесіне қандай талаптар қойылатынын жете түсіндіріңіз, өрнек, үлгі жұмыстарын жүргізіңіз.

– Жаттығулар барысында оқушыларды шаршатып алатындай ауыр жүктемелерге душар етпеңіз.

– Оқушылардың дамуындағы өзгерістерді анықтау үшін ғылыми негізделген нақтамалық тәсілдер түрін, шараларын және бақылау әдістерін қолданыңыз: тек осылай ғана оқу нәтижесінің тиімділігін көтеруге, оның нәтижелілігін мақсатты бағдарлап баруға болады.

– Оқушы еңбегін бағалаумен байланысты жағдаяттарды естен шығармаңыз: қалаған іс-қызметке саналы және жауапкерлі қатынас қалыптастыруға мән беріңіз, өз еңбегінің желісі мен нәтижелерін бақылап баруға үйретіңіз.

– Білімдерді бекітудің маңызды формасы – оқушылардың өзіндік қайталаулары. Мұндай жұмыстарға қолдау-қуаттау беріп, жиі ұйымдастырылуына жәрдем етіңіз. Балалардың сабақтан қалуына, дәрістерден бас тартуы мен онда жұмыссыз отыруына тиым салыңыз, себебі бұл білім және ептіліктердің берік игерілуіне нұқсан келтіреді.

Түсініктілік принципі

Түсініктілік принципі оқытудың көп ғасырлық тәжірибесі талаптарынан туындайды: бұл, бір жағынан – оқушылардың жастық даму заңдылықтарына байланысты келсе, екінші жағынан – дидактикалық үдерісті оқушылардың даму деңгейімен сәйкестендіре ұйымдастыру және іске асыруға тәуелді. Бала өзінің ойлау деңгейіне, жинақтаған білімі, ептілігі, ойлау тәсілдеріне сәйкес келген дүниені ғана түсіне алады.

Түсініктілік принципін іске асыруды, өз уақытында Я.А.Коменский өрнектеген классикалық ережелер: жеңілден-қиынға, белгіліден-белгісізге, қарапайымнан-күрделіге өту. Қазіргі заман оқу теориясы мен тәжірибесі түсінімді оқытуда міндетті болған ережелер тізімін кеңейте түсті:

– Өтілуге тиіс материалдардың бәрі әр жас қабылдауына сәйкес реттестіріліп, ұсынылуы тиіс.

– Оқушы санасы қандай да пәнді қабылдауға дайын болуы қажет екендігін ұмытпаңыз.

– Оқыту барысында балалардың табиғи мүмкіндіктерін, олардың дайындығы мен даму деңгейін арқау етіңіз. Балалардың өмір тәжірибесін, қызығуларын, бейімділігін, даму ерекшеліктерін зерттеңіз және оқытуда ескеріңіз.

– Оқу мазмұны және тәсілдері балалар дамуынан бір шама алда жүретіндей болсын.

– Оқушылардың әртүрлі топтарындағы оқу ерекшеліктерін назарға алыңыз. Бір текті мүмкіндіктері бар балаларды жіктеулі топтарға біріктіріңіз.

– Оқу үдерісін тиімді қарқында жүргізіңіз, бірақ күшті оқушыларды аяқтан тартпайтындай, сонымен бірге орташа және үлгерімі төмен оқушылардың дамуына тиімді ықпал жасайтындай етіп ұйымдастырыңыз.

– Оқу жұмысы белгілі дәрежеде күш салуды қажет етеді. Олай болмаса, балалар жұмыс орындауға дағдылана алмайды. Оқушылар әрдайым өз мүмкіндіктерінен төмен оқу қарқынын қалайды. Осыны ескерумен мұғалім әр оқу жағдайына сәйкес оқу желісін тиянақты әрі нақты белгілеп барғаны жөн.

– Педагогиканың және психологияның жаңа жетістіктерін пайдаланыңыз: нақты білімдер мен ептіліктерді кіші көлемдегі материалдар жәрдемімен қалыптастырып барыңыз, ал қорытынды білімдерді қалыптастыруда – іріленген білім топтарын (блоктарын) пайдаланыңыз.

– Сабақ барысында ұқсастықты, салыстыруды, беттестіруді, қайшылықтарды кең қолданыңыз. Жаңа және күрделі материалды өтуде күшті оқушыларды қатыстырыңыз, ал бекіту жұмыстарына – орташа және төмен оқушыларды тартыңыз.

– Жаңа ұғымды енгізу бір сабақтың танымдық міндеттерімен ғана байланыстырылмай, бүкіл өтілген оқу жүйесіне негізделуі тиіс.

– **Жайлап асығыңыз!** Оқу үдерісін қажетсіз жеделдетіп, тез табысқа кенелемін деп ойламаңыз: түсініктілік кедергілерін төмендетудің педагогикалық мүмкіндіктері шектеулі.

– Оқушының бір сәттік ой жарқылын оның білім топтағаны деп есептемеңіз, бұны тек жалпы танымға бастама ретінде пайдаланып қалуыңыз мүмкін.

– Түсінікті болу мұғалімнің анық баяндауы мен сөйлеуіне тәуелді: ұғымдарды дәл және бір мағыналы өрнектеуге тырысыңыз, өмір мен әдебиеттен жарқын деректер және мысалдар келтіре, оқытыңыз.

– Баян сөзіңіз ұзаққа созылып кетпесін. Нені өзіңіз түсіндіресіз, балалар нені өз бетінше түсінуі мүмкін екенін сезінуге тырысыңыз. Оқушылардың өздері жеңіл игеруі мүмкін материалдарға уақыт бөліп, түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Оқудың бастапқы кезеңінде білім қорының бәрін түгелдей пайдаланбастан, балалар игергендей басты мәліметтерді ғана

ұсынып, кейін бекіту барысында өтілгендерді толықтыратын, нақтылайтын жаңа мысалдар мен деректерді келтіріңіз.

– Оқушылардың танымдық іс-әрекетіне басшылық жасаңыз: жаман мұғалім шындықты балалар түсінбейтіндей етіп, ақтара салады, жақсы мұғалім оларды іздеп табуға үйретеді, із-дестіруін жеңілдетеді.

– Түсініктілік оқу жеңілдігін білдірмейді, мұғалімнің міндеті оқушының еңбегін үздіксіз жеңілдетуде емес: балаға бағдар беру, түсініксіздер мөнін түсініктілер арқылы ашу, өз бетінше талдау бастамасын көрсету, қолдау-қуаттау – осының бәрі түсінікті оқытудың шаралары.

– Түсініктілік оқушының еңбеккерлік қабілетімен байланысты: еңбектену қасиетін дамыта отырып, және қандай да нақты қызметке дағдыландыруда қарқынды және бірте-бірте ұзаққа созылған ой әрекеттерін орындауға үйретіңіз. Жұмыс қабілетін көтерумен – оқу түсініктілігіне кедергі болар жәйттерді азайтамыз.

Ғылымилық принципі

Ғылымилық принциптің талабы – оқушылар игеруіне ғылым тарапынан анықталған білімдерді ұсыну. Бастапқы мектептік білімденудің де міндеті осы ғылыми білімдерді игертуге бағытталған. Оқудың ғылымилығы ең алдымен мектеп білімінің мазмұнына және оны қалыптастыру принциптерін қатаң ұстануына; мұғалімдердің мазмұнды толық іске асыра алуына тәуелді; қабылданған білімдердің ғылымдық сипаты оқу жоспарларында, бағдарламаларында өрнектелген, пән аралық байланыстарда іске асып барады. Озат дидактикалық жүйелер, тәжірибелер бұл принципті жүзеге келтіретін бірнеше ережелерді ашып көрсеткен:

– Оқуды педагогика, психология, әдістеме, педагогикалық тәжірибенің жаңа жетістіктері негізінде жүргізіңіз. Оқу желісіне педагогикалық еңбекті ғылыми тұрғыдан ұйымдастырудың соңғы тәсілдерін ендіріңіз.

– Бастапқы оқу дидактикасы мен психологияның соңғы жаңалықтарын ескерумен индуктивті оқыту логикасын ғана емес, сондай-ақ дедуктивті оқу әдісін де орынды пайдаланыңыз,

бастауыш мектепте дерексізденген (абстракция) түсініктерді қолданудан тартынбаңыз, себебі бұл нақты құбылыстардың тереңдегі мән-мағынасын түсінуге жәрдемін береді. Бірақ мектеп курсы шеңберінде толық түсінік берілмеген абстракцияларды қолданудан аулақ болыңыз.

– Әрқандай жаңа енгізілген ғылыми ұғымды, түсінікті жүйелі қайталап отырыңыз, пәнді оқыту барысында қолданып, пайдаланыңыз, себебі жаттықтырылмаған білімдер тез ұмытылады.

– Ғылыми таным әдісін пайдаланумен, оқушылардың ойлау қабілетін дамытыңыз, балаларды ізденіс, шығармашыл жұмыстарға қосып отырыңыз.

– Жаңа идеялар қабылдауды бір сәттік міндет деп білмеңіз - әрбір құбылысты жаңадан түзіліп жатқан жан-жақты байланыстары және қатынастары аумағында қарастыра, талдаңыз.

– Оқушыларды атақты ғалымдардың өмірбаяндарымен таныстыру мүмкіндіктерін естен шығармаңыз, олар енгізген ғылым жаңалықтарын шәкірттеріңізге кең жария етіңіз.

– Жаңа ғылыми терминологияны қолданыңыз, ескірген терминдерден сақ болыңыз, ең соңғы ғылыми жетістіктерден хабарыңыз болсын.

– Ғылыми ақпарат ағымының күннен-күнге артуына байланысты басты назарды өзекті мәселелерге аударатын болыңыз, оқушыларға жаңа жетістіктердің негізгі идеяларын ашып, оларды жаңа ақпараттарға ден қоюға үйретіңіз, жаңа мәселелерді ұжым болып талқылауды қолдап-қуаттаңыз.

– Балалардың зерттеу-ізденіс оқу жұмыстарына қолдау көрсетіңіз. Оларды мүмкін болған жағдайларды пайдаланып, ғылыми-тәжірибе жұмыстарының негіздерімен таныстырыңыз, шығармашылықты қажет еткен мәселелерді шешуде алгоритмдерді пайдалануға жаттықтырыңыз. Мәселелермен айналысудың сензитивтік (жас сатысы) кезеңдерін есіңізде ұстаңыз.

– Танымдық қызметтен оқушыға жаңалық ашу, табысқа жету, қанағат табу сезімдеріне бөленуге мүмкіндік беріңіз.

– Қате ұғымдардың себебі болар біртекті және жалған сөздерден сақтаныңыз. Әсіресе мектептің бастауыш және орта сатысында мұғалім ақпараттарына оқушының қисынсыз,

өзінше қате түсініктеме беруіне жол қоймаңыз. Әлбетте, бұл бала қиялын, ой өткірлігін дамытуға шек қоюдан емес. Әрқандай маңызды нәрсені жол жөнекей, қара дүрсін талқыға салмай, ғылыми тұрғыдан сараптау қажет.

Көңіл-күй ескеру принципі

Көңіл-күй ескеру принципі бала табиғатының дамуы мен оның іс-әрекетіне байланысты туындайды. Ұнамды көңіл-күйден адам жаны нәр алады, ой өрісі сәуелелене түседі, оқу жеңіл, жылдам және жағымды сезіммен қабылданады. Егер оқушының кітап оқуға зауқы болмаса, оны ауыр да азапты еңбек сипатында қабылдаса, одан табысты нәтиже күтудің өзі болымсыз іс. Сондықтан да оқу алдында баланың ұнамды көңіл-күйін көтеріп, оны қуанышты оқиға ретінде қабылданатын дәріс жұмысына дайындау қажет. Ұнамды қатынас болмаған жерде оқу үдерісі өз ықпалының жартысын жояды. Ықыласы болмаған адамды оқыту – бос әурешілік. Көңілін қорқыныш, өшпенділік, жеккөрушілік жайлаған баланы оқыту оның сана-сына шынайы болмыс деректерін зорлап ендірумен бірдей. Мұндай жолмен қабылданған білім ұзаққа бармай ұмытылады, одан келер пайда болымсыз. Сондықтан педагогтар бар шеберлігін қосып, мектептегі оқу еңбегі мен білім тартымдылығын көтеруге ат салысады. Олар бала еліктегендей ғажайып кейіп, перілерден бірде кем болмаған ұлағатты тұлға бейнесін жасайды. Бала жанын сенім шуағымен жылытып, оның алғашқы қадамдарына қолдау көрсетеді. Мектеп өмірін мұғалімдер жарқын да қызықты істер, оқиғалармен толтырып отырса, олардың бәрі балалық шақтың балдәурені секілді оқушы есінде ұзаққа сақталады. Оқудың көңіл-күй принципінің талаптары осы. Ал бұл талаптарды іске асыруда мұғалімнің міндеттері:

– Әр сабаққа дайындалу барысында оқушылардың ұнамды көңіл-күйін қалыптастыру мен қолдау жолдарын ойластыру. Алдағы оқу жұмысы неғұрлым зеріктіргендей әрқилы болса, оқу материалы неғұрлым құрғақ әрі абстракт келсе, ұнамды көңіл-күйдің болуына пайда етудің мүмкіндіктерін іздестіріп бағу.

– Сынып босағасын көңіл жадыратар кейіппен аттап, балалармен әзілдесе, оларды жігерлендіретіндей сөз тауып, сабақты бастау.

– Демократиялық қарым-қатынас мәнерін ғана ұстану.

– Балалар болмысына, олардың істеріне қызыға қатынас жасап, араласып бару.

– Сыныпта қапелінде болып қалатын дау-дамайды әрқашан сабырлы, айқайсыз, тұрпайы және намысқа тиер сөздерсіз шешу.

– Күдер үзгендей әрі қиын жағдайлардан шығу үшін орайы келген әзіл-қалжыңды пайдалану.

– Сабақтың әсем, бейнелі, көңілді өткізілуі үшін оқу әрекетін танымдық ойындар, жарыстар, конкурстар мен сайыстарға толтыра жүргізу.

– Кіші оқушының ойлауын оның сезімдері мен толғаныстарынан ажыратпау: оқу-тәрбие үдерісінің эмоционал көрікті болу қажеттігі – бала ойының даму заңдылықтарынан туындаған талап.

– Әрдайымғы көңіл-күй көтеретіндей сәттерден ұнамды қалыпта өтетін тұрақты кейіп жағдайларына өту.

– Оқу материалдары, оқу әдістері мен танымдық еңбек ұйымдастыру формаларының ұнамды көңіл-күй молшылығын пайдалану.

– Оқушыларды жаңа материалды жарқын көңілмен қабылдауға дайындау.

– Қызығушылыққа кедергі болар жәйттерден сақтаныңыз, ол үшін жаттанды материалдарды кемітуге, құрғақ сөзді жұмыстарды қысқартуға, сабақ қарқынын бәсеңдетуге, жұмыс ұйымдастырудағы келеңсіздіктерге, мадақтау мен бағалауда бір формаға танылып қалмауға, бала толғаныстарының еленбеуіне жол бермеңіз.

– Балалардың шынайы табыс толғанысын басынан кешіп, оның нәтижелерімен қуантудың қамын жасау.

– Жақсы орындалған жұмыстан алған қанағат сезімін бекіту.

– Қатынас тілінің шабытты, бейнелеу мәнерлілігі, сөз көркемдігі, әсемдігі мен тазалығына мән беріп, қадағалау.

– Тосын, еліктіргендей тәсілдермен балаларды оқу тапсырмаларына қызықтырып, олардың көңіл көтеріңкілігін қамтамасыз ету.

– Мүмкін болғанынша дәрістер мен сыныптан тыс сабақтарды табиғат аясында өткізу.

– Сабақ барысында, сыныптан тыс оқу жұмыстарында жағымды көңіл-күй шарттарын жасау үшін ән-күйді пайдалану.

Теория мен тәжірибені байланыстыру принципі

Бұл принциптің негізіне дәстүрлі философияның ақиқат пен танымдық қызметінің дерек көзі – тұрмыс және іс-әрекет екендігі туралы тұжырымы алынған. Орынды ұйымдастырылған тәрбие әрқашан өмірдің өзінен тәжірибемен бастау алып, онымен тығыз байланыста болады, сонымен өсіп келе жатқан әулетті, белсенді тіршілік қамына дайындайды. Оқудың өмірмен, теорияның тәжірибемен тығыз байланысты болуы оқу мазмұнына, оқу-тәрбие үдерісінің келелі ұйымдастырылуына, оқудың тиімді формалары мен әдістерін пайдалануға, еңбек пен политехникалық дайындыққа бөлінген уақытқа, сонымен бірге оқушылардың жас ерекшеліктеріне тәуелді келеді.

Оқудың өмірмен ұштастық принципін іске асыру негізі – теориялық тұжырымдар мен озат мектеп ұжымдарының тәжірибесінен туындайды. Осыған байланысты мұғалімнің атқаратын міндеттері:

– Мектепте игерілетін білімдердің қажеттігін оларды қоғамдық-тарихи үдеріспен байланыстыра, оқушыларды сендіре, дәлелдеу. Оқу желісін білімнің, оған қоса мектепте алатын құндылықтарының өмірлік қажетті дүние болатынын түсініп, сезетіндей дәрежеде алып барыңыз.

– Тұрмыс қажеттерінен – білімге, білімнен өмір қажеттігіне өте отырып, баланы “білім - бұл бай, қуатты тіршілік көзі” қағидасымен тәрбиелеңіз.

– Балаларға қазіргі заманның жаңа технологиялары, өндірістік қатынастары, озат еңбек әдістері жөнінде әңгімелеуге бірде жалықпаңыз.

– Оқушыларды өз білімдерін тәжірибеде тексеріп, қолдануға табандылықпен үйретіңіз. Қоршаған дүниені білім көзі және сол білімді қолдану саласы ретінде пайдаланыңыз.

– Өз жұмысының өмірлік маңызын оқушыға түсіндіріп бере алмайтын бірде-бір мұғалім сабақ бермеуі тиіс.

– Мектеп пен өндіріс орындарының байланысын пайдаланыңыз. Оқушылардың өндіріс өкілдерімен қатынастарын оқу-тәрбие жұмыстарының жалғасына айналдырыңыз, бұл үшін “оқу пәні – өндіріс” байланысын ептілікпен бағдарлап, қадағалаңыз.

– Оқушылармен бірге “тұрмыстық қажет” сипатындағы мәселелер мен жаттығулар түзіп, оларды сабақ материалымен байланыстыра шешуге дағдыландырыңыз. Оқулықты балалар өмірімен ажыралмас бірліктегі қоршаған болмыс деректерімен толықтырып баруды ұмытпаңыз.

– Оқуды ауыл, қала, обылыс, республиканың нақты болашақ даму жағдаяттарымен ұштастырыңыз. Аймақтың келешек дамуына орай кәсіби бағдарлау жұмыстарын өткізіп барыңыз.

– Мәселелі ізденіс және зерттеу тапсырыстары теорияны тұрмыспен байланыстырудың таптырмас құралы. Оларды әрқилы жолдармен пайдалануға тырысыңыз.

– Балаларды еңбекке, қоғамдық және жеке меншікке саналы да ұнамды қатынас жасауға баули отырып, мұндай қатынас үлгісін өз бойыңыздан көрсете біліңіз.

– Қоғамдық пайдалы және өндірістік еңбекті оқушылардың дербес бақылаулары мен ой толғаныстарына ұштастырып, балалардың дүние болмысын тануға деген құштарлығын ершітіп, оларды көп білуге, түсініксіздер әлемін ашуға ынтықтырыңыз.

– Оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбегін оқу және тәрбие мақсаттарына бағындыруды ұмытпаңыз.

– Оқу үдерісіне еңбекті ғылыми ұйымдастыру (НОТ) принциптерін енгізіп барыңыз. Балаларға еңбекті ғылыми тұрғыдан алып барудың теориясы мен тәжірибесін игертіп, оның өнімді де үнемді әдістерімен қарулануына көмектесіңіз, өз іс-әрекетін жоспарлау мен сараптауға үйретіңіз.

– Оқушылардың біртекті нақты қызметтегі табыстарын дамыта түсіңіз әрі бекітіңіз, оны басқа әрекет түрлерін орындауға,

пайдалануға дағдыландырыңыз. Ұсақ-түйек табыстардан тұрақты ауқымды жетістіктерге ерісудің жолдарын көрсетіңіз.

– Балаларда өз нәтижелерін ұдайы жақсартып баруға ұмтылыс тәрбиелеңіз, олардың сайыскерлік қабілетін дамыта түсіңіз.

– Оқушылардың ақыл-ой әрекетін білімнің 80-85% игеруге жәрдемін тигізетін істермен байланыстыруға тырысыңыз.

– Балалардың қандай да бір нәрселерді жетілдіру, жаңалау және өзгеріске келтіру ықылас-ынталарына қолдау көрсетіңіз, жағдайлар болып жатса, жас өнертапқыштар жарыстарын өткізіп барыңыз.

– Оқушыларды алғашқыда өздері қалаған ғылым, техника, өнер салаларында өзбетінше білім игеруге ынталандырыңыз; оқудың тұрмыспен байланысын өзіндік білімденудің көзі ретінде пайдаланыңыз.

Біз дидактикалық принциптерді қарастырып, олардың іске асу ерекшеліктерін әңгіме арқауы еттік. Қорытындылай келе, айтарымыз: принциптер әрқашан белгілі жүйеде, бір уақытта, тығыз байланысқан күйде іс-әрекетте кешенді, түрде жүзеге асып барады. Оларды кезекпен немесе бірінің орындалуымен екіншісіне тізбекті өте, пайдалану мүмкін емес. Принциптер арасында басты не екінші дәрежелісі болмайды, әңгіме тек олардан туындайтын талаптардың ауқымдылығы мен жалқылық дәрежесі жөнінде болуы мүмкін. Барша принциптер өзара тығыз ұштасқан, сондықтан бірінің талаптары, екінші бір принцип талаптарымен мәндік жақындыққа түсіп жатады. Олардың бәрінің де қызметі – бағыттау, оқудың сапалы нәтижелеріне жетудің жолдарын көрсету. Білімдендіру ісін гуманизациялаудың мәні – баланың тән-дене және ақыл-ес мүмкіндіктерін сақтау және дамыта түсу. Сондықтан оқу еңбегінің нәтижесі оған жұмсалған оқушы күш-қуатының деңгейімен салыстырылып, бағаланады. Принциптер баланың табиғи және әлеуметтік мүмкіндіктерін, күш салаулары мен еңбек нәтижелерін қалыпты мөлшерлеп отырады, егер қандай да себептермен ауытқуға түспесе, олар арасындағы теңдіктің сақталғаны.

Өзіңізді тексеріңіз

1. Оқу принциптері деген не?
2. Оқу ережелері деген не?
3. Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский және т.б. қандай принциптер негізін ұстанды?
4. Табиғи сәйкестік принципінің мәні қандай?
5. Жалпы танылған принциптер жүйесі қандай?
6. Саналылық және белсенділік принципінің мәні неде? Оны іске асыру ережелерін атаңыз.
7. Көрнекілік принципінің мәні қандай?
8. Жүйелілік пен бірізділік принциптерінің мәнін қалай түсінесіз? Оларды іске асыру жолдарын атаңыз?
9. Беріктік принципінің мәні не? Оны қалай қолдану мүмкін?
10. Түсініктілік принципі деген не? Оның қандай ережелерін білесіз?
11. Ғылымилық принципінің қажеттігі қандай? Оның қандай ережелері бар?
12. Көңіл-күй, сезімдік принципі деген не? Оның орындалуы қандай ережелермен байланысты?
13. Теорияның тәжірибемен байланыстылығы принципінің маңызы неде? Ережелерін атаңыз.

8-ТАРАУ

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ ӘДІСТЕРІ

Жоспар:

Әдістер жөнінде түсінік
Әдістер топтасуы
Ауызекі әдістер
Кітаппен жұмыс
Көрнекі әдістер
Тәжірибелік әдістер
Өзіндік жұмыс
Әдістерді таңдау

Тірек конспект-сөздік

Оқу әдістері (методы обучения) – 1. Көзделген оқу мақсатын іске асыруға бағышталған мұғалім мен оқушы арасындағы реттестірілген кәсіби педагогикалық қатынас-байланыс әрекеттері. 2. Сауат ашу, білім игеру жолдары мен тәсілдерінің жиынтығы.

Оқу тәсілдері (приемы обучения) – әдістің құрамдас элементі, әдісті іске асырудағы жеке қадам, бір міндеттік оқу әрекеті.

Оқу құрал-жабдықтары (средства обучения) – 1. Өрқилы әрекет түрлері (ойын, оқу, еңбек және т.б.). 2. Оқу үдерісінде қолданылатын материалдық және рухани дүние (көрнекі құралдар, тарихи, көркем және ғылыми-бұқаралық әдебиеттер, сурет және ән-күй өнер туындылары, техникалық оқу құралдары, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б.).

Әдістер қызметі (функции методов) – 1. Сауат ашу, білім игерту (обучающая). 2. Ынталандыру – еліктіру (мотивационная). 3. Дамыту (развивающая). 4. Тәрбиелеу (воспитательная). 5. ұйымдастыру (организационная).

Оқу танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастыру әдістері:
1) Ауызша айтып беру (словесные); 2) көрнекілік (наглядные) және іс-әрекеттік; 3) қайта жаңғырту (репродуктивные) және мәселелі ізденіс; 4) индуктивті және дедуктивті.

Оқу танымдық іс-әрекеттерге ынталандыру (стимулирование) және **еліктіру әдістері**; 1) танымдық ойындар; 2) оқу пікір-таластар (дискуссии) және т.б.

Оқу барысындағы бақылау (контроль) **әдістері**: 1) ауызша; 2) жазбаша; 3) зертханалық (лабораторный); 4) өзіндік бақылау (самоконтроль).

Оқу үдерісіндегі жалпы әдістер жүйесі:

– **сана қалыптастыру әдістері** – әңгімелеу (рассказ), түсіндіру (объяснение), сұхбат (беседа), дәрісбаян (лекция), пікір-талас (дискуссии), кітаппен жұмыс, үлгі-өнеге.

– **оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру** және қоғамдық қажет қылық-әрекет қалыптастыру әдістері – **жаттықтыру** (упражнение), **дағдыландыру** (приучение), **оқу-тәрбиелік жағдайлар (ситуации) түзу, педагогикалық талап, нұсқау (инструктаж), көрнекілеу (иллюстрация), көрсету (демонстрация), зертханалық жұмыстар, қайта жаңғырту (репродуктивные), мәселелі ізденіс, индуктивті, дедуктивті.**

– **ынталандыру және еліктіру** әдістері – **жарыс, танымдық ойындар, пікір-таластар, сезімдік әсер ету, мадақтау, жазалау және т.б.**

– **бақылау әдістері** – **арнайы оқу-білім деңгейін нақтамау (диагностирование), ауызша және жазба сауалнама (опрос), тексеріс және зертханалық жұмыстар, компьютерлік бақылау, өзіндік тексерістер және т.б.**

– **әңгімелеп беру** (рассказ) – **сипаттама не баяндау формасында берілетін деректі материалдың бірізді ұсынылуы.**

Сұхбат (беседа) – оқу-тәрбие үдерісінің барша кезеңдерінде қолданылатын оқушы мен педагог арасында сұрақ-жауап формасында өтетін белсенді іс-әрекет байланысы.

Түсіндіру (объяснение) - қандай да тұжырымдардың (заң, принцип, ереже және т.б.) анық та нық игерілуін қамтамасыз ету үшін қолданылатын дидактикалық әрекет.

Дәрісбаян (лекция) – ғылыми танымы мол, теориялық қорытуларға бағышталған көлемді материалдарды ұсыну үшін қолданылатын әдіс.

Оқу пікір-таластары, сөз-жарыс (дискуссии, диспуты) – оқушылардың танымдық әрі әлеуметтік белсенділігін көтеру үшін қолданылатын әдіс түрі.

Жаттығу әдістері – материалды игеру немесе игерілгенді жетілдіре түсу үшін жоспарлы ұйымдастырылған арнайы қайталау әрекеттері, әдістік жаттығулар түрі: 1) ауызекі жаттығу – тіл мәдениеті мен қисынды ойлау, оқушылардың танымдық мүмкіндігін дамыту; 2) жазба жаттығулар – стилистикалық, грамматикалық, орфографиялық диктанттар, шығарма, конспекттер және т.б.; 3) зертхана – тәжірибелік жаттығулар – құрал-жабдықтарды қолдану ептіліктерін дамыту үшін қажет; 4) өндіріс – еңбектік жаттығулар – оқу не өндірістік сипаттағы арнайы дайындалған еңбектік әрекеттер жүйесі.

Дидактикалық ойын – шындыққа жанасқандай арнайы ұйымдастырылған, шешімі табылуы қажет оқу, таным мәселелерімен байланысты жағдайлар (ситуации).

Түсіндірме-көрнекі (объяснительно-иллюстративный) **әдіс** – әртүрлі жолдармен мұғалім дайын ақпараттарды ұсынады, ал оқушылар сол мәліметтерді қабылдайды, түсінеді, есінде қалдырады.

Қайта жаңғырту (репродуктивный) **әдістемесі** – мұғалім тапсырысы бойынша іс-әрекет тәсілі қайта тіктеліп, қолданымға түседі.

Мәселелі баяндау (изложение) **әдісі** – мұғалім өзіне-өзі мәселе белгілей отырып, оны шешіп барады; оқушылар мұғалім әрекетінен мәселенің шешілу қисынын, жолдары мен тәсілдерін байқастыра, материалды игереді.

Эвристикалық (шығармашыл) **әдіс** – оқытушы тапсырма құрастырады, оны шешілуі тиіс майда бөліктерге жіктейді, оқушылар осы бөліктерді, мәселелерді өз бетінше қадамдап шешумен, бүтін материалдың мән мағынасын топшылайды, қорытындылайды.

Оқу әдістерін таңдау себептері: 1) әдістерге орайлас заңдылықтар мен принциптер; 2) пән, тақырып мазмұны; 3) оқу мақсаты мен міндеттері; 4) шәкірттердің оқу мүмкіндіктері; 5) жалпы жағдайлар мен шарттар; 6) мұғалім мен мектеп мүмкіндіктері.

“Ол (мұғалім) кіммен істес болып отырғанын еш уақытта да ұмытпауы керек... егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәламауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлеу, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп, түсіндіру керек, екі ұшты астарлы сөз, орынсыз терминдерді қолданбау керек”.

Ы. Алтынсарин

Әдістер жөнінде түсінік

Бар мүмкіндіктері мен әлі бекімеген күш-қуатын орынды пайдалана отырып, өз жасына сай білім, ептілік, ойлау мен іс-әрекеттер тәсілдерін мүмкіндігі болған дәрежеге жеткізе игерту үшін кіші мектеп жасындағы балаларды қалай оқыту қажет? Бұл дидактикалық сұрақ – мәңгі, ал оның жауабы бізді әдістер категориясымен қауыштырады. **Оқу әдісі – бұл көзделген оқу мақсатына бағытталып, қажетті ретке келтірілген педагог және оқушы әрекеттері.** Оқу **әдістері** (дидактикалық әдістер) сауаттандыру, білім игеру мәселелерінің шешілу жолдары мен тәсілдер бірлігін аңдатады. Оқу әрдайым – бірлікті іс. Осыдан, педагогке байланысты **оқыту** әдістері ажыралады, ал оқушыға байланысты **оқып-үйрену** әдістері жөнінде сөз қозғаған дұрыс. Егер әңгіме мұғалім мен шәкірт арасындағы бір акті жұмыс ретінде болса, ол жағдайда **оқу** әдістері дараланады.

Әдістер құрамында тәсілдер өз алдына қарастырылады. **Тәсіл** – әдіс элементі, оның құрамды бөлшегі, әдісті іске асырудағы бір әрекет - қадам. Әдістердің іске асуы - әрбірі дара әрекеттік мағынаға ие болған осы тәсілдер жиынтығынан.

Әрқандай әдіс екі қырымен көрінеді: **объектив** – әдістің мұғалімге тәуелсіз тарапы, **субъектив** – тікелей мұғалімге байланысты тарапы. Мысалы, оқу әдісі ретінде мұғалім әңгімесі жалпы әңгімелеп беру мен барша мұғалімдерге тән ортақ қасиеттерге ие. Мұндай жалпылық, ортақтың – әдістің **объек-**

тив сипатынан. Алайда әңгімелеу әдісі нақты педагог орындауында әрқашанда қайталанбас ерекшеліктерімен көзге түседі. Бұл осы әдіске мұғалім тұлғасы арқылы өткен **субъектив** сипат, өң. Әдістің тұрақты, баршаға ортақ шынайы сипатының болуынан дидактер көп жағдайларда тиімді болар әдістер теориясы мен оқудың тәжірибелік жолдарын көрсетіп отырады, сонымен бірге әдістерді қисынды таңдау мен оңтайластыру мәселелерін табысты шешуге көмектеседі. Әдістер аумағында, есіресе **педагогтың жеке шығармашылығы, дара шеберлігі** байқалады, сондықтан да оқу әдістері қашанда да жоғары педагогикалық өнер саласы ретінде қабылданған, қабылдана бермек.

Оқу әдістерінің орындайтын қызметтері мол. Олар арасында бастылары: оқыту, сеп-түрткілік (мотивационная), дамыту, тәрбиелік, ұйымдастырушылық, яғни әдістер жәрдемінде мұғалім оқытумен ғана шектелмей, балаларды оқуға ынталандырады, оларға тәрбиелік ықпал жасайды, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға әсер етеді.

Сонымен, **оқу әдісі** – көзделген мақсатқа жету жолы. Оқу әдістері **жеке әрекет – тәсілдерден** құралады. Әдістер шынайы және субъектив қырларымен байқалады. Әдіске қандай да өзгерістер енген тұста педагог шығармашылығы көрініс береді.

Әдістерді топтастыру

Оқу мақсатына жетудің жолдары көп, мұғалім олар арасынан қалағанын таңдауы мүмкін, бірақ ол әрқашан ең тиімдісін алғанды жөн көреді. Таңдастыруды жеңілдету үшін әдістерді тиімділігіне орай салыстыра білу қажет. Ал салыстыру үшін сол әдістерді топтастырып, санын шығарып алу керек. Мұндайда оқу әдістерін реттестіруде жәрдемге келетін іс – **классификациялау**, яғни ғылыми сәйкестігіне орай топтастыру.

Алғашқы топтастырулар мұғалім мен оқушының сабақта орындайтын жұмыстарының көзге түсетін тараптарына байланысты жүргізілген. Оқушылар дәрісте тыңдайды, оқиды, жауап береді, мәселелер шешеді, жазады және т.б. Осы әрекеттерге орай оқу, жазу және т.б. әдістер бөлінген. Тез арада бұл

классификацияның оқу-тәрбие үдерісіне тигізетін пайдасының шамалы екендігі байқалды. Енді әдістердің мәндік қырларын негізге алып, салыстыру мен таңдастыруға көмектесетін топтастырудың жаңа негіздерін іздестіруге тура келді. Әдістің қай **белгісі**, қандай тарапы негізге алынуына тәуелді топтастыру ісінің жаңа түрлері ғылымға енді. Әдіс – көп қырлы категория. Солардың әрбірін ескерумен әдістер жүйеге келтіріледі. Ал мұндай жолмен реттестірілген әдістер топтасуы қазіргі заман педагогикасында орасан көп.

Солар арасынан бүгінгі күнде ғылыми негіздемесі мейлінше нақтыланған оқу әдістері топтарын қарастырайық.

1. Құрамындағы әдістердің ортақ белгісіне негізделіп, **білім деректері** бойынша жүргізілген топтастыру. Білімдік негіздер үш топқа бөлінеді: **тәжірибе, көрнекілік, сөз**. Мәдени ілгерілеу барысында бұларға және бір қосылғаны – **кітап**, ал соңғы он жылдықтарда күшті қағазсыз ақпарат дерегі – **бейне-компьютерлі жүйе** елеулі орын иелеуде.

Бұл топтасу ауқымында **бес жалпы әдістер тобы** көрінген: тәжірибелік, көрнекілік, ауызекі, кітаппен жұмыс, бейнетаспа әдісі. Бұлардың әрбірі түрлі өзгерістер формасында болуы ықтимал.

Білім деректеріне негізделген оқу әдістері

Тәжірибелік	Көрнекілік	Ауызекі	Кітаппен жұмыс	Бейнетаспа әдісі
Тәжірибе, жаттығу, оқу-өндіріс еңбегі, дидактикалық ойындар	Суреттер, көрнекі заттар, оқушылар бақылауы	Түсіндіру, ұқтыру, әңгімелесу, сұхбат көрсетпе	Оқу, зерттеу, көзден өткеру, баяндау, жоспарлау	Көзден өткеру, оқыту, “электрон мұғалім” бақылауындағы жаттығулар, бақылау

2. Орындайтын қызметі негізге **дидактикалық мақсатына** орай жүргізілген топтастыру. Мұнда жалпы белгі ретінде сабақ барысы және оның әрбіріндегі мақсатты іске асыруды

көздеген **біріді кезеңдер** алынған. Осы сипатына орай келесі әдістер бөлінген: а) білім игеру; б) ептіліктер мен дағдылар қалыптастыру; в) білімдерді қолдану; г) шығармашыл іс-әрекеттер; д) бекіту; е) білім, ептілік және дағдыларды бақылау, тексеру.

3. **Танымдық іс-әрекеттер** сипатына орайластырылған топтастыру. Танымдық іс-әрекет типі – бұл мұғалім ұсынған жоба - оқыған баланың жетіскен оқу жұмыстарын орындаудағы **дербестік** деңгейі. Бұл топта төмендегідей әдістер ажыралады:

- түсіндірме – көрнекі (ақпараттық - іштей түсіну) әдісі;
- қайта жаңғырту (репродуктив) әдісі;
- мәселелі баяндау әдісі;
- ішінара ізденіс (эвристикалық) әдісі;
- зерттеу әдісі.

Егер, мысалға, мұғалім ұйымдастырған танымдық іс-әрекет дайын білімдерді жаттап алуды көздеп, кейін оларды қалтқысыз, кейде тіпті түсінбестен, қайта жаңғыртуды көздесе, ойлау белсенділігінің ең төменгі деңгейіне сай оқудың **қайта жаңғырту** (репродуктив) әдісінің іске қосылғаны. Жоғарылау ой толғастыру әрекеті іске қосылып, қажетті білімдер оқушының өз танымдық еңбегінің нәтижесінде игерілсе, оқу үдерісіне ішінара ізденіс немесе **эвристикалық** әдістің не одан да жоғары сипаттағы оқудың **зерттеу әдісінің** қолданылғаны.

Бастауыш мектепте толыққанды мәселелі, эвристикалық, сонымен бірге әсіресе зерттеу әдістерінің кең қолданылуы қиындау, дегенмен бұл жағдай бастапқы оқу үдерісінде де кең етек жаюда. Бұл топтағы әдістердің мұғалім үшін маңыздылығы оның балаларды ой толғастыруға баулып, білім жинақтауға үйретуде қолайлы болуынан. Тұлғаға бағытталған оқуды іске асыруда мұндай принципті ұстану – бастауыш мектеп тәрбиесі нәтижелілігінің кепілі.

Бастауыш мектепте кең қолданылып жүрген **ақпаратты-көрнекілік** әдісінің мәні оның келесі өзіндік белгілерінен көрінеді: а) білім оқушыға “дайын” күйінде ұсынылады; б) әртүрлі тәсілдермен мұғалім оларды қабылдауға көмектеседі; в) білім іштей қабылданып (рецепция), түсінімге келеді де оқушы жадында бекітіледі.

Қабылдау барысында барша ақпарат көздері (сөз, көрнекілік және т.б.) пайдаланылады, ақпарат мазмұны бала санасына индуктив не дедуктив қисынды жолдарымен жеткізіледі. Педагогтың басқарушылық қызметі білім қабылдату міндетімен шектеледі.

Репродуктив, яғни **қайта жаңғырту** әдісінде келесі белгілер көзге түседі: а) бұл әдісте де білім оқушыға “дайын” күйінде ұсынылады; б) мұғалім білім мазмұнын хабарлап қана қоймастан, оны жан-жақты түсіндіреді; в) оқушылар білімді саналы игереді, түсінеді әрі есінде қалдырады. Игерілгендіктің белгісі – білімді қалтықсыз дұрыс қайта айтып не жазып бере алу; г) игерілгеннің қажетті деңгейдегі бекімі білімді көп мәрте қайталап жаттау жолымен іске асады.

Түсіндірме-көрнекілік әдістегідей бұл әдістің де аса үлкен артықшылығы – оның **үнемділігінде** (экономность), яғни қажетті білім мен ептіліктер ауқымы аз уақыт ішінде еленбес күш-қуат жұмсаумен игеріледі. Көп мәрте қайталаулар мүмкіндігінен игерілген білімдер бекімі анағұрлым жоғары болары сөзсіз.

Мәселелі баяндау әдісі жаттанды орындау тәсілі мен шығармашыл іс-әрекет арасындағы өтпелі саты әдісі ретінде танылады. Бастауыш мектеп оқушылары әлі мәселелі міндеттерді өзбетінше орындауға қиналады, сондықтан да мұғалім мәселені шешудің басынан ақырына дейінгі жолын баяндап, түсіндіреді. Осыдан мұндай оқу әдісі желісіне шәкірт еркін қатыса алмаса да, ойлау үдерісінің бақылаушысы ретінде ғана сыңай танытып, білім игеру жолында кезігетін қиыншылықтарды жеңудің оңтайлы әдіс-тәсілдерін үйренеді.

Ішінара ізденіс (эвристикалық) әдісінің мәні оның келесідей өзіндік **сипаттарынан** байқалады: а) балалар білімді өзбетінше әрекеттеніп, жинақтауы әрі игеруі қажет; б) мұғалім білім жөнінде ақпарат бермейді, оны баяндамайды да, оның міндеті - әрқилы шаралар, құрал-жабдықтар жәрдемімен жаңа білімдерді іздестіре тауып, игеруге үйрету; в) оқушылар мұғалім басшылығында өзбетінше пікір жүргізеді, туындаған танымдық мәселелерді шешеді, мәселелі шарттар түзіп, шешімін табады, талдайды, салыстырады, жалпылайды, қорытынды жасайды және т.б., нәтижеде балаларда саналы бекіген білімдер қоры қалыптасады.

Әдістің *ішінара ізденіс* аталуының себебі – оқушылар күрделі оқу мәселесін өзбетінше түгелдей бастан аяқ шеше алмайды. Осыдан оқу іс-әрекеті “*мұғалім – оқушылар*” және т.с.с. өрнек бойынша дамиды. Білімнің бір бөлігін мұғалім ұсынса, екіншісін балалар алдын ала берілген сұрақтарға жауап бере отырып не мәселелі тапсырмаларды орындау арқылы игеріп барады. Бұл әдістің оңтайластырылған бір түрі ***эвристикалық*** (жаңалық ашу) ***әңгіме-сұхбат***.

Оқудың ***зерттеу әдісі*** келесі сипаттарымен ерекшеленеді: а) мұғалім оқушылармен бірге оқу үдерісінің нақты бір кезеңінде шешілетін мәселені өрнектейді; б) білім оқушыларға хабарланбайды. Оны оқушылар мәселені зерттестіру барысында әрқилы шешім баламаларын салыстыру арқылы өзбетінше табыстырып, игереді. Нәтижеге қол жеткізу шараларын да өздері таңдап, белгілейді; в) мұғалім қызметі – мәселелі міндеттерді іске асыру үдерісіне тиімді басқарым жасау; г) оқу жоғары жеделдігімен сипатталады, көтеріңкі қызығушылық желісінде жүргізіледі, игерліген білімдер өз тереңдігімен, беріктігімен, есерлілігімен ерекшеленеді.

Білімді шығармашыл жолмен игеру оқудың зерттеу әдісіне тән белгі. Дегенмен, бұл әдістің де өзіне сай кемшіліктері бар: мұғалім мен оқушының көп уақыты мен шектен тыс күшқуатын қажет етеді. Зерттеу әдісін қолдану жоғары деңгейдегі педагогикалық мамандануға тәуелді.

Оқу әдістерін топтастыру тәсілдерінің арасында оқушылардың ***белсенділік*** дәрежесіне орайластырылған түрлері де бар. Осыған байланысты әдістер ***белсенді*** және ***енжар*** болып ажырылады. ***Дидактикалық мақсаттарды*** көздеуден оқу әдістері екі топқа бөлінеді: оқу материалын ***бастапқы игеру*** әдістері және игерілген ***білімдерді жетілдіру*** әдістері. Бірінші топты ***ақпараттық-дамытушы*** әдістер (ауызекі баян, әңгіме-сұхбат, кітаппен жұмыс); оқудың ***эвристикалық әдістері*** (эвристикалық әңгіме-сұхбат, зерттеу әдісі) құрайды. Ал екінші топқа ***жаттығулар*** (үлгі бойынша, түсініктеме (комментирование) жаттығу, баламалы – ауыспалы жаттығулар кіреді).

Жалпы өмір, біздің әңгімемізге арқау болып отырған оның бір саласы – педагогикалық үдеріс көп қырлы да көп сырлы,

онда қолданылатын әдістер мен олардың топтасуы да саналуан. Бәрін бірдей тиімді деуге және болмайды, қайсысының да өз орнымен қолданылуында. Тұрмыс, өндіріс, педагогика тәжірибесі жасанды құрылымдар мен дерексізденген сұлбалардан әлдеқайда бай. Мұғалімнің күнделікті оқу-оқыту тәжірибесінде оқу әдістерінің тобы өзара ұштасқан байланыста – бір-бірінің орнына қолданылады, бірі екіншісін толықтырып, дамытады.

Сонымен, мұғалімдердің әдістер түсінімі мен олардың қолданылуын жеңілдету үшін **классификация**, яғни ғылыми топтастыру ісі өте қажет. Әдістер қырлары мен сырларының саналуандығынан оларды топтастырудың жолдары да көп. Оқу әдістерін топтаудағы көзделетін басты мүдде – оқудың сан қилы мақсаттарын іске асыруда мұғалімге қай әдісті қолданудың тиімді боларын түсінуге жәрдем беру. Өмірдің барша жағдайларына сай келетін әмбебап әдістер тобын ұсыну мүмкін емес.

Барша әдістер тобы құрамында білімді **ауызекі баяндау әдісі** орын алған. Олардың арасында еленгендері: әңгімелеу, түсіндіру, ұқтыру, әңгіме-сұхбат, көрсетпе беру. Бұл әдістердің қызметі келесідей:

– **сеп-түрткілік** (мотивационная): жаңа материалды игерудің психологиялық негізін қолдау, нақты тақырып өтуде оқушылардың танымдық іс-әрекетіне қозғау салу, мәселелі шарттар түзу;

– **ақпараттық** нақты материал мазмұнын ашу, табиғи орта мен белгілі нысанға сипаттама беру, оқиғалар және құбылыстар жөнінде мағлұмат жеткізу, қоршаған орта заттары мен құбылыстары арасындағы себеп-салдарлы байланыстарды ашу;

– **тәрбиелік** оқу материалын игеру барысында туындайтын әрқилы тәлімдік міндеттерді шешу;

– **жалпылау** білімдерді белгілі жүйеге келтіру;

– **ұйымдастыру** алда орындалатын іс-әрекет тәсілдері мен жолдарын оқушыларға түсіндіру;

– **бақылау-реттеу** кері байланыс орнату, балалардың білім игеруі жөніндегі ақпараттарды алу, қате-олқылықтарды түзету.

Ауызша, сөздік әдістер оқу желісінің барша кезеңдерінде қолданымға түседі: жаңа материалды игеруге дайындық кезінде, оны түсіндіру, игеру, қорытындылау және пайдалану үдерісінде қолданылады.

Әңгімелеу – бұл бірізді, жүйелі, түсінімді және көңіл көтеріңкілігімен білім ұсынуда қолданылатын оқу материалын монологтық баянмен жеткізу әдісі. Әңгімелеп беру кіші мектеп жасындағы балаларды оқытуда басқа әдістермен салыстырғанда жиірек пайдаланылады. Балаларға аса жарқын да жаңа деректер мен оқиғаларды хабарлау үшін, олардың тікелей бақылауына келмейтін құбылыстар жөнінде ақпарат жеткізу қажеттігі туындаған жағдайда мұғалім осы әңгімелеп беру әдісін іске қосады, оқушылардың ойлау әрекетіне, қиялы мен көңіл-күйіне, олардың ой өрісінің кеңеюіне күшті ықпал жасаудың көзі де осы әңгімелеу әдісінде. Кіші сыныптарда әңгімелеп берудің үш түрі танылған: суреттеп беру, көркемдеп әңгімелеу, түсіндіру. Қойылған мақсатқа орай: кіріспе әңгіме, баян әңгіме, қорытынды әңгіме – болып жіктеледі. Біріншісінің міндеті – балаларды жаңа материалды игеруге дайындау; екіншісінің міндеті – мазмұнды әңгімелеп жеткізу, ал үшіншісі – оқудың нақты бір кезеңіндегі нәтижені сабасына жеткізеді.

Сипаттап беру әдісі арқылы мұғалім шәкірттеріне зат, құбылыс не оқиғаның анық, мәнерлі, көркем өрнегін баяндап жеткізе алады. Бұл әдіс көбіне нақты да деректі материалды қабылдау үшін қолданылғаны жөн, мысалы: табиғаттану дәрістерінде, қоршаған ортамен таныстыруда, еңбек сабақтарында мұғалім өсімдіктер мен жануарлардың сырт көріністерін, табиғат өзгерістерін, тау-тас, өзен-көл әсемдіктерін ж.т.б. бейнелеу үшін.

Көркемдеп әңгімелеу теңеу мен салыстыруларға бай бола келіп, бала ес-елесі мен көңіл-күйін дамытуға бағышталған. Оқу, сурет, қоршаған ортамен танысу сабақтарында кең қолданылады. Өткендегілер мазмұны жарқын бейнелі формада әңгімеленіп, балалар сезімі мен оқиға және сол оқиға кейіпкерлеріне деген қатынасын қалыптастыру үшін пайдаланылады.

Бұл әдістің тиімділігі ең алдымен педагогтың әңгімелеу ептілігіне байланысты, сонымен бірге мұғалім қолданған

сөздер мен сөз тіркестері оқушыларға неғұрлым түсінікті болса, әрі олардың даму деңгейіне сай келсе, әдіс тиімділігі арта түседі. Сондықтан әңгіме мазмұны балалардың игерген тәжірибесіне негізделіп, оның әрі қарай жаңа элементтермен толығып, кеңеюіне ықпал тигізеді. Әңгімені өздеріне тартымды, байланысқан, қисынды сөйлеу, сөз-баян құрудың үлгісі ретінде қабылдап, өз ойын жоғары сауаттылықпен, әрі мәдени деңгейде жеткізуге үйренеді.

Бастауыш мектептегі әңгіме мазмұны тереңнен ойластырылып, әңгіме барысындағы екінші дәрежелі жағдаяттар (тәтпіштеп түсіндіру, майда-шүйдеге көп назар аудару, түсініксіз сөздердің көп болуы) негізгі мән мағынаны көлеңкелемеуі тиіс, ал әңгіме әсерінен туған көңіл шарпуы (эмоция) баланың ақыл-ой әрекетіне тосқауыл болмағаны жөн. Әңгімелесуге қойылатын басты талаптар: қызықты мазмұн, нақ, бірізді баяндау формасы.

Әңгімелесуге дайындық барысында, мұғалім жоспар белгілейді, қажетті материалдар жинақтайды, сонымен бірге мақсаттың іске асуында мейлінше жәрдем беретіндей әдістемелік тәсілдер таңдастырды. Көбіне салыстыру, теңеу, қорытындылауға логикалық тәсілдер қолданылады. Әңгімелеу барысында мазмұндағы басты мәселелерге (оқиға, кейіпкер, іс-әрекеттер ж.т.б.) көп көңіл бөлініп, балалар назарына сомдалып ұсынылады. Мұғалім әңгімелеуі қысқа уақыт аралығына (5-7 минут) реттеліп, тыңдаушылар көңіліне қонғандай, жоғары көңіл-күй үйлесімділігінде өткені дұрыс. Балалар зейінділігін көтеру үшін мұғалім олардың көңіл кейпін дөп басып, зейін тұрақтату шараларын қарастыруы тиіс. Бұл үшін педагог ән-күй, көрнекіліктер мен көз тартар бұйымдар және басқа да оқу әдістерін (тақтаға жазу, әңгіме-сұхбат және т.б.) пайдалана, әңгімелеп беру жұмысын орындайды.

Әңгімелей түсіндіру әдісі қисынды бірізділік анықтау, себеп-салдарлы байланыстарды ашу, игеріліп жатқан құбылыстар немесе принциптер арасындағы тәуелділіктерді байқау үшін пайдаланылады. Оқушылар жанында қалуы тиіс әрекет тәсілдерінің мөнін түсінуде, балаларды әңгіменің ой бағыты мен желісінің дамуын сезе білуге үйретуде және мазмұнның аса құнды тұстарын анықтап, есте қалдыруға да осы әңгімелей түсіндіру әдісі көп жәрдем береді.

Түсіндіру – күрделі мәселелерді бірізді, қисынды, анық әрі жеңіл тілмен балалар ұғымына жеткізудің белсенді әдісі. Түсіндіру ісі міндетті түрде балалар катынасында, олардың өз бақылаулары мен тәжірибе істерінің нәтижелерімен байланыста жүргізіледі. Бұл әдіс көбіне математика, тіл, еңбек, дене шынықтыру, табиғаттану сабақтарында әрекет-қимыл ережелерімен таныстыру мақсатында қолданылады. Түсіндіру көрсетпе беру (инструктаж) тәсілімен толығы түседі. Мысалы, 3 – сынып оқушылары өзбетінше жаттығу орындаудан бұрын келесідей көрсетпе алады: 1) тапсырманы оқып шық; 2) не істеу керектігін анықта; 3) ережені еске түсір; 4) жаттығуды орында; 5) ережемен салыстыр.

Бастауыш мектепте қолданылатын түсіндіру әдісінің қай түрі де бірдей талаптарға жауап беруі тиіс: кіріспе бөлімі, әрекет өрістеуі, шарықтау және қорыту бөліктері. Қысқа да нұсқа ұйғарымдар, басты желіге сай қорыту (резюме) - ұтымды түсіндіру жұмыстарының міндетті элементтері.

Әңгіме-сұхбат. Бұл әдісте мұғалім өз оқушыларының тәжірибесіне сүйене отырып, сұрақтар жәрдемімен балалардың материалды түсінуіне көмектеседі, олардың бұрыннан білгендерін нақтылап, тереңдете дамытады. Әңгіме-сұхбат оқудың шығармашылық әдістерінің бірі ретінде қабылданған. Оны заманында **Сократ** шеберлікпен пайдалана білген. Сондықтан, әңгіме-сұхбат әдісімен оқушылардың өздеріне **жаңалық болған білімдерге** қол жеткізу **жолы Сократтық** деп аталған. Бұл әдістің басты қызметі – ынталандыру, дегенмен басқа оқу қызметтерін орындаудан тыс қалмайды. Себебі әңгіме-сұхбат әдісі басқа әдістермен салыстырғанда өзінің әмбебаптығымен ерекшеленеді.

Әңгіме-сұхбат – өте белсенді, ынталандыру ықпалы аса жоғары оқу әдісі. Белгілі мақсатқа көзделіп, орынды қойылған сұрақтар арқылы мұғалім балаларды бұрыннан қабылдаған білімдері мен ептіліктерін қайта еске түсіруге ықыластандырады, білгендерін қорытып және дамыта отырып, өзбетінше жүргізген ой толғастырулары, қорытулары мен ұйғарымдары негізінде жаңа білімдерді игергенін оқушылар өздері де байқамай қалады.

Әңгіме-сұхбат – бұл мұғалім сұрағы мен оқушы жауабынан құралған диалог. Екеуара сөз алысу үдерісі оқушы ойын мұғалім ойы ізімен жетелей отырып, нәтижеде шәкіртті қадам-қадаммен жаңа білім игеруге жақындата түседі.

Әңгіме-сұхбаттың және бір артықшылығы: ойлау белсенділігін мейлінше көтереді, білімдер мен ептіліктердің игерілу деңгейін анықтап баруға мүмкіндік береді, оқушылардың танымдық күш-қуатына қозғау салады, танымдық әрекетіне дер мезетінде қажетті басқарым жасаудың жолын ашады. Ал мұндай әдістің тәрбиелік маңызы өз алдына орасан.

Өзге де оқу әдістеріндегідей, сұхбаттасу барысындағы таным дедуктив не индуктив жолдармен жүргізіледі. **Дедуктив сұхбат** оқушыларға танымал жалпы ереже, принцип, түсініктерден басталып, оларды талдау, сарапқа салу арқылы жекелеген ұйғарымдар шығарылады. Ал **индуктив формада** жүргізілген сұхбатқа жеке деректер мен түсініктер талдауға алынып, әрі оның нәтижесінде жалпы қорытынды жасалады.

Бастауыш мектепте әңгіме-сұхбат әдісі төмендегідей жұмыстарды іске асыруда тиімді:

- оқушыларды сабақтағы оқу жұмыстарына дайындауда;
- оларды жаңа материалмен байланыстыру барысында;
- игерілген білімдерді жүйелестіру мен бекітуде;
- ағымдағы бақылау және білім игерілуін анықтау үшін.

Мектеп тәжірибесінде әңгіме-сұхбаттың бірнеше тобы белгілі. Атқаратын міндеті бойынша келесідей сұхбаттасу әдістері ажыралады: 1) кіріспе немесе ұйымдастырушы; 2) жаңа білімдерді хабарлау; 3) біріктіруші немесе бекітуші; 4) бақылау-реттестіруші. Оқушылардың өзбетінше дербес оқу әрекеттерін атқаруына орай сұхбат қайта жаңғыртушы (репродуктив) не шығармашыл (эвристикалық) болып бөлінеді.

Кіріспе (дайындық) **сұхбаттасу** әдетте оқу жұмыстарының алдынан жүргізіледі. Оның мақсаты – оқушылардың алдағы оқу істерін қаншалықты дұрыс түсінгенін анықтау, қай жұмысты қаншалықты дәрежеде орындай алатынына көз жеткізу.

Хабарлау сұхбатының формалары: **қатехезистік** сұрақ-жауап күйінде (жауаптары алдын ала жатталып, сол күйінде қайталап айтып беруге негізделген); **сократтық** (жауап оқушы тарапынан жұмсақ, ұстазға деген сый-құрмет ны-

шанын сақтаумен орындалып, бірақ шәкірт өз пікірін, күмән-қарсылығын білдіруге құқылы); **эвристикалық** (оқушы алдына мәселе қойылады, оның шешімін тауып, жауап беруде оқушы толық еркіндікке ие). Бастауыш мектепте сұхбаттасудың барша түрлері қолданылуы мүмкін. Көбіне мұғалімдердің пайдаланатыны – балаларды өзбетінше жұмысқа ынталандырып, өзінше жаңалық, шындық ашуға бағыттайтын сұхбат түрі – бұл эвристикалық әдіс. Мұндай әңгімелесу барысында оқушылар білім игеру үшін өз ой-толғаныстарына, табиғи күш-қуатына жүгінеді.

Біріктіруші-қорытынды немесе бекіту сұхбаты оқушылардың өткен сабақтарда меңгерген білім, ептіліктерін жинақтап, қажетті жүйеге келтіру үшін оқу үдерісіне қосылады. Ал **бақылау-реттеу** (тексеру) мақсатты сұхбат қызметі оқушыларға ұсынылған білімдердің қай деңгейде және сипатта игерілгендігін анықтау жұмыстарымен байланысты. Сонымен бірге бұл әдіс оқушылардың игерген білімдерін жаңа дерек не тұжырымдамалармен толықтыру, дамыту ниетімен де қолданылады.

Өткізілген сұхбаттың нәтижелі болуы үшін мұғалім тиянақты дайындық көруі қажет. Бұл үшін ол сұхбат тақырыбын, оның мақсатын дәл анықтап, белгілейді; сабақ жоспарын түзеді, көрнекі құралдар іріктейді, сұхбат барысында туындап қалуы мүмкін негізгі және қосымша сұрақтарды өрнектеп, оларға жауаптар дайындайды, сұхбат ұйымдастыру мен өткізудің әдістемесін ойластырады. Мұндай оқу әдісін орындауда аса жауапкерлік міндет – дұрыс сұрақ өрнектеп, оны оқушыға қоя білу. Сұрақтар тобына қойылатын талаптар: қисынды бірізділік, өзара байланыстық, өтіліп жатқан тақырыптың мән-мағыналарын аша білу, білімнің жүйелі игерілуіне жәрдем беру. Мазмұны және формасы жағынан сұрақтар оқушылардың білім, жалпы даму жағдайларына сәйкес болуы шарт. Сұрақтар қарапайым болып, қай оқушының да түсініміне жеңіл болғаны жөн. Дегенмен, сұрақтар өте жеңіл де, шектен тыс ауыр да болмауы тиіс. Бұл екі жағдайда да оқушы белсенді ой қызметіне бара алмайды. Біріншісінде - баланың белсенді танымдық қызметке ынтасы болмайды, ал екіншісінде – оқушы сұрақ мазмұнын түсінбегендіктен жауап іздеуден бас тартады.

Сұрақтар дайын жауапқа негізделмей, өткенде игерілген сабақ материалдарына байланыстырылуы қажет. Мысалы, “Сөйлем деген не? Сөйлемнің түрлері қандай?” секілді сұрақтардан гөрі “Жай сөйлем белгілерін сипатта. Сөйлемнің бір түрінен екіншісінің айырмашылығын дәлелде” сияқты тапсырмалар беріп, оқушыларға “Неге?”, “Неліктен?”, “Не себепті?” формада келтірілген сұрақтар қою тиімді келеді. Мүмкін, мұндай сұрақ, тапсырмалар бастауыш сынып оқушылары үшін қиындау да болар, алайда, оқу міндеті баланы шығармашыл ой-толғанысқа келтіру, шығармашылыққа жетелеу. Осыдан балауса шәкіртті мәселелі сұрақтарға ерте бастан үйрете берудің зияны болмас.

Сұхбат басқа әдістермен салыстырғанда жекелеп, жіктеп, нақты тұлғаға бағытталған оқуды ұйымдастыруда үлкен мүмкіндіктерге ие. Балалардың дайындық деңгейіне орай сұрақтарды жіктеумен педагог сыныптағы барша оқушыларды белсенді оқу-таным үдерісіне қосу мүмкіндігін алады. Сұхбат жаңа материалды бұрын өтілгендермен байланыстыра бекіту әрі тексеруде өте қолайлы. Сұрақтар жүйесін түзе отырып, мұғалім олардың әрқайсысының өзіндік атқарар қызметін есінде сақтағаны жөн: кей сұрақтар дерек іздеп, табуға бағытталса, екіншілері – бұрыннан игерілген білімдер мен тәжірибені қайта жаңғыртып, жарыққа шығару (актуализация) үшін қажет, үшіншілері – жаңа байланыстар жасауға көмектессе, төртіншілері – бар білімдерді жаңа жағдайларда қолдануға ынталандырады, т.с.с. Бар білімдер мен ептіліктерді бақылау және олардың қаншалықты қалыптасқанын аңғару үшін педагог нақтама сұрақтар тобын іске қосады.

Оқудың сұрақ-жауап формасын іске асыру жолдарын, яғни техникасын білу – педагог қызметіндегі басты мәселелердің бірі. Әр сұрақ бүкіл сыныптағыларға қойылады. Біршама ойлау мезетінен соң оқушы жауап беруге шақырылады. Орнында отырып, “айқаймен” берілетін жауаптарға тыйым салған жөн. Оқушылардың қателікті жауаптарын түзетуіне мүмкіндік бере отырып, үлгерімі төмен балаларды сұрақ-жауапқа көбірек тартқан орынды. Егер қойылған сұраққа оқушылардың ешбірі жауап бере алмаса, оны қайта өрнектеу не бөлшектеу қажет, қосалқы, бағдарлау сұрақтармен жәрдем беру керек. Бала жа-

уап берген кезде қиналатын болса, оған “сыбырмен” не тірек сөз, сөздің бас әрібін дыбыстап жәрдемдесіп, жалған “білгіштікке” жеткізу – педагогикалық тұрғыдан тіпті де тұрпайы әрекет.

Әңгіме-сұхбаттың табысты аяқталуы сыныппен орайлы қарым-қатынас түзе білуге тәуелді. Мұғалімнің міндеті - балалардың сұхбатқа белсенді қатысып, сұрақтарды мұқият тыңдап, ойлана жауап беруін қадағалау. Сонымен бірге оқушыларды өз жолдастарының жауаптарын талдауға үйретіп, өз пікірлерін білдіруге ынталандыру қажет. Әр жауап үлкен зейінділікпен қабылданып, бағаланады. Дұрыс жауаптар мадақталады, ал қате болғандары – түсіндіріледі, олқы-кемшіліктері толықтырылады. Дұрыс болмаған жауап қателіктерін оқушы мүмкіндігінше өзі тауып, түзеткені жөн, ал шәкірттің мұндай өзіндік жұмысты орындай алмайтынына көз жеткен кезде ғана, жолдастарын көмекке шақыруға болады. Мұғалім рұқсатымен оқушылар бір-біріне сұрақ қояды, бірақ сұрақтар танымдық мәнін жоғалтып, жалған белсенділік көрсету үшін беріле бастаса, мұндай оқу жұмысын мұғалім тыя салғаны орынды.

Әңгімелесу – көп уақыт пен күш-қуат жұмсауды қажет ететін күрделі оқу әдісі екенін педагогтың естен шығармағаны жөн. Бұл үшін тиісті жағдайлар мен жоғары деңгейдегі педагогикалық шеберлік те қажет. Сұхбаттасу әдісін таңдай отырып, мұғалім өз мүмкіндіктерін, оқушылардың дайындық дәрежесін мұқият өлшестіріп білгені қажет. Себебі алдын-ала қисынды ойластырылмаған әңгіме “желге ұшып”, кейін оның орнын толтыру әбден қиын болады.

Барша баяндалғандардан туындайтын қорытынды: бастауыш мектеп мұғалімінің педагогикалық қызметінде оқудың ауызекі әдістері маңызды орынға ие. Әңгімелеп беру, түсіндіру, әсіресе, әңгіме-сұхбат оқу-тәрбие үдерісінде саналуан қызметтерді іске асыруға мұрындық болады.

Кітаппен жұмыс әдісі

Мектеп тәжірибесіне кітап енген дәуірден бастап, онымен жұмыс істеу аса маңызды оқу әдісіне айналды. Бұл

әдістің ұтымды тарапы – оқушы қажет материалды өзіне қолайлы жағдай мен уақыт мерзімінде, қалаған жеделікте көп қайталап, меңгеруге мүмкіндік алады. Оқу кітаптары негізінде педагогикалық қызметтердің: оқыту, оқу-үйрену, дамыту, тәрбиелеу, ынталандыру, бақылау-реттеу (түзету) – бәрін бірдей орындауға болады.

Өкінішке орай, бастауыш мектепте кітаппен жұмыс істеуге қажетті мән берілмеуде. Педагогтардың көрнекі-жарқын, әсерлі әдістерді әсірелей көп пайдалануынан сабақтағы кітап, онымен жұмыс қажетсіз дүниеге айналып, көлеңкеде қалады. Нәтиже ашынарлық: балалар аз оқиды, тіпті де оқымайды, оқыса, әріп не буын басын қосып, біріктіре алмайды, осыдан оқығанын түсінбейді. Мұның тауқыметі бастауыш сыныпты бітіріп, орта мектепке өткен балалар тағдырына үлкен зиян келтіруде. Ал осыған байланысты барша қиыншылықтарды жеңіп, баланы жасынан ең алдымен кітап оқуға, онымен жұмыс істеуге үйрету алғашқы оқу тетігін ұстаған бастауыш сынып мұғалімінің қолында.

Кітаппен жұмыс оқушылар үшін өте күрделі қиын оқу әдісі. Мектептің парызы балаларды өзбетінше кітап пайдалануға баулу. Бұл әдісті қолдануға қойылатын басты талаптар: еркін оқып, оқығанды түсіну ептіліктерін тәрбиелеу; оқылып жатқан материалдың негізгі мәнін бөлектей ұға білу; оқылғанның өзекті тұжырымдарын өрнектеп, жаза білу және (*тірек-конспектер*) түзуге үйрету. **Өзбетінше** кітаппен жұмыс істеудегі негізгі **мақсат** – оқу материалымен танысу, жүргіріп көзден өткізу, жеке бөліктерін оқу, нақты қойылған сұрақтарға жауап іздестіру, материалды мұқият зерттеп, игеру; мысалдар мен мәселелерді шешу, бақылау тестерін орындау, ақырында, қажет болса, материалды жаттап алу.

Мектеп тәжірибесінде кітаппен жұмыс істеудің екі түрі кең қолданымға түскен: бірінші сабақта мұғалім басшылығында және екінші сабақта меңгерілгенді бекіту және кеңейту мақсатында жүргізілетін үйдегі өзіндік жұмыстар. Педагог балаларды білім топтау жолында кітапты пайдалануға дайындай отырып, жаңа материалды бұрын өтілген қай материалмен байланыстыру, біріктіру немесе салыстыру қажет болатынын түсіндіреді, көрсетеді. Егер жұмыс сабақ барысында орында-

латын болса, материалды кітап бойынша игеру үдерісі жеке бөлімдерге келтіріледі де, әрқайсысы өз алдына бақыланады, тексеріледі. Мәтін үзіндісін оқып болудан бала тыныстап, қажетті әрекеттерді: түсіну, есте қалдыру, салыстыру, теңеу және т.б. – орындауға кіріседі. Оқушының кітап мәтіні бойынша үй жұмысы дәрісте қабылдап, есте қалғандарын қайта жаңғыртудан басталады. Сабақта игерілгенді оқулық мәтінімен біріктіру – кітаппен жұмыс жасаудың қалтықсыз дұрыс жолы. Кітап оқуда шәкіртке қойылатын шарт – мүмкін болғанша мәтін мазмұнын есте қалдыруға тырысу. Сондықтан оқушыны мәтіннің баяндалу тәртібін аңдауға үйретіп, оқу барысында мәтін мазмұнының ойдағы жоспарын түзуге баулу. Тірек конспект түзіп, негізгі мән-мағына қамтушы сөздер, сөз тіркестері мен сөйлем-тұжырымдарды жазуға үйрету – оқу тиімділігінің артуына себепші өте маңызды жағдаят.

Кітаппен жұмыс алып бару оқушылардың өзіндік бақылау дағдыларын қалыптастыруына байланысты келеді. Оқушы материалды білетінін кітапты қанша рет қайталап оқығанымен емес, сол оқығанының мазмұнын саналы да толық баяндай білу ептілігінің дәрежесімен бағалауы тиіс. Бұл үшін балаларда уақытының көбін материалды жәй оқуға емес, ал оны жадтан қайта жаңғыртып, белсенді қайталап тұру әдетін қалыптастыру қажет.

Кітаппен жұмыс әдісінің кемшілігі – оқушының көп уақыты мен күш-қуатын қажет етуінде, сондықтан бұл әдіс ысыраптылығымен ерекшеленеді. Сонымен бірге ол оқушылардың даралық өзгешеліктерін ескеруде қолайсыз. Төмен сапада құрастырылған кітаптар өзіндік бақылау мен оқу үдерісін басқаруға қажет жеткілікті материалдарды қамтымайды. Осыдан мұғалім тек жоғары дәрежеде түзілген кітаптарды таңдап, міндетті түрде кітаппен жұмыс тәсілін басқа да оқу әдістерімен ұштастыра пайдалануға тырысады. өз сабақтарында кітаппен жұмыс ұйымдастыруды күнделікті әдетіне айналдырады.

Сонымен, кітаппен жұмыс мектеп тәжірибесінде басқа әдістер қатарында тең құқылы әрі маңызды оқу әдісі ретінде жоғары дәрежеде пайдаланатын болып, қайта тіктеледі. Оқушы

тыңдап, қабылдағаны ғана емес, тіпті түсінгеннің өзінде – тез арада ұмытады, ал өзі мұқият оқыса, одан ұққанын білім қорына қосып, жадынан шығармайтын болады.

Оқудың көрнекі әдістері

Бастауыш мектептегі көрнекі әдіс мақсаты – балалардың табиғи сезімдік тәжірибесін байыту әрі кеңейту, бақылағыштық қабілетін дамыту, заттардың нақты қажеттерімен танысып, меңгеру, өзіндік білім топтап, игергендерін жүйелестіруге сүйеніш болар дерексізденген (абстракт) ойға өтуде қажет жағдайларды жасау. Бастауыш сыныптарда қолданылатын көрнекілік түрлері: табиғи заттар, суреттер, көлемді, дыбысты және сызылма көрнекі құралдар. Көрнекілік құрал-жабдықтар саналуан: қоршаған болмыс заттары мен құрал-жабдықтары, мұғалім және оқушылардың қимыл-әрекеттері, нақты заттар мен үдерістер бейнесі (суреттер, картиналар), заттардың өзі (ойыншықтар, картон бейне кесінділері), рәміздік өрнектер (карта, кесте, сұлба және т.б.). Оқушылар бақылауын ұйымдастыруда мұғалімнің өте сақ болғаны лазым. Мұғалім тәжірибесінде көп ұшырасатын кемшілік – көрнекі құралдың шектен тыс бояулы түр-түсі оның оқулық мән-мазмұнын көлеңкелеуі. Жеткілікті ысылмаған мұғалім балалар назарын көрнекі құралдың елеусіз тараптарына көп аударып, тақырыпқа байланысты мән желісін жоғалтып алады. Үлестірме материалдарға қажетсіз түр-түс беріледі. Сұлба, кестелердегі бояулы сызу, жазулар безеу үшін емес, мән-мағынаны ажырата таныту үшін қолданылады.

Көрнекі әдістер ірі үш топқа бөлінеді: затты көрнекілік (демонстрация), суретті көрнекілік (иллюстрация), теле-видео әдіс.

Затты көрнекілік (демонстрация). Бұл әдіс көбіне танысып жатқан құбылыстардың даму жағдаяттары мен сыртқы көріністерін, ішкі құрылымдары мен біртекті заттар арасындағы орналасу мекенін танып білу үшін қолданылады. Табиғи нысандарды оқушыларға ұсыну, әдетте, оның сыртқы белгілерін (көлемі, формасы, түр-түсі, бөліктері мен олар арасындағы байланыстар) көрсетуден басталып, кейін әдейі ажыралып

көрсетілетін ішкі құрылымдар не жеке қасиеттері (жәндік-жануардың тыныс алуы, қондырғының жұмыс бабы және т.б.) таныстырылады. Бұл әдістің тиімділігі: егер зат, үдеріс және құбылыспен балалардың өздері тікелей зерттеп, танысса, олармен байланысты әрекеттерді өзбетінше орындап, аралық тәуелділіктерін өз тәжірибесі негізінде ашып, көзін жеткізсе, оқу тиімділігі арта түседі. Оқу жұмысы оқушының өз танымдық ізденіс-әрекеттерін арқау етсе, ол басқалардың пікір, тұжырымдарын қайталамай, меншікті білім қорын қалыптастырады.

Белсенді таным әдісі ретінде затты көрнекілікті қарапайым көрсетуден ажырата білу керек. Нақты затты тікелей қолға алып, онымен белсенді мәселелі не зерттеу жұмысымен айналысу кезінде оқушы назар-зейіні кездейсоқ белгілерден гөрі, сапалық мәнді қасиеттерге шоғырланып, оларды жылдам, жеңіл әрі толығырақ тану мүмкіндігін алады. Бұл әдісті пайдалануда ауызекі баянның рөлі онша үлкен емес, солай да болса, оқушы бақылаулары сөздік тәсілдермен үздіксіз байланыста жүргізіледі. Бала дербестігін (самостоятельность) көтеру үшін, одан көрген, байқағандарын ауызша баяндап, түсіндіруді талап еткен жөн. Затты-көрнекілік тиімділігінің жоғары болуы нысанды дұрыс таңдауға, балалардың зейінін дұрыс шоғырлап, зерттеліп жатқан зат, құбылыстың мәнді тараптарына аударуға бағытталған педагог ептілігіне тәуелді, сонымен бірге әрқилы әдістердің бұл жұмысқа ретімен, орынды қатыстырылуын да естен шығармаған жөн. Заттай көрнекілікті қолдану үдерісіне қойылатын талаптар:

- көрсетіліп жатқан нысан толықтай балалар назарында болуы қажет;
- ол тек көзбен бақыланып қана қоймай, барлық сезім мүшелерінің әсерленуін қамтамасыз етуі керек;
- балалар өз ықылас-ынтасын нысанның оқу ісіне тікелей байланысты тараптарына аудара білу шарт;

Суретті көрнекілік (иллюстрация). Бұл әдістегі көзделген мақсат плакат, карта, портрет, фотосурет, сурет, сұлба, көшірме сурет (репродукция), жайылма модельдер және т.б. жәрдемімен зат, үдерістің не құбылыстың рәміздік өрнектерін көре отырып, нысанды қабылдау.

Затты көрнекілік пен суретті көрнекілік оқу үдерісінде тығыз байланыста қолданылып, бірін-бірі толықтырып, әсерлілігін күшейте түседі. Зат, құбылыс не үдерісті тұтастай қабылдау қажет болса, затты көрнекілік қолданылып, ал құбылыс мәнін ұғу, оның құрылымдары арасындағы байланысты тану қажет болса, суретті көрнекілік пайдалы. Мұндай көрнекілік тиімділігі суретті көрсете білуге тәуелді. Көрнекі құралдарды көрсете ұсыну жолдарын таңдауға, мұғалім көздеген нысандарының танымдық үдерістегі қажетін, орнын және рөлін ойластырады, қолданылуы барынша мүмкін болған көрнекі заттар саны мен көлемін анықтайды. Тәжірибе көрсеткендей, көрнекі құрал саны көбейген сайын, оқу талабына байланысты мән-мағынаға зейін қою қабілеті кемиді. Суреттер алдын ала дайындалады, бірақ әрқайсысы өз құндылығына орай сабақ үдерісінің қажетті мезетінде ғана ұсынылады.

Қазіргі кезең бастауыш мектебінде сапалы көрнекілік қамтамасыз ету үшін **экранды техникалық құралдар** жиі қолданылуда. Диапроекторлар мен эпидиаскоптар пайдалануда қарапайым, сенімді, арзан, сақтауы да оңай. 6-7 жастағы балаларды дифильмдерді өзбетінше қолданып, пайдалануға жеңіл үйретуге болады. Диафильм қолдануда келесі кезеңдерді есте ұстанған жөн: мақсат түсіндіру, көрсету кезінде әр кадрға түсіндірме беру, көрсету аяқталғаннан соң, қорыту әңгіме-сұхбатын ұйымдастыру, материалды жалпылап, тұжырымға келтіру.

Видеоәдістер. Оқу орындары тәжірибесіне ақпараттарды ұсынудың экрандық көздерін (кодоскоп, проектор, киноаппарат, оқу бағдарламалы теледидар, видеоқондырғылар мен видеомагнитофондар, дисплейлі компьютерлер, DVD) жеделдікпен енуінен видеоәдісті жеке оқу әдісі ретінде тануды мойындатып отыр. Бұл әдіс білім жеткізуге ғана емес, сонымен бірге оқу нәтижесін бақылау, бекіту, қайталау, жалпылау, жүйелестіру, яғни дидактикалық міндеттердің бәрін орындау барысында тиімділігі орасан.

Бұл әдістің оқу және тәрбиелік маңызы оның көрнекі бейнелерді күшті әсерлендіре, ықпалды қоданымға келтіріп, оқиға желісін басқару мүмкіндігін беруінде. Егер балалар экран мазмұнына әсерлене араласып, оған байланысты өз ықпал-ни-

етін білдіре алмаса, оларға көріп, сезгендеріне орай бақылау, тексеру жаттығулары мен тестері ұсынылмаса, видеоәдістен келер пайда шамалы. Киноэкран мен теледидар дерексізденген (абстракт) ой, шығармашылық пен дербес іс-әрекет ептіліктері мен дағдыларын қалыптастыруда тигізер көмегі болымсыз. Мұндай экрандық бейнелер көбіне сезімге әсер етіп, ой толғастыруға байлау болады.

Егер бастауыш сынып мұғалімінің оқытуы бағдарламалы ақпарат жүйелерімен байланысты болса, онда ол видеоәдіспен келесідей дидактикалық және тәрбиелік міндеттерді табысты шешуі мүмкін:

- жаңа білім ақпараттарын, әсіресе тікелей көріп, талдауға түспейтін жай жүрісті үдерістер (өсімдік дамуы, сұйықтық булануы, тау жыныстарының үгілуі және т.б.) мен қарапайым бақылау тәсілімен мәнін аңғару қиын өте жылдам үдерістер (серпілісте денелер соғуы, жұлдыз, планеталар ағымы және т.б.) жөніндегі білімдерді игеру үшін;

- күрделі механизмдер мен машиналардың әрекетке келу принциптерін даму желісімен байланыстыра түсіндіру;

- әрқилы іс-әрекет түрлерінің орындалу тәртібімен (алгоритм) таныстырып, оны іске асыруға үйрету;

- шет тілі сабақтарында арнайы тілдік орта түзу;

- тарих, этика, қоғамтану, әдебиет сабақтарында оқуды өмірмен байланыстыру мақсатында видеоқұжаттар пайдалану;

- тест сынақтарын өткізу;

- дағдыландыру жаттығуларын орындау;

- сыныптағы әрбір оқушы үлгерімін компьютерлі есепке алу;

- оқу ұйымдастыруда әрбір оқушының жеке даралығына орай іс алып бару;

- оқу үдерісіне жаңалықтар енгізу, оның өнімділігін көтеру, педагогикалық басқарым сапасын көтеру арқылы ұсынылып, игерілетін ғылыми ақпарат көлемін мүмкіндігінше ұлғайту.

Бұл әдіс тиімділігін көтеруде мұғалімнің жеке шеберлігі аздық етеді, оқудың нәтижелілігі мұндайда видео оқу құралдары мен қолданымдағы техникалық жабдықтардың сапасына тікелей байланысты келеді. Оқу үдерісінің видеоәдіспен

ұйымдастырылуы нақты, анық, үлкен ой сарабынан өткізіліп, мақсатты бағытта болғаны әбден қажет. Видеоәдіс пайдаланушы мұғалім оқушыларын таныстырылып жатқан мәселелер шеңберіне енгізе отырып, олардың оқу іс-әрекеттерін бағыттап, тиісті қорытындылар жасап, өзіндік жұмыстар үдерісінде жеке-дара көмек көрсетуде үлкен ептілікке ие болуы тиіс.

Сонымен, көрнекі әдістер оқу үдерісінің барша желісінде қолданымға түседі. Олардың қызметі - жан-жақты, бейнелі қабылдауды қамтамасыз етіп, ой-өріс дамуына сүйеніш болу.

Тәжірибелік әдістер

Мұндай әдістер қатарында педагогикалық қызметте кең қолданылатындары: жаттығулар, зертханалық әдістер, танымдық ойындар.

Жаттығулар – білім, ептіліктер мен дағдылар игеруге, олардың сапасын көтеруге бағышталған жоспарлы, ұйымдасқан, қайталай орындау үшін арналған оқу іс-әрекеттері. Жаттығулар дұрыс ұйымдастырылмай, оқу нәтижесі және ептіліктер қалыптаспайды. Бұл әдіс ептіліктер мен дағдылар қалыптастырып, орнықтыруға өте тиімді, ал ынталандыру тұрғысынан - әлсіздеу.

Жаттығулар үш түрге ажыралады: арнаулы, туынды және түсіндірме. **Арнаулы** – оқу, еңбек ептіліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағыттталып, көп қайтара орындауды көздейтін жаттығулар. Егер арнаулы жаттығуларға бұрын қолданылғандары ендірілсе, олар **туынды** деп аталады. Туынды жаттығулар бұрыннан қалыптасқан дағдыларды қайталау және бекіту үшін жүргізіледі. Туынды жаттығуларсыз дағды жойылады. **Түсіндірме** жаттығулар оқу үдерісінің белсенділігін арттыру үшін қолданылып, оқу тапсырмаларын саналы орындауға машықтандыруды көздейді. Мұндай оқу жұмысының мәні – мұғалім мен оқушы орындалған не орындалатын іске түсініктеме береді, іске асырылатын әрекеттерге анықтама беріп, дәлелдейді, нәтижеде көзделген әрекет, қимылдар анық-қанығына жетіп, жақсы игеріледі. Алғашқы түсініктемелерді үлгерімі жоғары оқушылар береді, кейін бұл

жұмысқа бүкіл сынып қосылады. Түсіндірме жаттығулар әдісі сабақтың жоғары қарқындылығын қамтамасыз етіп, барша балалар тарапынан материалдың саналы игеріліп, мықты бекуіне жәрдемін тигізеді.

Бастауыш мектепте **ауызекі** жаттығулар кең қолданылады. Олар тіл мен қисынды ой дамуына, танымдық мүмкіндіктерді көтеруге өте пайдалы. Ауызекі жаттығулардың орындайтын қызметі әртүрлі: оқу техникасы мен мәдениетін көтеріп, ауызекі есеп, әңгімелеу, білімдерді жүйелі баяндауға үйрету. Ауызекі жаттығулардың тіл үйренудегі орыны ерекше. Мұндай жаттығулар бірте-бірте күрделеніп барады. Оқу қызметтері қатарында **жазба** жаттығулардың (стилистикалық, грамматикалық, орфографиялық диктанттар, шығарма, баяндамалар) маңызы өз алдына. Жазба жұмыстарға байланысты мұғалім қызметі – олардың көптүрлілігі мен жеткілікті санын қамтамасыз ету. Жазба жаттығулар қатарына математика, сурет сабақтарында кең қолданылатын **сызылма (графикалық)** жұмыстар да кіреді.

Жаттығулар тиімді болуы үшін, педагог ауызша, жазба орындалатын жұмыстар жүйесінің келесі талаптарға сай болуын қамтамасыз етуі шарт: 1) тұлғалық сапа-қасиеттердің баршасының дамуы мен бекуіне бағытталуы тиіс; 2) түр және сан жағынан жаттығулар жеткілікті дәрежеде қайталанып баруы қажет; 3) уақыт пен күш-қуат үнемдеу талабына сай болғаны жөн; 4) оқушылар жұмысын әртүрлі формада басқаруға қолайлы түзілуі тиіс. Оқушыларға қойылатын талаптар: жаттығу орындауда саналылық; әрекеттерді орындау ережелерін білу; қолға түсірген нәтижелерді ескеріп бару; қайталаулар мезгіл-мезетін дұрыс ұйымдастырып, белгілеу.

Зертханалық әдіс оқушылардың өзбетінше жүргізетін тәжірибе, эксперимент және бақылауларына негізделген. Тәжірибелер жеке-дара не топта өткізілуі мүмкін. Мұнда заттай көрнекі әдісіндегідей тек сырттай бақылаумен шектелместен, оқушылар жоғары белсенділік әрі дербестікпен тікелей нақты жұмыс орындауға араласады. Зертханалық әдісте маңызды ептіліктер қалыптасады: өлшестіру мен есептеу, жұмыстың белгілі жолдарын қайта тексеру мен жаңа тәсілдерін таңдастыру. Зертханалық әдіс күрделі келеді, себебі ол арна-

улы жабдықтар мен мұғалім және оқушының мұқият нақты дайындығын қажет етеді. Оны орындау көп күш-қуат пен уақытқа байланысты. Сондықтан, мұғалім зертханалық әдісті жоспарлай отырып, оқушылардың өзбетінше орындайтын оқу-ізденіс жұмыстарының басқа оқу тәсілдерімен салыстырғанда үнемді әрі жеңіл боларына сенімді болуы қажет.

Тәжірибелік жұмыстар. Оқушылар іс-әрекеті игерілген білімдер мен ептіліктерді **тұрмыста қолдануға** орайластырылады. Бұл әдістің атқаратын қызметі – білім мен ептіліктерді тереңдете жетілдіру, сонымен бірге бақылау және түзету міндеттерінің орындалуына сеп тигізу, танымдық іс-әрекеттерге ынталандыру. Білім және ептіліктерді қолдану сабақтарындағы оқушылардың танымдық жұмыстары кезең, сатылап өтеді:

1. Мұғалім түсініктемесі. Алдағы жұмысты теориялық тұрғыдан ұғу кезеңі.

2. Үлгі, өрнек көрсету кезеңі.

3. Сынап көру. Бұл кезеңде 2-3 оқушы жұмыс орындайды, ал қалғандары бақылайды әрі мұғалім басшылығында, жұмыс барысында қате, кемшіліктер болса, ескертулер жасап, түзетулер енгізіледі.

4. Жұмысты орындау. Тапсырылған жұмысты әр оқушының өз бетінше іске асыру кезеңі. Мұғалім жұмыс орындау барысында қиналуы мүмкін балаларға көбірек назар аударады.

5. Бақылау, тексеру. Бұл кезеңде балалардың орындаған тапсырыстары қабылданады, тексеріледі әрі бағаланады. Орындау сапасына, уақыт жұмсау, материал үнемдеу, тапсырманың жылдам әрі дұрыс орындалуына мән беріледі.

Тәжірибелік әдіс басқаларға қарағанда балаларды жұмыс орындау барысында адал ниеттікке тәрбиелеу тұрғысынан өте маңызды келеді, еңбек үдерісін мұқият ұйымдастыруға, бұл үшін алдағы жұмыстың мақсатын пайымдауға, міндеттері мен шарттарын талдап, материалдар меңгеруге, құрал-жабдықтар дайындауға, жұмыс сапасына тынымды бақылау қойып, қорытынды жасауға үйренеді.

Танымдық (дидактикалық) ойындар – оқушылар жол тауып шығуы қажет шындыққа сәйкестендіріліп, арнайы түзілген жағдаяттар. Бұл әдістің басты міндеті – балалардың танымдық

үдерісіне қозғау салып, шығармашылыққа ынталандыру. Баланың қандай да іске ынта-ықыласы болмысты белсенді қайта жасау, не өзгертуге қатысуынан туындайды. Ал мұндай жасампаздық әрекет бала ойынында шын мәнінде көрінеді.

Танымдық ойындар әдісі ұзақтан келе жатқан тарихына ие. Ол ежелгі дидактикалық жүйелердің өзінде қолданым тапқан. Гуманистік тәрбие жүйелерінде бұл әдіс жаңа өрнек тауып, кең өріс алуда. Оқу барысында ойындарды пайдалану тәрбиешіні балалармен қарым-қатынас түзудегі әкімшіл-өміршіл бағыттан бас тартуға мәжбүр етеді. Балаларды ойынмен қызықтырып, оған тосындылық пен еркін таңдау элементтерін енгізіп, балалардың жазыла, көтеріңкі көңілмен іс-әрекетке араласуы үшін ойынға мұғалімнің өзі қатысуы тиіс. Дидактикалық ойындардағы бала бостандығы мен дербестігі жаңа педагогикада қалыптасып жатқан субъекттің еркін дамуы және тұлғалық бағыттағы оқу идеяларының іске асуына кең мүмкіндіктер ашылады.

Бастауыш мектептегі қазіргі заман **дидактикалық ойындары** негізінен **ережелер** бойынша өткізіледі. Ережелерді балалар ойын шарты ретінде қабылдайды, сол бойынша ойын мазмұны әрекеттерін орындайды. Ережеден ауытқу мүмкін емес, онда ойын бұзылады. Сондықтан ережелер мұқият ойластырылып, ойын алдынан хабарланады: бірінші рет – ойындық тапсырма, содан соң - оны орындау тәсілдері.

Ойындардың атқаратын қызметтері жан-жақты: танымдық үдерістердің белсенділігін көтереді; балаларда қызығушылық пен зейінділік баулиды; қабілеттер дамытады; балаларды оқу шарттарына араластырады; ережелер бойынша әрекет істеуге үйретеді; әуесқойлық пен зейінділік тәрбиелейді; білім және ептіліктерді бекітеді. Дұрыс ұйымдастырылған ойын ойлау үдерісін даралық сезімдермен байытады; өзіндік реттеу ептілігін дамытады, баланың ерік қабілетін нығайтады. Ойын арқылы бала өзбетінше жаңалықтарға қадам аттап, мәселелер шешуге ұмтылыс жасайды.

Мектеп алды мекемелері мен бастауыш мектеп тәжірибесінде келесі ойын түрлері жиі қолданымда: **желісті (сюжетті)-рөлдік, ойын-жаттығу, сахналастырылған ойын, құрастыру ойындары**. Оқу үдерісінде дидактикалық

ойындардың элементтері – ойындық жағдай, тәсіл, жаттығу пайдаланылуы мүмкін.

Дидактикалық ойындардың жалпы құрылымы келесі бірліктерден тұрады:

– **сеп-түрткілік:** балалардың ойынға қатысу ниетінің пайда болуына себепші қажеттер мен қызығулар;

– **бағыттаушы:** ойындық іс-әрекет жабдықтарын іріктеу;

– **орындаушылық:** ойын мақсатын іске асыруға қажет іс-әрекеттер мен амалдар;

– **бақылау-бағалау:** ойын әрекеттерін белсенді орындауға ынталандыру мен түзетулер енгізу.

Желісті-рөлдік ойын құрылымы төмендегідей:

Кезеңдері	Мұғалім мақсаты	Оқушы мақсаты
Дайындық	Жоспар және мазмұн	Түсіну
Бастау	Тақырып және	Ынта білдіру
Ұйымдасу	мақсат анықтау	Рөл алу
Сахнаға шығару	Рөлдерді бөлістіру	Қатысу
Талдау	Бақылау, басшылық	Қорытындылау
	Қорытынды жасау	

Ойын шараларының көптүрлілігі мен көптігі мұғалімге нақты міндетті орындауға сай келетін ойынды таңдап алуға мүмкіндік береді. Дидактикалық ойынды шебер мұғалім өзінің оқу-тәрбие жұмыстарының ажыралмас арқау-әдісіне айналдырады. Оқу сабақтары жүйесінде ойынды пайдаланудың келесідей тәсілдері қабылданған:

– бүкіл сабақ желісті-рөлді ойын түрінде өткізіледі (жаңа дыбыс және әріппен таныстыру сабағы; саяхат-сабақ, қоршаған ортамен таныстыру сабағы);

– ойын сабақтың бір элементі ретінде енгізіледі;

– сабақ уақытында бірнеше рет ойындық жағдайлар түзіледі (ертегі кейіпкері, ойыншықтар, тосын тапсырма беру, жарыстыру және т.б. жәрдемімен).

Дидактикалық ойындарды жоспарлау мен өткізуде мұғалімге қойылатын басты талаптар: ойын оқу-тәрбие үдерісінің қисынына тікелей қатысты болып, оның нақты мазмұндық сипатына орай түзілуі қажет; балаларды қызықтырғандай тартымды

атау, атамалар қолданылуы тиіс; шынайы ойын элементтерінен құралуы міндетті; бұлжымай орындалуы тиіс ережелері болуы шарт; өлең, тақпақ, жаңылтпаш, санамақ т.с.с. ойын элементтері мол болғаны жөн. Ойынға дайындала отырып, мұғалім де өзінің “әртiстiк” шеберлігін баптайды: әрекет-қимылын, отырыс-тұрысын, айтар сөзін ойын мазмұны мен шартына орай әсем де сұлу, қызықты да тосын етіп көрсетуге тырысады. Егер ойын барысында балалар күліп, мәз-мейрам болмаса, кейін оны қуана еске алып жүрмесе, мұғалім еңбегінің еш болғаны.

Мектептік оқу мәселелерін тәжірибелік әдістерді қолданбай шешу мүмкін емес. Мұндай әдістер көбіне бекіту, қайталау үдерісі және пән сабақтары мен саяхаттарда пайдалы оқу және ойын жаттығулары жүйесі арқылы іске асып барады.

Өзіндік жұмыс әдістері

Өзіндік жұмыстар барша әдістер жүйесінің қай-қайсысына да тән оқу шарты. Оқушылардың өзіндік оқу жұмыстарының мәні – оқу, сауат ашу, білім топтау мен оны жалғастыра жетілдіріп бару, ептілік, дағдыларға келтіру – бәрі шәкірттің өз ықылас-ынтасымен, мұғалім қатысынсыз орындалады. Мектеп тәжірибесінде ежелден келе жатқан тәсіл – оқу жұмысының бір бөлігі сабақта орындалады, ал ұмытып қалмас үшін, оқушы оны үйде қайталап, берілген тапсырмаларды орындап, бекітеді.

Өзіндік оқу жұмысы ұйымдасу, орындалу формасына орай **сыныптық** және **үйдегі** болып, екіге ажыралады. Сынып жұмыстарының басты міндеті – бақылау, ал үй жұмыстарының міндеті – бекіту, қорытындылау, бақылау-реттестіру. Сыныпта дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыстар оқушылардың ырықты зейіні мен өзбетінше ойлау қабілетін дамытады, мінезіндегі дербестік қажетін қалыптастырады. Сондықтан әр сабақта өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруға елеулі мән берген абзал. Олар арқылы мұғалім оқу мақсатына орай тексеру, дайындық, тақырып ұсынып, ол бойынша жаттықтыру секілді міндеттерін атқара алады.

Тірек болар білімдер мен ептіліктерді іске қосып, пайдалану (актуализация) үшін **өзіндік дайындық** жұмыстары өткізіледі. Дайындық келесідей формада болуы мүмкін: қандай да де-

рекетерді қайталау, салыстыру, белгілі ереже, әрекет тәсілдерін еске түсіру, берілген мәтіндерді алдын ала оқу үшін арналған жазба не ауызша жаттығуларды орындау. Сонымен бірге саналы да белсенді оқу үшін қажет барша оқу әдістері өзіндік жұмыстарға байланысты өз риясын табары сөзсіз: жоспарлы бақылау, картина, сурет не диафильмдерді көзден өткеру, кейбір деректерді сипаттау, салыстыру. Өзіндік оқу жұмыстары қатарына ең алдымен оқушылардың кітап немесе басқа білім көздері бойынша оқу материалдарымен өзбетінше танысуы кіреді. Ал **өзіндік тексеріс** жұмыстары ретінде оқушының сыныпта және үйде орындайтын оқу тапсырмаларының бәрі пайдаланылады.

Мұғалім әрдайым өзіндік жұмыстар тиімділігін қамтамасыз ететін барша **жағдайлар мен шарттарды** ескергені жөн. Мұндағы мақсат – оқу мазмұны мен әдістемесін анықтап алу. Ал өзіндік жұмыстар мақсаты сан-алуан: ана тілі сабақтарының мақсаты – оқу дағдылары мен ептіліктерін қалыптастыру, оқылғанның мазмұнын түсіну; математика сабақтарындағы өзіндік жұмыстар міндеті – есептеу дағдыларын қалыптастыру, оларды бекіту және нығайту және т.б. Әр сабақтағы өзіндік жұмыстар өз ерекшелігіне не, осыған орай олардың формалары мен орындалу әдістеріне байланысты өзгереді. Бірақ бәріне қойылатын талаптар жалпыға бірдей ортақ. Олардың арасында аса маңыздысы - өзіндік жұмыстарды жеңіл әрі дұрыс орындауға қажет “тіректердің” жеткілікті болуы. Балалардың көбі сол қиыншылық кездесе қалса, қол қусырып, мұғалім көрсетпесін күтіп отыруға үйретілген. Қажеттісі, біріншіден, балаларды “жоғарыдан” көмек күту әдетінен арылту, екіншіден, күні бұрын оларды өзіндік жұмыстарды орындауда жәрдем болар жол-жобалар және алгоритмдік нұсқаулармен қамтамасыз ету, солар бойынша жұмыс барысын ретке келтіру мен нәтижеге орай түзетулер енгізуге үйрету қажет.

Алгоритм – көптеген біртекті тапсырмаларды орындауда қолданылатын ойлау тәсілдері мен ой амалдарының іске қосылу тәртібі. Оқушыларды “ереже бойынша әрекет” етуге үйретуде алгоритм маңызы орасан. Әлі бейтаныс болған жаңа әрекеттерді игеруде оқушылар алдымен мұғалім басшылығында алгоритмді де үйренеді, ал кейін үйренгенін

қолданып, жаңа тапсырмалар тізбегін орындайды. Ұзақ уақыт қолданымға келетін алгоритмдерді мұғалім қабырға кестелері түрінде өрнектейді (сөйлем құрылысы мен оның анықтамасы, көпқаналы сандардың жіктелуі және т.б.).

Өзіндік жұмыстардың орындалу сапасы мен жеделдігі тапсырманы **бастапқы ұсыну** тәсіліне тәуелді: ол қалай өрнектелді, оқушыларға түсінікті ме, мұндай қиыншылық деңгейіндегі тапсырмаларға дайын ба, бұл тапсырмаға ұқсас жұмыстар бұрын орындалды ма және т.б. Мұғалім жіктемелі және жеке-дара оқуға қажет кестелерді алдын ала дайындайды. Оқушылардың дайындық деңгейіне байланысты бұл картиналарда күрделендірілген не әдейі жеңілдетілген тапсырмалар беріледі, алгоритмдері мен талдау жоспарлары көрсетілуі мүмкін. Егер жұмыс баршаға бірдей бейтаныс болса, бүкіл сыныпқа нұсқау, кеңес беріледі, ескертпе көрнекіліктер ілінеді.

Өзіндік жұмыстың бір түрі – жаңа материалмен оқушыларды оқулық бойынша таныстыру. Таныса отырып оқушы өзбетінше мақсат белгілейді, белгісіздерін анықтайды, бастыларын бөліп алып, әрекеттер бірізділігін түзіп, олардың орындалуына бақылау қояды. Материалды оқу алдынан мұғалім жұмыс мақсатын хабарлайды, оқылуы қажет материалдарды атайды, бақылау сұрақтарын ұсынады, балалар оларға оқу барысында жауаптар іздестіреді. 3-4 сыныптарда оқушылар танымына сай мәселелі және зерттеу тапсырмаларын беруге болады.

Оқушылардың үй жұмыстары да мұғалімнің мұқият басшылығын қажет етеді. 1-сыныпта үй тапсырмалары берілмейді, ал 4-сыныпта үй тапсырмаларын орындауға бөлінетін уақыт 1 сағат мөлшерінен артпауы тиіс. Үйдегі өзіндік жұмыстар сыныпта өтілгендерді бекітуге арналады. Мұндайда мұғалім міндеті – бұрыннан белгілі жаттығуларды қарапайым, көшіріп жазумен қайталап, шектелмей, оқушылар дамуына тиімді шығармашыл элементтерді орындауға бағыттау.

Сыныпта және үйде орындалатын өзіндік жұмыстарды жоспарлай отырып, мұғалім келесі талаптарды ескергені жөн:

– сабақ құрылымындағы өзіндік жұмыстар орнын күні ілгері байыптау;

– өзіндік жұмыстардың оқу іс-әрекеттерінің басқа оқу әдістері және формаларымен үйлестіру жолдарын қарастыру;

- өз оқушыларының дайындық деңгейіне орай өзіндік жұмыстардың тиімді болар көлемін анықтау, сонымен бірге игерілетін материалдардың күрделілік дәрежесіне мән беру;
- өзіндік жұмыстарды орындау барысында туындауы мүмкін қиыншылықтарды алдын ала көре білу;
- тапсырма формаларын анықтау;
- қолайлы жұмыстың мерзім ұзақтығын белгілеу;
- қажетті дидактикалық материалдарды іріктеу;
- оқушы жұмыстарын тексеру мен өзіндік тексерудің тиімді тәсілдерін ойластыру.

Сонымен, бастауыш сыныптағы өзіндік жұмыс – оқу-тәрбие үдерісінің міндетті құрамды бірлігі. Ол рөлі, мазмұны, мерзім ұзақтығы оқылатын материалдың мақсатына, оның ерекшелігі мен оқушылардың дайындық деңгейіне тәуелді анықталады.

Оқу әдістерін таңдау

Сабақ оқу-тәрбие міндеттерінің толыққанды шешімі жалғыз әдіспен қамтамасыз етілмейді. Ұдайы белгілі әдістің тиімді талаптары мен кемшіліктерін сараптай отырып, олардың арасынан нақты белгіленген мәселелердің орындалуына сай келетіндерін таңдастыруға, әрқилы әдістерді үйлестіре біріктіріп, пайдалануға тура келеді. Қандай да әдісті іріктеумен әрдайым көптеген тәуелді байланыстарды ескеру қажет. Оқу әдістерін таңдау және пайдалануда есепке алынатын жалпы дидактикалық жағдаяттар маңыздылық деңгей ретімен төменде келтірілген:

- Оқу мақсаты.
- Қол жеткізілуі қажет оқу деңгейі.
- Іске асырылуы тиіс талаптар мен мазмұн көлемі.
- Оқу материалының күрделілігі.
- Оқушылардың дайындық деңгейі.
- Балалар белсенділігі мен қызығуы.
- Оқушылардың жас деңгейі.
- Балалардың жұмыс қабілеті.
- Оқуға дағдылануы мен көнбестілігі.
- Оқу мерзімі.
- Оқу жағдайлары.

Оқу еңбегі барысында қалыптасқан мұғалім мен балалар арасындағы өзара қарым-қатынас (бірлікті қызметтестік немесе өкімшілдік).

Сыныптағы балалар саны.

Мұғалімнің өз дайындық деңгейі.

Аталғандарға қосымша мұғалім келесі сұрақтарға жауап іздегіргені жөн:

– тақырыпты қай әдіспен өткен тиімді – оқушылардың өзіндік жұмыстары әдісімен бе әлде мұғалім басшылығында ма?

– сабақта ол қандай құрал-жабдықтарды пайдаланғанды жөн көреді?

– балаларды белсенділікке ынталандырудың қай әдістерін қалар еді?

– жалпы оқу не сабақ аяғында бақылау мен өзіндік бақылаудың қандай жолдарын пайдаланған тиімді?

Әр сабаққа дайындала отырып, педагог бағдарламаны, оқу мазмұнын мұқият талдайды, жоғарыда келтірілген жағдаяттарды бағалау сарабына салады, ниеттелгендер мен мүмкін болар, ойдағы мен нақты істегілерді салыстыра отырып, алда өтілетін сабақтағы қадам әрекеттерін біржақты тоқтамға келтіреді. Кәсіптік саналы тексеріліп, тыянақталған қызмет осылай жасалуы шарт.

Сонымен, ертеңгі сабаққа таңдастырылған әдіс жөн-жосақсыз болмауы тиіс. Әдіс мейлінше оқу міндеттеріне, оқушылар мүмкіндіктеріне барынша сай болуы үшін мұғалім олардың жағдаяттарға сәйкес, үйлесімді келуіне мән беріп, талдау жұмыстарын мүлде тоқтатпайды.

Өзіңізді тексеріңіз

1. Оқу әдісі деген не?
2. Әдістер құралымы неден тұрады?
3. Әдістер қалайынша топтастырылады?
4. Оқу әдістерінің жалпы қызметі қандай?
5. Өңгімелеу әдісінің мазмұны қандай?
6. Сұхбат әдісінің мәні не?
7. Кітаппен жұмыс әдісі қалай орындалады?
8. Қайта жаңғырту әдісінің мәні не?
9. Мәселелі әдісті қалай түсінесіз?
10. Эвристикалық әдіс қалай орындалады?
11. Жаттығу әдістерінің қолдану аймағы қандай?
12. Дидактикалық ойындардың мақсаты не?
13. Танымдық ойындарды қалай ұйымдастыруға болады?
14. Оқушылардың сабақтағы өзіндік (самостоятельные) жұмыстарын ұйымдастыру қалай жүреді?
15. Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруға пайдаланылатын жәрдемші құралдар қандай болуы мүмкін?
16. Оқу әдістерін таңдау қандай себептерге байланысты?

9-ТАРАУ

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ ТҮРЛЕРІ МЕН ФОРМАЛАРЫ

Жоспар:

Оқу түрлері
Жіктеме оқу
Оқу формалары
Сабақ типтері мен құрылымдары
Аралас сабақтар
Сабақ дайындығы
Үй тапсырмалары

Тірек конспект-сөздік

Оқу түрі (тип) – оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың жалпы әдіс-тәсілдері (способы): 1) мұғалім әрекетінің сипаты; 2) оқушылардағы білім игерудің ерекшеліктері; 3) білімді тәжірибеде қолданудың өзіндік пайымы (специфика).

Жаттанды (догматическое) оқу – болмыс деректері мен құбылыстарын, олар арасындағы байланыстарды бір қалыпты, бұлжымас заңдылықтарға (догмаларға) негізделген тұжырымдар ретінде қабылдауға баулу үдерісі. Мұғалім білім тобын дайын күйінде, түсіндірместен ұсынады. Оқушы оны сол күйінде жаттайды және қалтқысыз қайта айтып береді. Тәжірибелік қолдану қажет емес.

Дәстүрлі (традиционное), түсіндірме-көрнекі (объяснительно-иллюстративное) оқу – 1) материалды бала санасына жеткізу сөз бен көрнекі құралдардың байланысы негізінде орындалады; 2) оқушылардың жетекші оқу әрекеттері – тыңдау және есте қалдыру; 3) басты талап - өткенді қалтқысыз жаңғырту.

Мәселелі (проблемді) оқу – оқушы білімді сабақ материалына байланысты мәселелерді өзбетінше, дербес шешу жолымен жинақтайды. Шәкірттің шығармашылық ой-өрісі мен танымдық белсенділігіне үлкен мән беріледі.

Мәселелі оқу технологиясы – 1) Мәселе қою. 2) Болжамдар жетілдіру. 3) Мәселені шешуге қажет білім, ептілік, дағдыларды, әдіс-тәсілдер мен құрал-жабдық іздестіру. 4) Тексеру. 5) Нәтиже.

Бағдарламаластырылған (программированное) оқу – алдын ала, жоспарланған нәтижеге бірізді (последовательное) амалдар (операции) жүйесі арқылы жету. Мұндай оқу ұйымдастырудағы басты мақсат – оқу үдерісін оңтайластыру.

Жіктеулі (дифференцированное) оқу – бала мүмкіндіктері мен қажеттіктерін мүмкіндігінше ескеріп бару.

Жекеленген (индивидуальное) оқу – жіктеулі оқудың әр балаға бөлек бағытталуы.

Оқу ұйымдастыру формалары – мұғалім мен оқушы арасындағы үйлесімді оқу іс-әрекеттерінің сырттай көрінісі; оқу мазмұнын белгілі көлемге түсіріп, оны кезекпен ұсынып барудың бірден-бір жолы.

Оқу формаларын топтастыру – 1. Оқушы санына байланысты (жекеленген, топтық, сынып-ұжымдық); 2. Оқу орны бойынша (мектеп, мектептен тыс, сырттай, экстернет); 3. Мерзім, уақытқа орай (дәстүрлі, 45 минут оқу, қысқарған 25-30 минут оқу, үзіліссіз, еркін оқу).

Оқу формалары тарихынан: 1) Ежелгі Грек, Римдегі жекеленген оқу; 2) Орта ғасырлық мектептердегі жекеленген-топтық оқулар; 3) Англиядағы белл-ланкастерлік бірін-бірі оқыту жүйесі; 4) Мангеймдік қабілет бойынша жіктеп оқыту әдісі; 5) Алғашқы кеңес (советские) бригадалық оқу мектептері; 6) “Трамп жоспары” оқуы; 7) Баланың толық еркіндігін қолдаған Дальтон-план оқуы.

Сынып-сабақтық (классно-урочная) оқу формасы – 1. Тұрақты оқушылар құрамы (сынып); 2. Жылдық оқу жоспары (жоспарлау); 3. Жеке бөліктерге келтіру (сабақ); 4. Сабақтардың ауысуы (кесте); 5. Мұғалім жетекшілігі (педагогикалық басқарым); 6. Оқушылардың әрқилы танымдық іс-әрекеттерінің түрлері мен формалары (оқу іс-әрекеттерінің баламалылығы (вариативность)).

Қосымша оқу формалары: көмекші, сыныптан тыс, сабақтан тыс, үй жұмыстары, өзіндік дербес оқу, кеңестер, қосымша сабақтар, нұсқау (инструктаж) сабақтары, үйірме,

клубтық жұмыстар, оқу саяхаттары, тәжірибе учаскелеріндегі жұмыстар, шеберханалардағы еңбек сабағы, өлкелік сапарлар, денешынықтыру жарыстары және т.б.

Сабақ (урок) – 1) оқу үдерісінің бітімді бөлігі, 2) негізгі форма.

Сабаққа қойылатын талаптар: 1. Ғылым жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибені пайдалану; 2. Оқу-тәрбие үдерісінің заңдылықтарын қолдану; 3. Барша дидактикалық принциптер мен ережелерді тиімді ұштастыра білу; 4. Оқушылар қызығуларын, икемдері мен қажеттерін ескеру; 5. Пәнаралық байланыстарды іске асыру; 6. Өткендегілерді пайдалана білу; 7. Тұлғалық дамуға жол ашу; 8. Оқу-тәрбие жұмыстарының логикасы мен эмоционалдығын сақтау; 9. Өмір және оқушының жеке тұрмысымен байланыстыру; 10. Білім игеруге, толықтырып баруға үйрену; 11. Әр сабақты тиянақты анықтап, болжап, жобалап, жоспарлап бару; 12. Педагогикалық құрал-жабдықтарды тиімді пайдалану.

Сабақ мақсаты: тәрбиелеу, білім игерту, дамыту.

Сабақтың іске асуы мыналарға байланысты: мазмұнға, оқу әдістеріне, мұғалім тұлғасына, қатынас-көзқарасқа, қызмет қарым-қатынастарына мән беру.

Сабақ түрлері (типтері) – аралас сабақ, жаңа материалды өту, жаңа ептіліктер қалыптастыру, білім, ептіліктерді бекіту, қорытындылау және жүйелеу, білім, ептіліктерді қолдану, білім және ептіліктерді бақылау және реттеу.

Бірігімді (интегрированный) сабақ – бір тақырып төңірегінде әрқилы пән материалдарын қоса ұсыну.

Сабақ дайындау кезеңдері: 1. Нақтамалау (диагностика), 2. Болжау (прогнозирование), 3. Жоспарлау (планирование).

Үй жұмыстары қызметі: игерілгенді бекіту, өткендерді тереңдету, дербестік дамыту, бақылаулар орындау.

Үй тапсырмаларына талаптар: ынталандырушылық, белсенділік және дербестік, түсінімділік пен әлжетушілік (посильность), шығармашыл сипат, жекелік (индивидуальность) және жіктеулілік (дифференцированность), жүйелі тексеріс.

“Оқу – білім қазығы,
Адамның азығы,
Оқу – өмірдің сәні,
Тіршіліктің шамы.”

Я.Корчак

Оқу түрлері

Дидактикалық жүйелер тарих тұңғығына ізсіз батып кетпейді. Олар заман талаптарына сәйкес жаңа түрге ауысады, дегенмен өзгеріске түсе отырып, өздерінің тектік белгілерін көпке дейін сақтап барады. Осылайша, мысалы, кейін дәстүрлік сипат алған Гербарт дидактикасы Коменский дидактикасының, сонымен бірге одан да ежелгі догматтық және схоластық жүйе элементтерін өзіне сіңіреді. Дәстүрлі дидактиканы сүйеніш етпегенде Дьюи дидактикасы өз аяғына тұрып кетпеген болар еді. Осылай өткенді арқау етпей бағдарламаластырылған, кейін компьютерлі оқу жүйелері де мектеп тәжірибесіне енбес еді. Дидактикалық жүйелер **ұштастығы** – оқу теориясы мен технологиясының жалпы даму заңдылықтарынан.

Әрқандай дидактикалық жүйе өмірге өз ерекшеліктері мен технологиясына негізделген оқу түрін (типін) әкеледі. **Оқу түрі (типі)** – оқу-тәрбие үдерісі ұйымдасуының **жалпы тәсілі, жолы**. Басты құрылымдық бірліктерін талдау арқылы оқу түрін анықтаймыз. Ол бірліктер келесідей: 1) мұғалім іс-әрекетінің сипаты; 2) шәкірттер оқып, білім игеруінің ерекшелігі; 3) білімдерді тәжірибеде қолдану анайылылығы және т.б. Осы жалпыланған белгілер негізінде оқудың бірнеше типтері ажыралады: Нақтамалық, түсіндірме – көрнекі, мәселелі, бағдарламаластырылған, компьютерлі, қашықтан оқу.

Оқудың әрқилы бірнеше түрі тең бірлікті қолданылуы мүмкін. Педагогтар оқу теориясы мен тәжірибесінің ежелгі даму кезеңдеріндегі жетістіктерін пайдаланудан бас тартқан емес, көненің көзі болған игіліктерді жаңа жүйелерге өткізіп, бүгінгі мектеп тәжірибесін байытуда. Қай оқу жүйесінде де, тіпті өткен дәуірімізде түгелдей қараланған догматтық және схоластық оқу түрлерінің өзінде де ұнамды тараптары баршылық, оларды қазіргі мектепке өткізіп, орынды пайдаланғанымыздан келер зиян болмаса керек. Дәстүрлі оқудың да маңызды артықшылығы бары педагогикалық қауымға аян.

Көп ғасырлар бойы Еуропаны білімдендірген догматтық оқу болмыс деректері мен құбылыстарын, олар арасындағы байланыстарды бұлжымас тұжырым (догма) ретінде зерттеуге бағытталған. Мұғалім өз шәкірттеріне белгілі білімдер тобын дайын күйінде ұсынып, оларға түсініктеме беруді қажет деп ескермеген. Оқушылар оларды жаттап алып, сол күйінде қайта жаңғыртуға машықтанады. Игерілген білімдерді тәжірибеде қолдану талабы мүлде қойылмады. Бұл оқу типі механистік жад дамытуға бағышталып, тұлғаның сана-сезімдік (интеллектуал) дамуын шектеді. Догматты оқу мұғалім пікірімен толық келісімді талап етіп, ол жариялаған ақиқатқа күмән, күдік келтіруге жол бермеді. Уақыт озуымен мектеп догматтық оқудан бас тартты, бірақ оның кейбір элементтері әлі күнге дейін сақталуда.

Қазіргі заман мектебінде үш салыстырмалы дербес ерекшеленген әрі бір топ белгілерімен ажыралған оқу түрі қолданылуда:

– **түсіндірме – көрнекі** (дәстүрлі немесе ақпаратты деп те аталады);

– **мәселелі** (проблемді);

– **бағдарламаластырылған** және оның негізінде пайда болған **компьютерлі оқу**.

Қазіргі кезең оқу түрлерінің тиімді де кемшілік тараптарынан бірнеше маңызды сипаттары бойынша талдау салып көрейік.

Түсіндірме – көрнекі оқу (ТК). ТК мәні оның атуынан-ақ байқалып тұр. Көрнекілікпен ұштасқан түсіндіру – бұл оқудың негізгі **әдістері**, тыңдау мен есте қалдыру – оқушылардың жетекші **іс-әрекет түрлері**, ал игерілгендерді қалтықсыз қайта жаңғырту – басты талап әрі **негізгі** тиімділік шарты. Мұндай

оқу түрін **дәстүрлі** деп те атау қабылданған, себебі ол мектеп тарихының ежелгі бастауларынан түрлі формаларға ауысып, қолданымда келе жатқанынан дерек береді. Оқудың бұл көне түрі бүгінгі мектепте өз маңызын жойған емес, керісінше, білім ұсыну мен көрнекі әдістер құрамында үйлесімді өз орнын табады. ТК оқу бірқатар маңызды басымдылығымен танылған: уақыт үнемдейді, мұғалім мен оқушы күш-қуатына демеу береді, шәкірттің күрделі білімдерді қабылдауын жеңілдетеді, үдеріс басқарымын реттестіруге көмектеседі. Алайда, ТК оқуының кемшіліктері де жоқ емес: “дайын” білімнің ұсынылуынан балалар оны игеруде өзбетінше өнімді ой қызметінен ажырап қалады; жеке-дара және жіктемелі оқу үдерісін ұйымдастыруда мүмкіндіктері шектелген.

Мәселелі оқу (МО) ерекшелігі: белгіленген оқу мәселесін балалар әлінше шеше отырып, көзделген білім қорына өзбетінше қол жеткізеді. Өзіндік ықылас-ниет пен әрекеттен оқушылардың шығармашыл ойы мен танымдық белсенділігінің жоғарылағаны анық байқалады. Мәселелі оқу **технологиясы** бірнеше міндетті сатылардан тұрады. МО маңызды кезеңі – **мәселелі жағдайды** түзу, сол арқылы оқушыларды қандай да қиындықты ой толғанысына келтіру. Мәселелі жағдайдың қай уақытта да адамды сана-сезімдік күштенуге түсіріп, туындаған қайшылықтарды шешу қажеттігін пайда ететіні белгілі. Олардағы қарама-қарсылықтар төркіні – алға тартылған сұраққа бола бұрыннан бар білімдерімен жауап бере алмауында. Енді ол қайшылық кедергілерінен жол тауып шығуы үшін жаңа білімдерді игеруі тиіс.

Жағдайға енгізілетін оқу мәселесі белгілі қиындық деңгейінде болып, бірақ оқушының оны шешуге күші жететіндей болуы қажет. Бірінші кезең осымен аяқталады. Мәселе шешімін табудың **екінші кезеңінде** нақты сұрақ бойынша өз білгендерін сарапқа салып, жауап табу үшін не жетіспейтінін анықтап, кемшін білімдерін толықтыруға белсенділікпен кіріседі. Ал **үшінші кезең** әрқилы жолдармен мәселе шешуге қажетті білімдерді игеруге бағытталады. Нәтижеде, “аян” жарқ етіп, бала “Білдім, қалай болатынын!” деген тоқтамға келеді. Әрі қарай мәселе шешіле бастайды, нәтиже тексеріледі, бастапқы болжаммен салыстырылады, қолға түскен білімдер мен ептіліктер жүйеленіп, қорытылады.

Мәселелі сұрақтар мен тапсырмаларды өрнектеуге қойылатын талаптар:

– оқушылардың білім, ептілік деңгейі мен ойлау қабілетіне орайластырыла түзілуі тиіс;

– белгілі мен белгісіздерді салыстырудан бала таңдануын туғызып, аралық кедергілерді жеңу ықыласын оятуы шарт;

– оқушыларды қиыншылықтарды шешуге ынталандырып, әртүрлі болжам ұсынуға ойыстыруы тиіс;

– жеке оқу пәні материалымен шектелмеуі қажет.

МО мәселе мәнін баяндау, эвристикалық (ішінара іздену), зерттеу ізденісі әдістерімен іске асырылады. Бастауыш мектеп сабағында мәселелі сұрақ және мәселе мәнін баяндау секілді МО элементтерін мұғалім жиі қолданады, себебі кіші жастағы балалар қандай да мәселені шешуде сезім толғанысына беріліп, белсенді әрекетке келеді. Мұндай жұмыстың табысты болуы келесі жағдайларға тәуелді:

– МО шарттарын іске асыруға мұғалімнің өз дайындығы жеткілікті деңгейде болса;

– оқушылар сабақтардың қай-қайсысында да мәселелі сұрақтармен етене араласып барса;

– барша сабақтарда оқу мәселелерін енгізу мен оларды шешуге қолайлы жағдайлар түзілсе.

Көпшілікке таныс мәселелі оқу артықшылықтары: меншікті шығармашылық әрекет жолымен білім жинақтау, оқу еңбегіне жоғары қызығушылық, өнімді ой қабілетінің дамуы, оқудың берік те әсерлі нәтижелілігі. МО кемшілікті тараптары – оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін басқару қиындығы, көзделген мақсатқа жету жолында уақыттың көп сарп етілуі, аса қарқынды күш-қуат талабы.

Бағдарламаластырылған оқу (БО) – орындалуы алдын ала жоспарланған нәтижеге жеткізетін **біріді амалдар (операциялар) жүйесіне** негізделеді. БО басты мақсаты оқу **үдерісіне басшылықты жақсарту**. БО оқушының таным жолындағы әрбір ілгері қадамын бақылап баруға, қажет болса мезетінде жәрдем беру мүмкіндігін ашатын білім игеру технологиясын түзуге бағытталған. Егер бұл іске асса, оқушылар көптеген қиыншылықтардан, келеңсіз басқарыммен қабаттасып

жүретін қызықсыну жұтаңдығынан және басқа да жайсыз салдарлардан құтылады.

БО ерекшеліктері келесідей:

– оқу материалы жекеленген үлестерге бөлінеді;

– оқу игерілуі тиіс білім және ой әрекеттері үлестерінен тұратын бірізді орындалатын қадам-тапсырмалардан құралады;

– әр үлес-тапсырма бақылаумен (сұрақ-тапсырма және т.б.) аяқталады;

– бақылау тапсырмалары дұрыс орындалса, оқушы материалдың жаңа үлесін алады да оқу жолындағы жаңа қадамды орындауға өтеді;

– жауап дұрыс болмаса, оқушыға жәрдем беріледі, қосымша түсініктемелер алады;

– әр оқушы, өзбетінше оқу жұмысын орындап, өз күш-қуатына сай жеделдікте қажетті материалды игеріп барады;

– барша бақылау тапсырмаларының орындалу нәтижесі хатталып, оқушының өзіне хабарланады (ішкі кері байланыс), педагогқа да жеткізіледі (сыртқы кері байланыс);

– педагог оқу ұйымдастырушы қызметін атқарады, егер оқушы қиналса, жәрдемші (кеңесші) де болады, жеке-дара оқыту жұмыстарын да орындайды;

– оқу үдерісінде БО арнайы құрал-жабдықтары (бағдарламаластырылған оқу құралдары, тренажерлер, бақылау қондырғылары, оқу-үйрету машиналары) пайдаланылады.

Компьютерлі оқу (КО). Жеке қолданымдағы электронды – есептеу машиналарының дамуы саласындағы қарқынды ілгерілеу педагогтарды компьютерлі оқудың жаңа технологиясымен кезіктірді. Бұл оқу-тәрбие үдерісінің жаңа бағыттағы өзгерістеріне арқау болды. Арнайы оқу бағдарламаларымен қамдастырылған компьютерлерді барша дидактикалық міндеттерді іске асыруға қолайластыра пайдалану мүмкін: ақпарат ұсынуға; оқу, бақылау мен нәтижелерді реттеп, түзетуде; дағдыландыру жаттығуларын орындауда, оқу үдерісінің дамуы жөніндегі деректерді жинақтауда және т.б. Электронды – есептеу машинасын тиімді пайдаланудың басты бағыттары айқындалды: 1) жеке оқу пәндері бойынша оқушылар үлгерімін

көтеру (математика, ана тілі, шет тілдері бойынша); 2) жалпы және арнайы қабілеттер дамыту – көзделген мәселелерді шешу, өзбетінше дербес ой топшылау. Бұдан да басқа оқу қызметтерін орындауда компьютер машиналар орасан тиімді. Тестілеуде, бағалау мен оқу үдерісін басқаруда мұғалім уақытын ұнамды, педагогикалық қызмет тиімділігін арттыруға қол-қабыс көрсетеді.

Сонымен, қазіргі заман бастауыш мектебінде оқудың бірнеше түрі үйлесімділікпен қолданылуда: түсіндірме – көрнекі, мәселелі, бағдарламаластырылған оқу түрлері.

Жіктемелі оқу

Оқу үдерісінде әр оқушы немесе оқушылар тобының мүмкіндіктері мен қалауларын барынша ескеру мақсатында мектеп тәжірибесінде (дифференциалды) **жіктемелі** оқу жоғары тиімділікпен қолданылуда. Мектептегі жіктемелі оқудың көздеген мақсаты – оқушыларды мүмкін болар білім олқылықтарынан сақтандыру, дайындық деңгейлерін үйлестіру, оқуға қызығушылық ояту. Оқушылар мүмкіндіктері мен оқу дайындығына сәйкестендіріле жіктелген әр сабақтағы оқу мазмұнға өзгерістер енгізу, кей тапсырмаларды орындауда кезігетін қиыншылықтарды реттестіру, әдістемелік қолдау шараларын пайдалану арқылы жүргізіледі.

Жіктемелі оқуды іске асыра отырып, мұғалімнің атқаратын міндеттері:

– таңдалған оқу түрі қандай мақсатта, қай сабақтарда және қандай нақтылықпен орындалатынын анық білу;

– балалардың оқу жұмыстарына деген жалпы дайындығын зерттеп, ол жөнінде нақ ақпаратқа қанық болу;

– жаңа материалдарды игеру мен жіктелген тапсырмаларды орындауда кезігетін кедергілерді күні бұрын көре білу;

– сабақтар жүйесінде жеке-дара және топтық тапсырмаларды орынды пайдалану және олардың тиімділігін үздіксіз бақылап, талдап бару;

– оқудың келесі сабақтағы жалғасының қай сипатта жүргізілетінін толық әрі нақты хабардар болу;

–жіктемелі оқуды науқандыққа айналдырмай, оқудың бүкіл барысында жүйелі қолдану.

Егер жіктемелі оқу нақты бір оқушыға бағышталса, **жеке-дара** сипат алады. Жеке-дара оқудың іске асуы оның қай балаға арналғанын анықтаудан басталады. Ал мұндай оқу ең алдымен мектеп оқуына дайын болмаған не дайындығы кем шәкіртке қажет. Мектеп оқуын енді бастаған балалар арасындағы айырмашылықтар елеулі келеді – кей біреулері түк білмейтін әрі ебедейсіз болса, енді біреулері қайсы бір бағытта толықтай қалыптасқан білім және ептіліктермен көзге түседі. Педагог оқушылар әрекет-қылығына мұқият назар сала отырып, оларды міндетті түрде сараптап өткізеді де оқу мүмкіндіктері деңгейін анықтап, әрбірімен бөлек жұмыс тәсілдерін өткізеді. Мұндайда ата-аналармен кеңесу де қажет.

Оқуға қиналатын балалар ерекше қамқорлықты қажет етеді. Оқуды қиындастыратын бірнеше себептер тобы анықталған:

– көңіл-күй – еріктік аймағы мен жалпы тұлғалық дамуы шектеліп, **инфантилизм** жағдайына түскен балалар. Мұндай оқушылар жасы жеткенімен оқу іс-әрекеттеріне болымсыз келеді. Бұл балалармен оқу-тәрбие жұмыстарын жеке-дара жүргізіп, арнайы жаттығулар арқылы қалыптасқан тұлғалық кемшіліктердің бастау себептеріне мән беру қажет, оқу іс-әрекеттеріне сәйкес тұлғалық қасиеттерді дамытып, қатарлары санатына жетілдіру үшін арнайы жаттығулар жасап, дағдылық қалыпқа келтіруді естен шығармаған жөн.

– **қозғалыс-қимыл** ептіліктерінің қалыптасу деңгейі төмен балалар. Бұлар жазу, сызу, басқа да әрекеттерді қиыншылықпен игереді. Дене шынықтыру, сурет, еңбек сабақтары олар үшін үлкен азап. Себеп баланың енжарлығы не қаламауында емес, әрекет-қимылдарының дамымауында. Мұндайда баламен жеке-дара жұмыс жасау әбден қажет. Арнайы жаттығулармен кемшіліктердің бастау себептерін қалпына келтіріп, тиісті бұлшық еттер қызметін орнына түсіруді әдейі жоспарлаған көңілге қонымды.

– **кеңістікті байқастыру** қабілеттері дамымаған балалар. Бұлар ақыл-есі дұрыс, бірақ есептеуге жоқ, геометриялық фигураларды айыра алмайды, құрастыру істеріне орашалақ. Бұл

қиыншылықарды жеңудің жолы балалармен жеке-дара жұмыс жүргізіп, сызу өрнектерін, геометриялық бейнелер (шеңбер, үшбұрыш, ромб және т.б.) салдырып, жад бойынша суреттер мен құрастыру ойындарына тартып, дағдыландыру қажет. Көмекке ата-аналарды да тартқан тиімді.

– **жад, ес бұзылыстарына кезіккен** балалар. Бұлар материалды қайталап айтып бере алмайды, қарапайым тақпақты жаттауға әлі келмейді, ал математикалық тапсырмалар орындауға тіпті жоқ. Мұндай оқушылармен жеке-дара бағдарлама негізінде қосымша дәрістер ұйымдастырып, іс-әрекеттерін жаттықтыру жолында мүмкін болар барша әдістерді – көрнекіліктен бастап, арнайы “тірек” тәсілдерді пайдалану керек.

– оқу, жазу қабілеттері кем, **дисграфия** құбылысынан күйзеліске түскен балалар. Бұл оқушылар дыбыс және әріп айырмашылығын аңғармайды, әріп пен сөздерді жазу жолдарына түсіре алмайды, дыбыстарды шатыстырып, сөздерді дұрыс оқуда қиналады. Егер баланың мұндай жағдайы арнайы оқу-тәрбиені қажет ететін сырқатпен байланысты болмаса, педагог бұл мәселені жеке-дара оқу істерін ұйымдастыру жолымен шешуі мүмкін.

– сөйлеу қабілеті кешеуілдеп дамыған, **дислексияға** ұшыраған балалар. Бұл кемшілік бала тілінің дамуына сәйкес сезімдік кезеңде ересектердің тіл өсіру жұмыстарына дұрыс мән бермегендігінен болады, нәтижеде бала дыбыстай алмайды, өз ойын сөзбен жеткізуде көп қиыншылықтарға ұшырайды. Мұны сезген педагог оқушымен жеке-дара оқу қызметтеріне мейлінше көп назар аударғаны жөн.

– **жалпы дамуының** жетіспегендігінен оқу үлгерімі төмен балалар. Бұл кемшілік бала тұрқының әлжуаздығымен байланысты, тез шаршайды, жұмыс қабілеті төмен. Осыдан оқу, басқа да жүктемелерді көтере алмайды. Мұндай оқушыларға арнайы режим қажет, ерекше күн тәртібі түзіліп, қысқартылған оқу графигімен мектепке қатынау мүмкіндігі берілуі керек.

Жіктемелі оқу негізінен ықшам топтар мен жеке оқушыға арналған тапсырмалар бойынша ұйымдастырылады. Бұл үшін келесі тәсілдерді қолданған жөн:

– сынып оқушыларының бәріне бірдей тапсырма мазмұны ұсынылады, бірақ үлгерімі жоғары оқушылардың тапсырманы орындау уақыты қысқартылады;

– сынып оқушыларының бәріне бірдей тапсырма мазмұны ұсынылады, бірақ үлгерімі жоғары оқушылар орындайтын тапсырмалар күрделірек және көлемі жағынан ауқымдылау;

– тапсырма бүкіл сынып оқушыларына жалпы, бірақ үлгерімі төмен оқушыларға жұмыс орындауды жеңілдететін көмекші материалдар беріледі (тірек, сұлба, алгоритм, кесте, бағдарламаластырылған тапсырма, үлгі, жауап және т.б.);

– сабақтың бір кезеңінің өзінде үлгерімі күшті, орташа және төмен оқушылар үшін әрқилы мазмұндағы тапсырмалар ұсынылады;

– оқушылардың өздеріне бірнеше теңдей тапсырмалар ішінен бірін таңдап алу құқы берілді. Мұндай жұмыс тәсілі материалды бекіту кезеңіне орайластырылады.

Математика сабақтары тәжірибесінде, мысалы, келесідей жіктеу әдістерін пайдалануға болады: 1) өзіндік жұмыстың бір баламасын жеңілдетіп, ықшам топтардың әрқайсысына күрделілігі үш деңгейде болуы мүмкін тапсырмалар ұсыну; 2) тапсырмаға қойылатын талаптарды жіктелген түрде, қажет болса, әр балға жеке тапсырма талаптарын қою; 3) тапсырма орындауда берілетін жәрдемдер түрі мен көлемін де жіктеу және жеке-даралыққа байланыстыру. Сабақ барысында күшті оқушылар берілген тапсырмаларды жылдам орындайды, ал қалғандары дәріс уақытында не істеуі керек? Мұндай жағдайды ескерген тәжірибелі мұғалім күрделілігі жоғары қосымша тапсырмаларды қамтып, жеке орындау үшін арналған үлестірімелер дайындайды.

Жіктемелі оқу барысында мұғалім есінде болуы қажет жағдаят: үлгерімі орташа және төмен оқушыларды тек жеңілдетілген тапсырмаларға, ал күшті оқушыларды күрделі оқу жұмыстарына таңып қоймау. Балаларға жіктемелі тапсырмаларды қолданудың қажеттігін, бұл шараның уақытша, сынып үлгерімі бірқалыпты теңдескенше болатынын түсіндіру орынды. Қалай болғанда да жеке-дара, жіктемелі тапсырмалар берумен бірдің сауатсыздығын, ал екіншінің дарындылығын айыра көрсетіп, бала намысын қорлаудан сақ болған жөн.

Сонымен, жіктемелі оқу барша балалардың бәріне бірдей сапалы оқу мүмкіндігін ашады.

Сабақ барысындағы жіктемелі оқу материал мазмұнына өзгерістер енгізу, кей тапсырмалардың қиындықтары мен оларды орындау уақытын үйлестіріп, реттеу арқылы жүргізіледі. Сонымен бірге бұл оқу формасының тиімділігін арттыру мақсатында балалардың оқу мүмкіндіктері мен дайындығына орай арнайы әдістемелік шаралар және құрал-жабдықтарды пайдалану қажет.

Оқу формалары

Оқу ұйымдастыру формасы – мұғалімдер мен оқушылардың үйлесімді іс-әрекеттерінің сырттай көрінісі, оқу мазмұнының тысқы “қорабы”. Ол дидактикалық жүйелердің дамуымен пайда болып, жетіліп барады. Оқудың ұйымдастырылу формалары әрқилы **өлшем-шектерге** орай ажыралады. Оқушылар **санына** байланысты жеке-дара, ықшам топ, бүкіл сынып (фронтальды) оқуы болып бөлінеді. Оқу **орынына** қарай мектептік, мектептен тыс және экстернат формалары қалыптасқан. Мектептегі оқудың түрлері: сабақ, мектеп тәжірибе алаңдарындағы жұмыстар, кеңестер, үйірме жұмыстары және т.б., мектептен тыс оқулар: үйдегі өзіндік жұмыстар, табиғат серуендері және т.б., ал **экстернат** – ақырында білім құжатын алу үшін емтихан тапсырумен бітетін өзбетінше дайындық жүргізуге негізделген ерекше оқу формасы. Оқу **мерзіміне** бөлінген уақыт бойынша педагогтар, ата-аналар, оқушылардың өздері таңдаған формалар пайдаланылуы мүмкін: мектептегі дәстүрлі сабақ оқуы – 45 минут, қысқартылған дәрістер – 30-35 минут, оқушылар қалауымен ұйымдастырылған еркін, “қоңыраусыз” сабақтар.

Мектептің даму тарихында дидактика жүйелеріне байланысты әрқилы оқу формалары тәжірибеден өткен: жеке-дара (ежелгі мемлекеттерде), жеке-дара және ықшам топ (ортағасырлық мектептерде), бірін-бірі оқыту (Англиядағы белл-ланкастер жүйесі), оқушылар қабілетіне орай жіктемелі оқу (мангейм жүйесі), бригадалық (20-жылдар кеңестік мектептегі оқу), ерекше атауды талап ететін “трамп жоспары”

оқуы: жалпы оқудың 40% оқушылар үлкен топтарда (100-150 бала), 20% – кіші топта (10-15 бала), ал 40% өзбетінше оқуға пайдаланылған. Бастауыш мектеп мұғалімдері үшін танымдық маңызы аса үлкен оқу формасы – Дальтон жоспарлы дараластырылған оқу. Мұндай оқуды енгізген Америкадағы Дальтон қаласының мұғалімі **Э.Паркхерст** (1887-1937). Дальтон жоспарлы оқуының ерекшеліктері: балалар оқу мазмұнын, пәндерді өту ретін, оқу жұмыстарын орындау уақытын өз қалаулары бойынша таңдаған. Оқу жылы басында әр оқушы белгілі материалды өзбетінше игеруі жөнінде мұғаліммен келісім-шарт жасайды. Оқушылар жеке кабинет – лабораторияларда отырып, оқу жұмыстарын орындайды, осыдан бұл оқу әдісі зертханалық жоспар атауын да алған. 20-жылдар бұл оқу формасы бригадалы – лабораториялық оқу атамасымен кеңестік мектептерде кең қолданымда болды. Бұл формадағы оқу сипаты: 1) бүкіл сыныппен жалпы жұмыс; 2) бригаданың (оқушылар тобы) бірлікті ісі; 3) әр баланың жеке оқу жұмысы. Уақыт өтумен бұл оқу формасы өзін ақтамады, мектеп дәстүрлі сынып-сабақтық оқу формасына қайта өтті.

Елдердің көпшілігінде XVII ғасырда пайда болып, 300 жыл дамумен әрі жетіліп келе жатқан **сынып-сабақтық** оқу жүйесі қабылданған. Бұл жүйе ерекшеліктері:

– жас деңгейі мен дайындығы біркелкі оқушылардың құрам тұрақтылығы;

– әр сыныптағы оқу жұмыстарының жылдық жоспарға сәйкестігі;

– оқу үдерісінің өзара байланысты кезегімен өткізілетін бөліктерге (сабақтарға) жіктелуі;

– әр сабақтың тек бір пәнге арналуы (монизм);

– сабақтардың ұдайы ауысып баруы (сабақ кестесі);

– мұғалім басқарымы (педагогикалық жетекшілік);

– оқушылардың әр түрлі және формадағы танымдық іс-әрекеттері (іс-әрекет баламалылығы).

Сынып-сабақтық форма басқа оқу түрлеріне қарағанда, бірқатар артықшылыққа ие: материал, мазмұн қатаң ұйымды құрылымда келтірілген; үнемді, себебі бір мұғалім оқушылардың үлкен тобымен жұмыс жүргізеді; өзара оқу, бірлікті оқу істерін ұйымдастыруға, жарыстыруға, тәрбиелеп, дамытуға қолайлы.

Сонымен бірге бұл форманың оқу тиімділігін көтеруге кедергі болар кемшіліктері де баршылық, солардың арасында бастысы - “орташа” оқушыға бағытталуы мен жеке-дара оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізуге мүмкіндігінің болмауы.

Сынып-сабақтық оқу формасы қазіргі мектептегі басты (негізгі) оқу түрі. Бұдан басқа да әртүрлі атамадағы оқу түрлері де қолданылады, мысалы: көмекші, сыныптан тыс, сабақтан тыс, үй жұмыстары, өзбетінше жұмыс орындау, т.с.с. Көмекші, қосымша формалар оқушылардың сынып-сабақтық оқу істерін толықтырып, дамыта түседі. Олар қатарында: кеңестер, қосымша дәрістер, көрсетпе-нұсқау сабақтары, үйірмелер, клуб жұмысы, сыныптан тыс оқу, оқушылардың өзіндік үй жұмыстары және т.б. Кейде сыныптан тыс оқу формалары қатарына танымдық экскурсиялар, мектептің тәжірибе алаңдарындағы жұмыстар, шеберханалардағы еңбек, өлкелік саяхаттар, денешынықтыру және спорт жарыстарын да жатқызады.

Оқуды сынып-сабақтық жүйеде ұйымдастырудың басты **элементі** – сабақ. **Сабақ** (дәріс) – оқу үдерісінің мағыналық, уақыт және ұйымдастырылу тұрғысынан бітімді бөлігі (кезеңі, сатысы, элементі). Қысқа мерзімге мөлшерленгенімен сабақ оқу үдерісінің ең күрделі де жауапкерлі сатысы: жекеленген дәрістердің сапасынан ақырында мектеп дайыдығының жалпы сапасы қалыптасады. Сондықтан, мұғалімдердің күш-қуаты оқу міндеттерін қысқа мерзімде шешуге мүмкіндік беретіндей сабақ технологиясын түзіп, енгізуге бағытталады. Жақсы (сапалы) сабақ беру – оңай іс емес – тәжірибелі мұғалімдердің өздері де біраз қиналады. Сабақ өткізуге байланысты көп оқу жұмыстары әлеуметтік тапсырысқа, оқушылардың жеке қалау, қызығу қажеттеріне, оқу мақсаттары мен міндеттеріне, оқу үдерісінің заңдылықтары мен принциптеріне тәуелді.

Сапалы қазіргі заман сабағын ұйымдастыруға қойылатын **жалпы талаптар** арасында аса маңыздылары:

- 1) Ғылымның, озат педагогикалық тәжірибенің жетістіктерін пайдалану, сабақты оқу-тәрбие үдерісінің заңдылықтары негізінде түзу.
- 2) Барша дидактикалық принциптер мен ережелерді тиімді үйлестіру.

- 3) Қызығулары, икемділіктері мен қажеттерін ескерумен оқушылардың өнімді оқу-таным іс-әрекеттеріне орайлас жағдайларды қамтамасыз ету.
- 4) Пәнаралық байланыстар түзу.
- 5) Өткенде иегерілген білім, ептіліктерді жаңа сабақ материалдарымен байланыстыру.
- 6) Тұлғалық сапа-қасиеттердің даму сеп-түрткілерін оятып, оқушылар белсенділігін арттыру.
- 7) Оқу-тәрбие қызметтерінің барша кезеңдерінің қисындылығы мен эмоционалдығын ескеру.
- 8) Педагогикалық шаралар және құрал-жабдықтарын тиімді пайдалану.
- 9) Сабақты өмірмен, өндірістік қызметтер және оқушының өзіндік іс-тәжірибесімен ұштастыру.
- 10) Тәжірибелік қажетті білім, ептіліктер, дағдылар, ойлау мен іс-әрекеттің ұтымды тәсілдерін қалыптастыру.
- 11) Оқу ептілігін және білімін үздіксіз толықтыра, жетілдіріп бару қажетін қалыптастыру.
- 12) Жан-жақты нақтама, болжам және жобалау жұмыстарын жүргізіп, әр сабақты мұқият жоспарлау.

Әр сабақ бірлікті үш мақсатты көздейді. Олар – оқытып, **білім беру**; тәрбиелеп, **кемелдендіру** және **дамыту**. Сабаққа қойылатын жалпы талаптар осыған орай дидактикалық, тәрбиелік және дамыту тұрғысынан нақтыланып барады. Өрқандай дәрістің **дидактикалық талаптары** келесідей:

- әр сабақтың білімдендіру міндеттерін нақты анықтау;
- сабақтың ақпараттық толымдылығын жетілдіру, әлеуметтік және тұлғалық қажеттерге орай оңайластыру;
- танымдық іс-әрекеттердің жаңашыл (инновация) технологиясын енгізу;
- әрқилы оқу түрлері, формалары және әдістерін бір-біріне ұтымды байланыстыру;
- сабақ құрылымын шығармашылықпен қалыптастыру;
- көптүрлі ұжымдық іс-әрекет формаларын оқушылардың өзіндік жұмыстарымен ұштастыру;
- нақты – қызметтік (оператив) кері байланыс пен басымды бақылау- басқаруды қамтамасыз ету;
- сабақ өткізудегі ғылыми топшылау мен шеберлік.

Сабаққа қойылатын **тәрбиелік** талаптар:

– сабақтағы оқу материалдары мен танымдық іс-әрекеттердің тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтау, орындалуы нақ тәрбие-мақсаттарын қалыптастыру және көздеу;

– оқу жұмыстарының мақсаттары мен мазмұнына тікелей байланысты тәрбиелік міндеттерді жоспарлау;

– балаларды жалпы адамзаттық құндылықтар аясында тәрбиелеп, өмірлік қажет сапалар: ынталылық, ұқыптылық, жауапкершілік, тыңғылықтылық, дербестік, еңбеккерлік, зейінділік, адалдық, ұжымдылық және т.б. – негізін қалау;

– оқушыларға ілтипат және ықылас танытып, педагогикалық әдеп талаптарын орындау, балалармен қызметтестік қатынасқа түсіп, олардың табыстарына қызығушылық білдіру;

– сабақты адамилық қатынастар, бірлікті қызмет, нақты тұлғалық тәрбие ошағына айналдыру.

Барша сабақ түрлері мен формаларында ұдайы іске асырылатын **дамытушылық** талаптары:

– балалар оқу-таным іс-әрекеттерінің, қызығуларының шығармашылық ынталылығы мен белсенділігінің ұнамды сеп-түрткілерін қалыптастыру әрі дамыту;

– оқушылардың даму деңгейін зерттеу және оны ескеріп бару, олардың “жақын уақыттағы даму аймағын” жобалау.

– оқу дәрістерін “ілгеріlestірілген” деңгейде жүргізу, оқушыларды өз даму барысындағы жаңа сапалық өзгерістерге ынталандыру;

– оқушылардың сана-сезімдік, көңіл-күй және әлеуметтік дамуындағы “секірістерді” алдын-ала болжастыру, заман ауысуларына орай оқу сабақтарын нақтылы әрекеттерге келтіріп бару.

Жоғарыда аталғандарға қосымша сабаққа басқа да талаптар тартылады. Олар – психологиялық, басқару, санитар-гигиеналық, эстетикалық, этикалық, сонымен бірге мұғалімнің оқушымен оңтайлы қатынасы және қызметтестік талаптары.

Сонымен, сабақ - мектептік оқу жұмысының ең көрнекті формасы, оқу үдерісінің мағыналық, мерзімдік және ұйымдасу бітіміне ие бөлігі. Сабаққа қосымша формалар қолдау, көмек береді. Сабаққа қойылатын талаптар өте жоғары. Әр сабақта үш бірлікті мақсат орындалады: оқытып үйрету, тәрбиелеу, дамыту.

Сабақтар типі мен құрылымы

Көп санды да сан-алуан сабақ түрлерінің арасындағы жалпы ортақтас сипатты аңдастыру үшін оларды **топтастыққа келтіру** (классифицировать) қажет. Әр сабақтың өзіндік мақсаттары мен міндеттері болғандықтан, әрқилы материалдар өтілетіндіктен, бір-біріне ұқсамас технологиялар мен әдістемелер қолданатындықтан олардың басын қосатын ортақ белгі табудың өзі оңай шаруа емес. Оқу негізін қалауға арқау болған шарттарды ескере отырып, сабақтардың бірнеше типін ажырата бөлу қабылданған:

– сабақтарды **мазмұны және өткізу тәсілі** бойынша топтау. Мазмұндық жағынан, мысалы, математика дәрістері арифметика, алгебра, геометрия сабақтарына ажыралып, ал олар өз ішінде – теориялық не тәжірибелік болып бөлінуі мүмкін. Өткізу жолдарына байланысты – сабақ-саяхаттар, киносабақтар, өзіндік жұмыс сабақтарына және т.б. жіктеледі.

– өткізілетін оқу жұмыстарын **логикалық мазмұны мен танымдық іс-әрекеттер сипатына** орай топтау. Бұл тұрғыдан келесі сабақ типтері бөлінген: 1) кіріспе, 2) материалмен алғашқы таныстыру, 3) жаңа білімдерді игеру, 4) игерілген білімдерді тұрмыста қолдану, 5) дағдылар қалыптастыру, 6) бекіту, қайталау және қорытындылау, 7) бақылау, 8) аралас.

– жалпы жүйедегі **дидактикалық мақсаттары мен сабақ ретіне** қарай топтау. Мұндай ортақ сипатты сабақтар типі: 1) аралас, 2) жаңа материалдармен танысып, оны игеру, 3) жаңа ептіліктерді қалыптастыру, 4) білім, ептіліктерді бекіту, 5) қорытындылау және жүйелеу, 6) білімдер мен ептіліктерді тәжірибеде қолдану, 7) білім мен ептіліктерді бақылау және реттеп, түзету.

Әр сабақ өзінің ішкі **құрылымына**, яғни жекеленген сатыларының бірізділігіне ие. Сатыланған дәріс бөлімдерінің белгіленген тәртібіне орай сабақ типі анықталады. Егер сабақ білім мен ептіліктерді орнықтыру мақсатын қоятын болса, бұл **бекіту сабағы** деп аталады. Сабақ түгелімен осыған бағышталған оқу-таным жұмыстарын орындауға арналып, 45 минут уақыттың басым көпшілігін қамтиды.

Бұл күндегі сабақ өзінің кезең, сатыларының ара қатынасы мен ізбе-ізділігіне қарай формальдық сипатымен бағаланбайды. Басты назар оның көздеген мақсаты мен оған жеткізер құндылықтарына және танымдық іс-әрекеттерінің тиімділігіне аударылады әрі осы тұрғыдан бағасы беріледі. Сабақ құрылымын таңдау мұғалімнің өз қалауында – оқу мен тәрбиенің жоғары нәтижелілігін қамтамасыз ете алса, ниет ақталғаны. Әңгіме – ақырғы нәтижеде, яғни жалпы оқу-тәрбие үдерісінің мемлекеттік білімдену стратегиясының талаптарына сай өнім беруі.

Қазіргі таңда бастауыш мектепте кең қолданымдағы дәстүрлі төрт сатылы сабақ құрылымы Коменский мен Гербарт заманынан бізге жетіп келген дидактикалық мұра; 1) жаңа білімдерді игеруге дайындық; 2) жаңа білімдер мен ептіліктерді игеру; 3) оларды бекіту және жүйелестіру; 4) тәжірибеде қолдану. Бұл құрылымға сәйкес сабақ типі **аралас** (комбинированный) деп аталады. Уақыт аралығына бөлінген аралас сабақ кезеңдерін төмендегідей өрнектеуге болады.

Жұмыстарды ұйымдастыру	Өтілгендерді қайталау (жаңғырту)	Жаңа материалдарды өту жаңа ептіліктерді қалыптастыру	Бекіту, жүйелеу, қолдану	Үйге тапсырма
2 мин.	10 мин.	25 мин.	5 мин.	3 мин.

Аралас сабақта мұғалім бірнеше мақсат, міндеттерді орындай алады. Оның кезеңдері қалаған тәртіпте өзара байланысқа келуі мүмкін, осыдан ол икемді, кең ауқымды, оқу-тәрбие шарттарының шешілуіне қолайлы. Осыдан, аралас сабақ типі мектеп тәжірибесінде басқа сабақ түрлеріне қарағанда анағұрлым кең тараған.

Аралас сабақ өміршеңдігінің және бір себебі – ол оқу-тәрбие үдерісі заңдылықтары және ой қабілеті динамикасымен үндес келеді, педагогтардың оқу үдерісіндегі нақты жағдайларға икемдесе жұмыс алып баруына мол мүмкіндіктер ашады.

Бір сабақта бірнеше мақсат, міндеттерді орындау мүмкіндігінің болуымен маңызды аралас сабақ, сонымен бірге елеулі кемшіліктерге ие: жеке-дара жұмыстарға ешбір уақыт жетпейді, жекеленген тұлға тәрбиесі көмескіленеді. Себебі аралас сабақтың тәжірибеге енгенінен бері талай заман ауысты, түбегейлі өзгерістер қылаң берді: сабақта ұсынылатын білімдер көлемі анағұрлым артып, балалардың оқуға деген қатынасы өзгерді, осыдан сабақтың барша кезеңдерінің тиімділігі төмендеді. Енді оқу дәрістерінің нәтижелілігін көтеру үшін қандай да тек бір іске бағышталған сабақ қажеттігі туындады. Мұның салдарынан келесі сабақ түрлері тәжірибеге келді: жаңа білімдерді игеру; жаңа ептіліктерді қалыптастыру; білім, ептіліктерді қорыту және жүйелеу; игерілген білім, ептіліктерімен байланысты қате-кемшіліктерді реттеу-түзету; білім және ептіліктерді тәжірибеде қолдану. Аталған типтердің бәрі аралас сабақтардың ықшамдалған түрлеріне сәйкес келетінін байқау қиын емес. Сабақтың өз алдына ажыралған типтерінің құрылымы әдетте үш бөлімнен тұрады: 1) оқу жұмыстарын ұйымдастыру (1-3 мин), 2) негізгі бөлім (қалыптастыру, игеру, қайталау, бекіту, бақылау, қолдану және т.б.) (25-40 мин), 3) қорытынды жасау және үй тапсырмасын беру (2-3 мин).

Сонымен, оқу ұйымдастыру жағдайларының баршасына бірдей пайдалы болатын қатаң құрылымды, әмбебап сабақ болуы мүмкін емес. Келесі кезеңдері: оқу ұйымдастыру, өткенді қайталау, жаңа білім, ептіліктерді игеру, қабылданған білімдерді қорыту және үй тапсырмасын беру – бөлектенген аралас сабақ оқу-тәрбие үдерісінің негізіне алынады.

Бірігімді сабақтар

Бастауыш мектеп оқу жүйесін жетілдіруге бағытталған оқу формасы – бұл бірігімді (интегрированные) немесе **бірігімді мазмұндық** сабақтар. Мұндай дәрістерде бір тақырып төңірегіне бірнеше пән материалдары толықтай тұтастыққа келтіріліп, оқушыларға ұсынылады. Бұл сабақтың бірнеше артықшылығы бар: оқу мазмұнының молдығынан игерілетін зат не құбылысты сабаққа енгізілген қызықты материалдардың арқасында жан-жақты тануынан оқушы өз ойы мен сезімдерін кеңейте түсуіне мүмкіндік алады.

Ескертетін жәйт, бірігімді сабақтарды біріктіріле түзілген пән курстарынан ажырата таныған жөн. Мұндай курстар бір-неше оқу пәндерінің бағдарламалық өзекті тақырыптар не басты ұғымдар төңірегінде ұйымдастырылып, ұсынылуына жол ашады. Мысалы “Қоршаған орта” курсы физика, астрономия, химия, биология ақпараттарын бастауыш сынып оқушылары түсініміне қолайластырып, ұсынады.

Бірігімді дәрістер басқа пән материалдарын ауық-ауық енгізуді көздеген пәнаралық байланыстарды пайдаланатын дәстүрлі сабақтардан өзгеше. Бұл сабақтарда бір тақырыпқа бағындырылған әрқилы пән ақпараттары **білімдік топқа** (блоки) келтіріледі. Сондықтан бірігімді сабақтың **басты мақсатын** дұрыс анықтап алу өте маңызды. Жалпы мақсат нақты анықталса ғана, іске асырылуы қажет материалдарды пән мазмұнынан мүлтіксіз бөліп алуға болады. Дегенмен, қазіргі таңда бірігімді оқу материалдарына негізделген оқулықтар жоқтың қасы, сондықтан бұл сабақ мазмұнын іріктеу мен жүйелеу мұғалімге үлкен қиындық туғызып отыр.

Тәжірибе көрсеткендей, 1-сыныптың өзінде-ақ төмендегі пән материалдарының басын қосып, бірігімді сабақтарға негіз қалауға болады:

Сауат ашу ————— Төңіректегі дүниемен таныстыру
Ән-күй
Сурет

Математика ————— Төңіректегі дүниемен таныстыру
Еңбек
Сурет
Дене шынықтыру

2-сыныпта ана тілін оқу сабақтарының барысында оқу, сурет, төңіректегі дүниемен таныстыру, ән-күй; математика төңірегінде - қоршаған ортамен таныстыру, еңбек, сурет, дене шынықтыру; ән-күй дәрістерінде – оқу, сурет, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру және т.б. жекеленген сабақтарының мазмұнын біріктіруге әбден болады.

Бірігімді сабақтарды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге қойылатын талаптар төмендегідей:

– мұндай сабақтар жүйесін әр сынып үшін өз алдына бір жылға мөлшерлеп белгілеу;

– әр сабақты мұқият жоспарлау, басты және қосалқы мақсаттарын ажырата білу;

– сабақ жоспарын жобалап (талдау, іріктеу, көп мәрте қайталап тексеру), оны басты мақсатқа тікелей қатысы бар материалдармен байыту;

– сабақ типі мен құрылымын, оқу әдістері мен құрал-жабдықтарын мұқият таңдау;

– балаларды заңдылықтарға сәйкес деңгейде әсерлендіру;

– бірігімді сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуге әрқилы оқу пәні мұғалімдері мен мамандарды тарту.

Мазмұнды әрі мақсатты бағытталған бірігімді сабақтар мектеп оқуының үйреншікті құрылымына бала үшін ұнамды жаңалық енгізіп, пән бойынша оқудың қатаң шектерін босаңсытады, мұғалім мен оқушының оқу мазмұны және формаларын таңдастыруына еркіндік береді. Бұл оқушыға бастауыш мектепте игерілуі тиіс аса маңызды түсініктер мені мен мазмұнын тереңірек ұғуға жәрдем береді, пәндік ұғым, құбылыс, үдерістер біртұтастықта қарастырылуымен бірге жан-жақты талданып, қабылданады. Жалпы оқу-тәрбие үдерісінде бірігімді сабақтар үлесінің күннен-күнге артуы – заман талабына орай заңды құбылыс.

Сабақ дайындығы

Сабақ тиімділігі екі жағдаятқа тәуелді: **мұқият дайындық** және **шеберлікпен өткізу**. Жоспарлы қаланбаған, жеткілікті пайымдастырылмаған, асығыс жобаланып, оқушылардың мүмкіндіктерімен үйлестірілмеген сабақтан ешқандай сапа күтуге болмайды. **Сабақ дайындығы** – бұл алдын ала бір топ шараларды көздестіріп, нақты жағдайда ең жоғары соңғы нәтижені қамтамасыз ете алатындай оқу тәрбие үдерісінің ұйымдасу формасын таңдап білу.

Мұғалімнің сабаққа дайындығы үш кезеңге бөлінеді: айқындау, болжастыру, жобалау (жоспарлау). Кезеңдерде орындалатын бұл жұмыстар, әлбетте, мұғалімнің сабақ мазмұнына байланысты материалдарды нақты білуіне және оқу әдістемесінен жан-жақты хабары болуына тәуелді. Дайындық жұмысындағы мұғалім міндеті – оқу материалын балалар мүмкіндіктеріне икемдестіру, жоғары тиімділігімен пайда келтіретін танымдық қызмет пен ұжымдық бірлікті оқу еңбегін ұйымдастырудың жолдарын іріктей білу. Сабақ жүргізудің ең тиімді деген бағдарын таңдау үшін алдағы дәрістің бүкіл жобасы мен есеп шотын ойдан өткізу қажет. Бұл орайда сабақтың **дайындық алгоритмі** негізге алынады: алгоритм қадамдарын бірізді орындау – сабаққа байланысты маңызды жағдаяттар мен шарттардың бәрін ескеріп барудың кепілі.

Алгоритм шарттарын іске асыру сабақ төңірегіндегі нақты жағдайларды **анықтаудан** (нақтама) басталады. Осыған байланысты мұғалімнің орындайтын қызметі: балалар мүмкіндіктерін, олардың әрекет-қылықтарының сеп-түрткілерін, сұраныстары мен бейімділіктерін, қызығулары мен қабілеттерін, қажетті білім және ептілік деңгейін, оқу материалының сипаты мен оның ерекшеліктерін және тәжірибелік маңыздылығын айқындап алу. Сонымен бірге сабақ жұмыстарының барша түрлерін – тірек білімдерді қайта жаңғырту, жаңа материалды игеру, оны бекіту мен ептіліктерді бақылау және түзету – зерделі талдауға салу. Егер мұғалім нақтама шарттарын орындай алмаса, сабақтың табысты болуына сенім арта алмайды.

Сабақ жұмыстарының дамуы мен оның барысы алдын ала **болжастыруға** (прогноз) тәуелді. Болжаумен мұғалім алдағы сабақты ұйымдастыру мен өткізудің әрқилы жолдарын саралап, олар арасынан ең тиімдісін таңдап алады. Болжастырудың қазіргі заман технологиясы сабақ тиімділігінің сандық көрсеткішін келесі тәсілмен анықтауға мүмкіндік береді. Сабақ мақсатымен белгіленген білім (ептілік) ауқымы – 100% -ға теңеледі. Кедергі жағдаяттар, әлбетте, бұл мұратты көрсеткішті кемітеді. Шығын көлемі осы мұратты көрсеткіш санынан алынып, нәтижеде көзделген педагогикалық сұлба бойынша өткізілетін сабақ тиімділігінің шынайы көрсеткіші анықталады. Егер бұл көрсеткіш педагогты қанағаттандыратын болса, ол

сабақ дайындығының соңғы кезеңіне – жоспарлауға кіріседі, ал олай болмаса – дәріс ұйымдастырудың жетіліңкіреген жолын іздестіруге мәжбүр болады.

Жоспарлау – сабақ дайындығының қорытындылау сатысы. Оның нәтижесі – сабақтық жоспар. **Еңбек жолын енді бастаған педагог сабақ конспект – жоспарын толық әрі кеңейте жазуға міндетті.** Бұл тәжірибеден туындаған заңды талап: жоспарланған сабақтың барша ұйымдастыру жүйесін толық түсініп білмей, педагогикалық шеберлік деңгейіне көтерілу ешбір мұғалім маңдайына жазылған емес. Сабақтағы жұмыстардың көпшілігі мұғалім үшін үйреншікті, қалыпты әрекетке айналған шақта ғана сабақ жоспарын қысқарта жазуға болады.

Қай педагогтың да, мейлі ол жас маман болсын, мейлі - үлкен тәжірибеге ие болсын – сабақ жоспарында келесі оқу сәттері хатталғаны жөн:

- сабақ өткізу күні мен жоспардағы тақырып номері;
- сабақ тақырыбының атамасы мен ол өткізілетін сынып белгіленуі;
- сабақтың оқу, тәрбие және дамытушылық мақсаттары мен міндеттері;
- сабақ құрылымы мен оның сатыларына байланысты оқу жұмыстарының өткізілу тәртібі және бірізділігі;
- оқу кезеңдеріне мөлшерленген сабақ уақытын шамалап бөлістіру;
- оқу материалының мазмұны;
- сабақтың әр бөлігіндегі оқу жұмыстарын іске асыру әдістері мен тәсілдері;
- сабақ өткізуге қажет оқу құрал-жабдықтары;
- үйге тапсырма.

Сонымен, сабаққа дайындала отырып, мұғалім оқу бағдарламасын және бір көзден өткереді, оқулық материалымен танысады, қосымша әдебиеттерді қарастырады, жіктемелі және жеке-дара оқуға қажет материалдарды құрастырады, оқу құрал-жабдықтарын (кесте, сұлба, жоба, үлестірмелер) іріктейді, сабақ әдістері мен тәсілдерін таңдайды, дәріс типі мен құрылымын анықтап, осылардың бәрін өзінің сабақтық конспект – жоспарында хаттайды.

Үй тапсырмалары

Оқу үдерісінің маңызды да ажыралмас бөлігі – **оқушылардың үйдегі өзіндік жұмысы**. Оның мақсаты – сабақта игерілген білім мен ептіліктерді кеңейту мен тереңдете түсу, қайта жадқа салып, ұмытудан сақтандыру, шәкірттердің жеке бейімділіктерін, дарынын әрі қабілеттерін дамыту. Үйдегі өзіндік жұмыс оқу бағдарламаларының талаптарына сай түзіліп, оқушылардың қызығулары мен қажеттеріне, олардың даму деңгейіне орайластырылады. Бұл жұмыс балалардың өз дербестігіне, саналылығына, белсенділігі мен ынтасына негізделеді. Дұрыс ұйымдастырылған өзіндік үй жұмысының есесі, сыныпта орындалатын оқу жұмыстары есесінен бірде кем болмайды.

өзіндік үй жұмысы аса маңызды дидактикалық қызметтерді орындайды. Дәлірек айтсақ:

- сабақта қабылданған білімдер мен ептіліктерді бекіту;
- сыныпта өткен оқу материалын кеңейту және тереңдету;
- жаттығуларды өзбетінше орындау ептіліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- бағдарламалық материал шеңберінен ауқымды көлемде, бірақ оқушы мүмкіндіктеріне сай келетін жеке-дара тапсырмаларды орындау арқылы дербес ойлау қабілетін дамыту;
- жеке-дара бақылаулар, тәжірибелер орындау; сабақта жаңа тақырыпты өту үшін табиғи материалдар, гербарийлер, суреттер, газет және журнал кесінділері және т.б. негізінде оқу құралдарын жинау және дайындау;

Әдетте, өз бетінше орындалатын оқушылардың үй жұмыстары **оқу тапсырмалары** түрінде беріледі. Мұндай үй тапсырмаларының түрлері:

- оқулық мәтінімен жұмыс істеу (оқу, түсіну, түсініксіз сөздерді, тіркестерді теріп жазу);
- жаттығуларды орындау, мәселелерді шешу;
- графикалық жұмыстар орындау (сурет салу, контур карталарды сызу және т.б.);
- жануарларды, өсімдіктерді, табиғат құбылыстарын бақылау бойынша тәжірибелік жұмыстар;
- қарапайым дербес тәжірибелер өткізу;

– қажет материалдарды жаттап алу.

Мектеп тарихы қай жағдайда да үй жұмыстарын тапсырудың оқушылар үшін пайдалы екендігін дәлелдеп келе жатыр. Сабақта өтілген білімдер үйде жүйелі қайталанып тұрмаса, тез ұмытылады. Ал дербес үй жұмыстарынан бас тарту міндетті түрде оқу сапасының төмендеуіне әкеліп соқтырады. Педагогтың міндеті үй жұмысынан бас тарту емес, ал оған орынды, тиімді басшылық жасау. Үй тапсырмалары тек бірінші сыныптағыларға ғана берілмейді, себебі пәндік сабақтар әр күні өтетін болғандықтан білімдер ұмытылмайды. Мұғалімнің парызы екінші-төртінші сыныптағы оқушылардың үй тапсырмаларының орындалуына жәрдемдесу, сонымен бірге оқушылардың үй жүктемесін мүмкін болған жоғары нормативті деңгейде алып бару.

Ең жоғары жүктеме нормативтері

Сынып	1-ші	2-ші	3-ші	4-ші
Мектептегі сабақ саны	3-4	4	4-5	5-6
Үй жұмысы (сағат саны)	Жоқ	1	1	1,5

Бұларға қосымша дербес үй жұмыстарын пайдалана отырып, мұғалім келесі талаптарды орындауы тиіс:

- үй жұмыстарын өзбетінше және мұқият орындауға тыңғылықты ынталандыру;
- үй жұмыстарын бүкіл сыныптың зейінді қабылдауымен ұсыну;
- үй жұмыстарын орындау жөнінде түсініктемелер беру;
- оқушылардың қызығу ынтасын оятатын шығармашылық жұмыстарды көбірек пайдалану;
- үй жұмыстарын жекешелендіру және жіктемелі жүргізу;
- үй жұмыстарының оқушы мүмкіндіктеріне сай болуын ескеру;
- сабақта үй жұмыстарының орындалуын жүйелі тексеріп бару;

–үй жұмыстарын орындауға орай ата-аналармен байланыс түзу.

Озат мұғалімдер балаларға үй жұмыстарын орындаудың төмендегідей ережелерін ұсынады:

1. Мектептен қайтқан соң тамақтанып ал, таза ауада дем ал немесе ата-аналарыңа үй жұмыстарыңда көмек бер.

2. Үй жұмыстарын белгіленген уақыттарда орындап жүр.

3. Тұрақты жұмыс орның болсын. Үй жұмыстарын орындауға қатысы жоқ нәрселердің бәрін жұмыс орныңнан жиыстырып қой. Жазу құралдарыңды дайындап ал.

4. Жұмыс жоспарын ойластыр.

5. Алғашқыда күрделірек тапсырмаларды орында, содан соң жеңіл жұмыстарға өт.

6. Алдымен ережелерді қайтала, содан кейін жаттығуларды орындауға, мәселелер мен мысалдарды шешуге кіріс.

7. Жоспар бойынша жұмыс қыл, асықпа.

8. Жұмыс арасында қысқа уақыт демалыс үшін үзілістер жаса, бөлменің ауасын тазартып тұр.

9. Соңында істелінген жұмыс дұрыстығын тексер.

10. Кітаптарыңды, дәптерлеріңді – ертеңгі мектепке қажеттердің бәрін сөмкеңе жинап сал.

Сонымен, оқушылардың дербес үй жұмыстарын жүйелі әрі тұрақты мұқият ойластырмай, жоғары сапалы оқу нәтижесіне қолжеткізу мүмкін емес. Бастауыш сыныптардағы оқушылардың өзбетінше үй тапсырмаларын орындау жұмыстарын ұйымдастыру, сонымен олардың танымдық қызығуларын арттыру – мұғалім қызметтерінің аса маңыздыларынан. Үй жұмыстарын жүргізуде мұғалім белгілі ережелерді ұстанады, сол арқылы олардың оқушылар үшін қажетті және тартымды болуын қамтамасыз етеді.

Өзіңізді тексеріңіз

1. Оқу типі деген не?
2. Жаттанды оқу мәнін қалай түсінесіз?
3. Түсіндірме-көрнекі оқу формасы мәнін ашыңыз?
4. Мәселелі оқу деген не және оның технологиясы қандай?
5. Бағдарламаластырылған және жіктеулі оқу қалай өткізіледі?
6. Оқу ұйымдастыру формасы деген не?
7. Оқу формасын ұйымдастыру белгілері қандай?
8. Оқу формалары тарихына шолу жасаңыз.
9. Сынып-сабақтық оқу формасының негізгі сипаттары?
10. Қосымша оқу формалары қандай?
11. Дәріске қойылатын талаптар қандай?
12. Дәрістің қандай мақсаттарын білесіз?
13. Дәрістің іске асуын қамтамасыз етуші жағдаяттар қандай?
14. Сабақта орындалатын тәрбиелік және дамыту талаптары қандай?
15. Сабақтың типтерге бөліну себептері неден?
16. Сабақ түрлерін топтастыру негіздемелерін атаңыз.
17. Аралас сабақтың артықшылығы және кемшілігі неде?
18. Жаңа білімді игеру сабағының құрылымы қандай?
19. Жіктеулі оқудың мәні не?
20. Қандай балаларды жіктеулі және жекеленген оқуға тарту қажет?
21. Сабаққа дайындық кезеңдерінің мазмұнын ашыңыз.
22. Күнделік сабақ жоспарында хатталатын жағдаяттарды атаңыз?
23. Үй жұмысына қойылатын талаптар қандай?

10-бап

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІ

Жоспар:

Тәрбие үдерісінің ерекшеліктері
Тәрбие қызметінің құрылымы
Тәрбиенің жалпы заңдылықтары
Тәрбие принциптері
Тәрбие мазмұны

Тірек конспект-сөздік

Тәрбие (воспитание) – 1) тәрбие мақсаттарына жетуге бағышталған тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы басқарымды және бақылаулы, өзара ықпалды ниеттелген тұлға қалыптастыру үдерісі. 2) Көзделген мақсатқа бағыттаушы тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы өзара ықпалды қызметтестік (сотрудничество).

Тәрбие теориясы – тәрбие үдерісін зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы.

Мұғалім және оқушы – оқу үдерісінің субъекттері.

Тәрбиеші және тәрбиеленуші – тәрбие үдерісінің субъекттері.

Жүйеленген тәрбие категориялары – мақсат, міндеттер, тұжырым (концепция), заңдылықтар, жүйелер (системы), принциптер, мектеп, бала, отбасы, мазмұн (ақыл-ой, мораль, эстетика, еңбек, дене-тән, құқ, экология, экономика), әдістер, тәсілдер, жабдықтар, сеп-түрткілері (мотивация), нақтама (диагностика), нәтиже.

Тәрбие үдерісінің өзіне тән ерекшеліктері – бағдарлы мақсат, көп жағдаяттылық (многофакторность), нәтиже қашықтығы, қозғалмалылығы (динамичность), ұзақ мерзімділігі, үздіксіздігі.

Тәрбие үдерісінің қасиеттері – кешенділік, баламалылық (вариативность) нәтиже күңгірттігі, екі тараптылығы (тәрбиеші – тәрбиеленуші, тәрбиеленуші – тәрбиеші), қайшылықтылығы.

Тәрбие үдерісінің мақсаттары: – жан-жақты дамыған икемшіл тұлға қалыптастыру, жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде азамат тәрбиелеу, шәкіртті ғылым, мәдениет, өнер құндылықтарына етене араластыру, демократиялық қоғам бағдарындағы өмірлік көзқарас баулу, тұлға қалауы мен әлеуметтік талаптарға сай қабілет, ептілік, қызығулар қалыптастыру, әлеуметтік қызмет – ортақтасу – тілдесу қабілетін дамыту.

Тәрбие үдерісінің кезеңдері – 1. Қажетті талаптар мен ережелерді түсіну, қабылдау (осознание); 2. Білімдердің наным-сенімге (убеждения) өтуі. 3. Сенімнің сезіммен бірігуі. 4. Іс-әрекет пен сезімнің әрекет-қылықта көрінуі.

Тәрбиедегі негізгі қарама-қарсылық – жаңа қажеттіктер мен оларды қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы айырмашылық.

Тәрбие тиімділігін қамтамасыз етуші жағдаяттар - қалыптасқан қатынастар, мақсат пен сол мақсатқа жету әрекеттері арасындағы сәйкестік, тәрбиелік әрекеттер (тәжірибе) мен тәрбиелік ықпалдар үйлесімділігі, шынайы және субъектив жағдаяттарының өзара үйлесімді әсерлер бірлігі, сырттай тәрбиелік ықпал мен өзіндік тәрбие қарқындылығы.

Тәрбие принциптері – тұлға болмысын ескеру (личностный подход), жеке тұлғалық және қоғамдық бағыт-бағдарлардың ұштастығы, тәрбиенің өмірмен, еңбекпен байланысты болуы, ұнамды үлгі-өнегені арқау ету, тәрбиелік ықпалдар бірлігі.

Қазіргі заман тәрбиесінің негізгі идеялары – тәрбие мақсаттарының шынайылығы (реализм); балалар мен ересектердің бірлікті іс-әрекеті; өзіндік таным мен азаматтық, кәсіптік және адамгершілік танымдар арасындағы үйлестік; тәрбиенің жеке, нақты адамға бағытталуы, бала еркіндігін дәріптеу, тәрбиенің ұжымдық сипатын қолдау;

Тәрбиенің ізгі мүддесі – адамның өмірлік міндеттері – азамат, маман-кәсіпкер, отағасы (семьянин) болуға дайындау.

Тәрбие мазмұны – жүйелі бірігімге келген білімдер, наным-сенімдер, дағдылар, көзқарастар, тұлғалық сапалар мен бітістер, тұрақты әдеттер.

“Бала тәрбиесі – бұл көрсе қызар ермек емес, ол ауыр жан күйзелісін, күш-қуат, ұйқысыз түндер мен аса көп ойластыруды қажет қылатын тапсырыс”.

Я.Корчак

Тәрбие үдерісінің ерекшеліктері

Жалпы педагогикалық үдерісте тәрбие жұмыстары да өз ерісін табады. Бұл үдеріс, әдетте, дербес сипатты құбылыс ретінде қарастырылады, себебі ол өз ерекшеліктеріне ие болуымен оқу үдерісіне де, даму үдерісіне де жанаса бермейді. Тәрбие барысын зерттеуші педагогика саласы **тәрбие теориясы** деп аталады. Егер оқу үдерісінің субъекттері мұғалім мен оқушы есептелетін болса, тәрбие үдерісінің қатысушылары – **тәрбиеші мен тәрбиеленуші**. Бастауыш мектепте оқуды да, тәрбиені де жүргізетін бір тұлға – маман педагог.

Тәрбие – мақсатты жүйеде **тұлға қалыптастыруға бағытталған үдеріс, яғни арнайы ұйымдастырылған, тәрбие мақсатын іске асыруға бағышталған тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы басқарымды әрі бақылаулы өзара ықпалды іс-әрекет қатынастары**.

Тәрбие бірнеше ерекшеліктерге ие. Оның ең басты ерекшелігі – **мақсатты бағытталуы**. Тәрбие ұйымдасуынан күтілетін жоғары тиімділік оның алдына тартылған мақсаттың балаға жақын әрі түсінікті болуынан. **Мақсат бірлігі, өзара қызметтестік** осы заманғы тәрбие үдерісінің негізгі сипатын құрайды.

Тәрбие үдерісі – **көп жағдаятты**, оның құрамында субъектив және шынайы себептер ықпал-әрекетке келеді. Ескеретін жәйт – тәрбиеші іс-әрекеті тек шынайы заңдылықтарымен анықталып қалмайды. Себебі тәрбие – өнер, ал өнер тәрбиеші тұлғасына, оның даралығына, тәрбиеленушілермен түзген қатынасына орай туындайды.

Тәрбие үдерісінің күрделілігі одан күткен **нәтиженің** нақты ұстамға келмей, оқу үдерісіндегідей дер мезетінде көрінбеуінде.

Тәрбиелік пен тәрбиесіздік қалыптардың жүз беруі аралығында қажетті тұлға қажеттерінің ұзаққа созылған қалыптасу кезеңі жатыр. Себебі бала әртүрлі ықпалдарға кезігіп, оң да, теріс те тәжірибе жинақтайды. Ал тәрбие осы жинақталған тұлғалық тәжірибеден келеңсіз сапаларды шығарып тастап, олардың орнын ұнамды қасиеттермен толықтырып барады. Мұның оншалықты оңай болмайтыны баршаға аян. Тәрбиенің және бір күрделілік себебі оның өте **қозғалмалы** (динамичность) болуында, осыдан тәрбие үдерісі жылдам ауысады, тез өзгеріске келеді.

Тәрбие үдерісінің айтарлықтай ерекшелігі - **ұзақ мерзімділігінде**, яғни адам тәрбиесі – өмір бойы тоқталмайтын іс. **К.Гельвеций**: “Мен әлі үйренудемін, менің тәрбием біткен емес. Ал ол қашан бітеді? Тәрбиеленуден қалған күні, яғни мен өлгеннен соң. Менің бүкіл өмірім, шынын айтсам, біртұтас ұзақ тәрбие”. Адам санасында мектептегі тәрбиенің қалдыратын ізі аса бедерлі, себебі адамның жас шағындағы жүйке жүйесі өте икемшіл әрі қабылдағыш келеді. Дегенмен, мектептегі жақсы ұйымдастырылған тәрбие үдерісінің өзінен де жылдам табыс күту жаңсақтық: тәрбие өз **нәтижесінің** тікелей ықпал сәтінен **біршама уақытқа** созылуымен сипатталады.

Тәрбие үдерісінің және бір ерекше сипаты – оның **үздіксіздігінде**. Мектеп тәрбиесі – тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы бірі екіншісімен ұштасып, жүйеге келтірілген өзара ықпалды қатынас әрекеттері. Егер тәрбие үдерісі үзіліске түссе, науқандыққа негізделсе, тұрақталып келе жатқан әдеттерді бекіту орнына, бала санасында қайта-қайта жаңа “жолдар” қалыптастыруға мәжбүр боламыз.

Тәрбие үдерісі – **кешенді**, яғни бұл сипат тәрбиенің мақсат, міндет, мазмұн, форма мен әдістердің ажыралмас бірлігін аңдатады, оның тұлға қалыптасуының біртұтастығы идеясына бағыныштылығын білдіреді. Тұлға сапа-қасиеттері өзара бөлектенбей, бірлікте, бірігімді, бір уақытта кемелденіп жатады, осыдан оған бағытталған педагогикалық ықпалдар да кешенді сипатта болуы қажет. Айырым жағдайларда тәрбиеші талап деңгейіне сәйкес болмай жатқан тұлға қасиетіне көбірек назар салғаны жөн. Мысалы, бастауыш сынып оқушысында зейінділік, шыдамдылық, байқағыштық ж.т.с.с. қасиеттерді

қалыптастыруға көбірек көңіл бөлінеді. Тәрбиенің кешенділік сипаты бірқанша маңызды педагогикалық талаптар орындауды, тәрбиеші мен тәрбиеленушілер арасындағы ықпалдасты әрекеттерді мұқият таңдап, ұйымдастыруды қажет етеді.

Нәтиже **баламалылығы** мен **екіұштылығы** да осы тәрбие үдерісін ерекшелейтін сипат. Бір жағдайда теңдей тәсілдерді қолданғанның өзінде қолға кірер нәтиже әрқилы болуы мүмкін. Мұның себебі – тәрбиеленушінің даралығы, әлеуметтік тәжірибесі мен тәрбиеге болған қатынасы. Тәрбиелеушілердің кәсіби дайындық деңгейі, олардың педагогикалық шеберлігі, тәрбиеленушілермен қатынас жасай білу ептілігі де – тәрбие барысы мен нәтижеге күшті әсерін тигізеді.

Тәрбие – **екі тарапты үдеріс**. Мұның тосындылығы үдерістің екі бағытта бірдей – тәрбиешіден тәрбиеленушіге (тура байланыс), тәрбиеленушіден тәрбиешіге (кері байланыс) қарай жүруінде. Үдерісті басқару, негізінен, кері байланыс арқылы орындалады, яғни тәрбиеленушілерден келіп түскен ақпараттар негізінде оқу, тәрбие нәтижесі анықталып барады. Кері байланыс ақпараттары неғұрлым көп болса, тәрбиешінің тәрбиелік ықпалы соғұрлым күшті болады.

Тәрбие үдерісі **қарама-қарсылықты** келеді. Осыдан тәрбие диалектикасы (дамуы) ішкі және сыртқы қайшылықтармен анықталады. Осы қайшылықтар тәрбие үдерісінің үздіксіз ағымын қамтамасыз етеді. Тұлға қалыптасуының барша сатысында көрінетін ішкі қайшылықтар **жаңа қасиеттер** мен **оларды іске асыру мүмкіндіктері** арасындағы айырмашылықтардан туындайды. “Білемін” және “білмеймін”, “бар” және “жоқ” араларындағы сәйкессіздік баланы белсенді іс-әрекет орындауға, тәжірибе өрістетуге, жаңа білімдер мен қылық-әрекет формаларын игеруге, қалыпты талаптар мен ережелерді тануға ынталандырады. Тәрбие қызметі – тұлға қалыптасуын дұрыс бағытқа түсіру, ал бұл тәрбиеленушілерге қозғау салатын күштерді, олардың қажеттерін, сеп-түрткілерін, өмірлік жоспарлары мен құндылықты бағыт-бағдарларын терең білуге тәуелді.

Тәрбие үдерісінің бағыты мен нәтижесіне сыртқы қарама-қарсылықтар да күшті ықпал жасайды. Мысалы, мектеп пен отбасы, педагог пен ата-аналар арасындағы келіспеушіліктер

осы сыртқы қайшылықтардың нақты дәлелі. Тәрбие барысында кезігетін көптеген қиыншылықтар астарында халықтың “молданың айтқанын істе, істегенін істеме” дегеніндей, адам аузынан шыққан лебіз бен оның жасаған қылығының жарасымды болмауы жатыр.

Тәрбиеші міндеті – тәрбиелік ықпалдардың баршасын өз мойнына артып, үдеріс басшылығын жеке өз қолына топтастыру емес. Керісінше, педагог іс-әрекеті неғұрлым демократизм мен шығармашылық еркіндікке негізделсе, оның ұйымдастыру және бағыттау күш-қуаты да әсерлі келеді. Үдеріске байланысты шарттар мен жағдайлар ескерілсе, өз әрекеттерінің салдарын мұқият талдап, одан дұрыс қорытынды шығара алса, тәрбиеші қызметі әрқашан табысқа кенеледі.

Оқу-тәрбие аймағындағы қайта құрулар, демократияластыру мен гуманизациялау идеялары мектеп өмірінен шынайы орын тауып, қарапайым адамилық сезімдердің – балаға қамқорлық, сүйіспеншілік пен мейірімділік – үстем болған күнінде ғана іске асуы мүмкін. Сондықтан бүгінгі таңдағы тәрбиеші алдында тұрған аса маңызды міндет – тәрбиеленушіні педагогикалық ықпалдарды шын көңілімен қабылдауға ойыстыру. Педагогикалық бағыттау өте әдіпті, жайбарақат, елеусіз, мүмкіндігінше баладан жасырын жүргізілгені жөн. Бала тәрбиесіне төнген тоқпақ болмай, оған достық ниет, лебіз білдіре тәрбиелеу қажет.

Сонымен, тәрбие үдерісі жалпы педагогикалық істер желісінде оқу жұмыстарымен бірге жүріп отырады. Бұл қызмет бірқанша өз ерекшеліктеріне ие, сондықтанда өз алдына педагогикалық сала ретінде дербес қарастырылады. Тәрбие үдерісінің атаулы ерекшеліктері: көпжағдаяттылығы, қозғалмалылығы, ұзақ мерзімділігі, күрделілігі, баламалылығы, екіұштылығы мен нәтиже алшақтығы.

Тәрбие үдерісінің құрылымы

Тәрбие **үдерісі** қалай жасалатыны, оның ішкі құрылымы қандай екенін білу оңай емес. Себебі бұл үдерістің өте күрделілігінен оның құрылымдық өлшем-шектерінде сан-алуан. Тәрбие құрылымын ажыратып тануда біз осы үдерістің

мақсаттары мен міндеттерін, тәрбие үдерісінің мазмұнын, оның өту жағдайларын, тәрбиеші мен тәрбиеленуші арақатынастарын, тәрбиелік істе қолданылған әдістер мен формаларды, үдерістің уақыт шектеріндегі даму кезеңдерін арқау етіп жүрміз. Аталған құрылымдық негіздердің кейбірінің сипаттамасын берейік.

Тәрбие үдерісінің құрылымы өз **мақсаттары** тұрғысынан шешілуі тиіс **міндеттер бірізділігімен** белгіленеді. Осы таңдағы бастауыш мектеп тәрбиесінің бағыттары төмендегідей:

- жан-жақты, үйлесімді дамыған адам қалыптастыру;
- жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаның адамилық сапаларын тәрбиелеу;
- оқушыларды ғылыми, мәдени, көркем өнерлік құндылықтарға араластыру;
- қоғамда болып жатқан демократиялық жаңалану мен тұлға құқықтары және міндеттеріне сәйкес өмірлік көзқарас, бағыт тәрбиелеу;
- оқушы мүмкіндіктері мен ниеттерін, қоғам талаптарын бірлікті ескерумен оның бейімділігін, қабілеттерін және қызығу-ұмтылыстарын дамыту;
- жеке тұлғалық және әлеуметтік мәнді, көп түрлі қызмет, іс-әрекеттерді ұйымдастыру;
- тұлғаның әлеуметтік аса маңызды қызметі – қарым-қатынасын дамыту.

Өз даму барысында тәрбие үдерісі белгілі сатылардан өтеді. Тәрбие үдерісінің бірінші сатысы – **оқушылардың өзінен талап етілген қалыптар мен әрекет-қылық ережелерін түсініп, ұғыуы**. Бұл талап орындалмай, көзделген тұлғалық әрекет-қылық қалыптасуы мүмкін емес.

Гуманистік педагогика тұжырымы: балаларға нені, не үшін және не себепті осылай істеу керектігін жалықпай, шыдаммен түсіндіру қажет. Әрекет-қылық қалыптарын игерудің негізгі жолы осы.

Білімнің нанымға айналу қажеттігі – басқаша емес, нақты осы әрекет-қылық типінің қажеттігін түсінуден. Наным – өмірлік басшылыққа алынатын белгілі принциптер мен дүниетанымға негізделген тұғырлы көзқарастар шоғыры. На-

ным болмаған жерде тәрбие үдерісі қауқарсыз, дамуы баяулап, ұнамды нәтижеге жете бермейді. Тәжірибе көрсеткендей, бала кіші жастың өзінде көп нәрсені біледі, мысалы, мұғаліммен сәлемдесу керек, бірақ кей балалар мұны істемейді. Себеп: білік бала жанының азығы – наным деңгейінде меншіктелмеген. Тәрбие алғашқы “білім” кезеңінде тоқырап, “наным” кезеңіне жетпей қалған.

Сезімталдық тәрбиесі – тәрбие үдерісінің түпкілікті де аса маңызды және бір элементі. “Сезімсіз адам – кесек, махаббатсыз адам - есек” – деп ұлы ғұлама А. Науаи айтқандай, адами көңіл шарпулары, яғни эмоция жұтаң ортада, ақиқат ізденісі жоқ, тіпті болмайды да. Ал балалық шақтағы көңіл сезімі - әрқандай әрекет-қылықтың қозғаушы күші. Сезімді әрлендіре, әрі оны арқау етумен тәрбиешілер көзделген талаптар мен ережелердің дұрыс та тез қабылдануын қамтамасыз ете алады.

Алайда, тәрбие үдерісінің басты кезеңі – **іс-әрекет** қаншама ғанибет сұхбат, кеңес, түсіндірулер мен уағыздар болғанымен, олардан түсер нәтиже жоқтың қасы. Егер бала өз еркіндігін дербес жәрия ету мүмкіндігінен ажыралса, егер ол қателесіп, сұріне “мандайын жарға ұрмаса”, егер ол іс-әрекетке тікелей араласып тәжірибе топтамасы, әрекет-қылықтың көзделген нұсқау-талаптарын ұқпайды. Осыдан да балаларға барынша мол ақылға сай еркіндік беріп, олардың қылық-әрекетін іспен байланыстыра, білдірмей әрі әдептілікпен түзетіп, реттеп бару қажет. Тұрмыста, мектеп тәжірибесінде бұл тәрбие кезеңі таза күйінде дербес өтпейді, ол әрдайым көзқарас, наным, сезімдерді қалыптастыру істерімен бірге орындалып барады. Тәрбие үдерісі құрылымында педагогикалық мақсатқа сай, жоғары деңгейде ұйымдастырылған бала іс-әрекетіне, тәжірибелік жұмыстарына неғұрлым көп мән берілсе, тәрбие тиімділігі соғұрлым арта түседі.

Сонымен, тәрбие үдерісі барша кезеңдерді өтуі тиіс, сонда ғана ол тиімді. Ал нәтижелілікке сүйеніш болар кезеңдер – білім, наным, сенім – тұрмыстық іс-әрекетпен ажыралмас байланысты болуы заңдылық.

Тәрбиенің жалпы заңдылықтары

Жалпы заңдылықтардың ықпал аймағы тәрбие үдерісінің барша жүйесіне әсер етеді әрі оның аса маңызды бірліктері арасындағы байланыстарды танытады. Бірақ тәрбие үдерісі, біз білетіндей, педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі болуымен осы үдеріс заңдылықтарына тәуелді келуі табиғи құбылыс. Бұл үдерісте даму және қалыптасу заңдылықтары әрекетке түседі. Бұдан шығатын қорытынды – тәрбие ісі аса күрделі де көп түрлі сипатқа ие. Тәрбие нәтижесі үшін өте қажет нәрсе: тәрбие үдерісінің тиімділігі (өнімділігі) мен тәрбие саласын анықтайтын оның сипаттары және шарт – жағдайлары арасындағы байланыстардың қалай түзілетінін түбегейлі білу.

Тәрбие тиімділігі келесі жағдаяттарға тәуелді:

– қалыптасқан тәрбиелік ***қарым-қатынастарға***. Балаға деген ықпал оның қоршаған ортаға, тәрбиешіге, тәрбиелік әсерлерге қатынасына орай жасалады. Егер бұл қатынастар ұнамды болса, мәселе тумайды. Ал егер бұл қатынас кереғар сипатта болса, тәрбие тежеледі, одан келетін нәтиже болымсыз сипат алады. Сондықтан келеңсіз қатынасты әрекеттер алдымен жойылып, соң көзделген мақсатқа қарай қадам аттау орынды. Бастаудан тәрбиеші көзқарастары мен талаптарын оңды қабылдаған тәрбиеленуші оларға икемдесіп үйренеді әрі сенеді, орынды талап кейпінде қабылдайды. Ал егер тәрбиеленуші өз тәрбиешісінің талаптарын дұрыс деп таппай, одан күмәнданса, үдеріс бағытының қай арнаға түсіп, дамитыны белгісіз. Гуманистік тәрбие өсиеті: жақсы тәрбиелігіңіз келсе, баланы бауырмалдықпен өзіңізге жақындатыңыз.

– ***мақсат және оған жетісуге бағышталған іс-әрекеттер арасындағы сәйкестікке***. Егер іс-әрекет, тәрбие жұмыстарының ұйымдасуы алға тартылған мақсатқа орайласпаса, тәрбие табысты болмайды. Керісінше, ұйымдастырылған істер мақсатқа тура келсе, қолданылған әдістер, формалар мен құрал-жабдықтар көзделген міндеттер деңгейінде болса, тәрбие үдерісінің тиімділігі де сәтті шығады.

– ***тәжірибе мен тәрбиелік ықпалдар сәйкестігіне***. Тәрбие үдерісіне тән құбылыс: тәрбиеленуші өз тәрбиешісі айтқанының бәрін істе тексеруге құштар. Егер осыдан бала

өмір мен алған білімінің, сөз бен істің өзара сай болмағанын сезсе, түңліске тап болады. Қалыптасқан тұрмыстық, өмір жағдайларын өсте ақырын әрі бірізділікпен бірте-бірте ауыстырып бару жөн. Жылтың, мезеттік табыс қуалау көп ұзамастан тәрбие мен өмір сәйкессіздігін тайға таңба басқандай шұғыл жайып салады.

– **объектив және субъектив жағдаяттардың бірлікті әрекетке түсуіне.** Субъектив жағдаяттар құрамы: тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер, олар арасындағы ықпалдастық, қалыптасқан қарым-қатынастар, психологиялық климат және т.б., ал объектив жағдаяттар: тәрбиені іске асыруға қажет шарттар – экономикалық, материалды – технологиялық, элеуметтік, санитар – гигиеналық және т.б. Әрқандай нақты тәрбиеге байланысты аталған жағдаяттардың өзара ұштаса, күрделі бірігімге келуі тәрбие үдерісіне қайталанбас, өзіндік сипат береді. Сөйтсе де, тиімді тәрбиені қамтамасыз ету үшін оған қолайлы жағдайлар түзілуі қажет.

– **тәрбие мен өзіндік тәрбие қарқындылығына.** Өзіндік тәрбие – өз тұлғасын жетілдіруге бағытталған оқушы іс-әрекеті. Өзіндік тәрбие үдерісінде бала тәрбие үдерісінің субъекті ретінде танылады. Әрқандай өзіндік тәрбие нақты оқушы өмірінің мазмұнымен, оның қызығулары және жасына сай қатынастарымен тікелей байланысты. Өзіндік тәрбие сырттай тәрбиемен сабақтас әрі оның нәтижесі. Тәрбиеленушінің өзін-өзі бағалай білуі, өзінің ұнамды қылықтары мен келеңсіздіктерін тануы, жеке өмірлік жоспарын іске асыруға кедергі болар жәйттерді ерік күшін қосып жеңе білуі - өзіндік тәрбиенің табыс кепілдері. Ал оқушының өзін жетілдіре білуінен, яғни өзіндік тәрбиеден мұндай кепілдіктер дамып, ұлғая түседі.

– **тәрбиеге қосарлана жүретін даму мен оқу үдерістерінің тиімділігіне.** Белгілі болғандай, егер екі үдеріс өзара байланысты іске қосылса, онда олардың бірінің тиімділігі көтеріледі не кемиді де, екіншісіне өз ықпалын тигізеді. Осыдан тәрбие даму қарқындылығын асырып, ал даму ұтымды тәрбиеге жол ашады. Егер осы байланыс бұзылса, күрделі кедергілер туындайды да, олар өз кезегінде тұлғаның дамуына да, оқуына да, тәрбиесіне де жайсыз жағдайлар жасайды.

– **педагогтың тәрбиелік әрекеттерінің сапасына.** Біліктілігі кем, көлемі тұрғысынан жетімсіз не мерзімінен кешіктірілген педагог істері тәрбие қызметінің төмен нәтижесіне себепкер болады.

– **тәрбиеленушінің “жан аймағына” жасалған ықпалдардың қарқындылығына.** “Жан аймағы” дегеніміз тұлғаның сеп-түрткілер, қажеттер, көңіл-күй, сана-сезім жүйесі. Тәрбие үдерісінде сыртқы ықпалдар оқушының іштей табыстарына, яғни сапа-қасиеттерінің ұнамды дамуына ауысады. Ал, егер осы ықпалдар ойға алынғандай күшті болса, бала қажеттеріне орайлас келіп, оның белсенділігінің көтерілуіне жәрдем беретін болса, тұлғаның жеке сеп-түрткілері мен мақсаттарының идеалды күйден іс-әрекеттік нәтижеге ауысуы анағұрлым жеңіл әрі жылдам өтеді.

– **педагогикалық ықпалдар мен тәрбиеленушілер мүмкіндіктері арасындағы үйлесімге.** Тәрбие үдерісінде дамудың біркелкі болмау заңы көрініс береді, себебі тәрбиеленуші мүмкіндіктері тәрбиеші талаптарына әрқашан сай келе бермейді. Осыдан бір теориялық білімге байланысты мәселе, сұрақтарды еркін де жеңіл шеше білетін оқушы қызметтік тапсырыстарды орындауда, қарпайым еңбек амалдарымен кезіккенде, дене шынықтыру жаттығуларын көрсетуде ебедейсіздік байқатып, едәуір қиналып қалады.

Сонымен, тәрбие заңдылықтары тәрбие үдерісінің жағдаяттары, шарттары мен нәтижелері арасындағы басты байланыстарды бейнелейді. Тәрбие тәжірибесінде нәтиженің қалыптасқан қатынастарға тәуелділігі, мақсат пен іс-әрекет, нақты іс пен тәрбиелік ықпалдар, субъектив және объектив жағдаяттардың байламды әсері, тәрбие және өзіндік тәрбие қарқындылығы және т.б. өз дәлелін тауып отыр.

Тәрбие принциптері

Тәрбие үдерісінің **принциптері** (тәрбие принциптері)

– бұл тәрбие үдерісінің мазмұнына, әдістеріне, ұйымдасу жолдарына қойылатын негізгі талаптарды айғақтайтын жалпы **бастау тұжырымдары**. Олар тәрбие үдерісінің анайылылығын аңдатып, педагогтарға нақты педагогикалық міндеттерді шешуде бағыт-бағдар береді.

Тәрбие **үдерісіне** сүйеніш болар принциптер өз алдына **жүйеге** бірігеді. Осы жүйедегі **гуманистік педагогика** принциптері келесідей:

- тұлғалық бағыт принципі;
- тәрбиенің жеке тұлғалық және қоғамдық бағыттарының бірлігі принципі;
- тәрбиенің өмір, еңбекпен байланыстылық принципі;
- тәрбиеде ұнамды өнегені пайдалану принципі;
- тәрбиелік ықпалдар бірлігі принципі.

Тұлғалық бағыт принципі. Тәрбие үдерісінде тұлғалық бағыт принципі тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен даралығын, әсіресе жалпы **жеке адами қасиет-сапалары** мен **мүмкіндіктерін ескеру** негізінде жеке іске асырылады. Адами қажет сапалар мәні: тұлғаның өмірлік бағыт-бағдары, тіршілік жоспары, құндылықты бағамдары, қалыптасқан жандүниелік ұстамдары, іс-әрекеті мен мінезіндегі басымды сеп-түрткілер. Тұлғаның осы аталған жетекші сапаларынан бөлектене қарастырылған жас не даралық ерекшеліктер (мінез, темперамент, ерік және т.б.) жоғары дәрежелі кісілік қадір-қасиеттерді қалыптастыруға бағышталған тәрбиені қамтамасыз ете алмайды, жас деңгейін, даралық ерекшеліктерді білу маңызды, солай да болса жоғарыда аталған сапалардың жетекшілік рөлін тану ғана баланың жас мүмкіндіктері мен жеке ептіліктерін дұрыс пайдаланудың көзін ашады.

Тұлғалық бағыт принципінің тәрбиеші алдына қоятын талаптары: 1) тәрбиеленушілердің жеке темпераменттік ерекшеліктерін, мінез бітістерін, көзқарастарын, талғамдарын, әдеттерін үздіксіз зерттеп, жете білу; 2) тәрбие үдерісін нақтамаалаумен бірге баланың ойлау қабілеті, сеп-түрткілері, ұстанымдары, өмірлік бағыты, өмір мен еңбекке деген көзқарасы, құндылықты бағамдары, тіршілік жоспарлары секілді тұлғалық сапалардың нақты қалыптасу деңгейін түбегейлі тану; 3) әр оқушыны тұлғаның ілгерілей дамуын қамтамасыз етуші күш-қуатына сәйкес әрі біртелеп күрделеніп баратын тәрбиелік істерге ұдайы қатыстырып бару; 4) мақсатты іске асыруға кедергі болар себептерді өз уақытында анықтау әрі аластау, ал егер бұл мүмкін болмаса, жаңа жағдайлар мен шарттарға тәуелді тәрбие бағытына дер мезетінде өзгерістер енгізу; 5) барынша

тұлғаның өз белсенділігін арқау ету; 6) тәрбиені тұлғаның өзіндік тәрбиесімен ұштастыру, оқушыға өзіндік тәрбие мақсаттарын, әдістері мен формаларын таңдауға жәрдем беру; 7) оқушыда дербестік, ынталылық, өзіндік іс-әрекет қабілеттерін дамытуда, тек басшылықпен шектелмей, табысқа жеткізер іс-әрекеттерді ұтымды ұйымдастыру және бағыттау білу.

Осы талаптардың бірлікті орындалуы мектеп тәжірибесінде бұрыннан танымал жас ерекшеліктері мен даралық ескеру принциптерінің қарабайырлығын жояды, тәрбиешіні үдерістің үстірт белгілеріне шегеленбей, тереңде жатқан мән-мағыналық байланыстарға назар аударуға бағыттады, осы үдерісте көрінетін тәрбие заңдылықтары мен себеп-салдарлы қатынастарды тануға жетекшілік етеді.

Тәрбиенің жеке тұлғалық және қоғамдық бағыттарының бірлігі принципі. Озат ойлы педагогтар тәрбиені “әсиет пен өнеге, сендіру және зорлау жәрдемімен адамдарды сәби шақтан іс-әрекетке қосып, игерілген ережелерді тұрмыста қолдануға үйретуші қоғамдық құрылым” (Г.Сент-Джон) ретінде таныған. Әр дәуірде бұл принцип мәні ауысып барған: бірде жеке тұлғалық бағыты басымдау болып, кейде қоғамдық, мемлекеттік бағыты жетекшілік еткен. Алайда, тәрбиенің басты міндеті – адамды белсенді қоғамдық әрі рахаты мол жеке өмірге дайындау – қай заманда да сақталып қала береді.

Бұл принцип бойынша педагогтың барша қызметі өсіп келе жатқан әулет тәрбиесін мемлекеттің тәрбиелік стратегиясына сәйкес орындауға және әлеуметтік үйлесімге келген тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы тиіс. **Мемлекет қызметіндегі тұлға ретінде тәрбиеші тәрбие саласындағы мемлекеттік тапсырысты орындайды.** Егер мемлекет және қоғам мүдделері сәйкес келсе, азаматтардың жеке мүдделерімен үйлесімді болса, онда тәрбие принциптері де тәрбие мақсаттары мен міндеттерінің саласында өзіне тиісті орын алады. Ал бұл жағдай керісінше болса, принцип іске аспай қалады, себебі тәрбиешінің тәжірибе қорына толыққанды тәрбие үшін қажет нақты деректер түспейді.

Бұл принципті іске асыру барысында әсіре ұрандаудан, желікпе үндеулерден, бөспе сөзділіктен аулақ болған абзал,

себебі тәрбие ең алдымен құнды әрекет-қылық және қарым-қатынас тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік беретін пайдалы іс-әрекет, қызмет үдерісінде жүзеге келеді. Алайда оқушы араласқан нақты іс-әрекет (ойын, еңбек, қоғамдық істер, оқу, спорттық және т.б.) тәрбиелік мәнге ие болуы үшін, оның субъекті – балада сол әрекетке деген қоғамдық құнды сеп-түрткілерді қалыптастыру қажет. Егер олар жоғары ізгілікті, қоғамдық мән-мағынасымен елеулі болып келсе, әрекет-қылықтар нәтижесінде орындалатын қызмет те үлкен тәрбиелік ықпалға ие болады. Әр тұлғаның әлеуметтік сапаларын орнықтыруда оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбегі олардың мақсатты бағытталған сана-сезімін қалыптастыру істерімен ұштасуы қажет. Баланы қандай да іс-әрекетке ойыстыруға қолданылған сөз, ауызекі нұсқау нақты тұрмыстық пайдалы қызмет пен ұнамды әлеуметтік тәжірибеде өз бекімін табуы тиіс.

Тәрбиенің өмір және еңбекпен байланыстық принципі.
“Мектеп үшін емес - өмір үшін” – ұранымен күтіп алады екен ежелгі Рим мектептері өз оқушыларын. Адамзаттың алғашқы қадамдарының өзінде-ақ адам тәрбиесімен шұғылданған тұлғалар өмір мен тұрмыстан ажыралған тәрбиенің мағынасыз болатынын түсінген. Адам тұлғасын қалыптастыру оның іс-әрекетімен, қоғамдық және еңбектік қатынастарға келуімен тікелей тәуелді байланыста. Адамның ұнамды сапалары еңбекте ғана дамиды: неғұрлым ол ауқымды, мақсатқа орай болса, тұлғаның дамуы мен әлеуметтену деңгейі де жоғары келеді. Осыдан да тәрбиеленушілерді қоғамдық өмірге, әрқилы пайдалы істерге араластырумен оларға болған ұнамды көзқарас пен қарым-қатынастарын қалыптастырып бару міндетті шара. Тең құқықты мүше ретінде еңбек үдерісіне қатыса отырып, бала адамгершілікке баулынады, рухани және тәндік дамуға келеді, еңбектің қоғамдық мәнді сеп-түрткілерін ажырататын болады, өзінің моральдық сапа-қасиеттерін бекітеді, одан әрі жетілдіреді.

Тәрбиені өмірмен байланыстыру принципі педагогтардан екі бағытта белсенді қызмет атқаруды талап етеді: 1) тәрбиеленушілерді адамдардың қоғамдық өмірі және еңбегімен қолма-қол әрі кең таныстырып, жалпы тұрмыста болып жатқан әлеуметтік өзгерістерді мезетінде түсіндіріп

бару; 2) тәрбиеленушілерді шынайы өмір қатынастарына тартып, араластыру, қоғамдық пайдалы іс-әрекеттердің сан-алуан түрлеріне қызығулары мен бейімділіктеріне сәйкес қосып, оның нәтижесінен рахат сезінуге баулу.

Аталған принципті іске асыру барысында педагог орындауы тиіс міндеттер төмендегідей:

– қоғам мен адам өміріндегі еңбектің маңызын әр балаға жете түсіндіру;

– материалды және рухани дүние өндіруші еңбек адамдарына болған құрмет баулу;

– шаршап-жалықпай еңбектену қабілетін дамыту, қоғам және өз мүддесі үшін адал да шығармашылықпен іс қылу ниеттерін өрістете түсу;

– қазіргі заман өндірісінің жалпы негіздері жөнінде ақпарат жеткізу;

– еңбек аясында өз басы мүдделері мен қоғамдық міндеттерді үйлестіре білуге, қоғам қажеттері мен өз ниеттеріне орай кәсіп таңдауға үйрету;

– қоғамдық игілік және табиғат байлықтарына құндылықпен қатынас жасауға баулу;

– қоғамдық мүлікке байланысты ысырапшылдыққа, жауапкерсіздікке, талантараждыққа, табиғат байлықтарына болған жыртықшылыққа төзбеушілік сезімін ояту.

Тәрбиені өмір және еңбекпен ұтымды ұштастыру мақсатында келесі ережелерді ұстанған жөн:

1. Желең сөз емес, оқушылардың нақты әрі қолынан келер ісі пайдалылау. Осыған орай тәрбиеші сабақ және сыныптан тыс жұмыстарға қойылатын талаптар бағдарламасын түзіп, оларды бірізділік принципі негізінде іске асырып баруы шарт.

2. Өз әрекеттерін жанұя талаптарымен үйлестіре отырып, тәрбиеші әр оқушыға оның басты міндеті оқу екенін жете түсіндіруі лазым. Бұған қосымша – үйге жәрдемдесу, әлі жететін басқа да тапсырмаларды орындау.

3. Бала, әдетте, қандай да істі орындауға құштар; енжарлық, селқостық, іссіздік – бала табиғатына жат құбылыстар.

4. Дәрістер мен сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында өлкетану материалдарын пайдаланған өте тиімді.

5. Ересектермен қатар еңбекке араласуынан балалар қолға алған жұмыстарды жауапкершілікпен бағамдауға үйренеді, ал

бұл олардың азаматтық сапаларының дамуына жәрдем береді.

6. Бала тәрбие үдерісінде өз еңбегінің басқа адамдарға, қоғамға қажет әрі пайдалы екенін сезінуі тиіс.

Тәрбиеде өнеге-үлгіні сүйеніш ету принципі. Егер өз тәрбиеленушісінде педагог тырнақтай да жақсылық нышанын байқап, оны тәрбие үдерісінде пайдаланатын болса, оның шәкірт жанына жол тауып, тезірек табысқа жетуі сөзсіз. Дана педагогтар тіпті тәрбиесі жетімсіз балалар мінезінде ұнамды бітістер тауып, оларды тәрбие мақсатына орай басқа да қасиет-сапаларды қалыптастырып, тұрақтандыруға шеберлікпен қолдана алған. Ұнамды үлгі-өнегелерді сүйеніш ету принципінің талаптары қарапайым: педагог баланың ұнамды мінез бітісін табады, оны пайдаланып, басқа, әлі қалыптаспаған не кері кеткен мінез бітістерін дамытады, қажетті деңгейге жетілдіріп, өзге әрекет-қылық сапаларымен үйлестіреді.

Баланың ұнамды сапалары (жануарларға мейірім, тума қайырымдылық, ықыластылық, жомарттық және т.б.) келеңсіз қасиеттермен (уәдесіздік, өтірік айту, еріншектік және т.б.) бірге жүреді. Бірақ түгелдей “бұзық” не тума “сүйкімді” бала болмайды. Адамдағы болымды қасиеттерді молынша көбейтіп, кері сапаларды мүмкіндігінше азайту – тұлғаны игілентіру жолында тәрбие қолынан келер маңызды міндет.

Тәрбиеші қызметі табысты болып, тез әрі ұнамды нәтижеге жетуі үшін, ол келесі ережелерді ұстануы қажет:

1. Тәрбие үдерісінде дау-дамайға, тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы қайшылыққа, күш және көзқарас тайталасына жол бермеу міндетті. Тек қызметтестік, шыдамдылық және бала тағдырына мүсіркей араласумен ғана ұнамды нәтижелерге жету мүмкін.

2. Оқушы қылық-әрекетіндегі тек олқылықтар мен кемшіліктерге ғана назар аудара беру қателік. Әрдайым жақсы нышандарды тауып, қолдау шарт. Әлбетте, келеңсіз сапаларды түзету қажет. Дегенмен, мүмкін болғанша, алдымен ұнамды қасиеттерді анықтап, қалыптастырып, одан әрі оларды жетілдіре түсу.

3. Педагогикалық тұрғыдан тәрбиеленушілердің ұнамды қызығулары мен бейімділіктеріне (танымдық, эстетикалық,

табиғат және жануарларға қайырымдылық және т.б.) арқа сүйеген тиімділеу, олар жәрдемімен көптеген еңбек, имандылық, эстетикалық тәрбие міндеттерін шешуге болады. Ұнамды үлгі-өнегені пайдалану принципі тәрбие үдерісінің табиғатына берілген жетекші өзекті таба білуге байланысты. Әр нақты жағдайға орай осы өзекті табу-бала тәрбиесі жолында жанпидалыққа түскен қай педагогтың да қолынан келетін іс.

4. Ұнамды тәрбие аясын (фон) түзу – өнеге пайдалану принципінің және бір шарты. Бұл ая құрамы – тәрбиеленушілердің тіршілік, іс-әрекет ауқымы мен тәрбиелік қатынастар мәнері. Байыпты, іскерлік жағдай жасалып, әркім өз ісімен шұғылданып, басқаларға кедергі болмаса, еңбектену мен тынығу жоғары дәрежеде ұйымдастырылса, “қабырға да көмектесіп” дегендей сергек те сенімді алға ілгерілеу болады. Жұмыс орнының барша қолайлықтары алдын ала ойластырылып, үйлесімді әрекеттер мен бірдің екіншіге болған қамқорлығы сезілсе, мұның бәрі қызмет бабындағы адамға ұнамды әсер етпей қоймайды.

5. Қателіктерінен үздіксіз тәрбиеге ұшыраған бала өзіне, өз күш-қуаты мен мүмкіндіктеріне сенуден қалады. Тәжірибелі педагогтар ғұлама *Гомерден* қалған **“Мадақ бар жерде – Жаратқан мен сәби жүреді”** деген қанатты ойды ұстанып, балаға деген жылы, қолдау лебізін бірде аямайды, болашақта қолға кіретін жетістіктері үшін де алдын ала мақтауға жомарт келеді. Олар баланың жақсы қылығын күні бұрын жобалап, оның нәтижелі боларына баланы сендіреді, өз шәкірттерін қызметтес жолдастарына айналдырып, қателескен жерінде қол ұшы жәрдемін береді.

Тәрбиелік ықпалдар бірлігі принципі. Бұл принциптен туындайтын мақсат – бала тәрбиесіне қатысы барлардың баршасын (жанұя, мектеп, мектептен тыс қоғамдық мекемелер, жалпы қауым) бірлікті іске қосып, тәрбиеленушілерге өзара үйлестіріліп, келісілген талаптар қоюды жүйелеу. Егер мұндай бірлік пен үйлесім болмаса, тәрбие үдерісінің қатысушылары А.И.Крыловтың кейіпкерлері Шаян, Аққу және Шортан секілді әрекеттерін жан-жаққа шашыратып алмауына кім кепіл? Бұдан үлкен зиян көретін алдымен тәрбиеленуші: кімге сеніп, кімге еретінін білмей сарсаң болады, өзіне абырой тұтқан “пірлерінің” ішінен жөндісін айыра алмай күйзеліске келеді. Ал мұндай

жүктемеден белі қатаймаған баланы құтқару үшін тәрбиелік ықпалдардың бәрін бір арнаға келтіріп, тұлғаға бағытталған күштердің ұнамды әсерін көтеру - тәрбиелік ықпалдар бірлігі принципінің басты талабы.

Аталған принципті іске асыру ережелері тәрбиешіге өз қызметінің барша саласында кезігетін жағдайларды ескеруге көмектеседі.

1. Тәрбиеленуші тұлғасы отбасы, жолдас достары, төңірегіндегі ересек адамдар, қоғамдық мекемелер мен оқушылар ұжымы және т.б. ықпалында қалыптасады. Осы сан қыйлы ықпалдар арасында біршама маңызды рөл сынып ұжымы мен тәрбиеші тұлғасына тиісті болатынын еске ұстай отырып, басқа да тәрбиелік әсер көздері болатынын ұмытпаған жөн. Сыныптағы оқушылар мен тәрбиешіден болатын талаптардың бір-біріне қайшы келмей бір бағытта болғаны аса қажет.

2. Тұлға қалыптастырудағы бас жетекші – отбасы. Өз баласының даралық ерекшеліктерін тереңнен сезіну, оның тәрбиесінде қайталанбас жол таба білу мен сол тәрбиеге мейір, жүрек жылуын қосу тек ата-аналарға ғана берілген шеберлік. Бұл тұрғыдан оларды ешқандай тәрбиеші-педагог не оның істері ауыстыра алмайды. **“Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың”** – деп атам қазақ бекерге айтпаған. Осыдан, талап – отбасымен қажет байланысты қолдап, қуаттау, бекіте түсу, қай тәрбиелік мәселе болса да, оны ата-аналармен бірлесе шешу.

3. Тұрмыста осы тәрбиеге байланысты кейде табиғи тәрбиелеуші жанұя ресми тәрбиеші талаптарын ұнатпай қалатын да жағдайлар кезігіп қалады. Көп жағдайда ата-аналар өз балаларын шектен тыс еркелетіп, олардың енжарлыққа түсуіне қолқа болады да педагогтардың сол бала тәрбиесіндегі барша жетістіктерін демде желге ұшырады. Мұндай келісімсіздіктерді жоюда бала тәрбиесін оңды жолға қоялық дегендердің бәрі ортақтастық табуға ынталы болғаны жөн.

4. Кейде тәрбиеші ұжым, қоғамдық ұйымдар пікілерімен келіспей, өз әріптестерін сынға алатын жағдайлар да болып қалады. Бұл балалар көзқарастары мен нанымдарына әсер етпей қоймайды. Сондықтан бала тәрбиесі мекемелерінің мүшелері өзара келісімде, бірлікті қызмет жүргізгені жөн.

5. Ұштастық пен бірізділік принциптері талаптарына орайлас дәрістерге және оқудан тыс тәрбие жұмыстарын бір жүйеде алып барған орынды. Тәрбие жұмысында бұрыннан орныққан ұнамды қасиет-сапаларды ескерген жөн. Педагогикалық ықпалдар мен талаптар біртіндеп күрделенуі керек. Бірлікті талаптардың орындалуы жолында отбасы мен ата-аналарға тікелей кеңесші – тәрбиеші-педагог.

6. Тәрбиелік ықпалдарды үйелестіру тәсілі – тәрбиеге қатысты адамдардың, қызмет түрлері мен әлеуметтік мекемелердің басын қосып, күш біріктіру. Осыдан да тәрбиеші қоғамдық мекемелер, әлеуметтік қауымдастықтар және отбасымен байланыс түзуде шаршап-шалдығу білдірмегені жөн.

Сонымен, тәрбие принциптері – тәрбие үдерісінің мазмұнына, әдістеріне, ұйымдасуына қойылатын негізгі талаптарды анықтаушы жалпы бастау тұжырымдары. Бүгінгі таңдағы гуманистік педагогика ұстанған принциптері: тәрбиені нақты тұлғаға бағыттау; жеке және қоғамдық тәрбие бағыттарын үйлестіре, байланыстыру, тәрбиені өмір және еңбекпен ұштастыру; тәрбиелік ұнамды үлгі-өнегені арқау ету; тәрбиелік ықпалдарды біріктіре, пайдалану.

Тәрбие мазмұны

Тәрбие мазмұны – бұл белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес меңгерілуі тиіс білім, ептілік, дағды, көзқарас пен нанымдар қоры, тұлғаның мінез бітістері мен тұрақты әдеттерінің **жүйесі**. Ақыл, тән-дене, еңбек және политехникалық, инабаттылық пен имандылық, эстетикалық тәрбие – бәрі бірдей біртұтас педагогикалық арнада тоғысып, тәрбиенің басты мақсаты – жан-жақты әрі үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға қызмет етеді.

Қазіргі өтпелі заманда тәрбиеге деген көзқарас әлі тұрақтамай тұр. Нақты стратегия болмағандықтан мектеп және басқа да тәрбие мекемелері дағдарыста. Солай да болса, дағдарыстан шығудың жолы ретінде бүкіл қоғамдағы сияқты мектептегі гуманизация және демократия бағыты бірден-бір дұрыс деген пікір орнығуда. Бұл күндегі тәрбие үдерісінің мәнін түсінуде төменде келтірілген идеялар негізге алынады:

1. **Тәрбие мақсатының шынайылығы** (реализм).

Бүгінгі таңдағы тәрбиенің нақты мақсаты – адамды оның өз басының тілек, қабілет және дарынына сәйкес жан-жақты дамыту. Бұл мақсатты іске асыруда сүйеніш болар құрал – оқушыға мәдениеттің тірек негіздерін игерту. Осыдан, тәрбие мазмұнындағы өзекті ұғым – тұлғаның **“тірек мәдениеті”**. Бұл әр адамның өз тіршілік және өмірлік салты мен әрекет жолын таңдастыра білу мәдениеті, яғни жалпы біліктілік және адамгершілік сапа-қасиеттері қоры: дүниені тану білімдері мен оған қатынасы; инабаттылық және имандылық қылық-әрекеті; адамилыққатнастары мен еңбектену мәдениеті; демократиялық және құқықтық, экономикалық және экологиялық, көркемөнер және тән-дене, отбасы қатынастары мәдениеті.

2. **Ересектер мен балалардың бірлікті іс-әрекеті.**

Аға ұрпақ есінде: кеңестік педагогика талаптарына сәйкес педагог пен оқушы қызметі өзара ажыралатын: педагог міндеті - оқушылар үстінен қарап, олардың жұмысына басқарым беретін де, оқушылар – мұғалім нұсқауларын бұлжытпай орындауға міндетті болатын. Мұндай жүйе тыңғылықты нәтиже қамтамасыз етуде қауқарсыздық танытты, себебі тәрбиеші мен тәрбиеленушілер әрекетінде бірлік болмады. Гуманистік педагогика педагогтарды инабаттылық өнегелерін балалармен бірге тізе қоса іздестіруге бағыттап, ең жоғары рухани және еңбек мәдениеті үлгілерін іріктеуге, соның негізінде өзіндік құндылықтар, жеке өмірлік қалып талаптары мен заңдылықтар қалыптастыруға ойыстырады. Тәрбие мұраты арқауына қол жетпейтін “ай, жұлдыз” емес, нақты өмір қажетіне тиісті құндылықтар алынуы тиіс.

3. **Өзіндік дербестікке жету.**

Тәрбие міндеті – берік сенімге ие, демократиялық көзқарастары мен өмірлік бағыты бекіген біртұтас тұлғаны қалыптастыру. Осыдан тәрбие мазмұнының аса маңызды бірлігі – адамның **өмірлік өз дербестігіне жету мәдениеті**. Өзіндік тіршілік дербестігі – жеке кәсіби не азаматтық дербестік мәнінен ауқымдылау. Бұл тұрғыдан әр адам өз өмірі мен өз бақытын өз қолымен тұрғызатын жасампаз шебер. Әр адам өзімен-өзі үйлесімге келсе ғана, оның азаматтық, кәсіптік және инабаттық-имандылық дербестігі шыңдала түседі.

4. Тәрбиенің нақты тұлғаға бағытталуы.

Барша тәрбиелік жұмыстардың өзегі бағдарлама, жабдықтар немесе әдістер мен формалар емес, – **бала – біздің барша педагогикалық қызметтеріміздің мәні де ең жоғары міндет – мақсаты да сол.** Тәрбие міндеттері - сол нақты баланың дара бейімділіктері мен қызығуларын, мінезін, өз қадірін тану сезімін дамыту. Тәрбиеленушінің жақын-жуық мүдделері мен қызығуларынан оның ең жоғары рухани қажеттеріне қарай ілгерілі қозғалысты дамыта түсу – тәрбие үшін басты көрсетпе және негізгі ереже болуы тиіс.

5. Еркінділік.

Тәрбиеленушілердің өз қалау еркіндігі болмай, тәрбиенің мән-мағыналық идеялары: рухани даму, өмір кедергілерін жеңу, өз қадірін ардақтау, сонымен бірлікті қызметтестік қажеттігін түсіну – орындалуы мүмкін емес. Зорлау не жоғары нұсқау негізінде ұйымдастырылған тәрбие үдерісі баланы да, мұғалімді де адамгершілік ыдырау (деградация) дағдарысына ұшыратады. Баланы “тәрбиелен” деп, мәжбүрлеу мүмкін емес. Егер тәрбиеші балалық қызығу мен асқақ арманға, жолдастық-достық сезім мен азаматтық борышқа, дербес өзіндік қызмет пен шығармашылыққа сүйене алса, тәрбиеленушінің еркіндігі мен еріктік қуаты барынша жарқырай көрініп, тұлғалық дамуындағы жетекші күштерге айналады.

6. Ұжымдылық.

Бастауыш мектептегі тәрбиелік жұмыстар мазмұны ұжымдық тұрғысынан да өзгерістерге түсе бастады. Енді ұжым тәртіп орнатушы басты орган, кезіккен мәселені шешуге тәрбиеші көмекшісі болу сипатынан қала бастады. Әлбетте, балаларды бірлікті өмір сүруге, қызметтес болуға, туындаған мәселелерді бірлесіп шешуге баулу қажет. Дегенмен, бірдей ерікті, тәуелсіз адам ешқандай ұжымға бағынбайды. Демократиялық тәрбие мен ұжымдық тәрбиенің өзара ажыралатыны да осы тұста. Ұжымдық тәрбие, қазіргі заман көзқарасында, қаншама тиімді болғанымен, жеке тұлғалықты басуға, оның рухани, адамгершілік күштерін бұғаулауға бағытталған.

Мектептің демократиялық болашаққа ұмтылысы тәрбие мазмұны мен әдістерінің жаңалану кепілі, ол:

– тұлғаны көп ішінде еленбей қалудан сақтап, оның жан-жақты дамып, жарқырай көрінуіне ықпал жасайды;

– жаттанды білімдермен шектелмей, дүниені жете тану мен қайта құруға бастау береді;

– өміршілдік пен жатырқаушылықтан шынайы адамгершілік қарым-қатынас және қызметтестікке жетелейді.

Бұл идеялардың іске асуы үшін іс жүзінде тәрбие қалай ұйымдастырылуы қажет? Бүгінгі таңда тәрбиеленушіге “адам ондай да мұндай тәрбие алуы қажет” – деп уағыз айту жеткіліксіз. Бала “Ал оның неге қажеті бар, одан не түседі?” – деп қарсы сұрақ қояры сөзсіз. Шетелдік тәрбие жүйелерінде ең алдымен осы тұрмыстық мүдделер (**не үшін? неге қажет? не береді?**) алға тартылып, тәрбие мазмұнына ұнамды қатынас жасауға күшті себепші болады. Бастауыш мектеп тәрбиешісі жоғарыда қойылған сұрақтарға жауап бере білуі тиіс, сонымен балаларды тәрбиенің артықшылығына түсіндіре сендіріп, мектепке, жалпы тәрбиеге болған күмәндерінен арылту қажет.

Ұтымды ұйымдастырылған тәрбие адамды өмірдегі үш басты рөлге – **азамат, еңбеккер, отбасы иегері** болуға дайындауы тиіс. Аталған тұлғалық сапаларды қалыптастыруда бастауыш мектептің маңызы орасан: өсіп келе жатқан ұрпақ өкілінің нақты қасиеттерін баулып, дарыту кіші сыныптар үлесіне тиген.

Азаматтық сапалар:

Ел, қоғам, ата-ана алдындағы борыш сезімі, яғни азаматтық міндеттерді атқару.

Ұлттық мақтаныш және отаншылдық сезімі. Ана тілді, Мемлекеттің Ата Заңын, мемлекеттік өкімет органдарын, Елбасы-Президентті, мемлекеттік рәміздерді сыйлау.

Ел тағдырына жауапкершілік.

Қоғамдық тәртіп, бірлікті өмір кешу мәдениеті.

Елдің ұлттық байлығына, тіліне, мәдениеті және үрдістеріне ыждағатты қатынас.

Қоғамдық белсенділік.

Демократиялық принциптерді ұстану.

Табиғатқа қамқорлық.

Өзге адамдар құқықтары мен еркіндігін құрметтеу.

Белсенді өмірлік бағыт-бағдар.

Құқықты мойындау және азаматтық жауапкершілік.
Адалдық, шыншылдық, қайырымдылық, мейірбандық.
Өз істері мен қылықтарына жауапкершілік.

Тарих тәлкегімен шет елдерге орын тепкен қандастарға
бауырмалдық.

Интернационализм, басқа ұлт өкілдеріне, ел халықтарына
сый, құрмет.

Қазіргі заман еңбеккері сапалары

Тәртіптілік және жауапкерлік.

Еңбектенуге қабілеттілік және ұқыптылық.

Жалпы және экономикалық білімдер.

Саяси білімдер.

Еңбекке шығармашылық қатынас.

Табандылық, тапсырыстарды жылдам да тез орындауға
ұмтылыс.

Кәсіптік мақтаныш, шеберлікке құрмет.

Саналылық, кішіпейілділік, ұқыптылық.

Еңбек тәжірибесі.

Кеуілді өндіріс мәдениеті.

Еңбекке, өмірге, бірлікті қызметке әсемдік қатынас.

Ұжымдылық, бірлікті еңбек ептілігі.

Ынталылық, дербестік.

Ел, қоғам игілігі үшін көп әрі жемісті еңбектенуге дайын
болу.

Іскерлік пен тапқырлық.

Еңбек нәтижелеріне жауапкерлік.

Еңбек адамдары мен өндіріс шеберлеріне құрмет.

Отбасы иегері сапалары:

Еңбеккерлік, жауапкершілік.

Әдептілік, кішіпейілділік, қарым-қатынас мәдениеті.

Көпшілік арасында өзін ұстай білу.

Мұнтаздық, ұқыптылық, гигиеналық дағдылық.

Дені сау, салауатты өмір салтында белсенділік.

Бос уақытын көңілді өткізе білу.

Жан-жақты білімділік.

Құқықтық талаптар мен заңдарды білу.

Тәжірибелік психологияны, этиканы білу.

Бала тәрбиесінен хабардар болу.

Некеге тұруға, отбасы міндеттерін орындауға дайындық.

Ата-аналар мен қарияларға құрмет.

Байқағаныңыздай, бастауыш мектеп мұғалімі тәрбиенің мазмұндық бірліктерін ойдан шығарып не сырттан теріп жатпайды. Бұлардың бәрі тұрмыстық мәселелерді шешу қажеттігінен туындайды. Тәрбиеші бастуыш мектептің барша кезеңдеріне арнап, болашақ азамат, еңбеккер, отбасы иегерін қалыптастыруға бағышталған жүйелі тәрбиелік жұмыстар жоспарын түзеді. Барша мектептердегі түгел, сыбайлас сыныптардағы тәрбие мазмұнын күні бұрын тәптіштеп белгілеу ешқандай бағдарлама қолынан келмейді. Осыдан да шамалап белгіленген тақырыпқа сүйене отырып, әр педагог мазмұнның нақты бірліктерін тәрбие мақсаттарына, нақты жағдайлар мен оқушылардың тәрбиелік деңгейіне орай анықтайды.

Сонымен, қоғамның түбегейлі өзгерістері заманында тәрбиелік нақты бағдарлама түзіп, тәрбиешілерге дайын жобалар ұсыну қиын. Дегенмен, бізге қоғамның даму бағыты мен болашақ мектептің алға қойған басты міндеті – өсіп келе жатқан әулетті қай бағдарға дайындау қажеттігін белгілеу. Бастауыш мектептегі тәрбие негізі - жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру, ал мазмұнның нақты бөлімдері - азамат, еңбеккер, отбасы иегерінің өмірлік маңызды сапаларын тәрбиелеу төңірегінде топтастырылады.

Өзіңізді тексеріңіз

1. Тәрбие деген не?
2. Тәрбие теориясы деген не?
3. Қандай тәрбие категорияларын білесіз?
4. Тәрбие үдерісінің бағдарлылығын қалай түсінесіз?
5. Тәрбие үдерісінің күрделілігі неліктен?
6. Тәрбие үдерісінің кешенді болуының себебі неде?
7. Тәрбие үдерісінің құрылымы қандай?
8. Тәрбиенің жалпы заңдылықтарын сипаттаңыз.
9. Тәрбие принциптері деген не?
10. Олардың ерекшеліктері қандай?
11. Тәрбиенің қоғамдық бағытталуы деген не?
12. Бұл принциптің талаптары қандай?
13. Тәрбиенің өмірмен байланыстық принципінің мәні не?
14. Осы принциптің ерекшеліктері қандай?
15. Ұнамды үлгі-өнегені арқау ету принципінің мәнін түсіндіріңіз.
16. Тәрбиенің нақты тұлғаға бағытталу принципін қалай түсінесіз?
17. Бұл принципті іске асырудың жолдары қандай?
18. Тәрбиелік ықпалдар бірлігі принципінің мәні қандай?
19. Бұл принципті қалай орындар едіңіз?
20. Тәрбие үдерісі мазмұны деген не?
21. Тәрбиенің ізгі міндеттері – азамат, қызметкер, отағасы тәрбиелеу мәнін түсіндіріңіз.

11-ТАРАУ

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ӘДІСТЕРІ МЕН ФОРМАЛАРЫ

Жоспар:

Тәрбие әдістері мен формалары
Сана тәрбиесі әдістері
Іс-әрекет ұйымдастыру әдістері
Ынталандыру әдістері
Тәрбие формалары

Тірек конспект-сөздік

Тәрбие әдісі – 1) көзделген мақсатқа жету жолы, тәсілі; 2) тәрбиеленушілер санасына, еркіне, сезіміне, мінезіне ықпал жасау әрекеті; 3) тәрбие тәсілдері мен құрал-жабдықтар жүйесі.

Тәрбие мақсаты – тәрбиеленушілерде мүдделі сапаларды қалыптастыру.

Педагогикалық шеберлік шыңы – тәрбие әдістерін түзу, таңдау және дұрыс қолдана білу.

Тәрбие тәсілі – нақты тиімділікке жеткізуші жеке әрекет, жалпы әдіс бөлігі.

Тәрбие құрал-жабдығы – тәсілдер жиынтығы.

Тәрбие әдістерінің топтасу негізі – 1. Сана қалыптастыруға бағытталуынан. 2. Іс-әрекет ұйымдастыру мақсатынан. 3. Ынталандыру мүддесінен.

Сана қалыптасу әдістері – насихат, хадис әңгімелері; ізгілік-этикалық тақырыпты әңгімелеу; түсіндіру-сендіру; этикалық сұхбат, үлгі-өнеге, еліктіру.

Тәрбиелік іс-әрекет ұйымдастыру әдістері – жаттықтыру (упражнение), талап қою, дағдыландыру (приучение), тәрбиелік жағдаяттар түзу әдісі.

Ынталандыру әдістері – мадақтау, жазалау, жеке бас пайдасына еліктіру (субъективно-прагматический метод).

Тәрбие формалары – тәрбие үдерісінің мазмұндық, ұйымдасу тәсілдерінің сырттай көрінісі.

Тәрбиелік істер – тәрбиеленушілердің нақты іс-әрекетін ұйымдастыру мен іске асыру формалары.

Тәрбиелік істер түрі: әлеуметтік бағыттағы істер (тәртіпке үйрету); адамгершілік тәрбиелеу істері; оқу еңбегіне үйрету; эстетикалық тәрбие істері; дене шынықтыру, салауатты өмір салтына үйрету істері; экологиялық және еңбекке баулу істері.

“Мұғалімдік (ұстаздық) еткен адамның өлшеуі (әдісі) тым өктем болмасын және тым асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғарымен болса, онда оқушылар мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егерде өте босатып жіберген кішіпейілділік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау, оның ғылымына жалқау қарау қаупі туады”.

Әл-Фараби

Тәрбие әдістері мен тәсілдері

Тәрбие әдістері дегеніміз тәрбие көздеген мақсатқа жетудің жолдары, тәсілдері. Мектеп тәжірибесіне орай әдістердің және бір анықтамасы – қажетті сапаларды қалыптастыру мақсатымен тәрбиеленушілердің санасына, еркіне, сезіміне және қылық-әрекетіне ықпал жасау тәсілдері. Әдістер түрі саналуан да шексіз көп. Ал оның нақты көрінуі өз шәкірттерінің білімдік күш-қуаты мен жалпы мүмкіндіктерін жете танып, оларды өтілетін материал сипатына байланыстырып және басқа да көп оқу жағдаяттарын зерделі саралай білген педагог әрекетіне тәуелді. Қай тұлға, қанша тұлға араласса, әдіс формасы да сондай әрі сонша – бұл заңдылық. Әлбетте, әдістердің бәрі бірдей тиімді деп айту қиын. Ол үшін сол әдістің түзілу, қолдану жағдайларын білу қажет. Нақты мақсатқа байланысты дайындалған көп әдістердің ішінен біреуі ғана тиімді болуы мүмкін. Тәрбие тәжірибесі алдымен ежелден келе жатқан дәстүрлі әдістерге арқа сүйегенді тәуір көреді. Алайда көптеген жағдайларда олардың да тиімсіз болып қалатыны бар, сондықтан да тәрбиеші әрдайым тәрбиенің нақты шарттарына сай келер көздеген мақсатқа үлкен үнем және мол табыспен, жылдам жеткізетін жаңа әдістерді іздестіруге мәжбүр. Тәрбие әдістерін құрастыру, таңдау және дұрыс қолдану – педагогикалық шеберлік шыңы.

Тәрбие **тәсілі** – жалпы әдіс бөлігі, нақты жақсаруға жеткізетін жеке әрекет. Көркемдеп айтатын болсақ, тәсіл – тәрбиешінің өз шәкірттерімен бірге мақсатқа тезірек жету үшін таптап өткен соқпағы. Егер осы тәсілмен басқа да тәрбиешілер пайдалана бастаса, тәсілдер уақыт озуымен даңғыл жолға – әдістерге айналады. Әдістер мен тәсілдер байланысының тығыз екені осыдан көрінеді.

Тәрбие **құрал-жабдықтары**. Тәсілдер жеке ықпалдарды байқатса, құрал-жабдықтар сол тәсілдердің жиынтығынан құралады. Мысалы, еңбек – тәрбие құралы, ал көрсету, еңбекті бағалау, жұмыс қателігін білдіру – тәсілдер. Сөз (кең мағынада) – тәрбие жабдығы, ал ілікпе сөз, әзіл ескертпе, ескертпе теңеу – осы жабдық құрамындағы тәсіл. Бұл тұрғыдан кейде тәрбие әдісін көзделген мақсат үшін қолданылатын тәсілдер мен құрал-жабдықтар **жүйесі** деп те айтады.

Әдіс баламалары өте көп. Олар арасынан мақсаттар мен нақты жағдайларға сай келетіндерін таңдап алу үшін оларды қандай да бір ретке келтіріп, топтастыру, (классификациялау) қажет. Әдістер **классификациясы** дегеніміз қандай да белгісі бойынша бір топқа келтірілген әдістер жүйесі. Осыған арқа сүйеп, педагог барша жүйені анық білуімен бірге оның қажеті мен өзіне тән сипаттарын тереңірек түсінеді.

Тәрбие әдісі – көп өлшемді құбылыс, оның жүйелесуіне негіз болар белгілер сан-алуан. Солар арасында аса танымал болғандарын атап өтейік. **Сипаты** бойынша әдістер – сендіру, жаттықтыру, мадақтау және жазалау. Мұндағы “сипат” мәні – әдістің бағыт-бағдарын, қолдану аймағын, ерекшеліктерін ж.т.б. білдіреді. Сипаты бойынша ерекшеленетін және бір әдістер тобы – сендіру әдістерін, оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру, баланы ұнамды әрекет-қылыққа ынталандыру әдістерін қамтиды.

Жақсы не жаман, тиімді не тиімсіз әдіс болмайды. Бәрі оның қолданылуына тәуелді. Өміршіл не гуманистік педагогика әдісі де жоқ. Бәрі маңызды, бәрі де қажет, бәрі де өте пайдалы болуы мүмкін, сонымен бірге түкке жарамсыз келуі де ықтимал. Өңгіме сол әдістердің бағытталуы мен қолданылу ерекшеліктерінде.

Сонымен, тәрбие әдістері – мақсатқа жетудің жолы. Сипаты бойынша әдістер – сендіру, іс-әрекет ұйымдастыру, оқушыларды әрекет-қылыққа ынталандыру болып ажыраланды.

Дұрыс ұйымдастырылған тәрбиенің бірінші сатысы – оқушылардың өздерінде қалыптасуы қажет әрекет-қылық қалыптары мен ережелерін **білу (түсіну)**. Ең алдымен қандай да сапаны туындатып, орнықтыру үшін, сол сапаның мән-мағынасын жете түсініп алу міндетті. Адамның көзқарастарын, ұғымдарын, наным-сенімдерін кемелдендіруге бағытталған әдістер **тұлға санасын қалыптастыру** әдістері атама-сын алған. Бұл топ әдістері екінші кезеңде іске қосылатын – сезім, көңіл-күй толғаныстарын қалыптастыруда аса қажет. Егер оқушы педагогикалық ықпалға бейтараптылық пен немқұрайлылық танытатын болса, тәрбие үдерісі баяулайды, мақсатқа жете алмайды. Егер оқушы қабылдаған идеясын өзін толғантқан жарқын бейнеге айналдыра алса ғана, оның бойында ізгі де жарқын сезімдер туады. Өткен жылдар оқулықтарында бұл әдістер тобы **сендіру** әдістері деп аталған, себебі оларды міндеті – тұрақты наным-сенімдер қалыптастыру болған. Оқушы әрекет-қылығына дем беретін оның білімі мен білігі емес, ең алдымен ол көзделген **адами сапаның қоғамдық қажеттігі** мен **өзіне пайдалылығын** танып, оны өз нанымы негізінде әрекет-қылыққа айналдыруға қажет, ал бұл сана қалыптасуымен бірге жүретін психикалық құбылыс. Тәрбие мазмұнымен белгіленген іс-әрекетке бала белсенді араласуға дайын болған жағдайда ғана қолданылатын әдіс өз нәтижесін береді.

Наным-сенімге оқушыны әрқилы әдістермен жеткізу мүмкін. Өткен ғасыр басындағы бастауыш мектептерде бұл үшін тағылым-тарихи өсиеттер, хадистер мен тымсалдар кең қолданылған. Ал қорытынды (мораль) шығару баланың өз еркіне берілді. Өкініштісі, бүгінде біз мұндай аса құнды әдістерді пайдаланудан мүлде қалғанбыз, олардың орнына тура, қарабайыр, ойға жетелемейтін уағыздау әдісіне көшкенбіз. Құрғақ уағыз айтып, шексіз бір жақсы көрсетпенұсқау беруден түскен өнім шамалы. Сондықтан, ұмыт болған әдістерді жаңғыртып, мұғалімдер өз сабақтарында ислам ха-

дистерін, ақын-жыраулар тағылымдарын, шешен билердің ұлағатты кеңестерін,ғұлама Абайдың “Қара сөздерін” ж.т.б. тағылым-тәрбие көздерін молынша пайдалануда. Сондай-ақ әдептілік-имандылық тақырыбындағы **әңгімелер, ұғындыру, түсіндіру, әдептілік сұхбаттары, насихаттау, сендіру, көрсетпе беру** әдістері де өз қолданымын табуда. Сендірудің аса маңызды әдісі – **өнеге-үлгі**. Әдістердің әрқайсысы өз ерекшелігі мен қолданымына ие. Сырт көзге қарапайым көрінгенмен, бұл топ әдістерінің бәрі де жоғары педагогикалық бірлікті қажет етеді әрі жүйелі түрде басқа әдістермен бірге қолданылады.

Этикалық тақырыптағы әңгіме – инабаттық мазмұнға негізделген деректер мен оқиғалардың үлкен көңіл көтеріңкілігімен әсерлі баяндау әдісі. Сезімге ықпал ете отырып, әңгіме моральдық бағамдар мен әрекет-қылық қалыптарының мәнін түсініп, ұғуға жәрдемдеседі. Ол адамгершілік ұғым, түсініктерінің мазмұнын ашып қоймастан, оқушылардың инабаттылық талаптарына сәйкес болымды тұлғалық әрекеттеріне деген ұнамды қатынас өрбітіп, мінез-құлықтың оңды өзгерісіне ықпал жасайды. Әдептілік әңгімелері бірнеше қызмет жасайды: 1) білім көзі; 2) тұлғаның адамгершілік сапаларын басқалардың имандылық қасиеттерімен толықтырады; 3) тәрбиелік ұнамды үлгі-өнегені өрнек ретінде ұсынылады.

Әдептілік әңгіме тиімділігі келесі шарттарға байланысты:

– әңгіме оқушылардың әлеуметтік тәжірибесіне сәйкес болу қажет. Ол – қысқа, түсінікті, балалар толғаныстарына орай;

– әңгіме көрнекілік әдісін бірге қолдану арқылы жүргізіледі (көркемөнер туындылары, көркем фотосуреттер, халық өнерменттері бұйымдары), әңгіме мазмұнын қабылдауға әңкүй үлкен жәрдем береді;

– әдептілік әңгіме өткізу үшін қолайлы үй-жай, жағдай қажет.

Қоршаған жай-жағдайлардың әсемдігі мен **ондағы дүние заттары, олардың** адам көңіліне көтеріңкі әсері әңгіме тақырыбы мен мазмұнына сәйкес болуы қажет шарт. Педагогикалық құрал-жабдықтар қорында қай жағдайда да жарасымды әңгімелер молшылық (шеру алаулары төңірегі, автокөлікті саяхат барысында, кең дала төсінде не жайлы бөлмеде, үлкен қала алаңында немесе көктем бағында).

– әңгіменің әсері кәсіптік дайындыққа байланысты. Ебедейсіз, дерекі тілді адамнан шешен әңгімеші шықпайды, ондайдан бала құлағы тынып, қашуға мәжбүр болады.

– әңгіме мазмұны тыңдаушыларды еліктіруі шарт. Одан алған әсер көп уақытқа дейін ұмытылмауы тиіс.

Ұғындыру – тәрбиеленушілерге эмоционал-сөздік ықпал жасау әдісі. Бұл әдістің қолданылуы сынып ұжымы мен әр баланың тұлғалық сапаларын танып, білуге көзделген. Бастауыш мектеп балаларына қарапайым тәсілдер мен құрал-шараларды пайдаланудың өзі жеткілікті. Кіші жастағы оқушы “Осылай істеу керек”, “Осылай істеп жатыр” – деп жай ескерткеннің өзінде-ақ, педагог айтқанына ере салады. Ұғындыру әдісі, егер тәрбиеленуші қандай да талаптың мәніне жете алмай жатса, жаңа адамгершілік сапа жөніндегі ақпарды ой елегіне түсіріп, қабылдауға қиналса, яғни қалай болғанда да оның санасы мен сезіміне түрткі салу қажетінде қолданылады. Ал мектепте қоғамдағы жай, айқын да ақиқат ережелерді ежелеп түсіндіре ұқтырудан аулақ болған жөн, мысалы, партаны сызба, тұрпайы сөз айтпа, еденге түкірме ж.т.б. Бұл орайда ұғындыру емес, шектеу әдістерін қолданған дұрыс. Аталған әдіс негізінен: а) жаңа моральдық сапа мен әрекет-қылық формасын қалыптастыру әрі бекіту үшін және б) тәрбиеленушілердің қандай да болған қылыққа дұрыс көзқарас-қатынасын қалыптастыру ниетімен - қолданылады.

Қандай да ұғымның орнығуы, баланы оған **сендіре білуге** байланысты. Сенім кейде мұғалім сөзін сын-сарапқа сала алмаудан шалыс, қателікті болуы мүмкін. Сенімнің санаға еніп жатқанын адам сезе бермейді, осыдан ол ырықсыз сеп-түрткілер жетегінде қалып, тұтастай тұлғалық сапаларын өзгертуіне тура келеді. Педагог сендіру әдісін оқушыға нақты нұсқау-талапты қабылдату үшін, басқа тәрбие әдістерінің ықпал әсерін күшейту мақсатында қолданады.

Тәрбие тәжірибесінде ұғындыру мен сендіруге қоса **үгімтеу** әдісіне де жүгінуге тура келеді. Үгіттеу әрекеті тәрбиеші ұстанған қатынас формасына түгелдей тәуелді. Үгіттеу арқылы педагог тәрбиеленуші тұлғасында ұнамды қалыптарды жобалайды, жақсылық сенімін ұялатады, жоғары нәтижелерге жететініне сендіреді. Үгіттеуден болатын тиімділік тәрбиеші абыройы-

на, оның жеке адамгершілік болмысына тәуелді, өз сөздері мен әрекеттерінің дұрыстығына кепіл бола алған жағдайда ғана оның үгіті мақсатына жетеді. Бала тәрбиесінде ұнамды үлгі-өнегеге арқа сүйеу, мадақ, өз қадірін сезіну, ар-намысты қолдан бермеу секілді алғы шарттарды пайдаланған педагог қай күрделі жағдайда да үгіт жұмысының өз нысанына жетіп, жемісті боларына толық сенуіне болады.

Үгіттеу арқылы кейде оқушыны өз қылығынан ұялу, өкіну сезіміне келтіруге болады. Педагог баланың мұндай сезімдерін оятып қана қоймастан, келеңсіз әрекеттерін түзетудің жолдарын да көрсетеді. Бұл жағдайларда орынсыз әрекеттің, оның салдарының мәнін дәлелді ашып берумен бірге тәрбиеленуші мінезіне ұнамды ықпал жасаушы тәрбие көздерін тауып, қолданады. Кейде орынсыз қылық білместіктің салдарынан болады. Мұндайда үгіт ұғындыру және сендірумен бірге қолданылып, оқушы өз қателерін мойындап, мінезін оң қалыпқа келтіргендей әсерде жүргізіледі.

Тәжірибе кемістігінен не балаға деген немқұрайлылықтан жоғары ізгілікті әдістер-әңгімелеу, ұғындыру, үгіттеу-дерексіз ақыл айту формасын алады. Мұндай “ақылгөйліктен” тәрбие мақсаты орындалмайды. Керісінше, бос сөзді мораль оқу баланы қырсықтырып, айтқанға қарсы әрекет жасауға ұрындырады. Бұның мәні - өздігінен әдіс бейтарап, әңгіме оны кім және қайтіп қолдануында.

Әдептілік сұхбаты – екі тарап өкілдері – тәрбиеші және тәрбиеленуші қатысуымен болатын жүйелі де бірізді білімдер талқысы. Сұхбаттың әңгімелеу мен көрсетпе беруден айырмашылығы – тәрбиеші өз сұхбаттасы – тәрбиеленушінің пікірін тыңдайды және онымен есептеседі, олармен болған өз қатынасын құқық теңдігі және қызметтестік принциптері негізінде түзеді. Әдептілік сұхбаттарының негізгі арқауы адамгершілік, инабаттық-имандылық мәселелері. Сұхбат мақсаты – ізгілік ұғымдарын нығайту, тұрақтандыру, бұл бағыттағы білімдерді қорытындылау және бекіту, адамилық көзқарастар мен сенімдер жүйесін қалыптастыру.

Әдептілік сұхбаттары тәрбиеленушілерді өздерін толғантқан барша сұрақтар бойынша дұрыс баға шығарып, пікір жүргізуге жәрдем береді. Болған жағдай, оқиғалар мен әрқандай

қылықтарды талқыға сала отырып, балалар олардың мән-мағынасын жеңіл түсінуге мүмкіндік алады. Көп жағдайларда әдептілік сұхбаттарды өткізуге нақты дерек, оқиға, балалардың қылығы себеп болады. Мұндай сөйлесулерді болған оқиғалардың “ізін суытпай” не сол оқиғаның кінәкәрі сәл өзіне келіп, “жүрегі орнына” түсіп, мән-жайды аңғаратындай болған соң ұйымдастырған жөн.

Әдептілік сұхбаттарының тиімді болуы келесідей маңызды шарттарға тәуелді:

1. Сұхбаттың мәселелі сипатта болғаны өте маңызды. Осыдан көзқарастар, идеялар, пікір сайыстары өрбиді. Тәрбиеші тосын, қалыпқа келмейтін сұрақтардың туындауына себепші болып, өз шәкірттерін оларға жауап іздеп, табуға баулиды.

2. Сұхбаттың жаттанды дайын не үлкендердің құлаққа салған жауаптары бойынша өтуіне жол бермеңіз. Балаларды не ойлағанын ашық айтуға тартыңыз, басқалар пікірін сыйлауға үйретіңіз, шыдаммен дәлелді тұжырымдар топшылауға жетелеңіз.

3. Сұхбатыңыз тәрбиеші көпіре сөйлеп, тәрбиеленушілер үндемей тыңдайтын дәрісбаянға айналып кетпесін. Сұхбат барысында ашық та анық айтылған пікір балаларды дұрыс қорытындыға келтіреді. Өңгіме-сұхбат нәтижелілігі екі адам ортасындағы көңіл табысудан, пейіл жылуынан шығады.

4. Сұхбат үшін таңдалған материал тәрбиеленушінің эмоционалдық кейіпіне сай болғаны жөн. Талқыланатын тақырып оқушыларға жете түсінімді болмай, олардан сөз-жарыс, пікір талас белсенділігін күту не талап етуге болмайды. Шынайы тәжірибеге негізделген сұхбат қана өзінің болымды нәтижесін береді.

5. Сұхбат барысында барша көзқарастарды айқындап, салыстыра білу қажет. Ешкімнің де пікірін жоққа шығаруға болмайды – бұл әділдік, шынайылық, қатынас мәдениетінің ізгілікті белгілері.

6. Әдептілік сұхбатына дұрыс басшылық мәні – тәрбиеленушілерге өз ынта, әрекетімен дұрыс шешім қабылдауға жәрдем беру. Бұл үшін тәрбиеші болған оқиғаларға тәрбиеленуші тұрғысынан көз салып, оның ойы мен сезімін түсінуге тырысуы қажет.

Сұхбат өзінен-өзі бола қалады деу – қате пікір. Жоғары маманданған педагогтар әдептілік сұхбаттарын не болса соны сылтау қылып, өткізе салмайды, оған тыңғылықты дайындық жасайды, шәкірттерін де байыппен дайындайды. Бастауыш мектепте әдептілік сұхбаттары жалқылау (индуктив) жолымен жүргізіледі: нақты деректер талқыланады, баға беріледі, содан соң жалпы қорытынды жасалады.

Жазықты балалармен сұхбаттасу үлкен кәсіби шеберлікті қажет етеді. Мұндай әңгімелесу кезінде екі ортада психологиялық кедергі, түсініспестік болмауы тиіс. Егер оқушы болған жағдайды дұрыс түсінбейтіні байқалса, оның намысына тимей, кемшілік-қателігін бетіне баспай, әрекет-қылығының шалыс екенін ұғындырып бағу қажет, көпшілік көзінде бұл сұхбат қысқа да нұсқа, байсалды, әжуә-сықақсыз өткені дұрыс. өз тәрбиешісінің шынайы көңілін, жәрдем пиғылын сезінсе ғана, ол айтқан ақыл-кеңеске құлақ түреді, жазатайым болған келеңсіз ісін енді қайталамауға уәде береді, қайтып ондай әрекетке бармайды да, оқушымен жекелеп сұхбаттасу тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы кейіп түсіністігімен өтсе, оның толық нәтижеге жеткені.

Үлгі-өнеге – өте әсерлі тәрбие әдісі. Бұл әдіс негізінде жатқан заңдылық: көрумен қабылданған санада тез әрі жеңіл бекиді, себебі оны ойланып сөзбен таңбалап не таңбасын ауыстырып жетудің қажеті жоқ. Үлгі – бірінші, ал сөз – екінші сигналдық жүйе деңгейінде әсер етеді. Үлгі еліктеу үшін нақты өрнек беріп, сана, сезім, сенімді белсенділік қалыптастырып, іс-әрекетке қозғау салады. “Уағыз жолы ұзақ, үлгі жолы қысқа” – деген байырғы Рим ғұламасы Сенека. Бала өміріндегі тұңғыш жанды өрнек – ата-ана, тәрбиеші, дос-жаран. Әдебиет, фильм кейіпкерлері, тарихи қайраткерлер, ұлы ғалымдар да үлкен тәрбиелік ықпал жасайды. Үлгінің психологиялық негізі – **еліктеушілік**. Осыған орай бала әлеуметтік және инабаттық тәжірибе жинақтайды. Кіші мектеп жасындағы балалар өздері аса ұнатқан адамдарға еліктейді. Сондықтан, баланың адамгершілік дамуына қамқорлық жасауда оның өнегелі ортаға араласуына басты назар аудару қажет.

Өмір өнегесі ұдайы оңды болса, тіпті жақсы, бірақ олай бола бермейді, балаға әсер етуші кері өрнек аяқ астында.

Оқушылар назарын өмір, адам келеңсіздіктеріне аударып бару, болымсыз қылықтар салдарын талдап, олардан қорытынды шығару – міндетті шарт. Мезетімен орынды пайдаланған кері үлгі тәрбиеленушіні жаман қылықтан сақтандыруға жәрдем беретінін де ескерген жөн.

Тәрбие тәрбиешінің жеке бала үлгісіне, оның қылық-әрекетіне, қамқорлығындағы балаларға қатынасына, дүниетанымына, іскерлігі мен абыройына тәуелді. Ұстаз үлгісінің оңды ықпалы оның сөзі мен ісінің жарасымдылығына, балалардың бәріне бірдей ақ пейілді қатынасына тәуелді арта түседі. Бұл тәрбиешінің беделіне, ол бастаған істің жүйелілігі мен бірізділігіне де байланысты.

Сонымен, сана қалыптастыру әдістері тұлғаның ізгілену тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Мұндай әдістер түрі: әдептілік әңгімелері, түсіндіру, ұғындыру, әдептілік сұхбаттары, үгіттеу, сендіру, көрсетпе нұсқау, үлгі тәрбие әдістерінің тиімділігі, олардың қалай қолданылуына, педагог таңдаған гуманистік бағытқа тәуелді.

Іс-әрекет ұйымдастыру әдістері

Тәрбие көзделген әрекет-қылық (поведение) типін қалыптастыруы міндетті. Тұлға тәрбелілігі түсінік, ұғымнан көрінбейді, ол адамның нақты іс-әрекетімен бағаланады. Бұл тұрғыдан іс-әрекет ұйымдастыру мен қылық қалыптастыру тәрбие үдерісінің өзегі ретінде қарастырылады. Әдістердің бәрі тәрбиеленушілердің **тәжірибелік іс-әрекетіне** негізделеді. Мұндай іс-әрекетті басқару үшін педагог оны құрамды бөліктерге жіктейді: нақты істер және қылықтар.

Қажетті тұлға сапаларын қалыптастырудың жалпыланған әдісі – **жаттықтыру**. Балада қалыптасатын қылық, әрекеттің қай-қайсысы да жаттығып, дағдыланудан. Балаға басқалардың қалай жазатынын әңгімелеп, жазуға, атақты күйші өнерін көрсетіп, домбыра тартып үйрету мүмкін емес. Осылайша тәрбиеленуші мақсатты бағытталаған белсенді әрекетке ынталандырмай, жоспарланған мінез бітісін де орнықтыруға болмайды. Жаттықтыру мәні – талап етілген әрекеттерді көп мәрте қайталаумен автоматты орындалу дәрежесіне жеткізу.

Жаттығулар нәтижесі – тұлғаның бекіген сапалары: әдеттер мен дағдылар.

Жаттықтыру істерінің тиімділігін келесі шарттар анықтайды: 1) жаттығулар жүйесі; 2) олар мазмұны; 3) түсініктілігі мен жеңілдігі; 4) көлемі; 5) қайталау жиілігі; 6) бақылау мен түзету; 7) тәрбиеленушілердің тұлғалық сапалары; 8) жаттығулардың орындалу мерзімі мен орыны; 9) жеке-дара, топтық, ұжымдық жаттығулар формасы; 10) жаттығу сеп-түрткілері мен оған деген ынта себептері. Жаттығулар жиілігі, көлемі және жетіскен нәтижелер арасында тікелей тәуелділік бар: **жаттығу неғұрлым көп орындалса, олар жәрдемімен қалыптасушы сапалар дамуы да соғұрлым жоғары келеді.** Бұл тәуелділік тұлғалық ерекшеліктерімен реттеліп барады. Бірдей тең деңгейлі сапаны қалыптастыру үшін әр оқушының орындайтын жаттығуларының саны әрқилы: бір бала көзделген сапаға аз санды жаттығудан жететін болса, екінші біреуінде ондаған, жүздеген жаттығу әрекеті қажет. Сапа неғұрлым күрделі келсе, оған байланысты әдеттерді қалыптастырып, тұрақтандыру үшін соғұрлым көп жаттығу орындап, **көп мәрте қайталау керек.**

Жаттығулар жүйесін жоспарлауда тәрбиеші ең алдымен өз тәрбиеленушілерінде қандай дағдылар мен әдеттерді қалыптастыруы қажет болатынын ойластырып алғаны жөн. Жаттығулардың көзделген қылық-әрекетке **сәйкес болу (адекватность)** – әдісінен баланың өмірлік қажетті, мәнді және пайдалы дағдылары мен әдеттері қалыптасады. Сондықтан жаттығулар қалай болса, солай ойдан шығарылмай, өмірден алынуы тиіс. Бірінші кезекте **жалпы адамзаттық ізгілі сапалар** тұрғызушы жаттығулар пайдаланылады.

Тұрақты дағдылар мен әдеттер қалыптастыру үшін жаттығуларды мүмкін болғанша ерте жастан қолданған дұрыс. Жас ағза қай әсерді де тез қабылдайды. Әдеттенген адам өз сезімін басқара біледі, құмарлықтарына тоқтау береді, өз ниеттерін басқалар мүдделерімен салыстырып, бағалай алады. Ұстамдылық, өзіндік бақылау, ұқыптылық, тәртіптілік, қатынас мәдениеті – бәріде тұрақтанған әдеттер негізінде туындайтын ізгілі адам сапалары.

Жаттықтыру әдістерінің тиімділігіне себепші маңызды шарттардың бірі – **біртұтас жаттығулар жүйесінің** біртіндеп күрделене түсуі. Кіші сынып оқушыларында мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда келесідей шамалап түзілген ілгерілі жаттығулар жоспарын ұсынуға болады.

Сынып	Тақырып	1-сабақ	2-сабақ	3-сабақ	4-сабақ
1-ші	Мектептегі тәртіп	Сыныпта қандай болу керек?	Мектепке бара жатқанда қандай болу керек?	Өзінді ұстай аласың ба?	Ғажайып сөздер
2-ші	Үйдегі тәртіп	Тазалық	Денсаулық	Отбасы	Өзіміз істейміз
3-ші	Көшедегі тәртіп	Көше тәртібін сақтау	Жол ережелері	Көшеде зейінді болу	Біздің аула
4-ші	Көпшілік орындардағы тәртіп	Театрда	Дастархан басында	Таңертеңгі мектепке дайындық	Қонақта

Гуманистік тәрбиеде де қатаң әдістер қолданылады. Бірақ әңгіме оны қалай пайдалануда. Осындай шешімді әдеттердің бірі – **талап**. Тәрбие барысындағы талап тәрбиеленуші әрекетінің ынталылығын көтеруге не оны тежеуге қажет. Талаптар тікелей не жанамалы болып келеді. **Тікелей талап** – анық, дәл, нақты. **Жанамалы талапта** әрекетке келтіретін талаптың (кеңес, өтініш, сенім, қолдау, құлақ-қағыс ж.т.б.) өзі емес, ал сол талаптан туындатын психологиялық жағдаяттар: толғаныс, күзеліс, мүдде, ұмтылыс. Жанама талаптар арасында аса көп қолданылатындары:

Кеңес-талап. Бала санасына ықпал жасаумен педагог қойған талаптың қажеттігін, пайдасын түсіндіреді. Мұндайда кеңестің қабылдануы не қабылданбауы педагог беделіне, оның оқушымен қатынасына тәуелді.

Ойын талап. Әрқандай талаптарды қою үшін тәжірибелі мұғалім баланың ойынға құштарлығын пайдаланады. Бала

ойынды қызығушылықпен орындай жүріп, өзі байқамай талаптарды да қабылдайды. Бұл талап әдісінің өте ізгілікті және тиімді формасы, бірақ оны қолдануда аса жоғары педагогикалық шеберлік қажет.

Сенім талап. Мұндай әдіс, әдетте, сыйластық жайлаған ортада іске асады.

Өтініш талап. Педагог пен тәрбиеленуші арасында достық, жолдастық қарым-қатынас болған жағдайда өз тиімділігін береді.

Үйретіп көндіру – көзделген сапаны жылдам әрі жоғары деңгейде қалыптастыру үшін қолданылады. Кейде бала мұндай талапты ауырсынады, өжеттікпен қарсы шығады. Солай болса да, көндіру баланың өзі үшін қажет. Гуманистік педагогика адам құқына қарсы қатаң әдістерді қолданудан аулақ, дегенмен орынды жерінде бұл әдісті жұмсарта, басқа әдістермен, әсіресе ойынмен бірлестіре пайдаланғанды жөн санайды. Үйретіп көндіру және ойын екеуі бірлесе, бала табиғатына сай келеді.

Үйретіп көндіру тәрбие үдерісінің барша кезеңдерінде де тиімді, бірақ бала дамуының алғашқы сатысында әбден қажет. Бұл әдісті пайдалану шарттары:

1. Тәрбие шарттарын екі тараптың да анық, дұрыс түсінуі. Егер тәрбиеші алдына қойған көндіру мақсатының мәнін, пайдасын жете пайымдамаса, онда әдіс баланы түгелдей бағындырумен орындалады. Баланың өзі нені қажетсінетінін түбегейлі түсінген жағдайда әдіс нәтижесін береді.

2. Қандай да талапқа көндіруде, айтар ойыңызды сөзбен анық, түсінімді өрнектеңіз, ерекше пікіріңізді “олай бол да, солай бол” деп қайырмаңыз. Дұрысы “Көршіңе сәлем берсең - ол да жылы сәлемдеседі”, “Салақтың болашағы жоқ, тырнағы өскен, құлағы кір – адам шошытады” сияқты насихат жолымен ұғындырған жөн.

3. Әрбір уақыт аралығына қонымды, оқушы мүмкіндігіне сай әрекет жоспарлаңыз. Асығыстық мақсатты жақындатпайды, керісінше, алыстатады. Алғашында дәл орындауға, кейін тез орындауға үйретіңіз.

4. Қалай орындалуы, одан болар нәтижені көрсете біліңіз. Салақтық пен тазалықты, ұқыптылық пен салғырттықты

нақты мысалмен көрсете түсіндіріп, бала жанын қозғаңыз, өз тәрбиесіздігінен ұялып, оқушы өзінің келеңсіз әрекетінен жеркөнуіне мәжбүр етіңіз.

5. Көндірудің бірізді және қатараса пайдалану жолын қолданыңыз. Егер тұлға сапаларын біртіндеп, кезегімен тәрбиелейтін болсаңыз – уақыт жеткізе алмаймыз. Барша сапаларды қатар қалыптастырып болмайды. Сондықтан, қай сапалар өзара табиғи байланысты болатынын анықтап, оларды бірқатар тәрбиелеңіз, екіншіде қай сапа қандай қасиетке негіз боларын біліп алып, оларды бір-біріне байланыстыра қалыптастырыңыз.

6. Көндіру тілектестік пен мүдделілікке негізделген, бірақ бірқалыпты мұқият, үздіксіз бақылау бар жерде нәтижесін береді. Бақылау оқушының өзіндік бақылауына ұласуы қажет.

7. Көндірудің педагогикалық тиімді нәтижесі ойынмен бірге келеді. Бала белгілі қағидаларды ойын барысында еш зорлықсыз-ақ, өз қалауымен орындайды. Көндіру үшін баланы ойынға тартудың себептері: 1) қажетті іс-әрекет мақсаты оқушылар үшін тартымсыз болса; 2) мақсатқа жету жолы іс қисынына орай баланы жалықтыратын, қолайсыз болса.

Тапсырыстар беру – балаларды ұнамды қылық-әрекеттерге жетелеудің тиімді жолы. Тапсырыстар түрі әрқилы: сырқат жолдасынан хабар алып, оның оқуына жәрдемдесу; қамқорлыққа алынған бала бақшаға ойыншықтар дайындау; сынып бөлмесін мейрамға безендіру ж.т.б. Қажетті сапаларды дамыту үшін де тапсырмалар қолданылады, мысалы, нақтылығы мен ұқыптығы кем балаларға - дәл әрі орынды жасау әрекеті, шыдамсыздарға - байсалдылық талап қылатын жұмыстарды тапсырып тәрбиелеуге болады. Тапсырыстың орындалуын ежелеп, түсіндіріп жатудың қажеті жоқ.

Тәрбиелік жағдайлар – арнайы жасалған шарттарға орай тәрбиеленуші іс-әрекеті мен мінез-қылығын қалыптастыру әдісі. Тәрбиелік жағдайлар (ситуация) тиімділігін көтерудің екі жолын еске ұстаған жөн:

– жағдай жалған, жасанды болмай, нақты өмірде кездесетін қарама-қарсылықтары мен күрделіліктерден құралуы тиіс. Тәрбиеші әдейі жағдай туындатушы шарттарды түзеді, ал олар табиғи қалпында өтуі тиіс. Мектеп өмірі мұндай шарттарға бай:

“Оқушы –мұғалім”, “Оқушы – жол тәртібінің сақшысы”, “Оқушы – ертеңгі серуен басшысы” ж.т.б. тосын жағдайлар. Мұғалім ескертпесін күткен тәрбиеленуші оған алдын ала дайындалады, ал әрекет тосын болса, көп жағдайда бала мұғалім айтқанына көнеді. Оқушының тосын қылығына мұғалім кеңпейілділік, қайырымдылық танытуы لازым. Бірақ бұл жағдайдағы басты шарт: бала мұғалім әрекетін дұрыс түсініп, оны әлсіздік, сенімсіздік демей, жоғары адамгершілік тұрғысынан қабылдауы тиіс. Қай жағдайда да мұғалімнің тәрбиелік әрекет дамуына тікелей араласпағаны жөн.

Аталған әдіс басқа тәрбие әдістерінің баршасымен тығыз байланысты.

Тұлға мінез-қылығын қалыптастыру әдістері тәрбиеде өте қажет. Олардың бәрі тәрбие үдерісінің өзегін құрайды. Атап айтсақ, бұл әдістер: жаттықтыру, талап, көндіру, тәрбиелік жағдайлар (ситуациялар).

Ынталандыру әдістері

Тәрбиеленушіні белгілі іс-әрекетті орындауға талаптандыру ниетімен қолданылатын әдістер тобында ынталандырудың орыны өз алдына. Бұл әдістің ежелден-ақ **мадақтау** мен **жазалау** түрі белгілі. XX ғасыр педагогикасы және бір өте есерлі ынталандыру әдісі – **жарыстыру, бәсекелестіру** әдісін алға тартып отыр. Кейінгі он жылдықта дәстүрлі ықпал әдістеріне қосымша **субъектив-прагматикалық** әдістің тиімділігі жариялануда. Ғылыми зерттеулер мен тұрмыс нақтылағандай, бүгінгі жастардың ерекшелігі – өмірге болған прагматикалық (пайда табу) қатынасы. Осыдан қазіргі заман оқушысы өзіне, өз жолдастарына тәрбие маған не береді, неге, қай уақытта ол қажет, одан түсер пайда қандай және қаншалықты деген сұрақтарды үстемелеп қоятын болды. Осы секілді пайда табу – прагматикалық бағытты ескере отырып, кей шет ел педагогикалық жүйелері тәрбие үдерісін тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы нарықтық қатынас сипатында бағалайды. Ал мұндай қатынас өзегі – пайда. Әдіс елі қалыптасып, ресми қабылданған емес, бірақ тұрмыста тәрбиеші мен тәрбиеленушілер араларында түзілетін келісім-шарттар жүйесімен біртіндеп тұрақтануда.

Мадақтау – тәрбиеленушілер әрекетіне ұнамды баға беру. Мадақтау ықпалы оқушының ұнамды көңіл-күй сезімін көтеруге негізделген. Осыдан да мадақтау балада өзіне деген сенім орнықтырып, жұмысқа болған жағымды көңіл қатынасын оятады, жауапкершілік арттырады. Мадақтау түрліше орындалуы мүмкін. Олар арасында тәрбие үдерісінде жиі қолданылатындары – қолдау, қуаттау, алғыс жариялау, құрметті құқықтар беру, мақтау қағаздары мен сыйлықтар беру ж.т.б.

Қолдау – мадақтаудың ең қарапайым түрі. Мұғалім өз қолдауын ишарамен, іс-әрекетіне, қылыққа жоғары баға берумен, тапсырма беру арқылы сенім арту, мұғалімдер мен ата-аналар алдында қуаттау арқылы білдіруіне болады. Мұның бәрі тәрбиешінің өз шәкіртінің табыстары мен кемшіліктеріне болған зерделі, зейінді қатынасын, олармен бірге қайғы, қуаныштарын бөлісуден туындайтын адамилық қасиеттер. Құрмет пен сенімге жеткен бала өз күш-қуаты мен қара басының қадірін ардақтай біледі.

Біршама жоғары деңгейдегі мадақ – бұл **алғыс** жариялау мен **байрақтау** – тәрбиеленушіде ұзаққа бекіген ықылас-ниетке себепші күшті де тұрақты көңіл шарпуларын (эмоции) пайда етеді әрі қолдайды, себебі мұндай мадақ түрлері ұзаққа созылған тыңғылықты еңбек нәтижесін беріп қоймастан, жаңа, жоғары деңгей жетістігін де танытады. Байрақтау салтанатты жағдайда, барша тәрбиеленушілер, педагогтар, ата-аналар қатысуымен өткізілуі қажет. Бұл ынталандырудың сезімдік сипаты мен одан болатын толғаныстар әсерін әрлендіруге себін тигізеді.

Қарапайымды бола тұра, мадақтау өте жауапкерлі де іс. Мадақ шектен тыс әсіреге айналып кетпей, орынсыз кем де болмауы керек. Санамен сарапталмаған әсіре мадақ баланы бұзады. Осыдан мадақтаудың психологиялық қырлары мен оның салдарын ескерген жөн:

1. Мадақ-марапат сырттай көзге түсіп, әйгілену ниетімен емес, мақтаушы мұғалім мен марапатталушы оқушының, яғни екі тараптың бірдей жан дүниелік қалауы мен қабылдауынан болуы шарт.

2. Мадақтау арқылы тәрбиеленушіні басқа балаларға қарсы қойып алмауды да ойластырған жөн. Сондықтан тек табысқа жеткен оқушыны ғана мақтап шектелместен, шын ықыласымен еңбектенген, өз ісіне адалдық танытатындардың бәріне де жылы лебіз, мадақ сөзді аянбаған жөн.

3. Мадақ қолдана отырып, кім, не үшін, қаншалықты сыйға тұрарлық екенін сараптауды ұмытпаңыз. Әсіре мадақ астамшылдыққа апарады.

4. Әрқандай мадақ жеке тұлғалық ерекшеліктерді ескерумен беріледі. Өзіне сенімі жоқ, үлгерімі төмен оқушыны қолдап-қуаттау қажет. Қандай да ұнамды сапасын танып, педагог сол арқылы балада сенім оятады, ұмтылыс пен дербестік, кедергілерден сескенбеу қасиетін баулиды. Өзіне тәрбиеші, төңірегіндегі адамдар сенімін артқан бала, өз кемшіліктерін де “жүгендеп”, оңды жолға түсе бастайды.

5. Бүгінгі мектеп тәрбиесіндегі басты міндеттерден жазбау. Мадақтау мәселесін шешуде өз шәкірттеріңізбен пікір алысуды да жадтан шығармаңыз.

Жарыс бәсеке. Байқаңыз. Көп бала топтала қалса, сол бойда өзара бедел таластыра бастайды. Балалар табиғатына аса тән құбылыс – бәсекелестік. Төңірегіндегілер арасында өз беделін танытып, оны бекіту – әр адамның тума қажеті. Ал бұл қажеттілікті іске асыру басқалармен жарысуды керек қылады. Жарыс нәтижесі баланың ұжымдағы беделін ұзақ уақытқа айқындап, бекітеді.

Жарыс әдісімен баланың бәсекелестікке деген табиғи қажеттігін жеке тұлғаға және жалпы қоғамға сай қасиеттерді баулитын тәрбие арнасына бұруға болады. Өзара жарыса жүріп, оқушылар қоғамдық қылық тәжірибелерін тез игеріп, тән-дене, адамгершілік, эстетикалық сапаларын дамытады. Жарыс әсіресе үлгерімі төмен оқушылар үшін аса қажет: өз нәтижелерін жолдастарының жетістіктерімен салыстыра отырып, өз білімдері мен ептіліктерін көтеруге болған қозғау күш алады, оқуы мен өзіндік тәрбиесіне ден қоя бастайды. Жарыс ұйымдастыру – оңай іс емес: балалар психологиясын жете тану қажет, біртұтас маңызды шарттар мен талаптарды ұстану әрі орындау керек. Жарыс тиімділігі оның ұйымдастырылуында.

Бұл үшін жарыстың мақсаттары мен міндеттері айқындалады, бағдарлама түзеледі, баға өлшемдері белгіленеді, жарыстыру шарт-жағдайлары жасалады, қорытынды шығарылып, жеңімпаздар анықталады. Жарыс өзіне сай қиыншылықтармен, қызықты өткізілуі тиіс. Сонымен бірге жарыс ережелері соңғы нәтижелерді бағалап, салыстыруға келетіндей нақты болғаны жөн. Қорытындылау мен жеңімпаздарды анықтау жариялы болып, бағалау өлшемдері қарапайым, баршаға түсінімді болғаны дұрыс. Жарыс бағдары мен мазмұны айқын болуы тиіс. Бүгінгі таңда мектеп тәжірибесінде сынып, мектептің озық оқушысы, пән білгірі атақтарын алу жарыстары өткізілуде.

Гуманистік педагогика **жазалауды да** жоққа шығармайды, бірақ оның шегін, сипатын, орындалу жолдарын өзгертуді талап етеді.

Жазалау - келеңсіз қылықтарды шектеп, тежеу үшін, басқалар алдында, өз тұрғысынан айыбын мойындау сезімін ояту мақсатында қолданылатын педагогикалық ықпал әдісі. Басқа тәрбие әдістер секілді жазалау да қылық-әрекеттердің сырттай себептерінің тұлғалық ішкі ықылас-ниеттерге ауысуына негізделген. Мектеп тәжірибесінде жазалаудың келесідей түрлері қолданылуда; 1) қосымша міндеттер тапсыру; 2) кей құқықтардан айыру не шектеу; 3) моральдық сөгіс, не айып тағу. Тәрбие барысында жазалаудың келесі формалары қабылданған: жақтырмау, ескерту, сөгіс жариялау, алдын ала сақтандыру, айыпқа сай талап қою.

Жазалау әдісінің тиімділігін анықтаушы шарттар төмендегідей:

1. Оқушы “пір” тұтқан абыройлы адам тарапынан болған жаза әсерлі келеді. Келеңсіз қылығы тек тәрбиеші емес, дос, жолдастарының да жақтырмауына, ескертуіне ұшыраса, айып сезімі күштілеу болады. Сондықтан тәрбиеші ұжымдық пікірге көбірек жүгінгені жөн:

2. Бүкіл сыныпқа жаза қолдануға болмайды.

3. Жаза шешімі қабылданса, ол орындалуы шарт.

4. Жаза тиімділігі оның оқушыға түсінімді болып, оны әділ деп қабылдауынан. Өтелген жаза қайтып еске алынбайды, оқушымен қалыпты қатынас жалғасын табады.

5. Жазала, бірақ оқушының намысына тиюші болма. Тәрбиеші жазаны өз жек көргендігінен емес, педагогикалық қажеттіктен қолданады. “Келеңсіз қылық – жаза” формуласы мүлтіксіз орындалуы шарт.

6. Жазалау мәселесін шешерде негізінен келеңсіз қылықтарды, болымсыз мінез бітістері мен әдістерді шектеу, тежеуге бағытталған тәрбие әрекеттері тізбегін біртіндеп қолданып, басты, мәні нақты, ұнамды сапаларды орнықтыруға қаратылған іс-әрекеттерге өту қажет.

7. Жазалау әдісін қолдануға негіз – дау-дамайлы жағдай (ситуация). Бірақ көрінген орынсыз қылық пен ережеден ауытқу жанжал туындатпайды, сондықтан, парықсыз жаза қолдана беруге болмайды. Жазалау мәселесінде жалпы, барша жағдайға бірдей жаза тағайындау мүмкін емес, әрқандай тәртіп бұзу өзінің дара сипатына ие: оны істеген кім, қандай жағдайда болады, себептері не – осы жәйіттерді ескерумен жаза жеңіл не өте қатал болуы ықтимал.

8. Жазалау – өте ауыр да әсерлі әдіс. Жаза таңдаудағы педагог қателігін түзету өте қиын. Сондықтан, жүз берген жағдай жөнінде толық та анық түсінім болмағанша, асығыстықпен жаза қолдануға болмайды. Кері жағдайда жаза өз әділдігі мен пайдасын жоғалтады.

9. Педагогикалық үдерістегі жаза – кек алу құралы емес. Балада жазаның оның өз пайдасы үшін қолданылып жатқанына сенім тудырыңыз. Әрқандай жаза әр баланың жеке ерекшеліктеріне орай қолданылғаны дұрыс.

10. Жазаның жеке балаға, оны даралығына сай қолдануы - әділдіктен ауытқу емес. Бұл өте маңызды мәселе. Егер педагог оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктеріне мән беретін болса, жаза да, мадақтау да жікке келеді, ал, егер ол тек келеңсіз қылықтың өзіне мән беріп, қай тәрбиеленуші тарапынан болғанына назар аудармаса, жаза түрлері жіктелінбей қолданылып, тұлғалық бағыт заңдылығына қайшы келеді. Мұғалім өз педагогикалық көзқарасын балаларға түсіндіруі шарт, сонда ғана шәкірттер жаза әділдігін мойындайды.

11. Әрқандай жаңа педагогикалық әдептілікті, жас кезеңдері психологиясын, сонымен бірге тек жазамен істі оңғаруға болмайтынын түсінген жөн. Осыдан да жаза басқа тәрбие әдістерімен бірлікті қолданылады.

Субъектив-прагматикалық әдіс негізі – тәрбиесіздік пен білімсіздіктің, тәртіп пен қоғамдық талаптарды өрескел бұзудың пайдасыз екенін түсінуде. Қоғамдық және экономикалық қатынастар баланы ерте жастан қатаң бәсеке-тайталасқа қосып, өмірге тыңғылықты дайындық көруге мәжбүрлейді. Осыдан да нарықтық экономикаға ертерек көшіп, дамыған елдердегі мектептік білім мен тәрбие қарапайым тұрмыс-тіршілік қажетіне (утилитарное) бағыттталып, басты мақсат – шәкірттерді оқу орнын бітірген соң жұмыс табу, тіршілік қамын жасауға тәрбиелейді. Біздің өткен кеңестік дәуірдегі тәрбиеміз, керісінше, оқушыға бәрін білдірді, бірақ субъектив – прагматикалық тәрбиені буржуазиялық деп жоққа шығарғандықтан, мектеп түлегі білгенін тұрмыста қолдана алмай, жеке де, қоғамдық та пайдаға жарамай қалды.

Педагогтар қоғамдық-экономикалық тарығуларды тәрбие мақсатында қолданады. Алдымен олар жоғары сапалы мектеп тәрбиесінің әр адамның нарықтық әлеміндегі орны және жағдайымен байланысты болатынын баса түсіндіреді, **тәрбиесі төмен, білімі кем адамдардың болашақта беделді қызметтен, жоғары жалақыдан жұта болатынын, жұмыссыздар қатарында қалуы** мүмкін екендігін нақты мысалдармен көрсетеді. Осыған байланысты тәрбие қатаң жеке тұлғалық бағытта жүргізіледі, себебі әр тәрбиеленуші мектеп бітіруде ұнамды пікір, бағамен еленіп, жұмысқа орналасу мен оқуға түсу үшін негіз қалайды. Бұлай болмағанда, жұмыс орындары мен мекеме басшылары оны қызметке алмайды. Егер педагог академиялық табыс, яғни педагогикалық үдерістегі жетістік әр оқушының қабілетіне байланысты болатынын әрі ол табысты қолға түсіру бала даралығына орай екенін жете түсінсе, оның қолынан болымсыз түлек шықпайтынына кәміл сенуге болады.

Субъектив-прагматикалық әдістің нақты іске асыру жолдары төмендегідей:

- тараптар міндеттері анық көрсетіліп, тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасында жасалған келісім-шарт (контракт);
- тәрбиешілер және ата-аналар ортасында келісіммен түзілген жеке өзіндік жетілу бағдарламасы (өзіндік тәрбие мазмұны);

– жеке қызығушылықты арттыру үшін оқушылар қалаулары бойынша түзілген төлемді оқу-тәрбие топтары;

– құқық бұзуға бейімді балалармен тәрбие – сақтандыру жұмыстарын алып баруға арналған “тәрбиешілік топтары”;

– ең соңғы техникалық құралдар және электронды – есептеу машиналары жәрдемімен тәрбиеленушілердің мінез-құлығын, әлеуметтік дамуын үздіксіз бақылауға алу, яғни **мониторинг** жүргізу;

– техникалық құралдармен жинақталған сандық және сапалық көрсеткіштер нәтижесі негізінде тәрбиеленушінің жеке-дара даму бағытын анықтап, тұлғаның қажетті қасиет-сапаларын алдын ала жоспарланған арнада тәрбиелеудің “жобасын” түзу;

– ұдайы өткізіліп тұратын ойын, жарыс, «XXI ғасыр көшбасшысы» бәсекесіне байланысты әрбір оқушының тәрбиелік, әлеуметтік кемел, азаматтық дәрежесін анықтау үшін ұйымдастырылатын тест-байқаулар;

– тәртіп бұзушыларды жазалау мақсатында қолданылатын айыппұл төлету, құқықтары мен еркіндігінен айыру, әлеуметтік-қоғамдық басымдықтарын (привилегии) алып тастау ж.т.б. секілді шараларды пайдалану.

Бұл әдіс, әзірше еліміз мектептерінде кең өріс ала алмай отыр. Дегенмен, тұрмысымызға қарқындай еніп жатқан әлеуметтік және экономикалық өзгерістер уақыт оздырмай, тәрбие үдерісінің маңызды шарттарының бірі ретінде субъектив-прагматикалық әдістің алғы шепке шығуы – заңды күтілетін құбылыс.

Қорытындылай келе, айтарымыз – ынталандыру әдістерінсіз тәрбие үдерісінің қалыпты дамуы мүмкін емес. Осыдан, бүгінгі таңда бастауыш мектеп тәжірибесінде мадақтау, жазалау, жарыстыру, бәсекелестіру, субъектив - прагматикалық әдістер кең қолданымда.

Тәрбие формалары

Оқу қызметі секілді тәрбие үдерісі де белгілі формада ұйымдастырылады. Бастауыш мектеп тәрбиесі сабақтағы оқу үдерісімен байланысты жүргізіледі. Дегенмен, сабақтан, сынып-

тан тыс ерекше жұмыс формалары да қолданылады – олар педагогикада тәрбиелік істер деп қабылданған. **Тәрбиелік істер** – тәрбиеленушілердің нақты іс-әрекеттерін ұйымдастыру және оларды жүзеге келтіру формасы. Тәрбиелік істер – жарқын еңбек пен ойынға, шығармашылық пен жолдастық қатынасқа, өмірлік арман мен қуанышқа толы **бірлікті қызметтің орындалу формасы**. Бұл формада тәрбиешілердің өз оқушыларымен араласа әрекетке келу шарттары, құрал-жабдықтары мен тәсілдері бір-біріне ауысып, ажыралмас бірлік, тұтастыққа түсіп жатады. Тәрбиелік істердің басты ерекшеліктері - қажеттілігі, пайдалылығы, орындалу мүмкіндігінің болуы. Әрқандай тәрбие үдерісі үздіксіз өтіп жататын тәрбиелік істер тізбегінен құралады.

Тәрбиелік істер негізінде екі мүдде көзге түседі – **іс-әрекеттік** және **кешендік**. Алғашқысының тәрбие алдына қоятын талабы – оқушылардың әрқилы іс-әрекеттерін ұйымдастыру: танымдық, еңбектік, қоғамдық, көркемөнерлік, спорттық, құндылықты бағытталған еркін қарым-қатынас түзу, ал екіншісінің алға тартатыны – барша іс-әрекет түрлерін табиғи бірлікке келтіре пайдалану. Тәрбиелік іс бір мезеттің өзінде инабаттық, эстетикалық, еңбектік, сана-сезімдік ықпалдардың бірдей әсерінде болады.

Орындалатын нақты іс міндеттері басым келген тәрбие мақсаты (әдетте, бұл инабаттық тәрбиесі) анықтайды. Әрқандай істе тәрбиенің жалпы бағытымен (ақыл-парасат, дене шынықтыру, еңбектік және т.б.) сәйкес өзекті тұжырым ажыралады. Тәрбиелік іс міндеттерінің мағынасын ұғу – оның тиімділігінің басты шарты. Ол міндеттер ептілікпен түсінімге келтіріліп, оқушылар санасына жеткізілуі қажет. Өз ой, көзқарасыңызды балаларға таңушы болмаңыз, қажетті шешім қабылдау керектігін балаларға ұқтырыңыз, шешімді балалар өз «еншісі» деп сезінетін болсын. Тәрбиелік істің қас жауы – енжарлық. Оқушылар мінез-құлығына жіті назар салсаңыз, олардың өздері-ақ нені өзгерту керектігін жайып салады. Тәрбиелік істер ойсыз еліктеуді көтермейді, оларға төн ерекшелік – икемшілдік пен кең әрекет өрістілігі. Сыныптардың, жеке балалардың бір-біріне ұқсамастығын, қайталанбас өзгешеліктерін молынша пайдалануға тырысыңыз. Қандай

да істі жобалай отырып, есіңізде болсын – бір сыныпта оңды іске асырылған тәжірибе екінші топта жарамды қайталануы неғайбыл. Жағдайға байланыстырылып, ретке келтірілмеген жоспар, жоба еліктеумен қолданылса, істің нәтижесіз болары айтпаса да, түсінікті.

Тәрбиелік істердің көп түрлі болғаны жөн. Жарқын, тартымды істерді балалар есінде ұзақ сақтайды, сондықтан бір істі көп мәрте қайталап, оқушыларды жалықтырудың қажеті жоқ, оның пайдасы шамалы. Тәрбиелік істер көңіл-күй көтерудің қуатты себепшісі. Сезім толғанысына түскен бала әрқандай ықпалды қабылдағыш келеді. Қай тәрбиелік істе болмасын, бала көңіліне жақын, оның жан әуенімен үндес жәйттерді іріктей білу шарт. Сол арқылы баланың ұнамды мінез бітістерін дамытып, орнықты өмірлік бағдарын қалыптастырып, қоршаған болмыс шындығын дұрыс тануға баулу қажет. Бұл тәрбиелік іс мәдениетінің басты шарты.

Тәрбиелік істі жоспарлауда педагог тәрбиеленушілердің дайындық деңгейін арқау етеді, олардың жас және даралық ерекшеліктерін барынша ескереді. Күрделі, балаларға түсініксіз педагог бастамасы, ненің, не үшін және неліктен олай істеу қажеттігін жөнді аңғармағандықтан, тәрбиелік іс формальды шараға айналады.

Басты мақсаттары мен атқарар қызметтеріне орай тәрбиелік істер келесідей бөлінеді: этикалық, әлеуметтік бағдарлы, эстетикалық, танымдық, спорттық-дене шынықтыру, экологиялық, еңбектік ж.т.б. Әлбетте, мұндай ажыратуды шартты деп қарастырған жөн, себебі әрқандай тәрбиелік істің мақсаты кешенді, көп тарапты.

Әлеуметтік бағдарлы тәрбиелік істер. Бұлардың басты мақсаты – оқушыларда әлеуметтік қарым-қатынастар (қоғаммен, заңмен, мемлекеттік, үкімет, құқық қорғау мекемелерімен ж.т.б.) жүйесін қалыптастыру. Мұндай тәрбиелік істерде баулынатын өзекті сала – **тәртіптілік**. Кіші сынып оқушыларына да түсінікті тәртіп, яғни саналы танылған қажеттілік арқылы әлеуметтік қатынастар біртіндеп әрі байқаусыз игеріле бастайды. Тәртіптілік әрекет-қылықта көрініс тауып, қоғамдық талаптар мен мінез-құлық ерекшеліктерінің саналы орындалуынан белгі береді. Тәртіп ұдайы ойланып

әрекеттенуден болмайды, бұл адамда қалыптасып, орныққан ойлау және әрекеттену қалыптарына сәйкес әдеттену салдарынан туындайды. Тәртіпті болуына орай бала әрқилы жағдайларда дұрыс бағыт алып, көздегеніне қол жеткізеді. **«Тәртіпке бағыну – бұл құлдық емес»** деп батыр бабамыз **Б. Момышұлы** бекер айтпаған.

Тәртіптілік жолдасы – ұстамдылық, беріктік, табандылық, байсалдылық. Еркіндік бастауы да – тәртіптілік тірегі. Бұл қатынас сапасымен бірге жүретін басқа да адамгершілік әдеттерін естен шығармаған жөн. Олар – кішіпейілділік, сыпайлылық, елгезектік, зейінділік, іштей жинақылық пен ұқыптылық. Адам сырттай жинақы да қунақ әрекетті көрінуі мүмкін, бірақ айналысып жатқан ісіне іштей наным болмаса, нәтиже шықпайды. Тәртіптілік тәрбиесі ең алдымен қоғамның моральдық принциптеріне сәйкестендіріледі, ал екінші жағынан – мектеп жұмысы өзгешеліктермен үйлестікке келтіріледі. Осыдан, мектептегі “оқушылар ережесі”, “ішкі тәртіп ережелері” оқушыларды тазалық сақтауға, ұқыпты киінуге, салмақты, байсалды, өзара және үлкендермен сыйластықты болуға, өз қызметінде адалдық танытуға міндеттейді.

Оқушылардың өмірі мен іс-әрекеттері мектептің ресми басшылығы тарапынан қабылданып бекіген күн тәртібімен реттеліп, басқарылады. **Күн тәртібі** – бұл үздіксіз орындалып жататын тәрбиелік істер. Оның талаптарын орындау – тәрбие тиімділігінің кілті. Күн тәртібі тұлғаның тұрақты әдеттерін тез қалыптастыруға көп жәрдемін тигізеді: балалар дұрыс еңбектеніп, уақытында дем алуға дағдыланады, өз мүмкіндігі жетер жұмыс көлемін анықтауды үйренеді, гигиеналық талаптарды игереді. Күн тәртібін сақтау ағзаның физиологиялық қызметтеріне оң ықпал жасап қана қоймастан, адамның тәртіптілік жолына түсуінде де аса маңызды: белгілі мінез қылықтарына әдеттендіреді, тәртіп талаптарын орындау ептіліктері мен дағдыларын тұрақтандыруға көмектеседі.

Әдептілік тәрбие істері. Адамгершілік (инабаттық) тәрбиесі қоғамдық мораль талаптарына сай адамилық сапаларды қалыптастыру мақсатында оқушы санасына, сезімі мен мінез-құлығына бір бағытты, жүйелі ықпал жасау арқылы орындалады. Инабаттық тәрбиенің негізгі міндеттері: 1) адамгер-

шілікті сана қалыптастыру; 2) адамгершілікті сезімдерді баулу және дамыту; 3) ізгілікті мінез-құлық ептіліктері мен әдеттерін орнықтыру. **Жалпы адамзаттық құндылықтарды қайта тіктеудің аса қажеттігінен** мектептегі адамгершілік тәрбие мазмұны үлкен өзгерістерге ұшырауда.

Адам, қоғам үшін басты құндылық - өмір, тіршілік ету – Алладан берілген құқық, сондықтан да әр пенде үшін ардақты да мызғымас. Бала өзінің және басқалар өміріне қастандық жасау қиянат болатынын ана сүтімен бірге сіңіріп, өсуі қажет. Бүгінгі таңда оқушылар арасында өз жанын өзі қиюшылық белең алып бара жатқандығы аса қатерлі, қоғамды толғандыратын құбылыс, ислам аялағы үшін жан қию үлкен күнә есептеледі. Өмірдің қай қиыншылығында да тіршіліктің амалын жасап, жан сақтау жолын қарастыру міндетті парыз.

Және бір жалпы адамзаттық құндылық-**еркіндік**. Бүгінгі таңдағы өріс алып жатқан демократия жағдайларында тұлға құқықтары мен еркіндігіне қолдау беру – маңызды шарттардың біріне айналып отыр. Сонымен бірге, демократия жолында мектеп түлектерінің басым көпшілігінің мәдениеті мен тәрбиелігінің деңгей төмендігі кедергілік етуде. Жұтаң мәдениетті адам қарым-қатынастың демократиялық мәнерін шектен тыс еркіндік, басқалардың сезімі мен ар-намысын таптау деп түсінеді. Ал іс жүзінде еркіндік пен жауапкершілік, еркіндік пен тәртіп ажыралмас ұғымдар. Жемісті тәрбие, әсіресе кіші жаста, шарттарының бірі мектеп баласының тіл алғыштығы, ереже-тәртіпке бағына білуі. Бірақ сөзсіз тілалғыштықтан бала мүмкін болғанынша тезірек жауапкершілік сезіну мен саналы қабылданған тәртіптілікке өтуі қажет.

Бүгінгі таңда келесідей адамгершілік сапалары: ана (қазақ) тілін құрметтеу, ұлтжандылық, отан сүйгіштік, борыш, ар, намыс, парасаттылық, қайырымдылық, риясыздық өз маңыздылығын арттыра түспесе, ешбір кеміген емес. Алдымызда тұрған тәрбие жүйесінде оқушылардың жыныстық тәрбиесі мен еңбекке баулу аса көкейкесті мәселелерге айналып отыр. Мәселе тым көп, әсіресе педагогтарды толғандыратын келеңсіз құбылыстар – оқушылар арасындағы нашақорлық, маскүнемдік, жезөкшелік, жыртқыштық пен жауыздық белең алуда. Бұлардың бәрі адамның өзін, оның адамгершілік

аймағын, рухани және салауаттылық тұрғысынан тоздыруда. Адамның өзін-өзі азғындатып, жою үдерісі жүріп жатыр. Сондықтан да адамгершілікті сақтап қалу талаптары басқа мүдделердің бәрінен де жоғары болғаны дұрыс. Бүгінгі қоғам алдында тұрған басты да маңызды мәселе – жас ұрпақты осы апат аузынан аман алып қалу.

Аталған мәселелер әдептілік тәрбие істерінің негізін қалайды. Егер дене шынықтыру немесе этикалық тәрбиеде мақсатқа жету жоғары ұйымдасқандық пен жүйелі іріктелген тәрбиелік істерге тәуелді болса, адамгершілік тәрбиесінің нәтижеге жетуі күрделілеу. Бұл орайда зерделі педагогтар пікірінше, әдіс не форманың маңыздылығын әсірелемей, тәрбиеленушінің жеке даралығын ескерген дұрыс. Әдептілік тәрбиесіндегі басты мақсат пен нәтиже **адамгершілікті мінез-құлық** қалыптастыру. Тәрбиелік істер күнделікті өмір жағдайларындағы адамилық қылықтар тізбегінен құралады. Адамға қозғау салып, оның қылықтарын анықтап, оларға дем беруші ынталандыру сеп-түрткілері де маңызды келеді.

Ұнамды қылықтың ниетті туындауы үшін, оқушыда оларға деген **қажеттік қалыптар** болуы шарт. Ал мұндай қажеттіктер моральдық қалып талаптары мен принциптерді игеріп, олардың жеке саналық жүйеге өтуінен пайда болады. Адамгершілік қажеттер жәрдемімен еркін таңдау мүмкіндігі, яғни адамилық басты мораль негізі түзіледі. Еркіндік адамгершілікке сай таңдау қабілетінің қатысуы да әдептілік тәрбие істерінің қызметімен атқарылады.

Жүйеленген қылықтар бірлігі адамгершілікті **әдеттер**, яғни адамгершіліктік танытуға бейім тұрақты қажеттіктер қалыптастырады. Әдеттер бірлікті тіршілік қамын жасау, мінез-құлық мәдениетіне, тәртіптілікке бағытталса – қарапайым, ал қоғамдық және жеке тұлғалық маңызға не еңбек қажеттігі мен оған дайындық көруге бағыттаса – күрделі сипат алады.

Соңғы жылдардағы озат педагогикалық тәжірибе әдептілік тәрбие істерін ұйымдастыру мен іске асыруда ескерілуі қажет құнды ұсыныстар беріп отыр.

1. Адамгершілік тәрбие үдерісін “науқандық күреске” айналдырып жіберуге болмайды. Тәрбие “күрес” емес, ол күнделікті

тұрмыстық істерден құралатын ұзаққа созылған көп еңбектерді талап ететін жоспарлы жұмыс.

2. Өмірлік – мәнді қажеттілік болмаған жерде тұлғаның адамгершілік сапалары қалыптаспайды. Сондықтан адамгершілік пікір, көзқарастар тайталасын туындатып отыру маңызды шарт. Тәрбиеленушілерді әдептілік шарттарын бұзудың үлкен қате, ұят іс екенін сезінуге үйретіңіз.

3. Жақсылық ниетпен жасалатын істерге, моральды ізгі мұратқа ұмтылыс әрекеттерінің көп болғаны – адамгершілік сапа тәрбиесінің алтын ережелері.

4. Адамгершілікті әдеттер қалыптастыруға бағытталған әдептілік тәрбиесін жоспарлай отырып, бірнеше әдетті қатар тәрбиелеуден аулақ болыңыз, себебі бұл көп күш-қуат пен өзіндік бақылауды талап етеді; саналы сарапталған әрекеттерді орынды қайталап бару қажет, алғашқыда – жиі, кейін – баланы жалықтырып алмас үшін – сирек; қайталаулар бала даралығына сай болғаны жөн; бір адам үшін оның саны аз, ал екінші біреуге көп қайталау қажет болуы мүмкін, мұндайда өткен тәжірибені де ескеру керек; ал жаман әдеттерден арылу ұзақ та қиын. Бұл жағдайда келеңсіз әдеттер себебін анықтап, оған қарсы шараларды ойластыру, екінші жағынан – жаман әдеттер орнын ұнамды қасиеттермен толықтыру қажет (мысалы, тұрпайылықты – сыпайылықпен, жалған сөздікті – шынайылықпен ж.т.б.). Бұл ретте бала келеңсіз әдеттердің қаншалықты зиян, жақсы әдеттердің - пайдалы болатынын түсінуі тиіс.

5. Жоғары адамгершілікті сапалар негізі – жай, қарапайым әдет, әрекеттер. Гуманизм, адамдармен сыйластық, қайырымдылық, мәдениетті мінез-құлық дағдыларын – кішіпейілділік, қарым-қатынасқа түсу, байыптылық, т.с.с. – тәрбиелеп алмай, мүмкін емес.

6. Ұжымшылдық, азаматтық, саналы тәртіптілік және басқа да көптеген адамгершілік сапаларын тәрбиелеу үшін бала санасына нақты әдеттердің - басқаларға қамқорлық, өзгелер көңілін жұбата білу, өз менмендік шарпуларына тиым сала білу, адамдар алдындағы борышты орындау, өз сөзі мен ісіне жауапкершілікті болу ж.т.б. – мықтап орнығуына жағдай жасау қажет.

7. Жаман әдеттер де моральдық сапалар тұрғысынан бағаланады: айқайлап сөйлеу, басқаны тыңдамау, сөзін қақпайлау, тырнақ тістелеу, орынсыз қол сілтей беру және т.б. Нақты мысалдармен тәрбиеші балаларға олардың болашақ өмірі мен қызметте ілгерілеуі бір көзге жай, еленбейтін қылықтар себебінен іске аспай қалуы мүмкін екендігін түсіндіргені жөн.

Эстетикалық және дене шынықтыру тәрбие істері.

Эстетикалық (көркемөнерлік) істер - өмірге, еңбекке, қоғамдық іс-әрекеттерге, табиғатқа, өнерге, мінез-құлық тануға болған эстетикалық, әсемдік қатынастар баулуға бағытталған қызмет-шаралардың жалпы атамасы. Эстетикалық тәрбиенің басты міндеттері – эстетикалық ұғым, бағам, пікір, мұрат, қажеттіктер, талғам, қабілеттер қалыптастыру. Эстетикалық тәрбиелілік көрсеткіші - әсемдік мәдениетін игеру. Рухани мәдениеттің бір бөлігі ретінде эстетикалық мәдениет тек көркемөнердегі келеңсіз бен ұнамдыны, жақсылық пен жаманды айыру емес, бұл өмірдің барша саласындағы: еңбекте, тұрмыста, адам әрекет-қылығындағы әсемдікті тану.

Эстетикалық қабылдаудың аса маңызды бірлігі – ***көңіл-күй*** (эмоциональность). Тәрбиелік істер сипаты этикалық тәрбие құралына, яғни табиғат, еңбек, адамаралық қатынастар, өнер ж.т.б. тәуелді. Бұл орайда жастардың эстетикалық сезіміне күшті ықпал жасаушы ***табиғаттың*** рөлі өте маңызды. Саяхат-серуендер, табиғатқа арналған көркемөнер туындыларымен танысу – бұл табиғи қолданылатын дәстүрлі тәрбиелік істер. Дегенмен, табиғат аясында серуен құру – әлі жеткіліксіз. Бастысы – сол табиғат сұлулығын тани білу, оған қоса көңіл толғанысына келу. Мұндай қабілеттер біртіндеп дамиды. Тәрбиеші міндеті – оқушылар назарын табиғаттың әсемдік байлығына, оның формаларының үйлесімдігіне аударып, одан тек ләззат алып қана қоймай, сол байлық пен әсемдікті қорғауға тәрбиелеу.

Оқу еңбегі – оқушылар еңбегінің негізгі түрі. Балалар осы еңбек әсемдігін тануға, оған араласудан қанағатын табуға, әр күнгі еңбек әрекетінде эстетикалық жағдайлар жасауға үйрету – маңызды міндеттер тізбегінен.

Эстетикалық тәрбие істерінің тұрақты көзі – ***өнер әлемі***. Өнер туындылары “өмір оқулығы” деп бекер айтылмаған.

Өнерде қабылданған көркем бейне қоршаған болмыстың жалпыланған құбылыстарының нақты формасын көрсетеді. Көркем бейне суреткердің ақиқатқа деген қатынас сезімін білдіріп, адамға белсенді көңіл-күй қозғауын береді. Бейнелі болуымен өнер адамдар санасына, сезімі мен ерік күшіне ықпал жасап, қоғам өмірінде маңызды роль атқарады. Өнер құралдарымен тәрбиелеу әрқашан тартымды да әсерлі. **Көркем әдебиеттің** эстетикалық ықпалы баршаға белгілі. Педагог міндеті - әдебиеттің көркемдік әсерін түсінуде оқушыға жәрдем беру. Әдепті кеңес, орынды ұсыныс оқушыға кітап мәнін түсінуге, әдебиет таңдауда белгілі талғам қалыптастыруға көмектеседі. Керісінше, кітап оқуға зорлау мен шек қою келеңсіз нәтижелерге бастау береді.

Ән-күй баланың жас күнінен серігі. Классик – композиторлар туындыларының арқасында эстетикалық дамыған көптеген адамдар әулеті тәрбиеленген, осыдан балаларымызды мәңгі әсем ән-күйден жұтаң қалдыру – тәрбие жолындағы кешірілмес іс.

Оқу бөлмелері мен мектеп төңірегіндегі тәртіп, тазалық сақтау, жоғары гигиеналық мәдениет ұстану да эстетикалық бағыттағы шаралардан. Әдемі безендірілген мектептің ішкі және сыртқы көрінісі оқушыларды салақтықтан қашырып, мәдениеттілікке баулиды. Барша сұлулық өзімізде, өзіміз жүрген жерде екенін үздіксіз оқушыларға ұғындырып отыру – педагогтар борышы.

Дене шынықтыру бағытындағы тәрбиелік істер міндеті: 1) денсаулық нығайту, тән-дененің дұрыс дамуына жағдайлар жасау; 2) дене шынықтыру – спорттық білімдерді игеру; 3) қозғалыс ептіліктері мен дағдыларын қалыптастыру; 4) қозғалыс сапаларын (күш, епшілдік ж.т.б.) дамыту; 5) адамгершілік сапаларын (ержүректік, табандылық, тәртіптілік ж.т.б.) тәрбиелеу; 6) эстетикалық сапаларды (сымбат, отырыс-тұрыс мәдениеті ж.т.б.) қалыптастыру; 7) дене шынықтыру және спортпен жүйелі шұғылдану әдеттерін баулу; 8) гигиеналық ептіліктер мен дағдыларды орнықтыру. Мұндай көп тарапты тәрбиелік істерді бірлікті орындау арқылы тәрбие міндеттерінің барша түрін бір-біріне байланысты әрі үйлесімді іске асырып тұруға болады.

Күнделікті мектепте **сабақтар алдынан өткізілетін гимнастиканың да** маңызы үлкен. Ашық ауада өткізілетін таңғы дене жаттығулары баланың жұмыс қабілетін көтеріп, жалпы тән-дене салауаттылығын нығайтады. Дене шынықтыру толыққандылығы олардың жүйелі ұйымдасуына тәуелді. Дене шынықтыру мұғалімі күні ілгері әр сынып оқушылары үшін арнайы дайындалған жаттығулар кешенін түзеді. Жаттығулар мектеп ерекшелігі мен ауа райы жағдайларына сәйкестендірілуі тиіс. Таңғы гимнастиканың жалпы мазмұны жан-жақты дамытушы жаттығулардан құралады. Олар жай жүріс, жеңіл жүгіру, орында секіру, би жаттығулары және бүкіл сынып үшін дайындалған арнайы ойындармен толығып барады.

Оқушылардың күнделікті сабақтар арасындағы таза ауада тыныстауын **“қозғалмалы үзілістер”** арқылы қамтамасыз етуге болады. Мұндай үзілістерде 1-3 сынып оқушылары жүгіру және секіруге арналған қозғалмалы ойындармен айналысады. Жаттығулар мен ойындар оқушылардың сабаққа жетіп үлгеруі үшін қоңырауға 5 минут қалғанда тоқтатылады.

Экологиялық және еңбектік тәрбие істері. Бүгінгі таңда экологиялық апат қатері баршаны толғандыруда. Одан сақтанудың бірден-бір жолы - табиғат қорғау істерін түбегейлі жетілдіру. Бұл орайда ұдайы жүргізілетін, табиғат қорғауға бағытталған іс-әрекеттердің басын қосып, оларды еңбектік тәрбиемен ұштастыру өте қажет шара. Мұндай тәрбиелік істердің біршама уақыты экологиялық сауаттануға, яғни қажет білімдер, пікірлер, түсініктер мен нанымдар қалыптастыруға арналады. Егер бала өзі және достарының жарқын болашағы ауа мен судың тазалығынан екенін түсінсе ғана, табиғат қорғауға белсенді араласады.

Мұндай жұмыстардың негізгі мәні – нақты (мектеп төңірегіндегі, үй жанындағы) табиғат қорғау істері. Бұл тәрбиелік істер бойынша оқушылардың нысанға алатыны - адам тіршілігін қамтамасыз ететін жер, су, ауа, жануарлар, өсімдіктер жағдайлары. Аймақ қажеттігі, жергілікті шарттар экологиялық тәрбие ұйымдасуын, бағыт және түрін анықтайды: “жасылдар” қозғалысы, жас орман достары, құстар мен жануарлар қорғаушылары, сирек кездесетін өсімдік сұрыптаушылары ж.т.б.

Сонымен, мектептегі сыныптан тыс және сабақтан тыс тәрбие жұмыстары арнайы ұйымдастырылған, үздіксіз орындалып жататын тәрбиелік істер формасында өткізіледі. Тәрбиелік іс оқушылардың нақты іс-әрекеті формасында ұйымдастырылып, іске асырылады. Мақсаттары және қызметіне орай тәрбиелік істер келесі түрлерге ажыралады: әдептілік, әлеуметтік бағдарлы, эстетикалық, танымдық спорт – дене шынықтыру, экологиялық, еңбектік ж.т.б. тәрбиелік істердің мұндай бөлшектенуі тек шартты ғана, ал іс жүзінде тәрбие сан қилы тәрбиелік істердің бірігімді болуымен (комплексі) орындалатын міндет.

Өзіңізді тексеріңіз

1. Тәрбие әдіс-тәсілдері деген не?
2. Тәрбие құрал-жабдығын құрайтын не?
3. Қандай белгілерге орай әдістер топтастырылады?
4. Сана қалыптастыру әдістерінің қай түрін білесіз?
5. Насихат, хадис әңгімелеу әдісінің мәні не?
6. Ізгілік тақырыпты сұхбаттар мәнін ашыңыз.
7. Үлгі-өнеге әдісінің мәні неде?
8. Тәрбиелік іс-әрекет ұйымдастыру және қоғамдық тәртіп тәжірибесін қалыптастыру әдістеріне сипаттама беріңіз.
9. Жаттықтыру әдісінің мәні қандай?
10. Дағдыландыру деген не?
11. Дағдыландырудың мәні неде?
12. Тәрбиелік жағдайлар түзу дегенді қалай түсінесіз?
13. Ынталандыру әдістері тобына кіретіндерге сипаттама беріңіз.
14. Жарыстыру әдісін қалай ұйымдастырар едіңіз?
15. Мадақтау деген не?
16. Жазалау дегенді қалай түсінесіз?
17. Тәрбиелік істер деген не және олар науқандық тәрбие шараларынан қалай ажыратылады?
18. Қай тәрбиелік істер әлеуметтік бағдарлық?
19. Оқушылардың тәртіпті болуы неден?
20. Қандай тәрбиелік іс ізгілікті болуы мүмкін?
21. Эстетикалық дене шынықтыру, еңбектік ж.т.б. тәрбие істерін ажырата сипаттама беріңіз.

12-бап

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ НАҚТЫ ТҰЛҒАЛЫҚ БАҒЫТТЫ ТӘРБИЕСІ

Жоспар:

Қайырымдылық және әлпешпен тәрбиелеу
Бала көңілін түсіну
Бала беделін мойындау
Бала болмысын қабылдау
Гуманист – мұғалім ережелері

Тірек конспект-сөздік

Ұтымды тәрбие негізі – балаға болған болымды қатынас.

Гуманистік педагогика - өзіндік рухани дамуды жалпы адамзаттық құндылықтармен байланыстыруға негізделген тұлға тәрбиесі.

Әміршіл-әкімшіл (авторитарная) **педагогика** – бала дербестігі мен еркіндігін басуға негізделген тәрбие.

Нақты тұлғаға бағытталған (лично-ориентированное) **тәрбие** – жеке адамның өмірі, тұлғалық болмысы және қылық-әрекетін ескерумен орындалатын тәрбие жүйесі.

Тәрбие үдерісінің технологиялық құрамы: тұлға, нақтама, қызметтестік, жауапкершілік, қолайлы жағдаяттар, бала мүмкіндігі, ынталандыру, тәрбиеші, тәрбиеленуші.

Арақатынастар сипаты: түсінім, баланың ішкі жан дүниесін сезіну, таным, баланы қайталанбас даралық деп білу, қабылдау (бала болмысына деген сыйластық нәтижесі).

Гуманистік тәрбиедегі бала сипаты: еркін, белсенді, өз қадірін біледі, басқаны құрмет тұтады, ашық көңілді, үйіршең, ынталы, тәуелсіз.

Гуманистік педагогика принциптері: тұлғаны құндылық деп тану, оған деген құрмет-сый, тәрбиенің тұлға табиғатына сәйкестігі (природосообразность), мейірімділік пен аймалау (ласка) – тәрбие негізі.

Тұлғалық тәрбиенің өзегі – талаптарды орындауда зорлау мүлде жоқ, оларды орындауға толық мүмкіндіктер жасалған.

Педагог-тәрбиеші – баланың даму үдерісіне өзін икем-дестіреді, ал оған тікелей араласып, желісін өзгертуден мүлдем аулақ.

“Бала еркін матамай, жаздыра білетін, аяқ асты қылмай, ардақтай білетін, жұмарламай, қалыптастыра білетін, еріксіз көндірмей - үйрететін, талап ете бермей - сұрайтын тәрбиеші ғана өз шәкіртімен шабытты сәттер ләззатына бөленеді, еміренген назарымен періштенің сайтанмен тайталасына ден қойып, ақ періште жеңісіне шаттана, көзіне жас алады”.

Я.Корчак

Қайырымдылық және әлпешпен тәрбиелеу

Тәрбие мәселесінде атам қазақ бір қалыпты бағыт ұстанған: баласын аса еркелете бермеген, сонымен бірге аса қаталдық та танытпаған. Уақытына сай осылай болғаны да жөн еді. Алайда, демократия, жаңа экономикалық өзгерістер жағдайларында біздің жастарымыз талай әдемі қасиет-сапаларға ие бола тұрып, өмір, адамгершілік құндылықтарын, өзін сезіну мен қара басының қадірін тануда батыс тәрбиесімен сусындағандарға қарағанда әлсіздеу келеді. Біздің баламыздың еркіндігі тұсаулы, назары төмен, өзін жан-жақты тәуелді сезінеді. Көп жағдайда ол енжар, ынтасыз, басқаның көрсетпесін күтіп, өз пікірін табанды қорғауға шамасы жетпейді. Әрине, мұның бәрі тәрбие нәтижесі, ағынығырақ айтсақ, – кемшілігі.

Еркін, белсенді, өз қадірін сыйлай білетін тұлға тәрбиелеу қажеттігі шетелдік және өз еліміздің озат тәжірибесін мұқият саралауды талап етіп отыр. Тәрбиенің жоғары тиімділігі қандай себептерден және ненің есесінен? Әлбетте, жоғары дамыған елдерде экономикалық жағдай да, салт-дәстүр де, өмірдің жалпы сипаты адамның қай дәреже, деңгейде өсіп жетілуіне өте күшті ықпал жасайтыны белгілі. Бірақ бұл тәрбиеге де байланысты. Зерделі назар салғанға, бұл орайда әдістің, форманың, жүйенің де тәрбиелік ықпал әсері шамалы. Бастысы – **балаға болған болымда қатынаста.**

Біз бұдан бұрын тәрбиеленушіге деген қатынасты талап етіп, өз жетістіктерімен бұл таңдаудың дұрыстығын дәлелдеген

гуманистік педагогика принциптерімен танысқанбыз. Оның нәтижелерінің тиімді болғаны соншалықты, бұл күнде оған қарсы тұрмақ түгіл, гуманистік тәрбиенің пайдалы тәжірибесін жоққа шығару ешкімнің де ойына келер емес. Тәрбие жүйелерінің гуманистік негізге өтуі, еліміздің оқу-тәрбие орындарында да біртіндеп іске асуда.

Гуманистік педагогика идеялары біздің ел үшін өте маңызды болып отыр. Белгілі әлеуметтік себептер нәтижесінде ұрпақтар арасындағы рухани байланыстардың табиғи тетігі дағдарысқа ұшырады. Аралық қашықтық ұлғая түсті. Ересектер жастардан бөлектеніп, олардың мүлтіксіз бағынышты болуын талап етті. Ұзақ уақыт әйел-аналар ерлердің ауыр өндірістік міндеттерін өз мойнына артып, өз балаларының толыққанды тәрбиесінен қол үзді. Балалармен қатынас “мүмкін”, “болмайды” төңірегінен аспады. Жанұя өзінің басты қызығы-балаға деген шынайы мейірден айрылады. Нәтижеде тұтастай бір ұрпақ тәуелді, еркіндігі матаулы, өз ой-пікіріне жұтаң, өзінше шешім қабылдап, оған жауап бере алмайтындай дәрежеде өсіп ержетті. Ал қазіргі заманда мұндай ұрпақтың қолынан келері – құлшылық, бағыныштылық.

Біртекті мемлекеттік тәрбие (ясли, бала-бақша, күні ұзартылған мектеп, интернат) баланың мұғалімдермен, ересектермен араласа қатынас жасауына қажетті рухани байланыстар дамуын шектеді. Балалар толыққанды өзіндік рухани даму тәжірибесінен қол үзді.

Дәстүрлі ұйымдастырылған тәрбие үдерісінің бізге ұнамайтын қырлары қандай? Біріншіден, мұндай тәрбие өміршіл-әкімшіл сипатты, яғни тәрбиеші үкімі басым келіп, ал тәрбиеленуші тәуелді, бағынышты күйде қалады. Екіншіден, бұл тәрбиенің гуманистік тұрғыдан басты кемшілігі – шешім қабылдайтын да, бүкіл тәрбие үдерісін басқаратын да тәрбиеші, ал тәрбиеленуші талаптарды бұлжытпай орындаушы ғана. Осыдан да бала – енжар орындаушы, істеп жатқан қызметіне селқос, немқұрайлы адам кейіпінде тәрбиеленеді.

Нұсқаулар педагогикасы тәрбиелік ықпалды “талап – қабылдау – әрекет” байланысында қарастырады. “Түсіндің бе? – мұғалім сұрағы. – “Ал, енді орында!” – мұғалім үкімі. Әрқашанда, барша нәрсе түсінікті бола бермейді, ал не

үшін орындау қажеттігі – тіпті де түсініксіз қалады. Осылайша ұйымдастырылған әрекет-қылық оқушыны көнгіштікке мәжбүрлейді. Оқушы талапты орындайды, бірақ мұндай әрекетке мұғалім не ата-ана нұсқауы болмағанда барар ма еді? Өзінше шешім қабылдай алмайды, жауапкершілік жоқ, салдарына жауап бермейді.

Өміршіл тәрбие үдерісінің бұдан былайғы дамуы қалай болмақ? Адам жасық, жігерсіз болып өсті. Қайсы бір кезеңде ересектердің оны басқаруға қауқары жетпей жатқанын байқаймыз. Бойы да, салмағы да, тебіндеп көрініп келе жатқан мұрты да өзінше бір сый-құрметті жасайды. Тәрбиеленуші сол сыйға өз күшімен қол жеткізуге тырысады. Уақытында берілмегенді енді ол тартып алуға бейімделеді. Осылайша бала үлкендерді сыйлаудан қалып, олардан өз бойын аулақ салуға ұмтылады. Мұның салдарынан болатын сезімнің ең жоғары көрінісі – арсыздық пен ұятсыздық. Бір мәрте пайда болып, тиісті тежеуіне тап болмаған бұл сезім таудан түскен қар селіндей жайылады. Зиңгіттей жетілген баланы тоқтата алмайсың, “мілисамен қорқытуға” ерте, қуып салғанда, қайда барады. Сый-құрметсіз бала тәрбиесінің салдары осы. Дұрыс тәрбие - қайырлы кәрілік, бұрыс тәрбие – көз жасы және қасірет – деп А.С.Макаренко бекер айтпаған.

Өз бетінше шешім қабылдап, оның салдарына жауап беретін ерікті де еркін тұлға қалыптастыру жолы басқаша. Алдымен ойлап, кейін іске кірісетін, әрекеті бірдейіне дұрыс, зорлықсыз-зомбылықсыз іс-жүргізетін, тұлға таңдауы мен шешімін сыйлап білетін, оның бағыт-бағдарымен, көзқарас пікірлерімен, қабылдаған шешімдерімен есептесе білу секілді қасиеттерді бойына сіңірген адам тәрбиелеу қажет. Бұл талаптар **нақты тұлғаға бағытталған гуманистік тәрбиенің** қолынан келер іс. Гуманистік тәрбие ғана зорлықшыл педагогиканың қалыптасқан еліктемелерін (стереотиптерін) біртіндеп ығыстырып, моральдық өзіндік реттеулердің жаңа тетіктерін қалыптастыруы мүмкін. Тұлғаға, оның өмірі мен қызметіне бағытталған тәрбие мұғалім мен оқушы арасында балалардың **тәрбиелік ынталану** белсенділігін көтеретін әрекеттер болған жағдайда ғана өз тиімділігін береді. Баланың “Мен мәжбүрмін” күйінен “Мен қалаймын” күйіне өтуі оның орындап

жатқан ісіне деген жеке қатынасын пайда етеді. Ал бұған жету үшін көптеген сіңірі шығып, сірескен педагогикалық әдеттерден арылуымыз тиіс.

Тұлғалық бағыттағы тәрбие – баланы ең жоғары құндылық ретінде дәріптеп, оны тәрбие үдерісінің өзегі деп танытатын тәрбие жүйесі. Басқа барша алғышарттардың (приоритет) бәрі де осы тұлға тәрбиесі төңірегінде шоғырландырылып, іске қосылады. Тұлғалық бағыттағы тәрбие гуманистік педагогиканың белгілі принциптеріне жүгінеді. Олар – тұлғаның өз құндылығы, оған деген сый-құрмет, тәрбиенің табиғи сәйкестілігі, негізгі құрал ретінде қайырымдылық пен әлпештің болуы. Басқаша айтсақ, тұлғалық бағыттағы тәрбие арқауы – бала тұлғасын терең құрметтеуге негізделген тәрбие үдерісінің ұйымдасуы, оның жеке-дара даму ерекшеліктерін ескеру, оны тәрбие үдерісінің саналы толыққанды әрі жауапкерлі қатысушы ретінде тану. Бұл тәрбие мақсаты – біртұтас, еркін, әрекет-қимылында озат, өз қадірін біліп, басқалар қадірі мен еркіндігін сыйлай білетін тұлға баулу.

Егер гуманистік педагогика адам қажетіне орай тәрбиенің жалпы бағытын белгілесе, тұлғаға бағытталған тәрбие көзделген нәтижеге жету үшін тәрбиешіге нені және қалай істеу керектігін көрсететін тәрбие үдерісінің **технологиясы**. Бұл тәрбие технологиясының басты ерекшеліктері келесідей.

Тұлғалық бағыттағы тәрбие өзегі – **еркіндік**. Балалар қандай да талаптарды орындауға мәжбүрленбейді. Мұның орнына әртүрлі жолдар мен жағдайлар түзіліп, баланың өзі алға тартылған талап мәнін түсініп, оны өз пайдасына қажет екенін аңдап, қабылдап, орындауды қалайды әрі нәтижеге жетеді. Тәрбиеленуші еркіндігіне негізделген тәрбиені іске асырудың көптеген тиімді әдістері қалыптасқан, бұл бағыттағы педагогикалық тәжірибе үздіксіз жаңа жетістіктерді қолға кіргізуде.

Баланың даму заңдылықтарына арналған ғылыми зерттеулер дәлелдегендей, мақсатты бағытталған тәрбие үдерісінде мәдениет қазынасынан саналы сусындаған жас ұрпақ өкілі ғана толыққанды тұлға кемеліне жетеді. Бұл үдерісте тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасында **үйлесімді ықпалды қатынас** орнауы қажет, себебі мәдениет және жас ұрпақ арасын

жалғасытырушы дәнекер қызметін ересек атқарады. Тәрбиелік ықпалдың жоғары нәтижелі болуы үшін педагог баланы өз шәкірті, пікірлесі ретінде қабылдауы қажет, сонда ғана бала өз қолы және қалауымен өзін-өзі жасауда көмекшіге айналады.

Бала бойында міндетті қанағаттандырылуы тиіс әрқилы ұмтылыстарды қамтыған оның даралығы мен қайталанбастығы мойындалады, олай болмаған күнде даму шектеледі. Баланың көптеген сапалары астар санада (педсознательное) орнығады. Ал олардың ашық сана деңгейіне көтерілуі үшін әлеуметтік аймақ түзу қажет. Бұл жағдайдағы педагог енді тек мұғалім емес, ол – дәнекер, шәкірттерінің көмекшісі.

Педагогтың міндеті даму ағымына араласып, оны өзгерту емес, сол үдеріске **икемдесу**. Сонда ол қажетті деңгейде бала еркіндігін қамтамасыз етеді. Тәрбиеші баланың өзіндік дамуына жағдай жасайды, оның ұстаздық шеберлігі де осында. Бұлай болғанда тәрбие өзбетінше кетпей ме? Педагогикалық ықпалдарды босаңсыту бала дамуы ілгерілі, ұнамды сипатта болса ғана, орынды. Кері жағдайларда педагогикалық билік әбден қажет. Ересек үдерістің табиғи ағымына араласады, оны дұрыс ұйымдастырады, сонымен тәрбие желісін шапшаңдатады. Педагогикалық басшылық даналығы – қай мезетте араласу қажеттігін білу, қай кезеңде дамуға дем беру керектігін сезу. Ал, егер бала қиналып, қойылған мәселелерді өз күшімен шеше алмайтын болса, тәрбиеге тікелей араласып, қозғау салумен дер мезгілінде табысқа тезірек әрі жеңіл жетуде оқушыға жәрдем беру қажет.

Тұлғалық бағытталған тәрбие ғана **дамытушы** мақсатты іске асыра алады, себебі осы тәрбие арқасында тәрбиеленуші өзін тұлға ретінде таниды, өзінің барша мүмкіндіктерін еркін де жауапкерлікпен жарыққа шығаруына мүмкіндік алады. Ал мұндай нәтиже ересектер тарапынан балаға, оның қадір тұтқан пікірлері мен көзқарастарына сый-құрмет болған жерде ғана мүмкін.

Мектептерімізде дәстүрлі қалыптасқан қатерлі дерт – мұғалімдеріміз, қай сыныпты басқармасын, өз оқушыларын қажетті дәрежеде құрметтеп білмейді. Мүмкін, бұл біздің жылдар бойы қалыптасып, орныққан менталитетімізден шығар. Санамызға үйреншікті сіңген. Дегенмен бағыт түбегейлі өзгеруі

міндетті. Сонда ғана бала өзін шындап қабылдайды әрі танытын болады. Өйтпеген күнде бастауыш мектепте селқос қатынасқа еті үйренген оқушы **жауапкерлікпен есею** үшін күш салудан жұта болып, кемелдену қабілетінен айырылады.

Есіңізге түсіріңізші, қай мұғалім өзінің бірінші сыныптағы шәкіртіне “сіз” деген сөзді қолданып, хабарласыпты. Ал, сайып келгенде, бала төбесінде тұрмай, онымен қатар араласып, оның сеніміне кіру үшін жолдастық, достық қатынасты қалыптастыруымыз қажет. Солай болғанда ғана бала пейіліңізді түсінеді әрі дұрыс қабылдап, сізбен тілдесуге және қызметтес болуға құштар болады.

Мектебімізде бар құбылыс – егер бала талап, тапсырыстарды қабілеті жетпей, орындай алмаса, мұғалім оны жерлеп тастайды, намысын таптайды. Ал бұл өз қадірін қорғай алмаған баланың тәрбиешіге деген қарсылығы мен өшпенділігін туындатады. Мадағын күткен мұғаліміне болған қарсылығын бала ашық жариялай алмайды. Осыдан ол тәрбиешісіне деген өкпесін жасыра, жия береді. Нәтижеде болашақ дау-дамай негізі қаланады, ал ол соң екі тараптың да, тәрбиеге байланысты басқалардың да көп жүйелік күйзеліске түсуіне себепші болады. Мұның есесіне, құрттай да қайырымдылық болғанда – дау-дамайға зая болған күш-қуат ізгі жасампаздыққа жұмсалған болар еді.

Қазіргі заман мектебінде тәрбие әдісін тұлға дамуындағы келеңсіз жәйттерді жою, **қайта тәрбиелеу** құралы ретінде ғана тану орын алған. Ал ұнамды қасиеттер өзінен-өзі даритын сияқты, оған біз мән бере бермейміз. Бұл – оқушыны тәрбие үдерісінің нысаны ғана деп білуден шығып отырған үйреншікті таным. Тәрбиеленуші сол үдерістің белсенді субъекті екенін мойындағымыз келмейді.

Әлбетте, бала мейір, көңіл жылуы бар, өз еркінше әрекеттеніп, қолдап-қуаттайтын ортаға ұмтылады. Егер біз мектепті қашан да қайырымдылық ордасына айналдыра алсақ, ондағы шәкірттеріміз өздерін ең бақытты адамдар сипатында сезінер еді. Ал мектеп шуағы мен қуанышына бөленбеген бала – дүниедегі ең бақытсыз пенде.

“Сүйікті мектеп” технологиясы белгілі. Мұндай мектеп иегерлері – балалар. Олардың тәрбиешілері - қалаған

мәселелерді бірге шешуге дайын ересек достары. Тәрбиешілер өз шәкірттерімен бірге ойын-сауық құрушы ғана емес, сол ойындарды бітпес қызыққа айналдыратын да, осы балаларға дос-жаран да – тәрбиешілер. Қайталап айтарымыз, бала орындалуы қажет істерді, орынды қылықтарды атқаруға пейілді болуы – басты шарт. “Істе”, “Орында!” секілді бұйрық талаптардан гөрі, педагог баланың өз қалауын оятатын жөн – жосақтарды іздестіргені жөн. Ал мұның әдістері көп-ақ. Мектеп жасына дейінгі балалар мінез-құлығын зерттеген ғалымдар пікірінше, балалардың көпшілігі моральдық талаптарды (не жаман, не жақсы) өте жақсы біледі де, алайда оларды саналы бұзуға дайын тұрады. Мұндай жағдаймен кезіккен мұғалім не істеуі қажет? Уағыз айтады, жазалайды, ал дағдыларды қайталап, бекітуге шорқақ келеді. Бұл орайда тәрбиешінің ұдайы естен шығарып, ескере бермейтіні: бала қаншалықты саналы да тіл алғыш болғанымен өзі үшін мәні болмаған істі орындауға құлық білдіре бермейді. Ақылы жетеді, бірақ қажетсінбейді. Сондықтан да балаларда қандай да қылық әрекеттерің моральдық тұғырын қалау қажет. Бұл мәселенің де талай орындалу жолдары мен тәсілдері баршылық.

Бір ғұлама мұғалімдердің көбі қолданып жүрген, үйреншікті, бірақ әсерлі әдісті қолданыпты. Ол балалардан өзіне жәрдемші болуларын өтініп, басқа балаларға мінез-құлық ережелерін үйретіп, сол ережелердің орындалуына бақылау салуды тапсырыпты. Байқағанымыздай, мәселе шешімі тікелей үйретіп, көндіруден ерікті **“ереже ұсынушы және оны қорғаушы”** ойынына ауысты. Бұл жердегі және бір ескерілген жәйт – балалардың бір-біріне болған тікелей ықпалы көп жағдайда ересектер ықпалынан анағұрлым тиімдірек. “Бала-балаға” – өте нәтижелі әдістеме, бірақ мұның бір маңызды шарты бар, ол – тәрбиелеп жатқан **Адам** өз “оқушысына” өткізейін деген ережелерін алдымен өзі түсініп, қабылдауы қажет.

Сонымен тұлғалық бағыттағы тәрбие – гуманистік педагогиканың нақты технологиясы. Оның мәні – бала ең асыл құндылық, тәрбие өзегі. Бала өз даралығымен танымал. Нақты тұлғаға бағытталған тәрбие гуманистік педагогиканың белгілі принциптеріне негізделеді. Олар – тұлғаның өзіндік құндылығы, оны құрметтей білу, тәрбиенің табиғи сәйкестілігі.

Педагог тәрбие ағымына ықпалды араласпай, баланың даму жағдайларына икемдесуі қажет. Балаларды қандай да көзсіз орындауға мәжбүрлемей, сол талаптың өз үшін пайдалы екенін бала өз бетінше түсініп, қабылдауына, оны өз қалауымен орындауына жағдайлар жасау керек.

Бала көңілін түсіну

Бастауыш мектеп мұғалімдерінің кең тәжірибесіне гуманистік педагогика идеялары неліктен баяу енуде? Мұның басты екі себебі бар: 1) гуманистік педагогика **талаптарының жартымсыз іске асырылуы** және 2) әміршіл педагогика **еліктемелері**. Тұлғалық бағыттағы тәрбие талаптары міндетті орындалуы қажет немесе одан толықтай бас тарту керек. Шамаланған, жартылай гуманизм, мөлшерленген қайырымдылық пен мейір болмайды. Бұл арада балалық максимализм принципі: бәрі менікі немесе түк те керегі жоқ – үстемдік етеді. Алғашқыда идея жетегіне еріп, бірдемеге кірісеміз, бірақ көп ұзамай қанат – энтузиазм талып, баяғы мандымас күйбеңімізге қайта ораламыз. Ойымызға тіпті де келмеген гумансыздыққа (имансыздыққа!) дес береміз: баланы алдап ертіп, кейін жол-жөнекей тастай салдық. Сәби көңілі енді ғана сеніп, гүл жара бастағанда, тәрбиеші шабыты құрдым кетті. Бала үшін бұдан артық жамандық бола ма?

“Бала көңілін түсіну - әлі қиыншылықтан құтылу емес. Бала жанына араша боламын дей тұра, тәрбиеші талай мәрте өзіндегі қайырымдылықты тежеуге мәжбүр болады: бұғаусыз бала қылықтарын оның жанына қас тәртіп тезіне салып тұсаулауына тура келеді. Осыдан, тәрбиешінің жоғары біліктілігі, тәжірибесі, қалыпты көңілі ауыр күйзелістерге кезігеді” – деп жазған еді Я.Корчак. Тәрбиешіге оңай емес. Әміршіл педагогика бағытында талай жыл істеп, оған етене икемдескен тәрбиешінің жаңа, соны жолға түсуі әбден қиыншылықты. Шұбасыз да бейсана балаға деген құрмет ұзақты қалыптасады. Мұндай қасиетке болашақ тәрбиешіні белсенділікпен баулу студенттік шақтан басталады. Осыдан да гуманистік педагогиканың барша талаптарының іске асуы енді қалыптасып жатқан тәрбиешілер әулетінің мойнындағы

жүк екенін сезініп, осы бағытта дұрыс ғылыми-теориялық және тәжірибелік іс жүргізуіміз қажет.

Көбіне тәрбиешілер өздерінің **“алғашқы әсерлену”** сезімін баса алмайды. Жалпы бақылаулар дәлелденгендей, ол сезім сан-алуан болуы мүмкін, тек қана **“түсіну әсері”** емес. Ал арақатынаста сенім орнап, жәрдем беру үшін аса қажет қасиет – тұлға түсінімі. Ортаға сенім кіріп, орныққаннан соң ғана, тәрбиеленушіден оның нендей жағдайға кезіккенін сұрауға болады. Мұғалімнің “Не болып қалды?”, “Не бәле істеп қойдың?” ж.т.б. секілді қаһарлы айғайы баланы ашық жауапқа тартпайды, керісінше, оны тұйықтай түседі. Сұрақтың оған деген қамқорлықпен емес, тәрбиешінің өз беделі мен басымдылығын танытуға бағытталғанын бала түсінеді. Бала ойына келетіні – сұрақ көмектесу ниетінен емес, тәрбиешінің жәй ерігу әуестігінен немесе табалап шаттанудан екендігі, осыдан бала сол мезетте өзін-өзі томаға тұйыққа салады.

Педагогтың балалармен **адамгершілікті** (гуманды) **қатынастар жүйесі** үш ажыралмас бірліктен құралады: түсінім, таным, қабылдау. **Педагогтың тәрбиеленушімен қатынастар құрылымы** да осы секілді бөліктерге жіктеледі. Бала осыдан өз тәрбиешісінің түсіну, таным және қабылдау мәселелеріне кезігеді. Бір-біріне үстемеленген бұл жүйелер өте күрделі **педагогикалық қатынастар құрылымына** бірігеді.

Түсіну – баланың ішкі жан дүниесіне еніп, оның тереңдей көңілін тану. Ол сезім және қисын (логика) арқасында іске асатын сапа. Тәрбиеші – өте ақылды да көреген адам, баланы ашық кітаптай оқи біледі. Ал баланың қажетсінетіні – өзінің дұрыс оқылуы, яғни түсінімді қабылдануы, танылуы. Ол өзінің қай жағдайда да, қандай болуына қарамастан түсінікті боларынан астар санасымен үміттенеді. Оның сенімінде мұғалім еш уақытта қателеспейді. Солай болуы да қажет, алдамшы болса да, бала сеніміне ақау келтіруге болмайды. Сондықтан да бала үміті мен арманын ескерген педагог көзқарасы тұлғалық бағыттағы тәрбиеде өз басымдылығымен қабылданады.

Баланы түсіну қиындығы қарапайым ғана себептен: біз ересекпіз, ал ол әлі бала. Мұғалімнің кәсіптік міндеті осыдан – **балалыққа қайта ену**. Сонда ғана ол тәрбиеленушінің не-

ліктен олай емес, бұлай әрекетке келгенін, не себепті ол тап осындай, басқаша емес екендігін түсінеді. Балалардың бір-біріне таңырқағанын көргеніңіз бар ма?

Баланы қабылдаудың негізі – **табиғи сәйкестік** принципі талаптары. Бұның мәні – педагог баланы табиғатынан, бұдан бұрынғы отбасындағы және бала бақшадағы тәрбиесімен қандай болып жетілген болса, солай қабылдайды. Бұл принципті ұстанудан баланы жекеленген мінез бітістері тұрғысынан емес, бойына сіңген бар қасиеттермен **тұтастай қабылдаған** жөн. Әлбетте, педагогтың бала мінез бітістерін білгені қажет, бірақ оның қатынасқа келетіні бөлектенген ақыл, ерік не көңіл күй емес, соның бәрін біріктіре қалыптасқан тұтастай тұлға. Қай бала қандай болмасын өзінше даралық және қызықты дүние. Балаға деген қызығушылық сол баланы түсінуге бағытталған ниетті оятады. Егер педагог өз шәкіртінде қайталанбас өзіндік ерекшелік байқай алмаса, ол оны тәрбиелей алмайды. **“Тірек тұғыр”** таппаған педагог өз оқушысымен байланыс қатынасқа келе алмайды.

Баланы тұтастай қабылдағанның бөлектеп, “мөлшерлеп” қабылдағаннан айырмашылығы көп. Жас ерекшеліктері мен даралықтарын зерттеуде осы баланы бөлшектеп тану біздің мектебімізде басымдау болып тұр. Әлбетте тұлғаны пұштарлап, кейін оның ерік-мінезін, темпратменті мен қабілеттерін өз алдына қабылдау қиын емес, бірақ, өкінішке орай, бөлшектеңіп ажыралған сапа-қасиеттердің басын бір тұтас тұлға бойына жинақтап ендіру мүмкін емес. Шым-шытырық әдістер көлеңкесінде адамды жоғалтқан бүгінгі дәуір психологизмінің қасіреті бұл. Бірдеңені білгендейміз, бірақ ешнәрсені түсіне алмаймыз, нәтижеде – нақты баланың жекеленген ерік, мінез немесе ойлау көрсеткіштерінен қолға ұстарлық бүтін дерек ала алмаймыз. Ұзыннан ұзақ, барша тарапын қамтыған психология – педагогикалық бала мінездемесін жазып, босқа уақыт сарп етеміз, ал одан келер пайда жоқтың қасы.

Бұл жағдайға уақытында көрегендікпен Я.Корчак назар аудара білген: “Жалған, жасанды нақтама барша “қолайсыз” – еті тірі, өз қадіріне сай менмендігі бар, сындарлы ақылға ие, бірақ адал да аңғал балаларды өкпелі, жабырқау, томсырайған, жеңілтек, кім болса, соның жетегінде жүргендермен қоса, топ-

тай саламыз. Пісіп жетілмеген, қарабайыр, үстірт көзқарастан болмысынан үміт күттіретін бала сирек болса да, кездесіп қалатын қарақшылардан, жаман нышандарға бой алдырған балалардан ажыратыла қарастырылмайды”.

Тұтастай қабылдауда тұлғаның **өзекті құрылымына**, оның әрекет-қылық пен іс-қызметте көрінуіне назар аударылады. Алдымызда 5-6 жасар бала тұр, делік. Біршама уақыт оны байқауға алайық. Осының өзі баланы түгелдей тануға кәсіпқой педагог үшін жеткілікті. Әзірше біз баланың еркі, ақылы, қабылдауы қай дәрежеде екенін білмейміз. Біздің басты назар аударғанымыз баланың сырттай әрекет-қимылы: қалай және неге қарады, төңірегінде болып жатқандарға елеңдеуі қалай, қалай сөйлейді, нені әңгіме етеді, қайтып тұрады және қалай отырады. Осының өзі аз емес. Алғашқы қабылдау ой сана деңгейінде өтетіні белгілі. Көзбен көргеніміз көрінбегеннің орнын толықтырады. Ал сол көзден таса, тереңде жасырынғандарды, қажет болса, арнайы педагогикалық зерттеуге салып, танып білуімізге болады.

Байырғы заманда баланы зерттеуде бүгінгі педагогтар қолданып жүрген әдістер мүлде болмаған. Мұғалім өзінің басты қаруы – педагогикалық сезімі мен зерделілігін жетілдіруге міндетті болған. Сол уақыттарда алынған нәтижелерге қарағанда (Песталоцци, Коменский, Ж.Ж.Руссо замандарында) қателіктер бүгінгіден әлдеқайда кем болған. Шетелдік мамандар балада қандай да мәселе туындап, оны сырт көзбен айыра білу қиындасқанда ғана тиянақты зерттеулерге жүгінеді. Бұл баланы зерттеп, бас қатырудың қажет еместігін білдірмейді. Ғылыми сарапқа салу тіпті керек, бірақ зерттелетін адамның екінші дәрежелі өзгермелі сипаттамалары емес, тұтас бала, оның өзекті құрылымдары.

Манағы бақылауға алынған баламен жақыннан танысып, алғашқы алған әсерлеріміздің дұрыс екеніне көзіміз жетті. Ендігі ісіміз – бізді қызықтырған жекеленген сапаларды байқастырып, алғашқы әсерлерді толықтыру – сонымен, баланың мектепке дайындығын, дербестігін, адамгершілік қасиеттерінің даму деңгейін ж.т.б. анықтау.

Жеке пайымдаумен (индуктивно) алынатын бала жөніндегі деректердің шынайылығы мұғалімнің кәсіби дайындығы мен

тәжірибесіне және тәрбиеленуші көңілінің ашықтығына тәуелді. Кейде тіпті әйгілі мамандардың өздері төңірегіндегілерден оқшауланып, “іштей тынған” тәрбиеленушіні дұрыс түсіне алмай, қиналады. Мұндай жағдайдың болатын себебі – баланың ішкі қалпы оның сырттай белгілеріне сәйкес келмейді, ішкі жан дүние мен оның сырттай көріну тәсілдері өзара үйлеспеген. Және бір ескертетін жәйт - ұзақ уақыт бастауыш сыныптарда қызмет еткен мұғалімдерде тұрақты қабылдау және бағалау өлшемдері бекиді. Бұл арада тәрбиеші тұрғысынан мәнді деп есептелген кіші жастағы оқушыларда аса көп кездесетін типтік өзгешіліктер көрініс табады, әлбетте, мұндай бекіген өлшем-шектер баланы түсіну үдерісін жеңілдетеді, алайда типтік қатарға “сыймайтын” балаларды тануда үлкен кедергілік етеді. Бүгінгі таңда біздің дәстүрлі сана-сезімдік қалыбымызға сыйыспайтын балалар саны көбеюде, сондықтан мұғалімдердің өз өлшем-шектерінің құрсауында қала бермегені дұрыс. Икемшіл, ауыспалы, қозғалмалы болған жөн.

Зерттеулер айғақтағандай, мұғалім екі-үш баланы ғана түбегейлі түсінуі мүмкін, 10-12 оқушының мінез-құлығынан қажетті деңгейде жалпы хабары болуы мүмкін. Ал қалған оқушыларды қабылдау мен бағалауда үйреншікті еліктеме әдісімізді қолданамыз (“баяғыда сондай едің, бүгін не қарық дейсің!”, “Ол оны білмейді, бұны да оңдырмас! ж.т.б.). Егер бала-бақшада не сыныпта бала саны шектен тыс көп болса, не істейміз. Мұндайда бірден бір көмекші құрал – **әлеуметтік интеллект** дамыту, яғни оқушылар **көңілін түсініп**, олардың болып қалар қылық-әрекеттерінің **көрегендікпен алдын алып**, даму барысына бақылау салу. Егер көрегендігіңіз шынайы нәтижемен сай келсе, сіздің бағаңыз дұрыс, баланы жөнімен танығаныңыз. Ал егер тура келмей қалса – түсініктеме іздестіру, балға тереңірек назар аударып, оның жан дүниесін тануға қажет әдістерді игеру қажет.

Оқушыларды түсіну үдерісінің нәтижелі болуы үшін тәрбиеші өз бойында келесідей кәсіптік сапаларды тыянақты дамытуы қажет:

– байқағыштық және болып жатқандарды түсіне білу. Қалаған кезеңде балаға ненің неліктен бұлай болатынын түсіндіре алуы;

– бала көңілі мен сезімін түсініп, онымен бірге толғанысқа келу, өз көңілін орынды білдіре алу;

– тәрбиеленушілер қабылдауы мен бағамында өзінің педагог ретінде қай дәрежеде екенін түсініп, оған сай әрекетке келуі;

– тәрбиеленушілердің сыртқы кейпі мен ішкі жан дүниесін тануда педагогтар тарапынан жиі жіберілетін типтік кемшіліктерді білу;

– тәрбиелік ықпалдар нәтижесінде болатын өзгерістерді салыстыруға қажет бағалау сипаттамаларын қолдана білу.

Көңіл шарпулары (эмоции), дәлірек айтсақ, олардың сырттай көрінісі зерделі адамға бала жөнінде көптеген айғақ береді. Тәрбиеші оларды дұрыс “оқып” үйренсе жеткілікті: бала жанын түгелдей болмағанымен, жартылай танып алатынына шүбә жоқ. Эмоционалдық қалыптың сырттай шарпуы – **экспрессия** деп аталады. Ым-ишара, қозғалысты белгілер, сөйлеу екпіні мен қарқыны тәрбиешіге көп нәрсені баян етеді. Бала қалпы мен оның сырттай көрінісі психологияда толықтай сипатталған. Кішігірім жаттығудан кейін-ақ, жас педагогтың өзі де бала ым-шарасының не білдіретінін (қуаныш не қайғы, қорқыныш не ашу, таңдану не салғырттық) аңғаруы мүмкін. Бірақ, әдетте, алғашқы назар аударылатын нәрсе – баланың жалпы кейпінің қай жағдайда екендігі, яғни абыржыған, сабырлы, күйзелісті болуы. Абыржыған адам белгілері: дауысы көтеріңкі, дірілді, ащы, қатты толғанысты, сөйлеу екпіні мен қарқыны тез ауысады, сөйлеу барысында іркіліс болмайды, айтар сөздері бірі-біріне жанаспайды. Тіпті кейде қатерленіп, сасудан айттайын деп тұрғанын ұмытып та қалады. Ым-ышарасы мен сөз (сөйлеу), сөйлеу екпіні дене қимылдарымен (қол сермеу, бас изеу, шайқау ж.т.б.), тұрпатпен, киім-кешек қалпымен толығымен түседі. Байыпты, еркін тұрпат байсалдылықты танытса, қызулы кейіп – толғаныс, күйзелісті білдіреді.

Мұғалім сол мезетте-ақ барлық көргенін есіне түсіреді, біріктіреді, ой сарабына салып, мәнге келтіреді. Баланың әрекет-қылықтарын, сөйлеген сөздерін, көңіл шарпуларын бір тұтастық элементтері ретінде өзара байланыстырып, оның ішкі жан дүниесін түсіне, онда байқалған сеп-түрткілер, көзқарасбағдар, рухани-мәдени бағдар, қабілеттер мен мүмкіндіктер

мәнін ашуға тырысады. Бірақ бұл жеткіліксіз. Егер мұғалім өте әдемі қорытындылар жасап, баланың ішкі қалпын қалтықсыз танып, алайда сырттай бақылаушы болып қалатын болса, оның балаға көмегі шамалы. Тәрбиеленушіні **ұнату (эмпатия)** онымен бірге күйзеліп, жәрдемге келу және оны барша кемшіліктерімен қоса, қабылдай білу – гуманист – педагогқа ғана тән табиғи жан ұстамы.

Бала сенімін жеңіп алу қажет. Кішігірім әлеуметтік тәжірибесімен-ақ оқушы өзіне кімнің, қалай қатынас жасайтынын сезе қояды. Бетін жалған сүйіспеншілікпен бүркеген мұғалімді бала тез таниды. Оқушы мен жалған сөзді педагог арасындағы алшақтық күннен-күнге өрістей түседі. Ал мұндай жағдайды болдырмаудың жалғыз-ақ жолы – арнайы формальды тәрбиелік шараларды ұйымдастырып, өткізу. Бұл ойындарістерге оқушы мен оқытушы арасындағы келеңсіз жәйттер себепін түсінуге жәрдем беретін рольді ойындарды сахналас-тырып, оқушылардың бірін “мұғалім”, екіншісін оның “шәкірті” етіп қарастыру. Бұдан қандай да мән ұққан мұғалім де, оқушы да өз әрекет қатынастарының орынды, орынсыздығын сарап-тайтын болады.

Оқушы өзі қалаған мұғалімді оның барша кемшілік-олқылықтарымен қабылдауға дайын. Бірақ бұл үшін жалғыз-ақ шарт қояды: мұғалім өзінің ақ көңіл және адалдығын білдіруі қажет. Сондықтан педагогтың жаңа тәрбиелік бағыт арнасында жұмыс алып баруы әлі жеткіліксіз. Байырғы қатынас мәнерінен құтыла алмай отырып, бала сеніміне қол жеткізу мүмкін емес. Бұл орайда қарама-қарсылық туындайды: бала сенімін жеңіп алу ниеті болғанымен, педагог өзінің тұлғалық болмысын өзгерту, өз шәкірттерін тыңдап білу мен түсіну жолында ешқандай әрекет жасамайды. Бала жөніндегі маңызды жалпы деректердің бірі – сол баланың **өзіне деген қатынасы**. Психологияда бұл құбылыс позитивті (оңды) **“Мен”** тұжырымы, өз болмысын қабылдай білу және жеке басының қадірін тану ұғымдарымен баламаланады. Психологиялық зерттеулер дәлелдегендей, әкімшіл басшылықта тәрбиеленуші ересектер талаптары мен бағамдарын ойланбай қабылдауға және игеруге міндетті, осыдан онда теріс “Мен” тұжырымы, “Меннің” болымсыз бейнесі қалыптасады. Бала өзіне-өзі ұнамайды, “мен

жаманмын” деген пікір ұялайды, ал мұның салдары қалаған келеңсіз әрекет-қылықтарға дайын тұру. Өз басының қадірін білмейтін, өзін-өзі сыйлай білмейтін адамнан не күтуге болады? Өзіндік бағам мен өзіне деген құрмет деңгейінің кем болуы жан, көңіл жайсыздығынан дискомфорт туындайды. Ал мұның басты себебі – үлкендер немқұрайлылығы мен қайырымсыздығы. Ересектер баланы көзіне де ілмейді, оны қолдамайды, табысына орай тиісті мақтау-мадағын беруге ерінеді, тіпті оның қажет екенін сезбейді де. Осыны көріп өскен бала, өз қадірін қайдан білсін? Осыдан бала бүкіл әлемге өкпелі де наразы, енді ол өзін төңірегіндегілерге болған өшпенділігімен қорғай бастайды.

Тәрбие аймағындағы мұндай сырқаттан құтылудың ең әсерлі жолы - қайырымдылық, әлпеш, мейір. Ал егер “Мен” әбден тозған болса, аталған емнен қайыр жоқ. Тереңдей күйреген “Менді” ешқандай табыс қызықтырмайды, өзі жөнінде жұрттың не деп жатқанын тіпті де елемейді. Болар істің бәріне күні ілгері белін бекем буып, дайын тұрады. Тәрбие, дәлірек айтсақ – өзіндік тәрбие қиыншылығының асқынуы мұғалім үшін жеңіл соқпайды: енді оның алдында “Мені” өзгерген баланың бағамдау және мінез-құлық еліктемелерін түбегейлі ауыстыру міндеті тұр, яғни ол оң талаптарға сай бұрын соңды болмаған жаңа, “Мен” қалыптастыруы тиіс. Ал бұл қаншалықты жүйке мен уақыт керек ететінін өзіңіз шамалай беріңіз.

Баланың **бағыт-бағдары** сәби жастан-ақ байқалады. Егер ол өзімшіл болса, қара басының қамына ұмтылады, ал ұжымшыл келсе, өз мүддесін басқалар ниетімен үйлестіруге тырысады. Тәрбие бағытын пайымдауда алғашқыларды - ұжымдық істерге көбірек тартуды ойластыру керек те, екіншілерді – дербестік қасиеттерді дарытқандай жұмыстарға жайымен қосып барған орынды.

Сонымен, тәрбиенің табысты болуы – мұғалім не тәрбиешінің бала мінез-құлығының сырттай көрініс деңгейінен оның тереңде жатқан “Мен” құрылымына ене алуына байланысты.

Әрі қарай іс қандай болмақ? Енді тәрбиеші оқушының ішкі “Менін” зерттеумен бір қатар, кейін емес, онымен мүдделі қамқорлық қатынасына түседі, яғни өз шәкіртін **ұнамды көңіл қолдауына** алады әрі оған **педагогикалық қорғаныш** бо-

лады. “Мұғалім мені түсінді, бар болмысыммен қабылдады, беделімді, даралығымды таныды” – секілді бала тұжырым, сенімі әбден орныққанға дейін мүдделі қамқорлық қатынас сақталады. Әлбетте, мұны сөзбен жеткізіп болмайды. Нақты жағдайда тәрбиеші де, тәрбиеленуші де өзара не болып жатқанын, қатынастың оң сипат алғанын, алғашқы болымды нәтижелерден үміт барын іштей, үнсіз сезінеді. Әлбетте, тәрбиешінің сөздік түсініктемесі оқушының өзі түбегейлі аңғара алмай тұрған көп сезімдердің мәнін ашып алуына жәрдемін тигізеді. Тәрбиешіге әбден сеніп, оны “пір” тұтқан тәрбиеленуші оның сөзін сескенбестен қабылдап, құптаумен болады.

Осыдан, **бала сенімі** – өте әсерлі де қатерлі сезім. Оның нәрін алған шәкірт қапелінде мінез-құлығын өзгеріске келтіріп, жалпы өмірге, сонымен бірге жеке өзіне деген қатынасын күтілмеген аңғарға бұра салуы ықтимал. Қатты сенген бала өзінің ішкі қорғанысынан ажыралады. Енді ол бүкілдей тәрбиеші ықпалында. Бұл жағдайда тәрбиеші даналығы қандай болуы қажет? Бір ниеттерді ол қолдайды, дамытады, ал қалғандарын тежейді, жояды. Бала өзінің ересек досын сынға сала алмайды, себебі оған жалтақсыз сенген. Тәрбие енді жүйке және ерік тайталасы емес, өмір жолындағы бірлікті қадам.

Сенімді арқау еткен қатынастар өз пәрменділігімен адамаралық байланыстардың қай-қайсысынанда жоғары тұрады. Бала өз досы – тәрбиешіге барша жан дүниесін: ой, сезім, толғаныстарын – айқара жайып салады. Дегенмен, екіншітсі, бұл өте сирек ұшырасатын жәйт – тіпті өз аналарына балалардың төрттен бірі ғана толық сенім білдіреді екен. Тәрбиеші өзінің сенімге тұрарлық екенін дәлелдеп, бала сүйіспеншілігіне бөленуі қажет. Бұған жеткізетін – ашық көңілділік, шынайылық, қайырымдылық таныту, шын пиғылмен мүдделі қызықсыну, балаға деген құрмет және сыйластық қатынас. Сенімді қатынас бекіп, орнығуы үшін, бала өз тәрбиешісінің қай жағдайда да оны қатерден қорғайтынына, оған қарсы шықпайтынына шүбә келтірмеуі тиіс.

Сонымен бала көңілін түсіну – гуманист-педагогтың алғашқы таным әрекеті. Гуманистік тәрбиеде маңызды міндет - жеке-дара ерекшеліктерді зерттеп тану емес, тұлғаны тұтастай қабылдай білу. Тұтастай қабылдауда басты назарға

алынатын жәйт тұлғаның өзекті құрылымдары, олардың мінез-құлық пен іс-әрекеттегі көрінісі. Ең алдымен талдауға түсетін тұлғалық ерекшеліктер – баланың өзіне деген қатынасы, оның бағыт-бағдары, қажеттері мен сеп-түрткілері. Бала бойындағы еленбес бітістерді әсірелеп үлкен қорытындылар жасауға болмайды. Баланы бағалауды сіңірлі өлшем – шектерден (эталон) сақтанған жөн.

Бала беделін мойындау

Бедел мойындау – баланың өзімен-өзі болу құқын тану. Бұл ересектердің бала даралығымен, көзқарастарымен, бағам және бағыт-бағдарларымен ымыраға келуі. Қандай болғанына қарамастан, бала сыйлы, онымен есептеседі. Мүмкін, біз балаға маңызды болғанды, оны қызықтырғанды қабылдаспыз, бірақ гуманист-педагог болуымыздан баланың өзін қабылдауға міндеттіміз. **Қылығынан жиренеміз, ал өзін жанымыздан артық жақсы көреміз.** Ал, мұның мәні – оның мүмкіндіктеріне қауымының парызы екенін дәлелдер отыр. Бірақ бұл қиын да күрделі іс, дегенмен оның берер жемісі ұланғайыр. Жас, ерен педагогтар бұл бағыттағы педагогикаға жан тәнімен беріле отырып, қателіктерге де ұрынады. Олар, мысалы, балаларға толық еркіндік берумен бірге белгілі тәрбиелік үлгілерін ұстанғысы келеді, яғни еріксіз барша тәрбиеленушілерді бір тезге салып, бірдей ұқсас тәрбиеленген кейіпке ендіргісі келеді. Нәтижеде – ұстаным жаңалықты, ал орындалу баяғы бала ерекшеліктері мен даралығына жол бермей, басу. Бала беделін мойындау астарында табиғи сәйкестік (природосообразность) принципін ұстану жатыр, яғни бұл әр адамның табиғатынан берілген қасиеттерін – нышандарын, мінезін, темпераментін елеу деген сөз. Осыдан шығатын тұжырым – тәрбие бірдей, бірақ сол тәрбиеде назарға алынатын қызығулар, қажеттер, қабілеттер әрқилы. Адамды дара да қайталанбас етіп жаратқан табиғатқа қарсы шығудан табар пайдамыз қаншалықты? Ойланып көріңіз! Сол Жаратқан берген бала бойындағы күш-қуат пен сапа-қасиеттерге қарсы тұрудан гөрі оларды жетілдіре түскеніміз абзал емес пе? Бұл тұрғыдан тәрбие міндеті – даралықты жою емес, ал оны көзделген мақсат бағытында дамыта өрістету.

Мичурин дәріптеген табиғатпен күресудің қаншалықты болымсыз екенін бүгінгі Қазақстандағы апатты экологиялық жағдай дәлелдеп отырған жоқ па? Осыны түсініп, жалпы табиғатты, оның ішінде шынайы адам болмысын тұғыр ретінде ұстанған мұғалім – дана ұстаз.

Тәрбие тәжірибесінде кезігетін және бір басты кемшілік – **баланы тағдыр тәлкегінде қараусыз қалдыру**. Бір біріне сыйыспайтын дүние, бірақ баланы қатаң тезге салып баққаннан гөрі кей жағдайларда оның өмірі мен дамуына тіпті араласпаған тиімдірек. Жетімсіз тәрбиеден болған олқылықтар кейін тұлғаның өз өміршеңдігімен, белсенділігі және дербестігімен тез қалпына келеді. Осындай тәрбие аясында зерделі де іскер, талапшаң да тапқыр адамдар кемелденеді. Алайда, мұндай жағдайдан болар қатерді де естен шығармаған жөн – жастайдан бойына сіңдірілмеген моральдық қалыптар мен шектеулер баланың бүкіл болашақ өмірі мен бүтіндей қоғамды төзуге мүмкін емес ыңғайсыздыққа тап қылады. Моральдық сапалар өздігінен пайда болмайды, сондықтан да “тәрбие қазанында қайнап, піспеген” адам өз белсенділігін “тайғақ та парықсыз” жолға салып жібереді.

Бала өз сапа-қасиеттерін іс-әрекетінде, мінез-құлық және қылықтарында көрсетеді. Біреуінің әрекеті – шапшаң, лезде, екіншісінікі – жай да байсалды, үшінші бірі – көрінген іске құлай салады да, соң жағдайларды пайымдап, өз әрекетін ретке келтіреді, түзейді. Бір балалар қатынасқа тұйық, сөзге сараң, екіншілері – ақ көңіл, аңғал, бір баланың ойы қара басынан ауыспайды, ал қасындағының ойы – басқалар қамы. Бір балаға күйгелектік тән, ал екінші бала табиғатынан “дәрия тасса, тобығынан келмейтін” жайсаң. Осы жәйттерді ескерген педагог әрекеттерінің бәрі бірдей болуы мүмкін емес.

Педагог әр оқушыға өз алдына жеке тәрбие бағытын қолданады. Тәрбиелік мақсаттар жүйесін ретке келтіріп алғаннан соң, педагог нақты балаға тән қызметтік-психологиялық ерекшеліктердің нақты іс-әрекетте көрінуіне ықпал жасайтын құрал, шараларды іріктеп, таңдайды. **Тәрбиелік ықпалдар жіктемесі неғұрлым жоғары болса, тәрбие тиімділігі де нәтижелі келеді**. Бұл орайда жеке даралығы мен мүмкіндіктеріне тәуелсіз, барша тәрбиеленушілердің ортақ

моральдық талаптарды игеру және орындай білу қажеттігі ескеріледі. Әр оқушының тәрбиелік мақсатқа бағытталған нақты қадамдары, тұлғалық дамудың нақты тетіктері жекеленген өзгешіліктерге әрі сол тұлғаның табиғи бастауларына сай болуы қажет.

Сонымен, бала көңілін түсіну – жартылай іс. Оны жеке, қайталанбас тұлға ретінде танып, оның беделін мойындау – басты мақсат. Өзімен-өзі болу құқын тану – бала еркіндігінің арқауы. Мұнсыз гуманистік бастамалардың бәрі өз нәтижесін бермейді.

Бала болмысын қабылдау

Бала болмысын қабылдау – сөзсіз, алдын ала ойластырылған шарттарға тәуелсіз бала тұлғасына болған ұнамды қатынас. Қабылдау бұл тек ұнамды баға емес, баланы барша кемшіліктерімен мойындау, оның барша өзімен-өзі болу құқын тану, барлық олқылық, өзгешіліктерімен оны тану, білу. Мейлінше өзін көрсетуге еркіндік беру. Педагог осының бәрін біледі. Өз шәкіртінің олқылықтарын орнына келтіруге дайын. Тәрбиеленушінің ұнамды тараптары келеңсіз қылықтарынан басым болса, әлбетте, тәрбиеші оны қабылдауға құштар. Ал тұрмыста ондайлар аз, көбіне тәрбиесі жетімсіз пенделерді қабылдауымызға тура келеді. Осыдан, **“қарғаны аппағым деп, кірпіні жұмсағым”** деп тануға мәжбүр боламыз. Егер бала біздің дегеніміздей болмаса, біздің айтқанымызбен жүрмесе, біздей ойламаса, оны қабылдау қиын. Ересектердің әдеті – балалардың бәрін өз тұрғысына сәйкестендіргісі келеді, бірақ онысын өздері байқамайды. Балаға өзін басқалардан ажырата, өз бойын көрсетуге рұқсат бере бермейді. Тәрбиеші алдында әдемі, салауатты, тәрбиелі балалардың сыйлы болатыны белгілі. Тынық та кішіпейіл қыз балаларды ерекше құрметтейтініміз және бар.

Егер тәрбиеші баланы қабылдағысы келмесе, не формаль қабылдауға сыңай білдірсе, баланы жақтырмағаны. Көмек бергісі келгенімен, қатынас түзелмей, ол ниетінен нәтиже шықпайды. Шынайы қатынас екі ортадағы жан шуағынан қалыптасады, үлкен сенімге негізделген шынайы пікір алы-

су болған жерде орынғады. Тәрбиешінің мейірмен иығынан қаққаны, жылы назары мен үнсіз қолдауы балаға қуат береді, сенімін арттырып, қиыншылықтар мен кедергілерді жеңуге жәрдемдеседі. Баланың толқыған байланыссыз сөзін, ұзын-шұбай ақтарылған өкпесін шын ызалы сезім буырқасынына шыдап, тыңдай білу – тәрбиеші міндеті. Көңіліндегінің бәрін айтқызып, баланың өз сабасына келуіне мүмкіндік береді.

Бүгінгі мектеп қатынастары баланы шартты қабылдауға негізделген. Оқушы ұдайы келесідей ескертулерді тыңдауына тура келеді: “Егер сен..., мен сені сыйлаймын”, “Мен сенімен достасамын, бірақ сен...”. Нәтиже бір балада өзіне, төңірегіндегілерге болған қате көзқарас қалыптасады. “Әй, мен осы ешкімге де жақпадым-ау” деген ой оның астар санасында бекіп, мазалайды. Себебін табуға шамасы жетпейді, ересектер ашып айтпайды. Осыдан бала өзіндік бағаны кемітеді, өзін-өзі жек көре бастайды. Басқалар қабылдамауының салдарынан болған өзіндік жек көру – жеке тұлға үшін өте ауыр күйзеліс. Мұндай жағдай жүйкелік сырқаттарға соқтырып, сенімсіздік пен шарасыздыққа тап қылады. Бүгінгі қабылданбаған бала – ертеңгі қоғамнан аласталған ересек, мейір мен қайырымдылыққа қанықпаған, өзін мәңгі айыпты деп сезінген, мейірімсіз әрі «әпер-бақан» адам.

Баланы қабылдаудың негізі – **сүйіспеншілік**. Егер тәрбиешіде осы имандылық сезімі болмаса, ешқандай кәсіби шеберлік күйгелек те қыңыр, қиын баланы қабылдата алмайды. Балаға деген педагогикалық мейір ұстамды және байсалды болуы қажет деп білеміз, бірақ олардың шектері қандай болмақ – ешкім де анықтап айта алмайды. Дегенмен, анығы – баланы сүйе білген педагог қана оны ұтымды тәрбиелей алады, себебі бұл істегі құралы тек ақыл емес, ол жүрек сезімін де ортаға салады.

Балаға болған мейір **әділдік** арқылы өтеді. Қандай да өтірік, келеңсіздік бала көңілінен таса қалмайды. Әділдік пен адалдық - бала жанының азығы. Мұғалім, тәрбиеші әділетсіздігі балаға ауыр соққы. Тәрбиешіден толықтай ақылды да адамгершілікті болуды талап ету мүмкін емес, бірақ әділетті болу оның табиғи да кәсіби парыз – міндеті.

Егер балаға қойылған талап әділетсіз, орынсыз жоғары не төмен болса, егер оны үздіксіз қаралай берсе, әлбетте, мұндай қатынастан балада наразылық қарсылығы өрбиді. Көрінген ісі мен қадамынан күні ілгері қорқып, қай әрекетінен де өзіндік қанағат таппайды. Бұл бала белсенділігін байлайды, өз қателіктері мен күйзелістерінен арыла алмайтын жағдайға әкеледі. Баланың бір-ақ тілегі – оны адам секілді қабылдап, сыйласа екен – буыны қатпаған жастың өмір арқауы. Қабылдау талап қоя білу мен принципалдыққа негізделеді. Ал бұлардың іске асуы ұнамды қатынас пен ниетті жәрдем жағдайларына тәуелді.

Толық әрі қалтқысыз қабылдау бала күйзелісін бәсеңдетеді, соңынан біржола одан құтқарады, тәрбиеленушінің өз болмысын шынайылықпен тіктеп, барынша көрсете алуына, өзін-өзі реттеуге қажет еркіндігін пайдалануға мүмкіндік береді. Өкінішке орай, тәрбиеленушіге деген мұндай қатынас көптеген педагогтар санасында орнықпай жатыр, себебі біз “баланың тәрбиесін басқармаса, болмайды” деген ережеге сіресе, таңылғанбыз.

Әлбетте, бір оқиғаға болған тәрбиеші мен тәриеленушінің көзқарасы әрқилы, себебі екеуінің арасында орасан жас және тәжірибе айырмашылықтары жатыр. Сондықтан тәрбиеші қандай да бала қылығына деген пікірін шыдамдылықпен түсіндіре білуі орынды. Сонда ғана тәрбиеленуші өз тәрбиешісінің талабын орынды түсінеді, оның өмірлік қажеттік екенін ұғынады. Көзқарастар айырмашылығы тәрбиеші мен тәрбиеленушіні қандай да мінез бітістерін саналы байыптау қажеттігін түсінуге жетелейді. Осындай түсінімнен бала алдағы іс-әрекеттің мәнін жете ойланып, оны қабылдайды, кейін сол әрекетті дұрыс бағытта орындауда ат салысады.

Тәрбиеші өз шәкіртін сүйіп, қабылдайтынын нақты көрсетуі қажет пе? Бұдан бала оның “басына шығып, мойнына отырып” алмай ма? Әлбетте, мұндай қауіп бар. Бірақ ағайынгершілік (панибратство) пен үлкенді елемеу шынайы сүйіспеншілік пен сый-құрмет болмаған жерде, арадағы қандай да жалғандықтан болады. Мейірлі тәрбиеші, әке мен шешесі құсап, өз шәкіртін орынды жерінде достық пиғылмен “сілкілеп” алғаны да жөн. Бұл тек ортадағы үйіршеңдікті нығайта түседі. Мұндай ескертпені дұрыс түсініңіз. Әміршіл педагогикада балаға бұлай

ықпал жасау – үлкен қылмыс. Қисынсыз көзқарас: тәрбиеші баланы “тәрбиелеймін” деп қандай да билік жүргізуге құқылы, ал өз досыңды кішкене “құлағынан тартып” орнына келтіріп қою – педагогикалық кінә. Егер бала ересектердің өзін толық сүйетініне, сыйлайтынына сенсе, атаның жұмсақ шапалағы, дос тәрбиешісінің жеңіл шымшуы оған ешқандай зиян келтірмейді.

Болашақ тәрбиешілерді сақтандыратын жәйіт – ешнәрсе өздігінен келмейді, бәріне де біз араласуымыз қажет, сонда ғана бала және онымен қатынас ұнамды өзгеріске түседі. Топтар, сыныптар ауысады, балалар, ата-аналар, жағдай, теориялар, әкімшілік, елдегі жағдай өзгереді – дүниеде қатып қалған ешнәрсе жоқ. Осыдан әр уақыт өзіңізге өзіңіз назар қойып, төмендегі сұрақтарға жауап іздеуді әдетке айналдырыңыз:

1. Тәрбиеленушілерім мені қалай бағалайды?
2. Менің сүйіспеншілігімді олар сезе ме?
3. Маған шәкірттерім сене ме?
4. Оларды түсінетінім жөнінде ойлана ма?
5. Менің өздерінің досы ретінде тануына негіз бар ма?
6. Әділмін бе?
7. Менің оларға болған қатынасым ұнай ма?
8. Олардың да мендей болып тілдесіп, қатынасқанын қалар ма едім?
9. Оларды тәрбиелегенімдей етіп, мені де тәрбиелегенді қалар ма едім?
10. Қандай тақырыптар жөнінде олармен әңгіме жүргізе алмаймын? Не себепті?
11. Менің оларды түсініп, қабылдағанымды сезіне ме?
12. Олар күйзелісі неден?
13. Олар толғаныстарының мәнін мен түсіне білемін бе?

Ал енді алдыңыздағы баланы болмысымен қабылдауға қаншалықты дайын екендігіңізді тексеріп бір көріңізші. Баланы қабылдаймын десеңіз – белгілеңіз:

- баланы көрінген қылық жасауға құқылы екенін мойындаймын;
- балаға өз болмысына сай қылық көрсетуге рұқсат беремін;
- оның барша сезім, ой, толғаныстарын сыйлаймын;

- оны тыңдап, түсінуге әрі жақсы көруге дайынмын;
- өз шынайлылығыма ақау келтірмей, қай жағдай да баланы қолдауды дұрыс деп білемін;
- балалар мен үлкендердің дүниені бағалауы әрқилы дегенге келісемін;
- балаларды қажетті түсінімге келтіріп, өз ой, пікірлерімді олармен бөлісуге дайынмын;
- тәрбиеленуші бағыт-бағдарын, көзқарасын құрметтеймін;
- балалардың күш-қуаты мен мүмкіндіктеріне сенемін,
- жаңалықтар мен озат тәжірибе топтауға әрқашан құштармын.

Сонымен, бала болмысын қабылдау дегеніміз – бұл оның өзіне, ойына, сезіміне, толғаныстары мен қылықтарына сый-құрмет. Балаға құнды болғанның бәрін сыйлай отырып, тәрбиеші шәкіртіне өз сүйіспеншілігі мен мейірін танытады, оны бағалай біледі. Бұл әруақытта тәрбиенің нәтижелі болуының кепілі.

Гуманист-педагог ұстанатын ережелер

Тұлғалық бағытта тәрбиелеудің **арнайы** әдістері, ұйымдасу формалары бар ма? Әрине, жоқ. Гуманист-тәрбиеші бұрыннан қалыптасқан, өзімізге белгілі дәстүрлі педагогика тұжырымдарын пайдаланады. Бірақ олардың бәрі жаңарған тәрбие мақсаттары мен міндеттеріне орайластырылып, өзгеріске келтіріледі, қайта түзеледі. Бастысы – тәрбие үдерісінің әдістері мен формалары жаңа **бағыт-бағдарға** сәйкестендіріледі. Мысалы, тәрбиенің жалпы әдісі - сендіру мен дағдыландыру. Бұл әдістерді педагогтар өз көзқарасына сай әртүрлі қолданымға салады. Қатар басқарым тараптары - әміршіл педагогтар сендіруді тікелей күштеумен қолданады, олар үшін қойылатын талаптың анық та бұлжымас болуы басты шарт. Ал гуманистік педагогикада сол сендіру тәрбиеленуші ерекшеліктері мен жағдайды сезінуден біршама жұмсартып қолданылады, яғни жақсы формаға келтіріледі. Бала ниеттері, қажеттері мен қызығуларын қамтамасыз етуге бағдарланады.

Тәрбиенің ұйымдасу формалары да бағыт-бағдар таңдауына байланысты келеді. Сондай формалардың

жалпыланған түрі – *тәрбиелік істер*. Ал ол істердің қатал басқарым тараптарының формалды науқандық шараларына айналып кетуі не тәрбиеші араласқан балалардың қызықты да тартымды мерекелік ойын-сабақ сипатын алуы оқу-тәрбие бағыт-бағдары мен ұйымдасу жолына тәуелді. Сонымен, дәстүрлі тәрбие мен тұлғалық тәрбие, негізінен, сол байырғы формаларға сүйенгенімен, өзара ажыралып тұрады: тұлғалық бағыттағы тәрбие іштей еркін, өзін және басқаларды құрмет тұтатын, белсенді адам қалыптастыруға бағышталады. Осыдан әдістер мен формалар көздеген мақсатқа мүмкіндігінше тез жеткізетіндей бағытта таңдалып, іріктеледі.

Тәрбие әдістері мен формаларын гуманистік арнаға келтіру үшін әрбір тәрбиеші тұлғалық бағыттағы педагогика тәжірибесі жинақтаған келесідей ережелерді ұстанғаны жөн:

- гуманистік тәрбие бағытына қайшы келетін дәстүрлі әдіс, форма құрал-шараларын ұдайы жаңарған талаптарға сәйкес реттеп, өзгерте қолдануымыз қажет. Себебі олардың бәрі педагогикалық құндылық болғанымен, басқа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда қалыптасқан;

- тұлға болмысын аяқ асты етіп, оның намысына нұқсан келтіретін жазалау әдістерінен түбегейлі арылу;

- тәрбиеленуші денсаулығы мен психикасына зиян келтірмейтін оқу-тәрбие әдістері мен формаларын ғана таңдау;

- оқушылардың өз міндеттерін адал орындауға болған ұмтылысын қолдап-қуаттау;

- тәрбиеленушінің келеңсіз қылықтарын принципиалды да қатал талдап, оған мұндай әрекеттердің орынсыз екенін тілектестік және шыдамдылықпен түсіндіру;

- тәрбиеленушіге жіберген қателіктерін аңдауға көмектесіп, жұмысында орын алған олқылықтарды шыдаммен дәйікті ұғындыру;

- баланың көңіл-күй қалпының жайлы болуын қамтамасыз ету;

- оқушыда ұнамды өзіндік бағалау, өзіне деген сенім мен жеке басының қадірін сезу қабілетін қалыптастыру;

- талаптарды үздіксіз біртіндеп күрделендіріп отыру, жетіскен нәтижелерді бекіту;

- қажетті бағытта тұлға әрекеттерінің белсенділігін көтеруге ат салысу;
 - баланы сүйе де құрметпен қабылдай отырып, тәртіп талап етуді ұмытпау;
 - бала толғаныстары мен қызығуларына баса көктеп араласпай, әдептілікпен әрі үйлесімді жөн-жосақ беріп бару;
 - өз кемшіліктерің мен жетістіктеріңді пайымдай біліп, басқа тәрбиесінде ұнамды болған басылымдықтарды ғана пайдалану. Балаға үлгі-өрнек екеніңізді ұмытпай, әр қадамыңызды қадағалап барыңыз;
 - тәрбие үдерісінің әр сәті қалай жүріп жатқанын біліп бару үшін өз шәкірттеріңді қырағылықпен бақыла;
 - өз шәкіртіңнің әрқандай табысына қуана біл;
 - балаға өз болмысын тіктеп, танытуға мүмкіндік бер;
 - балаға қандай талап қоятыныңда және одан не күтеріңді үздіксіз ескеріп отыр;
 - тәрбиеленуші қалпы мен көңіл-күйін ескеріп бар. Зауқы болмаса, көңілін көтерудің жолын ізде. Шектен тыс шашылып бара жатса, тиым сал;
 - баланы үлкен зейінділікпен тыңда. Сол мезеттегі жұмыстарыңды қоя тұрсаң да, зияны болмас;
 - тәрбие үдерісін таңдалған ұзақты мұрат бағытынан шығармау;
 - тәрбиеленушімен әңгімелесуден ләззат алу;
 - тәрбиеленушімен оның қалауына сай әңгімелесу;
 - гуманистік тәрбие бағытын бала өсіп жатқан отбасыда дамыту;
 - қылықты кінәла, бірақ тұлғаны сыйлаудан жазба;
- Тәрбиешіге жат әрекеттер:***
- бала намысын таптап оны келеке қылу;
 - баланың мінез кемшілігін бетіне басу;
 - баланың тән-дене кемшіліктеріне мән беріп, мазақ ету;
 - қойылған талаптарды бала еркіндігін байлап, қалтықсыз орындату;
 - бала дербестігіне шек қою;
 - баланы басқа қатарларымен салыстыра, кемсіту;
 - бала түсініміне жат сөздерді пайдаланып, нұсқау, кеңес беру;

- бала дәйіктемелерін қай жағдай да жоққа шығару;
- қай жағдайда да балалар тобын орынсыз айыптау;
- көңіл қошы жоқ баланы әңгімеге тартып, әурелеу;
- баланың өзі мен өзі болу құқына шектеу;
- көзделген өзгерістер дер кезінде әрі жылдам болмағанына күйзеліп, күйбеңге салыну;
- баланың еленбес кемшіліктерін теріп, намыс, ар жөнінде жалпы қорытынды жасау.

Тәрбиеші-гуманист болу бір сәттік іс емес. Ол үшін әр тұлға өз мүмкіншіліктерін түсініп, арнайы дайындық көруі қажет. Бұл үшін әйгілі американ педагог-гуманисті **К.Роджерс** өрнектеген сұрақтарға жауап беріп көріңіз. Сонымен:

Өсіп, дамудағы тұлғаның жан дүниесіне араласуды өзіңе дұрыс деп есептер ме едің? Сот емессің, сыншы емессің – бала жанына еніп, оны жөнімен бағалау қолыңнан келе ме?

Жастарға шын көңіліңді ашық айта алар ма едің? Жастармен болған топтық қарқынды қатынастарда өз болмысыңда айнытпай сақтау мүмкіндігің бар ма?

Әр тұлғаның қызықысыну аймағын аша білер ме едің? Немен бітеріне тәуелсіз оның дамуына мүмкіндік берер ме едің?

Әр адамның ең жоғары құндылығы – өзін және қоршаған дүниені тануға болған ықыласын сақтап қалуда жастарға көмектесу қолыңнан келе ме?

Жастар үшін адамдарды, еңбек тәжірибесін, кітап және басқа қызығу оятатын дерек көздерін тануға жағдай жасауда шығармашыл көмек беру қолыңнан келе ме?

Шығармашыл оқу мен еңбекке сабақтас жүретін қисынсыз және тосын ой, пікірлерді қабылдап, қолдар ма едің? Өз шәкірттеріңнің қалыптан тыс ойларын қабылдауға дайынбысың?

Өз тәрбиеленушілеріңе идеяға өткен сезімдерімен не сезімге ауысқан идеяларымен бірігімді тұтас тұлға болып қалыптасуына жәрдем бере аласың ба?

“Егер кімде – кім осы сұрақтардың көпшілігіне, құдай оңдап, “ия” деп жауап бере алса, онда ол өз оқушыларының өмірі мен тіршілігін жеңілдетіп, жастардың көптеген мүмкіндіктерінің дамуына көмек бере алады”, – деп қорытындылайды К. Роджерс.

Сонымен, тұлғалық бағытты тәрбиені арнайы дайындалған ізгі жанды тәрбиеші ғана орындай алады. Ондай адам тұғырлы принциптерді қару етіп, ненің мүмкін, ненің болмайтынын жақсы біліп алуы міндетті.

Өзіңізді тексеріңіз

1. Неліктен өткен дәуірдің дәстүрлі тәрбиесінде болған тұлға жаңа заман талаптарына сай келе бермейді?
2. Тәрбие бағытына қандай өзгерістер енгені жөн?
3. Жеке тұлғаға бағытталған тәрбиенің дәстүрлі тәрбиеден айырмашылығы неде?
4. Тұлғалық тәрбие дәріптейтін құндылықтар мен рухани дүние құрамы қандай?
5. Гуманистік педагогиканы мектеп тұрмысына ендіруге кедергі жәйттер қандай?
6. Баланы түсіну деген не?
7. Неліктен баланы тұтастай танып, қабылдау қажет?
8. Тұлғалық қасиеттердің ең маңыздысын атап, сипаттаңыз.
9. “Тәрбиешінің мүдделі қатынасы” дегенді қалай түсінесіз?
10. Бала беделін ұлықтау деген не?
11. Бала беделі нелерден құралады?
12. Тәрбиедегі демократизм қай деңгейде болуы қажет?
13. Өзіндік баға мен бақылаудың (саморефлексия) нәтижесі не және ол қалай орындалады?
14. Баланы танып, білу, тұлға ретінде қабылдау үшін қажет... (жалғастырыңыз).
15. Гуманистік тәрбиенің ерекше әдістері бар ма?
16. Гуманист-мұғалім ұстануы қажет ережелерді атаңыз.
17. Тұлғалық тәрбиеде не нәрселерден аулақ болған жөн?
18. Тұлғалық тәрбиенің мектеп тәжірибесіне ену болашағы жөнінде не пікір айтар едіңіз?

13-ТАРАУ

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ НАҚТАМА (ДИАГНОСТИКА)

Жоспар:

Нақтама мәні мен мазмұны
Бақылауды ізгілендіру
Оқу нәтижелерін бағалау
Баға қою
Жетістіктерді тестілеу
Тәрбиелілік нақтамалау

Тірек-конспект сөздік

Нақтама – оқу-тәрбие үдерісінің желісі мен нәтижесі жөніндегі ақпараттарды алу үшін қолданылатын тәсіл.

Нақтама міндеттері: 1) оқушылар дамуының барысы мен нәтижесін (оқушының білімге дайындығы, психикалық жетілу деңгейі, білім жолында ілгерілеу қарқыны) талдау; 2) оқу үдерісі мен оның нәтижесін (сауат көлемі мен тереңдігі, игерілгенді қолдану ептілігі, ойлау деңгейі, шығармашыл іс-әрекетке қабілеті ж.т.б.) талдау; 3) тәрбие үдерісі мен ондағы жетістіктерге талдау (тәрбиелік деңгейі, адамгершілік сенім-наным тереңдігі мен қуаты, адамилық мінез қалыптары) салу.

Нақтама мақсаты – оқу тәрбие жұмыстарын, олардың өнімділік нәтижесімен байланыстарын дер мезгілінде анықтау, бағалау және талдау.

Бақылауға қойылатын талаптар: шынайылылық; жекелік; тұрақты қайталану; жәриялылық; жан-жақтылық; жіктеулі болу; көптүрлілік; әдеп ескеру (этичность).

Бастауыш мектептегі бақылау түрлері: оқушы жұмысын көзден өткізу (наблюдение); жекеленген ауызша сұрақ қою; сыныптық (фронтальный) сұрақ қою; топтық сұрақ қою; жазба бақылау; тығыздалған (уплотненный), аралас сұрақ қою; тестік бақылау, бағдарламаластырылған бақылау; іс-әрекетке (практический) бақылау; өзіндік бақылау.

Бағалау (оценивание) – үдеріс.

Баға (оценка) – нәтиже.

Баға (отметка) – сан, шартты белгі.

Бағалау жүйесіндегі бірізділік – 1) алғашқы деңгей талдау; 2) ағымдағы тексеріс; 3) қайталау тексерісі; 4) бүтін бөлім, көлемді тақырыптар бойынша мерзімді (периодическая) тексеріс; 5) қорытынды тексеріс.

Бақылау нысаны: Әкімшіл (авторитар) педагогикада – оқушы еңбегі; гуманистік педагогикада – мұғалім мен оқушының бірлікті еңбегі, жалпы нәтиже.

Нақтама талдауында оқу нәтижесі – 1) нәтижеге жету тәсілдерімен; 2) жоғары білімділіктің қалыптасу бағыттары және желісімен біріктіре қарастырылады.

Нақтама әрекеттерінің құрамы: бақылау; тексеріс; бағалау; деректер топтау; талдау; қозғалыс желісін (динамика) анықтау; пайымдаулар (тенденции); алдағы даму бағытын болжастыру (прогнозирование).

Нақтама принциптері – шынайылық (объективность); – жүйелілік; – көрнекілік.

Бақылау (контроль) – білім, ептіліктерді анықтау, өлшемге келтіру (измерение) және бағалау.

Тексеріс (проверка) – анықтау және өлшемге келтіру.

Бақылаудың негізгі дидактикалық қызметтері – 1) оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету; 2) оқу материалының игерілу дәрежесі жөніндегі мәліметтерді мұғалім қолына жеткізу; 3) оқудағы кемшіліктер мен олқылықтарды дер кезінде анықтап беру.

Бақылаудың жалпы міндеттері: тексеріс назарында ұстау; оқу-үйренуге ықпал жасау; тәрбиелеу; дамыту; ынталандыру.

Тест – сынау, тексеріс.

Жетістіктер тесті – оқу мазмұнының игерілу деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар.

Тест түрлері: а) ой-өріс, ақыл деңгейін анықтау; б) арнайы қабілеттерді ашу; в) сауат деңгейін, үлгерімін, тәрбиелілігін, жетістіктер дәрежесін білу; г) кейбір психикалық сапаларды (ес, ойлау, мінез, ж.т.б.) айқындау; д) жалпыадамзаттық, ізгілік, елеуметтік ж.т.б. қасиеттердің қалыптасу барысын бағамдау.

Тәрбиелік жағдаяттар (ситуации) – қажетті сапа-қасиеттерді қалыптастыруға арналған табиғи не қолдан жасалған жағдайлар.

“Жетіскен нәтиженің өзі баланы жұмысты жалғастырып, бұрынғыдан да жаңа әрі күрделі іс-әрекетке кірісуге ынталандырады; ал мұндай табиғи ықылас-ниетті мақтау не мадақтау, марапаттаумен күшейтіп жатудың тіпті де қажеті жоқ - қапелімде баланы алған бағытынан тайдырып алуымыз мүмкін”.

Л.Ф. Лесгафт

Нақтама мәні мен мазмұны

Әр оқу және тәрбие кезеңі аяқталғаннан соң ол қалай өтті, қандай нәтижелер берді, қаншалықты бұл үдеріс тиімді болды, нені біткен, ал қайсысын қайта жетілдіру қажет екенін біліп алуға міндеттіміз. Мұны анықтап, білуде нақтама жәрдемі аса маңызды. **Нақтама** дегеніміз – бұл оқу-тәрбие үдерісінің барысы мен нәтижесі жөнінде ақпарат алудың жалпы тәсілдері. Мектептегі нақтама міндеттері:

- оқушының даму үдерісі мен нәтижесіне талдау беру (мектеп оқуына дайындығы, психикалық пісіп жетілуі мен сана-сезім жетістіктері деңгейі ж.т.б.);
- оқу үдерісі мен нәтижелеріне талдау салу (сауаттану көлемі мен тереңдігі, игерілген білім, дағдыларды қолдана білуі, негізгі ойлау тәсілдерінің қалыптасу деңгейі, шығармашыл іс-әрекет жолдарын пайдалана білуі ж.т.б.);
- тәрбие үдерісі мен жетістіктеріне талдау беру (тәрбиелік деңгейі, адамгершілік сенім-нанымдар тереңдігі мен қуаты, адамгершілік мінез-құлық бітістерінің қалыптасу деңгейі ж.т.б.).

Неліктен бүгінгі таңда бақылаудан гөрі нақтама педагогикалық қауым әңгімесіне көбірек арқау бола бастады. Дәстүрлі бақылау әдістерін қайта қарастырудың себебі неде? Мұның бәрі оқу-тәрбие үдерісінің гуманизациялық мәнінің арта түсуімен байланысты болып отыр. Егер әкімшіл педагогика жағдайларында талдау, бақылау және бағалау нысаны **оқушы**

еңбегі болса, жаңарған оқу-тәрбие жағдайларында **мұғалім мен оқушының бірлікті еңбегі, оның жалпы нәтижесі** талдауға алынатын болды. Осыдан, енді байырғы бақылау әдістерін қолдану мүмкін емес: оқушысына қойған “екісін” педагог өзіне оңайлықпен қоя салмайды. Ортақ табысты көздеген мұғалім мен оқушыға енді тек нәтиже туралы ғана дерек қажет емес, олар жоспарланған көрсеткіштердің неліктен орындалмай қалғанын білгісі келеді.

Болған істі қарапайым “жақсы” не “жаман” деумен бағалап, оның мәніне жету мүмкін емес. Жаманның “жаман” екені дау тудырмайды. Ал жақсы болу үшін не және қалай істеу керек. Мұның жауабы – нақтама. Бақылау да, бағалау да қойылған сұраққа жауап бере алмайды.

Нақтама нәтижені үдерістің өзімен бірге талдайды: оқушы еңбегі мұғалім еңбегінен ажыралмас, оқушының білім, ептілікті игеру үдерісі оның мүмкіндіктері, қабілеттері және бейімділіктерімен бірге қарастырылады. Педагогтың да іс-қызмет үдерісі оның мүмкіндіктері мен жағдайларына орай талданады. Бақылауда бала еркі мойындалмайды, яғни ол үшін баланың қалау не қаламауы роль ойнамайды. Ал нақтама да оқушы ықылас- ниеті аса маңызды себеп, егер осы психологиялық фактор болмаса, оны қандай да жолмен пайда етіп, оқу-тәрбие жұмысының нәтижелілігіне арқау еткен тиімді.

Дәйек. Бақылау нәтижесінде 3-сынып оқушысының барша тапсырмаларды дұрыс орындағаны белгілі болды. Мұғалім “5” қойып, мақтауын жеткізді. Үдерістің де, нәтиженің де ақауы жоқ. Бірақ оқушының “5” бағасының төркіні оның жоғары жетілген сана-сезімінен, ақыл-парасатынан емес, тек жад (ес) ептілігінен екенін – нақтама ғана анықтайды. Бұл саладағы қызмет ұланғайыр. Мұғалім енді оқушының байқалған олқылықтарын орнына келтіріп, оның оқу жұмысын қалайынша ұйымдастыру қажет екенін оңай аңғарады.

Байқағанымыздай, дәстүрлі білім, ептіліктерді тексеруге қарағанда нақтама мәні мен маңызы кең де тереңдеу. Тексеруде нәтиже баяндалады, ол жөнінде түсінік берілмейді. Ал нақтама нәтижелерді оларға қол жеткізу жолдары және тәсілдерімен бірге қарастырып, өнім алудың бағдар-бағыты және әрекет желісін анықтайды. Нақтама құрамы: бақылау,

тексеру, бағалау, статистикалық деректер жинау, оларды талдау, болашақ даму желісін, бағыт-бағдарын болжастыру.

Нақтамада көптеген әдістер мен әдістемелер қолданылады. Дәстүрлі бақылау, тексеру, бағалау, білім және ептіліктерін ескеру әдістерімен қатар оқушылардың сауат және тәрбиелік деңгейін тестілеу, балалардың үміт күттіргендей оқу мүмкіндіктерін зерттеу, жеке және тұлғалық бағыттағы оқу-тәрбие үдерісін жобалау. Бүгінгі таңдағы нақтама әдістері мен әдістемелері бірігімі оқушыны (сыныпты) педагогикалық қатынастар жүйесінен бірде ажыратпай толыққанды зерттеу мүмкіндіктеріне ие.

Бақылаудың дәстүрлі әдістерін нақтама гуманистік мақсаттарға ойыстырып, жаңарған мектептік қатынастар арнасына келтіреді. Өлбетте, мектеп әзірше бақылаудан қол жаза алмайды, бірақ оны шәкірттерді үздіктер не орташалар тобына бөлу үшін ғана қолданбай, ең алдымен балалардың оқу мүмкіндіктерін ашу мақсатында пайдаланады. Мүмкін, жақын болашақта бастауыш сынып оқушысының күнделігі не дәптерінде санамызда қалыптасқан “2” не “3” бағаларының орнына “Балаңыздың математикадан мүмкіндігі жартылай ашылған”, “Ана тілден балыңыздың біліктілігі орасан, бірақ, толық ашылмаған” секілді мұғалімнің ескертпе жазулары түсер деп үміттіміз. Көп жағдайда бала өміріне кері ықпалды баға ақыры жоғалуы тиіс. Педагогикалық еңбек шеберлерінің көпшілігі өз тәжірибесінде сандық бағадан арылудың жолдарын іс-жүзінде көрсетуде.

Білім, ептілік және іс-әрекет тәсілдерін бақылау мен бағалау міндеттері ғана өзгеріп қалмастан, олардың оқушы сана, сезімі, мінез-құлығына болған ықпалы да бұрынғыдан өзгеше болмақ. Бірақ сіңірлі өміршіл-әкімшіл педагогика оқушыға жәрдем беруге бірде қайыл болмай, одан гөрі баланы қатал бақылау тезіне салуға құштар-ақ.

Тұлғалық бағыттағы оқу-тәрбие үдерісіндегі нәтиже тікелей өрі толығымен нақтамалық қорытындылар дәлелдігіне және дер мезеттігіне тәуелді. Осыдан да бүгінгі таңдағы мұғалім нақтамалық әдістемелерді тыңғылықты игеріп, мектептегі нақтамалық қызметті тіктеп, оны жетілдіруде белсенділік танытуы заман талабынан болып отыр. Бұл мұғалімнің алғашқы

қадамдарында атқаратын істері – гуманистік идеяларды көпшілікке уағыздау, жеке тұлғаға бағытталған оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, әріптестерін нақтамалық әдістер және әдістемелермен, сонымен бірге бұл салада жинақталған қорытындыларды балалар тәрбиесін жақсылау үшін пайдалану жолдарымен таныстырып, бөлісу. Уақыт өтуімен, мұғалімдердің көпшілігі гуманистік идеяларды толық қабылдаған шақта мектеп нақтамасы жалпы міндеттерді орындап, әр оқушы тәрбиесі жөнінде алынған ақпараттарды оның қабілеттері, бейімділіктері жән дарынын дамыту үшін жағдайлар жасау мақсатында жүйелестіріп, дер мезгілінде пайдалануға көрсетпелер беріп отырады.

Бақылауды ізгілендіру

Ажыратып алайық: нақтама – жалпы бағыт, ал нақтамалау – тәжірибелік оқу-тәрбие ісінің үдерістік құрылымды бөлігі. Сауаттану және тәрбиелену, яғни қол жеткен нәтижелерді нақтамалау және үдерістің өзіндік сапалары – сауаттылық пен тәрбиелікті нақтамалау – екі түрлі мақсатта орындалады. Ал нақтамалаудың жалпы мақсаты – оқу-тәрбие үдерісін оның өнімділігімен бірге талдауға салып, дер мезгілінде анықтау және бағалау.

Оқушылардың білім, ептіліктерін бақылау, бағалау нақтамалаудың қажетті құрамды бөліктері ретінде іске қосылады. Бұлар педагогикалық технологияның ежелден танылған бірліктері. Өркениет ықпалымен пайда болған олар мектеп дамуымен бірге үздіксіз жетіліп келеді. Солай болса да, осы күнге дейін баға, бағалау мәні жөніндегі пікір тартыстары бірде толастаған емес. Өз заманында бағалау формаларын сынға алған К.Д.Ушинский болды. Олардың кемшіліктерін сипаттай отырып,ғұлама педагог ең алдымен қолданымдағы тәсілдердің баланың ақыл-ой қызметіне тұсау болатынын баса айтқан. Әдетте, мұғалім бір не бірнеше оқушыға ғана сұрақ қою мүмкіндігі бар, ал қалған оқушылар бұл уақытта қандай да міндеттен азат. Ендігіде өзіне төнер сұрақты күні ілгері абыржып күтіп, уақытын босқа өткізеді. Ал, мұндай жағдайда оқушының әуесқойлық пен ынта-ықылас танытуға мұршасы да жоқ.

Өткен дәуірлерде мектептік бақылауды өзгерту ниетімен қолға алынған шаралар ешқандай нәтиже бермеді, себебі барша жаңғыртулар жалғыз-ақ сұрақ төңірегінде топтасып – мектепте баға қажет пе не онсыз да жасау мүмкін бе деген жадағай мәселедан ары аса алмайды. 1918 жылы мамыр айында Халық комиссариатының “Бағаны жою” қаулысымен баға да, емтихандар да жоқ етіліп, олар орнына үлгерімді бақылау мен оны есепке алудың қарапайымдастырылған формалары енгізілді. Осы мақсатпен арнайы ескеру дәптерлері қолданымға келіп, үздік не төмен оқушылардың аттары “қызыл” не “қара” тақталарға тіркелінетін болды, мектепте “социалистік жарыстар” қанат жайды. Бірақ бағасыз (сонымен бірге – бақылаусыз) оқудан қандай нәтиже болсын. Сол жылдары кең таралған “білім игеру қуанышы”, “білімге болған табиғи ұмтылыс” деп аталған П.Н.Блонский теориялары балалардың оқу істеріне болған ықылас-ынтасына тірек бола алмады.

Бақылаусыз оқу мүмкін бе? Эксперимент: оқушылардың үш тобы қосу тестін орындады. Бір топ бал жұмыс барысында қолдау-қуаттау алып отырды. Екінші топтың көрген, білгені - ұялту, кемсіту, ал үшінші топтағы балалар өз бетіне жіберілді. Нәтиже көрсеткендей, табысты оқу ісі мақтау-мадақ болған жерде. Бақылаусыз қалғандары ең төмен нәтиже берді.

Егер бақылау мен тексеру дұрыс орындалса:

- әр оқушының білім, ептіліктері анық көрінеді;
- оқушылардың білімдері мен ептіліктеріндегі қателіктер өз уақытында анықталады;
- оқу материалы кей бөліктерінің төмен игерілу себептері ашылады;
- игерілген материал дұрыс қайталанары әрі жүйеленеді;
- жаңа материалды игеруге дайындық деңгейі нақты анықталады;
- ұзақ уақыт әрі жалықпай еңбектену ептіліктері қалыптасады;
- өзіндік бақылау мен өзіндік тексеру тәсілдері орынды игеріледі;
- оқушылар жауапкершілікке ынталы келеді;
- бәсекелесу дағдылары дамиды.

Мектеп өмірін демократияластыру мен гуманизациялау білім мен ептіліктерді бағаламау не бақыламау емес, керісінше, оқушыны еңбектенуге ескішілдіктен қалған тек бағамен мәжбүрлеуден арылу. Оқу еңбегіне ынталандырудың жаңа жолдарын іздестіру, оқу мен тәрбиеде енді ғана өз ықпалына ие болып келе жатқан жеке бас пайдасы принципі өзгеше бағыт-бағдарларға бастама береді. Нақтамалау жүйесінде баға ынталандырушы қару ретінде жаңа сипат-сапа алады. Нақтамалау нәтижелері тұлғаның өзіндік болмысын ажырата тануға себін тигізеді, ал бұл қоғамның нарықтық бәсеке жағдайында аса маңызды қозғаушы күш болатыны белгілі. Ерікті оқу (ерікті бақылау) принципімен толығымен түскен баға бұрын оқушыларды көбіне тұздықты, зорлап оқыту құралы болса, енді ол өркениетті қоғам адамның бедел көрсеткіші – **жеке рейтингін** анықтаудың тиімді тәсіліне айналып отыр.

Бақылауға қойылатын **талаптар**: шынайылық; даралық; тұрақты қайталап бару; жәриялылық; жан-жақты тексеру; жік-темелілік, форма көп түрлілігі; әдептілігі.

Қазіргі заман бастауыш мектебінде қолданылып жүрген бақылау түрлері, әдістері мен формалары:

- оқушылар жұмысын бақылау;
- ауызекі жеке сұрақ;
- бүкіл сыныпқа (фронталь) сұрақ қою;
- сынып оқушыларын топқа бөліп сұрау;
- жазба бақылау жұмысы;
- аралас (тығыздалған) бақылау;
- тестік бақылау;
- бағдарламаластырылған бақылау;
- тәжірибелік бақылау;
- өзіндік бақылау.

Бұлардың бәрі үдеріс барысы мен оның нәтижелері жөнінде мүмкін болғанша тыңғылықты дәйектер алу мақсатында бірігімді пайдаланылады.

Нәтижеде, әміршіл не гуманистік мектептердегі бақылаудың міндеті әрқилы болатынын, сонымен бірге олардың іске асу жолдары да өзгеше бағытта екенін, бір-біріне ұқсамас тәсілдермен атқарылатынын түсіну – жаңарған заман мұғалімінің парызы.

Оқушы үлгерімін бақылауға байланысты мәселелерді қарастырайық. Бүгінгі теориялық “баға”, “бақылау”, “есепке алу” және басқа да олармен сабақтас ұғымдарға түсініктеме беруде оқулықтардың да, мамандардың да өзара пікір келісімі жоқ.

Бұлардың бәрі білім және ептіліктер айқындау, өлшестіру және бағалауды аңдатушы ортақ тектік ұғым “бақылау” төңірегінде бірігеді. Айқындау мен өлшемге келтіру – тексеру деп аталады. Осыдан **тексеру** бақылаудың құрамды бөлігі, оның негізгі дидактикалық міндеті – мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету, оқу материалының игерілу дәрежесі жөнінде шынайы ақпарат алуда педагогке жәрдем беру, білімдегі кемшіліктер мен олқылықтарды дер мезгілінде ашып, нақтылау. Ал бақылаудың жалпы қасиеттеріне байланысты міндеттер төмендегідей: қадағалау, оқуға ынталандыру, тәрбиелі болуға ықыластандыру, дамуға бағыттау, өзгерістерге сеп-түрткі болу. Тексеру мақсаты – оқушылар сауатының деңгейі мен сапасын ғана анықтау емес, сонымен бірге оның еңбегінің көлемін де болжастыру. Тексерумен қатар жүретін бақылау бірлігі – бұл бағалау (үдеріс) және тексеру бағасы (нәтиже көрсеткіші). Үлгерім табельдерінде, сынып журналдарында, оқушы күнделіктерінде баға сандық күйде өрнектеледі: “2”, “3”, “4”, “5”.

Үлгерім бағалау негізі – бақылау нәтижесі. Бұл орайда оқушылар жұмыстарының сапалық және сандық көрсеткіштері ескертіледі. Сандық деректер ұқпай не пайызбен өрнектеліп, ал жұмыстардың сапалық тарапы “жақсы”, “қанағаттанарлық” сынды сөздермен сипатталады. Әрқандай бағам-пікірге алдын ала келісілген ұпай тура келеді. Мысалы, “үздік” деген пікірге “5” ұпай сай. Есте ұстайтын аса маңызды нәрсе – бақылау нәтижесіндегі баға өлшеп, есептеп шығарылған жай сан емес, ол жұмысқа берілген адамның сана-сезіміне қандай да ықпал әсер ететін мән, бағам – көзқарас, сындарлы ой. Сондықтан бағалау ұпайларын қалай болса солай, терең мағынаға негізделмей, қоя салуға болмайды.

Бағалау қызметі де тек сауаттылық деңгейін көрсетумен ғана шектелмейді. Баға – педагог қолындағы оқуға ынталандырушы, ұнамды сеп-түрткілерді оятушы, тұлғаға ықпал

жасаудың жалғыз-ақ құралы. Шынайы бағалау әрекетінен оқушыларда сол бағаға сәйкес жеке басының құнын тану сезімі, өз табыстарына сындарлы көзқарас қалыптасады. Осыдан, бағаның маңыздылығы мен оның көп тарапты қызметі шәкірт оқу іс-әрекеттерінің барша қырларын танып, білу мен оларды анықтауға мүмкіндік беретін бақылау-бағалау әдіс-тәсілдерінің әмбебап, жаңа түрлерін іздестіруді талап етеді. Осы тұрғыдан, бүгінгі білім бағалау жүйесін қайта қарастырып, оның нақтамалық мәнділігі мен шынайылығын көтеру қажет.

Үлгерімді нақтамалау мен бақылаудың маңызды принциптері – шынайылық, жүйелілік, көрнекілік. **Шынайылық** мәні – нақтамалық тестер (тапсырма, сұрақтар) мазмұнының, оларды өткізудің ғылыми негізді болуы, педагогтың өз шәкірттерінің бәріне бірдей, тең, жарасымды қатынас ұстанып, баға қою ережелерін ауытқымау.

Жүйелілік принциптерінің талабы бойынша нақтамалық бақылау білімді алғашқы қабылдауан оны тәжірибелік қолдануына дейінгі барша кезеңдерінде үзілмей жүргізілуі тиіс. Оқушылардың баршасын мектепке аттаған алғашқы қадамынан оқуын бітіргенше байыпты нақтамаға салып, талдау да осы жүйелілік талаптарынан. Мектептегі бақылау жиілігі балалар білімі мен ептіліктеріне байланысты болған барша маңызды ақпараттарды толық әрі сенімді жинақтау қажеттіктеріне орай белгіленеді. Нақтамалау барысында бақылау, тексеру мен бағалаудың әрқилы формалары, әдістері және құралдары өзара тығыз байланыста, бір мақсатқа ойыстырылып, бірігімді қолданылады.

Көрнекілік принциптерінің мәні барша оқушыларды бірдей тең сынақ тапсырмаларына тартып, бірдей өлшемдермен бағалауды аңдатады. Нақтамалау үдерісінде белгіленген әр оқушы рейтингі ашық, салыстырмалы сипатқа ие болуы қажет. бағалар жәриялы және дәлелді болғаны жөн. Баға арқасында оқушылар педагог әділдігі мен талаптар орындылығын пайымдайды. Бұл принципті іске асырудағы қажетті шарт – нақтама нәтижесін жәриялап, талқыға салу және талдау.

Оқушылардың білімдері мен ептіліктері оқу бағдарламасында белгіленген игеру бірізділігімен нақтамаланады, тексеріледі және бағаланады.

Сол тексеру жүйесіндегі **бірінші кезең** – білім, ептіліктердің бастапқы деңгейін анықтап алу. Ол өткен оқу жылынан бекіген білімдерді немесе 1-сыныптағы оқуға дайындық деңгейін айқындау мақсатында өткізіледі. Бастапқы тексеріс өткендегі сауат кемшіліктерін жойып, қалыпқа келтіру (реабилитация) оқуымен байланысты жүргізіледі.

Екінші кезең – әр тақырыпты игеру үдерісіндегі ағымды тексеріс. Оның қызметі – оқыту-оқу барысына қозғау салу. Мұндай тексерудің әдістері мен формалары сан-қилы болып, оқу материалының мазмұнына, оның күрделілігіне, оқушылардың жасы мен дайындық деңгейіне, оқу деңгейі мен мақсатына, нақты жағдайларға тәуелді келеді.

Үшінші кезең – өтілген тақырыптарды қайта тексеру жаңа материалдардың өтілуімен бірге жүргізіліп, игерілген білімдерді бекітуге бағышталады. Мұндай тексеру тиімділігі нақтамалаудың басқа да әдіс және формаларымен сабақтаса ұйымдастырылғанында ғана көрінеді.

Төртінші кезең – тұтас бөлім не қомақты тақырып бойынша игерілген білімдер мен ептіліктерді мерзімді тексеруге бағытталады. Бұл тексерудің мақсаты – әр бөлімге байланысты өтілген оқу материалының құрылымдық элементтері арасындағы өзара ұштастық сапасын нақтамалауға арналады. Мерзімді тексерудің басты қызметі – жүйелеу және қорытындылау.

Бесінші кезең – дидактикалық үдерістің барша сатыларында меңгерілген білім мен ептіліктерді қорытынды тексеріске салу. Үлгерімнің қорытынды жайы әр тоқсанның ақыры мен жыл аяғында анықталып барады. Мұндай тексеріс мақсаты – тоқсан не жыл бойында қойылған бағаларды қосып, орташа үлгерім ұпайын шығара салу емес. Ең алдымен, бұл – осы кезеңде көзделген мүддеге сай оқушының нақты сауаттылық деңгейін (сапасын) айқындау.

Арнайы өткізілетін бақылау түрі – бірігімді (аралас) тексеріс. Мұндай тексерудің жәрдемімен оқушылардың әрқилы пәндер бойынша игерген білім, ептілік және дағдыларын тәжірибелік мәселерді шешуге қолдана білу қабілетін нақтамалау. Әрине, бұл секілді тексеріс аумағы әзірше шектеулі, бірақ оқу бағдарламаларына бірігімді (интегратив) курстардың енуімен

мұндай нақтама әлі-ақ қажеттігін танытары даусыз. Бірігімді тексерістің басты міндеті – пәнаралық байланыстарды іске асыру сапасын нақтамалау. Бірігімді тексерудің басты қызметі – балалардың өтілген барша пәндер негізінде құбылыс, оқиға, үдерістерге түсініктеме бере алу қабілетін ашу.

Педагог оқушының нақты бағасын қоя отырып, оған негіздеме беруі шарт. Әлбетте, мұндайда қателіктер де, субъектив бағалау да болуы мүмкін. Мұғалім субъективизмінің себептері де әрқилы: мысалы, “сүйікті” оқушы, алдыңғы партада отырған шәкірт, жазуы көрікті оқушы, т.с.с. – ұпайлары жоғары келеді. Тілдік дарыны кем оқушылар қайткен күнде де төмен бағаға таңылады.

Ауызекі және жазба бақылау формалары жөнінде әңгіме қозғалғанда әрдайым жазба жұмыстар тараптарлары басымдылық танытады. Ауызекі бағалау шапшаң жауап беруге, тіл ұстартуға көмекші болғанымен, шынайылыққа әділ негіз бола бермейді. Ал жазба тексеру шынайы бағалауға негіз бере отырып, оқушының қисынды ойлауы мен нақты мақсат бағытында пікір жүргізу қабілетін дамытады. Жазба бақылау кезінде оқушының ой жинақтылығы жоғары, тапсырма мәніне тереңірек енеді, жауап баламаларын ойластырып, әртүрлі шешім жолдарын түзеді. Жазба бақылау оқушыны өз ойын дәл, үйлесімді әрі байланысқан күйде өрнектеуге тәрбиелейді.

Баға қою

Бағалау және баға қою принциптері мен бағыттарын таңдауда біргелкі көзқарас орнықтаған. Шет ел мектептерінде білім, ептілік, дағдыларды бағалау үшін әртүрлі жүйелер қолданылып, әрқилы баға шкалалары: жүз - , он екі - , он - , екі ұпайлы сандық көрсеткіштер қабылданған. Көптеген шетелдік мектеп жүйелерінің бір орталыққа бағындырылмауынан (децентрализация), оқу жоспарлары мен бағдарламаларының еркін таңдалуы мен оқушылардың оқу пәндерін өз қалауымен игеретіндігінен орайлыстырылған білім, ептілік тексеру мен бағалау жұмыстары сирек өткізіледі. Жалпы алғанда, үлгерім бақылауы мен сауаттылық есебін жүргізу, білім деңгейін нақтамалау, мойындауымыз керек, жоғары шынайылық сипатқа ие. Оқуды

жекешелендіру принципінің жалпылай қабылдануынан – әр оқушы өз жолы және қарқынымен оқу үдерісіне қосылады, өз мүмкіндіктері, қажеттері, өз балашағына керек нақты білімдер ауқымында оқу іс-әрекетіне келеді.

1917 жылға дейін Ресейде білім бағалаудың нөлден беске дейінгі алты ұпайлы жүйесі қолданымда болған. 1918 жылы “О” баға жойылды. Дегенмен, біртіндеп “1” бағаның да қолданылуы сиректей берді, ал 50- жылдардан бастап, “2” баға да мәнін жоғалта бастады. Бағалаудың бесұпайлы жүйесі үшұпайлы дәрежеге түсті, “4” пен “5” ке үлгермейтін балалардың көпшілігі үшін бұл жүйе ақырында екі ұпайлы шкалаға тірелді. Мұндай бағалау жүйесі оқу еңбегіне деген тартымдылықты әбден кемітіп, “3” пен “4” арасындағы “сатыны” аттап өту оқушылардың басым көпшілігіне “қиынның қиынына” айналды.

Алайда, педагогтардың көпшілігі кәдімгі бес ұпайлы шкалаға қосымша “плюс”, “минус” белгілерін пайдаланатын болды. Осыдан “5” бағаның үш деңгейі (бес +, бес, бес -) тәжірибеге енді. “3”, “4” бағалары да осылайша жіктелетін болды. Нәтижеде, он ұпайлы баға шкаласы тіктелді.

Ресей білім академиясы өз зерттеулері негізінде мектеп тәжірибесіне жаңа бағалау шкалаларын ұсытуда: мысалы – он екі ұпайлы жүйе. Бұл жүйедегі “1” баға – оқушыға шұғыл жәрдем немесе ерекше назар аударудың керектігін, тіпті оны арнайы оқу мекемесіне өткізу қажет екенін білдіреді, ал “12” баға оқушының аса дарындылығын, осыдан оны арнайы күрделенген жеке бағдарламамен оқыту қажеттігін танытады.

Он –, он екі шкалалы бағалау, мүмкін, жетістік шығар, дегенмен мектепте қалыптасқан бүгінгі селқостық (инертность) жағдайдан мұндай бағалау жүйесінің толық тәжірибеге еніп, өз пайдасын беруі – әлі күмәнді. Сондықтан да, бес ұпайлы бағалау әдісінің тиімділігін арттыру жолдары іздестірілуде. Олардың кейбірі:

1. Бағаны “+”, “–” белгілерімен қосымшалау. Мұғалім сынып журналында бағаның өзін қояды да, ал өз қойын дәптершесіне бағаны “+”, “–” қосымшаларымен бірге белгілейді.

2. Бағаның сандық ұпайы сөздік (ауызша, жазба) сипаттаулармен толықтырылады.

3. Баға күнделік дәптерге қойылып, ата-анаға бала үлгерімі жөнінде жазбаша толықтырылған мәлімет беріледі.

4. Баға оқушыға сыныптас жолдастарының талқысынан соң қойылады.

5. Үлгерім экрандарын пайдалану. Бірақ бұл әдістің пайдасы да, зияны баршылық: үздік оқушылардың менмендігін асырса, үлгерімі төмендерді парықсыздыққа соқтырады. Кей педагогтар мұндай баға жәриялылығын қатерлі екенін де ескертеді: әркім өзі үшін оқиды, әр бала өз мүмкіндігінше үлгереді, осыдан, қай баға қойылғанында кімнің қандай ісі бар, әр адамның жеке жан дүниелік ісін жәрия еткеннен түсер пайда қаншама? Бұл тәрбиенің гуманистік бағдарына үлкен нұқсан. Заман ағымына орай оқу-тәрбие үдерісінің мән, сипаттық өзгерісін ескеріп, қай әдісті де ойланып, пайдаланған жөн.

6. Ең тәуір тәсіл – оқушыны “өзімен-өзін жарыстыру”: әр апта аяғында оқушы “тәуір” не “төмен” деген сөздік бағасын алады. Егер өткен аптадағы үлгерімі төмендесе, оқушы, мейлі ол жақсы оқысын, жарыста ұтылады. Керісінше, жақсы оқу ниетін білдірген үлгерімі төмен оқушы жарыс жеңісіне жетіседі. “Өзімен-өзі” жарыста балалардың бәріне бірден тең талап қойылады: үлгерімі төмен оқушы өткен аптадағыға қарағанда бір “екілікті” кем алса, жеңген есептеледі. Ал үздік оқушы күнделікті алып жүрген “5” орнына бір “төрттік” баға алса, жеңілісті болып танылады.

Байқағанымыздай, бұл үлгерім жарысы емес, үлгерімді өзгертуге бағытталған бәсекелестік.

Білім, ептіліктерді бақылау мен баға қоюда мұғалім ұстанатын ережелер:

– білім мен ептіліктерді нақтамаламай, талдау, бақылау және бағалаусыз оқу-тәрбие үдерісінің тиімді дамымайтынын айқын түсіну;

– бақылау мен бағалаудың сырт формасына қызыға бермей, бақылау, бағалау, баға қою және олардың оқушылар тарапынан түсінімді қабылдануын гуманизациялау жолдарын тыңғылықты іздестіру;

– оқушылардың оқу-тәрбиелік іс-әрекеттерін тексеру мен бағалауды үздіксіз, жүйелі жүргізу;

- бақылау мен бағалау маңыздылығын түсіну жағдайларын жасау;
- қойылған бағаның әділ екенін бала санасына жеткізу;
- баға қоюға үлкен жауапкершілікпен қарап, игерілмегенді бағалаудан сақтану;
- баға тек нәтижеге емес, сол нәтижеге жеткізетін еңбек үдерісіне қойылатын, яғни жұмыстың қалай орындалғанын оған оқушының қаншалықты саналы қатынасы мен оны қай дербес танымдық деңгейде жүргізгенін ескерумен бағалау;
- тәрбиеленуші еңбегін құрметтеу, әр оқушыға орнымен, дұрыс баға беру;
- үйге не тапсырылғанын тәптіштеп сұрап, уақытты босқа өткізбеу;
- білім мен ептіліктерді тексеру мезетінде жағымды көңіл-күй жағдайын жасау;
- сұрақтарды ой толғататындай, шығармашылық жауап іздестіруге жол ашатындай етіп өрнектеу;
- оқушыға ойланып жауап беруге уақыт бөлу, қажет іркілістер мезетін пайдалану;
- оқушы жауаптарын зейінділікпен тыңдау, бала сенімін мақтау-мадақтау, ым-ишарамен қолдап, қуаттау;
- жауапты шыдамдылықпен ақырына дейін тыңдау, талдау мен ескертулерді кейінге қалдыра тұру;
- оқушылардың жеке ерекшеліктерін (баяулығын, темпераментін, тіл ақаулықтарын ж.т.б.) ескеру;
- жекеленген тапсырмалар мен сұрақтарды пайдалану;
- балаларды сыныптағы басқа оқушылардың білімдері мен ептіліктерін, жазба жұмыстарын тексеруге араластыру;
- балаларды өзіндік бақылау техникасын пайдалануға үйрету;
- оқу, тексеру мезетінде қысылып-қымтырылмайтын жағдайлар жасау, оқушыға өз орнында отырып, қысқа жауаптар беруге рұқсат беру;
- оқушы жауабын талдау, бірақ тұлғасын сынамау;
- бағаның шынайы, бірақ жіктемелі болуы, яғни сенімі кем оқушы жауабына оның ынтасын көтеру мақсатында бағасын көтеріңкіреп қою;

– егер оқушы өзі орындаған жұмысының бағасын көтеруге ынта білдірсе, тапсырмаларын бірнеше рет қайталап тапсыруға мүмкіндік беру;

– жауап беру, тапсырмаларды орындау уақытында тірек көрнекіліктерді пайдалануға рұқсат ету;

– бала қандай да бір әдістен жалығып қалмай, әрдайым тексеріс оған қызықты жаңалық пен тосын болуы үшін бақылау мен бағалаудың әрқилы әдістерін ұштастыра пайдалану;

– тестік бақылауды кеңінен қолдану;

– баға қою техникасын меңгеру, өзгерген жағдайларға орай бақылау мен бағалау техникасын икемді ауыстырып бару;

– баға –нақты да шапшаң ынталандыру тәсілі екенін бірде естен шығармау, бірақ оның белсенді де саналы оқуға себепші аса маңызды әрі ұзақ мерзімді жолдарын ығыстыруына жол бермеу.

Сонымен, баға қою тек мұғалім білімділігіне тәуелді болмай, оның шеберлігін де қажет етеді. Өсіп келе жатқан тұлға үшін баға – өміріндегі маңызды оқиға. Осы баға арқасында баланың өзіне болған қатынасы реттеледі, оның өз жолдастары арасында беделінің орынығуына себін тигізеді. Осыдан, оқу-тәрбие үдерісінің мазмұндық элементтерін бағалауда мұғалім өте мұқият болғаны жөн. 1-сыныпта баға қолданылмайды, ал қалған бастауыш сыныптарда сандық баға орнына конкурс, жарыс, ойындарды көбірек пайдаланып, әр оқушының басқалар арқасындағы өз орнын танып, өзін-өзі бағалау қабілетінің дамуына жол ашу қажет.

Жетістіктерді тестілеу

Кейінгі уақыттарда кіші мектепте кең қолданымға түскен шынайы бақылау әдістерінің бірі – тестілеу. “Тест” ағылшын сөзі, сынақ, тексеру дегенді аңдатады. **Үлгерім тесті** – бұл бағдарламалық оқу элементтерінің игерілу деңгейін анықтауға бағышталған тапсырмалар жиынтығы. Соңғы кездері бұл тестілеу тәсілін **жетістіктер тесті** деп атау қабылданған, себебі олар шәкірттердің оқуы мен тәрбиесіндегі оңды жетістіктердің шынайы деңгейін көрсетеді.

Дұрыс құрастырылған жетістік тестері бірнеше талаптарға сай болуы қажет. Олар арасында аса маңыздылары: көп уақыт сарп етілмеуі; біртекті түсіндірілуі; баламалы жауаптардың болмауы; қысқа жауап болуы; ақпараттың мәнді әрі маңызды келуі; икемді математикалық өңделуі; кең қолданымды болуы.

Мектеп тестері – тұлға дамуы мен қалыптасуының жан-жақты қырларын нақтамалау үшін жүргізілетін психологиялық – педагогикалық көптеген сынақ-бақылаулардың бір түрі ғана. Бұл тұрғыдан жетістік тестілері келесідей топтарға ажыралыады:

1. Жалпы ақыл-ой қабілеттері мен сол қабілеттердің дамуын тексеруге арналған тестер.

2. Арнайы қабілеттер тестері.

3. Сауаттылық, үлгерім, тәрбиелілік, жетістік тестері.

4. Жеке сапаларды (ес, ойлау, мінез ж.т.б.) анықтау тестері.

5. Тәрбиелілік (жалпы адамилық, инабаттылық, әлеуметік және т.б.) деңгейін анықтау тестері.

Тестер бойынша тиімді нәтижелер және сенімді қорытындылар олардың баршасын дұрыс бірлікті қолдана білуден туындайды. Осыдан тестік сынақтар әрдайым кешенді сипатта жүреді. Мысалы, тек үлгерім тестілерінің негізінде оқушылардың дамуы деңгейі жөнінде жалпы қорытынды жасау үлкен білместік.

Бүгінгі таңда бастауыш мектеп үшін тест жинақтары баспадан шығарылуда. Солай да болса, нақты талаптар, шарттар мен жағдайларға орайластырылған тестерді дайындау мұғалімнің міндеті. Тестік бақылау материалдарын дайындауда мұғалім келесідей ережелерді ұстанғаны жөн:

– тек дұрыс жауаптарды енгізу, қателігін тест мезетінде оқушылар түсіндіріп бере алмайтын жауаптардан сақтану;

– дұрыс болмаған жауаптарды жиі кездесетін (типтік) қателіктерге негіздеп, дұрыстыққа сай сияқты етіп құрастыру;

– дұрыс жауаптарды басқа жауаптар арасында кездейсоқтық тәртіпте беру;

– сұрақтардың оқулықта келтірілген мәтіндерін қайталамауы;

– бір сұрақтың жауабы басқа сұрақтар жауабын алға тартып тұрмауы;

– сұрақтардың жазатайым “мүдірту” ниетімен түзілмеуі.

Үлгерім және тәрбиелілік, яғни жетістік тестері педагогикалық үдерістің барша кезеңдерінде қолданылуы мүмкін. Олардың жәрдемімен мұғалім бастапқы, ағымды, тақырыптық және қорытындылау сынақтарын жоғары тиімділікпен өткізе алады.

Бастапқы бақылау. Тақырып, бөлім не бүкіл пән игерудегі табысты нәтиже өткен кезеңдерде меңгерілген білім, ептілік деңгейлеріне тәуелді болатыны белгілі. Егер бұл жөнінде мұғалім толық ақпаратқа ие болмаса, оның бұдан былайғы оқу үдерісін дұрыс жалғастыруы екі – талай. Қажетті мәліметтерді педагог бастау білім деңгейін бөле тану үшін жүргізлетін кіріспе (пропедевтикалық) тестілеу әдісімен жинақтайды. Осы жолмен нақты мерзімге дейінгі жетістіктер деңгейін де анықтайды. Бастау деңгейі мен жетілген үлгерім деңгейін салыстырудан ептілік және дағдылардың қалыптасу дәрежесі, білім “өсімі” өлшестіріледі, үдеріс тиімділігі талданып, оқушы жетістігіне қосқан педагог “үлесі” жөнінде қорытынды жасалады.

Ағымдағы бақылау – дидактикалық үдерісті нақтамалау, бөлектенген кезеңдерде алынған нақты нәтижелерді жобаланған көрсеткіштермен салыстыру үшін жүргізіледі. Ағымдағы бақылау оқу еңбегіне түрткі беріп, материал игеруде кезіккен олқылықтардың орнын толтыруға жәрдемдеседі. Әдетте, ағымдағы бақылау ауызекі сұрақ негізінде іске асырылады. Мұндай сұрақтар тығыздалған, фронтальды, магнитофонды, т.б. формаларда жиі қолданылуы мүмкін. Тестік бақылауды пайдалануды да естен шығармаған жөн. Ағымды бақылау тапсырмалары (саны 6-8 ден аспайды) кейінгі 2-3 сабақтарда игерілген білім, ептіліктердің маңызды тұстарын қамтуы тиіс. Тесті орындауға бөлінетін уақыт 5-8 минутан аспауы тиіс. Мұндай тестерді кейбір педагогтар әр екі сабақтан соң өткізгенді жөн көреді, бірақ қайткен күнде де нақты ерекшеліктер мен қажеттіктерді ескерген дұрыс. Жұмыс соңында жіберілген қателіктер міндетті түрде талдануы қажет. Тексеру, талдауды жеделдету үшін жауап үлгілері беріледі. Әр оқушы өз қателерінің төркінін тануы аса маңызды. Егер сынақ автоматтасқан қондырғылар (ЭЕМ, тренажер, перфокарталар ж.т.б.) жәрдемімен өткізілетін болса, дұрыс жауаптарын жаттап алу мүмкіндіктерін шектеу қажет.

Бастауыш мектепте оқушы жеке жауаптарының көптеген арнайы түрлері пайдаланылады: тірек үлестірмелер, түрлі түсті – белгілер, сұлба бойынша жауаптар, тірек белгілерді қолдану, жұптасқан не топтасқан жауаптар, бағдарламаластырылған бақылау, түсініктемелі басқару, планшет, ақпаратты сызғыш және т.б.

Тақырыпты бақылау. Тақырыпты тестік тапсырмаларды түзу көп әрі тыңғылықты еңбекті керек етеді, себебі бұл бақылау жеке элементтерді емес, ал сол элементтерді біріктіруші бүкіл жүйені тексеруге арналады.

Мұнда тақырып ұғымдары арасындағы байланыстарды анықтауға бағытталған сұрақтарды топтастырушы тапсырмаларға үлкен мән беріледі. Тақырыпты тестік бақылау үшін педагогикалық тестілеу жүйесін іске асырушы арнайы мекеме мамандары дайындаған дайын тест тапсырмаларын пайдаланған жөн.

Қорытынды бақылау – әр тоқсан не оқу жылы соңында қайталау жұмыстарымен бірге орындалады. Осы кезеңде барша өтілген оқу материалдары бір жүйеге келтіріледі. Мектеп тәжірибесінде үлгерім тестілерінің әрқилы баламалары қолданылуда. Оларға қойылатын жалғыз-ақ талап – мемлекеттік білім стандарты деңгейіне сай келуі.

Қорытынды тест сипатында жиі қолданылатын сынақ түрі – **жазба бақылау** жұмысы. Бұл жұмыс кіші мектеп оқушыларының әл-қуат деңгейіне сай, көлемі және күрделілігі жағынан тақырып игеруі барысындағы оқушылар орындаған жаттығулардан артып кетпеуі қажет. Бұл бақылаудағы маңызды шарт – оқушы қателіктерін түзетудің әртүрлі тәсілдерін пайдалануға үлкен мән берілді: қате жазылған әріп, сөз толығымен асты сызылып көрсетілуі тиіс, жұмыс соңында қателердің жалпы саны шығарылып, дұрыс жазу үлгілері берілуі керек, әрбір жіберілген қате өз ерекшелігіне сай, жіктемелі түзелгені жөн. Бақылау жұмысы қай мақсатта орындалмасын, онда орын алған қателердің бәрі мұғалім басшылығында жан-жақты талдауға алынуы міндетті. Егер қателерді талдау жұмысы әр оқушымен жеке-дара жүргізілсе, тіпті жақсы.

Үлгерім тестілері тәжірибеге кеңінен енуде. Бұл күнде тест жәрдемімен өткізілетін қысқа мерзімді сұрақ-жауап

сынақтарын мұғалімдер көптеп пайдалануда. Мұның себебі – тексеру уақытында бүкіл сынып толығымен оқу жұмысына тартылады, бірнеше минуттың ішінде барша оқушылардың үлгерімі жөнінде толық ақпарат алуға болады. Осыдан, оқушы әр сабаққа мұқият дайындалып, жүйелі еңбектенуге үйренеді. Бұл – білім игеру тиімділігі мен игерілген білімнің бекуіне кепіл. Тексеру барысында ең алдымен білім олқылықтары ашылады, ал мұны сезген оқушы өз бетінше дайындалып, оқуға тырысады. Үлгермеушіліктің алдын алуға байланысты оқушылармен жүргізілетін жеке-дара және жіктемелі оқу жұмыстары да осы ағымды тест бақылауларының нәтижелеріне негізделеді.

Дегенмен, тестілеу әдісімен оқу-үлгерімге тиісті барша сипаттамаларды бірдей ала беру мүмкін емес. Мысалы, жауапты нақты мысалдармен нақтылау ептілігі, деректерді тану, білу; өз ойыңды қисынды және дәйекті өрнектей білу – тестік нақтамаға келмеді. Сондықтан да тест бақылауларының тексеру, сынаудың басқа да форма және әдістерімен ұштастырыла өткізілгені тиімді. Өз оқушыларынан жазбаша орындалған тест жауаптарына ауызекі негіздеме талап еткен педагогтардың әрекеті өте орынды да пайдалы.

Сонымен, бастауыш мектеп тәжірибесінде кең тарай бастаған үлгерім тестілері әлемдік педагогика таныған сенімді нақтамалау әдісі. Егер елімізде педагогика дамуы әлемдік бағытта жүріп отыратын болса, бала бақшадан бастап барша балалар жүйелі тестік нақтамалаудан өтетін болады. Бастауыш мектепке арналып тест жаттығулар жинағы шығарылуда. Ал кей тест сұрақтарын педагогикалық талаптарды сақтаумен мұғалімдердің өздері дайындауда.

Тәрбиелілік нақтамасы

Тәрбие, біз білгеніміздей, өте қайшылықты да ұзаққа созылатын үдеріс. Онда көптеген қиындықтар туындап, дағдарысқа кезігетін тұстары да баршылық. Тәрбие нәтижесі бірден көріне қоймайды, оларды ескерудің өзі де қиын. Мұндай қиыншылық, кедергілер мектептен әлдеқайда бұрын басталып, бастауыш мектепте жалғасып жатады. Бала белгілі жасқа келгенде тәрбие өзіндік тәрбиемен ұштасады.

Ал жалпы тәрбие үдерісінің немесе оның әр кезеңдерінің көздеген мақсатына жету не жетпеуін қалай айырамыз? Әлбетте, ол үшін алдын ала болжастырылған нәтиже мен соңғы, нақты нәтижені салыстыру қажет. Соңғы жетіскен не аралық табыстарды білмейінше үдерісті жоспарлау да, басқару да мүмкін емес. Тәрбие үдерісінің нәтижесі – бұл **жетіскен тұлға тәрбиелілігінің деңгейі**. Ол күні ілгері болжастырылғанға сай не одан алшақ та болуы ықтимал. Ал осы сәйкестікті тануға нақтама жәрдем береді. Белгілі болғандай, бұл бағамдау әрекеті болған жағдайларды анықтау мен тәрбиеліліктің шынайы деңгейін ашуға бағытталады. Нақтамалық зерттеу деректері бастау сипаттамаларымен салыстырылады да, соңғы нәтижелерді арқау етіп, тәрбие үдерісінің тиімділігін анықтаймыз.

Тәрбиелілік қалай анықталады? Бұл өте күрделі мәселе. Бүгінгі таңда тәрбиелілік деңгейі жөнінде нәтиже айқындау мен талдаудың өте күрделі де көп еңбек сарп ететін әдістерін қолданумен шамалап пікір жүргізуіміз мүмкін. Алайда бұл тәрбиелілікті нақтамалаудың қажет еместігін білдірмейді. Жетіскен нәтижелерді салыстыру үшін өлшем белгілер (критерийлер) қолданылады. **Тәрбиелілік өлшем белгілері** – бұл әрқилы тұлғалық сапалардың қалыптасу деңгейінен дәйек беретін ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделген көрсеткіштер. Олар шкалалар түрінде өрнектеледі. Егер сапалардың көріну дәрежесі шартты сандық бағалармен белгіленсе, оларды салыстыруға, есептеуге болады, яғни оқудағы табыстарды тестілегендей тәрбиелілік деңгейін де санмен өрнектеу мүмкін. Тәрбиелілік деңгейі де тест жолымен анықталады, бірақ мұндағы айырмашылық – тестік тапсырмалар – теориялық сипатта болмай, тәрбиеленушінің белгілі жағдайдағы, қажетті әрекеттерді орындаудағы мінез-құлықтың әрекеттері тұрғысынан зерттеліп, бағаланады.

Көп түрлі тәрбиелілік өлшем белгілерінің арасынан екі топ белгілерді ажырата көрсетуге болады. Олар – **мазмұндық** және **бағалау** белгілері. Алғашқылары – зерттелетін сапа көрсеткіштеріне сәйкестікті білдіреді де, екіншілері – нақтамаланған сапалардың көріну қарқындылығын өрнектеу

мүмкіндігін береді. Тұлға не сынып тәрбиелілігіне байланысты ақырғы нәтижені нақтамалау үшін **жалпы өлшем белгілер**, бөлектенген қасиет, бітіс және сапаларды қалыптастыру мен талдауға арналған **жекеленген өлшем белгілер** қабылданған. Жалпы өлшемдер мақсатқа қарай қолданылады, ал жекеленген өлшемдер – тәрбие үдерісінің нақты міндеттеріне сәйкес іске асырылады. Тәрбиелілік өлшемдері өз бағыт-бағдарына, тәсілі мен қолданым орнына сәйкес екі топқа бөлінеді: 1) тәрбие нәтижесінің сырт көрінісіне, яғни пікірге, бағамға, тұлға мінез-құлығына, әрекетіне байланысты және 2) тәрбиеші көзінен таса құбылыстармен – сеп-түрткілермен, наным-сенімдермен, жоспарлаумен, бағыт – көзқарастармен орайлас.

Нақтамалаудың тәжірибелік әдістерінің жәрдемімен тәрбиеленушілердің мінез-құлық қалыптары мен ережелері жөніндегі біліктері, тәрбиешіні қызықтырған басқа да мәселелер бойынша пікір, түсініктері, бағамдары зерттеледі. Көбіне тәжірибеде келесідей тіке, нақты сұрақтар қойылып, бала пайымы анықталып жүр: “Адалдық деген не?”, “Қайырымдылықтың қандай қажеті бар?”, “Қызғаншақтық зияны қаншама?”, “Сараңның аты озбас, – деп неге айтылады”, “Қорқу ұнамды қасиет пе?”. Осы сұрақтарға берілген жауаптардан тәрбиеші де, тәрбиеленушінің өзі де көптеген сапа-қасиеттерді танып, олардың мәнін аңғаруына болады. Тәрбиеленушілердің қандай да оқиғаларға, деректерге мінездік бітістер мен қылық-әрекеттерге болған қатынасын ауызекі не жазба формасында келтірген арнайы сұрақтар арқылы байқау мүмкін, мысалы “Мейірбандық не қатыгездіктің қайсысын қалар едің?”, “Батылдық пен өжеттікті айыра білесің бе?”, т.с.с. Мұндай сұрақтар еркін, дәйекті жауаптарға негізделген ашық немесе баламалы жауаптар ішінен таңдауға негізделген – жабық болуы мүмкін. Бағамдау пікірлерін нақтамалау үшін белгілі тақырыптарға арналған шығармалар жаздыруға болады: “Менің түсінігімде тәртіптілік...”, “Кішіпейілділік әрі мен”, т.с.с Осыларға сәйкес жұмыстарды 3-4 сынып оқушыларына тапсырған жөн. Бұл сынды тапсырмаларды орындау арқылы балалардың ішкі жан дүниесін, күмөндарын, толғаныстары мен ой-талғамдарын танып, білу мүмкін.

Тұлғаның ішкі жан сезімі оның мінезінде, күнделікті қылығында көрінеді. Қазіргі күнде мінез-құлықты нақтамалаудың өте тиімді жолы – **тәрбиелілік шарт-жағдайлар әдісі**. Бұл әдіспен екі бірдей міндетті атқаруға болады: 1) көзделген сапалардың даму деңгейін нақтамалау; 2) сол сапаларды тәрбиелеу. **Тәрбиелік шарт-жағдайлар** – бұл табиғи не арнайы түзілген жағдай. Осы жағдайға түскен тәрбиеленуші талапқа сәйкес әрекетке келуге мәжбүр болады да өз қылығында белгілі сапалардың қалыптасып жатқанын, не қалыптаспағанын байқайды. Күнделікті өмір, соның ішінде сабақтағы, көшедегі, қоғамдық автокөліктердегі ж.т.б. бәрі де – баланың араласып жүрген табиғи жағдайлары. Ал арнайы түзілген шарттар тәрбиеленуші өмірінің аса маңызды тараптарына орайлас ұйымдастырылады, мысалы, міндеттерді, тапсырыстарды, сыйлықтар мен наградаларды бөлістіру, жеке және қоғамдық мүдделер арасында таңдау жасау ж.т.б. Мұндайда адамның жан сезімдік бағыт-бағдары еріксіз көрініс беретіні белгілі психологиялық фактор. Жасанды педагогикалық жағдайлардың кей кездері дау-даймалы болатынын естен шығармаған жөн, сондықтан да осы сынды нақтамалауды басқарымды қолдан жіберіп алмай, өте мұқият педагогикалық қадамдар жасауға үйрену қажет.

Соңғы он жылдықтарда педагогикалық тәжірибе **мәселелі** тәрбиелік жағдайларын көптеп қолдануда. Оның мәні: жасанды шарттар түзіледі, оқушы оны шешудің жолдарын іздестіреді, шәкірттің шешім табудағы әрекеттерін сынай отырып, тәрбиеші оның тәрбиелілік деңгейін анықтайды, себебі шешім жолы баланың қай деңгейде екенінен ақпарат береді. Жағдайлардың келесідей түрлері ажыратылған: 1) тексеру; 2) тәрбиелеуші; 3) бақылау; 4) бекіту; 5) тәрбиеші болжастырмаған, бірақ жәрдемі бар; 6) тәрбиеші болжастырмаған кедергілі не зиянды.

Мәселелі жағдай бүкіл сынып үшін де, жеке оқушы үшін де түзілуі ықтимал. Бірақ қай жағдайда да одан келер ұнамды нәтиже шешілуі қажет міндеттердің тәрбиеленушілер мүдделеріне сәйкес келсе ғана нәтиже береді.

Нақтама нәтижелерінің хаттамасы әртүрлі формада жүргізіледі. Бұл үшін көбіне алты ұпайлы шкала қолданылады. Онда үш ұнамды баға (+1, +2, +3) моральды тәрбиелік

дәрежесін танытса, үш кері баға (-1, -2, -3) моральдық тәрбиесіздік деңгейін көрсетеді. Нақтамалау барысында мұғалім моральға сай тәрбиелілікті келесідей бағалайды:

+3 (моральға сәйкес әрекет жасауға дайындық тұрақтылығы);

+2 (оң әрекет-қылық жасауға ұмтылыс);

+1 (оң әрекет - қылық жасау қажеттігін түсіну);

0- бейтараптық;

- 1 (болымсыз әрекеттерге дайын тұру);

- 2 (келеңсіз әрекеттер жасауға ұмтылыс);

- 3 (қоғамдық моральға қарсы мінез-құлық).

Еске алатын жәйт, тәрбиелілікті бағалау негізіне баланың жеке сапалары емес, оның **жалпы тұлғалық бағыт-бағдары** алынуы тиіс. Баланың жеке қасиет-сапалары олардың астарында жатқан сеп-түрткілерге байланысты келеді. Сеп-түрткілерінен бөлектенген қылық не әрекет тәрбиелік таныта алмайды. Инабатты көрінген әрекет-қылықтардың өздері де кейде жағдайға орай жақсы ниеттен болып жатпайды. Басқаша бір шарттар, жағдайларға орай балалардың мінез-құллығы өзгеше де болуы мүмкін.

Сонымен, мақсатты бағытталған тәрбиелік жұмыстар міндетті түрде нақтамалауды қажет етеді. Тәрбиелілік нақтамасы-бүкіл бір сыныптың не әр жеке оқушының тәрбиелігі жөнінде ақпарат жинақтау үшін жүргізілетін мұғалім қызметі. Тәрбиені нақтамалаудағы басты міндет – оқушылардың нақты моральдық және әлеуметтік қалпын анықтау, сонымен бірге тәрбие үдерісі дамуындағы сындарлы да дағдарысты кезеңдерді ашып, біліп отыру. Нақтамалық мәлеметтер негізінде тәрбие үдерісін басқарудың стратегиясы мен тактикасы нақтыланып, тәрбиелік істер бағдарламасы жасалады. Нақтамалау арқылы мұғалім белгілі сапа-қасиеттердің көзделген деңгейіне жету үшін қаншама уақыт және күш-қуат қажет болатынын шамалайды.

Өзіңізді тексеріңіз

1. Неліктен гуманистік педагогикада көбіне бақылау (контроль) жөнінде емес, ал нақтама туралы әңгіме көтеріліп жатады?
2. Білім, ептілік бақылау деген не?
3. Бақылау қандай қызметтерді атқарады?
4. Білім, ептілік тексеру деген не?
5. Бағалау, баға деген не?
6. Нақтамалау, бақылау және тексеру қандай принциптерге негізделеді?
7. Бақылауды гуманизациялау деген не?
8. Сауаттылықты (обученность) нақтамалау деген не?
9. Білім, ептілік тексеру қадамдары қандай?
10. Бақылау, тексеру істеріндегі жалпы кемшіліктер қандай?
11. Білімді бақылау мен тексеру саласындағы жаңалықтардан не хабарыңыз бар?
12. Сауаттылық (обученность), жетістік деңгейі және даму дәрежесін тестілеу деген не?
13. Нақтамалық тестерге қойылатын талаптар қандай?
14. Тестілеудің қандай форма, түрлерін білесіз?
15. Тест түзу ережелері қандай?
16. Жазба жұмыстар қалай бағаланады?
17. Баға қоюда мұғалім қандай принциптерді қару етеді?
18. 1-сыныпта, жалпы мектепте баға қою дегенге пікіріңіз қалай?
19. Баға қойылмайтын мектеп оқуы мүмкін бе?
20. Бастауыш мектеп үшін қандай тестер ұсынар едіңіз?

14-бап

БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМІ

Жоспар:

Мұғалім қызметтері

Мұғалімге қойылатын талаптар

Мұғалім шеберлігі

Тірек конспект-сөздік

Мұғалім: 1) Мектептегі оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастырушы және іске асырушы тұлға; 2) Арнайы дайындығы бар, педагогикалық қызметімен кәсіби түрде шұғылданушы адам.

Бастауыш мектеп мұғалімі – балалар әлемі мен ересектер дүниесін ұштасырушы дәнекер – ғажайып кәсіп иесі.

Мұғаліміне орай қоғамы.

Мұғалімнің жалпы педагогикалық міндеті:

Кәсіби білімдері мен ептіліктерін тәлім тәрбиелік істерге қолдана білу.

Мұғалімнің нақты қызметтері – оқу, тәрбие, даму және қалыптасу үдерістеріне басқарым алып бару.

Мұғалімнің тәлім – тәрбиедегі міндеті: оқытып жаттату емес, оқуға бағыт беру; тәрбиелік нұсқау беру емес, тәрбие үдерістерін басқару.

Педагогикалық еңбек өзегі (сердцевина) – адамның кемелденуімен байланысты барша үдерістеріне басқарым жасау.

Педагогикалық басқарым әрекеттері: 1) мақсат қою; 2) нақтамалау; 3) алдын-ала болжастыру; 4) жобалау; 5) ниеттерді іске асыру;

Мұғалімге талаптар – бұл педагогикалық табысты болуын қамтамасыз етуші кәсіби сапалар жүйесі.

Педагогикалық қабілеттер – балалармен іс алып бару икемділігі, оларға болған мейірім – шапағат танытып, ләззат алудан көрінетін тұлғалық қасиет – сапалар.

Мұғалімге тән қасиеттер тобы: 1) ұйымдастырушылық; 2) дидактикалық; 3) жантанушылық көрегендік (рецептивный); 4) қарым-қатынастың (коммуникативный); 5) ықпалдылық (суггестивный); 6) зерттеушілік; 7) ғылыми-танымдық.

Жетекші қабілеттер: Педагогикалық көрегендік, дидактикалық, ұйымдастыру, көңіл-күй-сезімдік (экспрессивные).

Мұғалімнің кәсіби сапалары – оқу пәнін меңгеруі, әдістемесін білуі, психологиялық дайындық, жалпы ой-өріс, кең мәдени қалып, педагогикалық шеберлік, педагогикалық еңбек технологиясын қолдана білу, ұйымдастыру ептіліктері мен педагогикалық әдеп, педагогикалық ұсынақтылық (техника), қарым-қатынастар технологиясын білу, шешендік өнер, еңбеккерлік, жұмысқа төзімділік, тәртіптілік, жауапкерлік, мақсат белгілеп оған жету тәсілдерін білу, жеке басын ретімен басқара білу, табандылық, кәсіби деңгейін жүйелі әрі жоспарлы көтеріп бару, еңбек сапасын арттыруды әрқашан ескеру ж.т.б.

Мұғалімнің тұлғалық адами сапалары – адамгершілік, қайырымдылық, шыдамдылық, адалдық, жауапкершілік, әділдік, міндеттілік, шынайылық, жомарттық, адамға болған сыйластық, жоғары ізгіліктілік, болашаққа сенім, көңіл шарпуларына бермеу, қарым-қатынасты қажет ету, тәрбиеленуші өмірімен қызығу, мейірімділік, жақсылыққа жору, өзіндік сындарлылық, достық ынтық, ұстамдылық, отаншылдық, ел жандылық, басқаның көңіл-күйіне мән бере тану, көңіл-күй мәдениеті және т.б.

Педагогикалық шеберлік – жоғары әрі үздіксіз жетілудегі оқу және тәрбие өнері.

Педагогикалық ұсынақтылық (техника) – таңдалған педагогикалық қызмет әдістерін бірлікті, тиімді қолдануға қажет білім, ептілік, дағдылар жиынтығы.

Мұғалімнің еңбегін талдау – мұғалім еңбегі мен сол еңбек нәтижелері арасындағы байланыс мәнін аңғару.

Мұғалімнің еңбегін бағалау негіздері –

- білім көлемі мен сапасы;
- ептіліктер мен дағдылар ауқымы;
- білім және ептіліктер жүйесі ;
- теорияны тәжірибеде қолдана білу дәрежесі;
- шәкірттердің ойлау, әрекетке келу тәсілдері.

“Егер мұғалім өз ісін ұнататын болса, ол тәуір мұғалім. Егер мұғалім өз оқушысын тек атасы мен анасы секілді сүйетін болса, ол барша кітаптарды оқыған, бірақ ісіне де, балаға да құлқы жоқ мұғалімнен жақсылау. Егер мұғалім балаға да, ісіне де болған махаббатын ұштастыра алса – ол ұстаздың төресі”.

А.Н.Толстой

Мұғалім қызметтері

Мектептегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырушы әрі іске астырушы тұлға – бұл мұғалім. Бұл тұжырымды анықтамаға келтіретін болсақ: **мұғалім бұл арнайы дайындығы бар, педагогикалық қызметпен кәсіби деңгейде айналысатын адам.** Бұл арада “кәсіби” сөзіне назар аударған жөн. Кәсіптік болмаған педагогикалық іспен адамдардың баршасы шұғылданады, ал педагогикалық заңдарға сәйкес әрекетіне келіп, не, қай жерде, және қалай істеу керек екендігін білетін, өзінің кәсіби борышын сапалы орындау жауапкершілігін мойнына алатын тек мұғалім ғана.

Бастауыш мектеп мұғалімі – ерекше мұғалім. Ол балалар мен ересектер әлемін ұштастырушы. Ол енді қалыптасудағы сәби психикасының тереңқұпияларын жете таниды, балаға білім бере алады, оны тұлға – азамат болуға баулиды. Маңыздылық тұрғысынан бастауыш мектеп мұғалімінің еңбегін басқа кез келген ешбір еңбекпен салыстыруға болмайды, себебі мұғалім төккен маңдай тердің жемісі – тұлға. Осы аса білгір, өте жауапкерлі, бала өміріндегі тұңғыш мұғалімге отбасы мен қоғам өзінің ең ардақты перзентін, аяулы азаматы мен елінің тағдырын, өз мемлекетінің жарқын болашағын үлкен сенім және үмітпен тапсырады. Мұғалім мінберіне көтерілген адам баршаға жауапкерлі, бәрін біледі де істей алады. Мұғалім лауазымының сипаты да оның осы әр оқушы, өсіп келе жатқан ұрпақ, қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкерлігімен анықталады. Пе-

дагог еңбегінің бүгінгі нәтижесі қаншама жоғары болса, біздің қоғамымыздың ертеңгі мәртебесі де соншама жоғары болмақ. Әр адам мен бүкіл халықтың тағдырына шексіз байланысты әрі жауапкерлі келген қандай да бір мұғалімдіктен басқа қызмет түрін ойға келтіру тіпті де мүмкін емес.

Сонау замана тұңғығында-ақ қатаң заңдылық байқалған: мұғалім дәрежесі - қоғам деңгейінің көрсеткіші. Адамзат өркениетінің даму тарихында қай елдің мектебі мен мұғалімі жетілген болса, сол ел биік дәрежелі жетістіктерімен танылған. Мұғалім беделіне қандай да нұқсан келтірудің салдарынан ел тозып, ізгілік- адамгершілік аяқ асты болған. Мұғалім тұлғасы кішіпейіл, өзін бадырайта көрсете бермейді, бірақ адалдық пен шындық тасушы болған оны тұғырынан тайдыру – лезде бүкіл адамдардың жақсылық сенімінен айрылуына, содан өркениет жетістіктерін күйретіп, адамзатты жабайылар үйіріне қайта қамап, зұлымдық шоғын шашар көргенсіздік бой тіктейді.

Мұғалімнің қоғамдағы рөлін аса жоғары бағалай білген М.Горький үлкен толғаныспен былай деген: “Жақсы, ақылды, білімді мұғалімнің ауылға қаншалықты қажет екенін білсеңіз еді. Оған айрықша жағдайлар жасау керек. Әрі мұның мүмкіндігінше тез арада орындалғаны жақсы. Себебі халықты кең білім дағдысына салмасақ, мемлекетіміз күйдірілмеген кірпіштен тұрғызылған үй құсап, қақырап кетуі сөзсіз. Мұғалім өз ісіне құлай сүйген әртіс, суретші болмағы лазым. Ал бізде ше – ол қара жер тырнаған, бейнеткер, сауат-білімнен жүрдай, ауыл баласын ықыласпен оқытуға емес, тап зорлықпен айдауға кетіп бара жатқан тұтқын сияқты. Ол аш, еңсесі түскен, қапелімде жұмыссыз қалу қауіпін, ертеңгі бір тілім нанын қайғырған пенде. Керегі – мұғалім ауылдың ең құрметті адамы, үлкеннің де, кішінің де қалаған сұрағына жауап таба алатын сауат иесі болмағы. Оның бойынан жұрт сый мен назарға сай күш-қуат танып, оның алдында тартынғаны жөн. Кім болса сол... мұғалім намысына тиіп, оның беделін аяқ асты ету – кешірілмес айып”.

Педагогикалық міндетті қызмет-педагог жұмысының белгіленген бағыты. Әлбетте, педагогикалық күш-қуат жұмсаудың басты бағыттары – бұл баланы оқыту, оның сауатын ашып, білімдендіру, тәрбиелеу, дамыту және қалыптастыру. Аталған

бағыттардың әрбіріне орай мұғалім сан алуан нақты әрекеттерді орындайды, осындай оның қызметтері көрер көзге байқаусыз, көбіне елене бермейді. Солай да болса, педагогикалық істер төркініне үңіле назар салумен оның кәсіптік іс-әрекетінің негізінде жатқан құбылыстарды тану арқылы анықтайтынымыз: *мұғалімнің міндетті қызметі (функция) – оқу, тәрбие, даму, қалыптасу үдерістеріне басшылық жасау.*

Мұғалімнің парызы – оқыту емес, оқуға бағдар беру; тәрбиелеу емес, тәрбие үдерісіне жетекшілік ету. Осы басты міндеттерін толық түсіне алған мұғалім ғана өз оқушыларына жеткілікті дәрежеде дербестік, еркіндік, ынта білдіру мүмкіндіктерін бере алады. Оқу-тәрбие үдерісінде өзі көзге түспей, барша істі оқушының еркін таңдауымен, бірақ басшылық тізгінін де қолдан жібермей, орындау – хас шебер мұғалім қолынан келетін жұмыс.

Кәсіби педагогтарды Сократтың өзі “ой акушерлері” деп атаған, педагогикалық шеберлікті “дүниеге нәресте келтіру” (повивальное) өнерімен теңеген. Білгір педагогтың қызметі - дайын білімді қолдау емес, оқушыға жаңа ой пайымдауға көмектесу. Демек, **педагогикалық еңбектің өзегі** – адам қалыптасуына себін тигізетін барша үдерістерге басшылық жасау.

Негізгі педагогикалық қызмет ретінде басшылық нақты педагогикалық әрекеттерден құралады. Қалаған педагогикалық жобаның – мейлі ол сабақ, сынып сағаты, сабақтағы жеке тақырып не бөлім өту, викторина, олимпиада не “қозғалысты өзгерістер”, мектеп мейрамы, қайырымдылық іс не экологиялық саяхат болсын – бәріде **мақсат белгілеуден** басталады. Басқару үдерісінің мәні - “мақсат – нәтиже” бағытындағы оқушылардың әрекеттерінің басын қосып, үйлестіру, оқу барысындағы басқарым оқушы мүмкіндіктеріне: дайындық деңгейіне, жұмыс қабілетіне, оқуға қатынасы және т.б. – негізделеді. Бұлардың бәрі жөнінде ақпаратқа ие болу үшін педагог **нақтама** қызметін орындайды. Оқушылар дамуының тән-дене және психикалық ерекшеліктерін, олардың ақыл және адамгершілік тәрбиесінің деңгейін, сыныптық және отбасы тәрбие жағдайларын, т.с.с. анықтап алмай, дұрыс мақсат белгілеуге де, оған жетудің нақты жолдарын таңдауға

да болмайды. Жан-жақты тәрбие жүргізуі үшін педагогика тәрбиелейтін адамын барша тұрғыдан тани білуі міндетті, - деп К.Д.Ушинский баса айтқан. Міне осыдан тәрбиеші педагогикалық жағдайлар талдаудың болжастыру әдістерін жете білуі қажет.

Мақсат белгілеу және нақтамалау істерімен тығыз байланыста болжау, болжастыру (прогноздау) шаралары орындалады. Болжау – өз әрекетінің нақты жағдайлардағы нәтижесін күні ілгері білуге, сонымен нені, қалай істеу керектігін түсінуге көмектесетін мұғалімнің көрегендік қабілетінен байқалады.

Болашаққа ой жүгірте алмайтын, неге ұмтылатынын пайымдауға өрісі жетпейтін педагог “алдым жөн, артым соқпақ” деп тәуекел сапар кешкен жолаушыға ұқсас. Мұндайда көздеген мақсат кездейсоқ, ойламаған жерден ғана орындалуы немесе тіпті де бос әурешілік болуы ықтимал. Мұғалімді болжастыруға үйрете алмайтын педагогиканы К.А.Сухомлинский тәуіпшілдікпен, көрегендігі болмаған оқытушыны сауатсыз жөргекшімен теңеген.

Нақтамалап, сәтті болжамды арқау еткен мұғалім оқу-тәрбие қызметтерінің **жобасын** (проект) түзуге кіріседі. Нақтама, болжам, жоба оқу-тәрбие істерінің **жоспарын** жасауға негіз береді. Жоспар түзумен педагогикалық үдерістің дайындық кезеңі аяқталады. Өзін қадірлей білген мұғалім барша тарапы түбегейлі ойластырылған, нақты да анық, толық қамдастырылған жоспарсыз сыныпқа енбейді.

Сонымен, нақталау, болжастыру, жобалау мен жоспарлау – оқу-тәрбие ісінің әр жаңа (циклі) айналымының дайындық кезеңінде мұғалімнің орындайтын міндетті педагогикалық қызметтері.

Келесі – **ниеттерді іске асыру** – кезеңінде мұғалім ақпараттық, ұйымдастыру, бағалау және сараптау, бақылау мен реттеу-түзету міндеттерін атқарады. Мұғалімнің **ұйымдастыру** қызметі – балаларды белгіленген жұмысқа тартып, көзделген мақсатқа жету жолында оларды өзімен бірлікте орындалатын іске жұмылдыру. Оқушылардың басты **ақпарат көзі** – мұғалім. Ол бәрін біледі, ол өз кәсібіне байланысты пәндер – педагогика, психология және әдістемені жоғары деңгейде жете меңгерген. Пәрменді ынталандыру жағдаяттарын жасауда мұғалімге

бақылау, бағалау және реттеу-түзету қызметтері аса маңызды. Осы педагогикалық міндеттердің дұрыс орындалуынан оқу үдерісі дамиды, жоспарланған өзгерістер өз деңгейінде іске асып жатады. Мұғалім бәріне де қанық: шу-шу-леу немесе мәжбүрлеумен шынайы оқу табысына жету мүмкін емес. Бақылау сала отырып сәтсіздіктер, олқылықтар мен кемшіліктер себептерін ашамыз. Бұдан жинақталған ақпарат педагогикалық үдерісті **ретке келтіріп**, қажет болса **түзетіп**, тиімді шараларды дер мезетінде қолданып, ынталандырушы сеп-түрткілерді пайдалануға мүмкіндік ашады. Педагогикалық айналымның қорытындылау кезеңінде мұғалім ауқымды **талдау жұмыстарына** өтеді. Мұндағы басты мақсат – біткен істі сарапқа салып, ол белгіленген деңгейден қаншама төмендеу орындалды, қай жерде және не себепті іс қарқыны бәсеңдеді, мұның бәрін келешекте болдырмаудың амалы қандай болмақ, т.с.с. сұрақтарға жауап табу.

Кәсіби қызметінің көп түрлі де жан-жақты болуынан мұғалім еңбегі көптеген мамандықтарға байланысты істермен сабақтас орындалып барады: ол-актер, режиссер және менеджер; ол – сарапшы, зерттеуші және тұқым іріктеуші (селекционер). Өзінің тікелей кәсіби қызметтерімен қатар педагог қоғамдық, азаматтық, отбасылық міндеттерге де жауапкерлі.

Сонымен, бастауыш мектеп мұғалімі көп санды да әрқилы іс-әрекеттер түрін атқарады. Бұл істердің бәрі кәсіби тілде **педагогикалық міндетті қызметтер** деп аталады. Басты педагогикалық міндет – бұл оқу-тәрбие **үдерісін** басқару. Басқарудың дайындық кезеңінің элементтері: мақсат белгілеу, нақталау, болжастыру, жобалау және жоспарлау. Жоспарды іске асырарда мұғалім ақпараттық ұйымдастыру, бағалау, бақылау және реттеу-түзету жұмыстарын орындайды. Ал қорытындылау кезеңінің міндеті – біткен істе талдау сарабына салу.

Мұғалімге қойылатын талаптар

Мұғалімнің ерекше кәсіптік және қоғам алдындағы міндеттері барлық уақытта өзінің қатал әділқазылары – оқушыларының, мүдделі ата-аналардың, кең әлеуметтік қауымның назарында

болуы – ұстаз тұлғасы мен оның моральдық келбетіне жоғары талаптар қояды. **Мұғалімге қойылатын талаптар** – бұл педагогикалық қызмет табыстарының кепілі болар кәсіби сапалар жүйесі.

Мұғалімге қойылатын педагогикалық талаптар жөніндегі айғақтар бізге сонау ежелгі ғасырлар тұңғығынан жеткен, қай уақытта да адамдар оған жоғары деңгейдегі тапсырмалар тарта отырып, өз мұғалімін қарапайым пенде кемшіліктерінен азат болғанын қалаған. **Львовтық “бауырластар мектебінің”** 1586 жылғы жарғысында былай деп жазылыпты: “Бұл мектеп мұғалімі инабатты, ақылды, кішіпейіл дана, ұстамды, араққор емес, зинакер емес, пайдакүнем ұры емес, көріпкел сәуегей емес, бөспе сөзді емес, жамандықты қолдаушы емес, бірақ жақсылық жасауға асыққан, бар тұрғыдан ождан-ды болып, оқушылары да оған ұқсасын?” XVIII ғасырдың алғашқы кезеңінде-ақ осы күнге дейін өз маңызын жоймаған ауқымды да нақты мұғалімге қаратылған талаптар белгіленген. Я.А.Коменский тұжырымынша, мұғалімнің басты парызы - өзінің жоғары инабаттылығымен, адамдарға деген мейірман, білім мен еңбеккерлігі және басқа да сапаларымен өз оқушыларына өрнек болып, оларды адамилық қасиеттерге баулуы тиіс.

Мұғалім тағам мен киімде – қарапайым, қызметте – сергек әрі еңбеккер, мінезде – кішіпейіл және әдепті, сөз саптауда – мәнерлі де ұстамдылық көрсете білуі шарт. Сонымен бірге жеке қатынастар мен қоғамдық өмірде байсалды да байыпты болғаны жөн. Еріншектік, енжарлық, әрекетсіздік – мұғалім кәсібімен тіпті де сыйспайтын келеңсіз қасиеттер. Мұндай ақаулықтар оқушыларыңызда болмасын тілесеніз, олардан алдымен өзіңіз құтылып алыңыз. Кімде-кім ең жоғары міндет – болашақ тәрбиесін қолына алатын болса, ол күніменгі сергектігін бірде жоғалтпай, оқушы дәптерін тексеруге қатысты ауыр еңбекті басынан кешіруге дайын болуы, той-тамаша, сән-салтанат және басқа “рух жалаңаштаушы” нәрселерден аулақ жүруі қажет.

Я.А.Коменский мұғалімдерден балаға жылы лебізбен, мейірлі қатынас жасап, қаталдығымен оны өзінен қашықтатып алмай, керісінше, аталарша бауырына тартып, мәпелеуді талап

еткен. Балаларды жеңіл әрі қуанышпен оқыту керек: “сонда ғана ғылым нәрі күштеп, зорламай-ақ, жан қалауы және шын көңілмен оның бойына енеді”.

К.Д.Ушинский мұғалімдерді “жас жанға жылу берген шуақты күнге” теңейді. Ұстаздардың Ұстазы болған ұлы педагог халық мұғалімдеріне жоғары талаптар қойды. Терең де жан-жақты білімсіз мұғалім болуы мүмкін емес, – деп тұжырымдады ол. Бірақ тек білім әлі жеткіліксіз. Ол берік әрі мықты сенім-наныммен байланысты болуы қажет. Бұл сапаларсыз нағыз мұғалім болып жетілу қиын: “... адам тәрбиесінің даңғыл жолы – бұл сенім, ал сенімге тек сеніммен ғана ықпал жасау мүмкін”. Әрқандай оқу бағдарламасы, қалаған әдістеме мейлінше жоғары дәрежеде түзілгенімен, тәрбиеші сеніміне өтпесе, қауқарсыз әріптер тізбегіне айналады.

Мұғалімге қойылатын алғашқы талап – педагогикалық қабілеттердің болуы. **Педагогикалық қабілеттер** – бұл оқушылармен жұмыс істеуге, балаларға деген мейір, олармен қатынаста болудан ләззат ала білу бейімділігін танытушы тұлғалық сапалар. Көп жағдайларда педагогикалық қабілеттер – мәнерлі сөйлеу, ән салу, сурет салу, балаларды ұйымдастыра білу және с.с. – нақты әрекеттерді орындауда көрінетін ептіліктер дәрежесінде қалыптастырылады. Қандай да ептілік белгілі қабілеттің сырттай көрінісі. Осы заманғы педагогикалық психологияда қабілеттердің төмендегідей маңызды топтары ажыратылған:

1. **Ұйымдастырушылық.** Мұғалімнің оқушыларды оқу-танымдық істерге тарту, міндеттерді бөлістіру, қызмет жоспарлау, орындалғандарға қорытынды жасау және т.б. ептіліктерінен көрінеді.

2. **Дидактикалық.** Оқу материалдарын, көрнекі құралдарды, техникалық оқу жабдықтарын, жинақтау және дайындау; оқу мазмұнын түсінікті, анық, мәнерлі, нанымды және бірізді баяндау; оқушыларды өздерінің танымдық қызығулары мен рухани қажеттерін дамытуға ынталандыру, олардың оқу-танымдық белсенділігін және т.б. арттырып бару.

3. **Түсінім.** Мұғалімнің өз шәкірттерінің жан дүниесіне еніп, олардың көңіл-күй кейіпін шынайы бағалауға, психикалық ерекшеліктерін тани білуде көрінетін ептіліктері.

4. **Қарым-қатынастық.** Өз әріптестерімен, оқушылармен, олардың ата-аналарымен, оқу орны жетекшілерімен жақын іскерлік байланыстар түзуде көрінетін мұғалім ептіліктері.

5. **Ықпал таныту.** Көңіл-күй, ерік әсерлері арқылы оқушыны билеу.

6. **Зерттеушілік.** Педагогикалық жағдайлар мен үдерістерді шынайы танып, бағалау ептіліктерімен іске асырылатын қабілет.

7. **Ғылыми-танымдық.** Педагогика, психология, әдістеме салаларындағы ғылыми жаңалықтарды игере білу қабілеттерімен белгіленеді.

Мұғалімдердің өздеріне қойылған сауалнама жауаптарына жүгінсек, педагогикалық қызметте аса қажет, яғни жетекші қабілеттер түрі төмендегідей: педагогикалық қырағылық, дидактикалық, ұйымдастырушылық, көңіл-шуақтылығы, ал қалған түрлері аталғандарға қосалқы, жәрдемші қызмет орындайды.

Көп мамандардың пікірінше, қандай да бір қабілет адамға жұғысты болмаған жағдайда, оның орны басқа мәнді келген кәсіби сапалар – еңбеккерлік, өз міндеттеріне адал да байыпты қатынас, ұдайы өзіндік жетілуден – толтырылып (теңдестіріліп) барады.

Педагогикалық қабілеттер (талант, дарын, нышандар) педагогикалық кәсіпті иелеудің алғышарттары болары сөзсіз, бірақ шешуші кәсіптік сапа қызметтерін атқара алмайды. Қаншама мұғалім болуды көздеген, бұл кәсіпке сай жемісті нышандары да көрінген талай адамдар педагог кемеліне жете алмай қалған, ал алғашқыда мұндай ұқыбы кем талай студент болашақта педагогикалық шеберлік шыңына көтерілгенін тәжірибеден көріп жүрсіз. Педагог болып жетілудің басты кілті – еңбектенуде.

Сондықтан да мұғалімге қажет маңызды сапалар – бұл **еңбеккерлік, талапшылдық, тәртіптілік, жауапкершілік, мақсат қоя білу, оны шешу жолдарын таңдай білу, ұйымдастырушылық, табандылық, жүйелілік және өз кәсібін жоспарлы жетілдіріп бару, өз еңбегінің кәсіптік деңгейін ұдайы көтеріп тұру, т.с.с.** Осы сапалардың арқасында педагог өндірістік қатынастар жүйесінде өз міндеттерін атқара білетін қызметкер болып қалыптасады.

Көз алдымызды оқу орындары әлеуметке “білімдену қызметтерін” көрсетуші өндірістік мекемелер сипатын ала бастады. Мұндай мекемелер енді өз жұмысын нақты жоспар, келісім-шарт (контракт) негізінде жүргізеді. Педагогтар ереуілі, оқу орындарының бәсекелестігіне (конкуренциясына) бірте-бірте үйреніп те келе жатырмыз. Бұлардың бәрі нарықтық экономика заманына тән белгілер. Міне осы жағдайларда оқу-тәрбие үдерісіндегі ұнамды қарым-қатынастарды түзу үшін педагогтың **адамилық қасиет-сапалары** кең маңыз алады. Атайтын болсақ, олар: **адамгершілік, қайырымдылық, шыдамдылық, адалдық, жауапкершілік, әділдік, міндеттілік, шынайылық, жомарттық, сыйластық, жоғары унабаттылық, болашаққа сенушілік (оптимизм), балалар мүддесіне етене жақын болу, ұстамдылық, байсалдылық, үйіршеңдік, тілектестік, өз басына сын көзбен қарай білу, достық қатынасқа ынтық болу, қадірлі болу, ұлтжандылық, отансүйгіштік, имандылық, принципшілдік, ықыластылық, көңіл білдіру әдептілігі және т.б.**

Мұғалімде міндетті болуы тиіс аса маңызды сапалардың бірі – **гуманизм**, яғни өсіп келе жатқан адамды жер бетіндегі ең жоғары құндылық ретінде тану және осыған нақты іс-шаралармен қатынас жасай білу. Гуманды қатынас – бұл тұлғаны жақыннан тани білуге мүдделілік, оқушыларға жанашырлық, олардың пікірімен санасу, балалардың кемелдену ерекшеліктерін білу, шәкірттердің оқу іс-әрекеттері мен тұлғалық дамуына жоғары талаптар қоя білу. Аталған сапа-қасиеттердің іс-жүзіндегі көріністерінен хабардар болған жас әулет алғашында еліктеумен, соң саналы түрде адамдарға деген гуманистік қатынастарын қалыпқа келтіре бастайды.

Мұғалім - әрқашан да **белсенді, шығармашыл** тұлға. Ол оқушылар өмірінің күнделікті ұйымдастырушысы. Оқушы қызығуларын оятып, оларға жетекші бола білу - ерік қабілеті күшті дамыған жеке тұлғалық белсенділігі артып тасыған адамда ғана дамиды қасиет. Күрделі ағза болған сынып, балалар ұжымына педагогикалық басшылық **үлкен тапқырлықты, зеректікті, табандылықты, көрінген жағдайлар шешімін таба білуге дайын болуды** қажет етеді. Педагог – бала жан дүниесіне жетекші, кіршіксіз өрнек, үлгі.

Мұғалімге қажет кәсіби сапалардың және бір тобы – **ұстамдылық пен сабырлылық**. Педагогикалық кәсіп иесі әрқашан, тіпті тосын жағдайларда да, оқу-тәрбие үдерісіндегі өзінің жетекшілік парызын естен шығармай, тәрбие тізгінін бір де жаздырмауы тиіс. Оқушылар өз тәрбиешісінің олқылығын, абыржуы мен шарасыздығының куәсі болмағаны абзал. Басынан өткені көп ұлы педагог А.С.Макаренко “өзін ірке алмайтын мұғалім – бұзылған, басқарымы жоқ машина”, – деп ескерткен болатын. Мұны әрдайым жадта сақтаған жөн, себебі өз әрекеттері мен қылықтарына бақылау қоя алмай, болғанның бәріне балаларды кінәлап, не болса соған қақырай күйзелуге болмайды.

Мұғалім мінезінің **жан сезімталдығы** – оқушы қалпын, оның көңіл-күйін сезіп, көмекке зәру болғандарға дер мезетінде қол ұшын беру қажеттігін білдіретін барометр. Өз шәкірттерінің бүгіні мен ертеңін ойлап, жан себіл болатын да мұғалім. Бұл оның табиғи болмысынан. Мұнда мұғалім өсіп келе жатқан әулет тағдыры үшін жауапкерлі екенінен бір де жаңылмас.

Мұғалімнің ажыралмас кәсіби қасиеті – бұл **әділдік**. Қызмет бабына орай мұғалімнің бірдейгі міндеті – оқушыларының біліміне, ептіліктері мен дағдыларына, әрекет қылығына баға беру. Осыдан, оның бағамдау сарабы оқушылардың даму деңгейіне сай болып, субъективтік ықпалдардан шынайылығын жоғалтпауы тиіс. Тәрбиешінің әділеттілігі осыдан көрінеді. Осымен мұғалім беделі өлшенеді. Мұғалімнің сыңаржақтығы, күнілгері теріс ұғымға берілуі мен өзімшілдігі тәрбие істерімен “мың қайнаса да сорпасы қосылмайтын” келеңсіз шарттар.

Тәрбиеші әруақыт орнымен **талап қоя білуге** міндетті. Ұстаз ісінің жемісі – осы талаптан. Мұғалім қатаңда да жоғары талапты алдымен өзіне қойғаны жөн, себебі өзінде болмағанды басқадан, әсіресе оқушыдан, талап ету - қиянат. Ақыл сарабынан өткен талап – педагогикалық табыстың кепілі. Тәрбие шеберлігі дамудағы тұлға мүмкіндіктерін арқау етеді.

Педагогикалық үдерісте қарқынды немесе ауырлау жүктемеден бала шаршап-шалдығады, ой қызметі талықсиды, мұндайда оқушыны күйзелістен шығарудың бірден-бір жолы - **өзіл, қалжың** пайдалану. Мұғалім **юморы** мұндай жағдайда

бала кейпіндегі күйзелісті бір сәтке ұмыттырып, оқу желісін қалпына келтіреді. Осыдан тәрбиемен айналысатын адам өзінің ғылыми білім қорына жоғары адамилық қасиетті танытатын шешендік, әзілкештік, қалжың және т.с.с. сапаларды қоса меңгергені жөн. Сабақ желісіне орнымен ендіріліп, қолданылған әзіл сын, қалжың сөз, мақал-мәтел, қанатты афоризм, көңіл жадыратарлық күлкі – бәрі де сыныпта ұнамды көңіл пайда етіп, оқу ісін шаттана қабылдауға себін тигізеді.

Педагогтың кәсіби **әдебі** (такт), **әдептілік сезімі** – оқушылармен қатынас түзуде аса қажет ерекше ептілік дүние. Оқушымен қандайда да байланысқа келудегі шама-шарық сақтау осы педагогикалық әдеп пен мұғалімнің әдептілік сезіміне тәуелді. Әдептілік – бұл тәрбиешінің ақылы, сезімі және жалпы мәдениетінің бір шоғырлы, жинақы көрінісі. Педагогикалық әдептіліктің өзегі – тәрбиеленуші тұлғасына болған **сыйластық**. Бала болмысын түсінген педагог нақты жағдайда оған ықпал жасаудың қандай да шарасын таңдай отырып, өзін әдепсіз әрекеттерден сақтандыра алады.

Мұғалімдік қызметте жеке тұлғалық қасиеттер мен кәсіби сапалар арасын жікке айырып болмайды. Кәсіби сапалар негізгі – арнайы білім мен ептіліктер, ой тәсілдері мен іс-әрекет әдістері. Олар арасында ерекше көзге түсетіндер: **оқу пәнін, пәнді оқыту әдістемесін жете меңгеру; психологиялық дайындық, жалпы ой-өріс, дүниетаным; ауқымды мәдениеттілік; педагогикалық шеберлік; педагогикалық еңбек технологиясын жан-жақты білу; ұйымдастырушылық ептіліктері мен дағдылары; педагогикалық әдеп; педагогикалық техника; қарым-қатынас жасай білу; ділмарлық** және т.б. сапалар. Педагогты ең жоғары кәсіби сатысын танытушы сапа – **мұғалімдік еңбекке болған оның сүйіспеншілігі**, ал бұл сапаға ие тұлға өзінің адалдығымен, жанпидалығымен, өзіне және өз кәсіби деңгейіне үздіксіз жоғарылап баратын талап қоя білетін, тәрбиелік істерінің нәтижесінен “жүрек жарды” шаттана алуымен ерекшеленеді.

Қазіргі заман мұғалімінің тұлғалық белгісі – ой өрісінің кеңдігі мен оның ауқымды дүниетанымы. Заман ағымымен теңдей қадам атамын деген әрбір адам өте көп ақпараттан хабардар

болуы қажет. Мұғалім барлық уақытта да еліктеу үлгісі болған. Оған қарап жас әулет өмірлік бағыты мен іс-әрекет бағдарын таңдаған.

Бастауыш мектепте мұғалім – дүниеге саналы көзін енді ашқан оқушы үшін “ұқсап бағар” мұрат (идеал), оның талабы бұлжытпас заң. Кейде ата-насының дәйекті сөзін де місе тұтпай, кішкене оқушының “апайым (ағайым) осылай істейсің деді” – деп, тапжылмай тұрып алатыны осыдан. Бірақ мұғалім тұлғасын балалықпен әсірелеу ұзаққа бармай, бірте-бірте кеми бастайды.

Демократиялық қоғамның гуманистік мектебін құру жолында үлкен кедергі болып тұрған психологиялық-педагогикалық құбылыс – *дидактогения* – оқушыға деген аяусыз қаталдықпен безбүйректік. Сыныпта қалыптасқан мұғалімнің өміршіл қатал қатынасынан оқушы сөйлеймін десе, сөзін таба алмай, тақтаға шықса қалтырап, дірілдеп үлкен психикалық күйзелістен қиналып, жүйке сырқаттарына шалдығатыны осыдан. Мектептегі дидактогения, оның салдарынан болатын оқушылардың дидактогения сырқаты - өткен дәуірде қоғамымызда орын алған келеңсіз жәйттердің қалдығы. Бұдан арылып, адамилық қарым-қатынасты ізгілік деңгейіне жеткізу – бүгінгі мұғалімнің өсіп келе жатқан әулет, бүкіл қоғам алдындағы парызы да қарызы.

Заманымыздың озық педагогы Ш.Амонашвили: “... Мұғалім! Егер сен өз тәрбие әдістеменді гуманистік бастаумен жетілдіріп, жаңалаймын десең, өзіңнің бір заманда оқушы болғаныңды ұмытпа, осыдан, өз шәкірттеріңді басыңнан өткен азаптарға кезіктіре көрме” – деген ұстаздық ұлағатты жан айқайына құлақ түріңіз.

Мұғалім кәсібіндегідей адамға қойылатын талап басқа бірде бір кәсіпке тән емес. Байқасақ, сыныпқа еркін кіріп, “Балалар, сәлем! Мен сіздердің мұғаліміңізбін!” – деп тартынбастан айту үшін өз тәрбиемізге орай талай келелі істерді орындауымыз қажет екені көрініп-ақ тұр.

Мұғалім шеберлігі

Бастауыш мектеп мұғалімінің жұмысын сараптауда ең алдымен назарға алынатын бірігімді сапалар (интеграль-

ные) жиынтығы – **мұғалім шеберлігі**. Бұл ұғымға берілетін анықтамалар санқилы. Ал жалпы мағынада мұғалім шеберлігі – бұл **ете жоғары деңгейдегі әрі ұдайы жетіліп баратын тәрбиелеу және оқыту өнері**. Шеберлік негізі – жеке тұлға мәдениеті, білім мен өрісті дүниетаным және осы сапалармен кіріге ұштасқан педагогикалық техника мен озат тәжірибе. Шеберлікке көтерілудің басты шарттары: теорияны білу, оқу-тәрбие үдерісінің тиімді технологиясын пайдалана білу мен оны нақты жағдайларға орай сәйкестендіре таңдау, көзделген деңгей мен сапаға байланыстыра нақтамау, болжастыру және жобалау.

Педагогикалық шеберліктің құрамды қырлары мен сырлары баршылық. Олардың арасында ең алдымен көрінетін аса қажетті сапа - **ұйымдастырушылық**, яғни оқу үдерісінің қандай жағдайында болмасын, тіпті қолайсыз болған күнде, тәрбие, даму және білімнің алдын ала жоспарланған деңгейіне қол жүргізу. Нағыз мұғалім қалаған сұраққа қалыптан тыс жауап тауып, оқушы көңілінен шығады, оның ойына қозғау салып, толғанысқа келтіре алады. Мұндай ептілікөз пәнін тереңдей білген, өз білгендерін оқушыға жеткізе алатын мұғалімге тән қасиет. Қазіргі заман оқу әдістерін жете меңгеру де осы шеберліктің бір қыры. Ал осының бәріне үйрену мүмкін бе? Шеберлер тәжірибесі мұндай ұстаздық деңгейге көтерілудің кілті мұғалімнің өз бойында болатынын дәлелдеп отыр. Әлбетте, бұл оңай шаруа емес, үлкен күш-қуат жұмсауды қажет етеді. Шеберлікке жету кезеңдері келесідей: озат мұғалімдер тәжірибесін бақылау; үздіксіз біліктілік көтеріп бару, арнайы әдебиеттерді оқу, өз оқу істерінде оқытудың жаңа әдістерін ендіріп бару, өзіндік сарап жүргізіп отыру.

Педагогтың өнері әсіресе сабақ барысындағы **оқыту-үйрету** ептілігінен көрінеді. Тәжірибелі мұғалім бағдарламалық материалды сабақ уақыты аралығында игеруге тырысады, оның үшін үй тапсырмалары – сабақта игерілгенді тереңдету, бекіту, кеңейту амалы. Тәжірибелі мұғалім табыстарының сыры оқушының оқу істеріне басшылық жасай білуінде. Шебер оқытушы бүкіл білімдену үдерісіне дирижерлік ете отырып, оқушы еңбегін материал мазмұнының аса маңызды да күрделі тараптарына бағдарлап отырады.

Шеберліктің және бір маңызды көрсеткіші – оқушыларды **белсенділікке ынталандыра білу**, олардың қабілеттерін, дербестігі мен зерделілігін көтере түсу, балаларды сабақ ба-рысында ой толғастыруға ойыстыру.

Оқу үдерісінде тәрбие жұмыстарын тиімді жүргізе білу, оқушыларда жоғары инабаттылық, ұлтжандылық, отан сүйгіштік сезім, еңбеккерлік, өз әрекет-қылығына жауапкершілік қалыптастыру ептіліктері де – мұғалімдік шеберліктің ажырал-мас элементтерінен.

Шеберлік деңгейінен көріне алмаған мұғалім баланың ой-лануына, пікір жүргізуіне мүмкіндік бермей, өз білгенін оған қандай да жолмен **таңа салуға** ұмтылады. Ал шебер ұстаз сол білім арқылы баланы оқу ләззатына бөлеп, қуанышқа жеткізеді. Мұғалімнің міндеті – оқуға қажет ұнамды көңіл шарпуларының сол оқу үдерісінің өзінен пайда ету. Сол үшін де ол жұмыс түрлерін ауыстырып барады, оқушылардың бел-сенділігіне қозғау салады, жарқын мысалдар, деректер пайда-ланумен бала қызығуларын оятады, т.с.с. Бір жұмыс не әдіс түрін қайталай беруден оқушы жалығады, сондықтан жаңа да соны тәсілдерді шаршамай іздестіру мұғалімнің шартты мін-деті болуы қажет.

Педагогикалық шеберліктің маңызды элементі – жоғары деңгейдегі **педагогикалық техника**. Педагогикалық техни-ка - бұл педагогикалық қызметтестік әдістерін тиімді қолдану үшін мұғалімге қажет білім, ептілік, дағдылар жиынтығы. Педагогикалық техниканы меңгеру үшін педагогика мен пси-хология бойынша арнайы білімдерді, ерекше тәжірибелік дайындықты қажет етеді. Ең алдымен педагогтың игеретіні – балалармен қарым-қатынас, тілдесу ортақтастығы (общение): оқушылармен орынды сөйлесу мәнері мен ортақтасу мәнерін таңдай білу. Балалармен қатынастың қарапайым да табиғи болғаны жөн. Мұғалім жасөспіріммен тілдесуде жалған сөз, құрғақ уағыз бен жасанды ағайынгершіліктен (панибратство) аулақ болғаны дұрыс.

Педагогикалық техниканың құрамды бөлігі – тәрбиешінің **өз зейіні мен балалар зейінін басқара білуі**. Шоғырлы топ-тарда көп санды да санқилы оқу істерін орындауда ешбір нәрсе оның назарынан тыс қалмауы тиіс. Аса маңызды жәйт –

оқушыны әрекет-қылығының сырттай белгілері бойынша оның **жан дүниелік қалпын анықтап білу**. Бұл педагогикалық әрекеттерді таңдауда ескерілетін мұғалімнің басты кәсіби сапаларының бірі: педагогикалық әдеп негізі және тәлім-тәрбие қызметінің тұғыры.

Іс-әрекет қарқынын сезе білу де – педагог үшін маңызды сапа. Оқу-оқыту, жалпы тәрбиелеу барысындағы мұғалім қателіктерінің көбі өз әрекет қарқындылығы мен педагогикалық шешімдерін барластырып, өлшестіре алмауынан туындайды: не асығады, не кешігеді, ал бұл қай жағдайда да педагогикалық ықпалдың тиімділігін кемітеді.

Педагогикалық техника ептіліктері мен дағдыларының үлкен тобы тәрбиешінің оқушылар тарапынан болған қандай да қылық-әрекеттерге немесе оларда байқалған моральдық қасиеттерге деген өз субъектив бағасын **әсерлі білдіре алу тәсілдерінен** құралады. Педагог еш уақытта бейтараптыққа салынуы мүмкін емес. Ол өз шәкірттерінің өнегелі істеріне шаттанады, жарамсыз қылықтарынан күйзеледі. Оның толғанысы бала әрекетінің шынайы бағасы. Бұл тұрғыдан, педагог шеберлігі қандай да бір қырымен актерлік шеберлікпен ұштасады. Педагогтың балаға қаратылған сөзі өтініш те, мінеу де, қолдау да, бұйрық та болуы ықтимал. Педагог кез келген уақытта тек өз рөлін “ойнайды”, сондағы мақсаты біреу-ақ - тәрбиеленушіге дұрыс ықпал жасау.

Педагогикалық ортақтасу – балалармен байланыс-қатынас түзу құралы. Осыдан оны мұғалім мен оқушы арасындағы сенімді байланыс орнықтыруға бағытталған педагогикалық кәсіби өзара ықпалды әрекет деп түсіндіруге де болады. Бұл орайда мұғалім үшін аса маңызды болатын жағдаяттар: сөз саптау, сөйлеу мәдениеті, дауыс қоя білу, өз дауысын, ым-ишарасын, сөз барысында тыныстап білу деңгей ептіліктерін басқарымға келтіре алуы. “Мен “бермен кел” дегенді 15-20 түрге құбылта айтып, қол, дене, бет-әлпет қозғалыстарымды 20 түрге келтіріп, сезімді білдіре алатындай кезде ғана, шеберлігімнің қалыптасқанын байқадым” - деп жазыпты А.С.Макаренко.

Педагогикалық ортақтасу мәселелері әлемдік педагогикада жоғары белсенділікпен зерттелуде. Жақын арада жарияланған американ педагогтары Дж.Брофи және Т.Гуддтың “Мұғалім

мен оқушы арасындағы қатынас” кітабында оқушыларға болған таңдамалы қатынаста көрінетін мұғалімнің “субъектив” пайымдау ерекшеліктері талданады. Белгілі болғандай, мысалы, педагог өзі тәуір көретін оқушыларға көбірек назар салады екен. Қаламаған оқушылары оның назарынан тыс қалып, мұғалім “шуағын” сезіне алмайды. Мұғалімнің жақсы көретіндері данагөй, тәртіпті, тіл алғыш оқушылар. Енжарлар мен ынжықтар тіпті де еленбейді. Ал тәуелсіз, өжет, белсенді оқушылар мұғалімге ұнай бермейді. Қарым-қатынас түзуде оқушының сырттай тұрпаттық әдемі көрінісі де маңызды келеді.

Дж.Брофи мен Т.Гудд анықтағанындай, мұғалім:

– алдыңғы партада отырған балалармен ырықсыз көп қатынас жасауға ұмтылады;

– олардың бағасын да жоғарылатып қоюға әрекеттенген;

– жазуы әсем балаларды көбірек құрметтейді;

– ұқыпты да әдемі киінген оқушыларға көбірек назар аударады;

– әйел мұғалімдер көбіне ұл балалар бағасын жоғарылау береді;

– ер мұғалімдер сүйкімді, сұлу қыз шәкірттерінің бағасын көтермелейді ж.т.б.

Педагогикалық ортақтасуға орай мұғалімдердің үш тобы анықталған: “белсенді”, “көңілшек” және “әсіре белсенді”. Біріншілері - қатынас түзуде ынталы, әр оқушымен жеке қатынас жасауға шебер, тәжірибе, жағдайға орай әрекеттері ауысып барады. Өзінің қандай мақсат қойып, оған қалай жететінін біледі, түсінеді. Екіншілері де өз көрсетпе-талаптарын икемділікпен пайдалана алады, бірақ көңілшектіктен әлсіз. Қатынастар түзуде балалар жетегінен шыға алмай қалады. Мақсаттары күңгірт, мінезі – икемшіл, тұрақты көзқарасы, бағыты жоқ. “Әсіре белсенді” мұғалім өз оқушыларын шектен тыс жоғары бағалауға бейім, баламен қатынасының көбі шындыққа жанаспайтын кейіпке түсіп кетеді. Оның бағалауында сәл белсенді бала – бұзақы да тәртіпсіз, ал енжар оқушы – жалқау да ақымақ. Мұндай мұғалімнің қылық-әрекеті де өз шәкіртіне қойған бағасына сай: нақты оқушыны өз өлшеміне сәйкес көремін деп шектен шыққан қылықтарға бой ұрады.

Педагогтың басты қаруы – сөзден басқа оның құрал-жабдық қорында бір топ сөздік емес (вербалды емес) тілдесу-ортақтасу шаралары жинақталған. Олар: тұрпат кейпі, ым-ишара, қол, көз сілтемелері. Зерттеулерге қарағанда мұғалімнің міз бақпас бетінде ақиқаттың 10-15 %-ті жойылады екен. Балалар өз ұстазының қас-қабағын сезгіш-ақ. Оның бетінің бозаруы мен түксиген қабағынан істің қандай да насырға шапқанын сезіп, оқу қарқынын бәсеңсіріп, нәтижені алыстатады. Мұғалімнің бетін көлеңкелеп, назарын тайдыруы немесе кекірейе бой тіктеп, мықынын таянуы балалар тарапынан оның сенімсіздігі, келіспейтіндігі, қарсылығы ретінде қабылданады. Тік тұрғанда алақандары ашық болып, отырғанда аяқ-қолы жайбарақат жайласа, балалар мұны оқытушының сенімі, келісімі, өздеріне деген болымды қатынас деп сезінеді. Мұның бәрі оқушылар тарапынан бейсана қабылданады.

Шабыт, қуаныш не сенімсіздік жоғары дауыспен жеткізілсе, ашу, қорқыныш-айқаймен бірге жүреді, ал қайғы мен шаршау жұмсақ та бәсеңсіген дауыспен жеткізіледі. Есіңізге түсіріңіз, кейбір мұғалімдеріңіздің шарбая не ысқырған дауысынан қаншалықты сескеніп, үріккеніңізді. Мұндай дауысты адам педагогикалық қызметке тіпті де жарамайды. Өлбетте, өзіндік тәрбиемен, тұрақты өзіндік жетілдіру жаттығуларымен адам бойындағы көп нәрсені өңдеуге болады. Сөйлеу желісі де мұғалім сезімін білдіреді: жылдам сөз – толқу мен күйзеліс, жай сөз – шаршағандықты, менмендікті, көңіл қараштығын танытады.

Бас сипау, жанасу, қол алысу, иықтан, жауырыннан қағу да өз мәніне ие. Мұндайда әсіресе бір жағы кем отбасы балалары жақсы қабылдап, педагогты жоқ әкесі не анасының кейпінде таниды. Тентек пен қыңырды не өкпелегіш баланы басынан сипап, қандай да бір басқа тәсілдердің бәрімен жетісе алмаған құрметке бөленесіз. Бұл әр педагогтың қолынан келе бермейтін әдіс, мұны тек бала сеніміне толық кірген мұғалім ғана жасай алады.

Мұғалімнің баламен нақты қатынастағы педагогикалық екеу ара қашықтығы (дистанция) келесідей белгіленген:

– тікелей жеке-дара сөйлесуге мұғалім – оқушы арасы 45-120 см-ге дейін;

– сынып тобымен ресми сөйлесуде – 120-400 см-ге дейін.

Сөйлесудегі аралық қашықтықтардың ұдайы өзгерістерде болуы педагогикалық еңбек ерекшеліктерінен, себебі педагог әрдайым нақты шарттар мен жағдайларға икемдесуі қажет.

Қол сілтемелерін де ұмытпаңыз! Қол ұшы қозғалысы мен шошайған бармақ әңгімеге жан береді не қатынасты қарапайымдастырады (не қиындастырады). Мысалы, ашық алақан адамды өзіне тартады. Айқастырылған аяқтар, артқа тартылған не қалтадағы қолдар – сұхбаттастар арасына кедергі салады. Сұқ бармақты көп шошаңдата бермеңіз – бұл басымдылық пен әміршілдіктің белгісі. Қаламыңыз бен көзілдірігіңізді сипалақтап, бармағыңызбен столды тоқылдатып, аяқтарыңызды тықылдата бермеңіз – бұл сіздің шыдамсыздығыңыз бен сенімсіздігіңізді байқатып, әңгіме желісінен ауытқытады. Мұғалім назары айнада не кітапта болмай, кезегімен оқушыларына бағытталғаны жөн. Сонда ғана балалар сіздің көңіліңіздің өздерімен бір екеніне сенеді, сізбен бірлікте жұмыс жасауға дайын тұрады.

Қорытындылай келе, айтарымыз – бәрі шеберлікке тәуелді. Ал шеберліктің өзі ұзаққа созылған тыңғылықты, өзін жасауға бағышталған мұғалім еңбегінің нәтижесі. Кейбір мұғалім оқушыларының қимылсыз тыңдап, тыныш отырғанын, жазып не оқып үлгеріп жатқанын қанағат тұтып, артық іс-әрекетке бара бермейді. Мұндай мұғалім еш уақытта да бала көңілін жылыта алмайды, оған бала жүрегінде орын жоқ. Мұғалім болдың ба – кәсібіңді арғымақша ерттеп, мін, өз ісіңнің шебері бола біл.

Өзіңізді тексеріңіз

1. Мұғалім сөзінің анықтамасын беріңіз?
2. Мұғалімнің жалпы педагогикалық міндеттері қандай?
3. Педагогикалық басқарым әрекеттерін атаңыз?
4. Мұғалімге қойылатын талаптар қандай?
5. Мұғалімге тән қасиеттер тобын сипаттаңыз?
6. Оқушылардың бағалауы бойынша мұғалімнің ең үздік сапа-қасиеті қандай?
7. Педагогиканың қабілеттер неден құралады?
8. Басты мұғалімдік қабілеттер деп қандай қабілеттерді атар едіңіз?
9. Педагогтың кәсіби сапаларының мазмұнын ашыңыз.
10. Мұғалімнің адамилік қасиеттерінің мазмұны қандай?
11. «Педагогикалық шеберлік» түсінігі нені білдіреді?
12. Педагогикалық қарым-қатынастар ерекшелігі неде?
13. Мұғалімнің жүйеленген шеберлігі дегенді қалай түсіндірер едіңіз?
14. Педагогикалық шеберлік құрамына не кіреді?
15. «Педагогикалық ұсынақтылық (техника)» деген не?
16. Педагогикалық әдет мәнін ашыңыз.
17. Өзіл-сықақ педагогқа қажет пе?
18. Мұғалім қызметіне байланысты негізгі ерекшеліктердің мәнін түсіндіріңіз.

Қазақ тілінде жарияланған әдебиеттер:

1. *Ақпанбек Г.* Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы, Қазақ университеті, 1989.
2. *Айтмамбетова Б.* Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – А., 1991.
3. *Айтмамбетова Б., Бозжанова К., т.б.* Балаларды семьяда адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. – Алматы, 1985.
4. *Айтмамбетова Б., Бейсенбаева.* Тәрбиенің жалпы әдістері. – А., 1991.
5. *Айғабылова Н.* Бала мінезінің қалыптасуы және оны тәрбиелеу жолдары. – А., Өнер. 1972.
6. *Ахметов Ж.* Балаларды мәдениеттілікке тәрбиелеу жолдары. // Қазақстан мұғалімі, 18 ақпан, 1994.
7. *Алмаханова Х.* Жасөспірімдерге эстетикалық тәрбие беру. / Методикалық нұсқау. А., 1990.
8. *Ақназарова Б.* Класс жетекшісі. – А., Мектеп, 1973.
9. *Әбенбаев С.* Оқушы жастарға эстетикалық тәрбие беруді жетілдіру. – А., 1992.
10. *Әбенбаев С.* Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі. – А., 1999.
11. *Әбдіразақов Е.* Адамгершілік, имандылық тәрбиесі. – Шымкент, 1994.
12. *Әбиев Ж.* Педагогика тарихы. Алматы, 2006.
13. *Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А.* Педагогика. – Алматы: «Дарын», 2004.
14. *Әбиев Ж.* Жаңа адамды қалыптастыру. – Алматы, 1988.
15. *Әбиев Ж.* Еңбек тәрбиесінің педагогикалық негіздері. – Алматы, 1997.
16. *Әбиев Ж.* Оқушыларға атеистік тәрбие беру. Алматы, // Қазақстан мектебі, 1959, № 3.
17. *Әбілова З.* Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру. – А., 1972.
18. *Әбілова З.* Этнопедагогика, – А., 1997.
19. *Әтемова Қ.* Ата-аналар жиналысының мәні. Қаз. мем. 1-1996.
20. *Бабаев С., Оңалбек Ж.* Жалпы педагогика. Оқулық. Алматы, Заң әдебиеті, 2005.
21. *Бал-Баба С.* Жалпы психология. Алматы, 2006.
22. *Бал-Баба С.* Психология негіздері. Оқу-анықтамалық құрал. Алматы, 2007.
23. *Болдырев Н.* Класс жетекшісі. – А., Мектеп, 1980.
24. *Богословский В.* т.б. Жалпы психология. – А., Мектеп, 1980, 13 тарау.
25. *Безкаравайный С., Жұмабаев А.* Мектепте өткізілетін тарихи-әдеби кештер. – А., Мектеп, 1968.
26. *Бержанов Қ.* Оқу-ағартудағы халықтар достығы. Алматы, 1976.
27. *Дорженов С.* Бүгінгі ислам. – Алматы, Білім қоғамы, 1988.

28. *Дүйсенбинова*. Адамгершілік тәрбиесіне айқын бағыт. // Қазақстан мектебі. 7-1991 ж.
29. *Елеменов С., Күктілеуов А.* Жастарға арналған праволық білім беру негіздері. – А., 1985.
30. *Егембердиев Ж.* Мектеп жұмыстарын жоспарлау / Методикалық ұсыныстар. – А., Мектеп, 1975.
31. *Жұмаханов Ә.* Семьяда балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің кей-бір мәселелері. – А., 1985.
32. *Жас ұрпаққа адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру концепциясы.* // Қазақ мұғалімі, 1-тамыз, 1989.
33. *Жақыпов А.* Өнеге өрісі. – А., Мектеп, 1975.
34. *Жұмабаев Ә.* Ата-аналар жауапкершілігі. – А., 1977.
35. *Иванова Н., Қозғамбаева М.* Оқыту процесінің мәні. – Алматы, 1991.
36. *Керімов Л.* Праволық тәрбие жүйесі. (11-лекция). – А., 1991.
37. *Капралов Р.* Класс жетекшісінің жұмысы. – А., 1983.
38. *Классный час и его организация.* – А., Мектеп, 1989.
39. *Капралова Р.* Сынып жетекшісінің ата-аналармен жүргізетін жұмысы, – А., 1973.
40. *Керімов Л.* Қиын бала және оны қайта тәрбиелеу. – иА., 1990.
41. *Кәлжасарова М.* Оқушыларды класстан тыс жұмыстарда коллективизмге тәрбиелеу. А., Мектеп, 1978.
42. *Көшекбаев Н.* Оқыту теориясы. – Алматы, Мектеп, 1976.
43. *Крупская Н.* Көркемдікке тәрбиелеудің міндеттері туралы. Таңдамалы педагогикалық шығармалары. – А., 1973.
44. *Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р.* Педагогика. – Астана, 1998.
45. *Лемберг Р.* Оқыту әдістері. – Алматы, 1958.
46. *Макаренко А.* Ұстаздық дастан. – А., 1985.
47. *Макаренко А.* Ата-аналар кітабы. – А., 1985.
48. *Мурзалин С.* Рухани байлық. – А., / Қазақстан, 1988.
49. *Махмудов М.* Мектепте проблемалы оқытуды ұйымдастыру. – Алма-ты, 1981.
50. *Нысанбаев Ә., Әбжанов Т.* Ой. Ақыл. Адамгершілік. – А., Білім, 1994.
51. *Нұрғалиева Г.* Оқыту әдістері. Алматы, 1991.
52. *Нұрмағанбетов С., Овчинникова Р.* Мектептегі кластан тыс жұмыстар. – А., Мектеп, 1969.
53. *Нұрланова Г.К.* Орта ғасыр ғұламаларының тәрбие тағылымдары. – Алматы, // Қазақстан мектебі, № 7. 2003 ж.
54. Оқушыларды сабақтан тыс уақытта тәрбиелеу. – А., Мектеп, 1975. / Құрастырған: Қырқалов В. П., Шпитальник П.Э.
55. Оқушыларды сабақтан тыс уақытта тәрбиелеу. – А., Мектеп, 1975. / Құрастырған: Қырқалов В.П., Шпитальник П.Э.
56. Оқушыларды тәрбиелеудің үлгі мазмұны. /Редакциясын басқарған И.С. Макаренко. Аударған З. Бейсенбаев/. – А., Мектеп, 1978.
57. Положения о рейтинготестовой контроля качества знаний, навыков и умений студентов. – Алматы, Казгумя, 1996.

58. Педагогикалық басшылық. // Бастауыш мектеп. Т. 1, 1987.
59. Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы. / Ред. басқарған А. Петровский. – А., Мектеп, 1987.
60. *Сабыров Т.* Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. – Алматы, Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының баспа кабинеті, 1999.
61. *Сухомлинский В.* Балаларға жүрек жылуы. – А., 1976. // Қуаныш мектебі.
62. *Сабыров Т.* Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары –А., Мектеп, 1978.
63. *Сабыров Т.С.* Ақыл-ой тәрбиесі – А., Мектеп, 1973.
64. *Сейталиев К.* Тәрбие теориясы. – Алматы, 1986.
65. *Сухомлинский В.А.* Мектептің жас директорларымен сырласу. – А., 1987.
66. *Сапарғалиев Г.* Оқушыларға праволық тәрбие беру туралы. – А., 1988.
67. *Смайылова М.* Тәрбие жұмысын жоспарлау туралы. // Қазақстан мектебі, № 10, 1988, 29–30 беттер.
68. *Сабыров Т.* Оқыту теориясының негіздері. – Алматы, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі баспаханасы, 1992.
69. Сабақ беру тиімділігін арттыру / Құрастырған Б. Сманов. – А., 1989.
70. *Төлеубеков А.Р.* Адамгершілік тәрбиесінің негіздері. – Алматы, 1991 ж.
71. *Ұзақбаева С.* Эстетикалық және экономикалық тәрбие негіздері. – А., 1991.
72. *Ұзақбаева С.* Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. – А., 1990.
73. Ұстаздың шеберлікке жету жолдары. / Құрастырған Ж. Нұржанова. – Алматы, 1991.
74. *Хрипова А., Колесов Д.* Жаманнан жирен. – А., 1988.
75. *Шешенханова М.* Мектеп басқарудың демократиялық алғышарттары // Қазақстан мектебі журналы, 1993.
76. *Ильясова А.* Класс жетекші жүргізетін тәрбие жұмысының жүйесі. – А., 1991.

Орыс тіліндегі қосымша әдебиеттер:

1. *Азаров Ю.П.* Радость учить и учиться. – М., 1969.
2. *Амонашвили Ш.А.* Личность-гуманная основа педагогического процесса. – Минск, 1990.
3. *Амонашвили Ш.А.* Размышления о гуманной педагогике. – М., 1996.
4. *Амонашвили Ш.А.* Здравствуйте, дети. – М., 1983.
5. *Амонашвили Ш.А.* Как живете, дети? – М., 1996.
6. *Амонашвили Ш. А.* Воспитательная и образовательная функции оценки учения школьников. – М., 1984.
7. *Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А.* Педагогика. – Алматы: «Дарын», 2004.
8. *Бабанский Ю.К.* Избранные педагогические труды. – М., 1989.
9. *Бабаев С., Оңалбек Ж.* Жалпы педагогика. Алматы, «Заң әдебиеті», 2005.
10. *Бардин К. В.* Как научить детей учиться. – М., 1987.
11. *Баранов С.П.* Принципы обучения. – М., 1975.
12. *Бабанский Ю.К.* Избранные педагогические труды. – М., 1989.
13. *Берулава М.М.* Гуманизация образования: проблемы и перспективы. – Бийск, 1995.
14. *Беспалько В.П.* Педагогика и прогрессивные технологии обучения – М., 1995.
15. *Беспалько В.П.* Слагаемые педагогической технологии. – М., 1989
16. *Белкин А.С.* Ситуация успеха. Как ее создать. – М., 1991.
17. *Бузрименко Е.А., Цукерман Г.А.* Чтение без предупреждения. – М., 1991.
18. *Благо К., Шебек М.* Я – твой ученик, ты – мой учитель. – М., 1991.
19. *Брайан С.* Общество и образования. – М., 1989.
20. *Будницкая И.И., Катаева А.А.* Ребенок идет в школу:
21. *Вантеева Л.Д.* Компьютерное тестирование как одна из формы контроля в начальной школе // Нач. шк. – 1999. – № 5.
22. Введение и научное исследование по педагогике. - М., 1988.
23. *Волков И.П.* Цель одна – дорог много. – М., 1990.
24. *Воропаева И.П.* Коррекция эмоциональной сферы младших школьников. – М., 1993.
25. *Владиславлев П.А.* Система образования в европейских странах. СЭВ. –М., 1989.
26. *Волков И.П.* Цель одна – дорог много. – М., 1990.
27. *Воронаева И.П.* Коррекция эмоциональной сферы младших школьников. – М., 1993.
28. *Вульффов Б.* Основы педагогики в лекциях, ситуациях. – М., 1997.
29. *Выготский Л.С.* Педагогическая психология. – М., 1996.
30. *Выготский Л.С.* Педагогическая психология. – М., 1991.

31. *Гуревич К.М.* Индивидуально-психологические особенности школьников. – М., 1988.
32. *Грищенко Н.В.* Интегрированный урок по русскому языку и природоведению // Нач. шк. – 1995. № 11.
33. *Гузин Н. П.* Учить- и учиться. – М., 1981.
34. *Гуткина Н.И.* Психологическая готовность к школе. – М., 1991.
35. *Глассер У.* Школа без неудачников: Пер с англ. – М., 1991.
36. *Граник Г.Г., Концевая Л.А., Бондаренко С.М.* Когда книга учит. – М., 1991.
37. *Дусавицкий А.К.* Формула интереса. – М., 1989.
38. *Дубинин Н.П.* Что такое человек. – М., 1983.
39. *Десяткова Т.Н.* – Введение национально-регионального компонента в курс начальной школы // Нач.шк. – 1998. –№ 2.
40. *Джайнотт Х. Дж.* Родители и дети. – М., 1986.
41. *Дьяченко В.К.* Сотрудничество в обучении. – М., 1991.
42. *Егошина Е.В.* Методика исследования мотивов учения // Нач.шк – 1995. – № 5.
43. *Журавлев И.К.* Педагогика в системе наук о человеке. – М., 1990.
44. *Занков Л.В.* Дидактика и жизнь. – М., 1968.
45. *Загвязинский В.И.* Педагогическое творчество учителя. – М., 1987.
46. *Занков Л:В.* Дидактика и жизнь. – М., 1968
47. *Зорина Л.Я.* Программа – учебник-учитель. – М., 1989.
48. *Загвязинский В.И.* Педагогическое творчество учителя. – М., 1987.
49. *Занков Л.В.* Дидактика и жизнь. – М., 1968.
50. *Зельманова Л.* Уроки риторики в 1-м классе с использованием компьютерной программы // Нач. шк. – 1998 № 2.
51. *Ильин Е.* Рождение урока. – М., 1986.
52. *Ивочкина Н.В.* Коррекционные возможности народной игры // Нач. шк. – 1998. – № 12. – с. 25-32.
53. *Ивочкина Н.В.* Коррекционные возможности народной игры // Нач. шк. – 1998 – №12. – с. 25-32.
54. *Ильин Е.Н.* Путь к ученику. – М., 1998.
55. *Иванов И.П.* Энциклопедия коллективных творческих дел. – М., 1975.
56. *Каракровский В.А.* Любимые мои ученики. – М., 1987.
57. *Кумарина Г.Д.* Компенсирующее обучение // Нач.шк – 1995. № 3.
58. *Каракровский В.А.* Любимые ученики. – М., 1987.
59. *Коломинский Я.Л., Панько Е.А.* Учителю о психологии детей шестилетнего возраста. – М., 1988.
60. *Қоянбаев Р, Қоянбаев Ж.* Педагогика, Алматы, 2004.
61. *Краецова Е.Е.* Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе. – М., 1991.
62. *Коломинский Я.Л., Панько Е.А.* Учителю о психологии детей шестилетнего возраста. – М., 1988.

63. *Кравцова Е.Е.* Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе. – М., 1991.
64. *Караковский В.А.* – Любимый мой ученик. – М., 1987
65. Контроль и оценка результатов обучения в начальной школе // Нач. шк – 1999 № 4.
66. *Корчак Януш.* Как любить детей.– М., 1969.
67. *Леонтьев А.Н.* – Деятельность, сознание, личность. – М., 1975
68. *Лысенкова С.Н.* – Когда легко учиться. – М., 1981
69. *Люблинская А.А.* Учителю о психологии младшего школьника. – М., 1977.
70. *Леонтьев А.Н.* Потребности, мотивы и эмоции. – М., 1971.
71. *Лысенкова С.Н.* Методы опережающего обучения. – М., 1989.
72. *Лысенкова С.Н.* Методом опережающего обучения. – М., 1988
73. *Лысенкова С.Н.* Когда легко учиться. – М., 1981
74. *Лысенкова С. Н.* Когда легко учиться. – М., 1985.
75. *Масару Ибука.* После трех уже поздно. – М., 1991.
76. Мир детства: младший школьник // Под ред. А.Г.Хрипковой. – М., 1988.
77. *Макеева С.Г.* Материалы к социально-нравственному портрету младшего школьника. // Нач. шк. – 1999. – № 4.
78. *Маркова А.К., Матис Т.А., Орлов А.Б.* Формирование мотивации учения – М., 1990.
79. *Михайлов Ф.И., Казакова Е.И.* Школа – взгляд на мир. – Л., 1989.
80. *Махова И.К.* Урок-исследование в начальной школе // Нач. шк. – 1996. – № 12.
81. *Мухина В.С.* Шестилетний ребенок в школе. – М., 1996.
82. *Марченкова В.А.* Формирования милосердия у детей // Нач. шк. 1999 – № 5.
83. *Никитин Б., Никитина Л.* Мы и наши дети и внуки. – М., 1989.
84. *Оконь В.* Введение в общую дидактику. – М., 1990.
85. О новых программах параллельных курсах и учебно-методических комплектах для начальной школы // Нач.шк. – 1996. – № 10, 1997. – № 8, 1998. – № 8.
86. *Лидкасистый П.И., Коротяев Б.И.* Педагогика как система научных теорий. – М., 1988.
87. Психология и педагогика / Сост. А.А.Радугин. – М., 1996.
88. *Подласый И.П.* Диагностика и экспертиза педагогических проектов. – Киев, 1998.
89. *Петерсон Л.Г.* Программа по математике для трехлетней и четырехлетней начальной школы // Нач.шк. – 1996. – №11.
90. *Поташник М.М.* Как развивать педагогическое творчество. М., 1987.
91. *Паламарчук В.Ф.* Школа учит мыслить. – М., 1987.
92. *Подласый И.П.* Как подготовить эффективный урок. – Киев, 1989.
93. *Поташник М.М.* Как развивать педагогическое творчество. – М., 1987.

92. Педагогический поиск. – М., 1988
93. *Поташына М.М.* Как развивать педагогическое творчество.– М., 1987.
94. Педагогический поиск. – М., 1989.
95. *Полонский В. М.* Оценка знаний школьников. – М., 1982.
96. *Раченко И.Л.* НОТ учителя. – М., 1982
97. *Раченко И.Л.* НОТ учителя. – М., 1982.
98. *Скалова Я.* Методология и методы педагогических исследований. – М., 1989.
99. *Соловейчик С.* Педагогика для всех. – М., 1989.
100. *Спок Бенджамин.* Ребенок и уход за ним. – М., 1985.
101. *Скаткин М.Н.* Школа и всестороннее развитие детей. – М., 1980.
102. *Скаткин М.Н.* Школа и всестороннее развитие детей. – М., 1980.
103. *Соловейчик С.Л.* Вечная радость. – М., 1986.
104. *Соловьева Т.А.* Основы технологии развития интеллекта младшего школьника в учебном процессе // Нач. шк. – 1997. № 12.
105. *Савченко А.Я.* Дидактика начальной школы. – Киев, 1997.
106. *Световская И.И.* Методика внеклассного чтения. – М., 1991.
107. Современная дидактика: теория-тәжірибе / Под ред. И.Я. Лернера, И.К.Журавлева – М., 1994.
108. *Снайдер М., Снайдер Р.* – Ребенок как личность. – М., 1984.
109. *Савченко А.Я.* Дидактика начальной школы. – Киев 1997.
110. *Скаткин М.Н.* Проблемы современной дидактики. – М., 1984.
111. *Скульский Р.П.* Учиться быть учителем – М., 1986.
112. *Соловейчик С.Л.* – Педагогика для всех. – М., 1987
113. *Солдатов Г.* Оценки и отметки // Нач. шк. – 1998. № 2.
114. *Скульский Р.П.* Учиться быть учителем. – М., 1986
115. Типовое положение об образовательном учреждении для детей дошкольного и младшего школьного возраста // Нач. шк. – 1998. № 2.
116. Управление развитием школы / Под ред. М.М. Поташника и В.С. Лазарева. –М., 1995.
117. Учителю о педагогической технике / Под ред. Л.Н. Рувинского. – М., 1993.
118. *Фридман Л. М., Волков К. Н.* Психологическая наука – учителю. – М., 1985.
119. *Филонов Г.Н.* Формирование личности: проблема комплексного подхода в процессе воспитания школьников. – М., 1983.
120. *Харитонова Л.А.* Проблемные ситуации на уроках природоведения // Нач. шк. – 1998, – №4.
121. *Хантер Б.* Мои ученики работают на компьютерах. – М., 1989.
122. *Шаталов В.Ф.* – Точка опоры. – М., 1987
123. *Шакуров Р.Х.* Творческий рост педагога. – М., 1985.
124. *Шаталов В.Ф.* Куда и как исчезли тройки. – М., 1980.
125. *Шаталов В.Ф.* Точка опоры. – М., 1987.
126. *Шакуров Р.Х.* Творческий рост педагога. – М., 1985.
127. *Эльконин Д.Б.* Как учить детей читать. – М., 1991.



*Сəбет Балтабайұлы Бабаев
(Бап-Баба)*

**Профессор С.Б.Бабаевтың авторлық
еңбектері жөніндегі
МӘЛІМЕТТЕР**

Сәбет Балтабайұлы Бабаев (Бап-Баба) 28.09.1940 жылы Қарақалпақстан Республикасы Нүкіс қаласында туылған. 1965 жылы Қарақалпақ Мемлекеттік педагогикалық институтын, 1969-1972 жылдары ССРО педагогикалық ғылымдар академиясының аспирантурасын бітірген.

Еңбек жолы: Қарақалпақстан педагогикалық институты, Нүкіс университеті (1965-1992), Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (1992 жылдан бастап қазіргі күнге дейін).

Атақ-дәрежелері: педагогика ғылымдарының кандидаты (1972 ж.), доцент (1984 ж.), ХҚТУ профессоры (2003 ж.), Өзбекстан Республикасы Білім министрлігінің Қары-Ниязов атындағы медалімен марапатталған (1985 ж.).

Еңбектері: 90-нан астам ғылыми еңбектердің авторы. 30-дан астамы қазақ, қарақалпақ, орыс тілдерінде жарияланған оқулық, оқу құралдары, 60 ғылыми, ғылыми-көпшілік, ғылыми-әдістемелік мақалалар. Қазақ тілінде соңғы он жылдықта жарық көрген ғылыми-әдістемелік мақалалар саны – 14.

Республикада қазақ тілінде жарық көрген оқулық, оқу құралдары:

1. Психология. Оқу құралы. Түркістан, 1998 ж. 94 бет;
2. Педагогика. Оқу құралы. Түркістан, 1999 ж. 88 бет;
3. Психология негіздері. Оқу құралы. Түркістан, 2000 ж. 120 бет;
4. Жантану негіздері. Дәрісбаян жинағы. Алматы, Дәнекер, 2001 ж. 360 бет;
5. Жалпы психология. Дәрісбаян жинағы. Алматы, Дарын, 2003 ж. 340 бет;
6. Жалпы психология. 1001 тест. Алматы, Дарын, 2004 ж. 96 бет;
7. Жалпы психология. Дәрісбаян жинағы. Алматы, Заң әдебиеттері, 2004 ж. 350 бет;
8. Жантану негіздері. Дәрісбаян жинағы. Алматы, Заң әдебиеттері, 2004 ж. 350 бет;

9. Жалпы психология. 1001 тест. Алматы, 2004 ж. 120 бет;
10. Педагогика. Оқулық. Алматы, Дарын, 2004 ж. 420 бет;
11. Жалпы педагогика. Оқулық. Алматы, Заң әдебиеттері. 260 бет;
12. Жалпы психология. Дәріс тақырыптарын шұғыл тексеру тестілері. Кентау, 2005 ж. 62 бет;
13. Психология. Мемлекет аралық бақылауға дайындық тестілері. Кентау, 2005 ж. 32 бет;
14. Психология негіздері. Оқу-анықтамалық құрал. Кентау, 2005 ж. 104 бет;
15. Бастауыш мектеп педагогикасы. Алматы, Заң әдебиеттері, 2007 ж. 450 бет;
16. Психология негіздері. Оқу-анықтамалық құрал. Алматы, Заң әдебиеттері, 2007 ж. 120 бет.

Электронды оқулықтары:

1. Жантану негіздері. Алматы, Нұр-пресс. 2004 ж.;
2. Жалпы психология. Алматы, Нұр-пресс. 2004 ж.;
3. Педагогика. Алматы, Нұр-пресс. 2005 ж.;
4. Жалпы педагогика. Алматы, Нұр-пресс. 2005 ж.;
5. 1001 тест. Жалпы психология. Алматы, Нұр-пресс. 2006 ж.;
6. Бастауыш мектеп педагогикасы. Алматы, Нұр-пресс. 2007 ж.;
7. Психология негіздері. Алматы, Нұр-пресс. 2007 ж.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1-ТАРАУ. Бастауыш мектеп педагогикасының пәні мен міндеттері	
Тірек конспект – сөздік	5
Педагогика тәрбие жөніндегі ғылым	8
Педагогиканың пайда болуы және дамуы	10
Педагогиканың негізгі ұғымдары	17
Педагогикалық ағымдар	21
Педагогикалық ғылымдар жүйесі	26
Педагогикалық зерттеулер әдістері	28
Өзіңізді тексеріңіз	34
2-ТАРАУ. Дамудың жалпы заңдылықтары	
Тірек конспект – сөздік	35
Тұлғаның даму үдерісі	39
Нәсілдік және қоршаған орта	41
Даму және тәрбие	46
Табиғи сәйкестік принципі	48
Іс-әрекет және тұлға дамуы	51
Даму нақтамасы	54
Өзіңізді тексеріңіз	58
3-ТАРАУ. Бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктері	
Тірек конспект – сөздік	59
Жастық кезеңдер реті	61
Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы	65
Кіші мектеп жасындағы баланың дамуы	72
Бастауыш мектеп оқушыларының даму теңсіздігі	78
Бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеу жеке-дара ерекшеліктерді ескеру.....	81
Өзіңізді тексеріңіз	84
4-ТАРАУ. Бастауыш мектептегі педагогикалық үдеріс	
Тірек конспект – сөздік	85
Тәрбие мақсаты	87
Тәрбие міндеттері	95
Тәрбие ұйымдастыру	102
Педагогикалық үдерістің кезеңдері	105
Педагогикалық үдерістің заңдылықтары	108
Өзіңізді тексеріңіз	111
5-ТАРАУ. Бастауыш мектептегі оқу мәні мен мазмұны	
Тірек конспект – сөздік	112
Оқу үдерісінің мәні	116
Дидактикалық жүйелер	119
Оқу құрылымы	128
Оқу мазмұны	133
Мазмұн элементтері	141

Оқу жоспарлары мен бағдарламалары	143
Оқулықтар және оқу құралдары	145
Өзіңізді тексеріңіз	148
6-ТАРАУ. Бастауыш мектептегі оқу сеп-түрткілері	
Тірек концепт – сөздік	149
Оқу-үйренуге ынталандырушы күштер	151
Бастауыш мектеп оқушыларының қызығулары	155
Сеп-түрткілердің қалыптасуы	158
Оқуға ынталандыру	165
Ынталандыру ережелері	166
Өзіңізді тексеріңіз	176
7-ТАРАУ. Оқу принциптері мен ережелері	
Тірек концепт – сөздік	177
Принциптер және ережелер жөнінде түсінік	179
Саналылық және белсенділік принципі	183
Қорнекілікпен оқыту принципі	186
Жүйелілік және бірізділік принципі	188
Беріктік принципі	191
Түсініктілік принципі	194
Ғылымилық принципі	196
Көңіл-күй ескеру принципі	198
Теория мен тәжірибені байланыстыру принципі	200
Өзіңізді тексеріңіз	203
8-ТАРАУ. Бастауыш мектептегі оқу әдістері	
Тірек концепт – сөздік	204
Әдістер жөнінде түсінік	207
Әдістерді топтастыру	208
Кітаппен жұмыс әдісі	209
Оқудың көрнекілік әдісі	220
Оқудың көрнекі әдістері	223
Тәжірибелік әдістер	227
Өзіндік жұмыс әдістері	232
Оқу әдістерін таңдау	235
Өзіңізді тексеріңіз	237
9-ТАРАУ. Бастауыш мектептегі оқу түрлері мен формалары	
Тірек концепт – сөздік	238
Оқу түрлері	241
Жіктемелі оқу	246
Оқу формалары	250
Сабақтар типі мен құрылымы	255
Бірігімді сабақтар	257
Сабақ дайындығы	259
Үй тапсырмалары	262
Өзіңізді тексеріңіз	265

10-ТАРАУ. Бастауыш мектептегі тәрбие үдерісі	
Тірек конспект – сөздік	266
Тәрбие үдерісінің ерекшеліктері	268
Тәрбие үдерісінің құрылымы	271
Тәрбиенің жалпы заңдылықтары	274
Тәрбие принциптері	276
Тәрбие мазмұны	284
Өзіңізді тексеріңіз	290
11-ТАРАУ. Бастауыш мектептегі тәрбие әдістері мен формалары	
Тірек конспект – сөздік	291
Тәрбие әдістері мен тәсілдері	293
Іс-әрекет ұйымдастыру әдістері	301
Ынталандыру әдістері	306
Тәрбие формалары	312
Өзіңізді тексеріңіз	323
12-ТАРАУ. Бастауыш мектептегі нақты жеке тұлғалық бағытты тәрбиесі	
Тірек конспект – сөздік	324
Қайырымдылық және әлпешпен тәрбиелеу	326
Бала көңілін түсіну	333
Бала беделін мойындау	324
Бала болмысын қабылдау	344
Гуманист-педагог ұстанатын ережелер.....	348
Өзіңізді тексеріңіз	353
13-ТАРАУ. Бастауыш мектептегі нақтама (диагностика)	
Тірек конспект – сөздік	354
Нақтама мәні мен мазмұны	356
Бақылауды ізгілендіру	359
Баға қою.....	365
Жетістіктерді тестілеу	369
Тәрбиелілік нақтамасы	373
Өзіңізді тексеріңіз	378
14-ТАРАУ. Бастауыш мектеп мұғалімі	
Тірек конспект – сөздік	379
Мұғалім қызметтері	381
Мұғалімге қойылатын талаптар	385
Мұғалім шеберлігі	392
Өзіңізді тексеріңіз	399
Қосымша әдебиеттер	400

Сәбет Балтабайұлы Бабаев

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ

Оқу құралы

*ЖШС «Нұр-пресс» бас директоры
Жансеитов Н. Н.*

*Техникалық редакторлар: Омарқожаева Г.К., Төребаева Г.А.
Сарапшысы: Оспанова Д. Н.
Беттеуші: Төребаева Г. А.
Дизайн: Савельев А.О.
Оператор: Умурова Г. О.*

Басуға 27.03.2007 қол қойылды. Офсеттік басылыс.
Пішімі 60x84¹/₁₆. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Arial».
Шартты баспа табағы 25,8.
Таралымы 1000. Тапсырыс № 33.

«Нұр-пресс» баспасы
050057 Алматы қ.,
М. Өзтүрік к-сі, 12 үй.
Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.
E-mail: law-literature2006@rambler.ru